

QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE GYLYM MINISTRIGI
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.АУЕЗОВ АТЫНДАǴЫ ОҢТÚСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ҮНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ М.АУЭЗОВА



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«QAZAQTANÝ»

RESPÝBLIKALYQ GYLYMI JÝRNALY
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC JOURNAL

SHYMKENT
2019



QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRIGI
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
М.АУЕЗОВ atyndaǵy OŇTÚSTIK QAZAQSTAN MEMLEKETTİK ÝNIVERSITETI
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени М.АУЭЗОВА

«QAZAQSTANÝ»

respúblikalyq gylymı jýrnaly
республиканский научный журнал
republican scientific journal

III nomer 2019 july 19 sáyırde ótken
«Úly Dalanyń tulǵasy – Aq túly Sirgeli Jabai batyrdyń
týǵanyna 290 jyl tolýyna orai
«ÚLY DALANIŇ BATYRLARY – ULTTYŇ RÝNY» atty
halykaralyq gylymı konferenciasyna arnalǵan

III номер посвящен
международной научной конференции, приуроченной к 290-летию
личности Великой Степи – Ак тулы Сиргели Жабай батыра
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ - БАТЫРЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»
проведенной 19 апреля 2019 года

III issue dedicated to
the International Scientific Conference, timed to the 290th anniversary
of the Great Steppe's person – Ak tuly Sirgeli Zhabay batyr
«NATIONAL SPIRIT – BATYRS OF THE GREAT STEPPE»
held on 19th April 2019

ШЫМКЕНТ, 2019
SHYMKENT, 2019

ISBN 978-9965-03-874-7

УДК 378:94(574)

ББК 63.3

Ў 37

III номер 2019 жыл 19 сәуірде өткен

«Үлы Даланың тұлғасы – Ақ тұлғи Сиргели Жабай батырдың тұғануна 290 жыл толуына орай

«ҮЛЫ DALANIŃ BATYRLARY – ULTTYŃ RÝHY» аты налыкаралық ғылыми конференциясына арналған

III номер посвящен

Международной научной конференции, приуроченной к 290-летию

личности Великой Степи – Ак тулы Сиргели Жабай батыра «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ - БАТЫРЫ

ВЕЛИКОЙ СТЕПИ» проведенной 19 апреля 2019 года

III issue dedicated to

the International Scientific Conference, timed to the 290th anniversary of the Great Steppe's person – Ak tuly Sirgeli

Zhabay batyr «NATIONAL SPIRIT – BATYRS OF THE GREAT STEPPE»

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Редакциялық алқа мүшелері: Нұрманбетов Қ.Ә. - з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ бірінші проректоры, Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі «Интеллект Эксперт» халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерді ықпалдастыру институтының бас директоры, Қапалбекұлы Н.– жазушы, «Бәйдібек баба» республикалық қорының Президенті, Тұрғараев Б.Т. – з.ғ.д., «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры, Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Шаяхметов Н.У. – т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Археология және этнология» кафедрасының профессоры, Енсенов Қ.А. – т.ғ.к., доцент, ҚРБЖҒМ Ғылым комитетінің «Мемлекет тарихи институты» бас ғылыми қызметкері, Джурсунбаев Б.А. – т.ғ.к., ТарМПУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Қойгелдиев М.Қ. - т.ғ.д., Абай атындағы ҚҰПУ профессоры, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан тарихшылар ассоциацияның төрағасы, Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҰҒА корреспондент-мүшесі кафедрасының меңгерушісі, Нұржанов А.Ә. - т.ғ.к., профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚҰПУ, Тарих және құқық институтының директоры, Турсын Х.М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының профессоры, Қожа М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының доценті, Әбуәкіров С.Ә. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, Исабек Б.Қ. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі бірінші проректоры, Мырзахметов М.М. - ф.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Абайтану» ғылыми орталығының директоры, Жанысбекова Г.А. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қоғамдық сананы жаңғырту» жобалық кеңсесінің басшысы, Есеналиев А.Е. – з.ғ.к., доцент М.Әуезов ат. ОҚМУ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» арнайы кафедрасының меңгерушісі, Тлеубердиев Б.М. – филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Филология» факультетінің деканы, Орынтаев Ж.Қ. – з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы, Әжібеков Қ.Ж. – п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Педагогика және мәдениет», Қалыбекова А.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры, Мәжінбеков С.А. – философ.ғ.к. М.Әуезов атындағы ОҚМУ - «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаментінің директоры, Авизова А.Қ. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының профессоры, Анефияев Д.Ә. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ заң бөлімінің меңгерушісі, Кәрібаев С.Ө. – т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, Тилеукулов Г.С. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Отарбаева Г.К. – т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, Әлібек С.Н. - т.ғ.д., профессор, Джунисбаев С.М. - т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тарих және этнология» ғылыми орталығының директоры, Мынбаев Н. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тюркология» ғылыми орталығының директоры, Камалдинов Р.А. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ стратегиялық даму және сапаны басқару департаментінің директоры, Шабанов Е.И. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Халықаралық қатынастар және кеден ісі» кафедрасының доценті, Назарбек Ү.Б. - доктор PhD, доцент, жауапты редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ директоры, Торғаутова Ш.А. - тарих магистрі, техникалық редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ бас маманы.

ISBN 978-9965-03-874-7

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2019



КІРІСПЕ СӨЗ

Дария Пернешқызы Қожамжарова
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры

Құрметті конференция қонақтары және қатысушылары!

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және Алматы қаласындағы «Бәйдібек баба» Республикалық қорымен бірлесіп, Ұлы Даланың тұлғасы – Ақ тулы Сіргелі Жабай батырдың туғанына 290 жыл толуына орай «Ұлы Даланың батырлары – ұлттың рухы» атты халықаралық ғылыми конференциясына қош келдіңіздер!

«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын негізге алып, гуманитарлық білімдегі өзекті мәселелердің бірі – Қазақстан тарихына қатысты маңызды ғылыми-зерттеулерді іске асыру. Елбасымыздың Ұлы Даланың геосаяси, экономикалық және мәдени саласындағы өркендеуге бағытталған стратегиялық жоспарларын іске асыруға біздің ортақ бірліктегі жұмысымыз.

Еліміздің жылнамасындағы ақтаңдақтарды, құнды мәліметтерді қайта қалпына келтіру мақсатында терең зерттеулерді жүргізу, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериясын нығайту арқылы Қазақстан тарихында «Архив 2025 – жаңа деректер» бағытында (1728-1810жж.) Қазақ Елінде өмір сүрген атақты тарихи тұлғаның бірі – Ақ тулы Сіргелі Жабай батырдың қоғамдық-саяси өмірі мен қызметі жайлы жаңа деректермен толықтырып, көпшілік қауымға мағлұматтарды таныту жұмыстарын жүйелендіру. Қазақстан тарихындағы, қазақ филологиясы, педагогика, театр, музыка, бейнелеу өнері саласында маңызды тұлға ретінде Жабай батырдың Ұлы Даланың Ұлы тұлғасы бейнесін Ұлылардың галереясына қосуды қолға алу конференция жұмысына міндеттелді.

Сонымен қатар, Еліміздің қазіргі таңдағы Елбасының бағдарламалық мақалаларына сүйене отырып, Отандық тарихы және Еуразия кеңістігіндегі перспективалық ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттарын талқылау және қолдау болды. «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағыттарындағы ғылыми-зерттеулерді іске асыру арқылы отандық ғалымдардың іргелі жетістіктерін талқылау және әлемге таныту мақсатталды.

Бүгінгі күні, конференция жұмысына Еліміздің басты өңірлері – Нұр-Сұлтан, Алматы, Түркістан, Шымкент қалаларының мемлекет және қоғам қайраткерлері, атақты жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, республикалық қоғамдық қорларының өкілдері қатысып отыр. Түркістан, Шымкент қаласының әкімдіктері қолдау көрсетіп, аймақтық мұражайлар, кітапханалар көрме жұмысын жасап белсенді қатысуда.

Сонымен қатар, іргелі тарихи зерттеулердің географиясы кеңейуі бәрімізге қуанышты. Ортамызда бауырлас (Татарстан) Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарының бір топ арнайы ғалымдары мен өкілдері өз үлестерін қосуда. Конференция бағыттары бойынша ғылыми зерттеулердің тақырыптық тұсаукесерлері өтіп, ғалымдардың жетістіктері Қазақстанның әр тарапына таныстырылуда.

Конференция жұмысының барысында зерттеу нәтижелері конференцияның Еңбектер жинағында және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын іске асыру шеңберінде 2019 жылы 30 қаңтарда №17493-Ж Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің Ақпарат Комитетінде тіркеуден өтіп, ресми куәландырылған М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Qazaqtaný» республикалық ғылыми журналында III номерінде жарияланады.

Атамекеніміздің батыры Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр секілді, ғасырлар бойы ұлттың рухын шыңдаған тұлғалардың құнды рухани-мәдени байлығын ұлықтау одан әрі түгендеу, зерттеу, дәріптеу – Қазақ Елінің ұлттық рухының мәртебесін биікке жетелеуге өлшеусіз дүние. Еліміздегі жас ұрпақтың бойына Ұлылардың даналығы мен даралығын сіңіру және ұлттық патриоттық сананы қалыптастыру, халқымыздың саяси, экономикалық, әлеуметтік бірлікте өсу мен өркендеуіне жол ашсын деп тілеймін.

Конференция жұмысы құтты болсын!

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Олжас Омарұлы Сүлейменов
ақын, тілтанушы, қоғам қайраткері,
Қазақстанның халық жазушысы.
ядролық қару-жарақтарды жаппай қолдануға қарсы тұрушы
ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру
орталығының директоры



**«Ұлы даланың батырлары – Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр»
халықаралық ғылыми конференциясының қатысушыларына!**

Ұлы даланың тұлғасы – Жабай батырдың туғанына 290 жыл толуына орай «Бәйдібек баба» Республикалық қорымен бірлесіп халықаралық конференция ұйымдастырғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары халықаралық қауымдастықтың құрметті мүшесіне айналды. Қазақстан Республикасының жүргізіп отырған бейбітшілік және келісім саясатын ескере отырып БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстан Президентінің (2013-2022жж.) «Мәдениеттерді жақындастырудың Халықаралық онжылдығы» деп жариялау ұсынысын қабыл алды. Осы онжылдық аясында ЮНЕСКО қолдауындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» құрылды.

Орталықтың басты қызметі – халықаралық аренада тұрақты мәдени даму саласындағы ауқымды мәселелерді шешуде ғалымдар мен мамандардың мәдениетаралық белсенді диалогын үйлестіру болып табылады. Бұл Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айқын көрініс тапты.

Қазақ тарихындағы батырлардың ролі ерекше. Осы орайда елі мен жерін қорғауда, батырлығымен, үлкен қолбасшылығымен атақты абыз болып ел есінде қалған Жабай батырдың істеген ерлігі ұрпақтарымызға үлгі-өнеге.

Ұйымдастырылып отырған салмақты іс-шараларыңыз болашақ та да жалғасын тауып, жастарды отансүйгіштік бағытта дұрыс тәрбиелеуге шақырады деп ойлаймын.

Баршаңыздың жұмыстарыңызға табыс тілеймін!

Құрметпен,

**ЮНЕСКО Мәдениеттерді
жақындастыру
орталығының
директоры**

**Олжас Сүлейменов,
Қазақстанның Еңбек Ері**



Талғат Аманкелдіұлы Мұсабаев
техника ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы»
және Ресей Федерациясының батыры,
ҚР авиация генерал-лейтенанты

**Құрметті «Ұлы дала батырлары - Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр»
атты халықаралық конференциясына қатысушылар!**

XXI ғасырда өмір сүріп жатқан біздер – бақытты ұрпақпыз. Өйткені сандаған жылдар бойы аңсап, армандаған тәуелсіздігімізді алып, егемен елімізде өмір сүріп жатырмыз. Тарихымызға үңіліп қарасақ – еліміз бен жеріміз үшін қаншама шайқас, майдан, арпалыс, соғыс болды. Міне, сол майдан-шайқастарды батыр бабаларымыз жауға қарсы тұрып, бастыны еңкейтті, тізеліні бүктірді.

Міне, сондай атақты да ардақты тарихи тұлғаның бірі – Сіргелі Жабай батыр. Туған елі мен жері үшін бар ғұмырын арнаған бұл Жабай бабаның 290 жылдығын еске алу абыройлы іс.

Халқы үшін жанын шүберекке түйген, күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырылып, ат үстінен түспей сан шайқастарда орасан ерлік көрсетіп батыр атанған, сарбаздарға басшы болып сардар болған, Абылай ханнан ақ туды алған атақты қолбасшы Сіргелі Жабай батыр – тарихи ірі тұлға. Ерін құрметтеген – ел бақытты.

Мен космосқа үш мәрте ұшып, қазақ атын шығарған перзентіңізбін. Ашық космоста корабльді жөндеймін. «Аллаға құрмет – елдің салты», демекші тұңғыш рет космосқа қасиетті құран кітапты алып ұштым.

Әлемнің қаншама елін аралап көрдім. Бірақ қазақ еліндей дархан, қазақ жеріндей ғажап жер жоқ. Бұл Сіргелі Жабай батыр секілді бабаларымыздың ерлігі мен ата-бабаларымыздың даналығының арқасында бізге қалдырған асыл мұра.

Тәуелсіз Елімізде баршаңызға береке, бірлік, бақыт тілеймін.

Қалдыбек Сәбденұлы Сабденов

ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.

Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі,

Халықараралық Жоғары мектептер академиясының академигі. КСРО өнертапқышы

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ – ТУАДЫ

Халқымыздың тереңге тартқан тарих қойнауынан атадан балаға, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен өшпес асыл қазынасы: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті – рухани құндылығымыз, баға жетпес асыл қазынамыз. Ата-бабаларының дәстүрін сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын рухы биік халқымыз әрбір тау-тасын, кең жазық даласын, өзен-көлін, үңгірін қасиетті, киелі санайды.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз» - деп атап кеткен болатын. Осыған байланысты, Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, оның ішінде Сіргелі Жабай батыр жаужүрек батыры жайлы біреу сөз қозғамақпыз.

Елінің азаттығы үшін күресіп, қатал да қатыгез тағдырдың ноқтасына басы сыймай өткен, заманында қазақ даласына атағы кең жайылған атақты да қас батырлардың бірі – Сіргелі Жабай батыр. Ол кісі қазіргі Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Әлімтау елді мекенінде дүниеге келді десек те, батыр тұлғалығымен Алтай мен Атыраудың арасындағы дала өңірінің телқоңыр перзенті десек, артық айтқандық емес. Қоқан хандығына қарсы соғыста қазақтардың қолбасшысы ретінде танылған Жабай тоқсабаның өмірінің өзі жатқан бір үлкен тарих.

Ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен шежіре деректерде Сіргелі Жабай бабамыз үш жүзге белгілі болған, өйткені бала жасынан ел сөзіне араласқан би, шешен, әділ қазы болыпты. 13 жасында Қоқан хандығына барған елшілермен ілесіп барып, сый-сыяпат көруінің өзі елдіктің ісіне ер бабаның ерте араласқандығының белгісі. Жабай батыр бала күннен өз тұтастарының арасынан ақылдылығы мен дене бітімі жағынан ерекше көзге түскен. Өзінің алғырлығымен қасиеттерімен он үш жасынын бастап көріне бастаған. Жас жігіт жоңғарлармен шайқаста ерекше батылдық пен ержүректілік, ептілік танытып, жеке жеңістерімен әйгілі қазақ батыры. өнегелі өмірі, іргелі істері мен ерен ерліктерімен Абылай ханның сенімді серіктесі болған.

Жоңғар-қалмақ соғысынан әбден жадап-жүдеп осы жаққа жеткен қандастарымызға мал, жер беріп көмек көрсеткен атымтай жомарттығына сай ел-жұрт Жабай батыр әулие бабаны ерекше құрмет тұтқан.

Жабай батыр – тек алып күштің иесі ғана емес, сонымен бірге адал, ақжүрек, кішіпейіл, көпшіл, би, шешен, барлық жұрт үлгі тұтарлық адамдардың бірегейі. Жабай батыр XVIII ғасырда өткен жоңғар басқыншыларына қарсы күресте Абылай хан мен Төле биге сенімді серік болған шешен адам.

Жабай батыр жеті атасынан әйгілі батыр тұқымы болғандықтан, өзінің асқан ерлігі, халық үшін жан пида етерлік істері арқасында ол көп кешікпей Сіргелі руының көсеміне айналған. Бұл қасиеттері көзінің тірісінде-ақ ел арасында аңызға айналғаны сонша Жабай батыр бабаны әулие деп атай бастайды. Тіпті жуғысы қалған қазіргі кесенесі бой түзеп тұрған мекенге арнайы ниет етіп келушілердің табаны үзілген емес. Ел ағасы ретінде келешек ұрпаққа сабақ болсын деп батыр бабамыздың даналығы мен ерлігін қашан да тілге тиек етеміз. Шешімі қиын, күрмеуі шешілмей жатқан мәселелермен бетпе-бет

келгенде қашан да Жабай баба аруағы қолдап, жебеп жүретініне сенеміз. Себебі, ол кісі көзі тірі кезінде ұрпақтарына: «Менің барлық бойымдағы асыл қасиеттерім денем жуылған жерде қалады» - деп айтып отырады екен.

Жауынгерлік шеберлікті жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан ержүрек, батыл, қаһарман адам. Қазақ даласына сыртқы жаулар жиі-жиі шабуыл жасап келді. Кіндік кесіп, кір жуған қасиетті туған елдің, Қазақ хандығының шекарасын қорғау үшін халық жасақтары құрылды. Ол жасақтардың жаумен шайқастарда ерекше көзге түскен қолбасылары, сондай-ақ Сіргелі Жабай секілді бабаларымыз Отан үшін жан беріскен шайқастарда батыр деген атаққа ие болды. Бұл атаққа әркім өзінің жеке басының ерлігімен ғана ие болатын. Батыр атағы мұрагерлікпен берілмейтін. Ондай атаққа қарапайым адамдар да, билер де, сұлтандар да, тіпті хандар да ие бола алатын. Міне ұлт тарихындағы тұлғалармен қатар Сіргелі Жабай батырдың атының аталуының өзі біз үшін үлкен мәртебе.

XVIII ғасырда қазақ қоғамында халық арасында шексіз сүйіспеншілікке бөленген батырлардың тұтас бір тамаша тобы пайда болды. Мұның өзі, ең алдымен, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне тікелей байланысты еді. Ол батырлар Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Олжабай, Наурызбай, Ақ тулы Жабай батыр және т.б.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес барлық күшті біріктіруді талап етті. Сол кезде қалыптасқан тарихи жағдайдың өзі батырлық пен ержүректілікті, батылдықты алдыңғы қатарға қойды. Барлық жүздер мен ру-тайпаларда соғыс ісі мамандыққа айналып, әр рудың өз батыры, қолбасшысы шыға бастайды. Солардың ішіндегі ерекше көзге түскендер де болды. Қарт Қаратуды мекендеген іргелі Сіргелі руы да батырлық пен ержүректіліктен кенде еместігіне мына заман мен өткен тарих куә.

«Мың өліп, мың тірілген» арда Қазақ Елі, соның ішінде Қаратау етегіндегі халық батырларынан ешқашанда кенде болмаған. Қаратау өңірі батырларының есімдерінің көпшілігі архивтерден гөрі ауызша айтылған тарих болып бізге жетті. Аңыз түбі – шындық екені баршаға аян. Тарихшы Е.Бекмахановтың пікірінше, батырлар институты өзінің дамуында өзгерістерге ұшырап отырды. Батырлар институты, күрделі XVIII ғасырда аса маңызды қызмет атқара бастайды. Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалу үшін олар бар күш, жігерін салды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның геосаяси жағдайы күрделі болғанын тарихтан білеміз. Орыс зерттеушісі А.И.Добромыслов өзінің еңбегінде былай дейді: «XVIII ғасырдың алғашқы ширегінің аяғына қарай солтүстіктегі Сібір казактары мен башқұрттардың, батыстан Еділ қалмақтарының, шығыстағы жоңғар билеушісі Галдан Цереннің үздіксіз жорықтарынан әрі өз ішіндегі талас-тартыстардан азап шеккен қазақ халқы батыс және оңтүстік батысқа қарай жылжып, жаңа жайылымдарды иеленді». Осы қиын кезеңдерде елін жаудан қорғауда Сыр өңірі мен Қаратау етегі бойындағы рулардан шыққан батырлардың еңбегі ерен болы».

Бұл аталған өңірлерден шыққан әр батырдың елде өз орны бар. Қазақта жақсы нақыл сөз бар «Текіден текті туады тектілік тұқым қуады» деген. Бұл генеалогия ғылымында да расталып отыр. Бұрынғы қазақтар бекерден бекер айтпаған: «Болар елдің балалары бірін бірі батыр дейді» - деген. Ендігі уақытта Рухани жаңғыруымыздың арқасында бұл нақыл сөз мәңгілік болатынына сенеміз.

Ұлт үшін, ұлтарактай жер үшін күрескен батырларының атқарған қызметі, тарихи рөлі мен алар орнын жастарға айта беру керек, олардың санасына сіңіру керек. Біз келесі ұрпаққа патриот бол десек ол патриот болмайды ғой, оған батыр бабаларының ерліктерін, Жабай батыр секілді тұлғалардың есімдерін таныстыру керек. Сөзден іске дегеніміз осы анығында.

Халқымыздың әрбір жеткен жетістігінде, бағындырған белесінде кешегі Сіргелі Жабай батыр, би, болыс, шешен һәм әулие бабамыздың қолтаңбасы жатыр. Білекті батыр

бабаларымыздың ел мен ұлт үшін жанқиярлық ерен еңбегі тарихта мәңгі қала бермек. Жабай батыр секілді батыр тұлғалар соғыс жылдарында бірлік пен ынтымақты, ауызбіршілік құндылығын бір арнаға тоғыстырып, қол басын сыртқы жаумен күресуге үндеді. Қаны мен жаны қазақ Алты алаштың баласын бірлік пен бейбітшілікке, ымыра мен ынтымаққа ұйыстырар бірегей игі жобаға айналды.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында: «Адам болмысының мәні және әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады. Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің арлылық пен сыпайылықтың негізі» делінген. Малым арымның садағасы деген текті қазақтың біртуар ұлы Жабай батыр бабамыз қашан да тазалық пен ар-ұятты өмірлік қағида қылып ұстанып өтті. «Таза жүрсең несібең өзінмен» - дегенді үнемі айтушы еді.

Токсан ауыздың тобықтай түйіні, Сіргелі Жабай батыр – текті тұлға. Зерделеп қарасақ, Сіргелі Жабай батырдың рухы өскелең ұрпаққа адалдықтың, Қазақ Еліне деген сүйіспеншіліктің, бірліктің, батырлықтың қасиетті ақ жолын мұра қылып қалдырды. Елдік үшін күрескен батырларды бүкіл қазақ еліне танымал тұлғалар деп айтуға толық негіз бар. Уақытында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қалтқысыз қамдай алмақ» - деген еді. Яғни, біз кейінгі ұрпақ қазақ деген намысшыл халық екенімізді биік ұстап, тарихымызды қастерлеп жүрсек, Сіргелі Жабай батыр және халық үшін күрескен батырлардың ұрпақтары екенімізді мақтан етіп жүреміз.

Алла Тағала ел іргесін берік етпей. Халқымыз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Бекет Тұрғараұлы Тұрғараев
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрметті мүшесі,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген заңгері- құрметті судьясы

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕГІ ДАРА ТҰЛҒА

Көне тарих көп сыр шертеді. Өз басым мамандығым заңгер болса да көне тарихқа көбірек бойлаймын. Ата-бабалардың бізге «Білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалдырған дархан даласында өмір сүріп жүргенімді мақтан тұтамын. Қолымнан келгенінше солардың аруағына бас иіп, даналықтарына тәнті болып, шамам жеткенше оларды есте қалдыруға, кейінгі ұрпаққа оларды үлгі етуге бойымдағы күш-жігерімді жұмсап жүргенімді замандастарым біледі. Солардың кейбірін көпшіліктің есіне сала кетсем артықтық етпес. Туған ауданымның 75 жылдығына орай «Қазығұрт» атты тарихи-танымдық энциклопедиясын шығаруға белсене қатысып, ұйытқы болдым. Туған жерден қымбат не бар дейсіз. Бойымыздағы барлық қасиеттер сол топырақтан, сол кіндік қанымыз тамған ауылдан дарыды емес пе? Облысымызда жарық көрген «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясының да жарық көруіне қаржылай көмек көрсетіп, демеушілік жасадым. Қызмет бабымен Солтүстік Қазақстан облыстық сотын басқарған жылдары тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, ұлттық рухымыз өшуге таянған өңірде тарихи тұлғалардың, би-шешендер мен ақын-жазушылардың есімдерін жаңғыртып, артында қалған мұраларын жарыққа шығартып, халықпен қайта қауыштыруға мұрындық болдым.

Қазақта: «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» деген қанатты сөз бар. Мұның мағынасы кең, ұғымы терең. Біздің халқымыздың тарихында талай-талай жол бастаған көсемдер, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер, көңілдегі көрікті ойды өлең тілмен жеткізе білген ақын-жыраулар болған. Алайда, біз олардың бірін білсек, бірін білмей келдік. Оған әр түрлі жағдайлар себеп болды. Ең бастысы біреудің боданында болғандықтан басымызда билік, қолымызда мүмкіндік болмады. Сондықтан да өз заманының озық ойлы ағартушы-ғалымы, ұлы Шоқан: «Әр халықтың кемеліне келіп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен болжап айтты. Ата-бабаларымыз өмір бойы аңсаған, осы жолда күресіп, қаншама тері мен қанын төккен азаттық пен еркіндікке біз ХХ ғасырдың аяғында қолжеткіздік. Басымызға бақ болып қонған тәуелсіздік, Қазақстанның өз алдына дербес мемлекет болуы саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуымызға ғана емес, өткен тарихымызды түгендеп, қилы-қилы «ақтандақтардың» бетін ашып, ұмыт бола жаздаған қайраткерлеріміз бен тұлғаларымызды тірілтіп, олардан қалған мұраларды зерттеуге де даңғыл жол ашты. Осы орайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «...бүгінде біз бұрмаланған тарихтың үйінділерінен өзіміздің түп-тамырымызды іздеуге мәжбүрміз». Нақтырақ айтсам, Қожаберген Толыбайұлының (1663-1763), Тоқсан би Жабайұлының (1737-1839) бейіті жатқан жерлерге айшықты күмбез орнаттық. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыраған тұста халқымыздың басына түскен қайғы-қасіретті жеткізген, зар заманда ұлттық әнұранымызға айналған "Елім-ай!" әнінің шығарушысы Қожаберген Толыбайұлы екеніне жұртшылықтың көзін жеткізіп, жыраудың «Елім-ай!» және «Баба тілі» дастандарын бастыртып шығарып, оқырманға тегін тараттық. «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорын құрып, қазақ халқының даңқты батыры, қолбасшысы, жырау Қожаберген Толыбайұлының есімін жалпақ елге танытып, ұлықтау жөнінен өзгелерге үлгі-өнеге боларлықтай қыруар істер атқардық. Солтүстік Қазақстан облысындағы

Жамбыл ауданының сол кездегі орталығы Пресновка селосында Қожаберген алаңын ашып, ескерткіш мүсінін қойдырдық. Сондағы қазақ мектебіне Қожаберген жыраудың атын бергізіп, мұражайын аштық. 2013 жылы ұлы жырау Қожаберген Толыбайұлының 350 жылдығына орай алдымен Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясында «Қожаберген жырау ұлы дала дауысы» деген тақырыпта, сонан соң Астанада Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық университетте «Ел тұтастығы үшін күрескен қаһарман тұлға – Қожаберген жырау» деп аталатын республикалық конференциялар өткіздік. Сол жиынның қорытындысы бойынша көркем, ғылыми-танымдық «Мәңгілік елдің – мәңгілік жыршысы» деген кітап шығарылып, еліміздің кітапханаларына және оқырмандарына тегін таратылды.

Шал ақын мен академик Евней Букетовтың кіндік қаны тамған ауылдарына ескерткіш мүсіндерін қойдық. Жанашыр жандардың жоқтығынан және елдік немқұрайдылықпен ұмыт қалған Мағжан ақынның әкесі Бекен мен шешесі Гүлсімнің жерленген орындарын іздетіп, табылған соң құлпытас-белгі қойдық. Сондай-ақ халқымыздың мақтанышына айналған Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Сегіз Сері секілді біртуар тұлғалардың мерейтойларына белсене атсалыстық. Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлихановтың Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында орналасқан «Айғаным» мұражайындағы кітапхана қорына материалдық, моральдық қолдау көрсетіп, кітап қорының артуына қол ұшын создық.

«Туған жерге – туынды тік!» деген қағиданы берік ұстанып, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Қазығұрт ауданы Шарапхана селосында «Бабалар рухына тағзым» кешенін ашып, Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған 384 боздақтың атын алтын әріппен, қара мәрмәр тасқа ойып жаздырып, олардың ұлы бабасы Түгейболат атаға 21 шаршы метрлік алып ескерткіш монументін тұрғыздық. Бұл жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінде көлемді мақала жарияланды.

Тарихи тұлғаларымыздың бірі 1681-1684 жылдары Сайрам қаласына қалмақ-жоңғарлар тарапынан шабуыл жасалған тұста ел қорғаған, қасық қаны қалғанша соғысып, ерлікпен қаза тапқан, қазақтың даңқты батырларының бірі Тілеу Айтұлы мен оның баласы Жолдаяқтың ерлігін паш ететін ат үстіндегі айбынды ескерткішті Шымкент қаласында орнатуға ұйытқы болып, үлкен үлес қосты. Мұның барлығы кейінгі ұрпақ өз ұлтының даңқты адамдарын, қасиетті ата-бабаларының ғұмырнамасын біліп өссін деген ізгі ниеттен туған еді. Менің бұл ойым бүгінгі қоғамның дамуымен үндесіп жатқанына шүкіршілік деймін. Байыптап қарағанға, Мемлекетіміздің Басшысы, Елбасы – Қазақстан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және **басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын** дүниеге әкелді» деп жазды. Сол басқа да ұлы тұлғалардың қатарында Сіргелі Жабай атаның да орыны айрықшаланып тұрады. Мен өз басым, Жабай әулие туралы бала кезден есітіп өстім. Әке-шешелеріміздің де, өзімнің де Сарыағаш елімен, оның ішінде Сіргелі Жабай атаның кіндік қаны тамған Әлімтау өңіріндегі жұртпен тығыз қарым-қатынасымыз бар. Әулие туралы талай әңгімелерді есітіп өстік. Ол туралы соңғы жылдары баспасөз беттерінде жазылып, бірнеше жеке кітаптар да жарық көрді. Бәрімен болмаса да біразымен таныспын. Жалпы тарихта екі Жабай батыр болған. Керей Жабай батырдың мерейтойлық конференциясы өткізілді. Білгеніміз ол кісі 1680-1748 жылдары өмір сүрген екен. Ал, біздің өңірде өмір сүрген Жабай Қазыбекұлы әулие 1728-1810 жылдары өмір сүргендігі жайлы толыққанды мәлімет бар. Бұның бәрі сол дәуірде өмір сүрген жыраулардың жырларында анық айтылады. Сондықтан да олардың қыры тарихи дерекке негіз болып табылады. Бұл мәселеде таласатын, тартысатын күрделі шиеленістер жоқ. Екі батырдың ұрпақтары өзара байланыс жасап, зерттеу жұмыстарын атқарып жатыр.

Мен өзім сөзімнің басында айтқандай, тарихқа құмармын. Сіргелі Жабай ата туралы

да құлағдармын. Бала кезімізде кәріқұлақ кісілер ол кісінің кереметтерін айтып, басына барып тәу еткендер оның қасиеттерін майын тамыза әңгімелеп отыратын.

Кеңестік дәуірдің қатал саясаты кезінде де Сіргелі Жабай атаның аты ұмыт болған емес. Халық өзінің салт-дәстүрін сақтап, әулие-әнбиелерге тәу етіп, басына барып Құран бағыштап, сол жерде қалыптасып қалған рәсім бойынша атаған малдарын құрбандыққа шалып, бабаның қасиетті белгісі жуғысының басына түнейді екен. Өздерінің мұң-мұқтаждарын айтып, қолдау сұрап, зиярат етіп қайтады екен. Бабаның аруағы шын ниетпен қолдау сұрап келген жандардың түсіне аян беріп, өмірлерінде өзгерістердің болғандығын талай-талай адамдардан есітіп те, көріп те жүрміз. Яғни, ұрпақ сұрау, ауру-сырқаты болса денсаулық сұрау, қызметте, өмірде жолы болмай жүрсе қолдау сұрау және т.б. сияқтыларға мұқтаж адамдар көп барады екен. Сонымен қатар, мұң-мұқтажын айту, сұрау мақсатында емес, атаның басына барып Құран бағыштап, зиярат етіп баратындар да кездеседі. Ел арасында аңызға айналып бүгінге дейін айтылып жүр Сіргелі Жабай ата туралы әңгімелер жоғарыда айтылғандардың дәлелі.

Айта берсек, Сіргелі Жабай бабаның қасиетті кереметтері көп-ақ. Ал, оның тарихи тұлға екендігі даусыз. Әсіресе, Сіргелі Жабай атаның қоқандықтардың отаршылдығына қарсы жасаған әрекеттері, ел мен жерді қорғауы, «Ер сасып, әйел етегін басқан» тұстарда халыққа қорған болғандығы бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оның өмір сүрген дәуірінде Қоқан хандығының біздің Оңтүстік өлкесіне тізесін батырып, салықтың түрін көбейтіп, «тәубасынан» жаңылып жүрген кезі екенін тарихтан хабары барлар біледі. Мұндайда елім деп туған Сіргелі Жабай батыр атқа мінбей қалай тұрсын. Сөзіміз құрғақ болмас үшін Тәтіқара жыраудың Сіргелі Жабай батырдың қоқандықтардан бұрынырақ қытай әскерлеріне қарсы шайқасы туралы жырлағанын айтсақ та жеткілікті. Ал, одан сәл кейінірек, қазақтың даңқты тарихшы-жазушысы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Сіргелі Жабай батыр бастаған қолдың жаудың алғы шебінде шайқасқанын нақты деректермен оқырманға ұсынады.

Бабаның атадан балаға келе жатқан жәдігерліктері бар. Мысалы, кісесі бабаның ұрпағы Ерген Махатбайұлының, ел басқару қызметінде пайдаланған мөрі Азизбек Қалшабековтың шаңырақтарында сақталып келеді. Сондай-ақ ақ туы мен қылышы да ұрпақтарында болған екен. Ол 1930 жылдарға дейін көздің қарашығындай сақталып келген. Бірақ ақ туы мен қылышы тергеу, тексеру кезінде белгілі бір себептермен жоғалған.

Бұл жәдігерліктердің барлығы Сіргелі батыры Жабайдың жас кезінде ту ұстаған батыр, тоқсаба, ел басқарған тұлға болғандығын дәлелдейді. Шындығында ол кісі бойындағы ержүректік қасиетімен де, Алла берген көріпкелдік, емшілік күдіреттерімен де көзі тірісінде де, бақилық болғаннан кейін де еліне қызмет етіп келеді.

Сіргелі Жабай ата келешектегі қай дәуірде, кейінгі қай заманда болмасын қазақ халқының мақтаныштарының бірі. Оның есімін ұлықтасақ кейінгі ұрпақтың да ұтары көп болмақ.

Аягүл Төрөқызы Миразова

Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері

Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, Алматы қаласының,

Жамбыл облысының, Жуалы ауданының Құрметті азаматы

РУХ ТӘРБИЕСІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

Қоғамның тұтастай дамуы үшін оның саяси, экономикалық және әлеуметтік құраушылары өзара үйлесімділік пен үндесімде таразылана қатар өрбуі тиіс заңдылығы бар. Бұл әлемдік тәжірибе Қазақстан Республикасының дамуында да кең өріс алуда. Ол Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынған стратегиялық бағдарламаларда, Жолдауларда кеңінен дәйекті айтылған. Осынау идеялар аясында біз бүгін Қазақстанды бәсекеге қабілетті деңгейге көтерілген қуатты жасампаз елге айналдырып келеміз. Бұл – азаматтығымыздың, білім мен бірлігіміздің жемісі. «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», – деп Ұлт көшбасшы Н.Ә.Назарбаев әділ баға берген ата-бабаларымыздың ерлік рухының жеңістерінің мен жемістері. Сондықтан әлем мойындап танып отырған Қазақстан Республикасының бүгінгі мәртебесінде олардың да үлесі мол (С.Тойлыбаев, Рухы бекем елді жау алмайды //Ақ тулы сіргелі Жабай батыр. Құрастырған Н.Қапалбекұлы, Алматы, «Жамбыл» баспасы. 2019. – 488 б.).

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев бастамашылығымен елімізде бүкілхалықтық қолдауда, үдемелі және жүйелі түрде жүзеге асып жатқан «Мәңгілік Ел», «Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» идеялары халқымыздың ғасырлар бойы жасап келе жатқан тарихи, рухани – мәдени байлығын одан әрі түгесіндеп, зерттеп, зерделеп ел игілігіне, жас ұрпақ тәрбиесі құралына айналдыруға өлшеусіз жаңа серпін беруде. Нәтижесінде Қазақ елінің әлеуметтік-рухани өмірінің бейнесі тарихи, мәдени тұрғыдан күн асқан сайын жаңа зерттеулер мен ізденістер арқасында толыса түсіп, ұлттық патриоттық сананың қалыптасуына қызмет етуде.

Осы мақсатта үлгі болатын «Ұлы даланың ұлы есімдерін анықтау керек» деген ел Президентінің нұсқауын іске асыру жолындағы талпыныстардың бірі ретінде жақында жарық көрген «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» (құрастырған Н.Қапалбекұлы, Алматы, «Жамбыл» баспасы, 2019. – 488 бет) атты кітаптың ұлттық рух әлеміне қосар үлесі мол. Кітап – 1728-1810 жылдарда өмір сүрген Жабай Қазыбекұлының өмір жолын, ел тарихындағы тарихи-рухани бейнесін түзетін зерттеулерді жинақтап, жүйелеп, бір арнаға бағыттауды көздейтін мақалалар жинағы. Мен – тарихшы емеспін, ғылым жолына да түскем жоқ. Саналы ғұмырымды жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған педагог мұғаліммін. Сондықтан бұл мақаламда аталған кітапқа талдау жасауды немесе Жабай батыр өміріне қатысты жаңа ізденіс жасауды мақсат еткен жоқпын. Менің негізгі ойым: қазақ халқының рух әлемі ел өмірінде, ұрпақ тәрбиесінде ерекше құрал болған, өкінішке қарай бұл сала әлі арнайы зерттеушілерін таппай келеді, мына кітаптың осы олқылықты толтыруға ой салатынына жұрт назарын аударғым келеді. «Азаматтық өмір тәжірибесінде, ғылыми болжамдарында адамда интуиция-сезімталдық, көріпкелдік, болатыны туралы түсінік ежелден-ақ қалыптасқан», - дей келіп, Жабай әулиенің тікелей ұрпағы, медицина ғылымдарының ғалымы Сәуле Айтбаева ол ұғымның бір көрінісі қазақтарда аруақ болып қолданылатындығын, тіптен, ғалымдар адамның биологиялық кеңістігін тапқанын, аура және эфирлік дененің суретке түсірілгенін айтады. «Жер бетінде экстраординарлық қабілеті, сана түйсігі өте жоғары адамдар аз болмаған. Оларды Алланың ерекше ықыласы мен мейіріміне бөленгендер, нұры түскендер деп есептейді дінде. Бұндай адамдар бұл

дүниенің тіршілігінде белгілі бір қадір-қасиетке, әулиелікке ие болып, піріне айналады. Жаратқанның өзі бұл пендесін қолдап, қуаттандырып, ой-санасына бағыт-бағдар көрсетіп, қажет ілім беріп отырады... Қазақтың тарихында, дүниетанымында, дінінде әулие-әнбиелерін, пірлерін, олардағы Жаратқанның дарытқан қадір рухын қадірлеу, қастерлеу кең орын алған. Менің ататегімде де осындай ерекше қасиеттерге ие, қазіргі түсінікпен айтқанда, Жаратушыдан алған энергиясы өте жоғары Қазыбекұлы Жабай бабам болған. Мен-оның бесінші ұрпағымын» (Сонда, Сәуле Айтбаева 442-беттен). Сәуле сіңілім, меніңше, рух ұғымына дәйекті түсінік жасаған. Ол, шын мәнінде, жан күші болса керек. Тілі мірдің оғындай нысанаға дөп тиетін жазушы Шерхан Мұртазаның: «Рухы биік елді ешкім де жеңе алмайды», - дейтіні де содан болса керек.

Бұл түсініктің көріністерін қазақтың ертегілерінен де, эпостарынан да, шежіресі мен жырларынан да көруге болатынын айтады. Ертең пен эпостарда батырға бабалардың қамқоршы аруағы керемет көмектер жасап отыратыны тілге тиек етіледі. Аруақ пен рухтың тұтасатын тұстарын, сондай-ақ бір-бірінен ажырағысыздығы көрсетіледі. «...Көшпелі ортада ерекше беделді хандар, сұлтандар, билер мен батырлар, рубасылары және ақсақалдардан басқа қарапайым халық арасында ерлігімен де, ақылымен де атақ-даңққа ие болған тұлғалардың да рухы яғни аруағы айрықша киелі, бек пәрменді болады» деп тұжырымдайды зерттеуші Н.Қапалбекұлы (Сонда, 29-бет)

Кітаптағы Рәтбек қажы Нысанбайұлының «Өткеннен өнеге – бабадан тағылым» атты мақаласында: «Солардың бірі һәм бірегейі кешегі ел басына күн туып, халық «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама деп атаған заманда халқын қорғап, жауына найза тигізген, еліне шарапатын көрсеткен, көзі тірісінде-ақ әулие атанған, өз халқына құт-береке дарытқан Сиргелі Жабай ата әулиетінің орны бөлек» (Сонда, Рәтбек қажы Нысанбайұлы, 290-бет).- деп көрсеткені – әділ баға.

Жабай Қазыбекұлы заманында Абылай ханның, Төле би, Қойгелді батыр, Қазыбек би, Бұқар жырау, Сасық батыр, Бердіқожа батыр, Тілеуке би сынды тарландармен сан-алуан шешімдерге араласқан. Жабайдың діни ілімді де меңгергені, Ташкенттегі Көгалташ медресесін бітіргені, білімді кітап бетінен жинаумен бірге көрген-білгені, естіген-түйгені мол үлкен парасат иесі болып, небір ел тағдырына қатысты сындарлы шақтарда да, баталы әңгіме кезінде көсемдік танытып, бағдар сілтей алғаны, сөйтіп «көріпкел», «әулие» атанғаны аталған кітапта деректі көрсетеді. «Абырой-ол тек иманды кісіге жолдас. Иман деген туралық, әділдік. Кісіге абырой кісіліктен жиналады, оны өле-өлгенше кісілікпен ұстап тұруға болады. Осы пікірмен өскем, осы пікірмен өмір сүремін» - деген екен Жабай әулие (Сонда, Мұхитхан Миразов, 116-бет). Бұл-ел басқарған, еліне ақылшы болған шағынан хабардар ететін ел есінде сақталған сөз. Кітапта «Батыртану» деп аталған тарауша бар. Батырлық – адам бойындағы рух қуаттылығының, көрінісі. Ол-рух ұғымының маңызды бір құраушысы. Ол - ел мүддесі, ел мұраты, ел азаттығы үшін басын тіккен ерлік күрескерлік қасиет. Кітапта қазақ батырлық институтының көрнекті қайраткер батырларының есімдерін, рухын ардақтау идеясы алға шығарылған.

Мұндағы мақсат туралы: «Жабай бабамыздың жоңғар, (7-бет) шапқыншылығынан қорғаудағы ерлік еңбектерін халқына жеткізу. Бұның жастардың патриоттық рухын көтерудегі маңыздылығын баса көрсету» деп көрсетілген. (Сонда, Мұхитхан Миразов 130-бет).

Жалпы қазақ халқының азаттығы үшін арыстандай арпалысқан, ерлігі мен қол бастаған даналығы көсемдік рухқа айналған Жабай сынды батырлардың есіміне оның ататегі саналатын ру атауын тіркеп айтуда үлкен мән бар. Бұл оның аймақтық ауқымдығы ерлік көрсеткен батыр деген ұғым болып қабылдануы тиіс еместігін білдіреді. Ел бірлігі үшін жекелеген тұлғалар ғана емес, ру-тайпа-алаш болып күрескенінен хабардар етеді.

Белгілі жазушы Н.Қапалбекұлы кітаптағы мақаласындағы Сиргелі еліне шыққан Төлеш ақынның ел бірлігі үшін ел аузында есімдері сақталған ел қайраткерлерін жырлаған

толғауында осы ұлы бірлік идеясының бүкіл халықтық сипаты кең ашылғанын көрсетеді.

Сөз айтам он екі ата Сіргеліден,

Жұрт еді кең тараған ілгеріден.

Бұл елде батыр да мол, дана да мол,

Айтайын мен соларды жөн-жөнмен,-

деп келтіре отырып, ақынның алпыстан астам батырлар есімін жырмен өрнектей отырып, мынадай етіп түйіндегенін бағамдайды.

Тізбелеп жырлай берсем шешенім көп,

Қол бастап, жау қашырған көсемім көп.

Барлығын қалай айтып тауысайын,

Даңқты аты шыққан ерлерім көп.

Бұзылмай үш қазақтың қайманасы,

Әуелеп таси берсін мейманасы.

Сөз етсем бауырларын бұл қазақтың,

Аруақты сыйламас қай баласы.

Н.Қапалбекұлының осы жырды ұсына отырып, Төлеш ақынның батырлардың руын көрсету арқылы елдік тұтастықты нығайту үшін халық рухын көтеруді мақсат еткенін орынды меңзегенін көреміз. (Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Құрастырған Н.Қапалбекұлы, Алматы, «Жамбыл» баспасы, 2019,-488б.)

Мен өзім-ататек жағынан Шымыр Дулаттың бір қызымын, Шымырдан тарайтын аталардың бірі Құттық баба ұрпағымын. Осыдан біраз болды, Құттық батырға Жамбыл облысының киелі Билікөл өңірінде ас беріп, архитектуралық қазіргі стильде ескерткіш қойып, бүгінгі замандастар рухын бір көтеріп тастаған жайымыз бар. Бұны айтып отырған себебім - Жабай батыр рухы туралы жоғарыда аталған кітапта айтылғандар менің жаныма да өте жақын екенін білдіргім келеді. Осы орайдан да ұрпақтар тәрбиесі үшін, ұрпақтар рухын биіктету үшін рух туын тіккен бұл кітап мені де ерекше әсерге бөледі.

Қорыта айтқанда, рух тәрбиесінің бір үлгісіндей болатын бұл кітаптың оны оқыған жанның жан дүниесіне рух дәнін, рух күшін дарытатынына сенім мол. Сөйтіп оқырманды рух сәулесі мен нұрына бөлейтін киелі құрал деп тануға толық негіз бар деп ойлаймын. Мұндағы ерлік рухы, еліне шапағаты тиген көсемдік рухы, имандылық рухы, әулиелік рух, парасаттылық рухы алдағы уақытта сала-сала ретінде зерттеулерді жалғастыру керектігіне де мензейді.

Ұлт мұрасын құрметтеу-басты парызымыз. Ұлттық тарихымыздан нәр алатын рухани жаңғырудың рух тәрбиесін де, яғни жан тәрбиесін де, қарастыратыны әр азаматқа үлкен ізгі міндет жүктейді. «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер» демейді ме халқымыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бағдарламалық мәндегі «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет» деп белгілеген міндеттердің жүзеге асуы үдерісінде өзіндік қосылған үн ретіндегі «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» деп аталған жан қуатын күшейтетін кітапты шығарушыларға ел ризалығымен бірге Жабай әулиенің шапағаты дарығай дегім келеді. Киелі кітапты оқып, ізгілікке ашылған жүректерді Жабай атаның аруағы қолдағай.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

Нағашыбек Қапалбекұлы

жазушы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі,
ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығының
бас ғылыми қызметкері,
«Бәйдібек баба» республикалық қорының Президенті,
М.Әуезов атындағы Құрметті профессоры
Алматы облысының құрметті азаматы. Алматы, Қазақстан

АҚ ТУЛЫ СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР

«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан
ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін»
Қазақстан Республикасының Тұңғыш
Президенті - Елбасы Н.Назарбаев.

Өткеніміз бен болашағымыз – құстың қос қанатындай егіз ұғым. Қалыптасқан таным тұрғысынан қарасақ, ұлттың тағдыры мен елдің келешегі өткені мен болашағына тікелей байланысты.

Заман талабына орай тарихымызды түгендеп жатырмыз. Елбасы – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше еншісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі... белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр» - дей келе бұл мәселеге аса зор мән беру керектігін баса айтты. Шынында да тарих көші жылжыған сайын ұлы тұлғалар бұрынғысынан да биіктеп тұлғалана береді. Әрірек тереңдесек – Әбунасыр әл-Фараби, Әзіреті Сұлтан атанған Қожа Ахмет Ясауи, беріректе Төле би, Жабай ата, Бекасыл әулие, Құртқа тәуіп болып жалғаса береді. Қалай айтсақ та қазақта қасиет қадірімен, киелі құдыретімен халықтың құрметіне бөленген ерекше тұлғалар жетерлік. Солардың арасынан тепсе темір үзетін шағында ер Жабай, кісілік келбетін тапқан кезінде әулие Жабай атанған тұлғаның орыны бөлек. Мұндай тұлғалар туралы айтарда алдымен ата-бабамыздан тәберік болып қалған «Екі дүниенді берсін!» немесе «Екі дүниенді жарылқасын!», «Екі дүниең жарық болсын!» деген астары терең сөздерді еске алғанымыз жөн болар. Шүкіршілік, байыптап барлағанға мына жарық дүниеде елге, жерге, адамзатқа қызмет еткен тұлғаларымыз аз емес. Олардың есімдері ел аузында сақталып, тарихымызда таңбаланып қалған. Ата-бабаларымыз ондай қасиетті тұлғаларымызды кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, киелі есімдерін ұмытпай, тағлымдық тәрбиенің тұтқасына айналдырып келеді. Олардың аты-жөндерін тізбелеп, санамай-ақ қояйық. Халықтың көкейінде өшпестей болып жарқыраған, жадында жатталып қалған дара тұлғалар жетерлік. Ал, бақилық дүниесінде де ай сәулесі мен күн нұрындай төгіліп, тірі жүрген жандарға киесі мен шарапатын тигізетіндер некен-саяқ. Сол сиректердің қатарында қасиетті – Сіргелі Жабай атаның жұлдызы жарқырап тұр. Біз алдымен киелі бабаның көзі тірісіндегі қасиеті мен кереметтерін, тарихи тұлғасын көпшіліктің назарына ұсынайық.

Сіргелі Жабай Қазыбекұлы ұрпақтары таратқан шежіре мен тарихи деректерге сүйенсек, 1728 жылы өмірге келіп, 1810 жылы бақилық болған. Баба өмірін зерделеп зерттеген Еркебай Бүрлібайұлы мен Ерген Махатбайұлының жазуынша оның кіндік қаны

Сарыағаш ауданына қарасты Әлімтау елді мекені маңына тамған. Түпкі тегі Бораş мырза атанған ұлы бабадан тарайды. Ол кісіден Құбасай туылған. Сіргелі атауы осы Құбасай аталған тұлғаға тікелей қатысты екенін де оқырманның есіне сала кетсек жөн болар. Құбасайдан Райс би, оның ұрпақтары Ақсиық, Таңатар, Тәжімбет, Әжімбет молда, Алыбай батыр, Есназар, Шорман, Қараша, Қазыбек қажы, Жабай атаға тікелей келіп тіреледі. Сіргеліден тарайтын Жабай атаның шыққан тегі қалың қазақтың қабырғалы көне руларының бірі. Аңыз бен нақты деректерді ұштастыра қарасақ, Ойсыл (кей деректерде Ойсын) ұрпақтары іргелі ел екендігі әйгілене түседі. Солардың арасынан шыққан Бораş мырза хан әскерінің қызметінде қолбасшы лауазымында болған. Бұл жазба дерек емес, шындыққа жақын шежірелік аңыз. Оның шындыққа жақындығын Л.Гумилевтің «Хұндар» («Қазақстан» баспасы, 1988 ж.) кітабынан табамыз. Онда Сіргелі тайпасы мен одан тарайтын кейбір рулар туралы айтылады. Әбілмәжин Жұмабаев пен Пернебек Бейсенов аударған нұсқада былай деп жазылады: **«Сіргелі – тайпа, Ұлы жүз құрамындағы 11 арыс елдің бірі. Қазақтың барлық шежіре деректеріне қарағанда Үйсінмен бірге туған... Бізге жеткен жазба деректерде Сіргелі атауы алғаш рет Рузбеханның «Михман наме-и Бухара» шығармасында XV ғасырдың аяғынан XVI ғасырдың басынан белгілі. Мұнда қазақтар Итильдің (Еділдің) бойында көшіп жүрді»** деп нақтылай түседі. Бұдан ары қарай Л.Гумилев ертедегі жазба деректерге сүйеніп: **«Ноғайлыда аталатын бір тайпаның бірі – Сіргелі»** деп жазады. Демек, сол ғасырдағы белгілі тайпалардың бірі болса, онда Сіргелі тарихы тым тереңде жатқаны күмәнсіз. Бұған қоса Сіргелі ұрпақтарының Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарап кеткенін айтсақ та жеткілікті. Сіргелі Елшібек батырдың ұрпақтары Екібастұз маңында өмір сүріп жатқанын біреу біліп, екеу білмейтіні анық. Сол маңда Сіргелі тоғайы, Сіргелі құдығы, Семейдегі Абыралы ауданында – Сіргелі төбесі, Солтүстік Қазақстан облысының Шоқан Уәлиханов ауданында үш бірдей Сіргелі ауылы болғандығы белгілі.

Өзбекстаннан Худоерхонзода авторлығымен шыққан «Анжум ат-таварих» атты өзбек тіліндегі мұрағаттық зерттеу кітабында Абылай хан қалмақ шайқасынан кейін Дулат, Сіргелі елдеріне Ташкент төңірегіндегі жерлерді бөліп бергендігі баян етіледі. Атап айтқанда, Ташкенттің шаһарын төртке бөліп, соның Шайхантауір бөлігін Сіргелі еліне беріпті. Бұл қалмақ-жоңғар соғысына Сіргелі елінің үлкен үлес қосқандығын көрсетеді.

Қазіргі Қызылорда облысының аумағындағы Талас өзенінің табанынан Түгіскен жеріне қарай «Бозарық» деген канал суы ағады. Осы каналдың қазылуына Сіргелі руының азаматтары көбірек еңбек сіңіргендіктен кейінірек сол су жүйесі «Сіргелі арығы» деп аталған. Ол араны Сіргелі Керімқұл датқаның ұрпақтары әлі күнге қоныс етіп келеді.

Өзбекстан аумағында да Сіргелі руына қатысты жер мен ел атаулары жиі кездеседі. Кеңес дәуірі кезінде Ташкенттің батыс жағынан салынған темір жолдың бойындағы бір разьезге он екі ата рулы елдің түпкі атасы атанған Құбасайдың аты берілген еді. Өйткені, Сіргелінің түпкі бабасы саналатын адамның мәйіті сол жерде жатқаны белгілі. Разьезд де Құбасайдың атымен аталатын. Бұл атау өзбек ағайындардың бұрмалауымен 1970 жылдардан кейін алынып тасталды. Дегенмен сол кездері сызылған темір жол картасында «Құбасай разьезі» деген атау сақталып қалған. Іздегенге архивтерден бұл картаның табылары сөзсіз.

Кеңес дәуірі кезеңінде Ташкенттің Қойлық базарына қарайғы бағытында Сіргелі атымен аталатын шағын аудан болатын. Қазір өзбек ағайындар оның да атын өзгертіп, «Сиргали» («Сырғалы») деп атап жүр. Дегенмен бүгінге дейін сол жерде өмір сүретіндердің арасында «Біз Сіргелі ұрпақтарымыз» дейтіндер әлі де кездеседі.

Сіргелінің іргелі ел, көне тайпалардың бірі екені әйгілі Шапырашты Сүйінбай ақын мен қырғыз жырауы Қатағанның айтысында да айтылады:

«...Одан да ары Сіргелі,
Ол да бір жұртым іргелі.

Батырлары шетінен,
Текежәуміт мінгені.
Дүниенің қызығы,
Тамаша дәурен сүргені,

– дейді орақ ауыз Сүйінбай жырау.

Осыдан-ақ Сіргелінің қазақ арасындағы ірі тайпалардың бірі екендігін айқын аңғаруға болады. Сүйінбайдың бұл айтқанын әңгіме арқауына айналған рудың бас ақыны атанған Төлеш «Сөз айтсам он екі ата – Сіргеліден» деген толғауында тірілте түседі.

Сөз айтсам он екі ата Сіргеліден,
Жұрт еді кең тараған ілгеріден.
Бұл елде батыр да мол, дана да мол,
Айтайын мен соларды жөн-жөнімен.
Елімнің бір бұтағы – қос Көңірдек,
Мұны айтсам қалар көңіл бір жеңілдеп.
Қарада дара туған Олдан бабам,
Айтады оны Сіргелінің басы еді деп.
Байшора, Бекен менен Қарқара бар,
Назар мен Малшорасы тағы да бар.
Кейінгі қос баһадүр Балта, Қылыш,
Жолдасы Кенекемнің Малқара бар.

(Кенекем дегені Кенесары-ав.)

Бұлармен қатар өткен Пошан датқа,
Елге бас, пана болған әмбе жұртқа.
Қоқаннан бар қазақты бөлемін деп,
Бағынбай өтті өмірден кірме сартқа.
Ішінде Ақкөңірдек Тайлақ батыр,
Жолдықара, Дәндібай бұ да батыр.
Қаранай, Жанкелді мен Қасқа, Серік,
Тізе берсем көп боздақ сөзге татыр.
Ақкөңірдек Елшібек, Сырымбеттен,
Кім асқан Малай, Матай, Құлымбеттен.
Байжігітте Тоғанас пен Сикымбай тұр,
Қозыкемді айтайын Амалдық пен.
Есім ханмен үзеңгілес Алыбайым,
Жаудан беті қайтпаған Толыбайдың.
Батыр, Жайдақ атанған бұл екеуі,
Сол Жайдақтан нар шықты ер Даубайым.
Сөз етсем Шалдардағы Бөбейімді,
Кем тұтпан ешбір ерден Көбейімді.
Айтбозым Байтемір бар Сақалайдан,
Елібай – Сәлімбай мен Өтейімді.
Атасы Қайшылының Сауқым, Сопы,
Бердіқұл, Жылкелді мен Қауқым, Қоқы.
Самырат Жаңабайда өзгеше еді,
Ертеде елден асқан даңқты Жөкі.
Бурадан Бектеміс пен Есенгелді,
Есім, Төбет, Жақсымбет, Жақсыгелді.
Тілеулі жастайынан батыр болып,
Атағын Қарабатыр иеленді.
Сапақ бар жолдас болған Пошанменен,

Ер Шойбек, Қосым, Әйтек, Досанменен.
Сіргеліні Шыршық, Шаян жиямын деп,
Көп тартысты Алайдағы Қоқанменен.
Тізбелеп жырлай берсем шешенім көп,
Қол бастап, жау қашырған көсемім көп.
Барлығын қалай айтып тауысайын,
Даңқты аты шыққан ерлерім көп.
Бұзылмай үш қазақтың қайманасы,
Әуелеп таси берсін мейманасы.
Сөз етсем батырларын бұл қазақтың,
Аруақты сыйламас қай баласы.

Бұл толғауда он екі ата Сіргелі тайпасының алпысқа жуық тарихи тұлғаларының есімі аталған. Олардың арасынан Абылай хан заманындағы әйгілі мыңбасы Қарабатыр атанған Тілеулі бабаның есімін ерекше атауға болады. Сондай-ақ Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасында «Сіргелі шапшаң оқтан ер Елшібек» деп жырға қосылатын батырдың даңқы бүгінге дейін ел аузынан түскен емес. Сондай-ақ Сіргелі тайпасынан шыққан атағы алысқа кеткен, даңқты тұлғаларының бірі әрі бірегейі Жабай Қазыбекұлы.

Қасиетті Жабай ата Сіргелі тайпасының Алыбай (батыр), Толыбай (Жайдақ) тармағынан тарайды. Ел басына күн туған арпалыс заманда Алыбай батыр інілері Толыбай мен Қалыбайды соңынан ертіп, қазақ ханы Еңсегей бойлы ер Есімнің жасағына қосылады. Ол 1626-1627 жылдары Қара Ертіс бойында болған қазақ-қалмақ соғысында көзге түсіп, жасақ басшысы дәрежесіне көтеріліп, қол бастайды. Оның ерлігіне сүйсінген Есімхан: «Алыбай ерім, сен енді еліңнің батыры атандың» деп жұрт алдында сый жасап, марапаттайды. Содан кейін жұрт Алыбайды «Батыр», жауға жайдақ атқа мініп шапқан Толыбайды «Жайдақ» атап кетеді. Ер Жабай сол Алыбайдың тікелей ұрпағы.

Сіргелі Жабайдың бойындағы ерекше қасиетті оның бала кезінде-ақ хандардың ханы аталған ұлы тұлға Төле би байқаған деген дерек бар. Бұл деректің шындығына ешкім күмәнданбаса керек. Өйткені, Ташкенттің жеке дара билеушісі болған қазақтың төбе биі өзінің құзыретін көне шаһарға ғана емес, Алатау мен Қаратаудың арасындағы қалың жұртқа жүргізетін. Хандар мен батырлар, рубасылары оның келісімінсіз ел басқару мәселелерін шеше алмайтын. Әрі әділ, әрі тереңнен толғайтын кемеңгер би қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз арасында биік бедел мен абыройға ие еді. Сондықтан да еларалық, ұлысаралық, руаралық маңызды мәселелер оның тікелей араласуымен шешімін тауып жататын. Сол кездері Жабайдың әкесі Қазыбек те Сіргелі жұртының мүддесін күйттеп ұлы бидің алдына талай рет барғандығы жөнінде ел аузында әңгімелер сақталған. Сондай сапарлардың бірінде бала Жабайды әкесі атқосшыларына қосып ерте кетеді. Көрегендік қасиеті бар Төле бидің назары жасөспірімге түсіп, оның болмыс-бітімінен, көз жанарынан киесі барын аңғарады. Аңғарады да ішкі сырын көңіліне түйіп қояды. Бұл оқиға жөнінде көненің көзі болған марқұм Сарқұл Ысмайылұлы ақсақалдың айтуынша Төле би бала Жабайға ойлана қарап тұрып: «Мына баланың несібесі артық жаралған екен. Алла қаласа, қасиетті кісі болады. Екеуіміздің қабіріміз Ташкентте болар. Бұл баланы бәле-жаладан, тіл-көзден аман сақтаңдар» деп бата жасаған көрінеді. Бұдан кейін де олар бір-біріне жолығып жүріпті.

Қазақтың төбе биінің Ұланбике деген қызы Сарығаш өңіріне келін болып түскен еді. Одан туылған жиені Ескелдіден кемеңгер би үлкен үміт күткендігі шежірелік аңыздарда жиі айтылады. Осындай жағдаятпен Төле би Сары жылға мен Әлімтау өңіріне ат басын жиі бұратын болған. Қазыбек батырдың да ауылында қонақ болып, буыны бекіп келе жатқан Жабайға сын көзбен қарап жүреді.

Сіргелі Жабайдың әкесі Қазыбек Қарашаұлы да өз заманының айтулы азаматы, жауырыны жер иіскемеген палуан болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама»

заманында ел қамын жеген ерлердің бірі екен. Ташкентті билеп тұрған Төле бимен тығыз қарым-қатынас жасаған.

Өзбекстан Республикасының тұңғыш Президенті Ислам Каримовтың тікелей тапсырмасымен Өзбекстан елінің тарихы мен мәдениетіне үлкен үлес қосқан ғалымдар, әулие-әнбилер туралы ауқымды зерттеу жүргізіліп, жүріп өткен өмірі, олар туралы аңыз-әңгімелер жинақталды. Зерттеу нәтижесінде, Ташкент қаласынан өзбек тілінде «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари» кітабы жарық көрген екен. Бұл кітапта Ташкент шаһарындағы әулие-әмбилер туралы жазылған. Кітаппен танысу барысында, Жабай бабамыз туралы құнды дерек табылды. Бұл жерде өзбек халқы бабамызды әулие деп көрсетіп, Қоқан хандығында қабылдауда болғанын айтып кетеді. Сол мәтінді өзбекшеден қазақшаға аударып көрдік:

ЖАБАЙ АТА
(Қазыбекұлы Жабай әулие)
(1728-1810)

(Шайхантауер ауданы, Көкше махалласы,
«Шайх Зайниддин баба» қабірстаны)

Сиргелі Жабай атаның әкесі Қазыбек қажы өте білімді, шешен кісі болған дейді. Сол уақыттағы Ташкент қаласының басшысы Қазыбек атаны Қоқан хандығына бара жатқан елшілердің басшысы етіп тағайындап жібереді. Бұны есіткен тоғыз жасар ұлы Жабай да өзін көппен бірге алып кетуді әкесінен өтініп сұрайды. Әкесі рұқсат бермеген соң бала Жабай керуеннің артынан жасырынып еріп, Қоқан қаласына жол тартады. Елшілер Қоқан шаһарына кіре бергенде, Қазыбек баласының еріп келе жатқаны туралы хабарды естиді. Ханның уәзірлері елшілерді үш күннен соң қабылдайтынын айтады. Сол күні түнде ханның түсіне еніп, еліне жас бала болып әулие келгені, сол құлағында кесік белгісі бар екені аян береді. Хан ерте тұрып, қызметкерлеріне алыстан келген елшілерді жедел түрде қабылдайтынын хабарлайды. Сарайға барлығы түгел жиналған соң: «Сіздер білесіздер ма, бұл жерде мықты әулие кім?» деп сұрақ қояды. Сарайда отырғандардың барлығы: «Білеміз, бұл жерде әулие - сізсіз», деп бірауыздан жауап береді. Хан: «Жоқ», деп орнынан тұрып, адамдардың арасымен өтіп барып, әкесінің арқасына тығылып отырған баланы көрсетеді. Қолынан ұстап жетектеп бара жатқанда құлағының кесік жерін көріп қалады. Сарайда баламен ұзақ сұхбаттасады. Елшілермен бірге баланы бірнеше күн қонақ етіп күтеді. Қоштасар алдында баланың әкесіне білімді ғалымнан білім алуы қажеттігін айтып түсіндіреді. Өз жұртына келген соң әкесі Қазыбек баласы Жабайды оқытады. Жылдар өтеді. Сиргелі Жабай ата өз заманының ел қорғаған батыры ретінде танылады. Сиргелі Жабай атаның жатқан жері Ташкеттегі Көкшедегі «Шайх Зайниддин баба» қабірстанында орналасқан (А.А. Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров. **Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари, Ташкент, «Наурыз» баспасы, 2016, 84-б.**).

Қазыбек палуан түрлі жағдайлармен отыздан асып, қырыққа қарай кеткенде үйленіпті. Ол жеңгелерінің қолқалауымен Қырбас деген қызды көруге барады. Жеңгелері қызды ертіп әкелген кезде Қазыбек оны қамшымен тартып жібереді. Екінші рет оңтайлана бергенде қыздың жеңгелері оның қолынан ұстап қалады. Сонда көріпкелдігі бар Қырбас: «Екінші сілтеген қамшыны бекер ұстадыңдар-ау, мен бұл жігіттен екі бірдей әулие перзент табар едім, әттең әулие ұлым біреу-ақ болып қалатын болды» депті. Сөйтіп, болашақ әулие Жабай жеті айлық болып дүниеге келіпті деседі. Бірақ, оның киелілігі ойын баласы кезінен-ақ байқалыпты.

Сиргелі бала Жабай әкесінің жанында жүріп Ташкент билеушісінің ордасында бірнеше рет болады. Сол кездері Сабалақ атымен жүрген Әбілмансұрмен танысады. Әбілмансұр қазақ ханы болған кезде Жабай оның қолдауымен Қоқан ханына қарсы жорықтарға қатысқан. Ал, кемеңгер Төле би болса ел басқаруда сол жұрттан шыққан беделді, кейбір қасиеттерімен көпті аузына қаратқан адамдарға сенім артқан. Солардың

бірі – бойында ерекше киесі бар Сіргелі Жабай еді. Ұлы би ойлана келе Сіргелі руына басшылық жасауды Жабайға тапсырады. Қолына мөр беріп, Кертөбел ат мінгізеді. Кертөбел аттың тұқымы Жабай ата ұрпақтарына құт болғандығы жөніндегі аңыздар әлі күнге ел аузында жүр.

Қазақта «Төле би келмей жүріс жоқ, Қойгелді келмей ұрыс жоқ» деген мәтел бар. Шымыр Қойгелді де Сарығаш өңірінде дүниеге келіп, сол арада ержеткен атақты ердің бірі еді. Ол 1757 жылы Тарбағатай, Алакөл маңындағы қазақ-қытай соғысында Ұлы жүз қазақтарының қолына қолбасшылық жасайды. Сол жасақтың арасында жасы әлі отызға тола қоймаған Сіргелі Жабай да болады.

Қазақ-қытай соғысы туралы Тәтіқара жыраудың ұзақ толғау-жыры бар. Ерлік көрсеткендердің қатарында Сіргелі Жабайдың да аты айрықша аталып өтеді. Тәтіқара төкпелеп:

Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?
Мінген аты астында
Сан бәйгеден жүлде алған,
Шабысы соққан желмен тең,
Аты шулы Кертөбел,

–деп жырлайды **(І.Есенберлин. Жанталас. Алматы, 2002, 452-б).**

Сіргелі Жабай осы соғыста батыр атанады. Оны бұрыннан білетін Абылай хан 1758 жылы сарбаздарға сардар етіп тағайындайды. Бұл жөнінде тарихтың білгірі, жазушы Илияс Есенберлин өзінің «Жанталас» романының 288-ші бетінде былай суреттейді: «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» **(Бұл да сонда, 474-б.)**.

Демек, Сіргелі Жабай батыр қол басқарғанын осыдан-ақ айқын аңғарамыз. Оның сарбаздардың сардары болғандығы айқын.

Сіргелі Жабай баба осы Есенберлиннің «Жанталасында» айтылғандай әскербасы болған. Жабай баба сардар болып, Дулат, Сіргелі әскерін басқарушы төрт сардардың бірі болып 1758 жылы ақ ту көтерген. Бұл ақ туды Абылай ханның өзі Жабай бабаға тапсырған. Демек, әулиенің әулеттерінде сонау 1928-1929 жылдарғы тәркілеуге дейін сақталған әулие бабаның ақ туы басқыншылардан елін қорғаған қасиетті жеңіс туы деп білеміз.

Н. Әубәкіров пен С. Бексейтов деген авторлар «Әйтеке би Байбекұлы – әділ сөздің алдаспаны» деген еңбектерінде «Әйтеке қасына Сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, Байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. ...» деп Сіргелі Жабай бабамыз туралы айтып өтеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Әйтеке билікті мақал-нақылмен мәнерлеп айтатын, дауды әділ шешіп кесек-кесек сөйлейтін өте әділетті, білгір би болған. Сондықтан да ол аға би атанып Кіші жүз елін ұзақ жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кеңесші бас билерінің бірі, «Жеті жарғы» заңын жасасқан атақты тұлға. Әйтеке дана би ғана емес, ұлттық мақтанышымыз, қазақтың жүз жылда біртуар арысы, артына өшпес із қалдырған адал перзенті. Өз халқына, ел-жұртына адал еңбек еткен, оның іргелі ел болуын жатпай-тұрмай ойлаған мұндай тұлғалар арғы-бергі тарихымызда өте аз. Әйтеке сонысымен де ұлы адам. Оның есімі қазақ даласының көгінде желбіреп тұрған аспан түсті туымыздай, әр қазаққа қымбат, әр адамға қасиетті есім.

Сондай-ақ, Әйтеке бидің ғұмырнамасын кеңінен зерттеп кеткен тарихшы- жазушы Мұқадес Есләмғалиұлы да «Әйтеке би» тарихи-философиялық кітабында Сиргелі Жабай атамыз туралы да айтып өтеді. Онда Әйтеке би мен Мүсірәлі қожа әңгімесінде:

«... – Сен сиргелі Қазыбектің Жабайын танушы ма ең?

- Токсаба (жасақ басы деген мағынада) Жабай ма? Өткен жылы Мәртөбеде алыстан көргенім бар. Тілдеспеген адамым.
- Мынау – кәміл сол. Атқа отырысы – соныкі.
- Токсаба ғана емес, өзінің арқасы мен көріпкелдігі бар деген не сөз?

- Жұрт солай десе, құр жаяу болмағаны да. Ал қалың жау ішінен өз жасағын талай аман алып шыққандығын аңыз қылып айтып жүргендерді өз құлағыммен естігем...**(М. Есләмғалиұлы. Әйтеке би). Алматы. «Жазушы» баспасы, 2007, 40-б.)**

Бұл жерде автордың Жабай атаның Сиргелі руынан шыққандығы, батырлығы, тоқсабалығы мен көріпкелдігі туралы ақпаратты пайымдауы дұрыс болғанымен, Әйтеке би мен Жабай атаның өмір сүру кезендері сәйкес келмей тұр. Сиргелі Жабай батыр ол тұлғадан жарты ғасырдай кейін өмір сүргендігі белгілі болып отыр

Тарихымызда Керей Жабай Қарабиұлы деген батырдың болғаны анық. Ол (1680-1748) аралығында ғұмыр кешкен ірі тұлғалы батыр екен. Керей Жабай Қарабиұлының туылғанына 338 жылдығына орай Алматыда 2018 жылы 15 қаңтарда үлкен жиын, ғылыми конференция өткізілді. Батырдың өмір сүрген дәуірі мен батырлық ерліктері өз дәуіріндегі тарихи оқиғалармен дәлелденіп нақты зерттеулер келтірілген.

Демек, жоғарыдағы екі автордың еңбектеріндегі Жабай батыр туралы айтылғандар Жабай Қарабиұлына, Сиргелі Жабай батырына қатысы жоқ болуы ықтимал. Бұл мәселелер келешекте кеңінен зерттелсе. Әйтеке бидің жанында құрдасы болып жүрген қайсы Жабай немесе Жабай батырдың қасындағы қайсы Әйтеке би деген сұрақтар шешімін тауып терендетіп қарастырылса құба құп болар еді.

Жоңғар-қазақ, қытай-қазақ соғыстары дамылдап, елде мамыражай заман орнаған соң қазақ ханы Абылай ескі үзеңгілесі Сиргелі Жабайдың қолына мөр беріп, ел басқартады. Сол заттар және кісесі күні кешегіге дейін атаның жұрағаты шымкенттік Ерген Махатбайұлының үйіндегі сандықта сақталып келгенін әулиенің ұрпақтары біледі. Ал, Азизбек (Әзізбек) Қалшабековтың үйінде Сиргелі Жабай бабаның мөрі сақталған. Кейінірек датқалық лауазымға өзінің көзі кеткен соң ұлы Дәулетияр ие болғанын да көзіқарақты жандар айтып та, жазып та жүр.

Кемеңгер Төле би жарық дүниеден өткен соң билік Қойгелдінің қолына көшеді. Бұл уақыт қоқандықтардың қазаққа қоқандап, тісін батыра бастаған тұс еді. Ат жалын тартып мінген Сиргелі Жабай ел-жұртын дұшпаннан қорғау үшін күш-жігерін аямады. Қойгелдімен бірге жауымен талай алысты. Екіжүзді саясат ұстанған Ресей билігінің құйтырқы әрекеттерінің нәтижесінде қоқандықтар оңтүстік өңірін жаулап алды. Дегенмен олар Сиргелі Жабай атаның қарамағындағы елге азуын тым көп батыра алмады. Киесінен тайсалды.

Кие демекші, Сиргелі Жабай атаның ауызы дуалы екен, не айтса да аса сақтықпен, ойланып барып айтатын көрінеді. Егер ол кісі біреуге реніш білдірсе киесіне ұшырайды екен. Ол жасы келіп қартайған шақта ел билігі Дәулетияр деген баласына, әскер басшылығы Мамадияр деген ұлына беріледі. Әскер басшылығындағы ұлы әрі өте дәулетті көрінеді. Байлыққа мастанған оның әйелі боз биенің саумалына шомылып, кесапаттық мінез танытыпты. Әулие атаның құлағы мұны шалып, келініне наразылығын білдіріпті. Бірақ, байлыққа мастанған келіні әдетін қоймапты. Сонда Сиргелі Жабай ата кесапат келініне ашу үстінде: «Тұқымың құрысын, тұқымың құрғыр» деп кейістік білдіреді. Содан кейін оның дүниеге келген балалары шетінен шетінеп, өзі одан кейін құрсақ көтермей қалыпты.

Әулие ата өзінің екінші әйелінен Байсопы деген ұл көріпті. Уақыт өтіп, ол ержетіпті. Сіргелі Жабай ата қартайыңқыраған кезінде сол баласына қыз айттырып, құда түсіп қояды. Бірақ, түрлі себептермен келін түсіру ұзаққа созылып кетеді. Ол кездегі салт-дәстүр бойынша үйленетін ұлға әке-шешесі алдымен отау үй дайындайды екен. Үйдің керегесін көктеуге жұмсалатын таспа түйенің мойын терісінен дайындалатын көрінеді. Әйтеуір, сол жылы көктем ұзап, сойылатын түйе қондана қоймапты. Шаруаға қыры жоқтау болса да төсек жылылығын аңсаған Байсопы әкесіне: «Түйені қашан соямыз?» деп киліге берсе керек. Әулеттің жағдайын байыптай алмаған ұлына Жабай ата ренжіп: «Ә, қырсыз неме, бүйткенша жүгермек кетсең болмай ма?!» деп кейістік танытыпты. Күйеуінің сырына кәнігі әйелі мұны сезіп қойып, шыр-пыры шығып: «Әулием, айтқаныңызды қайтып алыңыз» деп жалыныпты. Сонда ол әйеліне: «Айтылған сөз – атылған оқ, абайсызда аузымнан шығып кетті, мен мәз болып жүр дейсің бе? Енді оны Алла алдынан жарылқасын, ол күш менің еркімнен тыс қой, кемпір» деп жанарына жас алыпты дейді. Арадан көп күн өтпей Шолпан жұлдыз туған кезде Байсопы аяқ астынан үзіліпті.

Сіргелі Жабай әулиенің қартайған шағында алдына бір кембағал кісі келіп: «Жалғыз түйем бар еді, соның өзі қоскіндік болып ауырып қалды. Емдеп жіберіңізші» деп өтініпті. Сонда ол алдына келген адамға байыптап қарап: «Балам-ай, ботаң қоскіндік емес, маңдайың қоскіндік екен ғой» деп маңдайынан шапалақпен тартып жіберіпті. Оның мына қылығына тіксініп қалған кембағалға әулие ата: «Үйіңе бара бер, балам, бойыңнан қырсығың кетті» депті. Сол адамның содан кейін тұрмысы түзеліп, «түйелі бай» атаныпты деседі.

Сіргелі Жабай атаның көзі тірісінде тумалары мен туыстары, ағайын-бауырлары оның бетіне келмейді екен. Әулиенің киесінен сескенсе керек. Ол өзінің бақилық боларын үш күн бұрын болжап, әулеттерін алдына жиып, олармен қоштасыпты. Сонан соң: «Сендер мына менің балаларымдай болып кеткен Қыдырбай, Асыр, Қызылды бөле жарып қарамаңдар, көз алартушы болмаңдар. Осы шартымды бұзсаңдар сендерді менің кием ұрады» депті. Аты аталғандар түрлі жағдаймен атаға келіп паналаған басқа елдің адамдары екен. Кейін олардың ұрпақтары: «Біздер Жабай атаның төртінші әйеліненбіз» деп әулиеден тарайтын әулетке сіңісіп кетіпті.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей Сіргелі Жабай әулие өзінің бақилық боларын алдын ала болжап біліпті. Сөйтіп, ағайын-туыс, жақын тумаларын жинап, өзінің үш күннен кейін мәңгілік мекеніне барып, жаны жай табатынын айтыпты. Кіндігінен тараған балалары әкелерін арулап шығарып салудың қамына кірісіп кетіпті.

Мысалы, Ерген Махатбайұлының кітабында былай деп өріледі: «Ол кісі көктемде Сыр бойындағы қыстауынан көктемдегі жайлауына көшіп келеді. Қазіргі кесене тұрған жерге келгенде, Ата көшті тоқтатып: «Мен үш күнге рұхсат сұрап едім. Онша ұзай алмадық, енді үй тігіңдер. Мен осы жерде Алланың аманатын тапсырамын. Мен дүниеден өткен соң Биесимасқа, Жанкел ақынның жанына қойыңдар, не болмаса дәл осы мен дүниеден өткен жерге қойыңдар. Бірақ, ишандар, ел басшылары мені Ташкенттегі ишандар мазары Көкшеге қоятын болса, онда менің рухым Ташкентте болмайды, келешекте мені іздегендер осы мені жуған жерден іздесін. Ең болмағанда ылаңдаған мал мен бедеу әйелдерге пайдам тиер» деген екен. Жабай ата жан тәсілім етер алдында кенже ұлы Шоңғарды шақыртып аузына түкірген екен. Үш-төрт жасар бала түкірікті құсып тастапты. Сонда атаның бәйбішесі құсықты жалап-жұқтап қойған екен. Әулие кісі баласы түкірікті (бәйбішесі жалап-жұқтап қойғанын білмей): «Жұтты ма, жұтты ма?» – деп сұрай берген екен. Сонда сол жерде отырғандар: «Құсықты бәйбіше бала құсып тастаған соң, жалап-жұқтап қойды», – дегенде, Ата: «Ойпырмай, өзім бермесем де билікті тартып алыпты ғой, билік жеті атаға дейін баратын болды ғой. Шоңғарым ақсақ болып қалдың ғой, арам жақпайтын болды. Таза жүрсең несібеңе өзім қарыздармын. Ертең Айша,

Шоңғардың лайға батып жатқан лағын айдап шығарған адамды да қолдармын» деген екен.

Бәйбіше балаларына:

– Кез-келген дау-дамайға барғанда қорланбай Шоңғардан бата алып барыңдар, олай етпеген күнде жолдарың бола қоймайды, – деген екен.

Шоңғар атамыз билікпен ісі жоқ, тура сөйлейтін, өзі тірі кезінде әулие атанды. Ол кісінің кереметтерін көрген біраз кісілер ауыздарының суы құрып әңгімелейді. Жабай ата Шоңғарға «Сенде әулиелік қалды. Адал жүрсең несібеңе өзім қарыздармын» деген екен. Шеңгелді станциясынан Оңтүстік батыста 7 шақырым жерде, Шоңғар ата басына ескерткіш қойылған. Жабай атаға бара алмағандар Шоңғар атаға барып зиярат етеді.

Шоңғар атаның баласы Ысмайыл, Айтбайлар түрлі ауруларды дұға оқып жазатын болған. Бұлардың тақиясын беріп жіберсе, мартулап жатқан әйелдер аман-есен босанады екен.

Айтбайұлы Махатбай, Ысмайылұлы Сарқұл, кейін Төребек иттенген балаларды дұға оқып, оларға түкіріп жүрді. Сарқұл атамыздың оқуы әр уақытта ем болатын. Атама көрші тұратын қожалар: – Сіз құлхуат сүресін 10 рет қайталап оқып жібересіз. Сіздікі қалай ем болады?, – дегенде атамыз: – Ем ететін Алланың құдіреті, бабамыз Жабайдың қолдауы, – деп жауап береді екен.

Кейін көршілерінің бұған көздері жетеді.

Бәйбішеден таралған ұрпақ жеті атаға дейін ел билеу ісіне араласып келеді. Дәулетиярдың ұрпақтары бек, болыс, датқа, ояз болды. Атап айтқанда: Бекмұрат – Бек, Қоқан ханының Мыңбасы, Бекмұраттың баласы Қалшабек болыс, Қалшабектің баласы Махамбет – болыс, Махамбеттің баласы Аппазбек Шеңгелді Кеңесінің 15-20 жылдай төрағасы, Пазылов Балхия – аудандық сот төрағасы, облыстық соттың мүшесі (**Е.М. Айтбаев. Жабай тоқсаба әулие. Алматы. 2012, 38-396б.**). Кезінде Сүлеймен – болыс, Әбдікадір ояздың лауазымды адамы болған. Бұл да әулие жанның қасиетін айғақтай түссе керек.

Біз Жабай атаның көзі тірісінде адамдарға жасаған қызметінің ел аузындағы бірен-саранын айттық. Енді оның бақилық болған соң адамдарға тигізген шарапатына көпшіліктің назарын аударайық.

Қасиетті баба қайтыс болғанда, оның ел билеген, әскер басқарған қолбасылығын, атақ-даңқын қастерлеген қалың жұрт Ташкенттегі үлкен зираттардың біріне апарып қоюды жөн көріпті. Сөйтіп Әлімтау даласында дүниеден өткен әулие бабаның мәйіті көз жұмған жерінде жуылып, сол арадан бір күншілік жердегі шаһарға апарып жерлеуге алып кетіпті. Мәйітшілер жолда Сарыжылға өзенінің бойына түнейді. Олар таңертең ертерек тұрып қараса мәйіт қойылған жерге бір тамшы қан тамып қалыпты дейді. Мәйітшілер сол жерге белгі қойып кетеді. Келер жылы сол араға соққан адамдар бір түп ақ шеңгелдің өсіп тұрғанын көреді. Сонымен бабадан Әлімтау даласында екі белгі қалады. Біреуі оның мәйіті жуылған жер, екіншісі оны жерлеуге алып бара жатқанда түнеген орнында бір тамшы қаны тамған жер. Бұрынырақ ел осы екі жерге де сиынып, зиярат жасайтын болған. Бұл тұстан өткен жолаушылар әулиелі орынға тоқтап, Құран оқып аттанған. Дегенмен уақыт өте келе бір түп шеңгел өскен орындағы белгі жойылып кетіп, ол жердің анық қай орын екендігін анық білетін кісілердің көзі қалмаған. Сондықтан бүгінде қасиетті бабаға сиынатын жұрт оның денесі жуылған «Жабай белгісіне» барып тәу етеді.

Тылсым құдірет қонған бұл жерден әлі күнге жыл маусымының барлық мезгілінде де адам аяғы үзілмейді. Көбіне сәрсенбі, бейсенбі күндері зиярат етуге келіп, мал сойып, қан ағызып, құрбандық береді. Көптің айтуына қарағанда «Жабай белгісінің» басына түнеп, тәу еткен адамға әулие баба аян беріп, керемет құдіретімен оларға шапағат нұрын тигізіп жатады. Мұндай ғажайып ғаламаттарды басынан өткерген замандастарымыздың сол бір сиқырлы қасиетті таңқаларлық жыр етіп айтқанын өзіміз де есітіп, біліп жүрміз.

Қасиетті бабаның нұры қалған сол орынға бүгінгі ұрпақ зәулім ғимарат салып, Самарқанның көк тасымен сән салтанатын сәулеттендірді. Қазіргі кезде мұнда келушілер қатары молайған. Шындығында атеизм асқынып, тіпті аспандап тұрған кеңес дәуірінде де Жабай атаның жуғысына келіп тәу етіп жүргендерді көргендердің біразының көзі тірі. Біз де солардың біріміз. «Жабай әулие» атанған жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан, Қырғызстаннан, Түрікменстаннан, Алтай өңірінен, Моңғолстаннан, Ресейдегі мұсылман жұртынан адамдар келіп тәу етіп жататын. Сол кездің куәгерінің бірі Еркебай Бүрлібаев есімді ел ағасы өзінің арғы атасы, әулие Сіргелі Жабай туралы зерттеуінде былай деп жазады. «Жабайдың белгісіне түнеп, оның рухын көрдік дегендер, әуелі Ташкент (жерленген жері) жақтан ақ саң көрініп, одан ақ боз атты бабаның бейнесі елестегені жөнінде айтқанын талай естідік. Ал, бұрынғы Әлімтау кеңшарының молдасы Маман қарияның айтуынша мұнда денсаулықтары нашар, кемтарлар, перзент тілеушілер көбірек келеді екен. Кейде партия, кеңес органдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің де қарапайым киініп, жасырын келіп, Құран оқытып жатқанын да байқағанбыз. Жалпы айтқанда Сіргелі Жабай атаға деген көпшіліктің сенімі, пейілі ерекше болды. Солай болып қала береді де».

Сіргелі Жабай ата жайында сөз қозғалғанда әулиелік қасиетінен аттап кеткеніміз жарамас.

«Аруақ» ұғымы қазақ танымының негізін құрайды, өйткені, қазақтардың, оның көшпелі тұрмыс кешкен ата-бабаларының сенім-нанымдарына қатысты анықтамаларда жиі айтылатын жалпылама мәнді ұғымының өзі іс жүзінде осы аруақ ұғымымен сабақтасып жатыр.

Қазақ даласында кеңінен тараған «Бақытқа жету ілімі» («Кимйиаи-сабадат») кітабында имам Ғазали рух жайлы былай деп жазады: «Рух – адам жаратылысы болмысының асылы болар. Барлық дене құрылысы соның қызметшісі. Біздің рух асылы дейтініміз – Алла Тағаланың бізге сыйлаған білім орны. Хайуандарда бұл рух жоқ. Рух – дене емес, бөлінетін де емес, нәзік бір жауһар десе болады. Періштелер осы жауһар жынысынан болар».

Қазақ халқы «аруақ» деп сыйлауының себебі таза, саф болмыс болғандықтан. Сондай-ақ, халқымыз тұрмыс-тіршілігінде «аруақ қолдасын», «ата-баба аруағы жар болсын» немесе «аруақ атсын» деген ұғымдарды кездестіреміз. Бұл ұғымдар бүгін пайда болған дүние емес, оған мына бір деректі мысал етіп түсіндіре аламыз:

Тарих атасы Геродот скифтердің парсыларға «Егер біздің аруақтар жатқан зиратты қорласандар, онда сендердің жандарыңды жаһаннамға жіберетін боламыз» деген мағынадағы сөзін жазып қалдырған. Қазақтың «Бұл жерде атамның басы бар» деген сөзі ежелгі заманнан бері Отанның территориялық тұтастығына мирасқорлықты білдіреді, демек, алаш жұрты адам мен жерді байланыстырушы күш – аруақ деп ұққан. Сол себептен де ел басына күн туған соғыс жылдарында ержүрек бабалар рухы әрдайым патриоттық сезімді оятушы бірегей құндылық болып келгендігі айдан анық жайт.

Бұған Ш.Уәлиханов жариялаған «Өлі мен тірінің достығы» туралы айтылатын аңыз да жақсы дәлел болады. Бұл түсініктің көріністерін қазақтың ертегілерінен де, эпостарынан да, шежіресі мен жырларынан да көруге болады. Ертең пен эпоста батырға бабалардың қамқоршы аруағы керемет көмектер жасап отырады. Ол көбінде қаһарманға түс аяны арқылы білінеді.

Осы мәселе жайында Х.Досмұхамедұлы: «Қазақ жұрты аруақтарды өте сыйлайды. Там салу, ас беру, өліктің аруағына сыйыну секілді ырымдар қазақтың бұрыннан қалған ырымдары» - деп атап кеткен.

Топтастырып айтар болсақ, «аруақ» – дәстүрлі қазақы наным-сенім бойынша, о дүниелік болғандардың тіршіліктегі жақын адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы, жаны. Әсіресе, көшпелі ортада ерекше беделді хандар, сұлтандар, билер мен батырлар,

рубасылары және ақсақалдардан басқа қарапайым халық арасында ерлігімен де, ақылымен де атақ-даңққа ие болған тұлғалардың да рухы, яғни аруағы айырықша киелі, бек пәрменді болады.

Әулие – деген ұғым Жаратушы Алланың назарына іліккен, бойын күнәлардан таза ұстаған жан деген мағынаны береді. Пайғамбарларда «мұғжиза», әулиелерде «керемет» деген қасиет болады. Әулиелер кереметімен адам санасынан тыс тылсым дүниелерді жасай алу арқылы жақсылықтарға қол жеткізе алады. Шынында да көзі тірісінде ғана емес, Сіргелі Жабай атаның жуғысына келіп тәу етушілерге Жаратқан тілектерін қабыл етіп жақсылықтарға қауыштыруда. Мен мұны арынды бұлаққа теңеген болар едім. Терең жер қойнауларынан бастау алып, тіршілікке нәр беруде. Бұлақтың айналасы қашан да таза, әсем табиғатымен көрікті. Бұлақ алғашында шағын су көзі болса, кейіннен арнасы толғанда өзенге, көлге ұласады. Сол секілді Сіргелі Жабай атаға сеніп келген зияратшыларға, ұрпақтарына, сіргелі руы мен терең қазыналы қазақ еліне арынды бұлақтай, терең өзендей, айдынды мөлдір көлдей өмірлеріне нәр беріп, кереметін көрсетіп келеді.

Сіргелі Жабай атаның киесіне астамсып кеткен кейбіреулердің ұрынып қалғаны жөнінде де нақты деректер бар. Бабаның ұрпағының бірі Әбдіқадыр деген азамат ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ташкент уезі оязының қоластында қызмет етіпті. Көңілі көкте жүрген кездері жанына екі казак нөкерін ертіп бабасының басына зиярат етуге келеді. Кеш батып, қараңғылық түскен соң, елсіз айдаладағы Сіргелі Жабайдың белгісінің басында ерігіп, елегізі бастайды. Қызметтің буына мас Әбдіқадыр жасауылдардың бірінің мылтығын қолына алып, тылсым қараңғылықты қақыратып оқ атқан көрінеді. Содан біраз уақыт өткен соң ұйқы қысып сол жерге жантая кетсе керек. Сонда Сіргелі Жабай ата оған елес беріп, түсіне еніпті. «Балам, қараңғылықтан қорқатын болсаң менің жатқан жеріме несіне тәу етіп келдің?» деп оның қолына сынық қылыш ұстатып кетіпті. Шошынып қалған ол көп ұзамай, Ташкент губернаторының құзырында қызметі көтерілген күні кенеттен дүние салыпты. Сол жағдайды оның әйелі Ілес ана қартайған шағында ұрпақтарына айтып отырады екен. «Әбдіқадыр Жабай атаның аруағына шет болды ғой. Одан қалған ұрпаққа әулиенің ниеті түзу болса екен» деп отыратын көрінеді.

Бертінгі кеңестік дәуірдің кезінде Сіргелі Жабай атаның тікелей ұрпағы Рахманберді деген азамат орысша сауатты болып, ел басқару ісіне араласыпты. Сонау отызыншы жылдары ел басына нәубет келіп, елді ашаршылық жайлай бастағанда оның әйелі кесапаттық жасап, малдың ішек-қарнын суға ағызып жіберіпті. Ал, Рахманбердінің өзі мақтангершілікпен ақшаға махорка орап шеккен кездері болыпты. Содан түсіне Сіргелі Жабай ата еніп, қатулы қабақ танытса керек. Ол сол күні таңертең орнынан тұра алмай сал болып қалыпты. Шайқап өмір сүрген әйелі мүгедек болып қалған оны тастап, қолда бар байлықты иемденіп, басқа адамға тұрмысқа шығып кетеді. Тәубасына келген ол күні-түні аруаққа жалынып, арғы бабасына сыйынумен болады. Бірде оған Сіргелі Жабай ата аян беріп: «Әй, балам-ай, жылап қоймадың ғой, мейлі қолыңды жая қой», деп бата жасаған көрінеді. Содан ол ауыруынан құлан-таза жазылып, бертінге дейін өмір сүріпті. Басқа әйелге үйленіп, одан перзент көріпті. Оның үрім-бұтағы әлі күнге дейін ағайын арасында өмір сүріп жатыр.

«Бұл Сіргелі Жабай батырды неге ерекше тоқсаба деп атаған, тоқсаба деген қандай лауазым?» Бұл жөнінде тарих ғылымының докторы Ахмет Тоқтабай былай леп анықтама береді: « ... Қоқан тарихының белгілі маманы Т.К. Бисембиев: тоқсаба сөзінің мәнін «Өзінің туы бар әскери бөлімнің басшысы, дәрежесі жағынан пансатқа басшысына жақын, теңдес». Тоқсаба – орта ғасырлардан бермен қарай келе жатқан қыпшақ хандығында қалыптасқан лауазым атақ. Ең алғаш тоқсаба сөзі орыстың XI ғасырда жазылған «Бағзы замандар жылнамасында (Повесть временных лет) «половцы – токсобичи» -

туралы айтылады, орыс ғалымдары мұны қыпшақтың бір тайпасы десе, түркітанушылар атақ, лауазым деп пайымдайды. Ферғанада 1700 жылы Қоқан хандығын құрған қыпшақтар көне ата-бабалар дәстүрін жаңғырта отырып, тоқсоба ұғымын әскери дәрежеге, әскери атаққа айналдырған. Қазан төңкерісіне дейінгі Орта Азия хандықтарын зерттеген орыс ғылымдарының кейбірі Қоқан хандығын – қыпшақ мемлекеті (государство кипчаков) деп дұрыс жазады. XIX ғ. Ферғана қыпшақтарының ықпалында болған елдердің басшыларына датха, тоқсоба, жүзбасы, елубасы дәрежелерін беру қалыптасқан...».

Аруақты, қасиетті жандардың өздеріне ғана көрінетін пірі, киесі болады. Сиргелі Жабай батырдың пірі – қос жолбарыс пен ақ түйе. Бұл киелер Жабай батырға қалай келді, қай кездері көрінеді? Бұлар жайлы көнекөз қариялар, шежірешілер, ұрпақтары күні бүгінге дейін аңыз етіп айтып отырады. Жазушылар Момбек Әбдәкімұлы, Нұрғали Ораз, Шойбек Орынбай және басқа да ғалым-қаламгерлер Сиргелі Жабай бабаның пірлері жайлы жан-жақты зерттеп, жазып жүр.

Мен Құртқа тәуіп атындағы ғылыми академия президентінің бірінші орынбасарымын. Біздің өңірде Құртқа тәуіп Сұлтанқожаұлы (1770-1906) атты 136 жас жасаған атақты емші, тәуіп өмір сүрген.

Мен сол тәуіп жайлы зерттеп, 2 кітап шығардым. Көптеген мақалалар жарияладым. Алматыда Құртқа тәуіп атындағы Халық емшілері қауымдастығы құрылды. Кейін оның жанынан ғылыми академия ашылып, ғылыми жұмыстар өріс алды. Бұл Құртқа тәуіп ғылыми академиясы әлемнің көптеген елдерінде Америка, Европа, Қытай т.б. жерлерде ғылыми конференция, симпозиум, конгресс өткізіп, қазақ еліндегі емшілік, кие-қасиет, тәуіпшілік, көріпкелдік секілді тылсым күштер барлығын әлемге мойындатты. Қазір әлем ғалымдары халық емшілеріне қолдау, қорғау білдірді. Құртқа тәуіп академиясы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) тіркеліп, өрісін кеңейтті. Бұл істе медицина профессоры, академик Шәкен Шынтаев, атақты хирург М. Көкеев сынды ағаларымыздың еңбегі өлшеусіз.

Міне, бізді Сиргелі Жабай баба ерлігі мен қатар ел ішінде аңыз болып кеткен көріпкел көрегендігі таңқалдырды. Ерекше жаратылысы жайлы естіп біліп арнайы зерттеуді қолға алған едік.

Сиргелі Жабай батырға Абылай хан жеңіс туы – ақ туды салтанатпен беріп, сеніп тапсырған. Жабай қоластындағы қолының, сарбаздарының ық жағындағы қалқаны, жау жағындағы панасы бола білді. Талай-талай елі, жері үшін жорықтарға қатысып, үлкен қолбасшы, нағыз ту ұстаушы сардар екендігін танытты. Елдің есінде «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр» деген атпен есімі қалды.

Осы орайда қазақ халқы үшін тудың маңыздылығына және Жабай атаның ақ туының мәніне қысқаша шолып өтсек. Біріншіден, еліміз үшін тудың тігілуі мен көтерілуінің маңызы – ту халықты, жүзді және сондай-ақ бір рулы елдің ұйысып ел болғандығының белгісі. Ту – бірлік пен ынтымақтың белгісі, ауызбіршілік пен татулықтың символы деген сөз. Халқымызда «Бір тудың астына бірікті» деген сөз осыдан қалған. Ал арғы тарихымызға көз тастайтын болсақ, Ту – халықтың мемлекеттілігін айқындайтын басты нышандардың бірі. Бұдан келіп шығар қорытынды Сиргелі ру болып қана емес, іргелі ел болып қалыптасқандығын ұғыну қиын емес.

Екіншіден, Ту – хандық биліктің, әскери лауазымының, батырлық дәреженің символдық, жеке адамдардың белгісі. Бұл белгі патшалар, қолбасшылар жүрген жерде көтерілген. «Қолбасшылар бұл байрақтармен шайқаста түрлі тактикалық белгілер беріп, айқасты басқарып отырған» - деп дерек келтіреді қазақтың қару-жарақ зерттеушісі, ғалым Қ.С.Ахметжанов. (Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарақтары. әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы, 1996ж). Ал, бұл жерде Ту – ұрыс алаңында тактикалық құрал ретінде пайдаланылғандығы жайлы айтылып отыр. Демек Сиргелі Жабай ата тек ту ұстаушы батыр ғана емес, жауға ақыл-парасатымен тойтарыс беруші қолбасшы ретінде де

танылып отыр. Шайқас барысында әскери тулар жауынгерлерге ерекше рух беріп, олардың жеңіске деген күш-қайратын арттырып отырған. Ту ұстайтын батыр талай шайқастарда ерлігімен көзге түскен, соғыстарда әбден шыңдалған ержүрек батыр, қолбасшы болуы керек болатын. Бұлай айтуымыз да негізсіз емес, 1975 жылы жарық көрген Н.Ц. Мункуевтің еңбегінде «Туды иелену үшін міндетті түрде қолбасшы болу керек» - деп шегелеп жазып қалдырған. Себебі, Ту ғана емес оны ұстаушы қолбасшы мен батырларға да ерекше мән берілген. Ал, аласапыран заманда үш жүзінің басын қосқан Абылай ханның сенімді серіктесі, таңдаулы ту ұстаушыларының бірі болу Сіргелі тоқсаба Жабай атаға бұйырған мәртебе болса, бүгінгі ұрпағына осындай текті тұлғаның жұрнағы болу бақыты нәсіп еткендігі.

XIX ғасырда қазақ даласында болған орыстың ғалымы А.И. Левшин халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен өмір салты естеліктерінің бір парасында қазақтардың қару-жарақтары туралы айтқанда: «Ту қазақтардың қару-жарақтарына жатады. Әрбір рудың өзінің туы мен белгісі болған. Олар бейбіт заманда мұқият сақталып, тек соғыс болған кезде ғана шығарылған» деп естелік қалдырған екен. Демек туды ұрыс алаңынан тыс уақыттарда оны асқан жауапкершілікпен сақтау да талап етілген деген сөз.

Ендігі кезекте Сіргелі тоқсаба Жабай батырдың туының түсіне тоқталып өтсек. Халқымызда тудың түсі ерекше мән-маңызға ие болды. Соның ішінде, көшпелі халықтарының дүниетанымында ақ түс қасиетті саналды. Ақ түс – адам ниетінің тазалығын, мейірімділігін, күш пен қуатты, ашықтық пен шындықты, әділдікті, жинақылық пен адалдықтың, талапшыл адамдардың бейнесін білдіреді. Бұл Сіргелі тоқсаба Жабай батырға Абылай ханның тегіннен тегін ақ түсті туды аманат етіп тапсырмағандығын білдірсе керек.

Сіргелі тоқсаба Жабай батырдың өмір сүрген XVIII ғасырда қазақ батырлары бір тудың астына жұмылып, жоңғар-қалмақтарды талқандап, Қоқан хандығы мен орыс басқыншыларына тойтарыс берсе, кешегі өткен XX ғасырда қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткерлеріміз бір тудың астына бірігіп, болашақ ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Жоғарыда айтып өткеніміздей Ту – елдіктің, бірліктің белгісі, бабалар аманаты, халықтың ен-таңбасы мен рухын асқақтатар байрағы болды.

Кешегі хандарымыз бен батыр бабаларымыздан аманат болып жеткен біздің Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы мен сол тудың астына біріккен халықтың ғұмыры «Мәңгілік» боларына сенеміз. Ұлы Далада мыңжылдық тарих өткелдерінде түрік қағанаты ғұмыр кешіп, бұл ержүрек халықтың туының түсі көк, ал көк туда «бөрі» бейнесі болғандығы тарихи деректермен дәлелденуде. Зерттеуші Л.Н.Гумилев өз еңбектерінде «көк түріктер» деп естеліктер қалдырған. Кешегі өткен ұлы бабаларымыздың жұрнағын жаңғыртып, батыр бабалар рухын асқақтатқан бүгінгі Тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткізілген «көк туымыз» қашан да биіктерден желбірей берсін.

Қазақ халқының бай дүниетанымында ешбір дүние негізсіз болмайтындығы белгілі. Азаттықтың, Тәуелсіздіктің ашық аспаны түстес көк туымыз бабаларымыздың аңсаған арманының орындалғанының айқын көрінісі. Көк түс – сенімділік пен мінсіздіктің, бейбітшілік пен игіліктің, біркелкілік пен тұтастықтың белгісі, бабалар аманаты алдындағы адалдық пен тазалықтың нышаны. Күн – байлық пен молшылықтың, күш-қуаттың, жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлейтін тектіліктің көрінісі. Қыран – бостандық пен өрлік, ерлік пен қырағылықты танытады. Ұлттық нақыштағы ою-өрнегіміз халық мәдениеті мен дәстүр символы болып табылады.

Біз жоғарыда Абылай ханның ақ туының Жабай атаға аманат етіп тапсырылғандығын тілге тиек еткен едік. Бұл деректерге қол жеткізу бүгінгі Тәуелсіздіктің бейбіт күндерінде бізге нәсіп еткен нығмет, егемендігіміздің, елдігіміздің көрінісі, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сарабал салихалы саясатымен халқымызды дамудың даңғыл жолына бастаған табанды еңбегінің жемісі дегіміз келеді.

«Ен-таңбасы болмаса, Малды қайдан танырсың, Ақ туы егер болмаса, Батырды қайдан танырсың?» деп эз Төле би айтқандай Жабай бабаның ақ туы ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, беріге дейін сақталған.

Сіргелі Жабай батырдың қолбасшылығы, батырлығы, ержүректілігі жайлы аңыз әңгімелер қаншама?!

«Атың тайғақ болса – ақтекенің мүйізімен тағала, Заманың тайғақ болса – бір жақсыны панала» - демекші өз заманында Жабай баба бүкіл Сіргелінің пана тұтар данасы атанды. Сондай-ақ, оның жанына жан-жақтан әртүрлі жағдайлармен келген басқа атаның балалары күні бүгінге дейін еншісі бөлінбей атаның ұрпағы болып кеткен.

Сіргелі Жабай батырдың көріпкел қасиетімен бірге көсемдігі, шешендігі, турасын айтатын кемеңгерлігі жайлы да ел арасында әңгіме көп-ақ. «Адам – ақылымен бай, жер – дақылымен бай» - демекші елі мен жері үшін ат белінен түспей, жауға да дауға да қатысып, батырлығымен аты шығып, қолбасшы болып, Абылай ханнан Ақ туды алған Сіргелі Жабай баба жасы ұлғайғанда даналығымен елді тәнті етті. Бүкіл елінің ақыл сұрар абыз ақсақалы атанды. Айтқаны келген әулие, болашақты болжаған көріпкел, көреген атанды.

Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы адам – ортақ дегендей Сіргелі Жабай батырдың сан қырлылығы жайлы жазылар жайлар, зерттеу дүниелер әлі де жалғаса берері сөзсіз.

Ақ тулы Сіргелі Жабай батырды зерттей келе біраз материалдар жиналды. Бұл зерттеу мақалаларымызды бабаның туылғанына 290-жылдығына орай атқарылған ізденіс жұмыстарының қорытындысы ретінде ұсынып отырмыз. Бұдан былай да ізденіс іс-шаралары жалғасын тауып отырады.

Сонау жетпіс-сексенінші жылдары Сіргелі Жабай бабаның қасиетіне табынған, оның әулиелік қасиетінен шипа көрдім дегендер өз еркілерімен ұйымдасып, зияратқа келушілерге арналған қоржын тамды кеңейтіп, киелі атаның кіндік қаны тамған жерге күмбез орнатып, игі шараларды жүзеге асырды. Тарихтың жарқын беттері Сіз бен біздің көз алдымызда, осы заманның кеңістігінде жазылуда, бабалар рухы жаңғыруда. Бұл да біздің басымызға, бағымызға жанған бақыт шоқ жұлдызы дер едім. Бүгінде елдік танытып, бәрі де өз орнына қойылып жатқан уақытта Сіргелі Жабай атаның рухы мен тарихына заман талабымен қарағанымыз жөн. Халқымызда «Су ағар да тас қалар, кәрі өтер де жас қалар» - деген нақыл бар. Келер ұрпақ алдында жүзіміз жарқын, еңсеміз биік болсын десек кешегі өткен Ұлы Даланың дүбіріндей үні қалған бабалар рухын мәңгі жадымызда сақтағанымыз абзал.

Сіргелі руынан шыққан би, батыр, датқа, болыс

т.б. тарихи тұлғалар тізімі

1. Құбасай – XIII ғ. шамасында өмір сүрген. Оған байланысты шежірелік мәліметтер, аңыз-әпсаналар бар.
2. Сіргелі сұлтан – 1247 жылы қайтыс болған. Туған жылы белгісіз. Сыр өңірінде туып өскен.
3. Тұрымбет (Тұрымтай) – 1281 жылы қаза болған. Менің зерделеп шамалауым бойынша Тұрымбет Ноғай хандығының біртуар тұлғасына айналған. Себебі жорық жолдарымен көптеген Сіргелілер Алтын Орда құрамында болды (деректі мәліметті беруші Миразов М.).
4. Қарабатыр (Тілеулі) 1694-1754. Ру атын иеленген. Алматы облысында жерленген деген ауызекі әңгімелер бар.
5. Тілеуке батыр, би – т.ж.б. – 1758 ж. дүниеден өткен. Тілеуке Төле би, Сасық би т.б. бірге мемлекеттің, қазақ ұлысының тірегі болған тұлға, Қ.А.Иассауи кесенесіне жерленген.

6. Қаранай батыр – 18 ғасырда өмір сүрген батыр. Сіргелінің Ақкөңірдек руынан. Қаранай туралы деректі мәліметтер әзірше жоқтың қасы. Қаранайдың жоңғар шапқыншылығынан ауған жұртты Жиделі-Байсынға орнықтыруда атқарған рөлі зор.
7. Елшібек батыр – туған, өлген жылы белгісіз. Қазақтың атақты батыры. 18 ғасырда өмір сүрген. Сіргелінің Ақкөңірдек руынан. Елшібек Түркістан қаласын қорғауда ерен ерлігімен танылды. Қазақ-жоңғар соғысында қазақтың қаһарман перзенттерімен бірге қайсарлықтың үлгісін көрсетті.
8. Аралбай (Арал би) – батыр, елші. 1702 жылы дүниеге келіп, 1754 жылы өмірден озған. 1734 жылы Жолбарыс хан мен қазақ батырларының ұйғарымымен Ресей патшайымына елшілікке барады. Жоңғарларға қарсы соғыста ерекше көзге түскен.
9. Оразкелді Аралбаймен бірге елшілікке барған қазақ батыры. Ол жөнінде деректі мәліметтер жұтаң.
10. Жаулыбай батыр – қазақ-қырғыз соғысының қаһарманы. Жаулыбай 18 ғасырдың соңында өмір сүрген. Ол туралы атақты этнограф ғалым Ш. Уәлиханов жазған.
11. Шоңай батыр 1718 дүниеге келіп 1799 қайтыс болыпты. Жоңғарларды Жетісудан асыра қууға қатысқан. Ол жөнінде де мәліметтер өте аз.
12. Есіркеп батыр. 18 ғасырда өмір сүрген қазақтың айтулы батыры. Аңырақай соғысының, Қаратауда болған қанды шайқастардың бел ортасында жүрген батыр.
13. Даубай батыр - 18 ғасыр. Сіргелінің Жайдақ атасынан.
14. Байжігіт Жаулыбаев – 18 ғасыр. Ол туралы орыс құжаттарында қысқаша болса да мәліметтер бар.
15. Жанбала батыр - 18 ғасыр. Төле би, Қойгелді батырлармен бірге жүрген. Қазақ-жоңғар, қытай, қырғыз арасындағы мәселелердің шешілуіне елеулі ықпал жасаған билік тізгінін ұстаған ардақ тұтар тұлға.
16. Жолдықара - 18 ғасыр. Батыр.
17. Дәндібай - 18 ғасыр. Батыр.
18. Батыр ата (Арыстың оң жағалауында, Ермолровкаға жақын)
19. Бораншы батыр. 17 ғасыр, Сіргелінің Елібай атасынан. Ұрпақтарында бабаның ұстаған заттары сақталған.
20. Тайлақ батыр – қазақтың атақты батыры. Батыр туралы мәліметтерді терең зерттеу керек.
21. Жабай батыр, әулие – 1728-1810 жылдары өмір сүрген. Жоңғар, қоқан, қырғыз шапқыншылығына қарсы күрес жүргізген күрескер. Әулиелігімен елге танылған тұлға.
22. Бошан (Пошан) Абылайұлы - 19 ғасырдың тарихи тұлғасы. Бошан Қоқан хандығы тұсында датқалықты атқарды. Елі, халқы үшін бар күшін, жігерін жұмсады. Ташкент қаласының қазақтар қолында қалуы жөнінде де әке ісін жалғастырды.
23. Қозыке датқа (19 ғасыр) Қоқан хандығы тұсында қазақ-қоқан қарым-қатынасын нығайтуға күш салған тарихи тұлға.
24. Марқабай би 19 ғасырда өмір сүрген тұлға. Оның жарқын бейнесін қазақтың атақты ақыны Майлықожа жырға қосқан. Аузы дуалы би Сіргелілерге билік жасап, ел ішіндегі проблемаларды шешіп отырған.
25. Татыбай би болған. Оның қызметі жөнінде мәліметтер мардымсыз.
26. Бостан. Сіргелінің Шалдар атасынан.
27. Дәуітбай батыр, би
28. Арқабай датқа. 19 ғасырда өмір сүрген.
29. Аманкелді датқа. Бұл жөнінде қысқаша мәліметтер бар.
30. Досыбай болыс

31. Қожаберген батыр. Сіргелінің Айтбозым атасынан. 19-ғасырда ғұмыр кешкен. Қоқандықтар қолынан қаза тапқан. Қожаберген батырдың ұстаған қылышы ұрпақтарында сақталып келеді.
32. Қалбыр, Шаян елінің болысы болған. Сөзге шешен, айтулы оңтүстікке танымал азамат болған.
33. Құрбан болыс. 19 ғасырдың соңы.
34. Мылтықбай. Бұл жан туралы әзірше мәлімет аз.
35. Жақыпбек болыс. Ел әңгімелеріне қарағанда танымал тұлға болған.
36. Бекмұрат Дәулетиярұлы. Пансатбасы, мыңбасы болған. Орыстарға қарсы күрес жүргізген. (19 ғасыр)
37. Қожамберді (Ақкөңірдек)

Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев

тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі
Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы. Алматы. Қазақстан

ТЕРЕҢ ТАРИХТАН - ЖАҢҒЫРУҒА

Әр қоғам өзін-өзі, өзінің қажеттілігін, өмірдегі және сол дәуірдегі рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Қоғам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда ғана, алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздеп табу жақсы нәтижеге жеткізеді. Қоғам жағымды қасиеттерін, ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін-өзі тәрбиелейді. Ізгілікті іс игілікке жеткізеді. Адамның мейірімді, ықыласты болуы, елін, жерін сүюі, танып білуге құштарлығы, еңбексүйгіштігі ізгі істер мен жақсы әрекеттерге жетелейді.

Тарихын ұмытқан қоғам, ұлт, мемлекет рухани тұрғыдан әлсіреп болашағы бұлыңғыр болмақ. Ал, өзінің өткенін, тарихи тұлғаларын және тарихи жадын ойлаған, тарихи жадын жақсартуды, жаңару мен жаңғыртуды ойлаған халықтың болашағы бекем болмақ. Қазіргі таңда өткеніне үрке қарап, тарихтан тағылым алуды ойлауды тежеуге әрекет жасап, өткенмен емес бүгінмен өмір сүріңдер, кейін қарай бермеңдер деген ойлар ортаға шығып жатады. Бұл әрине әлемдік деңгейде қарағанда қате түсінік екендігін бүгінгі заман мен уақыт өлшемі дәлелдеп беруде. Қоғам да алып ағаш секілді десек, алып ағаштың негізі ол – өзегі, ал халықтың, қоғамның негізгі өзегі ол тарихы, тарихи тамыры мен тарихи жады. Тарихи жады мықты, кімнің азаматтық санасы биік сол халық қазіргі жаһандану күресі мен мәдениеттер тоғысында заман талабына төтеп бере алады.

Ұлы ғұлама ойшыл Сократ айтқандай «Әрбір қоғамда күннің нұры бар, тек сол нұрдың жарқырауға мүмкіндік беріңіз» – деген. *Сол секілді әрбір қоғам мен дәуірдің өзінің жарқыраған шоқжұлдызы болады. Мысалы кешегі өткен «Алаш» зиялыларының бірі С.Торайғыров өз өлеңінде:*

Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып, күн болам! – деп жырлағанындай Сіргелі Жабай батыр да өз дәуірі мен заманының нұры мен жұлдызы десек артық айтқандық болмайтын шығар. Себебі, біз өз тарихымызды түгендемесек, өз батыр бабаларымыздың өткен өмірін үйреніп келешек ұрпаққа жеткізбесек мұны бізге ешкім сырттан келіп жасап бермейтіндігі

ақиқат. Өйткені, рухани тамыр мен нәр бізге, біздің болашағымызға, ұрпақтарымызға қажет. Сондықтан Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр жөнінде кітаптың жарық көруі бүгінгі қоғамның рухани байлығына қосылған мол үлес деп білеміз.

Халқымыздың тарихы үшін орны ерекше Оңтүстік өңірінде, Тұңғыш Президент Жарлығымен еліміздің үшінші мегаполисі атанған шырайлы Шымкент қаласында Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр бабаның ұрпақтарының ұйымдастырумен халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылып, оған салмақты тұлғалардың қатысуының өзі кешегі батыр бабаның бүгінгі қоғамдағы салмағын анық көрсетіп тұрғандай. Тек қана батырлығымен ғана емес, сөз бастаған дана, шешендігімен, діндар әулиелігімен заманының заңғарына шыққан Жабай батырдың бүгінгі жастарға берер тәлімі мен үлгісі мол. Біз шеттен келген мәдениеттерге, түрлі рухани азғындықтарға тек текті тұлғалардың өмірін үлгі хәм өнеге еткенде ғана қарсы тұрмақпыз.

Жүсіп Баласағұн «Адам баласының құндылығы оның білімінде хәм ойлана білуінде» демекші, рухани тәлім-тәрбиені бойға сіңірумен қатар, қоғамға пайдалы ете білу, өзінен кейінгі ұрпаққа оны жеткізу, құндылықтарды қалдыра білу де адамның тектіліген келіп шығады. Қазақ халқымызда «Байлық байлық емес, бірлік байлық» - деген қанатты сөз бар. Ал осынау бірлік пен берекенің туын тік ұстап, артта қалатын ұрпағы мен келешек жастарға ауызбіршілік құндылығын қалдырған Ақ тулы Сіргелі Жабай батырдың бүгінгі ортадағы белгілі бір өзінің орнын айқындап көрсетіп тұрғандай. Ұлы Даламызда батыр да көп, би де көп, шешен де көп болған. Себебі, заман талабы мен сұранысы осы еді. Бүгінгі қоғамға да батыр мен қара қылды қақ жаратын билер институты қажет. Әрине бүгін біз мұндай тұлғаларды жоқ деп айтпаймыз. Десек те ақпарат ағымына жұтылып кетіп жатыр. Осының аражігін жастар ажырата алса, өз бойыларына, жеке бас құндылықтарына сіңіре алса, бүгінгі жас ұрпақтың ұтқан тұсы осы болар еді.

Тарихта болған оқиғалар, істер, заманында ғұмыр кешкен тұлғалар ел жадында сақтала бермейді. Халық жады қажетті тарихи оқиғаларды, ерекше қасиеті бар адамдарды іріктеп алады. Солардың бірі – Сіргелі Жабай батыр әрине. Абылай ханның жорықтас, серіктестері туралы негізінде жыр, аңыздар, әңгімелер көп болған. Өкінішке орай көпшілігі кешегі солақай отаршылық кезеңі мен кеңестік замандарда ұмытылған, жойылған, мүмкін арнайы ұмыттырылған болуы ықтимал. Ендігі жерде батыр бабамыздың рухына қызмет ету сәті түсті деуге әбден болады.

Батыры мен ері жоқ ел, рухани азғындаған жұтаң ел тарих бетінен жойылып кетеді. Осындай қауіптен сақтап қалушы, бүгінгі ұрпақ Сіз бен біздің бар болуымызға, қазақ деген текті халықтың кең байтақ жерге ие болуына орасан ерлік жасап, үлес қосқан Сіргелі Жабай батырлардың арқасы. Үнемі ат жалында, қауіп пен қатер ортасында өтсе де ізгі ұрпақ тәрбиелеу мен артында қалған ұрпағына бейбіт күн сыйлау мақсаты кешегі батыр бабаларымыздың тұлғалық келбетін айқындай түскендей.

Даналықты жыр еткен халқымыз: «Көзбен көрген тәрбиені, сөзбен емес іспен дәлелдеген тәрбиенің күші қандай ғаламат!» - деседі. Сол тәрбиені келер ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз. Ал егер біреуінен ақау шықса жұқпалы аурудай біріне-бірі тарайды. Қазақ халқы бір құмалақ бір қарын майды шірітеді дейді. Сіргелі Жабай батыр өмір сүрген XVIII ғасырдың басы мен орта тұсында ішкі сепаратизм өршіп, өкінішке қарай ең үлкен жауымыз – алауыздығымыз еді. Сондықтан бәрін бірге жұмылдырып түйіндей білу керек. Қазақ халқы бөліну мен ыдырау үшін ру мен жүзге бөлінбеген. Қазақ бірін бірі тану мен тектілік бұзылмауы үшін ру мен жүзге бөлінген. Бұл жалпы алғанда жақсы тұрғыдан бағалануы керек. Себебі, халық өз тарихын, ата-тегін білуге ұмтылса, ол халықтың тәні де, жаны да таза деген сөз. Болашақ ұрпағынан үміті бар халық қана тарихқа үңіледі.

«Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп Тұңғыш Президент Н.Ә.

Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр. Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» - деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қауіпінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші?! Бұлардың қатарында Сіргелі Жабай батырдың өткен өмірі, ұлт кешкен күндері мен үлгілі ғұмыры біздің рухани байлығымыздың, тарихи тұлғаларымыздың бір парасы болып енбек. Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған Сіргелі Жабай батыр секілді батырлардың ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде бүгінгі конференция жұмысына арқау болып отырған Жабай тоқсаба батырлар секілді ержүрек қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар кеңінен айтылуы, насихатталуы, түсіндірілуі тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Тек өзіміздің адам екенімізді, В.Соловьев айтқандай: «Адамның табиғаттың басқа барлық жәндіктерінен бір артықшылығы – ақиқатты танып және іске асыра алатындығы – тектің ғана қасиеті емес, жеке даралықтық да қасиеті: әрбір адам ақиқатты танып, іске асыруға қабілетті, әрбір адам абсолюттік бүтіндіктің жанды бейнесі, бүкіл әлемдік өмірдің саналы әрі дербес органы болып табылады», саналы жеке дара тұлға екенімізді естен шығармауымыз керек. Кешегі өткен Сіргелі Жабай батыр секілді бабаларымызды тану мен зерттеу, ұлықтау мен болашақ ұрпаққа дәріптей білу, таныту бұл ел жүгін, тарих жүгін арқалаған бізге жүктелген міндет. Міне осынау алқалы жиын өткізіп, тереңнен сөз, тарихтан қалам тербеуге атсалысып жатқан Сіргелі Жабай батыр бабаның ұрпақтарына айтылар алғысымыз көп.

Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов

тарих ғылымдарының докторы,

Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі

ҚазҰАУ«Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі.

Алматы, Қазақстан

БАТЫРЛАР ЗАМАНЫНЫҢ АҚ ТУЛЫ ТҰЛҒАСЫ

«Ерте, ерте, ертеде» сөздерімен басталатын жанрды әдебиеттануда – ертегі, ғылымда – тарих деп айдарлайды. Ғылымның саласы көп, алайда солардың бәрінің миссиясы, көздегені ортақ: біріншіден, жаңалық ашу, екіншіден, ақиқатты айту. Нағыз жаңалық ашып, бұлтартпас ақиқатты алға тартқан ғылым аш халықты тоқ қылатынын, қу тақырдағы мемлекетті ұшпақа шығаратынын көзбен көріп, құлақпен естіп отырған жайымыз бар.

Ерте, ерте, ертеден бір сәтке тоқтамаған арпалыс пен бәсекеде қазақ ғылымы шындалды. Аспан әлемі, табиғат құбылысы, жануарлар дүниесі, қара есеп, науқасты емдеу, жер бедері жайлы теориялық-практикалық ой қазынасында білім-ғылым десте-дестесімен жиналған. Неолиттен XV ғасырға дейін бірінен соң бірі саф алтындай жарқыраған жеті қыр қоғам мүшелерінің ақылы мен қолынан не келетінін әлемге паш етті. Ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетпей бізге Атамекен болған Ұлы даламыз, асты-үстіндегі байлық бабаларымыздың кемел ақылына қайраты, бет қаратпас қайратына халқым деп сокқан ыстық жүрегі сай болғанын күдік-күмәнсіз айғақтап тұр. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың рухани жаңғыру жайлы бағдарламалық мақаласында: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» деген бірауыз сөзінен артта қалған ғасырлар интеллектуалды ізденіске, сынақ пен сын-қатерге толы болғанын ұққанымыз жөн. Сақтардың соғыс өнері мен аң стилінен, Қорқыт Ата мен әл-Фарабидің әлемге мәшһүр мұрасынан, қыпшақтардың дана сөзі мен бай тілінен, Ұлық ұлыстың заңды мұрагері Қазақ хандығы екі ғасыр ішінде жер аумағы бойынша 100 есе, халық саны жағынан 10 есе өскенінен уақыт үдесінен шыққаны аксиомадай менмұндалайды.

Демек, Қазыбекұлы Жабай (1728-1810) Сыр бойында дүние есігін ашқан XVIII ғасыр қазақ үшін жаңа серпіліс пен өрлеу ғасыры болуы керек еді. XVIII ғасыр – ұлы тұлғалар мен идеялар ғасыры. Іргелес Ресейде Ғылым академиясы, университеттер шаңырақ көтерсе, Францияда көптомдық «Энциклопедия» жарық көрді, 1770 жылы 23 университет жұмыс істеп тұрды. Германияда олардың саны 40-қа жетіпті. Мемлекет, құқық, еркіндік мәселелері қоғамдық сана мен ғылымның өзекті тақырыптары қатарына кірді. Ресей мемлекетін өрге сүйреген Петр I, орыс ғылымын өркендеткен М.В.Ломоносов, Францияның бағы мен сорына айналған Наполеон, АҚШ-тың тұңғыш Президенті Джордж Вашингтон, ағартушылықтың негізін қалаушы Вольтер осы ғасыр перзенттері. Жаратылыстану ғылымындағы жаңалықтар эволюциялық идеяның, механика мен математикадағы іргелі табыстар өнеркәсіптік төңкерістің өмірге келуін тездетті.

Бәрі салыстырумен танылады. Тағдырдың жазуымен Еуропа мен Америка күн сайын күш жинап жатқан ғасырда Ұлы дала екі апатқа ұшырады: бірі – «Ақтабан шұбырынды», екіншісі – Ресейге бодандыққа кіру.

Қытай тарапынан тап осындай сынаққа тап болған жоңғар мемлекеті XVIII ғасырда жойылды, халқы қынадай қырылды, жері таланды, тарихы тоқтады.

Сонда қазақты қандай құдірет сақтап қалған? Қысқасынан қайырсақ, ол – бабаларымыз ғасырлар бойы түзген геосаяси, мәдени, интеллектуалды, материалдық, т.б.

элеует. Ол – тарих сахнасына Абылай, Бұқар, Төле, Қазыбек, Қабанбай, Наурызбай, Жабай тәрізді тұлғалардың көтеріліп, елге ие бола алғаны. Ол – ұлан-ғайыр Ұлы даланың жауды түрлі тәсілмен, маневрмен титықтатуға мүмкіндік туғызғаны.

Мазмұны мен тағдыр анықтағыш оқиғалары тұрғысынан алғанда XVIII ғасыр қазақ тарихындағы батырлар заманы. Тағдыры қылыш үстінде қылпылдаған сәтте жауының бетін қайтаратын ұл-қызы бар халық – бақытты халық, болашағы бар халық. Қанды майдан жорықтар үстінде дүниеге келген Жабай Бұланты мен Аңырақай шайқастырына қатыспаса да, 30-шы жылдары Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Абылай жүргізген қазақ-орыс келіссөздеріне араласпаса да Ұлы дала бар болумен немесе жоқ болумен бетпе-бет келгенін айна-қатесіз түсініп өсті. Соғыс баланы тез есейтеді. Қайғы-қасіретке шыдамай, тасжүрек, жалтақ, кембағал болып кететіндері бар. Шыққан тегінің ірілігі – Сіргелілер орта ғасырдан ұлттық тарихымызда айтулы рөл атқарған, ата-анасының тектілігі – әкесі Қазыбек, шешесі Қырбас өз заманының танымал кісілері болған – Жабайды қатардағы көптің бірі санатында қалдырмады. Ауызша тарихтың айтуынша, баланың бойында жарқын жасампаздық жатқанын Төле би де, Қоқан билеушісі де тани алыпты. 20 жасқа толар-толмастан, яғни XVIII ғасырдың ортасы шамасынан жоңғармен, қытаймен, қырғызбен, Қоқанмен болған шайқастардың, халықаралық, мемлекетаралық қатынастар мен келіссөздердің ортасында жүріп, тума талантымен батырлық, қолбасшылық, мәмлегерлік, саясаткерлік, көрегендік сынды әлеуметтік-кәсіби кемелдіктің шыңына көтерілді, Сіргелінің біреу білсе, біреу білмейтін перзенті ұлтының қамал-қорғанына айналды. Заңғар бейнесін XVIII ғасыр ділмарлары Тәтіқара мен Қожаберген жыраулар сомдағанынан, Төле биден бата, Абылай ханан ақ ту алғанынан, XIX ғасырда Сүйінбай мен Майлықожа ұлықтағанынан, XX ғасырда І. Есенберлиннің шығармасындағы кейіпкерге айналғанынан, XXI ғасырда 5 томдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның 3 томында есімі айрықша аталғанынан ұлы тұлғалар шоғырына кіргенін ұғынамыз.

Сын сағатында сыр бермеген қасиет – нағыз асыл қасиет. Мұнсыз Жабай баяны ғасырдан ғасырға жалғаспас еді, ұлттық кодымыз тарихи тамырынан нәр де алмас еді. Осы арада ақ тулы Жабайдың тоқсаба атағы жайлы өз ойымызды айта кеткенді жөн санадық. Көп адам бұл атақты Қоқан билігімен байланыстырады. Дұрысы Алтын Орда заманымен байланыстыру шығар. Қоқандықтар Абылайдың көзі тірісінде оңтүстік өңірге ара-тұра шабуыл жасағанымен үстемдігін құра алған жоқ. Батыр да бөтен елдің атақ-шеніне зәру емес еді. Жабайға тоқсаба атағын хан Абылай берген деп жобалаймыз. Өйткені Қоқан хандығындағы тоқсаба қарамағында 500 адамы әрі туы бар әскери-әкімшілік қызмет иесі. Жылдық еңбекақысы да болар-болмас қана. Егер аталық жылына 5000 теңге, датқа одан 2,5 есе кем алса, тоқсаба 4 есе кем айлық алыпты. Оған 1000 тақиядай ғана бидай келеді екен. Марқұм Т.Бейсембиевтің мәліметі бойынша, әскери шені подполковник дәрежесінде. Ал ақ тулы Жабай берісі – армия, әрісі – майдан қолбасшысы ғой, яғни Абылай заманындағы тоқсаба генерал шенінен төмен болмауы керек. Ендеше, 1770 жылғы «Жайыл қырғыны» тұсында, профессор А.Тоқтабай жазғандай, Жабай кемінде мыңбасы болған. Ең дұрысы-өзбек профессоры Қаһрамон Раджабовтың байлам-тұжырымы: «... тоқсаба сөзінің мағынасы оңтүстік қазақтарының қолдануында сарбаздардың сардары деген ұғымды білдірген». Бұл – бір.

Екіншіден, Қоқанның оңтүстікті отарлауы XVIII ғасырда емес, Жабай батыр дүниеден өткен соң қарқын алды. Бұған қоса, Абылай хан орнатқан тәртіп бойынша XVIII ғасырдың аяғына дейін төрт бөліктен тұратын Ташкентті қазақ тайпалары биледі. Сіргелі, ысты, ошақтыларға Шайхантауір қарайтын. Демек, XIX ғасыр басына қарай Жабайдың датқа қызметінде отыруы еш мүмкін емес. Мәселенің екінші қыры бар. Сол замандағы ұғымда «датқа» сөзі әділдікті орнатушы дегенді де білдірген. Мүмкін «Жабай датқа» сөзтіркесі бабаның әділет жағында болғанын меңзеп тұрған шығар. Жалпы, отарлаушылар

берген атақ-дәрежені, мансап-марапатты жойдасыз ұлықтамаған жөн.

Ақ тулы батырдың өмір жолын саралаған жазбаша, ауызша тарихнама да ақтандақтардан кенде емес. Бір автор қоңырат тайпасынан, екіншісі керей тайпасынан шыққанын дәйектесе, сүйегі Сырда жатқанын да жазушылар бар. Жарияланымдардағы кереғарлықтардың бірсыдырғысы - бабаны Төле биге, Әйтеке биге, Елшібек батырға, отбасына, ұрпақтарына қатысты негізсіз пайымдар Н.Қапалбекұлының құрастыруымен жақында ғана жарық көрген «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр» ғылыми-танымдық зерттеулер кітабында түсіністікпен сыналған. Әрқайсы болашақ зерттеушілердің қаперінде жүргені абзал.

«Батыр» дегеніміз – тұлғаның соғыстағы ерлігіне қарай берілетін атақ. Батырдың да батыры бар. Бойындағы бес қарудың хас шебері ретінде қарсы келген дұшпанын жеңген батыр мен әскери тактиканы, стратегияны, соғыс өнерін заманына сай қолданумен орасан зор шайқастағы жеңісімен батыр атанған қолбасшының арасындағы айырмашылық жер мен көктей емес пе! Міне, осы тұрғыдан келгенде, XVIII ғасыр емес, VIII ғасырдан жеткен Орхон-Енисей жазба деректерін оқи отырып, арғы бабаларымыз стратегиялық шабуыл мен қорғаныс, әскерді материалдық-техникалық, азық-түліктік жабдықтау, дұшпанды тұтқиылдан басу, қоршап алу, қашқан жауды қуа жүріп талқандау, әскери барлауды ұйымдастыру, майдан мен тылдың бірлігін қамтамасыз ету, әскери мамандары даярлау, тәрбиелеу, тиімді пайдалану тәрізді күрделі мәселелерде уақыт үдесінен шыға алғанын байқаймыз. Он ғасыр аз уақыт емес. Әскери ақыл-ой, қару-жарак, дұшпанды зерттеу – бәрі өзгерді ғой. Ғалымдарымыз соғыс теориясы мен тактикасына енген жаңалықтарды және өзгерістерді тереңінен ашатын уақыт келді. Мұнсыз XVIII ғасырда соғыстың тағдыры жекпе-жекпен шешілді дегендей қате көзқарас қалыптасуы бек мүмкін. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Қысқасы, әйгілі бабаның соғыс ісіндегі интеллектуалды тарихын кемелдікпен зерделеу батыртандың басты шарты деп түсінемін.

Ел арасында Жабай бабамыздың көрегендігі, киесі, емшілігі, болашақты болжағыштығы, басқа да тылсым қыры мен сыры туралы аңыздар, әңгімелер, мысалдар көп. Осының бәрін жинақтап, 290 жылдығына орай қабылданған эмблема тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін «Жабай тоқсаба әулие» деген идеологемамен бекемдепті.

«Тоқсаба» термині жайлы жоғарыда айттық. Енді «әулие» терминіне келейік. Әулие – араб сөзі. Әу бастағы мағынасы – Алланың досы, сөзін жүзеге асырушы. Кейініректе көріпкел, тендессіз, мінсіз сынды анықтауыштар орнына қолданылды. Осылардың алғашқысына, түпнұсқасына басымдық бергеніміз дұрыс-ау. Саналы өмірі ат үстінде өткен батыр да, қолбасшы да мұсылманның бес парызын, Ислам дінінің қағидаттарын толығымен сақтай алмайтыны ақиқат. Бүгінгінің батыры, партизан Қ.Қайсеновтің «екі қолым шынтағым дейін қан. Менің орным жұмақта емес» дегенін көзбен көріп, құлақпен естідік. Пайғамбарлық пайғамбарға, әулиелік әулиеге ғана жарасады. Ендеше, Жабай батырды «әулие» дегеннің орнына «қасиетті», «киелі», «абыз» десек, еш қателесе қоймаспыз. Терминнің нақтылығы мен дәлдігі ғылым үшін де, таным үшін де, тәрбие үшін де маңызды. Жетпіс жыл құдайсыз өмір сүріп, исламға енді орала бастағанымызда бірінші қадамнан дұрыс бағыт алғанның болашағы баянды.

Сонымен, қысқа мерзім аясында тәуелсіздіктің шапағатымен, түрлі кәсіп иелерінің белсенділігімен ұлттық тарихнамамыздың жабайтану жобасы бейресми құлшыныспен дүниеге келіп, үздіксіз жүзеге асу үстінде. Осының ғылыми-практикалық нәтижесін «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сынды бағдарламалармен үндестіре отырып, қазіргіден де биік деңгейге көтеру үшін екі жұмысты қолға алу керек: бірі – Қытай, Өзбекстан, басқа да ел архивтерінен Жабай есімін, ісін, ізін іздестіру. XVIII ғасыр құжаттарында, қолжазбаларында тұлғаларымызға қатысты құнды ақпараттар, деректер, цифрлар бар екенін, әлі ғылыми айналымға кірмей жатқанын Б.Еженханұлының,

Н.Мұхамедханұлының, Ә.Мұқтардың, Т.Бейсембиевтің, В.Моисеевтің, И.Ерофееваның, А.Исиннің зерттеулері дәлелдеді. Игі іс Шымкент пен Түркістан тарихшылары ізденісімен жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншісі – әл-Фарабиден М.Шоқайға, 2018 жылы Түркияда дүниеден озған Алмат Әлімге дейінгі қасиетті, киелі асылдарымыздың мемлекеттік тізімін жасап, елде де, мемлекетаралық тиісті келісімшарттар негізінде таяу-алыс шетте де лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдыру. Бұл тізімге Жабай батыр енетініне тарыдай күмәнім жоқ. Әзірге Жабай батырға қатысты нысандардың бірде-біреуі Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті немесе өңірлік қасиетті нысандары мәртебесіне ие емес. Мәңгілік тұлғаларымызды ардақтамай Мәңгілік Ел бола алмаймыз.

Қасиеті мен киесі ерекше аруақтың риза болғанда ұрпақтарын қолдайтынын, ашуланса жазалайтынын әрбір қазақ жақсы біледі. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев қызметінен өз еркімен кетер қарсаңда Әзірет Сұлтанға зиярат еткеніне, екінші Президентіміз Қ.К.Тоқаев ең алғашқы сапарын Түркістанға барумен бастағанына бәріміз куәміз. Ұлыларға тағзым бұл. 290 жылдығы тойланып жатқан бүгінгі күні Жабай ата да бір аунап түскен шығар. Тәуелсіз Қазақстан мен оның азат азаматтарын аяулы аруақтар әрқашан қолдай берсін!

Фахрутдинов Раиль Равилович

доктор исторических наук, профессор кафедры регионоведения и евразийских исследований, Высшей школы исторических наук и всемирного культурного наследия, Института международных отношений, Казанского федерального университета.
Казань, Татарстан. Российская Федерация.

АЛТАЙ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: КОЛЫБЕЛЬ ТЮРКОВ

Одна из ранних форм происхождения тюркоязычных народов имела предисторию, восходящую, судя по исследованным археологическим памятникам, к середине I тысячелетия до н.э. Это курганы Пазырыкского типа Горного и Центрального Алтая (пазырыкские, башадарские, туэктинские и др.), являющиеся поистине выдающимися как по богатству материала, так и по его прекрасной сохранности в условиях образовавшейся в то далекое время мерзлоты. Они оставлены восточными, алтайскими «скифами», культура которых под условным названием «звериного стиля» широко известна в археологической и искусствоведческой науке. Основным исследователем этих ценнейших памятников был талантливый советский археолог и этнограф С.И.Руденко; весь огромный материал, собранный им и его соратниками, опубликован в двух фундаментальных монографиях и некоторых других изданиях (Руденко, 1953, 1960, а также 1948, 1962).

Поистине богатейший археологический материал «Пазырыкского мира», как по музейным коллекциям, так и по публикациям, не оставляет сомнения в его принадлежности к тюркской культуре.

Кожаные сосуды со степным, растительным орнаментом; степные же растительные и геометрические узоры в украшениях одежды, конской упряжи и седельных луков; знаменитый «звериный стиль» в искусстве: золотые, серебряные, медные украшения, предметы быта и оружие с изображением степных и фантастических животных (среди последних широко распространенный во всем средневековом тюркском мире образ дракона, воспринятый из Китая); преобладание лошадей и овец среди домашних животных (остеологический материал); деревянные сосуды, в которых сбивали кобылье

молоко и кувшины для хранения кумыса: такие чисто кочевнические древнетюркские захоронения, как погребения с конем (помимо скелетов, найдены целые трупы лошадей), и в целом сами курганы с каменной обкладкой (наброской) – вот далеко неполный перечень огромной массы накопленного археологического материала, свидетельствующего о том, что он оставлен степным и горно-степным кочевым миром тюркоязычных племен.

Можно считать неоспоримым тот исторический факт, что весь огромный кочевнический мир от Причерноморья до Алтая был в основном тюркским. Во всяком случае Алтай и Центральная Азия являлись тюркским – именно там еще до нашей эры, согласно сообщениям китайских источников, проживали хунну (хиен-ну, сиюнь-ну) и кипчаки (цинъ-ча), известные еще с III – II вв. до н.э. (см.: Гумилев, 1993; Плетнева, 1990. С.3).

Письменные источники представлены сообщениями отдельных китайских авторов о хунну и кипчаках (цинъ-ча), более известных с рубежа III – II вв. до н.э. (исследования Н.Я.Бичурина, А.К.Иностранцева, Г.В.Вернадского, А.Н.Бериштама, Л.Н.Гумилева, С.А.Плетневой и др.). Китайские источники изучены недостаточно, особенно в российской (в том числе и советской исторической литературе. Исключение составляют некоторые работы, среди которых труд по истории Китая «Ши Цзи» («Исторические записки»)); автор древнекитайской истории СымаЦянь (145 или 135 до н.э. – около 86 до н.э.). В последнее время из зарубежных авторов необходимо отметить книгу «Тысяча лет из истории татар» английского историка-китаевода конца XIX – начала XX вв. Э.Х.Паркера, изданная в Китае в 1894 г., в Англии в 1924; репринтное издание – в США 1987 г. впервые в России, в г.Казани, издано в 2003 г.

В материалах курганов Пазырыкского типа обнаружены ярко выраженные формы и средства декоративно-прикладного искусства, имеющие аналогии с произведениями народного искусства тюркоязычных племен.

В первую очередь это проявляется в таком наиболее устойчивом виде народного декоративного искусства, как орнамент, стабильность которого простиралась на тысячелетия. При всем этом материал памятников «пазырыкского» Алтая находит заметную аналогию в материальной культуре татарского народа и его предков. Такие широко распространенные в материалах пазырыкских и других курганов, вообще, в искусстве кочевников евразийских степей орнаментальные мотивы и фигуры, как цветочные узоры, особенно пальметты, тюльпана и лотоса, а также геометрические композиции (розетки, бегущие волны и комбинации спирали) находят близкие аналогии, порой полное повторение в узорных, цветных ичигах казанских татар (как вид женской обуви, имеющих только у татар); в орнаментике лапидарной эпиграфики Казанского ханства, XVII – XVIII вв., в декорировке наличников фасадных и фронтонных окон дома, а также ворот, в украшениях одежды и предметов была последующих веков. На все эти ярко заметные параллели впервые обратил внимание крупный знаток истории архитектуры и декоративно-прикладного искусства татар Ф.Х.Валеев (Валеев, 1969.С.69, 72, 120, 133.).

Считаем своим долгом отметить еще несколько примеров из археологии и древнего искусства – шедевры того далекого мира: колесница, построенная из березового дерева, весь корпус которого представляет собой довольно сложное сооружение; двухсторонняя, прекрасно сделанная татуировка тела мужчины; женская обувь, орнамент которой выполнен в технике аппликации; ворсовый шерстяной ковер с изображениями всадников и оленей; сидящая на троне богиня с цветущей ветвью в руке...

Наконец несколько слов о населении древнего Алтайского мира. Само название этих народностей не сохранилось. Данные о физическом типе населения Горного Алтая сделал известный советский антрополог Г.Ф.Дебец. По его палеоантропологическим исследованиям имеющиеся черепа показывают, что они относятся к европеоидному типу. В то же время заметна примесь монголоидного компонента (Дебец, 1948). Почти такая же

картина проявляется в Центральном Алтае. В то же время происходит, по исследованиям С.В.Киселева и С.И.Руденко, проникновение в эти края из Центральной Азии гуннских (хуннских) кочевников.

Итак, древнейший пласт культуры тюркских народов, в том числе и татарского, представлен материалами выдающихся археологических памятников Горного и Центрального Алтая, который совместно с Южной Сибирью и Центральной Азией (о последних наглядно свидетельствуют археологические культуры и памятники I тысячелетия до н.э. Минусинской котловины, Тувы и Забайкалья) является прародиной тюрков. Это богатое наследие, представленное, прежде всего, курганами пазырыкско-туэктинско-окузунского округа, оставили свои заметные следы в материальной культуре тюркских народов Евразии.

Основываясь на результатах археологических исследований всемирно известных алтайских курганов V – III вв. до н.э., проведенных специалистами и общепризнанными авторитетами в археологической науке, можно утверждать, что этот далекий тюркский мир, его материальная культура оставили заметные следы в древне тюркском мире и древне тюркской культуре. Это дает право видеть на Алтае 2500-летней давности далекую предысторию тюркских народов.

Основываясь на результатах археологических исследований всемирно известных алтайских курганов V – III вв. до н.э., проведенных специалистами и общепризнанными авторитетами в археологической науке, можно утверждать, что этот далекий тюркский мир, его материальная культура оставили заметные следы в древне тюркском мире и древне тюркской культуре. Это дает право видеть на Алтае 2500-летней давности далекую предысторию тюркских народов.

Известными племенами ранних тюрков, оставившими большой след в истории тюркских народов, точнее древних их раннесредневековых предков, являются хунну, известные по китайским источникам с 1200 г. до н.э. (исследования французских востоковедов-синологов XVIII и XIV вв. Ж.Дегеня и А.Кордые, Э.Х.Паркера, К.А.Иностранцева, А.Н.Бериштама, Л.Н.Гумилева, С.А.Плетневой). Однако они активно выходят на историческую арену на рубеже III – II вв. до н.э., когда у них возникло мощное государство во главе с могущественным шаньюем (вождь) Модэ, которое превратилось вскоре в целую державу. «При Модэ - писал китайский хронист рубежа II – I тысячелетий до н.э. СымаЦянь в своих «Исторических записках» («Ши-цзи»), - Дом Хунну (здесь «дом» в понятии государства – Р.Ф.) чрезвычайно усилился и возвысился равным Среднему двору» (Бичурин, 1950.С.66), т.е. Китайской империи.

Пройдя многовековой путь развития, хунну пришли к начальной цивилизации: у них появились иероглифическая письменность, которая «являлась международной для всего дальневосточного круга культур» (Кызласов Л., 1998.С.61); существовали хуннские писцовые книги с записями имущества и количества скота у населения. Этот народ, хотя и был кочевым, как и все степняки и тюркоязычные племена, но уже имел отдельные города и крепости и в целом прочные культурные традиции, высокоразвитые для того времени; часть населения занималась земледелием, составлявшим заметную долю экономики. Были созданы прочная государственная власть и сильная регулярная армия в 300000 человек с тысячниками, сотниками. Существовали жесткие законы, которые поддерживали строгий порядок в обществе (Гумилев, 1960; Плетнева, 1982.С.84, 88; Кызласов Л.Р. 1998).

Крупный специалист по археологии и истории средневекового кочевого мира С.А.Плетнева справедливо предполагает о существовании у хунну единого государственного языка, представлявшего собой вариант протюркского. При ближайших преемниках Багадур (Модэ), сыне Гийюе и внуке Гюньчене «из аморфной хуннской этнической общности начал формироваться хуннский народ. Общая территория, единый язык, антропологическое сходство и общая полусоседлая культура явились надежной базой

для этого» (Плетнева, 1982.С.86).Л.Р.Кызласов обратил внимание на то, что академик Н.И.Конрад в своем знаменитом труде «Запад и Восток» назвал этот период «центрально азиатском очагом исторической активности народов» (Кызласов, 1998.С.60).

Археологические раскопки широко известных курганных групп хунну, проведенных в 20-х годах нашего столетия ленинградскими археологами в долине Ильмовая Падь в Забайкалье и горах Ноин-Ула в Северной Монголии (крупнейшие могильники хуннскихшаньюев), выявили богатые остатки материальной культуры; при этом наиболее ценными оказались ноинулинские находки, дошедшие до нашего времени благодаря образовавшейся в те далекие времена мерзлоте в толще курганов. Большое число орудий труда и оружия, одежда, в том числе типичные для скифов и хунну островерхие головные уборы, разнообразная посуда (керамика, бронзовые, костяные и деревянные ложки, деревянные сосуды, бронзовые котлы) и утварь, среди них круглый деревянный стол с лакированными ножками. Найдены остатки зонтиков с деревянными спицами и ручкой. Предметы убранства представлены большим числом войлочных ковров с богатой орнаментацией с изображением диких животных и хищных птиц, костяных драпировок с рисунками тигровых голов, птиц, рыб и черепах, гобеленов с растительными узорами и полотенец. Имеются весьма оригинальные портреты-вышивки человеческих голов, изображения всадников на драпировках.

Художественное творчество, эстетический вкус хунну нашли также отражение в различных украшениях, деталях одежды. Это: нефритовая пластина с изображениями волков, золотые украшения с самоцветами, изображения голов различных животных (быка, лошади, оленя), в том числе и фантастических, например, крылатых волков, орнаментированные золотые пластинки, бронзовые зеркала и светильники. Часть всего перечисленного выше и других вещей, являлась самобытной, т.е. предметами местного, хуннского производства, но много было и привозных, среди которых преобладали китайские: зеркала, лучшая часть керамической посуды, особенно поливной, светильники, костяные палочки для еды риса, шелковые ткани. Считается, что хунны заимствовали от китайцев также плуг и некоторые типы домов.

Погребальный обряд хунну был богатым. Умерших хоронили в красиво сделанных, орнаментированных и покрытых лаком гробах, которые помещались в двойные погребальные камеры – небольшую внутреннюю и обширную внешнюю, богато обставленную. К сожалению, погребения хуннскихшаньюев были в свое время разграблены другими племенами. Все кратко перечисленное выше осталось уже после разграбления; надо полагать, что увезли главную ценность – золото. По своему физическому типу хунну относятся к европеоидному типу с примесью монголоидного компонента.

Итак, общество хунну уже к концу I тысячелетия до н.э. было достаточно высокоразвитым обществом с богатой материальной и духовной культурой, основу которой составлял симбиоз налаженного скотоводческого и широко распространенного полупастбищного хозяйства при развитом для тех времен ремесле. Эти важнейшие факторы усиливаются благодаря наличию у них сильной государственной власти с традицией престолонаследия, мощной регулярной армии, крепкой правовой системы в государстве. Наконец, сложение хуннской народности еще до н.э. ставит это общество почти в один ряд с древними цивилизациями, предоставив ему отдельное место, особую форму кочевой цивилизации.

Прошлое крупнейших тюркских государств, культур и цивилизаций Евразии, начало которым положили культуры Горного и Центрального Алтая, а также первая раннетюркская цивилизация хуннупредставлено величием прекрасных кочевых средневековых персонажей разных эпох и различных тюркских народов. Без сомнения, среди таких ярких личностей, особое место занимает выдающийся и легендарный герой

братского казахского народа СиргелиЖабай батыр - один из известных батыров своего времени из племени Сиргели, принимавший участие во многих сражениях против джунгарской агрессии на рубеже XVII-XVIII в.в.

Список литературы

1. Руденко С. И. Второй Пазырыкский курган. Результаты работ экспедиции Института истории материальной культуры Академии наук СССР в 1947 г. Предварительное сообщение. Л., 1948.
2. Руденко С. И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1953.
3. Руденко С. И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1960.
4. Руденко С. И. Культура хуннов и Ноинулинские курганы. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1962.
5. Гумилёв Л. Н. Хунну. Степная трилогия. СПб.: Таймаут-Компасс, 1993.
6. Плетнёва С. А. Половцы. М.: Наука, 1990, С.3.
7. Валеев Ф. Х. Орнамент казанских татар. Казань: Татар.кн. изд-во, 1969. С.69, 72, 120, 133.
8. Дебец Г. Ф. Палеоантропология СССР: труды Института этнографии АН СССР. 1948.
9. Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.: Изд-во АН СССР, 1950. Т. 1., С.66.
10. Кызласов Л. Р. Города гуннов // ТА. 1998. № 1(2), С.1.
11. Плетнёва С. А. Кочевники Средневековья. Поиски исторических закономерностей. М.: Наука, 1982, С. 84, 88.
12. Кызласов Л. Р. Города гуннов // ТА. 1998. № 1(2), С.60.

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Ұлттық Ғылымдар академиясының корреспондент - мүшесі,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ (1728-1810) ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақ Елі өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында небір тарихи дәуірлерді, аумалы-төкпелі замандарды, қиын-қыстау кезеңдерді, басына бақ қонған кездер мен бақ ұшқан күндерді өткергені баршамызға аян. Ақын тілімен айтсақ, қазақ халқы өз тарихында «мың өліп, мың тірілген» кезеңдерді басынан өткереді. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында өз тәуелсіздігін қолына алған Қазақ Елі соңғы 30 жылдай уақыт ішіндегі тарихында ғасырға тең келердей дәуірді басынан кешеді. Осы аралықтағы қоғамның руханилық бағытта дамуы көзіміздің алдында өтіп жатыр. Соның бір көрінісіне мемлекетіміздің Отандық тарихқа деген ұстанымы мен саясатының ұлттық сипат алуы жатады.

Тіпті соңғы 10-15 жыл ішінде тек Отандық тарихқа тікелей қатысты Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалардың жүзеге

асырылуы мен әлі асырылып жатуы біздің ойымыздың растығын анықтай түседі. Егерде осы аталған бағдарламаларды бір-бірімен байланыстырып, бір бағытта қарастырсақ, онда мемлекеттік саясаттың руханилық пен ұлттық тарихқа деген саясатынан сабақтастық пен жүйелілік ұстанымдарын көреміз. Жоғарыда аталған бағдарламаларды бір сөйлеммен тұжырымдап айтар болсақ, онда алғашқы «Мәдени мұра» бағдарламасы – тарихшылардың зерттеу жұмыстарына деректік негіздер қалауға арналса, екінші бағдарлама – тарихшылардың зерттеу жұмыстарына – теориялық-әдістемелік негіз салып отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихшылар үшін нақты практикалық міндеттерді жүктейді. Ал «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарлама тарихшыларға қандай бағыттарда ізденістер жүргізуді бағыттайды және бүкіл қазақ жұртына тарихымыздағы қандай ұлы жетістіктерімізбен мақтануды, нені мақтаныш етуді нақты көрсетеді. Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы атқарылар міндеттердің біріне – «Туған жер» бағдарламасын жатқызып, ол жөнінде былай деп атап өткен еді: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүтірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»[1].

Әр заманда еліне қорған болған тұлғалар тарихымызда жүздеп, мыңдап саналады. Біз оларды соңғы отыз жыл көлемінде ғана танып-біліп, халық жадында мәңгі есте қалдыру үшін қажетті шараларды атқарып жатырмыз.

Сондай тарихи тұлғалардың біріне – біздің мақаламыздың кейіпкері болып отырған сіргелі тайпасының тумасы - Жабай батыр жатады. Тарихи тұлғаға айналған Жабайдың бойындағы асыл қасиеттері мен атқарған қызметтеріне қарап ел ішінде оны – Жабай батыр, Жабай баба, Жабай ата, Жабай әулие, Жабай датқа, Жабай тоқсаба деп атайды. Ал оның туып-өсіп, өмірін өткізген өңірде «Жабай белгісі», «Жабай әулие» деп аталатын және тағы басқа жер – су атаулары жетіп артылады.

Жабай батырдың өмір сүрген жылдары 1728-1810 жылдар аралығы. «Тұлғаны танып білу үшін оның өмір сүрген заманына үңіле қарау керек» деген тарих ғылымындағы аса маңызды қағиданы ұстана отырып, біз де Жабай батыр өмір сүрген жылдардағы қазақ тарихына, қазақ қоғамына үңіліп көрелік. Сөйтіп, заманы арқылы адамды, тарихы арқылы тұлғаны танып білуге тырысалық.

Алдыменен, тұлғаның батырлық қасиетіне көңіл аударсақ.

Хандық дәуір деп аталатын XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың 20-шы жылдардың ортасы аралығы өз ішінде бір орталықтан басқарылатын тұтастық кезең және бытыраңқылық кезең болып шартты түрде екіге бөлінеді. Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі уақыт, яғни 1715 жылға дейінгі тарихи уақыт бірінші кезеңге жатса, Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі тарихи уақыт екінші кезеңнің үлесіне тиеді. Көріп отырғанымыздай, Жабай батырдың өмір сүрген жылдары Қазақ хандығы дәуірінің бытыраңқылық кезеңіне сай келеді.

Жабай батырдың дүниеге келген жылы, яғни 1728 жылдар шамасы Қазақ тарихында қазақ-жоңғар қатынастарының ең бір шиеленісті кезі болатын. 1723-1725 жылдардағы «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» жылдарындағы ауыр қасіреттен ел есін әлі жиып болмаған еді. 1726 жылғы «Қалмақ қырылған» шайқасындағы жеңістен соң ел ішінде бірігу идеясы белең алып, соның нәтижесінде Үш жүздің билеуші және әскери басшыларының Ордабасы тауында өткен үлкен бірігу жиынына алып келгені белгілі. Ал одан кейін көп ұзамай 1729-1730 жылы атақты «Аңырақай» шайқасының қазақ-жоңғар

қатынасында бетбұрыс әкелгені және белгілі. Міне, дәл осындай жан алысып, жан берісіп жатқан тұста Жабай батыр дүние есігін ашқан екен. Ел арасында кең тараған тарихи аңыз-әңгімелердің материалдары бойынша Жабай батыр Сіргелі тайпасының Батыр руынан таралады. Батыр – өз заманында Есім ханның белгілі батырларының бірі болған Алыбай батырдың лақабы. Ұрыстардағы ерліктері үшін бұл атақты Есім хан Алыбай батырға беріпті. Содан кейін жұрттың бәрі Алыбайды «Батыр» атап кетеді. Ал Алыбай батырдың інісі Толыбайды атқа жайдақ мініп шапқаны үшін «Жайдақ» деп атайды. Сол заманнан бері Сіргелі ішінде Батыр мен Жайдақ тармақтары қатар аталып келеді. Жабай батырдың әкесі Қазыбек әрі шешен, әрі палуан болған екен [2,6-38].

«Жігіттің жақсысы нағашысынан» дегендей, Жабай батырға батырлық қасиет ата жолымен келсе, әулиелік қасиет ана сүтімен келеді. Ойын баласы кезінде-ақ оның бойындағы ерекше қасиеттер байқала бастайды. Бұл жөнінде жазушы Н.Қапалбекұлының «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» атты 2019 жылы жарық көрген ғылыми танымдық зерттеулер жинағында айтылады [2,16-17].

Жабайдың әлі жас кезінде, яғни 1730-шы жылдардың соңы мен 1740 жылдардың басында қазақ пен жоңғар арасындағы шайқастар әлі толастамай тұрған болатын. Осы жылдардағы жоңғарлардың Қазақ Еліне жасаған жойқын жорықтарын кейде екінші «ақтабан шұбырынды» деп те атап жатады. Болашақ батыр бұл соғыстарға тікелей қатыспаса да, ел басындағы ауыртпашылықты жүрегімен қабылдап, терең сезінеді.

1745 жылы Жоңғар хонтайшысы Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін олардың өз ішінде билік мәселесіне қатысты хонтайшы әулеті арасында алауыздық оты тұтанып өршиді де, одан кейінгі жылдары ол от одан әрі асқына түседі. Соның нәтижесінде ұзақ жылдар бойы Қазақ Еліне жоңғарлар тарапынан төніп келген қауіп-қатерлер азаяды. Осы жылдары Орта Жүз сұлтаны Абылайдың атағы жер жара бастаған еді. Тіпті ол Жоңғариядағы саяси алауыздықтарға қатысушы топ өкілдері – Даваци мен Әмірсапаға бірде ашық, бірде жасырын қолдау көрсетіп отырды. Жоңғариядағы саяси дағдарысты шебер пайдалана білген Цин империясы 1755-1756 жылдары қалың әскермен басып кіріп, Жоңғар мемлекетін біржолата күйретеді. Әмірсапа бастаған азаттық күресі жеңіліс тауып, қарапайым халық ауыр қырғынға ұшыратылады.

Жоңғарияны талқандаған Цин патшалығы оның бұрынғы иелігіндегі жерлердің бәріне өзінің құқығы бар екендігін білдіріп, 1756 жылдың жаз айларында өз әскеріне Қазақ жеріне аяқ басуға бұйрық береді. Бұл кезде Абылай ханның басшылығымен қазақтар Ұлы жүз аумағын жоңғарлардан азат ете бастаған болатын. Ел арасындағы ауыз әдебиетінің деректеріне қарасақ, Жабай да осы азат ету шайқастарына қатысып, көзге түсе бастайды. Бір аңыз-әңгімелер бойынша қазақ жерлерін жоңғарлардан азат ету күресі Ташкент түбінен басталған делінеді. Бір-екі жыл ішінде Абылайдың жеңісті жорықтары нәтижесінде жоңғарлар қазақ жерінен қуылады. Осы жорықтар барысында Жабай батыр атанып, өз руының жасағына басшылық жасайды.

Осылайша, Абылай хан бастаған қазақ әскері Шығыс Қазақстан аумағында жоңғарларды қырған Цин империясының әскерімен түйіседі.

Сөйтіп, Абылай хан және Кіші жүздің Ералы сұлтаны бастаған он мыңнан асатын қазақ әскерлері Шығыс Қазақстан аумағында бірнеше рет мықты қаруланған қытай әскерлерімен ашық шайқасқа шығып, тегеурінді қарсылықтар көрсетеді. Қытай әскерлері сан жағынан бірнеше есе көп болса да, елдің ішкі жағына тереңдеп ене алмайды. Ақыры, олар алда қыстың келе жатқанын ескере отыра, кейін қайтуға мәжбүр болады.

Осы жылдары Жабай батырдың жасы отыздарға келіп қалған болатын. Жазушы Н.Қапалбекұлы құрастырған жинақта Жабай батырдың осы қазақ-қытай ұрысына қатысып, ерлік жасағандығы жөнінде айтылады. Автор Тәтіқара жыраудың (1705-1780 жж.) толғауындағы осы шайқастан мынадай үзінділерді келтіреді:

«Жуан қарны іркілдеп,

Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?
Мінген аты астында
Сан бәйгеден жүлде алған.
Шабысы соққан желмен тең,
Аты шулы Кертөбел,
Қалды кейін жете алмай.
Жуан құрсақ, май басқан,
Сыпай кетті құтылып.
Қашқан кезде, жігіттер,
Бұл шүршіттен кім асқан!»[3, 452 - б.].

Осы шайқаста Жабай батыр өз ерлігімен ғана емес, басшылық жасаған тайпаның да жасақтары жақсы жақтарымен ханның көзіне түседі. Одан әрі ауыз әдебиетінің материалдарында Жабай батырдың Ұлы Жүз жасақтарына басшылық жасаған төрт сарбаздың бірі болғандығы, Абылай ханның оған ақ туды тапсырғаны туралы айтылады. Сол кезден бері Жабай батыр – Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр деп атала бастаған екен. Абылай хан тапсырған Ақ ту батырдың тікелей ұрпақтарында ХХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін сақталыпты. Абылай ханның Жабай батырға Ақ туды тапсыруының екінші бір нұсқасы бар. Ол нұсқа бойынша Абылай хан Жабай батырға туды Ташкентте тапсырыпты. Мүмкін үшінші, төртінші нұсқалар да бар шығар. Дегенмен де, бір нәрсе шындық, ол – Ақ туды Жабай батырға Абылай ханның өз қолымен тапсырғандығы.

Жабай батырдың жауынгерлік жолы мен ат үстіндегі жорық жолы және қолбасшылық қасиеті қазақ-қытай шайқасынан кейін де жалғасын табады.

1760 жылдардан бастап Ұлы жүз жерінде қазақ-қырғыз қатынасы шиеленісіп кетеді. Нақты жазба дерек мәліметтері болмағандықтан біз, ол туралы тағы да ауыз әдебиетінің материалдарына жүгінеміз. Ұзақ уақыттар бойы жоңғарлардың қол астына қарап, еркіндікке жаңа ғана қол жеткізген ұлыжүздік тайпаларға қырғыздар әлсін-әлсін тонаушылық жорықтар жасап, әбден мазаларын алады. Шамамен 1770-ші жылдары шамасында мәселені біржолата шешу үшін қырғыздарға жорық ұйымдастырады. Бұл жорық туралы қырғыз тарихында «Жайыл қырғыны» атты оқиға баяндалады. Жалпы оқиғаның қысқаша мынадай. Абылай ханның өздеріне қарай келе жатқанын алдын ала білген қырғыздар 20 мыңдай адамдарымен Меркі маңында тосқауылда күтіп, ұрыс салады. Күні бойы болған ұрыста екі жақ бірін-бірі ала алмаған екен. Абылай ханның толығымен жеңіске жетуіне қырғыздардың ту сыртынан соққы берген 3 мыңдық Бердіқожа батыр, Айту, Самрат, Қапсағай, Тәңір және Жабай батырлар бастаған күш тікелей ықпал етеді. Дәл осындай мазмұндағы материал шежіреде де баяндалады [4,46]. Осылайша, бір-екі ауыздық материалдардың өзі Жабай батырдың 1770-ші жылдардың ішінде әлі де аттан түспей, Абылай ханның қол астында өз руының қолын бастап, қазақ жерінің азаттығы үшін, елдің намысы үшін алысып жүргенін көреміз.

Жалпы, қазақ тарихындағы тарихи тұлға Жабай батырдың батырлық қасиеті туралы жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, ел басына қара бұлт төнген ауыр кезеңдерде Абылай ханның ақ туы астында атқа мініп, қолына найзасын ұстаған баба жеке ерлігімен де, қолбасшылық қасиетімен де көзге түсіп, басқа да батырлармен бірге тізе қосып жоңғарларға да, қытайларға да, қырғыздарға да қарсы шығады. Жеке батырлығы мен қолбасшылық қасиетіне дән риза болған атақты ханның қолынан Ақ туды ұстау мәртебесіне ие болады.

Жабай батырдың тарихи тұлғалық болмысындағы келесі бір ерекшелігіне, оның ел

басқарудағы мәмілегерлік өнері жатса керек. Соғыс пен ұрыстар болған жылдары Жабай батыр Сіргелі тайпасының жасағына қолбасшылық етсе, бейбіт өмір күндері ол Сіргелі тайпасына басшы бола біледі. Жабай батырдың өміріне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген елімізге белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Тоқтабай тарихи тұлғаның болмысын арғын Шақшақұлы Жәнібек батырдың, атақты Төле бидің өміріндегі белестермен ұқсастықтың бар екенін аңғарады. 1723-1725 жылдардағы «Ақтабан шұбырындыда» жоңғарлар Түркістан, Сайрам, Сауран, Таразды алып, Ташкентке таяғанда, Төле би жоңғар хонтайшысымен кездесіп, қаланы тонаудан аман алып қалады. Жоңғар билігін мойындай отыра, Төле би қала мен оның айналасын қырғыннан құтқарады. Болашақта Ұлы жүзді азат ету күресі осы Ташкент түбінен басталады.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай, яғни 1784 жылы Ташкент билігі Төле бидің бұрынғы көмекшісі, шейх әулетінің өкілі Жүніс қожаның қолына өтеді. Жүніс қожа – «данышпандардың данышпаны» атанған, XIII ғасырда туып, 1355 жылы қайтыс болған Шейх Хоенди ат-Тахур, халық арасында Шайхантаур деген атқа ие болған тұлғаның тікелей ұрпағы. Ол билікке келісімен қазақ батырларымен ортақ тіл табысуға тырысады. Келе келе қазақтардан тұрақты әскер құрып, көрші өңірлерді өзіне бағындыруға кіріседі. Оның билігі Түркістанға дейін жетеді. XIX ғасыр басында Жүніс қожадан Ташкент билігін Қоқан билеушісі Әлім хан тартып алады.

Жергілікті халық арасында орасан зор беделге ие Жабай батырды Қоқан ханы Сіргелі тайпасының басшысы етіп бекітіп, қолына мөрін, тоқсаба атағын береді. Сөйтіп, тарихи тұлға жасы келіп қартайған шағында елінің басшысы болып, елі мен жерінің тұтастығын, жұртының тыныштығын сақтайды. Оның ел аузында Жабай тоқсаба деген атаумен сақталуының бір себебі осында жатыр.

Жабай батырды тарихи тұлғаға айналдырған батырлық қасиетімен қатар тағы бір ерекшелігі – оның көріпкелдігі мен әулиелік қасиеті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әулиелік қасиет - Жабай батырға жас кезінен қонған екен. Бабаның әулиелік қасиеті оның тек көзі тірісінде ғана байқалып, көрініс беріп қана қоймай, ол қайтыс болғаннан бергі 200 жылдан астам уақыт бойы байқалып келеді. Ол туралы ел ішіндегі әңгімелер мен оқиғаларды жинақтаса бірнеше томға жетерлік материалдар шығар еді. Солардың бір тобы 2019 жылы Алматы қаласындағы «Жамбыл» баспасынан Н.Қапалбекұлы құрастырып шығарған «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» (488 бет) атты ғылыми-танымдық зерттеулердің «Жабай атаның әулиелік кереметтері» деген екінші бөлімінде 150-бет көлемінде келтіріліпті [2,335-466]. Олар Бабаның ерекше қасиеттерінің бір бөлігі ғана. Ол туралы арнайы материалдарды жинақтап, кітаптар шығару болашақтың ісі.

Жабай батырдың тұлғалық қасиетіндегі келесі бір ерекшелігіне - тұлға есімінің ұранға айналуы жөнінде болмақ.

Қазақ ру-тайпаларының тарихы және шежіресімен айналысу барысында біздер қазақ халқын құраған барлық этникалық топтардың ұрандары мен таңбаларын зерттеу арқылы мынадай заңдылықтар ерекшеліктердің бар екендігіне көзімізді жеткіздік.

Қазақ ру-тайпаларындағы ұрандардың көпшілігі жеке тарихи тұлғалардың есімдерімен тікелей байланысты болып келеді және ұрандар – тарихи тұлғаның есімі негізінде алынады. Олардың өзін шартты түрде ортақ немесе жалпы және жеке ұрандар деп жіктеуге болады. Мысалы – «Бахтияр», «Ақжол», «Алдияр», «Бәйтерек», «Қабылан», «Қаптағай» және тағы басқа кейбір ұрандар алғашқы ұрандар қатарына жатса, «Қарасай», «Бөрібай», «Райымбек», «Бекет», «Бақтыбай», «Ақпан», «Баймұрат», «Төремұрат» және тағы осылай жалғаса береді. Әр тайпаның ортақ ұраны болса, тайпа құрамындағы әр рудың немесе ата-аталықтардың да жеке ұрандары болады.

Ұрандардың өзі ұрыстарда қолданылатын ұрандар және бейбіт күндерде, яғни бәйгелер мен әртүрлі сайыстарда қолданылатын ұрандар боп бөлінеді. Ал сол ұрандарға

негіз болған тарихи тұлғалардың болмысын зерттеу барысында оның бойында кем дегенде үш қасиеттің болатындығына көзімізді жеткіздік. Ол қасиеттер мыналар: бірінші, тарихи тұлғаның батырлық және қолбасшылық қасиеттері; екінші қасиетке – тұлғаның рубасылық, көсемдік, шешендік, ел басқара білу қабілеті; үшіншісіне – тұлғаның көріпкелдік, әулиелік ерекше қасиетінің болуы жатады екен. Осындай қасиеттерге ие болған тұлғалар ғана өз руының, тайпасының ұранына айналады. Мысалы, бүкіл қазақ үшін есімі ұранға айналған XIV – XV ғасырларда өмір сүрген Алаш есімді тұлғаның бойында әрі батырлық, әрі ел билеушілік және әрі әулиелік қасиеттер болған екен. Біз қарастырып отырған Жабай атаның тұлғалық болмысын зерттей келе, оның да бойынан кем дегенде батырлық, әулиелік және ел басқарушылық секілді қасиеттерін көрдік. Олай болса, Жабай есімінің де ұранға айналуы әбден лайықты жайт.

1890-1963 жылдары өмір сүрген Тоқтыбай ақынның өлеідерінде мынадай жыр шумақтары айтылады:

«...Қазыбектің баласын
Жабай датқа дер еді.
Бел баласы Жабайдың
Дәулетияр датқа боп
Елдің де қамын жер еді...
...Бір туысқан ел едік
Жеті ата Бөрі, Қараша
Бәйге атында «Жабай»-лап
Біраз жыл көрдік тамаша»[5, 217-218].

Көріп отырғанымыздай: «Жеті ата Бөрі, Қараша, Бәйге атында «Жабай»-лап, Біраз жыл көрдік тамаша», -деген шумақтар тұлға есімінің Сіргелі тайпасының Батыр руындағы Бөрі, Қараша аталықтарында бейбіт заманда ұранға айналғанын нақты көрсетіп тұр. Мұндай тұлға есімінің өз аталығында ұранға айналуы тарихи заңдылықтарға сай келеді.

Осылайша, Жабай батырдың тұлғалық қасиеттерін талдай келе, мынадай жалпы тұжырымдарға келеміз.

Жабай батыр – қазақ-жоңғар соғыстарының соңғы кезеңінде Абылай ханның басшылығымен қазақ жерлерін жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан, өз руының жасағына басшылық жасаған әрі батыр және қолбасы болған тұлға. Одан кейін қазақ-қытай ұрысына қатысып, ерліктер көрсеткен. Оның ерлігі Тәтіқара жыраудың толғауына негіз болады. Қазақ-қырғыз ұрыстарына да қатысып, сол шайқастарда Абылай ханның түбегейлі жеңіске жетуіне тікелей ықпал еткен Ұлы жүз батырларының бірі болған.

Жабай батыр – атақты Төле би секілді елінің амандығы, жұртының тыныштығы үшін Қоқан ханының билігін мойындап, датқа, токсаба лауазымдарын иеленген тұлға.

Жабай ата – ел ішінде көріпкелдігімен, әулиелігімен кең танылған тұлға болған. Тарихи тұлғаның өмірден озғанына екі жүз жылдан асса да, оның киесі, аруағы бүгінгі күндерге дейін талай жаны қысылған адамдарға қызмет етіп келеді. Меніңше, атаның аруағы әлі талай ғасырлар бойы талай жандарға қызмет етері сөзсіз.

Жабай батыр есімі тарихи заңдылықтарға сай өз тайпасындағы өз руының ішіндегі бірнеше аталыққа бейбіт күндерде қолданылатын ұраны болып отыр. Бұл дегеніміз – тұлға есімі ешқашан да ұмытылмайды, өз халқымен бірге мәңгі жасай береді дегенді білдірсе керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы <http://www.akorda.kz/>
2. Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Ғылыми –танымдық зерттеулер жинағы. Кітапты құрастырған: Нағашыбек Қапалбекұлы.// Алматы, «Жамбыл» баспасы. 2019+. – 488 б.
3. І.Есенберлин. Жанталас. Алматы, 2002.

4. Тоқтабай А. Жабай баба ғасырлармен тілдессе.//Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Ғылыми –танымдық зерттеулер жинағы. Кітапты құрастырған: Нағашыбек Қапалбекұлы.// Алматы, «Жамбыл» баспасы. 2019+. – 488 б.

5. Айтбаев Е.Жабай тоқсаба. // Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Ғылыми –танымдық зерттеулер жинағы.

Доосалы Чойбекович Иманбердиев

мамлеттік басқару ғылымдарының докторы, профессор.

И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті,

Бишкек, Қырғыз Республикасы

ЭЛДИК КУРУЛТАЙ ИНСТИТУТУН МЫЙЗАМДАШТЫРУУ ЖАНА АНЫ ӨНҮКТҮРҮҮ МАСЕЛЕЛЕРИ

Теманын актуалдуулугу. Тарых – эс-тутум. Улуттук тарых – улуттук эс-тутум. Ошондуктан тарыхын билбеген эл “манкуртка” айланат. “Манкурт” – ал адам эмес, ал адам сымал айбан. Эл башкаруу, мамлекет башкаруу системасы – ал тарыхтын бир бөлүгү. Болгондо да, эл башкаруу же мамлекет башкаруу илими тарыхтын өзөгүн түзөт. Саясатилиминин иш жүзүндөгү ийгилигине жараша элдин тагдыры, мамлекеттин келечеги аныкталат. Ал үчүн эл башкарган же мамлекет башкарган адам өз элинин тарыхын, менталитетин жакшы билиши керек. Бир элди, экинчи элди башкаргандай башкарууга болбойт. Анткени эки элдин жаралышы, эл болуп калыптанышы жана дүйнөтаанымы эки башка. Демек, ал элдерди башкарууда да айырмачылыктар болушу мыйзамченемдүү нерсе.

Негизги бөлүгү. Курултай институтунун тарыхын изилдеп, анын качан пайда болгонуна, кайсы элде кандай аталганына, кандай формада колдонгонуганына көңүл бурдук. Көчмөн элдердин дээрлик бардыгында ханды, бийди, кийинки кеч мезгилдерде, тагыраагы XIX кылымдын экинчи жарымынан баштап болуштарды шайлоо курултайларда, жалпы элдик жыйындарда шайлоонун негизинде жүргүзүлүп келген. Ошол эле учурда, кыргыздарда Курултай институту - хан шайлоо институту катары “Манас” эпосунда, “Улус каганга” байланышкан уламышта жана “акылдуу хан” деп аталган жомокто баяндалып турат¹. салган. Хандар жана бийлер уюштурган курултайларда баатырлар катышкан. Баатырлар эл аралап жүрүп, көп талаш тартыштарга, коргонуу иштерине аралашышкан. Курултайда каралган актуалдуу маселелер, алардын ичинде: коргонуу, уруу аралык талаш-тартыштар, жер жана жайыт ж.б. маселелер баатырлардын жоопкерчилигине жүктөлгөн. Алсак, Түркестан аймагынан чыккан атактуу баатырлардын катарына Жабайды кошо алабыз. Изилдөөчү Э.А.Шмидт Ташкент тарапта турган Сиргелилер жоого аттанганда «Жабай» деген ураан менен чыгышкан [3, с.310]. Н.А.Аристовдун түшүндүргөнүнө караганда «урааны или употребляемые в боях, при барантах, на байгах клики, будучи именами храбрейших вождей или особенно памятных родоначальников» [4, с.408].

Казактын, кыргыздын баатырлары менен акылмандары (көсөмдөрү) тууралуу тарых атадан балага жетип калкыбыздын эсинде сакталып кыйын кезде элине рух, кубат берип турган. Курултай көчмөн элдердин дээрлик баарында колдонулган эл башкаруунун

¹Турал Б., Манастын Курултайда хан болушпайланышы //Турал Б./ Манасааламы, №3. – С. 8. – Бишкек, 2018 ж.

чыныгы элдик институту болгон. Бирок, эн кызыгы - башка бир да элдин эпосторунан жана уламыштарынан алардын түпкү аталары Курултайда “хан” же “каган” болуп шайланганын учуратпадык. Демек, ал бизге Манас атабыздан, Улус кагандан калган асыл мурас, адилет башкаруунун үлгүсүн көрсөткөн жана чыныгы эл бийлигинин символу катары тарыхты карыткан саясий институт.

Бүгүнкү күнү кыргыздарды башкарып, манкуртка айлантып, Кыргызстанды ээлеп алууга умтулган сырткы күчтөр бар. Эң жаманы – аларга кызмат кылып жаткан адамдардын да арабызда улам көбөйүп жана күч алып жатканында. Сырткы күчтөргө кызмат кылып жатышкан ал адамдардын көбү Кыргызстандын байлыгын бөлүп алып, эми бийлигин биротоло кыргыздардан тартып алууга аракет кылып жатышат. Негизи, Акаев, Бакиев мезгилдеринде эле Кыргызстанды “сырткы” бийлөөгө шарт түзүлүп, алар мамлекет жана эл аралык уюмдар тарабынан колдоого алынган болчу. Ушундай эл аралык күчтөргө каршы, өлкө башкаруунун тарыхый салттарын кайра жандандыруу максатында, Кыргызстанда “Элдик курултай” деп аталган коомдук кыймыл түзүлүп, ал боюнча мыйзам кабыл алуумаракетин көрүп келатат.

2012-жылы эки жолу “Улуу Курултай” кезектеги жыйыны өттү, акыркысы – учунчу Улуу Курултай 2018 – жылы республикадагы көптөгөн саясий күчтөрдүн катышуусу менен өткөрүлдү. Мурунку эки Курултайды Элдик курултай кыймылы өзү уюштурган болсо, бул жолку Курултайды улуттук идеяны көтөрүп жүргөн көптөгөн мекенчил уюмдар, саясий партиялар жана мамлекеттик эмес уюмдардын биримдигинен ишке ашты. Бул жыйынга Кыргыз Республикасынын Жогорку Кеңешинин (Парламент) депутаттары, Президенттин жана Аткаруу бийлигинин өкүлдөрү катышты. Бул факты келечектеги Кыргыз Республикасынын “Курултай институтунун” укуктук түзүлүшүнө бөлгө болот деген ойдобуз.

Элдик Курултай кыймылы өз ишин улантууда. Туруктуу Элдик Кеңеш түзүлүп, анын Төрагасы шайланды. Элдик курултайдын акыркы жыйынында (2018ж.), 2017 - жылы шайланган Кыргыз Республикасынын жаңы президенти – С.Жээнбековдун куттуктоосу окулду. Мунун өзү жаңы Президенттин Элдик курултай институтуна болгон түз мамилесин билдирет. Курултайдын Резолюциясында, мамлекеттин келечегин коргоодо жана улутту сактап калууда “Элдик Курултай” институтун орнотуудан башка жол жок экени белгиленди. Немистин улуу философу Гегель: “Мамлекет өзүнүн түзүлүшүнө бардык мамилелерди сиңирүү керек. Мисалы, Наполеон испандардын тарыхый тажрыйбасын эске албай туруп, аларга өзү ойлогон мамлекеттик түзүлүштү орноткусу келген, бирок ал максатын ишке ашыра албай абдан кыйналган. Анткени, мамлекеттик түзүлүш - ойго келгенди жасай бере турган нерсе эмес; эч кандай мамлекеттик түзүлүш жеке бир адамдар тарабынан жаралбайт. Ал ошол эл көтөргөн идеялардын жана анын улуттук аң-сезиминин деңгээлине жараша ишке аша турган көптөгөн кылымдык эмгектин үзүрү.... Ошондуктан эл дайым мезгилдин жана өзүнүн талаптарына ылайык келе турган мыйзамдык укуктарды жана жарандык милдеттерди кабыл алып жашоого тийиш.”²

Жыйынтык. Ушул изилдөөлөрдүн негизинде КР мамлекеттик башкаруу системасында “Элдик Курултай” институтун укуктук базасын түзүү зарылчылыгы табылды. Элдик курултайдын бардык бийлик бутактарына болгон таасиринин күчөтүүлүсүн кошумча изилдөөлөр менен такталышы керек экендигин аныкталды. Ушул тактоолор Кыргыз Республикасынын Конституциясын бүткүл элдик референдум менен өзгөрүлүшү зарыл.

Колдонулган илимий булактар:

1. Алымбаев А.М. Манастын Курултайда хан болуп шайланышы // А.М. Алымбаев / Манас ааламы, №3. – С. 8. – Бишкек, 2018 ж.

² Г.В. Гегель. Собрание соч., параграф 274. – М., 1934. – с. 299..

2. Гегель Г.В.. Собрание соч., параграф 274. – М., 1934. – с. 299.
3. Шмидт Э.А. Материалы по родовому составу казакского населения юго-западной части Чимкентского уезда // В.В.Бартольд. Ташкент, 1927. – С. 301 – 312.
4. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. Вып. III-IV. Год четвертый. – С. Петербург, 1894.

Ахмет Уалханұлы Тоқтабай

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

ЖАБАЙ БАБА ҒАСЫРЛАРМЕН ТІЛДЕССЕ

Алладан тіле, әулиеге түне.

Халық даналығы

Әулие, әулие емес,

Әулиеге сенген әулие.

Сүлеймен Бақырғани

«Шынында әулиелер өлген ата-бабалардың рухы,

олар белгілі бір күшке ие.

Әулиелік рух белгілі бір туыстық ортадан шығады»

Г.П. Снесарев

Аруақ сөзі өте көне ұғым. Америка үндістерінде аруаки, араваки деген тайпалар бар. Америка құрлығымен Азия құрлығы ықылым замандарда бір-бірімен Беринг көпірі арқылы жалғасып жатқан. Орталық Азиядан аң қуған аңшылар екі континент құрғақ жер арқылы тұтасып тұрғанда Америкаға өтіп кетіп, тұңғыш рет ол өлкені игеріп, мекендеп тұрып қалған. Қазір ғылымда прототүркілер мен үнділердің өзара туысқандық және тілдік байланысы ғылымда дәлелденгені әлдеқашан. Кейін дүниеде жағрафиялық апаттардың әсерінен екі құрлық бір-бірінен ажырап, ортасын Беринг бұғазы бөлгенде екі туыстас халықтар да бір-бірінен мәңгілік үзіліп қалған. Мұндай жер үсті апатының болғанына географ ғалымдар жиырма бес мың жыл өткен деп тұжырымдайды, яғни аруақ сөзінің пайда болғанына жиырма бес мың жыл деуімізге әбден болады. Демек, аруақ сөзі мен ұғымы аруаққа табыну әлемдегі қай-қай сөзден де, діннен де, діни ілімдерден де жасы жағынан жоғары тұрады. Арғы ата-бабаларымыз көне түркілердің басқа халықтардан айырмашылығы бір-ақ құдайға көк Тәңірісіне табынды, Аруаққа сенді. Исламға дейінгі наным-сенімдермен Исламның өзара жымдасып гармониялық жарасым табуында деген ойды «Қазақтарда аруақтарға табыну әлі күнге дейін сақталған. Мұсылмандар өз әулиелеріне табынатыны сияқты олар да өмірінің қиын сәттерінде бабалар рухына жалбарынып, көмек сұрайды. Барлық сәттілік қасиетті аруақтың қол ұшын беруімен байланыстырылады» деп көрсетеді Шоқан Уәлиханов. Қазақ жерінде әулиелі жерлер аз емес, «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб» дегеніміз әрбіреуінің өзіндік тарихы (сакральная история) ерекшелігі, халыққа берер ғибраты бар. Еліміз егемендік алып жеке мемлекет болғаннан кейін, езіліп қалған ел оянып, тарихи киелі жерлеріне тәу етіп, оларды жөндеп қайтадан қалпына келтіріп қызыл империяның тұсында мәңгірт болған

халқымыздың жаны жаңғырды, рухы оянды. Сіргелі Жабай баба Оңтүстік өңірі мен көрші Өзбекстанға танымал аруақты әулиелердің бірі, жамағат ғасырлар бойы зиярат жасап келе жатқан қасиетті мекен.

Жабай Қазыбекұлының өмір сүрген жылдары соңғы деректер бойынша 1728-1810 жылдар, бұл дата Сарыағаш ауданы Әлімтаудағы кешенінде де жазылған. Жабайдың мәңгілік жай тапқан жері Ташкент қаласы, Шайхантауір ауданы, Көкше махалласы «Шейх Зайниддин баба» қабірстанында, шейхтың күмбезінің қарсы алдында, ортасы топырақпен қырланып шығарылған түйетайлы қабырдың алдына, кейінірек қойылған құлпытаста туған жылдары 1643-1725 жылдар деп көрсетілген. Әрине бұл қате, себебі Жабайдың өміріне байланысты тарихы жағдайлармен сәйкес келмейді. Өзбектер мұны әлі күнге дейін «Қазақ әулие» деп атайды. Бұл дата өзбек зерттеушілері Зайнадин баба қабірстанына арнап шығарған кітапта да айна-қатесіз берілген (**А. А.Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров. «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари». Ташкент: «Наурыз» баспасы, 2016ж, С.82-б**), Е.Бүрлібайұлының еңбегінде 1728-1820 жылдар деп берілген. Жабайдың өмірден өткені 1810 жыл ма, әлде 1820 жыл ма нақтылауды қажет етеді.

Бізден бұрынғы қариялар Жабай бабаны – Жабай әулие, Жабай тоқсаба деп те атай беретін, кейде бәрін қысқартып Тоқсабаның кезінде деп отыратын еді... «Жабай бабаны білгің келсе, ол тоқсаба кезінде Сіргеліні басқарған, мөр ұстаған адам» (**Е.Бүрлібайұлы. «Жабай белгісінің кереметтері». Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж, С.10-б**).

Қоқан тарихының белгілі маманы Т.К. Бисембиев: тоқсаба сөзінің мәнін «Өзінің туы бар әскери бөлімнің басшысы, дәрежесі жағынан пансатқа басшысына жақын, теңдес» (**Т. К. Бисембиев. «Кокандская историография: исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков». Алматы: ТОО «Print-s», 2009.46-б**). Тоқсаба – орта ғасырлардан бермен қарай келе жатқан қыпшақ хандығында қалыптасқан лауазым атақ. Ең алғаш тоқсаба сөзі орыстың ХІ ғасырда жазылған «Бағзы замандар жылнамасында (Повесть временных лет) «половцы – токсобичи» - туралы айтылады, орыс ғалымдары мұны қыпшақтың бір тайпасы десе, түркітанушылар атақ, лауазым деп пайымдайды. Ферғанада 1700 жылы Қоқан хандығын құрған қыпшақтар көне ата-бабалар дәстүрін жаңғырта отырып, тоқсаба ұғымын әскери дәрежеге, әскери атаққа айналдырған. Қазан төңкерісіне дейінгі Орта Азия хандықтарын зерттеген орыс ғылымдарының кейбірі Қоқан хандығын – қыпшақ мемлекеті (государство кипчаков) деп дұрыс жазады. ХІХ ғасырда Ферғана қыпшақтарының ықпалында болған елдердің басшыларына датха, тоқсаба, жүзбасы, елубасы дәрежелерін беру қалыптасқан. Жабайдың жастық шағы өсу жолдары Төле бимен тікелей байланысты.

Төле бидің өмірі мен қызметін 1982 жылдан бері зерттеп келе жатқан мен соңғы он жылдықтарда табылған қарақалпақ шежіресіне, қытай архив дерегіне сүйене отырып бидің өмір сүрген жылдарына өзгеріс енгіздім. Төле би (1657-1759(60)) жылдары өмір сүрген, жүзден асып барып бақилық болған (**А.У. Тоқтабай. «Ташкенттегі Төле би мавзолейі» Орталық музей еңбектері Т.1. Алматы: «Ғылым», 2004. 113-119 бб; «Төле би ғұмырындағы Ташкент қаласы» // Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай Тараз қаласында өткізілген ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2013. 132-149 бб**). 1733-1738 жылдары Төле Ташкенттің бегі болды, 1740 жылы ұлы жүздің ханы Жолбарыс қастандықпен өлтірілді, 1739 жылы Галдан Церен Ташкент билігіне қырғыз Көкім би Қарашораұлын қойған. 1745 жылы Галдан Церен өлгеннен кейін Ташкент билігіне Төле би қайтадан келуі мүмкін, 1760 жылдардан кейін Төле өзін Ұлы жүздің басшысымын деген сөздері тарихи деректерде бар, сондықтан Төлені қазақтар хан деп атауы орынды. Жабай 1728 жылы туса 1738-1740 жылдары Төле бимен жасөспірім Жабайдың кездесіп «Тапсаң біреуін, таппасаң екеуін соям» - деп жүргені сол кезде болған шығар деп айтуға болады.

Абылайдың қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету соғысы Ташкент түбінен басталғаны аңыз-әңгімелерде, жазушылардың тарихи романдарында сәтті бейнеленген. Көп уақытқа дейін шайқастың қай жерде өткені беймәлім болып келді. Ташкент маңындағы және оңтүстік өлкеміздегі тарихи жерлерді аралап көріп, ол туралы көне көз қариялармен әңгімелескен М.Тынышпаев ауызша тарихтың деректерін шебер пайдалана отырып қазақ тарихындағы белді-белді оқиғалардың өткен жерін зерделеп берді. Біз М.Тынышпаевтың ізімен жүре отырып, Өзбекстандағы киелі және тарихи жерлерді және атауларды зерттеу экспедициямызда баға жетпес бір жер атауын кездестірдік. «Абылай хан Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Уақ Баян, Шанышқылы Бердіқожа, көкжал Барақ, Дулат Бөкей, Сағыр, Сіргелі Жабай батырлармен жетпіс мың қолмен келе жатқан қалмақтарға қарсы шығып, түйесіне бір қарап, артқа шегініп осы ауыл жанынан ағып өтетін Шыршық өзенінің жағасында тоқтап Галдан Церен басшылық еткен қалмақтарға қарсы соғыс бастапты. Ешкім тоқтатып жеңе алмаған қалмақты, дәл осы өзен бойында, табан тіреп ойсырата жеңіпті. Содан соң қалмақтар қайта қарсылық көрсете алмай артқа шегініпті. Осы жеңіс қазақтың бодандық ноктасын тастап азаттықтың басталуы болсын деп Абылай хан ағамыз Азатбасы деп атапты. Азатбасы атауы қазіргі күнде де дәл солай аталып өзгермей келе жатыр» (А. У. Тоқтабай. **Өзбекстан қазақтарының тарихи және киелі жерлері айтылған тарих мәліметтері бойынша // Садықов оқулары – V «Қазіргі таңдағы білім беру мен ғылымның өзекті мәселелері» Т.1. Алматы: КазНПУ имени Абая, изд. «Ұлағат», 2018. 305-311бб.**). Азатбасы ауылы Бостандық ауданының орталығы Ғазалкент қаласынан 12 шақырым жерде. Қазір көптеген әдебиеттерде Қазақстанның оңтүстік өлкесін жоңғарлардан азат ету 1758 жыл деп айтылып жүр, бұл мүлде қате пікір. Себебі 1754 жылы Абылай бастаған қазақ әскері қазақ жерін толық азат етіп қытай шекарасына жетіп Қара Ертіске, Іленің басына дейін барғаны қытай деректерінде бар. Азатбасы оқиғасындағы қалмақтардың қолбасшысы Галдан Церен деген сөз бар, бұл тегіннен-тегін айтылмаған, 1745 жылы Галдан Церен қайтыс болады. Жалпы Абылайдың Ташкент түбінен басталған оңтүстік өлкелерді азат ету ұрыстары 1742 жылы жоңғардан тұтқыннан босанып келгеннен кейін басталған, яғни Азатбасы шайқасы 1743-1744 жылдары болған деп топшылауға болады, сол шайқастың бел ортасында болған Жабай батыр Сіргелі жасақтарын бастап апарған деп қорытынды жасаймыз.

1760 жылдары қазақ пен қырғыз арасындағы мал барымталау, жер дауы сияқты ұсақ жанжал мен ұрыстар тоқтамайды. Көбінесе қырғыз жортуылшылары қазақ ішіне кіріп кетіп, мал-мүлікті тонауын қоймайды. Абылайдың 1770 жылы қырғыздарды түпкілікті талқандап, Тәукенің заманындағыдай бір мемлекет қылу үшін жасаған жорығы сәтті аяқталып, әрбір қазақ жауынгері қырғыздың екі үш жігітін алып кетіп, еліне апарып алдымен шаруасына пайдаланып, артынан руының бір мүшесі қылсын – деген бұйрығы да орындалғаны белгілі. Қазіргі қазақ тайпаларының арасындағы өздерін қырғызбыз деп атайтын әулеттер сол кезде пайда болған. Мұны қырғыз тарихында «Жайыл қырғыны» дейді, осы шайқасқа Жабай батыр да қатысқан. Ол туралы қырғыз тарихындағы Оалыы Аткиннің «Қырғыз-қазақ соғысы хақында бірер сөз» атты мақаласында: «...Садыр батыр бес мың қол, Бөлекбай мен Момақан алты мың қол, Қашыке-Кебектер де алты мыңдай жігіт жиып, үш тараптан төнген Абылай қолын Меркідегі Құрағаты белінде күтіп жатты. Бір күннен кейін Абылай мен Қожамжар бастаған қазақ қолы жетті. Заматта басталған сол күнгі ұрыс кешке дейін жалғасты. Қырғыздар жеңілместе ме еді, егер ұрыс барысында үш мың қолдық Бердіқожа батырдың сарбаздары келмегенде. Бердіқожаның қасында Ұлы жүз қазақтарының арасында аттары шыққан Айту, Самрат, Қапсағай, Тәңір, Жабай атты жүзбасы-батырлары бар еді. Осы батырлар бастаған топ қырғыздардың ту сыртынан келіп соқты. Қырғыздың Солты, Сарыбағыш, Бұғы, Бесмойын руларының һәм Жанқораз ұранды басқа да барша Манас ұрпақтарының бірдемде тоз-тозы шықты...» (Оалылы Аткин

Қырғыз-қазақ соғысы хақында бірер сөз // «Алатау» газеті, 1999, 2 июнь, №12). Бұл жерде бір ескеретін жай Жабайды жүзбасы деп қате көрсеткен. Жабай ол кезде кемінде мыңбасы болған. Бұл дерек қазақ шежірелерімен де үйлеседі.

Шежіреде: «Жаңабайда Самрат деген батыр бар екен. Қырғыздармен соғысыпты. Серіктері шанышқылы Бердіқожа, Ботбай Жауғашты екен. Ол кезде Ташкентте Төле бидің баласы Қожамжар бек екен. Осы Қожамжар мен Абылай сұлтан қазаққа шауып, тыныштық бермейтін қырғыздарға қарсы қол жинап, Меркі түбінде оларды жеңіпті. Сол соғысқа Самрат батыр Сіргелілерден жиналған жүз жігітке жүзбасы болыпты. Жасы сол кезде отызға таяу екен. Меркі шайқасында қатты жараланып, елге қайтыпты. Тұрағы – Бағаналыдағы Сырлы екен. Оның досы Жабай деген батыр екен...» **(Атбұлақтың Көпжасар қарияның қолындағы Әбен Сыбанбайұлының шежіресінің көшірмесі. Жазып алған – Момбек Әбдәкімұлы. 1985ж. наурыз).**

Тарихтан белгілі қазақтар Ташкент билігінен 1784 жылы түпкілікті айырылып, қаланың бегі болып Төле бидің атшысы, Шайхантауірдің тікелей ұрпағы, Қалша руынан шыққан Юнусқожа иеленді. Жалпы Ташкент тарихын қарап отырсақ 1598-1784 жылдар аралығында, яғни 200 жыл бойы Қазақ хандығының құзырында болып, Орта Азияның Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтарының ешбіреуіне бағынбады, шын мәнінде қала-мемлекет болды. Юнусқожа келгеннен кейін де бұл дәстүр жалғасты, Ташкентті қоршай орналасқан қазақ тайпаларымен санасуға мәжбүр болды. Әуелі Юнусқожаның қала билігіне келуіне де қазақ тайпалары Қаңлы мен Рамаданның батырлары себепші болды. Батырлардың беделі мен күшінен тайсалған қожа белді рулармен сауда өндірістік топтардан төрт ақсақал сайлап алды. Ауызша деректер бойынша төрт ақсақалдың біреуі Сіргелі тайпасынан болған. Юнусқожа қазақтардан тұрақты жалдамалы әскер құрып оны «қарақазақтар әскері» деп атады да **(Соколов Ю. А. Установление кокандского владычества в Ташкенте. Материалы по истории Средней Азии. Ташкент: «Наука», 1966. С. 25-30)** бұрынғыдай батырларға сүйенген жоқ. Тұрақты әскердің күшімен Ташкент билігі Шыршық атырабынан бастап екі Келес, Арыс өзендерінің алқабындағы Сайрам, Шымкентпен қоса Түркістанға дейін жетеді. Юнусқожаның бастауымен үнемі көршілеріне қарсы жүргізілген тонаушылық соғыстар Ташкентті әлсіретті, қала қазынасында қаржы қалмай қалды, қожаға қарсы ішкі оппозиция күшейді. Мұндай жағдайды сәтті пайдаланған Қоқан ханы – Әлімхан 1808 жылы бірнеше сәтті жорықтардан кейін Ташкентті басып алды, сөйтіп Ташкент иелігіндегі Түркістанға дейінгі жерлердің барлығы Қоқан хандығының иелігіне өтті **(Бұл да сонда. С. 25-30).**

Жабайдың жүріп өткен жолы Абылай ханның бас қолбасшысы болған арғын Жәнібек батыр Шақшақұлының өмір жолымен ұқсас. Жәнібек қазақ-жоңғар соғысының батыры, түмен басы, Аңырақай, Бұланты шайқастарында елеулі рөл атқарған. 1731 жылы Әбілқайыр бастаған 54 адам қатын патшаға ант бергенде ханның негізгі тіректерінің бірі болды. Орыс мемлекетіндегі әскери шендердің бірі – тархан(воевода) атағын алды. Жабай Абылайдың Ташкент түбіндегі Азатбасыдан бастаған ұлт-азаттық соғыстарының бәріне қатысып, 1781 жылы хан қайтыс болғанда елінің тыныштығын ойлап, Қоқан ханының ұсынысымен Сіргелі еліне басшы болып, тоқсаба атағын алды, мөр ұстады. Қоқан хандығында атағы жер жарған Абылайдың серігі болған, қазаққа ықпалды билігі жүретін тұлға керек болды. Жабайдың тоқсаба атанып, Қоқан хандығы билігін мойындағанынан елі ұтпаса, ұтылған жоқ. Ең бастысы жері өзінде қалды, билігі өзінде болды, халқы өсті, тек алым-салық төлеп тұрды. Жабай бұл жолға тектен тек келген жоқ. Данышпан Төленің жолымен жүрді десек артық айтпаймыз. Төле 1723 жылы жоңғар хонтайшысы Түркістанды, Сайрамды, Сауранды, Таразды алып Ташкенттің түбіне таянып келгенде «Қарлығаштың ұясын» сылтау қылып Ақбурхан өзенінің жағасынан көшпей, қашпай отырып қалды. Галдан Церенмен келісімге келіп, оның билігін мойындады. Төленің көрегендігі арқасында Ташкент Орталық Азияда бірде бір қирамай, өртенбей, халқы

қырылмай қалды, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада тірі қалған қазақтар Ташкент атырабына келіп есін жиды, етегін жапты, қайтадан ел болды. Артынан Абылай бастаған азаттық жолындағы соғыстар Ташкент түбінен басталды. Жастайынан Төле бимен аралас-құралас болып, тәрбиесін көрген Жабай көп оқиғаларға өзі де қатысып, көзімен көрді, ел басқарудың қыры мен сырын біліп, тоқып өсті, ең бастысы бұдан басқа жол жоғын сезді. Сонымен Жабайдың өмірі мен қызметін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: Төленің тәрбиесінде Абылай ханның жанында болып қазақ жері мен елінің азаттығы үшін күресі. Екінші қартайған шағында Қоқан ханының заманында Сіргелі елін басқарып жер-су, дін мәселелерімен айналысуы.

Енді Жабай баба жөніндегі аңыз-әңгімелер мен өзі тұтынған заттары туралы жоралғыларды талдап көрейік.

Пірі. Жабай атаның пірі аңыз-әфсаналарда қос жолбарыс екені айтылады, қысқаша Жабайдың жолбарысы делінеді. Бұл ислам дініне дейінгі наным-сенімдерде батыр, бақсы, ақын т.б. атақты адамдар дүниеге келгенде оны қорғап-қоршап жүретін пірлері болады. Мысалы: Абылай ханның киелі сары бурасы және ақбас атаны болған. Абылай жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарап жатады да, жеңбейтін болса, теріс қарап жатады екен. Абылай хан шешуші ұрыс алдында ақбас атанның қимыл-әрекетіне көңіл бөліп қараған.

Ақбас атан қараған
Жаққа жүрсең жеңесің,
Қайшы келсең сен оған,
Бақты басқа тебесің

Ақбас атан жаудың шабуылын да алдын ала сезген.

Ақбас атан боздаса
От жағатын салт еді.
Жау шабуыл қозғаса,
Сақ тұратын шарт еді

(А.У.Тоқтабай, Ж.М.Сейтқұлова. «Қазақтың төрт түлік төресі – түйеге байланысты жора-жосындары» // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткені және бүгіні. Алматы: Ғылым, 2001. 234-б.).

Тарихи аңыз-әфсаналарға көз жүгіртіп қарасақ: Қарасай батыр мен Жамбылдың пірі – қызыл шұбар жолбарыс, Ер Жәнібек Бердәулетұлының пірі – қос көкбөрі, Байғозы батырдың пірі – ақиық бүркіт, Жарылқап батырдың пірі – қызыл алтайы түлкі, Қаз дауысты Қазыбек бидікі – аузынан от шашқан аю, Кемпірбай ақынның пірі – көкала үйрек. Кейде пірлер белгілі бір заттардан да болады, мысалы: Бердіқожа батырдың сыбызғысы. Әрбір бақсының өз жыны болады. Қойлыбай бақсының жындары Көкаман мен Ер Шойлан, кейде бақсыларды бура жынды бақсы, бүркіт жынды бақсы, пәлен-түген деп атын соңынан айту қалыптасқан. Қиын қыстау кезде батырлардың пірлері иелерін жебеп-жақтайтыны сияқты, бақсылардың жындары ем-дом жасағанда көмектеседі. Кейде жас батырлар бұрынғы өткен ұлы батырлардың пірлеріне сиынған. Арқалық батыр Бөрібайұлы Жәнекемнің (Жәнібек) қос көк перісі (бөрісі) қолдай көр деп ұрысқа кіреді екен. Екі адам бір-бірімен кездескенде, пірлеріне қарап кімнің жеңетіні, кімнің жеңбейтіні белгілі болған.

1844 жылы Кенесары Тараз жақтағы Сарысу қазақтарына түйе мен астық тауып бер деп келгенде, Досбол ақын сұрамақ болып Тоба биге барады. Есіктен кіре беріп Досбол басын тартып алады да былай дейді, «Менің аруағым түлкі еді, Тоба бидікі барыс екен. Есіктен кіре бергенімде түлкім тайқы кетті де, мен сескеніп қалдым» **(Ә. Т. Төлеубаев. «Қазақ халқының табиғат мінәжаты және емдеу магиясы». Алматы: «Алдоңғар», 2013.149-150бб.).**

Ту. Жабайдың қара шаңырағының иесі Аппазбектің айтуынша 1928-1930 жылдары Қызыл империяның жендеттері үйін қайта-қайта тәркілеп, кәмпескілей берген соң

Жабайдың бабасының ақ туын тезекханаға, Бекмұрат атасының найза қылыштарын омбы қардың астына жасырған **(Е. Бүрлібайұлы. «Жабай белгісінің кереметтері»/ Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж. С.10-б.)** көрінеді, кейіннен таба алмаған. Қазақ халқы патша өкіметінің қоластында болғанда, бертінгі 1930 жылға шейін, яғни қызыл империя қаһарына мінгенге дейін хандар мен сұлтандардың, әсіресе батырлардың тулары көздің қарашығындай сақталып және оған ел құрмет көрсетіп отырған. Біздің заманымызға дейін сақталған қазақ тулары некен саяқ. 1980 жылы қазақтың ту ұстау дәстүрін, туларын ел аралап тексерген кезімізде Қожа Ахмет Йассауи мавзолейіндегі Тайқазанды қоршап тұрған 10 тудың біреуі – Абылай ханның оққағары болған Дулат Жауғаш Қырбасұлы туының тоғабасы, тобықты Тоқтамыс батырдың туы (әбден ескіріп сарғайған) Ер Жәнібек Бердәулетұлының туы, шұбарайғыр Қожаберген батырдың туы (Моңғолиядағы туыстарында). Сөйтіп Кеңес дәуірі кезінде бүкіл қазақтың 4-5 туы сақталғаны белгілі болды. Тулардың тағдырын Абылайханның ақ туынан көруге болады. Ту 1930 жылы Шымкенттің Ханқорған жерінде тұрған үрім-бұтақтарында сақталыпты. 1920 жылдары Алаш арыстары мен оқымыстыларының бірталайы Ташкентте ашылған қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны - КазИНПРОС-та сабақ берген. Ұстаздардың ішінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, И.Тоқтыбаев т.б. болды. Жоңғарға қарсы ұлт-азаттық соғыстары кезінде шыққан “Абылайдың ақ туының астына бірігейік” деген ұранды біздің ойымызша жанында тұрған Шымкент жағында Абылайдың туы сақталыпты дегенді Алаш қайраткерлерінің естулері әбден мүмкін ғой. Бұл ұранға жаңаша мән беріліп, ауыздан-ауызға жетіп, ел ішіне тарала бастайды, сондықтан 1920 жылдың ортасында тудың соңынан түсе берген НКВД қызметкерлерінен қорыққан туыстары Абылайдың туы мен қылышын бөліп-бөліп тәбәрік етіп алған. Абылай қылышының төрт елідей бір сынығы 1980 жылдың аяғына дейін Өзбекстан мемлекеттік музейінің қорында сақтаулы тұрды, өз көзіммен көргенмін. Демек, Абылай мен Жабай баба туларының тағдырлығының тәлкекке түсуі де, жоғалуы да бірдей.

Арғы ата-бабаларымыз - көне түркілердің тілінде: ту, тұғ, байрақ деген сөздердің мағынасы “аруақ”, “рух” деген мағынаны білдіретіні қазіргі алтайлықтардың тілінде сақталған **(А. У. Тоқтабай. «Қазақ жылқысының тарихы». Алматы: «Алматыкітап», 2010ж. 453-б.)**.

Ту - жауынгерлік рухты белгілейтін қасиетті рәміз. Тіліміздегі ту ұстау, ту көтеру, туға табыну, туды қандау, бір нәрсені қасиеттеу, қадірлеу қайрат беретін күш санауды мағыналайтыны осы тудың жауынгерлерге рух беретін киелілігінен шыққан. Әскерге күш беріп, қорғау үшін оған киелі белгілер салынған. Мысалы: көне түркілерде көкбөрі, мұсылмандарда аят, Құран сөздері жазылған, қытайларда айдаһар, ирандықтарда самұрық құс т.с.с. Аспан әлемімен, құдаймен байланысты бұл символдар әскердің қуатын артырады, жаудан қорғайды деп саналған.

Кісесі. “Жабай бабаның ... кісесі кешеге шейін оның әулеттерінде сақталып келуі болмақ. Осы кісесі қазірде ... жұрағаты шымкенттік Ерген Махатбайұлы қарияның үйіндегі сандықта сақтаулы **(Е.Бүрлібайұлы. «Жабай белгісінің кереметтері»/ Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж. С.19-б.)**.

“Кісі болар кісіні, кісесінен танымын, кісі болмас кісіні мүшесінен танымын” дейді халық даналығы. Орта жасар кісі - кемер белдік, жасы ұлғайған үлкен кісілер неше түрлі салпыншақтары, оқшантайы, пышағы, қанжары, қалтасы бар - кемер белдік байланатын. Кісе, кемер белдіктер атадан балаға беріліп отыратын мұра болғандықтан, белдікте ата-бабалардың киесі бар, ешкімге сыйламаған, беріп қойған жағдайда отбасынан құт кетіп қалады. Толғағы қиын болған келіншекке күйеуінің, қайын атасының белбеуін ұстатып, немесе әйелдің ішінің үстіне қойса жеңіл босанады - деп ырымдаған.

Ерте замандарда, ер адам қаза тапса белбеуін ұзын сырыққа іліп қояды. Марқұмның кінәсін кетіруге берілетін підияға (фидия) белбеуін салатын, молда жаназасын оқыған соң

белбеуді өзіне алатын. Өлген адамға қатты қайғырса, ерлер белбеулерін шешіп мойнына салатын. Баласы қатты ауырса, әкесі белбеуін шешіп алып киіз үйді айнала жүгіретін (**Ш. Ж.Тохтабаева. «Серебрянный путь казахских мастеров». Алматы: «Даик Пресс», 2005. с.291**). Сол себепті Жабай бабаның жұрағаттары кісесін оған таққан қалтасын көздің қарашығындай сақтағанын көреміз.

Жауын шақыру. «...Кеңес үкіметі 1928 жылы Сүлеймен болысты кәмпескелеп, дүние-мүлік, мал-жанын тәркілейді. Ал өзін абақтыға жабады. Алматы түрмесінде көңілін қайғы торлап, өткен күндерді ойлап, мұңға батып жүрген Сүлеймен болыс сәті түскен күні одан қашып шығады...» (**Е. Бүрлібайұлы. «Жабай белгісінің кереметтері»/ Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж. С. 245-246 бб.**). Елді, жолды жерлермен жүрсем қуғыншыларға, кісінің көзіне түсіп қалам деген болыс айдаламен жүріп, әбден шаршайды, шөлдейді, бір жұтым суға зар болып Жабай атаға жалбарынады. Сол сәтте көк аспанға тоқымдай қара бұлт үйіріліп, селдетіп жаңбыр жауады. Сүлеймен жалма-жан қолына іліккен нәрсемен шұңқыр қазып, су жинайды, шалқалай аузын суға тосады, сөйтіп шөлден аман қалады. «Қасиетіңнен айналайын», - деп сыйынады.

1961 жылы жазда Сарыағаш ауданы «Дарбаза» кеңшарының егін алқабы өртенеді. Кеңшар директоры Ф.А. Кузнецов тізгінші (шофер) Құрал деген жігіт екеуі машинамен егін басына барса, біраз жерді өрт алып, қаулай жанып барады екен. Алғашында не істерін білмей сасқалақтаған Ф.А. Кузнецов: «Жабай атадан көмек сұрайық», - деп өзі ұсыныс жасайды. Жанындағы милиция капитаны Жүзбай Сапарбековты егіс басына тастап, директор мен Құрал – екеуі құйғытып отырып Жабай әулиенің басына келеді. Содан Федор Алексеевич көліктен түскен бойда шырақшымен сөйлесіп, тәу ету шараларын жасайды. Діні, ұлты бөтен болса да жайнамазға бас қойып, қайта-қайта жалбарына тілек тілейді. Сөйтіп қайтар жолда қараса, Дарбаза ауылының беткейінде қара бұлт шығып, қара түтін басылған екен. Кейіннен белгілі болғандай, бұлар әулиеге жетіп, атадан көмек сұраған шақтарда жаздың шыжыған күніне қарамай, аспанда бұлт үйіріліп, жауын жауа бастаған. Сөйтіп, бел-белесті құлай жалмап бара жатқан қызыл өрттің беті қайтқан екен (**З.Қамбарова «Жабай баба жайында аңыз-әңгімелер». (Автордың жеке архиві)**).

Жауын шақыру түркілер заманынан келе жатқан дәстүр. Ол туралы Махмұт Қашқари былай дейді: «...жаңбыр, жел, сондай құбылыстарды шақыру үшін жадылау (сиқырлы) тастардың жәрдемімен дұғалау. Бұл әдет түріктер арасында кең тараған. Мен оларды ақтастардың ішінде көп көрдім, олар өрт шыққанда да, өртті тоқтату үшін солай істеп жадылаған еді. Ұлы Тәңірінің құдіретімен жазда қар жауды, көз алдымда өрт сөнді...» [10.]. Атақты ойшыл түркі халықтарының түгіл сөзінің барлығын түгендеген, энциклопедист ғалымның өз көзімен көрген шындықты жазып отырса, біз бұл құбылысты егжей-тегжейлі пайымдауымыз қажет.

Қазақтардың жаңбыр шақыратын жайтасқа сенетінін Ш.Уәлиханов та жазады (**Ч.Ч. Валиханов. «Следы шаманства у киргизов» // Собр. соч. В 5 томах. Т.4. Алматы, 1985. С. стр: 59-60**). Ертеде қазақтың батырлары мен бақсылары, абыз ақсақалдары аспаннан түскен жайтасын (метеорит) сақтап, «қуаңшылықта, өртте жаңбыр шақырады» деп сақтап қою ырымы болған. Мұндай тастарды батырлар аттарының бауырына байлап жүрген. «Ер Қосай» жырында жауға атанып бара жатқан батырдың жайтасын алып, жаңбыр жаудырғаны былайша суреттеледі:

Салпаң құлақ сары аттың астынан
Бауырының астынан
Жайдың тасын алыпты.
Бұлғап-бұлғап қойыпты
Әуеден жаңбыр жауыпты.

Кенеттен жаңбыр жаудыру қазақ дәстүрінде екі жағдайда кездеседі: біріншіден жайтасы арқылы, екіншіден әулиелерге сыйыну, жалбарыну жолымен жүзеге асады.

Жоғарыдағы оқиғалардан біз Жабай атаға сыйыну арқылы, яғни қиын қыстау кезде ол кісінінің аруағын көмекке шақыру жолымен 1928 жылы Сүлейменнің шөлден, 1961 жылы кеңшардың егіс алқабының өрттен аман қалғанын көреміз. Жауын шақыру жайында 1970 жылдардың ортасында Абай ауданында (Семей) бір қариямен әңгімелесіп «осындай әңгімелер ел арасында көп. Шын болған ба?» - деп сұрадым. Қария: «әрине болған, көзімізде көрді ғой», - деді нық сеніммен. «Қазір неге болмайды?» - деймін мен. «Қарағым, - деді ол - қазір аспан біздікі емес. Жерден айырылғанымыз сияқты аспаннан да айырылып қалдық қой», - деді ауыр күрсініп. Қарияның осы пәлсапалық сөздерінің астарында шындық бар.

Перзент тілеу. Адамның бір қызығы бала-деп Абай айтқандай, әйелі бедеу болған отбасылар өмірден перзентсіз өтеміз бе деп қайғыдан құтылу үшін шетсіз-шексіз даламыздағы әулие-әнбиелерге тәу етіп, түнеп, медет еткен. Бір перзентке зар болып, әулиелерді аралаған ерлі-зайыптылардың Алпамыс жырындағы Байбөрі мен Аналықтың іс-әрекеттерінен көрінеді. Жабай атаның қасиеті сол: «перзент тілегендерге-пышақ, моншақ, асық ұсынып бақ-дәулет қонатындарға – көген ұсынатын, билік-мансап беретін болса – көлікке мінгізіп, жағалы киімдер кигізеді. Ал, ауру-сырқаудан айықтырарда бата беріп, кесел иесін қуып жібереді (Е.Бүрлібайұлы. «Жабай белгісінің кереметтері»/ Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж. С. 237б.).

1962 жылы Жабай бабаның белгісіне түнеген «Майсан не түсі, не өңі екені белгісіз, ұзын бойлы, қаба сақалды кісіні көреді. Белінде семсер, пышағы қынына салулы кісесіне көзі түседі. Сол кезде баба бұған алдында тұрған үлкен сандықты ашып, ішінде толып жатқан пышақтарды көрсетіп, мына сандықтың ішінен қалағаныңша ал дейді. Ол есін жимаған күйі екі қолына екі пышақты алады ... Содан көп өтпей Майсан мен Айшаның үйінде бес қыздан кейін қос ұл өмірге келеді...» (З.Қамбарова «Жабай баба жайында аңыз-әңгімелер». (Автордың жеке архиві).

Орталық Азия және Кавказ халықтары оның ішінде, қазақтың ер-азаматтарында пышақсыз (бәкі, қанжар т.с.с.) жүру сәлекет саналған. Дастарханға ет әкелгенде қонақтың пышағы болмаса, бәлен-түгеннің ет кесіп жейтін пышағы да жоқ екен деп сөз қылатын. Ер бала 5-6 жасқа толысымен балаларға арнап соғылған бәкі ұстайтын. Кімнің бәкісі өткір, кімдікі әдемі деп шыбық кесіп, бәстесетін. Әкесі баласына, атасы ұлына бәкі соқтырып беру үлкен сыйлық. «Халық ұғымында түнде ұзын жолдың үстінде жалғыз келе жатсаңыз, қалтаңызда түйреуіш болмаса бәкі, пышақ болуы қажет. Ол болмаған жағдайда, жалғыз адамға жын-шайтандар жамандық жасауға әуес болады, сондықтан қалтаға қару салып жүреді» (Ә. Т. Төлеубаев. «Қазақ халқының табиғат мінәжаты және емдеу магиясы». Алматы: «Алдоңғар», 2013.87-б.). Демек, бәкі, пышақ, қанжар ер-азаматтың белгісі саналады. Дегенмен халық арасында жолдас-достар, құрдастар тіпті бейтаныс адамдар арасында бір-біріне пышақ сыйламаған. Достар бір-біріне пышақ сыйласа, құрғанда бір тиынға болса да, сатып алады. Құрдастар бір-бірінен ұрлап алады, бейтаныс адамдардың үйден пышақ алып кетуі ұрлыққа жатса да ырым деп саналады. Бұл жораны батырларға елдің тұлғалы адамдарына қылыш, қанжар сыйлаумен шатастыруға болмайды. Себебі, қанжар, қылыш, семсер – соғыс қаруы. Әулиеге түнеген адамдарға ұл туатын болса – пышақ, асық ұсыну Қазақстанның бірталай жерінде кездеседі. Мысалы, Қытай Алтайындағы Торғайты әулиеге бедеу әйелдер жиі барады. Сонда, Әулие баба түсінде аян беріп, пышақ, асық, жүген ұсынса - ұл бала, айна мен тарақ берсе – қыз бала болады екен деп жориды.

Өмірден өтуі. Жабай ата өзінің өмірден өтетінін 3 күн бұрын біліп, елімен, жерімен қоштасып, «сүйегімді Бұлбұлға не Тұрбатқа қойындар» деп өсиет еткен. Белгісіз себептермен Ташкенттегі Көкше зиратына жерленген.

Тарихтан белгілі ғұлама философтар, атақты адамдар, тарихи қайраткерлер, абыздардың кейбіреулері өмірмен қош айтысатынын 2-3 күн бұрын, көбінесе 3 күн бұрын

білген. Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» еңбегінде:

Айтты Оғдұрмыш
Өлімнің шын келгенін,

Түсіне еніп, иесі аян бергенін **(Ж.Баласағұни «Құтты білік». (Аударған А. Егеубаев) 59-60бб.)**.

Көбінесе мұндай адамдарға түсінде «иесі» кіріп аян береді. Балуан Шолақ өмірінің ақырғы мерзімдерінде Атбасар жақта серігімен жолаушылып жүреді. Таңертең тұрса ақбозаты сенделектеп жүр. Сонда серігіне айтқан екен: Түсіме ақсақалды әлгі шал тағы да кірді. «Алдымен атыңды алам, одан соң өзінді алам» деді. Жүр үйге қайтайық деген екен. Еліне келгенде алдымен ақбозы пышаққа ілінеді, соңынан Балуанның өзі кетеді. Сонда түс көргеннен кейін 3 күн өтіпті [АӨЖМ].

Кейбір адамдар арыз-арманын айтатын досы, туысы келгенше өліммен алысып, шақыртқан адамы келген соң бақұлдасып бақилық болады. Мұны біз Абылай ханның ақырғы үш арманын Бұқар жырауға айтып ол дүниелік болғанынан көреміз. Кибернетика ғылымының атасы Норберт Винерде өмірінің 3-ақ күн қалғанын біліп, қай күні өмірімен қоштасатынын дәл айтқан.

Түйе шөккен. Кейде атақты батырлар мен әулиелі адамдар жарық дүниемен қош айтысарда өздерінің мүрдelerini атан түйеге артып қоя беріңдер, түйе қай жерге шөксе, сол жерге көміңдер, не болмаса сүйікті сәйгүліктерінің жүгенін алып жау шапты деп айқайлап айдап жіберіңдер, қай жерге тоқтаса сол жерге қойыңдар деп өсиеттеген. Райымбек батырдың Алматының ішіндегі Жібек жолының бойына жерленуі – түйенің шөккен жерінде, Едігенің Сарыарқадағы биік төбенің басына қойылуы, сүйікті тұлпарының шауып барып тоқтаған жері екен **(А. У. Токтабай «Құлт коня у казахов». Алматы: «Казиздат», 2004. 73-б.)**.

Жабай бабаның мүрдесін Ташкентке апара жатқан түйе кешқұрым шөгіп қалған жер «Түйешөккен» деп атаған. Түйенің қомын алып, мүрдені төрт тастың үстіне қойған сүйекшілер ертесінде қараса тамған қанды көрген. Бұған таңданған олар бабаның сүйегін Ташкентте шахит болғандар есебінде жерлепті. Кейін сол түйе шөккеннен бір топ шеңгелдің шөлде өсіп шығуын Жабайдың құдіретіне балаған. Діни нанымдарды зерттеуші Л.Я. Штернберг діни физиологиялық құбылыстар (түс көру, талу, елес, соңғы рет дем алу) өлім жақындаған немесе өлгеннен кейінгі құбылыстар (қан ағу) туралы мынадай қорытындыға келеді: «өмірді айрықша тіршілік иелері (жан) басқарады, олардың еркіне адамның бүкіл өмірі тәуелді **(Ә. Т. Төлеубаев. «Қазақ халқының табиғат мінәжаты және емдеу магиясы». Алматы: «Алдоңғар», 69-б.,17.)**. Қозының қаны тамған жерге (Қозы Көрпеш – Баян сұлу туралы аңыздарда) екі тал қызғалдақтың ортасына бір тал тікеннің өсіп шығуын Қозы мен Баянның бақытсыз тағдырына себепші болған Қодар делінеді.

Жабай бабамыздың өміріне байланысты тарихи деректер мен аңыз-әфсаналарды сараптағанда халқымыздың аласапыранда жүріп өткен жолы, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімдері, діни жоралғылары халықтық философиясы жер анамен, қоршаған ортамен, табиғатпен астасып жатқанын көреміз. Сонау алмағайып заманда елі мен жерінің амандығын ойлап тер төккен тарихи қайраткердің аруағы ғасырлар бойы халқымен бірге жасасып келеді. Жабай аруағы мәңгілік.

Әдебиеттер тізімі

1. Мухаммадкаримов А. А., Обидов А. Х., Искандаров З. С. Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари. Ташкент: «Наурыз» баспасы, 2016ж, 139 б.
2. Бүрлібайұлы Е. Жабай белгісінің кереметтері/ Шымкент: ЖШС «КІТАП», 2010ж.
3. Бисембиев Т. К. Кокандская историография: исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков. Алматы: ТОО «Print-s», 2009.

4. Токтабай А. У. Ташкенттегі Төле би мавзолейі // Орталық музей еңбектері Т.1. Алматы: «Ғылым», 2004. 113-119 бб;
Төле би ғұмырындағы Ташкент қаласы // Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай Тараз қаласында өткізілген ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2013. 132-149 бб.
5. Токтабай А. У. Өзбекстан қазақтарының тарихи және киелі жерлері айтылған тарих мәліметтері бойынша // Садықов оқулары – V «Қазіргі таңдағы білім беру мен ғылымның өзекті мәселелері» Т.1. Алматы: КазНПУ имени Абая, изд. «Ұлағат», 2018. 305-311 бб.
6. Оалылы Аткин Қырғыз-қазақ соғысы хақында бірер сөз // «Алатау» газеті, 1999, 2 июнь, №12.
7. Атбұлақтың Көпжасар қарияның қолындағы Әбен Сыбанбайұлының шежіресінің көшірмесі. Жазып алған – Момбек Әбдәкімұлы. 1985ж. март.
8. Соколов Ю. А. Установление кокандского владычества в Ташкенте. Материалы по истории Средней Азии. Ташкент: «Наука», 1966. С. 25-30.
9. Токтабай А.У., Сейтқұлова Ж.М. Қазақтың төрт түлік төресі – түйеге байланысты жора-жосындары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткені және бүгіні. Алматы: Ғылым, 2001. 223-230 б.
10. Төлеубаев Ә. Т. Қазақ халқының табиғат мінәжаты және емдеу магиясы. Алматы: «Алдоңғар», 2013.
11. Токтабай А. У. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: «Алматыкітап», 2010.
12. Тохтабаева Ш. Ж. Серебрянный путь казахских мастеров. Алматы: «Даик Пресс», 2005.
13. Қамбарова З. Жабай баба жайында аңыз-әңгімелер. (Автордың жеке архиві)
14. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собр. соч. В 5 томах. Т.4. Алматы, 1985. С. 48-75.
15. Баласағұни Ж. Құтты білік. (Аударған А. Егеубаев)
16. Токтабай А. У. Құлт коня у казахов. Алматы: «Казиздат», 2004.
17. Штернберг Л. Я. Первобытная религия в свете этнографии. Ленинград, 1936.
18. Турсунов Е.Д. Древнетюрский фольклор: истоки и становление. Алматы: «Дайк Пресс», 2001.
19. Снесарев Г. П. Реликты домусульманских верований у узбеков Хорезма. Москва, «Наука», 1970.

Ахмет Уалханұлы Тоқтабай

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

ЖАБАЙ ӘУЛИЕ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ӘФСАНАЛАР

Әбділдә - Алапар әулие туралы аңыздар

Бекқожаның екі ұлының бірінің аты Омар жожа. Омар қожаның ұлы Әбділдә (Абдулла). Әбділдәнің әулиелік кереметтері көп болыпты. Әбділдә әулиенің лақаб аты Әбділдә - Алапар. Алапар сөзі Әбділдәнің өзіне тән әулиелік кереметін паш ететін ұғым.

Әбділлә қожаның әулиелік кереметі туралы аңыздар көп болған. Солардың бірін Күлән апамыз айтып берген екен. Бір күні Сатымсайда тұрғанда кешегі сойған бір малдың етін тұздап, ас үйдің ішіне ілінген бақанға өзі жайған екен. Танертең жинап алайын деп кірсе бақанға жайылған ет жоқ. Содан болған оқиғаны көрші тұратын қайнысы Алапарға айтады (қазақтың салты бойынша қайнысының атын атамай Алапар деуші еді). Алапар

әулие домбырасын қолға алып ішегін дыңғырлатып біраз отырыпты. Ара-арасында «Алып кел, алып кел» деп дауыстапты. Сәлден кейін Күлән анамызға "үйіңе қайта бер" депті. Үйге келсе ұрланған ет бақанда жаюлы тұрғанын көрген. Күлән анамыз етті ұрлады деп күдіктенген әйелдің есімін жиі айтып отыратын... Бұл оқиға Әбділдә қожаның әулиелік кереметі туралы әңгіменің бірі. Әбділдә қожа жоғалғанды табатын, ауруы мендегенді емдейтін тағы басқа әулиелік кереметтері көп болған екен. Сондай кереметтердің келесі белгісі Әбділдә қожаның әулиелік керемет иесі екендігін білдіретін «Жарғыш, Кескіш» деген лақап аты болыпты. Әбділдә қожа бас бармағымен сұқ саусағын бір-біріне тигізіп, шыр еткізіп шертіп қалып оң қолын белгілі бағытқа қарай сермегенде жолында кездескенді тіліп түсіретін, жарып жіберетін, қақ айыратын қасиеті туралы айтады.

Бірде Әбділлә қожа жолаушылап келе жатып бір үйге құдайы қонақ болыпты. Үй иесі келген қонақты жақтырмай «Қаңғыған қожа қайдан келіп еді» десе керек. Үй иесінің ішінен айтқан бұл сөзін қас қабағынан түсінген Әбділдә-Алапар саусағын сырт еткізіп сыртқа сілтеп, көрпешеге жантая кетіпті. Сыртқа шыққан үй иесі үй алдында иіріліп жатқан малдың арасынан семіз біреуінің қарны пышақ кескендей тілініп, ішек-қарны сыртқа төгіліп тұрғанын көріпті. Сырттай таныса да жылы қабылдамай тұрған үй иесі қойын сойып, қонағын күтіп қолын қусырып шығарып салған екен. Әулиенің жарғыш, тілгіш қасиеттеріне иланбағандарға «өзіңе көрсетейін бе, әлде малыңа көрсетейін бе?» деп, кереметін көзбе-көз көрсеткен дейді. Барып отырған үйдің иесіне "қорадағы малыңа ен салдым" деп саусағын шертіп қалыпты. Үй иесі мен соны естіп отырғандар қораға барып қараса бір малдың құлағы пышақпен кескендей ен саларлық тұсынан кесіліп, қан ағып тұрғанын көріпті. Үй иесі «Қожеке батаңды бер, ен салынған мал енді сенікі» деп Қожаның батасын алып, малын жетектетіп жіберген. Мұндай оқиғалар көп болған екен.

17-18 жастағы кезінде перінің қызы ғашық болып ұйқыда жатқанында бір топ нөкерлерімен көкке көтеріп алып кетіпті. Көтеріп алып барған жері Қап тауы екен. Әбділдә қожаның қызметке енді араласқан шағы еді. Кеңсесі құлыптанып, темір жәшіктегі мөрінің кілті қалтасында кеткен. Сол кеткеннен бір жылға жуық уақыт өтіп, туып өскен жерінде ата-аналары мен ағайындары жиналып жылдық асын бермекші болып жатқанда пері қызметшілері елге қайта әкеліп тастаған екен. Бір жылдай перінің қызымен ойын сауық құрып уақыттың қалай өткенін сезбеген. Перінің қызы Қарашаш сұлу Әбділдә қожаға «мың бір түндегідей» ғашық болыпты. Қарашаштың әкесі перілердің патшасы еді. Патша қызына «Перілердің адамдармен некелесуіне болмайды» деп рұқсат бермепті. Қожаны қайтаратын уақытта оған сиқырлы екі нәрсе сыйлаған екен. Бірі ит -аты Алапар және бірі - оң қолына қылыш тәрізді қасиет дарытқан. Бұл екеуі де адамдардың көзіне көрінбейді. Әбділдә қожаның Алапары барлық берген бұйрықты бұлжытпай орындайды және ешбір жанға көрінбейді. Саусақтарын сыртылдатып, оң қолын сермегенде алмастай кесіп, жарып тіліп түсетін кереметі болған деседі. Құлымбет атамның айтуы бойынша Әбділдә - Абдулла 1905 жылы Қызылорда облысында туылып, 1957 жылы қайтыс болған. Қайтыс болған жері Ащыкөл ауылы. Қабірі Қара көсе мазарында. Абдулла қожа дүниеден өткенде үш жерде мазары қазылған, Шыназ ауданы қожалар ауылы Молотовта, екінші мазары қоңыраттың киікші руы отыратын Ұмтылыста, ал, үшіншісі Қара көсе мазары. Үш жерде де бір күнде бір-біріне айтылмай мазар қазылған. Әкесінің өсиеті бойынша Қара көсе мазарынан топырақ бұйырған.

«Әулие адам»

Атамның бір әңгімесінде ауылымызда Әулие адамның өткені, ол кісінің өзіне тән Құдай тарапынан берілген ерекшелігі туралы көп есіттім. Сол адам менің жеті атамның бірі Сыдық ата болғаны маған өзгеше мақтаныш. Сыдық ата- әулие адам болған, атамыз 17 жыл Ташкентте медреседе араб тілінде білім алған. Кезінде өте күшті молда болған. Адамдарды жылан шаққан кезде Сыдық ата емдейді екен. Емдеуден алдын бір кесе май

ішіп, күш топтап емдеген екен. Өте көп адамдарды емдеген атам ауыл арасында Әулие атағына ие болып танылған екен.

Сыдық атамның перзенттері дүниеден озып кете берген, сосын «Заркен ата» құс қонбас әулие деген жерге барып, үш күн сыйынып, үшінші күн түсіне аян берген «Сізге ұл перзент атадық» деп. 57 жасында атамыз ұл перзент көрген. Есімін көп жасасын, өмірі ұзақ болсын деп Тұрғанәлі қойған.

Қызана ауылы жайлы аңыз

1-нұсқа

Осыдан бірнеше ғасыр бұрын Сырдария өзені тасып, арнасына сыймай, елді мекендерге қауып төнеді. Сол кезде өзеннің ағысымен бір бесік ағып келе жатыр екен. Бесікте сәбидің жылаған дауысы есітіліпті. Өзен жағалауында қой бағып жүрген бір бой жеткен қыз сәбиді бесікте ағып келе жатқанын көреді. Тасып жатқан судан қорықпай жүзіп барып бесікті судан алып шығады. Бесіктегі сәби ұл перзент екен. Сол баланы бойжеткен өзі тәрбиелеп өсіріп, бар өмірін сәбиге арнап, тұрмысқа да шықпайды. Перзенті уақыт өте ер жетеді. Ұлын үйлендіріп, үйлі-жайлы етіп, немерелі болады. Сол уақыттан бастап олар жасайтын ауыл бұл ауылды "Қызана" деп атай бастапты.

2- нұсқа

Тағы бір аңызда былай деп баяндалады. Баяғы заманда бұл ауылда өте сымбатты, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар әдемі көрікті бір бойжеткен жасаған екен. Сол қызға екі жігіт ғашық болыпты. Екі байдың баласы қызға таласып-тартысыпты. Ерегіс екі топтың арасында қан төгілетіндей жағдайға барыпты. Сонда қыз "Егер мені шын сүйсеңдер тыныш қойындар, мен екеуіне де тұрмысқа шықпай жалғыз өтемін", - депті. Қыз өз уәдесінде тұрыпты. Бір жетім қалған баланы асырап алып бар өмірін сол балаға арнапты. Үйлендіріп үйлі-боранды етіп немерелі болыпты. Сондықтан бұл ауылды " Қызана" деп атап кеткен екен.

Домалақ ана

Домалақ ана Бәйдібек бидің үшінші әйелі. Бәйдібек Қарашаұлы 1356-1419 жылдары ғұмыр сүрген және батыр, қазақтың атақты биі, ханы болған екен. Қараша балалары: Бабыралы, Майқы, Төбей, Кейкі, Бақтияр, Бәйдібек болған екен. Бәйдібек би әулие, абыз екен. Бәйдібек Ақсақ Темір мен (1336-1405) жылы замандас, туыстас, қызметтес болған. Бәйдібек би үш жасында әке-шешеден жастай жетім қалыпты. Бәйдібек Шынтас байдың үйінде қызметте болып, жылқыларын бағады екен. Бір күні Шынтас байдың үйіндегі жылқылары жоғалып қалады. Сонда Шынтас бай Бәйдібекке жылқыларды тауып алып кел деген соң жолға атанады. Сонда түс көреді Бәйдібек ақ кимді, ақсақалды атаны көреді екен. Ол айтады: «сен жылқыларды Шу өзенінің жағасынан табасың, сенің басыңа бақ-дәулет қонсын! Әумиін!» дейді. Ертемен бір адамның үйіне барады, ол болған жайды түгелмен айтып береді. Ол адам әулие Баба түкті Шашты Азиз болады, ол қалтасындағы бар ақшасын береді.»Түсімдегі әулие ата Баба түкті Шашты Азиз екен ғой» деп ойлайды батыр.

Бәйдібек Шу өзенінен жылқыларды табады. Бай әйелі ұл тапқандай қуанады. Бірде Қоян жылында қыс қатты болып, жылқылары жұтай бастайды. Сонда бай сасқалақтап не қыларын білмей, жылқышлармен ақылдасады екен. Бір жылқышы олардың барлығын сатайық, кейін қайтадан сатып аласыз депті. Екінші жылқышы оларды адамдарға бөліп беріңіз. Күн жылыған соң бәрін жиып аламыз депті. Байға еш қайсысының пікірі ұнамапты. Бәйдібек айтыпты, оларды Мойынқұм деген жерге алып бару керек. Ол жерде қыс жылы келеді депті. Бәйдібек өзімен бірге он жылқышыны алып кетіпті. Сөйтіп, жылқыларды қыстан аман-есен шыарған екен.

Атамның айтуынша Мақтым Ағзам софы Қожа Ахмет Яссауидің Гауһар деген

қызынан тараған ұрпақ екен. Мақтым Ағзамның ұлы Әли Сыман батыр Ақсақ Темір әскер басы боп қызмет еткен екен. Әли Сыман Уәйс ханның апасы Нұрбикеге үйленеді. Нұрбикеден Нұрила (болашақ Домалақ ана) туады екен. Әли Сыман батыр өзінің қолбасшысы Ақсақ Темірмен бірге жорықа шығып сол жерде мерт болады. Анасы Нұрбикені жылан шағып өлтіреді. Жастайыннан жетім қалған Нұриланы Мақтым Ағзам мен оның әйелі Зұхра екеуі тәрбиелейді. Домалақ ана жастайынан білім алып, зерек оқитын болады. Мақтым Ағзам Домалақ ана сегіз жасқа келгенде түс көреді екен. Түсінде Қожа Ахмет Ясауи бабасы аян береді. Сенің жалғыз қызыңа әулиелік дарып бақ қонады. Кім оның білегінен ұстаса соған бер қызыңды дейді. Домалақ ана жасы он төртке келгенде құдықтан су тартамын деп ішіне түсіп түсіп кетеді. Сонда елден бұрын Бәйдібек би жетіп келеді. Оның білегінен ұстап, құдықтан шығарады. Мақтым Ағзам сені қалай құтқарды дегенде «Менің білегімнен тартып шығарды» депті. Содан соң бір жылдан соң Бәйдібекке тұрмысқа шығады. Бәйдібектің Сары бәйбішесінің қолына тоқал болып түседі. Түрткі көре бастайды. Бәйдібек би Ташкентке кеткенде жас келіншекті отынға жұмсайды. Оны сабайды, ұрады. Бұл істен хабар тапқан Бәйдібек Домалақ анаға бөлек отау тігіп береді. Оның ай-күні жетеді. Ол ұл тауады, Оның есмін Тілеуберді қояды. Туған-туыстары келеді, құтты болсынға келіп кеткен соң Сары бәйбіше де келеді. Домалақ анаға «сен барып малдарыңды жайластырып кел, сен келгеніңше мен балаңа қарап турамын деп айтады. Домалақ ана жұмысын бітіріп келсе, баласы шыңғырып жатыр екен. Сары бәйбіше «балаң жылауық екен, осындай шала жансар бала біздің от ағасынан емес, қойшы-қоланнан ғой, шамасы деп долданып шығып кетеді. Домалақ ана дереу Жантас деген ағаны шақырады. Тез арада тасбақаның сүйегін алып келіндер дейді. Сол сүйекпен жарықты жауып, жараны емдейді. Кейін баласының есімі Жарықшақ болып кетеді. Ол есейгенен соң әкесі Домалақ ана екеуін Ташкентке алып кетеді. Ол жерде Жарықшақ білім алады. Ол өте зерек бала болып өседі.

Бір күні Бәйдібек Ташкентке кекенде Домалақ ананың ауылына қырғыз адамы Қара Қайдар көп жіттерімен келіп, Бәйдібек би жоғында жылқыларын алып кетпекші болады. Домалақ анадан сусын сұрайды. Ол қымыз береді. Сусын бергені үшін рахмет деп өзіңе бір жылқыны таңдап ал, депті. Сонда Домалақ ана «Сары құлыным, бері кел» дегенде жылқының айғыры Домалақ ананың алдына барады.

Бәйдібектің сегіз ұлы ертесіне келгенде, «бармандар, олар көп, жылқылар өздері келеді» дейді. Олар айтқанынан қатпайды. Бәйдібек сондарынан барса сегіз ұлының сүйектері шашылып жатыр екен. Сол жер "Сегіз сарының белгісі" деп аталып кетеді.

Домалақ ананың ауылында айғыр айғыр тебініп шыңғрады, сол дауыс жылқылардың құлағына шалынып, бәрі дүркірей қашып, ауылға келеді.

Бәйдібек би 63 жасында дүниеден өтеді. Домалақ ана түсінде Бәйдібекті көреді. Бұл түсін Жарықшақа айтып береді. «Балам мені әкең шақырып жатыр, мені әкеннің мазарына алып бар, егер иен жолда қайтыс болсам, мәйітімді сүйремеңдер, сол жерге белгі етіп қойыңдар, егер әкеңнің мазарында өлсем, әкеңнің алдына көміндер дегенде, «жоқ, ана олай деменіңіз», деп айтады Тілеуберді. Домалақ ана Бәйдібектің мазарына барып, бет-жүзін, білек-қолын жуып, намазын оқып болған соң, 78-жасында қайтыс болады.

Батыр ата жайлы аңыз

Бұл аңыз қазіргі Ташкент облысы Жаңажол ауданына қарасты Ескі Қауыншы деген жерде өмір сүрген Батыр ата жайлы. Батыр ата әулие кісі болған екен. Ол сол уақытта мал шаруашылығымен айналысқан екен. Ол әр күні малын өріске дарияның арғы жағалауына алып баратын болыпты. Оның әулиелігі соншама ол малды айдағанда дарияны кесіп өтеді екен. Батыр ата дарияға жақындағанда дария қақ екіге бөлініп, мал түгел өтіп болғанша дария қосылмай тұратын болыпты. Бұл оқиға күніне 2 рет қайталанады екен. Бұған дарияның ашуы келіп: "Саған тірі кезінде ештеңе жасай алмаспын, бірақ, өлгеніңде сенен өз ақымды алармын" деген екен.

Батыр ата қартайып, дүниеден озар алдында балаларына: "Мені ең биік, су келсе ала алмастай жерге жерлендер"- депті. Балалары сөзсіз әкесінің айтқанын орындапты.

Күндердің күнінде Батыр ата жерленген жердің бір бөлігін су алып кетіпті. Сол кезде Батыр ата жатқан жерден "Арқан салыңдар"- деген үн шығыпты. Бұл үнді естіген адамдар дарияға арқан салады, содан кейін дарияның суы қайтыпты. Қазіргі күнде сол қайтқан дарияны "Қалған шыршық" деп атайды. Ал, сол жерді Арқан салды деп атаған. Қазір де Батыр ата жерленген жер сол жерде тұр.

Қырық қыз бұлағы жайлы аңыз

Аңыз бойынша баяғыда бір патшаның қызы болыпты. Ол жанында қашанда қырық қызды ертіп жүреді екен. Жастайынан бірге өскен қыздар бір-бірімен өте жақын және бауырмал болыпты. Күндердің күнінде елге жау шапқыншылық жасапты. Барлық адамдарды қырып салыпты. Тек патшаның қызы мен қырық қызды өлтірмей елдеріне алып кетпекші болыпты. Сол елдің маңайында дария да бар екен. Патша қызы мен әлгі қырық қыз жауға берілмейміз, құл болмаймыз деп өздерін сол дарияға тастапты. Уақыт өте ол дария құрып, орнына қырық бұлақ пайда болыпты. Қазіргі күнде де ол бұлақтар бар. Адамдар оны киелі бұлақ деп біледі және ол денсаулықты түзейді деген әңгімелер де бар. Ол бұлақтардың әр қайсысы түрлі дертке шипа деп біледі жергілікті халық. Адамдардың айтуы бойынша қырық бұлақ сол қырық қыздың көз жасынан пайда болыпты. Ол жерге қазір зиярат етіп, дертіне шипа іздеп баратындар көп. Жұртшылық әр бұлақтың өзіндік қасиеті бар деп сенеді. Мысалы, біреуі- бақыт бұлағы, біреуі- көз дертін емдейтін бұлақ, біреуі- перзент бұлағы екен. Бұлақ маңайында тұратын жергілікті халық түнде бұлақ жақтан қыздардың жылаған дауысы келеді дейді және түнде ол жерге ешкім баруға болмайды деседі.

Көк Бұлақ ата

Бұл жердің пайда болуы аңыздарға қарағанда Мухаммет (с.а.у) пайғамбарымыздың бір досы және күйеу баласы болыпты. Сол жылдары соғыстар болып жатқан. Екі сахабамыз жаулардан қашып келе жатқанда, жолдан адасып, сусыз адырда қалып кетіпті. Енді күніміз бітті деген бір сәтте, пайғамбарымыздың досы мінген аттың бір тұяғының ізінен су шығыпты. Сол су олардың өмірін сақтап қалыпты.

Жаудың патшасы егер пайғамбардың досының басын кімде кім маған алып келсе, сол адамға жарым мемлекетімді беремін деп жариялапты. Мұны есіткен әскерлер пайғамбардың досын іздеуге аттаныпты, жол жүріп соңында екеуін де тауыпты. Пайғамбардың досын аман алып қалу мақсатында пайғамбардың күйеу баласы, пайғамбардың досы менмін деп алдапты. Жаудың әскерлері пайғамбардың күйеу баласының басын алып кетіпті.

Мұны көрген пайғамбардың досы еліне оралып, әскер жиып, жауды жеңеді. Сол аттың тұяғынан шыққан су Көк бұлақ аталып қазірге дейін бар. Бұл бұлақ әр түрлі кеселдіктерге шипа. Оны қырық күн ниет қылып ішкен адам барлық дертінен арылады.

Бұлақтың үш көзі бар, бәрі көк түсті. Қазіргі күнде сол суды ішкен адамдар кеселдеріне шипа тауып жатыр. Ақ қан кеселдігіне де шипа болған.

Қаратұқым елінің Бестентек елінің Бестентек ауылы туралы аңыз

Ежелде жоғарғы Қаратұқым елінен бес аға-іні шығыпты. Олардың жасаған жаман әдеттеріне ашынған ауыл ақсақалдары аға-інілерді ауылдан қуып жібереді. Бес аға-іні Жұдырық руы мекендеген төменгі жұдырық ауылының жанына барып отау тігіп, үйленіп, сол жерде отырықшы болып, өмір сүреді. Аға-іні отау тіккен орыннан ежелгі Шыршық өзенінің ағысы – Қарасу арығы, алдынан базарға алып баратын жол да бар. Бес аға-іні орналасқан жердің жанынан үлкен базарға алып баратын жол өткен екен. Жолдың жағасына бес аға-іні бір үлкен отау тігіп, үлкен қазан қойып, тамақ пісіріп, базарға кетіп жатқан адамдар мен саудагерлерді қонаққа шақырып, тамаққа тойдырып, қымыз іштіріп, мас болған қонақтарды ұрып-соғып, бар ақшасын тонап, есекке теріс отырғызып, ауылына

қайтарып жібереді екен. Бұл жағдайдан хабардар болған адамдар аға-інілердің жасаған тентектіктеріне наразы болып, халықты жиып жаңағылардың жанына барады. Ағайындылар барлық қонақтарға қымыз құйып беріп, бәрін мас қылып, оларды да ұрып-соғып, барлық ақшасын тартып алып, жөніне жіберіпті. Содан бері бес аға-іні жасайтын ауылдың атын «Бестентек» деп атап кеткен деседі.

Шанышқылы Бердіқожа батыр туралы

Тарихта Жұдырық руынан атақты, жаужүрек Бердіқожа атты батыр өткенін атам сәби кезімізде бізге әңгімелеп отырушы еді, бірақ, неліктен батырдың есімі Бердіқожа екеніне мүлдем қызығып көрмеген екенмін. Ауылымыздың жасы 100-ге таяп қалған қарт атамнан соны қызығып сұрағанымда мынандай әңгімені айтып берді.

Батырдың бойы ерекше зор, денелі болған. Жаурынды, денесінде артық еті жоқ, бұлшық еттері шиыршық атқан, жастайынан садақ пен суық қаруларды мейлінше меңгерген көрінеді. Мойны жуан әрі ұзын, маңдайы кең, бас сүйегі тастай қатты болыпты. Көзі өткір, шашы қалың болған екен.

Бұл батыр Қожалар әулетінен болмаса да Бердіқожа деп есім берілген. XVI ғасырда қазіргі Өзбекстан жеріндегі Ташкент облысы Паркент ауданында жайласқан Жұдырық ауылында Қасқабай атты бір бай адам өтіпті. Ол кісінің төрт түлік малы: қой-ешкі, жылқы-сиырлары қорадан жайылымға шыққанда, малының алдағылары киелі Шыршық өзенінің құйылысындағы жайлауға жеткенде, падасының соңғысы ауылдағы қорадан шығады екен. Осы байлығына сеніп Қасқабай әр жылы Меккеге сапарға аттанады екен. Сапардан қайтқанда әйелі ұл тауып, бай қуаныштан жүрегі жарыла жаздап, елге той жасап, дастарқан жайып, қажылық сапарға барғанда ұлым дүниеге келді деп, ұлына Әжіқожа деп есім қойыпты. Қасқабай тағы да қажылық сапардан қайтса әйелі босанып тағы ұл тауыпты, бай тағы да елге дастарқан жайып екенші ұлына Бердіқожа деп ат қойыпты. Ал, соңғы кенже ұлына Әліқожа деп есім беріпті.

Қаңлы елінің киелі Қарағаш әулиесі туралы аңыз

Ежелде қаңлы елінің бір тармағы еңке қаңлылар орналасқан қазіргі Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданында Бесбала ауылы бар.

Сол ауылда ежелгі әрі киелі бір әулие жерленген зират бар екен. Бұл зираттың пайда болу тарихы былай айтылады. Еңке қаңлы жұрты енді ғана жаңа қонысқа қонған кез екен. Жаңа ауыл атанып, елді осы шөбі шүйгін жерге ертіп келген, жаңа туын тігіп, ел атанғанда, бес жігіт елге басшылық етіп жұртты артынан ертіп алып келеді. Сөйтіп елдің, ауылдың аты «Бесбала» атанып кеткен деседі. Енді сол Бесбала ауылындағы Қарағаш әулие мазарының ортасында бір төбешік көрініп тұрады. Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл төбешікке бес бала жерленген деген сөзді естідім. Ежелде Бесбала елі жайлаған ауылдың жанынан жасы сексенге таяп қалған әулие – кеселдерді дауалайтын, сырқаты бар аурулардың дауасын табатын киелі Танта баба тұлпарына отырып, Меккеге аттанып бара жатып, ауыл жағасындағы үлкен қарағаштың түбіне жеткенде шаршап, демалмақ жан береді. Ауылдың тұрғындары Танта бабаны сол жердегі бес ағайынды жатқан жердің жанына жерлейді. Содан бері осы алты адам жатқан ел киелі әулие атанады. Ауылдағы көреген шалдардың айтуынша, «Ежелде ауылдың алып батырлары, көкпаршылары, көкпарға аттанар кезінде әулиеге барып сиынып келеді екен, әулиенің киелілігі соншалық, көкпаршылар оған бір шақырым қалғанда аттарынан түсіп, жаяу барады екен. Бұл әулиеге алыс жерлерден адамдар зират етуге келеді, талай сырқаттанған ауру адамдар сырқатына дауа тауып, түзеліп кеткенін есітіп, тағы да бұл киелі жерге келетін адамдардың саны жылдан-жылға көбейіп жатыр. Қазіргі әулиенің моласы жанында екі қарағаш жайқалып өсіп тұр. Сиынуға не зиратқа келген адамдар сол қарағаш ағашының ниет тілеп, қызыл, ақ шүберек орап, төбешіктің түбіне шам жағып, үш рет сыпырғымен сыпырып айналып шығады. Ақ ниетпен келген адамның ниеті қабыл болады екен.

Ескендір қорғаны

Ескендір Зұлқарнайын Сақ еліне басып кірген кезде, Гурмуғ деп аталатын төбелікте, қорған болған. Ол қорғанды Ескендір ешқандай айламен ала-алмайды. Қорған тұрғындары айқасып, жауға берілмейді.

Қорған жанына барған Ескендірге, қорғандағылар бір тас атады. Оның мәнісін түсіну үшін Ескендір, өз ақылшыларын, данагөйлерін жинайды. Ақылшылардың кеңесі бойынша тасты таразыға қояды, екінші жағына ауыр қару-жарақтың бәрін үйеді, бірақ, тас бәрінен ауыр бола береді. Тасты тек қана, сол жердің, бір уыс топырағы ғана басады. Оның мәнісі, жер, бір уыс топырақ бәрінен қадірлі, асыл екенін білдірді. Бұл даналыққа, парасатқа таң қалған Ескендір, қорғанға өз атын беріп тимей өтіп кетеді.

Қазіргі күнде бұл жер, Бостандық ауданында ораласқан, қазіргі күнге дейін атауы өзгермей «Искандер», – деп аталады.

«Ақсақ ата» аңызы немесе Сіргелі Ақ көңірдек руы жайында

Жоңғар шапқыншылығы кезінде тыныш жатқан қазақ ауылдарын қан-қақсатып, басқыншылықпенен қырып жібергенін білеміз.

Сол уақытта жаңа түскен бір келіншек, өз төркініне қыдырып барады. Ол келін болып түскен еліннен кеткен кезде, елді жоңғар шауып бәрін қоймай қырып салады. Ол ел Сіргелі Ақ көңірдек руы блады. Төркіндеп кеткен жас келіннің қарнындағы әлі дүниеге келмеген, жас нәресте ғана аман қалады. Нәресте үлкейген соң, болған жәйттің барлығынан хабардар болады. Ол жігіт өз ата мекеніне қайта оралып, сол жерді өзіне мекен етеді. Тек-түбімен жоғалып кеткен Сіргелі Ақ көңірдек Сіргелі руын қайта қалыптастыра бастайды. Ел арасында ол кісіні Ақсақ ата деп атап кетіпті. Қазіргі күндегі Сіргелі Ақ көңірдек руы сол кісіден тараған-мыс.

Бұл атқа байланысты жер атауы да бар. Қазіргі күнде ол мекен Бостандық ауданына қарасты Ақсақ ата тауы. Сіргелі Ақ көңірдек руынан тараған жұрт, қазіргі күнде де бұл елді мекенді зиярат етіп тұрады.

«Әжі көл» аңызы

(Баба Түкті Шашты Әзіз)

Бұл көл шын мәнінде киелі саналады. Оның қасиеттілігі, киелілігі сонда ешқандай өзен келіп құймаса да көл ешқашан құрғамайды.

Ол көл пайда болған кезде, ол жерде әулие кісі болған. Ол кісі өз парызын өтеу мақсатында, қажылық сапарға аттанады. Көл орнындағы жерге, бір түйесін байлап қояды, ал, өзі Меккеге жүріп кетеді. Он екі жыл дегенде әулие кісі өз отанына қайта оралады, жан-жағына қараса, түйе байланған жерде, бірі үлкен, бірі кіші екі көл пайда болғанын көреді. Алланың құдіретіне таң қалып, оған бас иіп, дұға жасап, жалбарынады. Сол кезде көл қайнап, ішінде сан-алуан жануарлар пайда бола бастаған деседі. Көл жағасына, күн батып, қараңғы түскен кезде барса, көл жарқырап, көздің жауын алады. Ол көл жағасына әулие адам жерленген.

Заркент баба немесе Бабай Мұрат баба

(Құс қонбас әулие)

Шамасы 1327 жылы жаугершілік заманда, елге жау шауып, жұрттың мазасын алады. Сол кезде, өзге жұрттан келген, тау баурайында жасайтын Бабай Мұрат дейтін кісіден көмек сұрайды. Жау елге басып келген сәтте, ол үлкен бір тасқа шығып Аллаға жалбарыныпты. Сол кезде жау әскері бірте-бірте қырылып, бұл жерге қайта беттей алмай қалады.

Арадан біраз уақыт өтіп, елге айықпас, ауыр бір дерт таралады. Адамдар басқа амал таппай, «босқа қырылмайық», – деп тағы да әулиеден көмек сұрайды. Бабай Мұрат тас үстіне шығып Аллаға жалбарынады. Сол сәтте, өзі отырған қара тасты қақ жарып, бір бұлақ аға бастайды. Адамдар бұлақ суынан ішіп, шалдыққан дерттеріне шипа табады. Сол күннен бастап адамдар, ол жерді зиярат ете бастайды. Ол әулие сол жерде жерленеді. «Құс қонбас әулие», – деп аталуының себебі: шын мәнінде ол жерге ешқандай құс қонбайды,

оның себебін әлі күнге дейін ешкім біле алмаған.

Қазіргі күнде бұл жер, Паркент ауданы Заркент ауылында орналасқан. Адамдар әлі күнге дейін ол жерді зират етіп, құрбандық шалып, бұлақ суынан шын ниетпен ішіп қайтады, бар ойлаған арман-тілектері орындалады.

Көктерек әулие (Кәделі жердің әулиесі)

Кей бір деректерге қарасақ, бұл әулие Бабай Мұрат әулиенің інісі, «Ем қонған, кәделі жердің әулиесі»,– деп аталыпты-мыс. Бұл кісіге де, Алланың назары жауып, адамдардың ауырын – жеңілдетіп отырады екен. Кімде-кімнің ойлаған ізгі арман-тілегі болса, сол жерге барып сыйынып, құрбандық шалып, әулиеге бағыштап құран түсіріп, ағып жатқан бұлақтан ішуі керек. Киелі жерге барған кезде, тек қана бұлағынан су ішіп, қалған ештеңеге тимеуі керек, әйтпесе киесі ұрады деседі.

Кей мәліметтерге қарағанда, бұл әулие Зеңгі бабаға шәкірт болып, тәлім алыпты-мыс.

Әулие жерленген жер, қазіргі күнде Бостандық ауданында орналасқан. Киелі жерді зиярат етіп қайтқан кісінің көңіл күйі көтеріліп, барлық қиыншылықтан арылып, өзі жеңілдеп қалады.

«Бес бұлақ» аңызы

Шарбақ теңізі құрылмастан бұрын Бостандық ауданының Обирахмат қыстағында, екі кісінің құлашы жетпейтін үлкен шынар аспанмен таласып, оның маңынадағы тұп-тұнық бұлақ жайында ел ішінде аңыз бар.

«Көкте ұшып жүрген Ыдарыс пайғамбар осы зәулім шынардың астына қонып, намаз оқымақ болғанда дәрет су таппай Құдайға жалбарынып көмек сұрайды. Сонда оның өтінішін қабыл алған Тәңірі ием: «Бес бармағыңды жерге батыр» депті. Ыдырыс пайғамбар солай еткен екен, әлгі бес бармақтың орнынан шаштай өріліп бес бұлақтың көзі ашылып, бес тармақ болып аға жөнеліпті-міс».

Шыршық өзені атауының қалай пайда болғаны жайлы

Баяғы заманда Қасым есімді бір бай болған екен. Өзі әл-ауқатты, малы шұбырып, жайлауға сыймайды екен. Жылқылары өзеннен су ішкен кезде, өзенденгі су таусылып, ақпай қалатын көрінеді.

Бір күні Қасым бай өзен жанында отырып, ойға батып кетіпті, сол кезде ағып жатқан өзеннен, жас нәрестенің жылаған даусы есітіліпті, жан-жағына алаңдап қараса, ешкімді де байқамапты. Содан келіп, болған оқиғаны ақсақалға айтып беріпті. Ақсақал Қасым байға, ол өзен киелі екенін, өзеннің пірі бар екенін түсіндіреді. Сол күннен бстап Қасым бай өзеннің қасында шырылдап жылаған баланың дауысын естігені үшін ол өзенді «Шыршық» деп атапты-мыс.

Қазіргі күнде де өзен қасына барып тұрсаң, жас нәрестенің дауысын есітисің. Шын мәнінде де бұл өзен киелі.

«Түйе тау» туралы аңыз

Абылай ханның бір киелі түйесі болыпты. Оның киелілігі сонда, ол қай жаққа қарап жатса, сол жақтан жау келген немесе ол басын қай жаққа бұрса, Абылай хан сол жаққа қарап жүрген.

Абылай ханның ұлы Қасым төре анда жүріп, киелі түйені кездестіреді және оны аңдамай, адасып атып қояды. Түйе дәл сол жерде мерт болады. Қазіргі күнде ол жерде екі өркешті Түйе тау бар. Ол жер өте киелі деп саналады. Бұл тауға жан дүниесі таза, адамгершілік қасиетін жоғалтпаған адамдар ғана шалдықпай, сүрінбей, шаршамай шығып барады екен. Кімде-кім Түйе таудың баурайынан шыққан бұлақтан су ішсе, бар ойлаған арман-тілегі орындалады-мыс. Айықпас дертке шалдыққандар, шипа табады.

Азадбас жайлы аңыз

Бостандық ауданының орталығы болған, Ғазалкент қаласынан 12 километр жерде жайласқан, Азадбас –дейтін үлкен ауыл бар. «Азадбас» атауына байланысты ел арасында мынадай аңыз бар.

«Бір күні жетпіс мың қол бастап келе жатқан қалмақтарға қарсы шыққан Абылай хан, киелі түйесіне қарап, артқа шегініп, осы ауыл жанынан ағып өтетін Шыршық өзенінің жанында тоқтап, Қалдан Серен басшылық еткен қалмақтарға қарсы соғыс бастапты. Ешкім тоқтатып, жеңе алмаған қалмақты дәл осы өзен бойында, табан тіреп, ойсырата тұрып жеңіпті. Содан соң қалмақтар қайта қарсылық көрсете алмай артқа шегініпті. Осы жеңіс қазақтың бодандық ноқтасынан сақтап қалып, азаттықтың басталуы болсын деп, Абылай хан атамыз «Азадбас» деп атап кетіпті-міс».

Азадбас атауы қазіргі күнде де дәл солай аталып, өзгермей келе жатыр.

Бұл материалдардың барлығы Өзбекстан қазақтарының киелі жерлері туралы бағдарламаға сәйкес Ташкент және Ташкент облысына жасалған экспедиция кезінде жиналды.

Қахрамон Кенджаевич Раджабов

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының «Тарих» институты.

Ташкент, Өзбекстан

ЖАБАЙ ТОҚСАБА ӘУЛИЕ (1728-1810)

Сіргелі тайпасынан шыққан атағы алысқа кеткен, даңқты тұлғаларының бірі әрі бірегейі Жабай Қазыбекұлы Орта Азиядағы исі мұсылманға танымал тарихи тұлға. Әкесі Қазыбек қажы Сыр бойын қоныс еткен. Зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, Жабай сол маңдағы Әлімтау елді мекенінде 1728 жылы өмірге келіп, 1810 жылы бақилық болған. Жабай баба жас кезінде батыр, есейгенде әскербасы, тоқсаба болған.

Осы дәуірде қазақ елінің оңтүстік өңірінде қандай шайқастар болса, сол шайқастардың барлығына қатысқан. Атап айтсақ, қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз соғыстарында өз ерлігін көрсеткен. Қан майданның алдыңғы шебінде жүрген Сіргелі батыры Жабай туралы қазақ елінде тарихи дәлелдердің бар екендігіне архивтермен танысу барысында көз жеткіздік.

Өзбек халқының тарихы қазақ елімен, әсіресе оңтүстік жерімен тығыз байланысты. Тарихы ғана емес, мәдениеті, сауда-саттығы, билігі де өзбек халқымен аралас болған деп айтса да болады. Себебі, сол дәуірде халықтар бірі-бірімен қарым-қатынаста өмір сүрген. Ташкент шаһары және Ташкент шаһарының маңайындағы жерлер Ұлы Төле бидің билігінде болған. Төле биден кейін ұрпақтары да сол билікті жалғастырып отырған.

Ұлы бидің билік құрып тұрған кезеңдер болса керек. Көрегендік қасиеті бар Төле бидің назары әкесі Қазыбекке еріп келген жасөспірімге түсіп, оның болмыс-бітімінен, көз жанарынан киесі барын аңғарады. Аңғарады да ішкі сырын көңіліне түйіп қояды. Бұл оқиға жөнінде Жабай атаның ұрпағы марқұм Сарқұл Ысмайылұлы ақсақалдың айтуынша Төле би бала Жабайға ойлана қарап тұрып: «Мына баланың несібесі артық жаралған екен. Алла қаласа, қасиетті кісі болады. Екеуміздің қабіріміз Ташкентте болар. Бұл баланы бәле-жаладан, тіл-көзден аман сақтандар» деп бата жасаған көрінеді.

Төле би ел басқаруда беделді, кейбір қасиеттерімен көпті аузына қаратқан адамдарға сенім артқан. Солардың бірі – бойында ерекше киесі бар Жабай еді. Ұлы би ойлана келе

Сіргелі руына басшылық жасауды Жабайға тапсырады.

1757 жылғы Қытай генералы Фу Де-мен болған соғыста қазақ батырларының ерен ерліктері тарихта да, әдебиетте де айтылады. Осы соғыста Жабай бабаның да болғаны туралы қазақтың сол кезеңде аты шыққан жырауы Тәтіқара өз жырларында ерлігін мадақтап жырлайды.

Жабай осы соғыста батыр атанады. Оны бұрыннан білетін Абылай хан 1758 жылы сарбаздарға сардар етіп тағайындайды. Бұл жөнінде тарихтың білгірі, жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Жанталас» романының 288-ші бетінде былай суреттейді. «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» **(І.Есенберлин. «Жанталас», Алматы, 2002ж. 474-б.)**. Демек, Жабай батыр қол басқарғанын осыдан-ақ айқын аңғарамыз. Жабай баба осы Есенберлиннің «Жанталасында» айтылғандай әскербасы болған. Жабай баба Дулат, Сіргелі әскерін басқарушы төрт сардардың бірі болып 1758 жылы ақ ту көтерген. Бұл ақ туды Абылай ханның өзі Жабай бабаға тапсырған. Демек, әулиенің әулеттерінде сонау 1928-1929 жылдарғы тәркілеуге дейін сақталған әулие бабаның ақ туы басқыншылардан елін қорғаған қасиетті жеңіс туы болуы да ғажап емес!

Оның Жабай тоқсаба атануы осы кез. Өйткені, тоқсаба сөзінің мағынасы сол уақытта оңтүстік қазақтарының қолдануында сарбаздардың сардары деген ұғымды білдірген. Сондай-ақ, өзбек халқында және оңтүстік қазақтарда тоқсаба сөзі тарихи еңбектерде іздену барысында табылды. Мысалы, Ташкент шаһарынан Худоерхонзада авторлығымен шыққан «Анжум ат-таворих» еңбегінде: «...Хукмронлигидан бир йил утганда баъзи фасод андишали ва фитна солувчи кишилар, Исфара хокими Бойбута қалмоқ, Пир Мухаммад ясовулбоши, Ражаб додхох, Боборахим туксоба, Курбон Мухаммад туксоба хукуматга қарши узаро тил бириктириб, махфий равишда фитна ва фасод ишларини бошладилар...» **(Худоерхонзада, «Анжум ат-таворих» Ташкент, 63-б.)**, деген тоқсаба атауы кітаптың сілтемесінде: «туксоба - бир тук, туғнинг сардори. Бухорада юқори мартабали амалдор» **(Бұл да сонда, 143-б.)** - деп көрсетіпті. Осы тоқсаба сөзі өзбек халқы мен қазақ елінің әсіресе оңтүстік өңірлерінде қолданылған екен. Ол сөздің мағынасын жоғарыда келтірдік.

Өзбекстан Республикасының бірінші Президенті Ислам Каримовтың: «Мустақилликка эришганимиздан кейин халқимизнинг уз юрти, тили, маданияти, қадриятлари, тарихини билишга, узлигини англашга қизиқиши ортиб бормоқда. Бу – табий хол. Одамзод борки, авлод-аждоди кимлигини, насл-насабини, узи туғилиб вояга етган кишлоқ, шахар, хулласки, Ватанининг тарихини билишни истайды» деген халқына жолдауын басшылыққа алынып, Өзбекстан елінің тарихы мен мәдениетіне үлкен үлес қосқан ғалымдар, әулие-әмбилер туралы ауқымды зерттеу жүргізіліп, жүріп өткен өмірі, олар туралы аңыз-әңгімелер жинақталды. Зерттеу нәтижесімен, Ташкент қаласынан өзбек тілінде А.А.Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров авторлығымен «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари» кітабы жарық көрген екен. Бұл кітапта Ташкент шаһарындағы әулие-әнбилер туралы жазылған. Кітаппен танысу барысында, Жабай баба туралы құнды ақпарат табылды. Бұл жерде өзбек халқы бабамызды әулие деп көрсетіп, Қоқан хандығында қабылдауда болғанын айтып кетеді. Ол кітапта былай делінген:

Ривоят қилишларича, жабай Ота Сирдаре буйида таваллуд топган экан. Отаси Қозибек купгина илмлардан хабардор булиб, нотиклик илмини мукамал эгаллаган. Уша вақтдаги Тошкент хокими Қозибек Отани Қуқон хонининг қабулига кетаётган элчиларга бошлиқ этиб тайинлабди.

Буни эшиткан туққиз яшар уғли Жабай уни хам бирга олиб кетишини отасидан илтимос қилибди. Отасидан қатый рад жавобни олган Жабай карвоннинг ортидан бекиниб, қорама-қора Қуқон шахрига йиулга тушади. Қуқон шахрига кираверишда отаси уғлининг эргашиб келаётганидан хабар топади.

Хон аьенлари элчиларга қабул уч кундан кейин булишини айтишади. Шу куни тунда хоннинг тушида юртига буюк авлие келганлиги ва у еш бола булиб, чап кулоғида кесик ери борлиги билдирилади.

Хон барвақт туриб, аьенларга барча элчиларини зудлик билан қабул қилиш кереклигини буюради. Барча йиғилгач, хон хитоб қилиб: «Биласизларми бу ерда энг буюк авлие ким?», деп сурайди. Саройда хозир булганлар: «Биламиз, у сизсиз», дея жавоб қайтаришади. Хон: «Йук», деб урнидан туриб, одамларнинг орасидан утиб, отасининг орқасига беркиниб турган болани курсатади. Кулидан ушлаб, етаклаб кетаеиб, хақиқатан боланинг кулоғидаги кесик ерини куради. Тахтида енма-ен утириб, узоқ сухбат куради.

Элчилар билан болани бир неча кун мехмон қилгач, хайрлашиш олдидан отасига боланинг кучли олимдан илм олиши зарурлигини уқдиради.

Юртига қайтган Қозибек уғлини уқитиб, олим қилди. Йиллар утиб Жабай Ота уз замонасининг буюк алломаси сифатида танилди.

Жабой Отанинг қабри Кукчадаги «Шайх Зайниддин бобо» қабристониде жойлашган **(А.А. Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров. «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари» Ташкент шаһары, «Наурыз» баспасы. 2016ж.84-б.).**

Бұл еңбек Жабай атаның Қоқан хандығында болғандығын, Қоқан ханы сый-құрмет көрсеткендігін, жас баланың бойынан ерекше әулеилік қасиетті байқағандығын дәлелдеп тұр.

Сіргелі Жабай 82 жас ғұмыр жасап 1810 жылы өмірден өтеді. Өзін ажал аларын сәуегейлік сезімімен алдын-ала сезген дейді көнекөз қариялар өздерінен бұрынғылардың айтқанын еске түсіріп. Елі Жабайды әулие-пір тұтады. Батырды қастерлеп Көкше мазарына қояды. Ондағы құлпытаста бабаның туған, өлген жылдары – 1643-1725 деп қате жазылған, оны дұрыстау бүгінгі ұрпақ парызы.

Көпшілікті неге Ташкентке қойылған деген сұрақ мазалауы мүмкін. Қазақтар тарихы Ташкентпен астарласып жатқандығын жоғарыда айттық. Бұл шаһарды қазақтар ықылым заманнан өздерінің бір бесігі санайды. Оны мына тарихи мәлімет те негіздей түседі. Н.В.Кюнер аударған қытайдың бір дерегінде мынадай хабар барын еске алуымыз қажет: «Казахский аймак считает столицей Ташигань (Ташкент) однако его князья и ханы зимой летом имеют свое место кочевья. Когда умирают, то их (прах) возвращается для погребения в Ташигань». Қазақтың қаншама ардақ тұтар тұлғалары Ташкентте жерленген. Бұл талассыз шындық.

Өзбекстан аумағында Сіргелі руына қатысты жер мен ел атаулары кездеседі. Кеңес дәуірі кезеңінде Ташкенттің Қойлық базарына қарайғы бағытында Сіргелі атымен аталатын шағын аудан болатын. Қазір ол жерді, «Сиргали» («Сырғалы») деп атап жүр. Дегенмен бүгінге дейін сол жерде өмір сүретіндердің арасында «Біз Сіргелі ұрпақтарымыз» дейтіндер әлі де кездеседі.

Өзбекстаннан Худоерхонзода авторлығымен шыққан «Анжум ат-таворих» өзбек тіліндегі мұрағаттық зерттеу кітабында Абылай хан қалмақ шайқасынан кейін Дулат, Сіргелі елдеріне Ташкент төңірегіндегі жерлерді бөліп бергендігі баян етіледі. Атап айтқанда, Ташкенттің шаһарын төртке бөліп, соның Шайхантауір бөлігін Сіргелі еліне беріпті. Бұл қалмақ-жоңғар соғысына Сіргелі елінің үлкен үлес қосқандығын көрсетеді. Ондай былай делінген:

«...Хозир хам Тошканд вилояти ва унинг атрофида ул шум қавмдан қолған эди. Улар билан Қалмоқ чофқон (чопган) деган жойда яна бир аевсиз урушлар булган. Натижада ислом лашкари ғалаба қилиб, қалмоқларнинг қора бахтларининг байроғи паства туширилди. Дашти Қипчоқ, Туркистан ва Тошканд мамлакатининг юзи буткул динва миллат душманидан соф ва тоза булди.

Бу ишлардан фориг булгач Абулайхон номи билан донгдор булган Абулфайзхон тахти тасаруфида булган бу вилоят ва музофотни мусулмон қабила ва тойифаларга, яьни

бугунги кунда қозоқия номи билан маълум булган халққа булиб бердилар. Чимкент чимир жамоаси чекига тушди, Тошкент билоди турт аркон (даха)га булгани боис, Бешеғош рукни (дахаси) шайхим тойифасига, Кукча қунғирот ва урта йузга, Себзор жиниш фирқасига, Шайх Хованд тухур эса сиргали, эсли ва учокли қабилларга берилди...» **(Худоерхонзода. Анжум ат-таворих. Ташкент. 58-б.)**

Жоңғар-қазақ, қытай-қазақ соғыстары дамылдап, елде мамыражай заман орнаған соң қазақ ханы Абылай ескі үзеңгілесі Жабайдың қолына мөр беріп, ел басқартады. Сөйтіп, Жабай датқа аталады. Датқалық ел басқарудағы сұлтандық дәрежесіндегі лауазым болғандықтан оның өзінің мөрі, туы болған. Сол заттар мен кісесін күні кешегіге дейін атаның ұрпақтары сақтап келеді екен.

Жабай атаның аузы дуалы екен, не айтса да аса сақтықпен, ойланып барып айтатын көрінеді. Егер ол кісі біреуге реніш білдірсе киесіне ұшырайды екен.

Жабай атаның кереметтері туралы көнекөз ақсақалдардан есіткен аңыз боп кеткен әңгімелер туралы енді бір ауыз сыр шертсек.

Жабай әулиенің қартайған шағында алдына бір кембағал кісі келіп: «Жалғыз түйем бар еді, соның өзі қоскіндік болып ауырып қалды. Емдеп жіберіңізші» деп өтініпті. Сонда ол алдына келген адамға байыптап қарап: «Балам-ай, ботаң қоскіндік емес, маңдайың қоскіндік екен ғой» деп маңдайынан шапалақпен тартып жіберіпті. Оның мына қылығына тіксініп қалған кембағалға әулие ата: «Үйіңе бара бер, балам, бойыңнан қырсығың кетті» депті. Сол адамның содан кейін тұрмысы түзеліп, «түйелі бай» атаныпты деседі.

Жабай атаның көзі тірісінде тумалары мен туыстары, ағайын-бауырлары оның бетіне келмейді екен. Әулиенің киесінен сескенсе керек. Ол өзінің бақилық боларын үш күн бұрын болжап, әулеттерін алдына жиып, олармен қоштасыпты. «Мен де Алланың пендесімін ғой, қаншалықты атақ-даңқым болса да көп пенденің біріндей дүниеден өтіп барамын, Алланың аманатын тапсырайын деп жатырмын. Бәріңе ризамын» деген екен.

Ол кісі көктемде Сыр бойындағы қыстауынан көктемдегі жайлауына көшіп келеді. Қазіргі кесене тұрған жерге келгенде, Ата көшті тоқтатып: «Мен үш күнге рұхсат сұрап едім. Онша ұзай алмадық, енді үй тігіндер. Мен осы жерде Алланың аманатын тапсырамын. Мен дүниеден өткен соң Биесимасқа, Жанкел ақынның жанына қойыңдар, не болмаса дәл осы мен дүниеден өткен жерге қойыңдар. Бірақ ишандар, ел басшылары мені Ташкенттегі ишандар мазары Көкшеге қоятын болса, онда менің рухым Ташкентте болмайды, келешекте мені іздегендер осы мені жуған жерден іздесін. Ең болмағанда ылаңдаған мал мен бедеу әйелдерге пайдам тиер» деген екен. Жабай әулие өзінің кіндік қаны тамған жерінде қайтыс болып, сол арада аруланып жуылады. Ол Әлімтау өңіріндегі жерді қазір «Жабай әулиенің жуғысы» деп атайды. Осы аумақта Жабай атаның кесенесі орналасқан.

Қасиетті баба қайтыс болғанда, оның ел билеген, әскер басқарған қолбасылығын, атақ-даңқын қастерлеген қалың жұрт Ташкенттегі үлкен зираттардың біріне әкеліп қоюды жөн көріпті. Сөйтіп, Әлімтау даласында дүниеден өткен әулие бабаның мәйіті көз жұмған жерінде жуылып, сол арадан бір күншілік жердегі шаһарға жерлеуге алып келеді. Мәйітшілер жолда Сарыжылға өзенінің бойына түнейді. Олар таңертең ертерек тұрып қараса мәйіт қойылған жерге бір тамшы қан тамып қалыпты дейді. Мәйітшілер сол жерге белгі қойып кетеді. Келер жылы сол араға сокқан адамдар бір түп ақ шеңгелдің өсіп тұрғанын көреді. Сонымен бабадан Әлімтау даласында екі белгі қалады. Біреуі оның мәйіті жуылған жер, екіншісі оны жерлеуге алып бара жатқанда түнеген орнында бір тамшы қаны тамған жер. Бұрынырақ ел осы екі жерге де сиынып, зиярат жасайтын болған. Бұл тұстан өткен жолаушылар әулиелі орынға тоқтап, Құран оқып аттанған. Дегенмен уақыт өте келе бір түп шеңгел өскен орындағы белгі жойылып кетіп, ол жердің анық қай орын екендігін анық білетін кісілердің көзі қалмаған. Сондықтан бүгінде қасиетті бабаға сиынатын жұрт оның денесі жуылған «Жабай белгісіне» барып тәу етеді.

Тылсым құдірет қонған бұл жерден әлі күнге жыл маусымының барлық мезгілінде де адам аяғы үзілмейді. Көбіне сәрсенбі, бейсенбі күндері зиярат етуге келіп, мал сойып, қан ағызып құрбандық береді. Көптің айтуына қарағанда «Жабай белгісінің» басына түнеп, тәу еткен адамға әулие баба аян беріп, керемет құдіретімен оларға шапағат нұрын тигізіп жатады. Мұндай ғажайып ғаламаттарды басынан өткерген замандастарымыздың сол бір сиқырлы қасиетті таңқаларлық жыр етіп айтқанын өзіміз де есітіп, біліп жүрміз. Қасиетті бабаның нұры қалған сол орынға бүгінгі ұрпақ зәулім ғимарат салып, Самарқанның көк тасымен сән салтанатын сәулеттендірді. Қазіргі кезде мұнда келушілер қатары молайған. Шындығында атеизм асқынып, тіпті аспандап тұрған кеңес дәуірінде де Жабай атаның жуғысына келіп тәу етіп жүргендерді көргендердің біразының көзі тірі. «Жабай әулие» атанған жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан, Қырғызстаннан, Түрікменстаннан, Алтай өңірінен, Моңғолстаннан, Ресейдегі мұсылман жұртынан адамдар келіп тәу етіп жатады екен.

Жабай бабаның ұрпақтарының айтуы бойынша: «Жабайдың белгісіне» түнеп, оның рухын көрдік дегендер, әуелі Ташкент (жерленген жері) жақтан ақ саң көрініп, одан ақ боз атты бабаның бейнесі елестейді екен.

Жабай тоқсаба әулиенің елге еткен қызметі өзбек және қазақ халықтарына ортақ мұра. Бұған терең астарласып жатқан тарихымыз куә. Қалмақтарға қарсы шайқастардағы өзбек елінің, қазақ елінің батырларының міндеті біреу ғана болған. Елге, халыққа өздерінің бұрынғы мамыражай жерлерін қалмақ басқыншыларынан қайтарып беру, халықты азат ету болып табылатын. Сол үшін де екі елдің беріктігін, татулығын нығайту, тарихын тереңдеп білу үшін Сіргелі батыры Жабай әулиедей тұлғаларды танып білу парызымыз.

Жамбыл Омарұлы Артықбаев

тарих ғылымдарының докторы,

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Археология және этнология» кафедрасының профессоры,
«Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының бас қызметкері.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ЖАБАЙ БАТЫР - ҚАЗАҚТЫҢ ЕРЛІК ДӘУІРІНІҢ САРҚЫТЫ

Жабай батыр қазақ тарихының алмағайып кезеңінің бірі XVIII-ші ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың басында өмір сүрген қаһармандардың бірі. Бұл кезеңде қазақтың бір туар перзенті және ұлы ғалымы Шоқан әдемілеп жазатын қазақтың ерлік дәуірі /эпоха рыцарства/ аяқталып бодандық басталды. Еуразия көшпелілерінің дариядай тасыған тегеурінді тарихының ең соңғы иірімі XVIII ғасыр болды. Шынтуайтына келгенде Еуразияның ұлы даласына дегдарлығы сай қазақтың соңғы билушісі Абылай хан болса, Еуразия көшпелілерінің темір тегеуріні, мемлекеттілігінің тұғыры батырлар еді. Олар бұл дүниеден баз кешкен уақытта қазақтың мемлекеті де, елдік және ерлік дәстүрлері де, өр мінез және ұлт мүддесі де тарих қойнауына бірге кетті. Әрине, XVIII ғасырдың соңында қазақ қоғамы түскен қара түнекті сейілтпек болып кейін де талай азамат күресті, бірақ көшпелілер басына түскен замана тар еді, амал жоқ үмітті болашаққа жалғауға тура келді.

Ерлік дәуірін бір жағы жарқын, бір жағы түнек деуімізге осы жағдайлар себеп. Осы дәуірге бізді қайта-қайта жетелейтін тағы бір мәселе XVIII ғасырдың аз зерттелгені, көптеген оқиғалардың көмескілігі, сол заманда өмір сүрген ұлы тұлғалардың қыры мен

сырының ашылмағандығы. Бұл мәселелер Әз Тәуке қазақты билеген заманға ғана емес, сонымен бірге ғасырдың соңындағы саяси оқиғаларға да тікелей қатысты. Бізді қазақ елі мен Орта Азия хандықтарының арасындағы қарым-қатынас, көшпелі жауынгер тайпалар мен қалалар арасындағы жағдай, еркіндікке үйренген ірі тұлғалардың тағдыры қызықтырады. Әсіресе Түркістан өлкесінде тәуелсіздіктен, үстемдіктен, еркіндіктен айрылған қазақтың осынау ауыр кезеңдегі тіршілігінің әлі күнге жұмбақ тұстары көп. Біздің ойымызша Жабай батыр Қазыбекұлының тарихы мен тағдыры дұрыс зерттелген жағдайда көптеген сұрақтарға жауап беретін сияқты.

Сіргелі атауы

Әр өсімдіктің тереңге кеткен тамыры, әр тұлғаның шыққан тегі бар. Біз әңгімені Жабай батырдың елі, қазақтың іргелі тайпасының бірі Сіргелі тарихынынан бастайық.

Сіргелі атауына қатысты бірталай жобалардың бар екенінен хабардармыз. Қазақтың қарапайым тіліне салсақ сіргелі атауы сіргеден шықса керек, яғни бұзаудың не құлынның енесін еміп қоймау үшін тұмсығына тағатын жан-жағына сүйір шанышқы орнатқан ноктасы. Кейде бұзаудың не құлынның танауын тесіп жіңішке ағаш бекітеді де енесін ембеу үшін екі жағынан өткірлеп қояды. Бұл Еуразия малшы тайпаларының барлығына ортақ құрал белгілі бір ру-тайпаның ерекше атауы болып шығуы күмәнді дейміз.

Қазаққа білгілі ақын ағамыз Нармахан Бегалыұлының «Сіргелі- ормандағы ел» деген кітапшасында сіргелі атауына қатысты бірталай деректер мен топшылаулар жинақталған. Ұлы даланың қадым тарихының бірталай қатпарларына шолу жасаған ағамыз сіргелі атауын «Сіргелі- сырық елі. Яғни, Сіргелі хан- ормандағы елдің билеушісі» деп шамалауға негіз бар дейді. Біз Сіргелі тарихының көне кезеңдері Еуразиялық ұлы даланың орманды алқаптарына, тіпті Ібір-Сібірге қатысты барлығын жоққа шығармаймыз, дегенмен бұл этимологиялық жобаны тікелей сәйкестік не дәлел болмағандықтан қабылдай да алмаймыз.

Біздің ойымызша сіргелі атауының түп төркіні қазіргі саха-якут елінде сақталған «сірге» атауымен байланысты. Бұл халықта сіргенің екі түрі бар, біріншісі –қарапайым ат байлар және меншікті көрсететін белгі, екіншісі ұлы мерекелерде, есте қалатын үлкен шаруаларда, ел басын қосқан ұлы істерде арнайы орнатылатын қасиетті сірге. Егер біз саха-якут мәдениеті мен тұрмысы туралы кез келген энциклопедияны қарасақ мынадай анықтамалыққа жолығамыз : *«Сэргэ- ритуальные столбы и деревья у якутов. Сэргэ означает, что у местности, где оно установлено, есть хозяин. Ставится в виде столба у юрты, у ворот дома («пока стоит сэргэ - семья жива»). Нельзя разрушать сэргэ - оно должно само прийти в негодность. Разрушить сэргэ – это большой грех».*

Саха халқында сірге – жылқышылық дәстүрмен тікелей байланысты: *«Сэргэ связано с культом коня - к нему привязывали коней хозяева и гости, а также оно является символом дерева жизни, мирового дерева, объединяющего три мира. На столбе вырезаются три горизонтальные канавки. Верхняя предназначена для привязывания коней небожителей верхнего мира, средняя - для коней людей, и нижняя - для лошадей подземного мира».*

Сіргенің тағы бір ерекшелігі – сіргенің өзі үш дүниенің басын қосып отырады деген түсінік бойынша осы үш әлемнің өкілі - бақсылардың басына арнайы биік сіргелер орнатылады: *«В прошлом сэргэ устанавливались возле каждой юрты, и кроме того - во время посвящения шамана (бақсы, кам). В местах захоронения шаманов устанавливались очень высокие сэргэ - для коновязи богов и духов. Также на месте захоронения шаманов устанавливались сэргэ в виде каменных обелисков (бұл біздің қазақ жерінде жиі кездесетін «бұғы тас» деп жүрген көне замандық ескерткіштердің шын мәнінде ертеде сірге атанғанын көрсетеді). Самый известный из таких камней - Алтан-Сэргэ («Золотая коновязь»). Сэргэ для саха - это символ счастья и благополучия. Сэргэ устанавливали и*

устанавливают во время национального праздника «Ыһыах» (Ысыах), юбилеев, праздников и значимых мероприятий».

Сіргелі тарихы

Егер біз жоғарыдағы этимологияны қабылдасақ, онда сіргелі атауының тарихы сақ дәуіріне еркін барады. Себебі саха-якут елі сақ атауын (парсылық түп нұсқаларда- саһа, антикалық түп нұсқаларда – скуз (скиф) -ишгуз, қазақ аңыздарында- ішкі оғыз) әлі күнге сақтап келе жатқан жалғыз халық. Сіргелінің ру-тайпа-халық болып қалыптасуы да біздің ойымызша көне замандарға, яғни протоғыздық аталатын Оғыз қаған заманына қатысты. Ал Оғыз қаған заманы біздің жыл санауымызға дейінгі бірталай уақыт екенін көзі қарақты оқырман білсе керек. Әрине заманнан заман ауысады, бір мемлекеттер тарих сахнасынан кетіп, оның орнына жаңа мемлекеттер құралады, кезінде үлкен халық болған тайпалап шағын руларға айналады.

Қазақ шежіресіне қарасақ Сіргелі Ұлы жүздің құрамындағы тайпалардың бірі. Сіргелі Бақтиярдың немересі, Үйсінге бауыр болып келетін Ойсылдың ұлы делінеді. Қазақ хандығы құрылғанда ақылман бабаларымыздың үш жүздік әкімшілік-территориялық құрылымды таңдағаны белгілі. Құрылымның арқауы қылып туысқандық жүйені таңдағаны да жасырын емес, бірақ бұл туысқандықты абсолюттендіруге болмайды. Жоғарыда айтылған «жасақтау» туысқандық жүйеге тікелей қатысты. Мәселен Орта жүз құрамына енген алты тайпаның, яғни әкімшілік-территориялық бірліктің басын қосу үшін шежіреге «алты қожаны» енгізу қажет болды. Басқаша әр қайсысы ертеде жеке-жеке мемлекет құрған алты ұлыстың басын қалайша бір қазанға қосасың?! Сол сияқты Арғын ішіндегі «Жеті Момын» бірлігін жасау үшін «жеті сопының» енгені белгілі. «Сопылар» таксоны Түрік қағанаттарынан қалған тайпаларды біріктіру үшін «қожалардан» ертерек енді ме деп жорамалдаймын.

Сол сияқты Ұлы жүз құрамына енген ру-тайпаларды да біріктіру үшін туысқандық жүйеге бірталай жаңа таксондар енгізілді. Мәселен, Бақтиярдан Ойсыл мен Үйсін делінеді, бұл Сіргелі тайпасын Үйсін одағымен бір қазанға қосу үшін керек болған сияқты. Насаб-намада «Үйсіннен Ақсақал мен Жансақал шығады» деген әңгімедегі Ақсақал мен Жансақал Орта жүз шежіресіндегі «сопы», «қожа» деген ұғымдардың баламасы, яғни Жалайыр мен Үйсіннің өзге балаларын туыстастыратын шартты таксондар.

Енді келіп Ақсақалдан Қараша би, одан Бәйдібек дейміз. Бұл жерде нақты генеалогияға өту әлі де жоқ. Себебі Бәйдібектің үш әйелі ру-тайпалардың бір атаға топтасуының үш кезеңін көрсетеді. Біріншісі -Сары бәйбіше, одан Сары үйсін. Міне, Бәйдібектің өмір сүрген кезеңін іздейтін жер осы. Бұл жерде зерттеуші Сары Үйсін болған жерде Қара Үйсін де бар екенін ескеруі керек, яғни бірі Батыс, бірі Шығыс үйсіндері! Қара Үйсін қайда?

Сары Үйсінге екінші қосылған топтың басында Шапырашты, Ошақты, Ысты. Бұлар Шығыс Ғұн империясы құлап, көптеген тайпалар батысқа қарай лықсыған уақытта өз орнында қалса керек. Ошақтының ата жолы статусы жағынан Жалайырдан кейін екінші орында тұруы да олардың әуел баста мықты болғанына дәлел, ал ол заманда мықты болу үшін Ғұнның элитасына жақын болу керек еді.

Бәйдібек тобына үшінші қосылған топ -Жарықшақ балалары аталатын Албан, Суан және Дулат. Бұл жауынгер топқа енетін тайпалардың тарихының бір шеті Еуропада, бір шеті Қытайда. Яғни, бұлар Ғұндардың батысқа көші- қонына белсене қатысқан, сонау Римді тас-талқан қылып келген болуы мүмкін. Аттила (Еділ, Едіге т.б.) өлген соң оның империясының құрамына енген мың сан қауым ыдырады, бірі сол жерде қалды, бірі кейін серпілді. Бұл тарапта да әлі зертеулер жүргізу керек.

Ұлы жүз құрамындағы Қаңлы, Шанышқылы т.б. шежірешілер онсыз да Бәйдібектен таратпайды, олардың тарихы сонау Оғыз қаған дәуіріне баратыны айдай анық. Ерте

көшпелілер заманында бір жағы Сыр бойы, бір жағы Арқа жерінде Қаңлы мемлекеті болғанын қазір бес жасар бала да біледі.

Сіргелі қонысы ерте уақытта қазақ этногенезі мен этникалық тарихының алтын бесігі болған Ертістен бастап Сырдарияға дейінгі жерді алып жатқан. Сол себептен Сіргелі балаларын біз Түркістан мен Ташкент, Талас пен Шу бойынан, тіпті Сарыарқадан да кездестіреміз. Қазақ хандығы құрылар заманда олардың Жәнібек және Керей сұлтандармен бірге жүргені анық. Егер Сіргелінің рулық құрамы туралы сөз болса онда біз қарияларға сүйеніп көбінесе «Он екі ата» деген ұғымды қолданамыз, егер ерте дерек керек болса Н.Аристовке жүгінеміз, ол өз еңбегінде Сіргелі тайпасы сегіз атадан құралған дейді: Байжігіт, Қарабатыр, Батырлар, Үштанбалы, Айтбозым, Елібай, Төрттаңбалы, Жаңабай. М.Тынышбаев Сіргелі тайпасы- Төрттаңбалы, Үштанбалы, Батырлар, Қарабатыр, Жанай, Бөденеден құралған деп жазады. Біздің ғасырдың 20-жылдарының басында Шымкент уезінде статистикалық зерттеу жүргізген Э.Шмидт Байұлы мен Үштанбалы аталатын екі үлкен топқа бөлінетін Сіргелі тайпасының құрамын толық көрсетеді. Байұлы өз кезегінде Елібай, Айтбозым, Шақабай, Шалдар (Қойсой, Шоман, Қөңыр), Жайдақ (Алпар, Тұрсынай, Итемген), Батыр (Құдаиберді, Бердібай) руларына, ал Үштанбалы болса Ақкөңірдек (Шеңгелді, Маңдай, Үшңара, Қожамберді, Құдыс), Тутаңбалы, Қайшылыға бөлінеді. Бұл мәліметтер тек Шымкент уезіндегі сіргелілерге қатысты.

Сіргелілердің ішінде аталары Ойсыл мен Жәнібек ханға қатысты әңгімелер айтылады. Бақтиярдың ұлы Ойсылдың бірнеше әйелі және 30 ұлы болыпты-мыс. Олардың арасында ақылмандары да, көрікті еркетотайлары мен іскерлері де бар екен. Солардың бірі Жәнібек ханның сұлу қызына ғашық болып, ол қыз екіқабат болып қалады. Бұны білген хан ашуланып, Ойсылдың барша ұлдары мен келіндерін қонаққа шақырып, бәрін қырып тастапты-мыс. Тек қана Ойсылдың қырда жылқы бағып жүрген ұлы Өтеп пен оның Избике атты екіқабат әйелі Ошақтыда төркіндеп жүріп, аман қалып, Манат атты ұл туыпты. Ол ес жиып, ат жалын тартып мінуге жараған кезде оған сіргелі тай мінгізіп, еліне шығарып салыпты. Ол ата-жұртына жеткенде көкпардың үстінен шығып, бұл додада өзінің епті әрі күшті екенін танытып, тайының да тұлпар тектес топжарғандығын көрсетіп, жиналған ел-жұртты таңғалдырыпты. Оны енді байқап, бір-бірінен сұрастырып, «сіргелі тай мінген мына мықты бала кім?» дегенге келеді. Тойдан кейін әкесі Өтептің ағасымен көрісіп табысады, ол әмеңгерлік жолмен Избикеге үйленіпті. Өтептің ағасынан Тутаңбалы мен Қайшылыны табады; ал ханның екіқабат қызы егіз Ақкөңірдек пен Қаракөңірдекті дүниеге әкеліпті. Оларды Өтеп пен Избике асырап алыпты. Ал Манат есімі ел ішінде ұмытылып, «Сіргелі» атымен этноним тұрақталып, бүкіл кейінгі әулетке көшіпті. Бұлардың төңірегінде тікелей ұрпақтары ғана емес, басқа да туысқандары, тіпті кірмелер де топтасыпты. Аңыз бойынша Сіргелі дәулетті кісі болып, бірнеше әйел алып, көптеген бала-шаға өрбітіпті. Сіргеліден Байұлы тарайды, одан Айтбозым, Жаңабай, Елібай, Батыр, Қарабатыр, Жайдақ, Құлшығаш, Шалдар. Өтептің ағасының балалары Тутаңбалы, Қайшылы, Ақкөңірдек, Қаракөңірдек те кейіннен Сіргелінің құрамына кіреді. Бұл ғажап әңгімелер этнологиялық тұрғыдан ғылыми тәпсірлеуді қажет етеді және көптеген ақпарат беретініне біздің күмәніміз жоқ. Біздің пікірімізше бұл аңыздарға көне заманның оқиғалары мен Қазақ хандығы кезеңінің тарихи тұлғалары кіріккен.

Біздің өз басымызды Сіргелілердің Ташкент маңындағы жерлерге иелік жасауы, қалалық өркениетке қосқан үлесі, отырықшы елдермен қарым-қатынасы қызықтырады. Болашақта бұл тарапта терең жұмыстар жүргізіледі деп үміттенеміз.

Өзбекстанда Худоерхонзода авторлығымен шыққан «Анжум ат-таварих» атты өзбек тіліндегі мұрағаттық зерттеу кітабында Абылай хан қалмақты жеңгеннен кейін Дулат, Сіргелі елдеріне Ташкент төңірегіндегі жерлерді бөліп бергендігі баян етіледі дейді. Атап айтқанда, Ташкенттің шаһарын төртке бөліп, соның Шайхантауір бөлігін Сіргелі еліне

беріпті-мыс. Бұл қалмақ-жоңғар соғысына Сиргелі елінің үлкен үлес қосқандығын көрсетеді-мыс. Біз Сиргелілердің Ташкент алқабына қатыстылығын көне және ортағасырлардан әздеп көрер едік. Бұл белгілі дәрежеде қаңлы аталатын көне қауымдардың тарихымен сабақтас болса таң қалмаймыз. Бір қызығы қаңлылар да әуле баста дала халқы (қаң-дала деген мағына береді), кейін келе Сыр бойындағы қалалық өлкенің тұрақты халқына айналды.

XVIII ғасыр- XIX ғасыр басы – тарихи ахуал

Бүкіл түркі жұртының ата қонысы, қара шаңырағы, қазақтың астанасы, қасиетті пантеоны болған Түркістан аймағының билігі XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ қолынан кете бастады.

Ең әуелі Ташкент билігі қазақтың қолынан сусып шықты. Есім хан билік еткен заманда бұл қаланы Тұрсын ханнан тартып алып, одан арғы тағдырын Ұлы жүздің сұлтандарына тапсырған еді дейді қазақтың аңыз-хикаялары. Ташкент маңының негізгі халқы болған екі сан қатаған тайпасының үлкен қырғыннан кейін аман қалғандары Ұлы жүздің арасынан өзіне орын тауып жан сақтағаны да осы себепті. «Төле бидің тарихы» атты дастанда қазақтың хандары мен билері Қаз дауысты Қазыбектің ордасында бас қосып Ташкенттің билігін, алым-салықтан түсетін табысын Ұлы жүздің биі Төлеге бергені айталады:

Онан кейін Төлені

Үш күндік жолға шығарып,

Қайта-қайта көрісіп,

Ажырап зорға барады.

Арттарынан оралып

Болғанша таса қарады.

Бет алған соң алысқа

Бірнеше күн жол жүріп,

Еліне есен барады.

Алдынан қарсы кезікті

Бұл жердегі адамы.

Он екі қақпа Ташкенті,

Төле би көп жыл сұрады.

Жалаңаш пен жаяуға,

Үлестіріп мал берді

Біреу мақтап келеді,

Біреу шағым береді.

Ауызы өткір жорамды,

Құрманәлі дейтұғын,

Ағасының ұлы еді,

Ішкі ауыз жұмысты

Жайғастырар сол еді.

Төле би шықса далаға,

Қалушы еді қалада,

Айғыр-аты көп еді...

Төле бидің өзі көбіне –көп Ташкентке Шыршықтың суын түсіретін Бозсу деген арықтың басында қазақи кигіз үй тігіп отырды дейді тарихи аңыздарда.

Сонымен бірге ауызша деректер Ташкент билігіне Жолбарыс хан Төле биді араластырғысы келмей, би келе жатыр дегенде алдынан қақпаны жауып, қаланы күшпенен алғанын да хабарлайды. Бұл жерде Жолбарыс қалаға атасы Тұрсын хан сияқты бек болып, жергілікті сартпен ымыраға келіп, қайткен күнде де көшпелі қазақты қала шаруасына араластырмауға бел байлағысы келсе керек:

*Амалы жоқ, қуған соң тұрыс бар ма,
Бел байлады Төле би енді ұрысқа,
Желеу тауып Жолбарыс,
Ташкентте сонда бек еді.
Қуа қашып малдарын,
Шұбырынды деп еді.
Жол бермейді және де
Кірейін деп қалаға.
Жасақ байлап сап тұтты,
Қастық кіріп араға,
Жәрдем берді бір жақбан
Бүркіт би деген құрама.
Өр жағынан Ташкенттің
Суды бұрып тұрады,
Шөлдетуге бұларды.
Төле бидің адамы
Алмақ үшін қаланы,
Садақтың ұшты оғына.
Қайрат-күшін асырып,
Алысқан жауын қашырып,
Ташкенті алды Төле би !.*

Қаланы билеп, айтқаныңа көндіріп отырудың төте жолы суға ие болу керек екенін Бүркіт бидің әрекетінен түсінген Төле бидің өзінің ордасын Бозсудың басына салуы да осы себепті. Қаланың халқы қазақтың билігіне наразылық білдіріп, ереуілдеп шықса Бозсудың басын жаба қояды, не басқа жаққа бұрып жібереді.

Кейін Төле би Жолбарыспен де тіл табысты. 1739 жылы Ташкент мешітінде өзбектер пышақтап тастаған Жолбарыс сұлтан өлім хәлінде жатып Төле биді шақырады:

*Жолбарыс оспалдады барын салып,
Шақыртты Төле биді қасына алып.
-Тілейтін соңы мақсат сұрауым бұл,
Қолыңынан Түркістанға қойшы апарып.
Қапеді ата туыс сол жерде анық,
Жатайын соларменен бірге қалып.
Төле би бұл тілегін қабыл алды,
Босады қиял толғап сонда дағы,
Қалған жасы Төленің
Ташкенте өтті деседі,
Орнына Жолбарыс хан болған,
Он екі жыл дейді есебі*

Егер Жолбарыс ханның 1739 жылы қаза болғанын есептесек, одан бері он екі жыл бойы, 1751 жылға дейін Ташкент қаласы Төле бидің өз билігінде болды дейді қазақтың жыры.

XVIII ғасырдың басында Тұрсын ханның тұқымдары Жолбарыс, Жаубасар сұлтандар Төле бидің қолдауымен Ташкент маңындағы елге билік жүргізсе, Жолбарыс ханды Ташкентте өзбектер өлтіргеннен кейін хан билігінің жағдайы нашарлады. Біресе қалмақтың қойған көрхандары, біресе Жолбарыс баласы Әбілез қалған елге ие болуға күресті. Атаулы хандар болғанымен елдің, қаланың билігі Төленің өзі қолында болды. Қалмақ билеушісі Қалдан Серенмен келісіп, оған 1734 жылы «ақ үйлі аманат» қылып баласы Жоланды бергенде де келісім осылайша еді. Осының арқасында он-он бес жыл Ұлы жүз қалмақтармен бейбіт қарым-қатынаста болды. Ұлы жүзден барған аманаттың ең

салмақтысы Төле бидің өзінен туған баласы болғанын елшіліктің қағаздары арасында сақталған мына деректерден де көруге болады.

Ташкентке келе жатқан Ресей керуені тоналғанын естігеннен кейін Жолбарыс хан тез арада Жаубасар хан мен Төле биге адам жібереді: «к помянутому Койгилде послал Иаубасар хана, и Туле би, дабы он, Койгилда, ограбленное и людей возвратил, а ежели не возвратит, то х калмыцкому хану Шалдан-Чирину сына своего в аманаты он не отдаст; токмо он, Койгилдя, меня не слушается». 1756 жылы Төле би қайтыс болғаннан кейін Ташкент билігіне таласушылар көбейді. Дегенмен 1779 жылы Абылай хан Сарыарқадан қалың әскермен келіп Түркістанға түскенде Ташкент құлдық ұрып жақсы-жайсаңы алдынан шыққанға ұқсайды. Абылай ханның хатшысы мещеряк Ягуда Усмановтың патша үкіметіне жіберген ақпараты: «Призвав своих детей, биев и главных старшин, положили совет, чтобы, собрав орды их, киргис-кайсаков, сделать на киргизов нападение, и привести к себе в подданство; куда Аблай, тогда же то есть в 1779 году, весною с немалым числом людей, коего считают до двенадцати тысяч, отправился. А между тем за три дня своего движения послал к китайскому двору сына своего Сыдык солтана с двенадцатью человеками служителей для того что между ними Аблаем с китайским ханом, отдавно положено, чрез четыре года обсылаться посланниками с извещением о здоровье их. Причем Аблай к китайскому хану писал на китайском диалекте, для чего особенного из калмык писаря при себе содержит...

Аблай хан, расположась между Туркестаном и границею диких киргизов, согласясь Большой орды с Булат ханом в Туркестане живущими, делал на киргизов нападения: сперва посылали детей своих, Чингис солтана да племянника Абулфеиз солтана со старшинами, но как по двум опытам те посланные возвратились бесплодно, то собрався, сам Аблай хан с солтанами и немалым числом людей делал сильное и нечаянное на киргизов наступление, причем удалось ему захватить знатных киргизских биевских детей с семейством, пятнадцать кибиток, и разделили их по частям. Пять семей Аблай при себе содержит, три семьи Чингис солтан привез в орду и поручил в смотрение Барак хана сыну Букею, да Тяуке солтану, три семьи отправлены в Туркестан к Булат хану, да два Абулфеиз солтану отданы; однако не на таком положении, чтобы их сделать ясырями (тұтқын-Ж.О.), но содержат до точного всех покорения в аманатах на хорошем трактаменте (ақ үйлі аманат-Ж.О.)» .

Ең бастысы «из тех диких киргизов большая часть сим захватом аманата в послушание Аблая приведена...». Бұл қазақ –қырғыздың қырық жылға созылған жаугершілігінің қырғыздың қазақ қамқорлығына өтуімен аяқталғанын нақты көрсететін құжат.

Абылай хан дүниеден өткен соң Орталық Азиядағы саяси қарым-қатынастың бәріне де өзгерістер ене бастады. Соның ішінде Ташкент билігі де қазақ қолынан шықты. Аңыздарға қарасақ «Төле би қартайған соң Жүнісқожа деген сартты Ташкентке әкім етеді. Төле би дүниеден өткенде денесін Шайхантауір бейітіне қояды. Оның бейітін халық «Қарлығаш әулие» деп атайды. Ол кезеңде Ташкент төрт бөлікке бөлініп (Шар қала) бір-біріне бағынбаушы еді. Жүніс қожа алдымен Ташкенттің Шайхантауір бөлігін бағындырып, кейіннен сол жерде халықтың қолындағы мыс ыдыстарды жинатып зеңбірек құйып соның арқасында Сибзар, Көкше, Бесағаш тағы да басқа қалалық аудандарға иелік жүргізді»дейді Ташкент маңының тарихының мамандарының бірі Масальский.

Жүніс қожаның жас кезінде Төле бидің атшысы болғаны рас. Ұлы қожа деген атақты бір бектің баласы. Әкеден төрт ағайынды болып туыпты, содан әкесі ақылды адам болса керек жасынан Жүністі қазақтың арасынан тәрбие көрсін деп Төле биге жіберген екен. Солай жүріп ол қазақтың дәстүр-салтымен, жаугершілік ат үсті өмірімен, қазақтың бір-бірімен қарым-қатынасымен де танысты. Бірақ билікке қол жеткізу оған да оңай болған жоқ, жанына қазақтың жігіттерінен қосын жинап сәтін тосып жүрді. Абылай хан қайтыс

болғаннан кейін Ташкентке қамқорлықты Түркістанда отырса да Нияз аталық жасап отырды. Жүніс қожа болса Нияз аталық пен Нақып қожаның қаһарынан қаймығып, Ташкенттің өзге бектерінің айбынынан асып елді меңгеріп кете алмады. Ташкенттің өз басында көбінесе Нияздың баласы Әлдеберлі отырды. Ол бірнеше жыл билік құрған уақытта Ташкентте айтарлықтай өзгерістер де, бас көтерулер де болмағаны белгілі. Бірақ Ташкентке қаптал Қоқанд хандығы күшейіп келе жатты. Солардың үгіті мен жымысқы істері болар 1780 жылдардың соңына қарай Наурыз мерекесі кезінде сарттар Әлдеберліге у беріп өлтірді дейді аңыздарда. Әлдеберлі қайтыс болғаннан кейін жасы ұлғайса да Нияз батыр Ташкенттің билігін тағы да өз қолына алуға мәжбүр болады. Бірақ Нияз аталық барғанша Ташкентте бұрынғы өзінің өзбек орынбасары таққа отырып қояды. Оның қақпа алдына қойған күзетшілері бастапқыда Ниязды ішке кіргізбей көп әурелейді. Ақыры бұрынғы билеуші екеніне көз жеткізген соң барып ордаға кіргізеді. Ташкенттің билеушісі бұл жоқта датқа атанған өзбек орынбасары Нияз батырды көргенде есі шығып, сағынған адамдай өтірік құшақ жая ұмтылады. Осы кезде Нияздың қасына еріп барған інісі Итқара батыр өзбектің қарнын пышақпен осып жібереді. «Нияз құшақтады, Итқара пышақтады» деген сөз содан қалған екен-мыс».

Бұл оқиға біздің есебіміз бойынша 1784 жылы болды. Бұл кезеңде қазақтың ұлы төрелері Абылай мен Әбілпейіз о дүниелік болған, аталық та қартайған, жалғыз қалғандай еді. Бұрын да Ташкент сияқты ірі қаланы нөқтада ұстауға Нияз аталыққа қырдың қазағы көмектесіп отырған, енді несіне қымсынады?! Капитан Андреев былай деп жазады: «...младший брат Вали хана Чингис осенью 1784 года, собрав киргисцов около 1000 человек, ездил в город Ташкент для успокоения в Ташкении междоусобия, и оттоль благополучно возвратился...».

Нияз аталық қайтыс болғаннан кейін-ақ қазақ сұлтандары Ташкент билігіне ие болудан қалды. 1798 жылы Жүніс қожа өзінің Ташкентті өзім басқарсам-ау деген арманына ақыры жетті. Төрт махаллаға бөлініп кеткен қаланың билігі бір қолға қайта жинақталды. Ресейдің темір тұзағына түскен қазақ баласы бұл уақытта өзінің мемлекеттік дәстүрлерінен де ажырай бастаған еді, Жүніс қожа әскері негізінен қаңлы, шанышқылы, сіргелі мен рамадан тайпаларының қазақтары болды. Олардың ішінде атағы шыққандары Қожамсейіт батыр, Қарақұл батыр, Найзақұлақ батыр, Барлыбай батыр, Серқожа батыр, Ғайып мырза, Бөлек батыр, Халық батыр, Есенбай батыр, Құнан батыр, Қонақай батыр, Тоқсан батыр, Ырысқұл батыр, Жантелі батыр, Қазыбек батыр, Айқынбай баптыр, Ырысбек батыр, Жолан батыр, Есенкелді батыр т.б. (Диваев Ә. Тарту (Құраст, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Ф.Оразаева). Алматы, 1992., 216-б)

Осы кезде Ұлы жүз «Сиқым Мәлік бидің баласы Босмойын би Ташкенттің билігіне таласып, оны алуға күш салады. Оған қаңлы, шанышқылы билері қарсы болып Жүніс хан жағына шығады. Олар дулатты жеңіп Ташкенттен қуып жібереді». Ташкент билігінен айрылған дулаттар енді Шымкент пен Сайрамнан айрылғысы келмей қарсыласып бақты, бірақ Жүніс қожа да әртүрлі айла-шарғымен ақырындап Ташкентке жақын қалалық аймақты тұзағына түсірді.

Ташкент маңындағы көшіп-қонып жүрген дулат одағына енетін тайпалар Жүніс қожаға 1796 жылдан бастап жүз қойдан бір қой жылына алым-салық төлей бастады. Бұл даланың еркі көшпелілерінің тарихында бұрын соңды болмаған қорлық еді. Әрине, Жүніс қожаға Ұлы жүздің халқы түгел бағына қойған жоқ. Олардың ішінде бірнеше мың үй Шөрегей сұлтан бастап Ертіс бойына келіп жер алды. Ташкент маңындағы дулаттың көпшілігі өздерінің жүздеген жылдар жайлаған жерін, егіп қойған егіні мен қора-қопсысына дейін тастап Жетісуға қарай көшті. «Около города Чимкента обитвашие казахи бросили пашни свои, даже сады и перешли к границам китайским...» дейді Қоқанд хандығына Ресейден келген елші Филипп Назаров.

Қазақ Ташкентті Жүніс қожаға беріп, Жетісуға қарай ығысқан уақытта қаланың

билігіне Қоқанд араласа бастады: «1799 год Куканской владелец Хан Хожа приближившись с своими войском к городу Ташкенту, надеялся может быть сделать более, нежели столько успел. Юнус ходжа не допустив его вышел со своим войском. Отчаянное сражение последних, чтобы защитить город и следственно жизнь свою, было превыше всех усилий Хан Хожи. При робости хотя и превосходстве числам Куканского войска, Ташкнтцами одержена победа. Он еще и тем увеличена, что Куканской Владелец с многими чиновниками и другими людьми попал в плен; остальное войско спалось побегом. Тогда Юнус хожа пользуясь робостью Куканцов, решился распространить успехи своего оружия. Он умножил число войска своего и в краткое время походя, без дальнего кровопролития завладел всеми местечками, Куканскому Владению принадлежащими, кои находятся по правую сторону реки Сыр-Дария, под названием Курамы, и с тем возвратился. В сие время Куканскому владельцу Хан Хоже с его чиновниками в городе Ташкенте отрублены головы» (Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент, в 1800 г//Вестник ИРГО на 1851 г. ч.1, кН,1, СПб.,1851.23-6).

Сол жылдары елшілікке келген Атаман Телятников «в бытность в Ташкенте в зиму весьма был принят от Юнус-хожи хорошо, довольствован достаточно и снабжен лошадьми, и с ним послан старшина Муллажан, и при нем товаров на 70 верблюдах, которая половина пришла в Чингистау к салтану Току, для промену на баранов, а с них будут уже променивать китайцам на товары; а другая половина товаров пошла в Петропавловскую...» деп бұл кезенді мақтап жазады. Капитан И.Г.Андреев те өз жерімен сауда керуендерін жүргізгісі келген қазақтың ел басшыларының Жүніс қожамен тіл табыса бастағанын ерекше ескертеді: «киргизские салтаны, как то Ханхожа, Пупа и прочие посылали своих депутатов к Юнус хоже с таковым объявлением, что оные ташкентских караванов, как останавливать и грабить не будут, а сей ташкенец приезжал сюда повидаться на Чингистау с знакомцами своими, и на другой день уехал обратно».

Қазақпен тіл табысқанымен Жүніске Қоқандпен тіл табысу күннен күнге қиындай берді. Екі арадағы жаугершілік күшейе келіп 1800 жылы Жүніс қожа Ходжакент (Ходжент) билеушісімен бірігіп Қоқанға шабуыл жасамақ болып, бірақ алыстан мылтық, зеңбірек атып Ходжент түбінде аздап соғысты да тарады. Екі әскерге де сенім болмай басшылары ашық майданға шыға алмады. Қырғызды шауып күшейген Жаныс Ақбота бидің Ырысбай деген баласынан туған Бәйтiк би Төле бидің орынына қайта таласады: «Бірақ Қыпшақ, Өзбек, Шанышқылы, Қаңлы Дулатқа тағы да қарсылық көрсетіп тұрғанда, алауыздықты пайдаланған Қоқан ханы Әлімнің інісі Омар ханмен бірігіп бір жылдың ішінде Ұлы жүзді өзіне қаратып алады» (Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994., 82 б)

Кейін Қоқанд жеңді. Бұл оқиға «Тарих-и Шахрухи» кітабында былай суреттеледі: «1807 жылдары Жүніс қожа энди мен қазақтан көп әскер жинап «ұлдарымның сүндет тойын Қоқандта тойлаймын» деп жорыққа атанды. Сырдарияның сол жағасынан Гүрімсарайға қарсы Әлім ханның әскері де көрінді. Раджаб күшбегі Қоқанның атақты ақ жалауын көтеріп тұрған тубегінің жанына тәжіктің елу мергенін қойды. Жүніс хан әскерінің құрамындағы қазақ жігіттері туға қарсы шапқанымен жаңбырдай жауған мылтықтың оғынан беттері қайта берді. Екі жақты қыспаққа түскен Ташкент әскерінің қатары бұзылып шегінді де, ақыры жан дәрмен қашуға айналды. Саптың алдына түсіп бірінші қашқан Жүніс қожа қалған әскеріне мойын да бұрған жоқ».

Қоқанд билеушісі Әлім ханның тұсында 1809-1810 жылдың қысында Ташкент түгілі Шымкент, Сайрам,Түркістан Қоқанд шабуылына ұшырады. Әлім ханның орнына келген оның баласы Омар әке жолын жалғастырып Дәшті Қыпшаққа қарай жол тартты. Бір жаздың ішінде Кереуші, Тойтөбе сияқты Құрама елінің орталықтары да, Ташкент пен оның маңындағы оншақты қалашық та, Түркістан өлкесі де Қоқанд билігіне көшті. Осы жолы Түркістан мен Ташкент алқабындағы қазақтың ру басы билері мен батырлары Омар ханның қолынан «датқа» атағын алып ол ханның «Жарлығымен» әбден бекітілді. Міне

осылайша қазақтың күнге алқабында бұрынғы хан, сұлтан, аталық мәртебеліері жойылып енді Қоқандқа бағынышты «датқа» лауазымы енді. Алғашқы бетте қазақты алдаусыратып, көбірек жағынған Қоқанд хандары кейіннен құрықты салып, бұғалықпен буындырып, салықпен тұншықтыра бастады. Сол себептен қазақтың XIX ғасырдағы тарихында отаршылыққа күрес тек солтүстік өлкеде ғана емес, оңтүстікте де болып жатты.

Жабай батыр

Міне, Жабай батырдың өмірінің соңы осы аласапыран уақытқа дөп келді. Бір ғажабы осынау күрделі кезеңде батыр өзінің атын тарих шежіресіне алтын әріппен жазып кетті. Жабай бабамыз туралы деректерді тек қазақ аңыз-әңгімелерінен ғана емес, сонымен бірге Ташкент жұртшылығынан да естиміз. Болашақта Жабай батырдың Ташкенттегі естеліктері де арнайы зерттеліп, жаңа зерттеулерге арқау болады деп сенеміз. Соның бір мысалы Ташкент зияратханаларына арналып өзбек тілінде шыққан «Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари» кітабы. Бұл кітапта Ташкент шаһарындағы әулие-әнбие жерлер туралы түгел жазылған екен. Кітапта Жабай Қазыбекұлы туралы құнды дерек те кездеседі: «ЖАБАЙ АТА (Қазыбекұлы Жабай әулие) (1728-1810) (Шайхантауір ауданы, Көкше махалласы, «Шайх Зайниддин баба» қабірстаны): «Сіргелі Жабай атаның әкесі Қазыбек қажы өте білімді, шешен кісі болған дейді. Сол уақыттағы Ташкент қаласының басшысы Қазыбек атаны Қоқан хандығына бара жатқан елшілердің басшысы етіп тағайындап жібереді. Бұны естіген тоғыз жасар ұлы Жабай да өзін көппен бірге алып кетуді әкесінен өтініп сұрайды. Әкесі рұқсат бермеген соң бала Жабай керуеннің артынан жасырынып еріп, Қоқан қаласына жол тартады. Елшілер Қоқан шаһарына кіре бергенде, Қазыбек баласының еріп келе жатқаны туралы хабарды естиді. Ханның уәзірлері елшілерді үш күннен соң қабылдайтынын айтады. Сол күні түнде ханның түсіне еніп, еліне жас бала болып әулие келгені, сол құлағында кесік белгісі бар екені аян береді. Хан ерте тұрып, қызметкерлеріне алыстан келген елшілерді жедел түрде қабылдайтынын хабарлайды. Сарайға барлығы түгел жиналған соң: «Сіздер білесіздер ме, бұл жерде мықты әулие кім?» деп сұрақ қояды. Сарайда отырғандардың барлығы: «Білеміз, бұл жерде әулие сізсіз» деп бірауыздан жауап береді. Хан: «Жоқ» деп орнынан тұрып, адамдардың арасымен өтіп барып, әкесінің арқасына тығылып отырған баланы көрсетеді. Қолынан ұстап жетектеп бара жатқанда құлағының кесік жерін көріп қалады. Сарайда баламен ұзақ сұхбаттасады. Елшілермен бірге баланы бірнеше күн қонақ етіп күтеді. Қоштасар алдында баланың әкесіне білімді ғалымнан білім алуы қажеттігін айтып түсіндіреді. Өз жұртына келген соң әкесі Қазыбек баласы Жабайды оқытады. Жылдар өтеді. Сіргелі Жабай ата өз заманының ел қорғаған батыры ретінде танылады. Сіргелі Жабай атаның жатқан жері Ташкенттегі Көкшедегі «Шайх Зайниддин баба» қабірстанында орналасқан» (А.А. Мухаммадкаримов, А.Х.Обидов, З.С.Искандаров. Тошкентнинг Табаррук зиератгохлари, Ташкент, «Наурыз» баспасы, 2016, 84-б.).

Елдің ауызындағы әңгімелерге қарағанда Қазыбек палуан түрлі жағдайлармен отыздан асып, қырыққа қарай кеткенде үйленіпті. Ол жеңгелерінің қолқалауымен Қырбас деген қызды көруге барады. Жеңгелері қызды ертіп әкелген кезде Қазыбек оны камшымен тартып жібереді. Екінші рет оңтайлана бергенде қыздың жеңгелері оның қолынан ұстап қалады. Сонда көріпкелдігі бар Қырбас: «Екінші сілтеген камшыны бекер ұстадыңдар-ау, мен бұл жігіттен екі бірдей әулие перзент табар едім, әттең әулие ұлым біреу-ақ болып қалатын болды» депті-мыс. Сөйтіп, болашақ әулие Жабай батыр дүниеге келіпті деседі.

Жабай батырдың жаугершілік замандағы ерлік жолы да зерттеуге сұранып тұрған тақырып. Ол 1750 жылдардан бастап қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-қырғыз соғыстарына белсене қатысты дейді жергілікті шежіреші қариялар. Арқа жерінде жиі кездесетін «Қалмақ қырған» соғыстарында қазақтың батырларының басы түгел қосылып жүрді, одан кейін Әмірсананы қытайға бермейміз, іргемізді жалаңаштамаймыз деп 1756

жылғы «Шүршіт қырған» атаңған Қытаймен соғыс. Бұл туралы біз аз жазған жоқпыз. Соның бірі 1760-шы жылдардағы Қоқанның араласуымен жоғарғы қарақалпаққа басшы болып жүрген Бөрі сұлтан өлгеннен кейін болған оқиға. Қоқанд Абылаймен ұстасуға тура келетінін есепке алмаған, Бөрінің Қайып әулетінен екенінен, Абылайдың қызын алып отырғанынан, екі ортадағы туыстық қатынастан хабарсыз. Бұл оқиға алдымен Түркістанда отырған қазақтың бас ханы Әбілмәмбет ханға жетті. Жасы ұлғайып қалған, жаугершілікпен ісі жоқ хан қолма-қол Қоқанға ештеңе де жасай алмады. Ол Нияз аталықпен ақылдасып амалсыздан Абылайға адам шаптырды. Маусым айында Абылайға жеткен шабарман мына мазмұндағы хатты жеткізді: «Мына Құрама деген елмен не істейміз? Не еліні, не сауда керуенін өткізбейді. -Елді тонап, бағынбай өз бетімен кетіп барады».

Одан кейін 1765 жылы Көкшетауда қырғыз шабуылына байланысты қазақ мәслихаты өтті, бұған көптеген қазақтың би-батыры жиналды. Қазақ шешендері қалың көптің, қалың әлеумет алдында қырғыздан көрген қорлықтың бастан асқанын, енді ақ үйліге алданбай, кекке шабу керек екенін дәлелдеп, оңтайлы әдістерді нұсқады. Осы жылы күзде Абылай жорық туын көтеріп Бурабайдан күнгейға қарай сапарға шықты, алдағы мақсат қазақтың Жетісу мен Сыр бойындағы иеліктерін жаудан қорғау, өз иеліктеріндегі өлкеге табан бекіту, өзгеге сес көрсету. Бұл жорыққа да Жабай батырдың қатысқаны даусыз болса керек. Қазақ әскері бір жағы Қырғызға, екінші жағы Құрама мен Қоқандқа қарсы, бір оқпен екі қоянды ататын қимыл еді. Орта жүз бен Кіші жүздің қолы Шудан асқанша, олардың елшісі Ташкент төңірегіне барып та қалды. Хатты бірінші көрген шаһар әкімі Балдыбек хатты жыртып тастады "бізге не істей аласың" деген қалыпта ашық қарсылық жасады. Ташкент бегінің бұл қастығы қазақ әскерінің ашулы кейпін одан әрі түтетіп жіберді. Қалмақ пен Қытаймен соғысып, әбден шынығып қалған жігіттер Ердененің сазайын тартқызып Қоқан, Сарқант, Қатағаш, Рабат деген оншақты қаланың шаңын аспаннан бір-ақ шығарды. Қазақ басшылары Құрама еліне кешірім жасап, содан енді мейманаңыз аспасын деп әкелген сыйын түгел қабылдап, бейбітшілік келісімді бекітті. Осы уағданы Ташкент маңында құрамасы бар, сарты бар, қазағы қосылып тойламақ болды. Расында қазақ жағы қыңырланып қайткен күнде де соғысамыз десе бұл жаймашуақ хал болар ма еді. Балапан басына, тұрымтай тұсына кетер еді ғой. Ташкенттіктер тойдан аянған жоқ: соғысып алатын олжаларынды өнерің асып алса қолыңнан қайтармайық деп ат бәйгесіне, мергендікке, балуан күресіне бір-бір керуен астық қойды. Арқаның малшы қазағы үшін бұл ұлан-асыр байлық. Осылай 1766 жылы Қоқанды орнына қойып, Ташкентті күшпен бағындырған соң қаншама олжамен, дүниемен артынып-тартынып елге қайтты.


Қоқан иеленіп жүрген қазақтың жеті қаласы бар еді, түгел қайтарды. Сайрам, Шымкент, Ташкент қалаларына қожа-сарттан сенімді адамдарды қалдырды. Орынборда қазақ істерін қадағалап отыратын Петр Чучалов Ресейдің орталық үкіметіне хабар салып: «Абылай былтыр Ташкентке Ердене бекке жорық жасады. Ташкентті қоршап, одан Ресейге баратын жолды басып алды. Ташкенттіктер Абылайға қарсы тұра алмай, сұраған салығын берді. Атап айтқанда әр адамнан бір шекпен мен бір шапан және әскердің тамағы төленді. Қазір Ташкент Абылайдың және қазақтардың қолында. Соның арқасында ташкенттіктер қазақтармен бөгетсіз сауда жасауда. Қытайға Абылай хан жіберген Керей сұлтан мен екі қазақ әлі сол жақта, қалғандары мол сыйлықпен ерлеріне оралды» (Абылай хан. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құраст. З.Тайшыбай. Петропавл, 2004., -378-б).

Жабай батырдың «Ақ тулы Жабай» атанатын да Абылай хан жолына, қазақ халқына адалдығының арқасы. Бір аңыздарда ақ туды Абылайдың өзі беріп еді Жабайға делінеді, екінші бір аңыздарда Абылай Хан қорғанда қоршауда қалып, құсадан өлгенде оның ақ туы Қоқанд қолына түсіп еді, соны хан сарайынан, жатқа қор болмасын деп батырдың өзі алып келіп еді делінеді. Екі жағдайда Жабай бабамыз қасиет қонған, текті азамат екенін

дәлелдеп тұр деп есептейміз.

Жабай әулие өзінің бақилық боларын алдын ала болжап біліпті дейді елдің әңгімесі. Сөйтіп, ағайын-туыс, жақын тумаларын жинап, өзінің үш күннен кейін мәңгілік мекеніне барып, жаны жай табатынын айтыпты. Кіндігінен тараған балалары әкелерін арулап шығарып салудың қамына кірісіп кетіпті. Сыр бойындағы қыстауынан көктемдегі жайлауына көшіп келеді. Қазіргі кесене тұрған Әлімтау деген жерге келгенде, батыр көшті тоқтатып: «Мен үш күнге рұқсат сұрап едім. Онша ұзай алмадық, енді үй тігіндер. Мен осы жерде Алланың аманатын тапсырамын. Мен дүниеден өткен соң Биесимасқа, Жанкел ақынның жанына қойыңдар, не болмаса дәл осы мен дүниеден өткен жерге қойыңдар. Бірақ ишандар, ел басшылары мені Ташкенттегі ишандар мазары Көкшеге қоятын болса, онда менің рухым Ташкентте болмайды, келешекте мені іздегендер осы мені жуған жерден іздесін. Баршаңызға ыланадаған мал мен бедеу әйелдерге пайдам тиер» деген екен. Осылайша Жабай батырдың Әлімтауда қайтыс болып, Ташкентте жерленген себебі осы екен. Бүгінгі күні қазақ елі өзінің қасиет көретін ескерткіштерін түгендеп, асыл аруақтарын құрметтеп жатқан уақытта Ташкент қаласындағы Жабай батыр басына да кесене көтеріп, белгі соққан дұрыс болар еді. Бұл бір жағынан елдің өзінің қасиетті бабасына деген құрметі болса, екінші жағынан қашаннан бауырлас екі елдің арасындағы ынтымақтың ескерткіші болар еді.

Саха сіргелері (сэргэ)





Жабай баба кабірі, Ташкент қаласы, К кше кабірстаны

доктор исторических наук, профессор,
академик Международной академии информатизации (МАИН) и
Российской академии естественных наук (РАЕН)

Международный институт интеграции социогуманитарных исследований Интеллект Орда,
Генеральный директор, Алматы, Казахстан

БИОИСТОРИОГРАФИЯ И УСТНАЯ ИСТОРИОЛОГИЯ КАЗАХОВ

Процесс формирования исторического сознания в Республике Казахстан включает в себя широкий комплекс проблем и вопросов, связанных с инициативами Елбасы Нурсултана Назарбаева по духовно-культурному возрождению. Программные статьи Рухани жаңғыру и Семь граней Великой Степи носят стратегический и практический характер. Они направлены на раскрытие ранее неисследованных или малоизвестных страниц казахской истории в системе, прежде всего, мировых исторических процессов. Здесь на передний план выступает вопрос не простого вплетения исторического прошлого казахского народа во всемирный процесс, а, занятие им достойного места в нем. Для этого необходимо эту историю верифицировать и подвергнуть всестороннему анализу.

В последнее время наблюдается тенденция интеграции истории казахов во всемирную через тюркскую историю, историю Центральной Азии и Евразии. Такой подход, безусловно, имеет право быть и способствует реализации задач по интеграции во всемирную историю. Однако, сегодня, в свете программных статей Елбасы актуализируется тема самостийной истории казахского народа, ее индивидуальные особенности и грани, в целом вопрос о складе казахов в историю человечества. В этом отношении обращение к жанру биографической историографии, к жизни и деятельности отдельно взятых личностей, собственно персонификация истории – задача благородная, но и многотрудная.

Исторически вся история казахов и других народов разных континентов строилась на написании и изложении, прежде всего, истории конкретных исторических героев. Это сложившаяся традиция, к которой до сих пор обращаются исследователи. Не случайно, обращаясь к анналам истории, отраженным в исторических документах и материалах, в качестве ключевых принято искать инициалы отдельно взятых личностей. Последние, как правило, бывают как известными, так и неизвестными. В большинстве своем исторические источники содержат часто просто упоминания тех или иных персоналий. Часто в условиях, особенно устной народной историологии приходится иметь комплекс проблем, связанных с локализацией, временными несоответствиями, смешениями героев с одними и теми же именами и т.д. Поэтому любой вопрос по исследованиям в области биографической историографии должен решаться с позиций комплексного изучения.

Следует отметить, что несмотря на обилие работ и публикаций об исторических персоналиях казахской истории, сам жанр биоисториографии является относительно новым и требует специального изучения, обобщения и анализа. Тем более, что собственно казахстанских исследования по теоретико-методологическим и даже методическим аспектам проведения исследований в сфере персоналистики практически отсутствуют. В большинстве своем приходится иметь дело с недостаточно научными, научно-популярными, публицистическими произведениями, верифицированный потенциал и содержание которых достаточно низкий и вызывает большие сомнения. Речь здесь не идет о сугубо фундаментальных исследованиях научного плана. Хотя и в них порой могут допускаться субъективные видения, поскольку сам жанр исторической персоналии не может обойтись без авторской позиции того или иного исследователя.

В свете сказанного проблема биографического жанра актуализируется сегодня как никогда. Особенно в условиях разработки широкого круга вопросов, связанных с

формированием общественного сознания и появлением трудов, направленных на персонификацию национальной истории. Как известно, историографическая традиция казахской степи породила совершенно уникальный вид трансформации исторической информации, который ныне не воспринимается иначе как устная народная историология казахов. Пожалуй, поэтому появилось утверждение о том, что в истории казахского народа нет ни одного крупного события и ни одного видного деятеля, о котором не были бы сложены предания и легенды как формы облечения исторической информации.

Обращение казахстанских историков-источниковедов и историографов к жанру устной народной историологии отмечалось еще в советский период. В этом отношении весьма ценными являются труды А.Х. Маргулана, Е.Б. Бекмаханова и других. Однако, в силу советской политической конъюнктуры и вследствие состоявшихся идеологических кампаний над разработчиками жанра устной историологии, на эту проблематику на долгие было наложено табу.

Атмосфера возрождения исторической науки в период обретения Казахстаном независимости сделала возможным обращение казахстанских исследователей к изучению ранее запретных тем. В результате проведенных исследований в научный оборот были введены новые источники, характеризующие особенности развития исторических знаний и представлений у казахов о своем прошлом в досоветский период. При работе с памятниками письменной и устной историологии казахского народа впервые использовался метод системно-структурного источниковедческого анализа.

Большой вклад в изучение устной народной историологии казахов внесли академики М.О. Ауэзов, С.А. Каскабасов и другие ученые академического Института литературы и искусства [1, СС. 331-358]. Результаты их исследований в области специфики устного народного творчества в наиболее общем виде сводятся к нижесказанному.

Все крупные события, начиная со времени формирования собственно казахского народа и до вхождения Казахстана в состав Российской империи стали содержанием многих устных легенд, рассказов, сказок и преданий. Причем, в них события излагаются нередко в связи с именем какого-либо исторического деятеля или с названием какой-нибудь местности. Таковы, например, предания, связанные с именами Аз Жанибека и Жиренше, Аблая и Казбека, Исатая и Сырыма. К их числу относятся также рассказы о событиях времен великого бедствия XVIII века, о восстаниях в различных местах Казахстана и боях казахских ополченцев с джунгарскими захватчиками. Имеются также рассказы, повествующие об отдельных местностях, урочищах и населенных пунктах. В традиционной фольклористике такие рассказы принято относить к разряду преданий.

Предание – своеобразная устная история народа, сохраняемая и устно передаваемая им от поколения к поколению. Но это не означает того, что исторические события, легшие в основу предания, передаются в нем адекватно, без изменений. Как и весь фольклор, предание тоже не лишено анахронизма и вымысла. Поскольку предание возникает спустя несколько лет после излагаемых событий; поскольку оно распространяется устно и, передаваясь из уст в уста, обрастает дополнительными деталями; и поскольку в процессе дальнейшего бытования оно все более вбирает, хотя и не сознательно, элементы художественности, реальная основа предания начинает тускнеть, события и люди перемещаются во времени, т. е. происходит так называемая «фольклорная историческая циклизация», и в результате всего этого изменяется первоначальное держание рассказа, появляются его варианты. К этому следует добавить миропонимание и социальную принадлежность рассказчиков и слушателей, которые по-своему, с позиции своей эпохи и своего социального или служебного положения могут передать предание и оценить его содержание. Этим можно объяснить наличие таких преданий, которые выражают спорные идеи.

Подавляющее большинство казахских преданий носит народный характер, отражает

народный взгляд на то или иное событие. Особенно показательны в этом отношении предания о тех личностях, которые были организаторами и руководителями борьбы казахского народа против чужеземных захватчиков и местных угнетателей.

Главной особенностью предания, отличающей его от других жанров фольклорной прозы, является его ярко выраженная установка на историческую действительность. В то же время предание всегда исторично, будь оно историческим или топонимическим. Это деление чисто условное, т.к. топонимическое предание составляет реальную основу, а в историческом предании нередко присутствует также топонимический мотив. Таким образом, название топонимическое предание должно быть признано условным, и к нему следует относить рассказы, повествующие о событиях, связанных с какой-либо местностью, его возникновением и название которой объясняется не в связи с древними мифическими понятиями и не как результат чуда, а в связи с конкретным событием или же именем известного исторического деятеля.

Среди народных преданий встречаются так называемые песни-легенды. Они выделяются некоторыми исследователями в самостоятельный жанр. С точки зрения жанровости они весьма синкретичны: в них можно обнаружить признаки и мифа, и предания, и легенды, и даже сказки и эпоса. Еще в 1939 году М. Ауэзов и Л. Соболев отмечали: В кюй-легендах смешались характерные формы казахского фольклора. Здесь в форме новеллы мы находим и сказки о животных, и историческую песню, и песни-плачи жоктау и естирту и т. д.

К историческим преданиям относятся и шешендік сөздер (изречения ораторов), выделяемые в казахской фольклористике и изучаемые в качестве самостоятельного фольклорного жанра. Шешендік сөздер - это рассказы о каких-либо событиях или фактах жизни, послуживших причиной возникновения определенных афористических и мудрых изречений, приписываемых о традиции какому-либо из ораторов периода Казахского ханства. Но такие рассказы обычно преподносятся так, как будто в них главным является не событие, а высказанное мудрое изречение в ходе того события или по его поводу.

Поскольку подобные рассказы, как правило, связываются с именами исторических лиц, получивших в народе славу шешена (оратора, мудреца), некоторые из шешендік сөздер выглядят как эпизоды из жизни этих людей. Считается, что шешендік сөздер сообщают о реальном или вполне возможном факте и по существу являют собой образцы исторических преданий. Но, в отличие от собственно исторических преданий, они выполняют, наряду с познавательной, также общественно-политическую, законодательную, эстетическую и нравственную функции. Многие казахские бии, разбиравшие родовые тяжбы или частные споры, как правило, прибегали к помощи хорошо известных населению шешендік сөздер, где давались решения подобных дел.

Своеобразную часть исторических преданий можно считать казахские шежіре - генеалогические рассказы, повествующие о родах и племенах, связывая их происхождение с каким-либо историческим событием или личностью. Не случайно, что некоторые ученые рассматривают шежіре как один из важных исторических источников и используют его при изучении этногенеза того или иного народа. У казахов шежіре - генеалогия рода и племени, воспринимавшаяся как истинная история и родословный документ. Следует отметить, что не все шежіре имеют историческую основу. Часть их, которая повествует об истории возникновения рода в связи с конкретным историческим событием или же деятелем, является подлинным шежіре и относится к разряду исторических преданий. В них все подчинено идее сохранения последовательности поколений, стремлению к тому, чтобы как можно более точно передать историю рода. Вместе с тем, есть и другие шежіре, в которых происхождение отдельных родов объясняется мифически: связью человека с животным или неземным существом. Такие шежіре должны считаться родовыми мифами, где основное внимание сосредоточено на объяснении, почему той или иной род отличается

храбростью или хитростью и т.п.[2].

Казахстанскими исследователями исторические предания по рассказываемым в них событиям и действующим лицам, по общей тематике и содержанию условно подразделяются на 6 групп.

1. Предания, в которых смутно сохранились события огузско-кипчакской эпохи казахской истории в VIII-XII вв. В них фигурирует Коркут, Ахмет Яссави, Арслан и другие деятели того времени, в том числе и религиозные.

2. Предания, рассказывающие о событиях времени монгольского нашествия и Золотой Орды в XIII-XV вв. Действующими лицами в них являются Чингиз, Джучи, Тохтамыш, Едиге, Тимур, Сыпыра жырау и др.

3. Предания о событиях, происходивших в период образования и расцвета Казахского ханства в XV-XVIII вв. Главными героями выступают основатель ханства Жанибек и его потомки в лице казахских ханов и султанов.

4. Предания, повествующие о казахско-джунгарских войнах в XVIII вв. Центральными фигурами в них являются народные батыры и выдающиеся бии-шешены - Толе, Казыбек, Айтеке и другие деятели, сыгравшие большую роль в организации борьбы за независимость страны.

5. Предания о народных восстаниях XVIII-XIX вв. под предводительством Сырыма Датова, Исатая Тайманова, Махамбета Утемисова, Кенесары Касымова, Джанходжи Нурмухамедова, Есета Котибарова и др.

6. Предания, рассказывающие о национально-освободительном движении 1916 года в Казахстане; руководителях и организаторах восстаний на местах: Амангельды, Бекболате, Жаменке, Узаке и других.

Следует отметить, что указанные группы преданий различаются между собой не только по теме и времени, но и по степени историчности. Чем древнее событие, тем предание менее исторично, и оно более тяготеет к легенде. В силу большой удаленности события во времени реальная основа сказания тускнеет, она смешивается с вымышленными в ходе долгого устного бытования ситуациями, в результате чего первоначальный сюжет обогащается новыми мотивами и предание становится произведением, где герои идеализируются, а их действия гиперболизируются, и порою приобретают фантастический характер. Иначе говоря, древнее предание превращается в легенду. Для киргиза пение и слушание былин – источник эстетического наслаждения; не будучи, быть может, способным вполне разделять восторги киргиза в этом отношении, читатель-европеец за то извлечет большую пользу из знакомства с народной поэзией киргизов, так как в ней отразились почти все черты их быта, весь их душевный склад, из взгляды, надежды и идеалы. О составе и общем характере киргизских былин. К древним историческим преданиям относятся и те, которые связаны с именами Чингисхана, Джучи, Тимура и других. Эти предания донесли до нашего времени ядро событий, дыхание эпохи, имена людей, их поведение и поступки. Именно эта сторона преданий представляет собой историческую ценность. Однако разобраться в реальности событий трудно, потому что очень часто в них наблюдается анахронизм.

Ярким примером этого может быть популярнейшее в народе предание Ақсақ құлан (Хромой кулан). Сын хана охотится на куланов. Увлеченный охотой, он не замечает, как отрывается от своих сородичей и оказывается в стаде куланов. Раненый вожак стада затаптывает его. О смерти ханского сына никто не решается сообщить отцу, ибо грозный хан извещает людей, что тому, кто сообщит ему недобрую весть, он рот зальет свинцом. Но находится смельчак, который игрой на домбре дает знать хану о смерти сына. Жестокий правитель наказывает домбру и истребляет куланов. Принято считать, что в этом предании в поэтично-музыкальной форме рассказывается о смерти Джучи, старшего сына Чингисхана. В некоторых вариантах этого предания отцом погибшего

оказывается Алаша-хан, эпический прародитель казаков. В других вариантах на охоте умирает не Джучи, а его сын, иногда сын Жанибека или же сын Тимура. Как видно, в произведениях на один и тот же сюжет фигурируют люди разных эпох. Это - обычный анахронизм, присущий народной историологии в целом.

К древним преданиям можно отнести также и те, где рассказывается о событиях времен Золотой Орды, а также эпохи образования и расцвета Казахской ханства. В них главными действующими лицами являются такие исторически личности, как Тохтамыш, Едиге, Тамерлан, Жанибек, Асан Кайгы и другие. В большинстве этих преданий наблюдаются те же признаки, что были присущи огузско-кипчакской эпохе; изображение не одного конкретного факта, а суммы нескольких событий путем их циклизации вокруг одного или нескольких лиц. Например, из преданий о Тохтамыше можно узнать о сложных его взаимоотношениях Едиге и Тамерланом, которые находились то в союзе, то во вражде.

По сравнению с этими преданиями, возникшими в древности и претерпевшими большие изменения, предания, повествующие о событиях XVIII-XIX вв., относительно лучше сохранили свою реальную основу. Особенно историчны в отношении предания о войнах казахов с джунгарскими захватчиками. Основное содержание их - нападение Галдана Церена и Цевана Рабдана на казахские земли и героическая борьба казахского народа против джунгарских феодалов. Большое количество преданий рассказывает не только о событиях Великого бедствия, но и кровопролитных столкновениях между самими казахскими феодалами. Большинство их связано с именами батыров, султанов, шешенов, родо-вѣк старейшин и других, кто проявлял храбрость в сражениях за родную землю и народ. К примеру, можно назвать предания о героических деяниях и мудрых решениях Казыбек бия, Абылай хана, батыров Богенбая, Кабанбая, Байкозы, Жаппака и других. В них отражены некоторые реалии социально-политического положения в казахской степи. Народ страдал и от джунгаров, и от междоусобных войн келте (мелких) ханов, и от взаимных набегов родов и племен. Например, в преданиях о нападениях Абылая, Нуралы, Есима и других ханов на соседние племена показывается, как простой народ, измученный притеснениями и гнетом, выступает на защиту своих аулов. Весьма показательны в этом отношении предания, повествующие о событиях, происходящих во время народного восстания 1783-1797 гг. под предводительством Сырыма Датова. В одном из них рассказывается о том, как предводитель восстания Сырым Датов убивает хана Есима. Однажды, когда Есим-хан по обыкновению выехал для сбора налогов и остановился вблизи города Томпак, Сырым Датов, узнав, в какой юрте спит Есим-хан, напал на стоянку и убил его. Это предание основано на реальном факте, - отряд повстанцев в ночь с 26 на 27 марта 1797 года напал на ханский аул, убил хана Есима и затем разграбил его аул.

Итак, в преданиях о событиях XVIII века более четко проступают реальные основы. Это характерно и для тех преданий, в которых излагаются события XIX и начала XX вв., особенно восстания под руководством Исатая Тайманова, Махамбета Утемисова, Кенесары Касымова и других, а также борьба казахов Семиреченского края против кокандского хана, которую возглавляли Суранши, Саурык и другие батыры. Многие факты, излагаемые в них, нередко совпадают с историческими документами и сведениями, что является, как известно, главной особенностью жанра исторического предания. Конечно, и в этом случае присутствуют элементы художественности, особенно в описании деталей смерти руководителей восстания, как это выглядит в предании о Кенесары и его брате Наурызбае.

Использование народных преданий в качестве исторического источника очень важно для более глубокого и осмысленного понимания национальной истории. У каждого народа сохранилось множество фольклорных произведений, дошедших до нашего времени из самой глубины веков. Необходимо уметь выделять из них те события, которые происходили на самом деле и легли в основу преданий. Для этого исследователи

анализируют и сопоставляют полученные сведения с комплексом других источников. Но даже если предание не исторично, из него можно получить ценные сведения о мировоззрении казахского народа, его чаяниях и бедах, его мечтах и надеждах, социальных и семейных отношениях, связи с другими народами, о взаимодействии культур.

Список литературы

1. Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата, 1961; История казахской литературы. Алма-Ата. 1968. Т.1. Кн. 1; Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. Алма-Ата. 1972; Каскабасов С. Колыбель искусства. Алма-Ата. 1992. - 368 с.
2. Каскабасов С. Колыбель искусства. Алма-Ата. 1992. - 368 с.

Нәбижан Мұқаметханұлы

тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
«Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының» директоры, Алматы, Қазақстан

СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ДӘУІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Тарихтану ғылымында тарихи тұлғатану деген сала бар. Бұл ғылым тарихи тұлғаны тану үшін сол тұлға өмір сүрген тарихи дәуірді тануды талап етеді. Сондықтан біз Сіргелі Жабай батырдың жасаған дәуіріне тереңірек үңіліп, ол өмір сүрен қазақ қоғамының ішкі-сыртқы жағдайына көз жеткізіп алуымыз қажет. Сонда ғана батырдың көрсеткен ерлігінің тарихи маңызын дұрыс бағамдап, оның тұлғалық келбетін толыққанды сомдай алатын боламыз. Сондай-ақ тарихи тұлғалардың өскелең образдары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеп, ұлттық рухани жаңғыруды ойдағыдай жүзеге асыратын боламыз. Бүгінгі конференциямыздың мақсаты да, мәні де осында болса керек деп ойлаймын.

Сіргелі Жабай Қазыбекұлы жөнінде көп зерттеу жүргізген ғалымдар Нағашыбек Қапалбекұлы, Ахмет Тоқтабай, Бекет Тұрғараевтардың анықтаулары негізінде батырдың кіндік қаны тамған жер қазіргі Түркістан облысы Сарыағаш ауданына қарасты Әлімтау елдімекені, өмір сүрген уақыты 1728-1810 жылдар дегенге тоқтаймыз (Нағашыбек Қапалбек. Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. – Алматы: «Жамбыл» баспасы. - 2019, 5-67 бб.).

Бұл кез қазақ тарихында қандай болған еді деген сұраққа келсек, оған ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың сипаттамасын келтіруге болады: **«Қазақ халқының өміріндегі қияметті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар жан-жақтан килігіп, олардың ұлыстарын талқандап, малдарын айдап, адамдарын тұтас отбасымен тұтқындап алып кетіп жатты»** («Уәлиханов Ш.Ш. бес томдық шығармалар жинағы». – Алматы, 1985, 4-т., 111 б.). Егер бұған қазақтың оңтүстігіндегі Хиуа, Бұқара және Қоқан хандықтарының жасаған экспанциясын қосып қарастыратын болсақ, онда қазақ қоғамының сыртқы жағдайының қаншалықты қатерлі жағдайда болғанын түсіну қиын емес. Бірақ бұл қауіп-қатерден қазақтар өз күштерімен, өзінің ақыл-парасатымен, ішкі береке-бірлігімен, ұлы батырларының қол бастауымен, жол бастауымен шыққаны айдан анық. Ол кезде қазаққа сырттан ешқандай көмек келген емес, келмейді де. Қазақ қоғамын қауіптен құтқарған – қазақтардың өз күші, ұлттық бірлігі, ақыл-парасаты мен жауынгерлік рухы болды деп кесіп айта аламыз.

2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы кеңінен аталып өтілді. Сол жылы Сенат төрағасы, қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өзі басқарып өткізген «Қазақ хандығының 550 жылғына» арналған ғылыми конференцияда сөйлеген

сөзінде: **«Қазақ халқы тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ. Ұлы даңқты жеңістердің де, өте ауыр жеңілістердің де зардабын тартып барып жетті»**- деген болатын. Міне, бұл тұжырым да XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси жағдайына сай келеді. Алайда қазақтар жеңілістерге мойынсал болған жоқ, сыртқы шапқыншыларға қарсы күресті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, елін, жерін қорғай білді. Сондай күрестерде көзге түскен, батырлығымен де, ерекше қасиетімен де кең көлемде танымал болған тарихи тұлғалардың бірі Сіргелі Жабай батыр, оның есімі қазірге дейін жұрттың жадында сақталып келді.

Сіргелі Жабай Қазыбекұлы қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қайтарма шабуылға өткен кезеңінде дүниеге келіп, қиян-кескі күрес барысында есейіп-ержеткен, ту ұстап атой салып алға шыққан, жауға шапқан, жеңімпаз сардарлардың бірі және бірегейі деуге тұратын тұлға. Оның жауынгерлік ерлігі Абылай ханның сыртқы жауларға қарсы жүргізген күрестері барысында көрілгендіктен мәселені кең көлемде қарастыруға тура келеді.

1723 жылы қазақтар «Ақтабан шұбырындыға» түсіп, қатты қансырап, әлсіреп қалғаны рас. Бірақ қазақтар есін тез жиды. Олар жаудан аман қалудың бірден бір жолы – бүкіл ел болып жұдырықтай жұмылып қайтарма шабуылға шығу деп түсінді. Сондықтан үш жүздің ұлықтары 1726 жылы Ордабасында ұлттық жиналыс өткізіп, елді біріктіріп, күшті топтап жоңғар шапқыншыларына қарсы күресуге аттанысқа келді. Содан кейін береке-бірліктің арқасында Аңырақайдағы шайқаста қазақтар жоңғарларды ойсырата жеңіп, саяси жағдайды өзгертті. Яғни содан бастап қазақтар ырықты түрде жоңғарларға қарсы шабуылға өтті.

1730 (1731) жылы Абылайдың жоңғар батыры Шарышты жекпе-жекте жер қаптырғаны, қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихи жаңа кезеңге қадам басқанын көрсетті.

Осы оқиғадан кейін Абылайдың қоғамдық орны өсті, беделі артты. Ол Орта жүздің сұлтаны, қарулы күштердің қолбасшысы, Әбілпейіз ханың оң қолы ретінде билік саханасына келді және қазақтардың жоңғар шапқыншыларына қарсы күресіне қолбасшылық жасады. Содан кейін қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстары жеңістен жеңіске жете бастады.

Сондықтан жоңғарлар Абылайды нысанаға алды. Оны 1741 жылы қолға түсіріп, қамауда ұстап тұрып онымен саяси диалог жүргізді. Ақыры Жоңғар ханы мәселені бейбіт жолмен шешуді жөн санап, Абылайға Топыш деген аруын әйелдікке беріп, салтанатпен еліне қайтарды. Мұнда жоңғарлардың көздеген мақсаты – Абылаймен ымыраға келіп, қазақтарға өз үстемдігін мойындату еді. Бірақ Абылай олардың ойын жүзеге асырмады. Өйткені оның мақсаты – қазақ жерін жоңғарлардан босату, Қазақ елінің дербестігін нығайту болатын. Бұл сол кездегі қазақ қоғамының алдында тұрған басты саяси міндет еді. Сондықтан да Әбілпейіз хан саналы түрде 1743 жылы Абылайға хандық билігін берді. Себебі, сол кездегі қазақтың қоғамдық жағдайы Абылайдай парасатты батыр тұлғаның елге басшылық етуін сұранып тұрған болатын. Абылай бұл тарихи миссияны үлкен абыроймен атқарды.

Қазақтар мен жоңғарлар арасындағы күш салыстырмасында 1745 жылы үлкен өзгеріс орын алды. Сол жылы Жоңғар ханы Қалден-Серен (Галдан Церен) өліп, жоңғар ақсүйектері арасында хандық билік үшін қиян-кескі күрес насырға шапты, содан Жоңғар хандық құлдырауға бет алып, әскери күштері әлсірей бастады.

Ал, Қазақ хандығы Абылай ханың басшылығында күшейе түсті. Абылай хан жоңғарлардың ішкі қайшылықтарын шебер пайдалана білді. Ол жоңғардың хандыққа таласқан топтардың әлсіздерін қолдап, күштілерін әлсірету саясатын, яғни жоңғарларды өзін-өзімен күйрету саясатын қолданып арқылы оларды қазақ аумағынан ығыстырып шығарды.

Сол кезеңдегі қытай және орыс деректеріне сүйенсек, 1750 жылдың басында-ақ

қазақтардың жоңғарларды өз жерлерінен ығыстырып шығарғанын анық аңғарамыз. 1754 жылы жазылған қытайдың орда жазба деректерінде: «Абылай Батымашин Елсімдермен бірге ойрат, қазақ әскерлерінен он мың қолды бастап, Бұратала сияқты жерлердегі жоңғар малшыларын барымталап, қолға түсірген тұтқындарын өз жеріне алып қайтты» («Фу Хэн. Батыс өңір деректемелері» Қолжазба жинақ. Тайвей, 1964.) – деген мәлімет жазылған. Осы деректе «Осыған қарағанда, Дауаштың күші әлсіреп, жоңғарлар ыдырайын деген екен, егер дереу әскер аттандырмасақ, қазақтар жол-жөнекей пайда тауып кетуі сөзсіз» (Нәбижан Мұқаметханұлы. «XVIII – XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары». – Алматы: «Санат», 1996, 28 б.) – деген ұсыныстың айтылған.

Осындай жағдаятқа байланысты Қытайдың Цин (Чиң) патшалығы 1755 жылы көктемде Жоңғар хандығын біржолата жою үшін екі бағытпен қалың қол аттандырды. Бұл Цин империясының ертеден жоспарлаған, көп жылдар бойы дайындалған әскери жойқын операциясы еді. Жер қайыстырған қытайдың қалың қолы жоңғарларды қирата қырып-жойып, Даушты (Давациді) тірідей тұтқындап, хандығын жойып жіберді. Аман қалған төрт тайпа елге төрт ноянды тағайындап, оларды тікелей өз басқаруына алды. Сонымен Цин империясы іргесін қазақ жеріне дейін кеңейтіп келді.

Жоңғар ханы болудан дәмелі болған Әмірсана Цин патшалығының хандықты бермегеніне наразы болып, қарулы көтеріліске шықты, бірақ ол жеңіліп қазақ даласына қашып келіп Абылай ханды паналады. Келер жылы Әмірсана күш жинап екінші рет Цин әскерлеріне қарсы шықты және жеңіліп Орта жүз жеріне қашып келіп жасырынды. Бұл жолы Цин империясы Әмірсананы тұтқындау үшін 1757 жылы үш бағытпен үш түмен әскерін қазақ даласына аттандырды, сонымен қазақ қоғамында ауыр әскери дағдарыс туындады.

Осындай қатерлі жағдайда тұтас қазақ сарбаздары Абылай ханның төңірегіне топтасып, қазақ жеріне баса-көктеп кірген шұршұт қалың қолына қарсылық танытып, қайтарма шабуыл жасады. Міне, осы күрделі соғысқа Сіргелі Жабай батыр да қатысты. Зерттеушілердің пайымдауынша «Шымыр Қойгелді 1757 жылы Тарбағатай, Алакөл маңындағы қазақ-қытай соғысында Ұлы жүз қазақтарының қолына қолбасшылық жасайды. Сол жасақтың арасында жасы әлі отызға тола қоймаған Сіргелі Жабай да болғаны айтылады. Бұған Қазақ-қытай соғысы туралы Тәттіқара жыраудың толғауында айтылған:

«Жуан қараны іркілдетіп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейлідей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?

Мінген аты астында
Сан байгеден жүлде алған,
Шабысы соққан желмен тең,

Аты шулы кертөбел» (І.Есенберлин. «Жанталас». –Алматы, 2002, 452 б. Бұл үзінді «Сіргелі Жабай батыр, тоқсаба» кітабының 18 беттен алынды) деген өлеңді дәйекке келтіреді. Сіргелі Жабай осы соғыста ерекше ерлік көрсетеді. Оны бұрыннан білетін Абылай хан 1758 жылы сарбаздарға сардар етіп тағайындайды» (Нағашыбек Қапалбек. «Сіргелі Жабай батыр, тоқсаба». 2019, 18 б.).

Қазақ-қытай арасындағы осы қақтығыс жөнінде Цин патшалығының Орда хаттамасында Абылай ханның елшісінің айтқан: «...Қысыл-таянда қатығысып қалып, екі жақ бірдей арандалдық» («Батыс өңір деректемелері», 31 т.,15-16 б.), - деген сөзі, тарихи шындыққа жанасады.

Бұл дағдарысты Абылай хан бейбіт түрде шешіп, Цин империясымен тікелей

дипломатиялық қатынас орнатып, сауда-экономикалық байланыстарды өрістетті.

Абылай хан 1757 жылы Қанжығалы Бөгенбай бастаған елшілерін Цин патшалығы ордасына жіберді. Олардан Цянлун патшаға жолдаған хатында Абылай хан: «Тарбағатай - қазақтың байырғы атамекені еді, Сіз сол жерді жарылқап бізге қайтарып берсеңіз» («Цин патшалығы Гаозун патшаның орда естелігі» 548 т.,9-10 б.), – деп сұратады. Ал 1762 жылы жіберген елшісінен «Іле біздің байырғы мекеніміз еді, қазақтардың сонда барып мал бағуына рұхсат етсеңіз» - дейді. 1764 жылғы жазған хатында Өр Ертістің бойына қазақтардың баруын сұрайды.

Міне, көріп отырғанымыздай, Абылай хан азуын айға білеген ұлы Цин империясынан қазақтың байырғы атамекенін қайтарып беруді талап еткен. Цин империясы Абылайға қайтарған жауап хатында: қазақтар бізге ешқандай еңбек сіңген жоқсындар, ол жерлерді сендерге жарылқап бере салу мемлекет заңына қайшы келеді; қазақтардың жері ұлан-қайыр ғой, несіне жер сұрайсындар? Жоңғарлар дәурендеп тұрғанда бұл жаққа келе алмайтын едіңдер, енді ендеп кіріп келесіндер» («Цин патшалығы Гаозун патшаның орда естелігі» 548 т., 17 б.), - деген болатын. Бірақ Абылай Цин империясымен дипломатиялық, сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту арқылы, Ұлы жүз бен Орта жүздің бірқатар руларын шығысқа қарай біртіндеп көшіру саясатын жүргізіп, бұрын жоңғарлар басып қалған жерлеріне қазақтарды қайта апарып қоныстандырды. Солардың ұрпағы – қазіргі Қытайдағы жан саны 2 млн-ға таяған этикалық қазақтар болып табылады.

Демек, Абылай хан қазақтың жоңғарлар басып алған өңірлерін толық қайтарып алуымен қатар, Цин империясы иемденіп қалған атамекені Тянь-шаньның батыс сол түстігіндегі Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарына да қазақтардың қайта барып қоныстануына мүмкіндік жасады.

Абылай хан қазақтың оңтүстік өңіріне сұғынып кіріп, ел-жұртты талан-таражылаған қырғыз бен өзбек хандықтарына да сілейте соққы беріп, елін қорғап, жерін сақтап қалды. Осы бағыттағы соғыстарға Сіргелі Жабай батырдың Қоқан ханына қарсы жорықтарға қатысқаны ел жадында сақталған («Сіргелі Жабай батыр, тоқсаба» 17 б.). Сондықтан болар, тарихи романдарда айтылатын «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» (І.Есенберлин «Жанталас» романы, 174 б.) деген сөздер, негізсіз емес.

Елді, жерді қорғау соғыстарда Сіргелі Жабай батырдың көрсеткен ерлігі үшін, Абылай хан оған жеңіс туы - ақ туды тапсырған. Өйткені «Жабай қоластындағы қолының, сарбаздарының ық жағындағы қалқаны, жау жағындағы панасы бола білді. Талай елі, жері үшін жорықтарға қатысып, үлкен қолбасшы, нағыз ту ұстаушы сардар екендігін танытты. Елдің есіне «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» деген атпен есімі қалды. «Сіргелі Жабай ата тек ту ұстаушы батыр ғана емес, жауға ақыл-парасатымен тойтарыс беруші қолбасшы ретінде танылады» («Сіргелі Жабай батыр, тоқсаба» 32 б.). Бұл талас тудырмайтын ақиқат.

Демек, мұнда еліміздің осынау ұлан-қайыр аумағы Абылай хандай парасатты елбасыларының, Сіргелі Жабай сияқты ержүрек батыр бабаларымыздың жанкешті күресінің тарихи нәтижесі екенін атап айтуға тиіспіз.

Жалпы, Сіргелі Жабай батырдың жас кезіндегі тұлғалық келбеті оның Абылай ханның жанында жүріп, елді, жерді қорғаудағы ерлігімен сомдалса, соңғы ғұмыры оның бойындағы ерекше қасиеттері арқылы тылсымдық сырмен сипатталған деп санаймыз

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
оқу және оқу-әдістемелік істері жөніндегі проректор.
Шымкент қаласы, Қазақстан

ХАЛЫҚ СҮЙГЕН БАТЫР

Дана халқымыздан қалған өсиетті сөздің бірі: «Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар». Сан мың жылдық тарихы бар халқымыздың жадында жатталып, ұлттық рухымызды асқақтатқан, ер атағы сақталып келген «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» жырлары көркемдігі мен асқақ патриотизмі жағынан баға жетпес ғажайып дүниелер.

Қазақ халқы өз мемлекетін құрып, өз хандарын сайлап, тарих аренасына алмас қылыштай жарқылдап шыққан ХҮ ғасырдан кейінгі дәуірде де тіпті оңай болған жоқ. Кең байтақ өлкемізді аттың жалында жүріп, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғауға тура келді. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Батыр Баян сынды ерлеріміз ат үстінен түспей азаттық үшін арпалысты. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев атап көрсеткендей: «Халық тағдыры қайқы қылыштың үстінде қылпылдаған кезең» болды.

Шығысы мен батысындағы тілі бөлек, діні бөлек алпауыт елдердің қыспағында қалған бейкүнә халқымыз екі жарым ғасырдан астам уақыт бодандық қамытының аса ауыр салмағын көтеруге мәжбүр болды. Азаттық үшін күрес бір сәт тоқтамады, кең байтақ еліміздің тауы мен тасына, орманы мен өзеніне жау тұяғы тимесін деген ниетпен батырларымыз қасық қаны қалғанша соғысты, басын бәйгеге тікті. Осы аралықта Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи мақаласындағы: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.

Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», - етті деген ақадал аманаты еріксіз еске түседі. Біз батыр бабаларымыздың ерлік істерін ешқашан да естен шығармауымыз керек, олардың өрлік рухы, патриоттық өнегесі ғасырдан ғасырға жалғасса ғана мәңгілік ел боламыз.

Бүгінгі зерттеу объектісі болып отырған тұлға өткен тарихымызда өзіндік орны бар, ерлік пен өрліктің биігінде аты қалған батыр бабаларымыздың бірі Жабай Қазыбекұлы (1728-1810). Терең тарихымызда Жабай батыр деген атпен аты қалған ардақтылар аз емес екен.

Жабай батыр Қарабиұлы (шамамен 1697-18 ғасырдың 70 жылдары) қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының аумағында дүниеге келген. Қанжығалы қарт Бөгенбайдың серігі, Абылай ханның тіректі батырларының бірі болған. Орта жүз құрамындағы керей тайпасының ашамайлы руынан шыққанбатыртуралы Дәстем сал Қарабасұлының «Қаһармандар» дастанында және Бұқар жырау, Үмбетей, Жанкісі, Тәтіқара, Көтеш, Шал ақындар шығармашылығында кеңінен жырланған.

Менің пірім Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сыйынбай,-деп Жамбыл ақын ұстаз санайтын Сүйінбай Аронұлының (1815– 1898) «Жабай батыр» атты тарихы дастаны бар екен. Ойымыз дәлелді болу үшін жырдан бірер шумақ үзінді келтіргенді дұрыс деп санадық.

Айбалта, қылыш жиылмай,

Аспанға шоқ боп ұшқандай.

Ноғайдан шыққан Жабайды,

Бес мың кісі қамайды.
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы.
Суырды алмас қылышты,
Бес мың топты жауменен
Жабай жалғыз ұрысты.
Астына мінген Тайқұла
Түзеді сонда жүрісті.
Ноғайдан шыққан ер Жабай,
Батыр емес кім еді?!

Бұл ноғайдан шыққан атақты батыр жайындағы жыр.

Біздің айтпағымыз ақ тулы Жабай батыр жайында. Ендігі ретте белгілі жабайтанушылар, профессор, жазушы, «Бәйдібек баба» қорының президенті Н.Қапалбекұлының, халық ағарту ісінің үздігі Е.Айтбаевтың деректеріне сүйене отырып батыр бабамыздың өнегелі өмір жолы жайында қысқаша мәліметтер бере кетсек.

Ұлтмыздың бірегей тұлғаларының бірі Жабай Қазыбекұлы ұрпақтары таратқан шежіре мен тарихи деректерге сүйенсек, ол 1728 жылы өмірге келіп, 1810 жылы бақилық болған. Батыр Жабай қазіргі Түркістан облысы Сарыағаш ауданына қарасты Әлімтау елді мекені маңына дүниеге келген. ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысында өмірге келіп, ХІХ ғасырдың басында өмірден өткен батыр баба жайында Ерген Махатбайұлы Айтбаевтың «Жабай тоқсабай әулие» (2012), «Ақ тулы сіргелі Жабай батыр» атты ғылымдық танымдық зерттеулерден (кұрастырушы Н.Қапалбекұлы, 2019) тұратын қомақты кітаптардың шығуы шығуы көп жайтты аңғартады. Сан ғасырлар өтсе де аңыз бен ақиқат қатар сақталып, халық жадында сақталған тұлға қазіргі қазақ халқы рухани жаңғыру әлемінің биігінде тұрып, ерекше үлес қоса алатын ардақты жан.

Жаратылысы бөлек жанның ешкімге ұқсай бермейтін дара қасиеті ерте байқалса керек. Көрегендік қасиеті бар Төле би: «Мына баланың несібесі артық жаралған екен. Алла қаласа, өте қасиетті кісі болады. Екеуміздің қабіріміз Ташкентте болар. Бұл баланы бәле-жаладан, тіл-көзден аман сақтандар» деп бата жасаған көрінеді.

Қасиетті Жабай батыр Сіргелі тайпасының Алыбай (Батыр), Толыбай (Жайдақ) тармағынан тарайды. Ел басына күн туған арпалыс заманда Алыбай батыр інілері Толыбай мен Қалыбайды соңынан ертіп, қазақ ханы Еңсегей бойлы ер Есімнің жасағына қосылады. Ол 1626-1627 жылдары Қара Ертіс бойында болған қазақ-қалмақ соғысында көзге түсіп, жасақ басшысы дәрежесіне көтеріліп, қол бастайды. Оның ерлігіне сүйсінген Есім хан: «Алыбай ерім, сен енді еліңнің батыры атандың» деп жұрт алдында сый жасап, марапаттайды. Содан кейін жұрт Алыбайды «Батыр», жауға жайдақ атқа мініп шапқан Толыбайды «Жайдақ» атап кетеді. Ер Жабай – сол Алыбайдың тікелей ұрпағы.

Жабайдың әкесі Қазыбек Қарашаұлы да өз заманының айтулы азаматы, жауырыны жер иіскемеген палуан болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында ел қамын жеген ерлердің бірі екен. Бұдан түйетініміз батырдың арғы тегі де, бергі тегі елі үшін еңіреп туған ерлер.

Бүгінгі мақсат Жабай батырдың ерлігі мен өрлігі, отан қорғау жолындағы ерлік қасиеттері жайында ғана аз-кем пікір сабақтап, ой бөлісу. Қазақ халқының аса ардақты жазушысы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи трилогиясы ел тарихын танытуда өшпес із қалдырған мәңгілік мұралар санатында. Осы тарихи трилогияның екінші кітабы «Жанталаста» біздің сөз етіп отырған батырымыз жайында кездесетін мәліметтер там-тұмдап кездеседі. Жоңғар соғысынан кейін қазақ-қытай арасындағы соғыс өрбіді. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін тап берген жауға қарсы қазақ халқы қайыспай қарсы тұрды. Қазақ-қытай соғысы туралы сол дәуірде өмір сүрген

Тәтiқара жыраудың (1705–1780)ұзақ толғау-жыры бар. Аталған толғауда ерлік көрсеткендердің қатарында Жабайдың да аты айрықша аталып өтеді. Мысалы:

Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.
О заманда бұ заман,
Мұндай қызық кім көрген?
Мінген аты астында
Сан бәйгеден жүлде алған,
Шабысы соққан желмен тең,
Аты шулы Кертөбел, – деп жырлайды.

Жабай осы соғыста батыр атанады. Оны бұрыннан білетін Абылай хан 1758 жылы сарбаздарға сардар етіп тағайындайды. Бұл жөнінде тарихтың білгірі, жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Жанталас» романында былай деп суреттейді: «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті» [1.474.]. Бұдан түйетініміз Жабай батыр қол басқарған, сарбаздардың сардары атанған, Абылай ханның өзі ақ ту беріп алға сапқа шығарған шын мәніндегі батыр. Ол І.Есенберлиннің «Жанталас» романында айтылғандай, әскербасы болған, сардар болып, Дулат, Сіргелі әскерін басқарушы төрт сардардың бірі болып 1758 жылы ақ ту көтерген. Бұл ақ туды Абылай ханның өзі Жабай бабаға тапсырған.

Шежіреші-жазушы М.Әбдәкімұлының «Жабай атаның танылмаған қырлары» атты зерттеуіндегі келесі бір дереккөздері де назар аударарлықтай. «Жабайдың аты күллі қалың қазаққа Төле би қолының 1745 жылы Ташкентті қайта қайтарып алған кезінде белгілі болған. Осы соғыс алдында Ташкент сыртындағы жазықта он жеті жасар Жабай қалмақтың Исен батырымен жекпе-жекке шығып, оны бір-ақ екпінді соққымен аттан аударып тастайды. Осыдан кейін ол батыр Жабай атанады». [2.92.]

Жабай батыр жайындағы келесі бір дерек көзі Қоқан хандығымен арадағы шайқас жайында І.Есенберлин трилогиясында былай баяндалады: «Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүз қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті.

...Бұлардың мінгендері жал-құйрығы түйілген қамыс құлақ, бөкен сан жүйрік, не болмаса құлан қандас бота тірсек сүліктен жаратылған будан. Олардан кейін Бұхар жырау, Елшібек, Бөкей, Сағыр, Жабай батырлар қоршаған хан Абылай».

Елі, жері үшін талай-талай жорықтарға қатысып, үлкен қолбасшы, нағыз ту ұстаушы сардар екендігін танытты. Елдің есінде «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» деген атпен есімі қалды.

Атақты данышпан философ Аристотельден қалған даналық сөздің бірі былай баяндалады: «Ерлік - аяулы қасиет, соның арқасында адамдар қауіп-қатер үстінде тамаша істер істейді». Жабай батыр ең бір ауыр, туған халқының басы қауіп-қатерге тігілген кезде ғұмыр кешті. Қазақ-жоңғар, қазақ-қытай, Ресей және Қоқан басқыншыларымен болған соғыстардың барлығы халық үшін, ел қорғаған батырлар үшін сын сағаты болды. Осы жолда ол ерлігімен ел қорғаны болды.

Халық батыры Жабай Қазыбекұлы көп қырлы жан, көріпкелдігі, әулиелігі, шешендігі мен көсемдігі халық жадында қалған аяулы тұлға. Біз бүгін халық сүйген батырдың ерлігі мен өрлігі ғана жайындағы ойымызды ортаға салдық. Ол қасиеттері жайында жазу алдағы күндердің еншісінде деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде Жабай батыр көзі тірісінде ерлігімен көзге түсіп, өз ұлтының бостандығы үшін басын бәйгеге тіккен батыр, хан Абылайдың сенімін ақтап сардар,

қолбасшы деңгейіне жеткен шын мәніндегі батыр. Аты аңызға айналған Жабай батырдың ерлігі мен өрлігі туған елінің жадында мәңгі сақтала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Есенберлин І. Жанталас. Алматы, 2002.
2. Әбдәкімұлы М. Жабай атаның танылмаған қырлары. //Ақ тулы сіргелі Жабай батыр. Құрастырушы Н.Қапалбекұлы. Алматы. «Жамбыл» баспасы. -488 б. 2019.
3. Айтбаев Е. Жабай тоқсаба әулие. Алматы. 2012. -348 бет.

Талғат Ергенұлы Айтбаев
Кәсіпкер, Шымкент, Қазақстан

СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР – ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒА

Қазақ халқы өте ержүрек, намысты қолдан бермейтін халық деп айтсам, қателеспеспін деп ойлаймын. Небір қиын-қыстау жаугерлік заманында елін, жерін, туғанын жаудан қорғаған ардақты азаматтарымыз, батырларымыз аз емес. Олардың есімдері Қазақ елінің тарихына алтын әріппен жазылып, өскелең ұрпақ үшін мақтан тұтып, үлгі алатындай. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары Сіргелі Жабай батыр тұлғалық деңгейге көтеріліп отыр. Яғни Жабай батыр ұлттық тұлға болған.

Ең алдымен ұлттық тұлға деген ұғым ол – тарихи өлшем. Яғни тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан, немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар – халық батырлары атанған. Ұлттың тұлғалары атанған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек Сіргелі Жабай батыр секілді батырын жаратқан. Ұлт содан аман қалған.

«Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым, тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті» - деп Тұңғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында айтып өткеніндей кешегі өткен батыр бабалардың ерен ерліктері мен еңбектерін таныту өз тарихымызды бағалау деген сөз. Жабай әулие секілді бабаларымызды жекелей алғанда батыр болған бабалар, ұлт тарихымен қарағанда тұлғалық келбетке енеді.

Қазақ жерінің бір сүйемі де батыр бабаларымыздың арқасында жаудың қолында кетпеді. Осылайша, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын қазіргі кең байтақ өлкемізді, құтты қоныс, ата мекенімізді ұлы жорықтарда батыр бабаларымыз білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп бізге аманаттап қалдырды. Осы еңбегі үшін халық биікке көтерген, ардақтап, аттарын аңызға айналдырған батырлардың ішінде, әсіресе, Абылай ханның қолбасшылары саналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай бір төбе болса, тағы да осылардың қатарында бір төбе қазақ батырларының ақберенінде есімі де айрықша жарқырап көрінетін – Сіргелі Жабай батыр. Осы аталған айтулы Жабай батырдың ел тағдырындағы тарихи орны мен ол

жасаған ерлік жорықтарының мәні мен маңызы да бірнеше ғасырлар бойында ел жадынан бір сәтке де ұмыт қалған емес. Жабай батыр және жоғарыда аттары аталған батырлардың болсын, немесе әр ғасырда өмір сүріп, әртүрлі тағдыр кешкен басқа да сандаған ұлттық деңгейдегі тұлғалардың қай-қайсысын алсаңыз да олардың тұлғасын алдымен халық ішінен шыққан дара тұлғалар.

50-60 жылдардағы және кейінгі онжылдықтар кезеңінде қабырғалы қаламгерлеріміз бен ақын-жыршыларымыз, Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихшы-зерттеушілеріміз өз шығармаларының негізгі кейіпкерлері етіп батырлар тұлғасына қол артуы осыны аңғартады. Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Батыр Баян, Қарасай, Райымбек, Сіргелі Жабай батыр есімі елге белгілі, қол бастаған ұлттың ұйтқысы, басшысы болған батырларымыз бен хандарымыздың тарихымызда соқталы бейнесі сап түзеп, осы арқылы қазақтың рухани әлемі жаңа белеске көтерілді, байтақ кеңістікке шықты.

Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни ел басынан өткен, халық тағдырында терең із қалдырған тарихи, саяси оқиғалар енді нақты тарихи тұлғалардың – қазақ батырларының бейнесі арқылы, солар өмір кешкен, азаттық жолында арпалысып өткен заман, уақыт кеңістігі арқылы көркем шежіреленді. Сіргелі Жабай батыр секілді жауына найза сілтеген осынау тарихи тұлғалардың көркем, жинақталған бейнесін сомдау енді өз кезегінде тарихшылар үшін де жаңа суреткерлік, шеберлік мүмкіндіктерге жол ашты. Осы орайда, әрбір тарихи ізденістің көтеретін жүгі салмақ басып, зерттеу жүйесінің әдіс-тәсілдері көкжиегі де кеңі түсті.

«Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.

Сондықтан, біз бірінішіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы Даланың ұлы есімдері» атты ақу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

...Еліміздің тарихи кезеңдерін қамти отырып, «Ұлы Даланың тұлғалары» атты ғылыми-көпшілікке тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет. Нәтижесінде біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ, шет елдегілер де білетін болады» - деп «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткеніндей Жабай батыр туралы жүйелі ізденістер батыр бабаның тарихи көкжиегін алыс-жақын шет елдерге, халықаралық аренаға бастары анық.

Ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан ұлт тарихындағы ұзын шалқар рухани көшіміздің ең бір асылы мен аяулысы да, яғни рухани құндылықтарымыздың баға жетпес байлығы да қарап отырсақ осы арнадан енші тауыпты.

Ел тағдырындағы батырлардың тарихи орнын бейнелеген, сомдаған Сіргелі Жабай батырдың алар орны бөлек әрине. Азаттықтың ақ таңымен қолымыз жеткен идеологиялық тәуелсіздіктің арқасында Жабай батыр секілді тұлғаларды тану мен таныту жұмыстары енді халық дәйекті негіздерге сүйенген тарихи тереңірек талдау жасала бастады.

Осы орайда қазақ батырларының, соның ішінде Сіргелі Жабай батыр бабамыз да ел тағдырындағы, ұлт тарихындағы орны мен миссиясы да ғылыми негізде, жаңаша ұлттық таным, эстетикалық талғам тұрғысынан шынайы бағасын ала бастады.

Осы іргелі ізденістер қатарында, халық жүрегінде берік орын тепкен, Ерген Айтбаевтың «Жабай тоқсаба әулие» кітабы мен Нағашыбек Қапалбекұлының «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» атты еңбектері «жабайтану» ғылымын жаңа белеске көтерді. Тарихи құндылығын жаңа ғылыми ізденістер арқылы биіктете түсті.

Бүкіл қазақтың басын біріктіріп, қазақ мемлекеттігінің тұтастығын, күш-қуатын жаңа тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік биікке көтерген ұлы хан Абылайдың төңірегінде

топтасқан қазақтың батырларының бірі һәм бірегейі Сиргелі Жабай батыр әлі де мол зерттелуді, жаңаша қырларымен танытуды қажет ететін тұлғалардың қатарынан орын алады. Басқа ақын-жазушыларымызды айтпағанда, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында Сиргелі руы жайлы, ал, жазушы І.Есенберлиннің «Жанталас» романында Жабай батыр бейнесіне тоқталып өтеді. Жалпы, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Наурызбай сынды атақ-даңқы алысқа кеткен батырлармен бірге Жабай батырдың да тұлғасын биік, көтере, марапаттай жырлайтын, олардың ата-тегін, ата-жұртын, асыл елін өлең-жыр арқауына негіз ететін, жалпы батырлықтың, қаһармандықтың қазақ тағдырындағы тарихи маңызын сипаттайтын өлең-жырлар аз болған жоқ.

Сонымен бірге, халық арасында кең тараған, аңызға айналып кеткен әңгіме, жырлардың арқауында айтулы қазақ батыры Жабай батыр әрдайым Абылай ханмен, Төле бимен үзеңгі қағыстырып, бір топта, қатар жүрген жаужүрек, ақберен тұлғаның да аты аталады.

Бір ерекшелігі – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің жылдар бойы ес жия алмай, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген күресінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған осынау қазақ батырларының баға жетпес бірлігі, азаматтық ынтымағы, ұлы достығы тарихи зерттеулердің алтын арқаудай желі тартады.

Шын мәнінде, қазақтың алты алашқа атағы кеткен, ғасырлар белесінде бір сәтке де халық жадынан ұмыт болмаған, халық жүрегінен мәңгі орын алған ақберен батырлардың ұлы көшін атақты ақын-жырауларымыз тұтастықта, бөліп-жармай, яғни алдыңғы толқын батырлардың тағылымын кейінгі толқын Сиргелі Жабай батыр секілді тұлғаларға аманаттап, солардың қайсар рухынан өздері де қанаттанып, күш-қуат алып жекпе-жек сайысында қарсыластарынан үнемі үстем болып отырғанын аңғарамыз.

Қайталап айтсақ, батырын көкке көтерген, олардың тұлғасын ел махаббатына, жұрт сүйіспеншілігіне бөлеген осынау батырлар бейнесінің енді тарихи тұрғыдан тұтасқан, замандар елегінен өткен, бірегей бітім тауып, ірілене, кесектене түскенін байқауға болады.

Сиргелі Жабай батырдың ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, оның кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойып, бұл мақсатта халық тарихын қайта тірілту, сол арқылы оқырмандар санасында тарихи таным мен тарихи тағылымды қайта жаңғырту, қайта ой елегінен өткізуіміз, ұлттық құндылықтарымыз осылайша бір жаңа қырларымен жарық шаша, құлпырта түсуіміз керек.

Атақты батырларымыз, ең бастысы, ел басына қатер төнгенде шашақты найза қолға алып, қазақтың жау жүрек ұлдарын бастап басқыншы жауға тойтарыс берген Жабай батыр сынды ұлт үшін аса қымбат, аса аяулы батырдың халық ауыз әдебиетінде, жыраулық поэзияда, деректерінің кездесуінің сыры алдыменен олар туралы тарихи жырлардың, тарихи аңыз-әңгімелердің ел арасына кеңінен жайылуында және олардың ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жалғасып келе жатқандығында жатыр. Яғни қазақ елінің, қазақ жерінің тағдырындағы Жабай батыр секілді осы қатардағы басқа да әйгілі қазақ батырларының тарихи миссиясының мәні мен маңызын алдыменен осы тұрғыдан таразылағанымыз орынды.

Ең бастысы ел тағдырындағы, ұлттық тарихымыздағы әрбір есімі белгілі, халық жадында биік тұғырға көтерілген, халықтық ұғымдағы ел махаббатына, ел сүйіспеншілігіне бөленген батыр-тарихи тұлға ретінде бүгінгі күнде де, қазіргі заманымызда да еш маңызын жоймайды. Әсіресе қазіргі тұста, қолымыз ұлттық тәуелсіздікке жетіп, еліміз ғасырлар бойы аңсаған, армандаған егемендігін алған тұста қазақ батырларының баға жетпес еңбегі, ерлік жорықтары, ең бастысы бір сүйем қазақ жері үшін қасық қаны қалғанша жаумен жаға жыртысып тағдыр кешкені – тарихи танымның, рухани тағылымның баға жетпес биігі осы.

Бүгінгі күнге дейін Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың осы қолымыз жеткен тәуелсіздігімізді орнықтыру, нығайту мақсатында жүзеге асырған қыруар іс-шаралары да, мемлекетімізді әлем мойындайтын, жер жүзі танитын деңгейге көтерсем деген арман-мұраты да осы мақсатпен, осы арнада үндесіп жатқанын айтуымыз керек. Ұлы батырларымыздың ұлттық тарихи тұлғалар ретіндегі туған жері, туған елі үшін жасаған баға жетпес ерен ерліктерін де, олардың халық жүрегіндегі орнын да осы тұрғыдан бағаласак, қадірлеп, қастерлесек қателеспейміз.

Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында біз жоғарыда атап өткен пікірді мына бір ой өрімдерімен керемет етіп түйіндеп өткен: *«Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.*

Мен халқымның тағлымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңгегі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын».

Ұлттық идеяның алтын діңгектеріндей бой көтерген рухани құндылықтарымыздың барлығы да бір ғана мақсат жолында, бір ғана мұратты көздеп халық жүрегіне жол тартты. Ол мақсат пен мұрат түптің түбінде бізді бүгінгі ұлттық тәуелсіздігімізге, ұлттық мемлекетіміздің мәңгілік баянды болуы идеясына біріктіріп отыр.

Сиргелі Жабай батыр бабаның 290 жылдығы мерейтойына орай ұйымдастырылып отырған конференцияға келген қонақтарға алғыс айта отырып, конференция жұмысына табыстар тілеймін!

1 СЕКЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛАСЫНДА АҚ ТУЛЫ СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ РОЛЬ АҚ ТУЛЫ СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫРА В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ A ROLE OF AK TULY SIRGELI ZHABAY BATYR IN THE GREAT STEPPE

ӘОЖ: 930.14.21

Айтбаев Е.М.(1937-2009)

Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Шымкент, Қазақстан
ЖАБАЙ БАБАНЫҢ КЕРЕМЕТТЕРІ

Түйін: Мақалада Жабай бабаның өмір жолы зерттеу көрсетілді. Сондай арда азамат қолға алар ісі мен сөйлер сөзін, қабылдар шешімін алдын-ала ақыл таразысынан өткізіп, имандылық, адамгершілік пен салиқалық, ізгілік пен мейірімділік, кең мінезділік қасиеттерді бойына жинаған абзал жан – Ерген Махатбайұлы Айтбаев болатын. Жабай баба басына кесене тұрғызуда бастамашы топтың бас иелерінің біреуі болғанын жұрт жақсы біледі. Қариялардың айтуынша бабамыз Жабай Дулат батырларымен тату тәтті өмір сүрген. Бірде Дулаттың бір батыры Жабай атаны меймангершілікке шақырады.

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы зерттеушілер кісе белдіктерді қазақ батырларының, аңшы мен малшыларының күнделікті қолданып, белдеріне тағынатын сырт киімі болған деп көрсетеді. Ата-бабаларымыздың тіршілік-тұрмысында кісе аса бағалы орын алған. Кейіннен қазақ халқының тұрмыс салтының өзгеруіне байланысты кісе белбеуді ауқатты адамдар салтанат күндеріне буынуға жасапты.

Кілттік сөздер: Жабай батыр, қасиет, этнография, қымбат кісе, қазақ халқы

Қазақ жері қашан да үлкен ақыл иесі – парасатты жандарға кенде болмаған. Сондай арда азамат қолға алар ісі мен сөйлер сөзін, қабылдар шешімін алдын-ала ақыл таразысынан өткізіп, имандылық, адамгершілік пен салиқалық, ізгілік пен мейірімділік, кең мінезділік қасиеттерді бойына жинаған абзал жан – Ерген Махатбайұлы Айтбаев болатын.

Ерген қария – ағып жатқан дария іспеттес еді. Өмір жолы ұстаздықпен өріліп, жүрек жылуын, мейірім шуағын жас ұрпаққа егіп келді. Қазақ халқының тарихын, шежіресін, салт-дәстүрін жадында сақтап, ата-бабалар ғұмырдариясын зерделеп тарихтың ақтаңдақтарына үңілді.

Жабай әулие, Дәулетияр датқа, Бекмұрат батыр және басқа да тарихи тұлғалардың рухтарын көтеріп, олар туралы материалдардың жинақталуына, ізденістер жасалуына Ерген Махатбайұлы бірден-бір себепші, дәнекер болды. Ерген қарттың ұйытқы болуымен жарық көрген «Жабай тоқсаба әулие» кітабы тарихымызға байланысты біршама түйіндердің бетін ашып, олқылықтардың орнын толтырды. Бабалар рухын асқақтатып Шымкент қаласынан Жабай әулие мен Бекмұрат батырға көше аттарын бергізуде де Ерген қарияның еңбегі өлшеусіз.

Жабай баба басына кесене тұрғызуда бастамашы топтың бас иелерінің біреуі болғанын жұрт жақсы біледі. Ергеннің артында қалған ізгі істері адамдық келбетті, имани негізді жоғалтпауды, кейінгі буынға өнегелі жол қалдыруды насихаттайды.

Бүгін ақ тулы Сіргелі Жабай батырдың туғанына 290 жыл толуына орай өткізіліп жатқан халықаралық ғылыми конференцияға арналған жинаққа Ерген Махатбайұлының жинағынан үзінді беріп отырмыз.

1959 жылы шілде айының басында Әлімтау аймағында алапат өрт болады. Өрт жолындағысының бәрін жалмап өшіруге бой бермей келе жатады. Н.С.Хрущевтың тың игеру саясатының нәтижесінде сол кезде Дарбаза совхозының Әлімтау бөлімшесінде

мындаған гектар жерлерге бидай егіледі.

Ғасырлар бойы тың жатқан жерге бидай өте бітік шығады. Өрт бой бермей осы бидайға жақындай түседі. Өртті тоқтату үшін істеген әрекеттерден еш нәтиже болмайды. Өрттің алдын алып жер айдамақшы болғанда, екі «ДТ» тракторы өртеніп кетеді. Сонда амалы таусылған Нұрбеков Ошақбай «Дарбаза» совхозының партия ұйымының хатшысы, директор Кузнецовты ертіп Жабай атаның жуғысына барып, Алладан, Жабай бабадан жәрдем сұрайды. Керемет шілденің нағыз қайнап тұрған ыстығында аспанға бір шөкім бұлт шығып, өрттің үстіне төгіп-төгіп өтеді. Өрттің өшкенін көрген екі басшы өрт болған жерге жетіп келсе, өрт бидайға 50-60 метрдей жерге келіп өшкен екен. Содан кейін Кузнецов Атаға сеніп өмір бойы сиынып кетті.

Бұл әңгімені көзімен көрген Кузнецовтың шофері, «Дарбаза» совхозына директор болған Әкім Әбдіразақовқа талай рет айтқан. Мен Әбдіразақовтан есіткенмін.

Өртті көзімен көрген інім Махатбаев Жолдыбай айтып келген еді. Ол кезде Жолдыбай «Дарбаза» станциясы жанындағы №29 орта мектептің 9 сыныбын бітіріп, «Әлімтауда» өндірістік тәжірибе өткізіп жүрген кезі болатын.

Енді, бұл оқиғаны басқа ересек адамдар қалай әңгімелейтініне келейік.

Әбдіразақов деген азамат «Дарбаза» совхозында 1962 жылдан 1970 жылға дейін бақылаушы механик, бас инженер болып қызмет атқарды. Кейін осы совхозға директор болды. Мен Әкіммен «Дарбазада» көрші тұрдым. Ол бұл туралы былай әңгімелейтін:

- Айхожаев Базар сол жылдары «Дарбаза» совхозының директоры Кузнецовтың қызметке мінетін жеңіл машинасының жүргізушісі болып қызмет істеген. Ал Нұрбеков Ошақбай осы совхоздың партия ұйымының хатшысы болып қызмет еткен. Шамасы мына жағдайды көрген, амалы таусылған Ошақбай ағамыз директорды атаның басына жалбарынуға көндіріп ертіп барған ғой. Нұрбеков Ошақбай Жабай атаға туыстық жағынан шөпшек болып келеді.

Әрине, Айхожаев Базар хатшы мен директор арасындағы әңгіменің егжей-тегжейлерін толық білмейді. Бірақ Айхожаев Базар совхоз басшыларының Алладан, Әулие Жабайдан өртті сөндіре көріңдер, жәрдем беріңдер деп жалбарынғандарын көзімен көреді, құлағымен естиді. Міне керемет, сол кезде бір кішкентай кара бұлт өрт болып жатқан жердің үстіне үйіріледі, өрт өшеді, бұлар қуанып кетіп өрт болған жерге зуылдап барып жетсе, өрт болған жерге шелектеп жаңбыр жауыпты, өрт өшіпті, сонда өрт бидайға шамалап 60-70 метрдей жер қалған екен. Бұл әңгімені әкеме: Айхожаев Базар кездескен сайын айтудан жалықпайтын еді – деп әңгімелейтін. Бұдан кейін Кузнецов атаның басына барған сайын зиярат етіп, ақша тастап жүрген. Бұл әдетінен ол қашан Шымкентке жұмысқа ауысып кеткенше жаңылыспаған.

Бірде бір кісінің бес-алты түйесі жоғалады. Олай іздеп, былай іздеп таба алмаған соң, осы Жабайды «Әулие» дейді ғой деп Атаның жуғысына түнейді. Түсінде Ата: «Тұр, тез жет, кешіксең түйелеріңді Сырдың арғы бетіне өткізіп кетеді» дейді. Әлгі кісі тездетіп барса, түйелерді қайықтарға артып, енді кетейін деп жатқан ұрылардың үстінен түседі.

Атаның өзі айтқандай, ылаңдаған малды Атаның жуғысын айналдырса, малдың өлімі пышақ кескендей тиылған. Жабай атадан шын тілесе, тілегенін береді. Бірде Тоқсейіт деген колхоз бастығы колхоз малы ылаңдап ауырғанда, атаның жуғысын айналдырғанда індет табанда тыйылған екен.

Көтермей жүрген әйелдерге жәрдемі тиген, тиіп те жатыр.

Есіткен құлақта жазық жоқ, «Жылға» станциясында бір кісіден мынадай әңгімені есіткенім бар. Ол кісінің әйелімен отасқандарына біраз жыл болса да, бала көтермепті. Содан атаның басына барып зиярат етуге жүрмекші болыпты. Олармен бірге 40-тан асқан бір әйел де баратын болыпты. Ұзын сөздің қысқасы әлгі әйелге түсінде Ата он кесе беріпті, абдырап тұрып әйел бір кесені қолынан түсіріп сындырып алыпты, ал, 40-тан асқан әйелге мүжілген асық сыйлапты. Бірінші әйел 10 ұл бала көріпті, оның біреуі

шетінепті, 40-тан асқан әйел шала ұл туыпты, ол кейін шетінепті.

Алланың құдіретімен Жабай атаға шын ықыласымен сыйынған адамдар, тілектеріне жетіп отырған. Әлі де жетуде.

Тағы бірде Әбен деген тәуіпке (Сарыағашта) Қарақалпақстаннан бір келіншек келіп емделеді. Әбен сол келіншекті үш жыл бойы Атаның басына алып барып зиярат еткізеді. Үшінші жылы келіншектің түсіне бір үлкен кісі еніп: «Ұзақтан келіп үш жыл әуре болдың ғой, мә ал» деп бір таяқ береді, екі шетіне екі орамал байлайды. Алланың құдіреті әлгі келіншек бір ұл, екі қыз перзент көреді. Мұны тәуіп Әбен айтқан еді.

1948 жылы Қожамұрат деген кісі Сырдария совхозының «Шайханасында» қой бағады екен. Малының бастары біраз кем екен. Ол уақытта мал басының кемдігін заң орындары білсе, түрмеден шығары белгілі. Қожамұрат күні-түні Атаға жалбарынады. Бір күні күзде қойды түнетіп жайып, түн жарымы ауа қойларды иіріп, сәл демалуға жатады. Дауыс жетер жерде қойын иіріп Ахметше деген кісі жатады. Қожамұраттың көзі ілініп кетсе бір үлкен кісі келіп: «Ата, ата! – деп қоймадың ғой, менің жүретін жолым бұл емес еді. Саған бұрылдым, жай қолыңды» дейді. Қожамұрат ұйқылы-оюу «Ата-ата» деп қолын жайған күй Атаға қарай жүгіре береді. Қожамұраттың даусын есіткен Ахметше: - Ей, Қожамұрат ұйқыңды аш, шамасы Атаң келді. Білемін ғой, – деп айқайлайды. Айқаймен ұйқым ашылып кетті, бақсам Атаны көрген жаққа қарай жүгіріп бара жатыр екенмін.

Алланың құдіреті сол жылы Қожамұрат та, Ахметше де қойлары егізден қой қоздап, 1949 жылы «Социалистік Еңбек Ері» деген атанып, көкіректеріне Алтын жұлдыз тағады. Бұл әңгімені Қожамұраттың ұлы Ералханнан есіткен едім.

Атаның аруағы басына, не айналасында арақ-шарап ішіп барғанды, мылтық алып барып атқанды жек көреді.

Сарыағаш ауданында Қарақалпақ деген ру бар. Қарақалпақ Шанышқылыға жатады. Бұрынғы Сырдария совхозында «Қарақалпақ» деген бөлімше болған. Сол Қарақалпақ деген жерде Шанышқылының Қарақалпақ деген руынан шыққан бір ауыл тұрған. Қарақалпақтың бір қариялары айтушы еді: - Бір бабамыз батыр болған екен. Сол кісі осы шөлге қоныстанған деп. Негізгі көпшілігі Шыршық бойында тұрады. Сарыағаш ауданының «Партсъезд» деген жерінде біраз Қарақалпақтар бар. Бұлардың бабалары Қарақалпақта тұрған. 1930 жылдары оларды Сарыағаш ауданының «Сталин» колхозына қоныстандырған.

Соңғы кездерде бұл қарақалпақтар Жабай бабаның Баймұрат, Бекмұрат деген немерелерінің балалары мен құда-жекжат болып араласқан.

1925-1930 жылдары Жабайдың шөбересі, Бекмұрат бектің кенже баласы Әбдіқадыр ояз болып сайланар алдында Атаның басына барып зиярат етеді. Ол кезде заманның зәуімен шырақшылар Атаны тастап кеткен болуы керек. Айналада ұлыған қасқырлар өріп жүреді. Түнде қасқырладың зар илеген ұлуларынан үрейленген Әбдіқадыр қос ауыз мылтығын алып, атып қалады. Мылтықтың ұңғысы оқпен бірге ұшып түседі. Әбдіқадыр бұдан секем алып қалады. Түсінде бір үлкен Қара кісі «Сен не, мені атуға келдің бе?» дейді. Әбдіқадыр «Жоқ, ата, қасқырлардан қорқып атып ем» дейді. Сонда Ата «Сені сол қасқырлардан қорғай алмасам мен неге жүрмін» дейді де қолына шолақ қылыш, «айналдыр» деп диірмен береді. Содан Әбдіқадыр ояз болады, бірақ өмірі келте болады. Диірмен елді билеуі, сынық қылыш өмірі болды ғой деп қариялар әңгімелейтін.

Бірде маған болғанды, болмағанды жауып, карточкасына жазылған қатаң сөгіс берілсін деген партиялық жазаны бастауыш партия ұйымы берді. Шешімді бекіту үшін Сарыағашқа партия аудандық партия комитетінің бюросына барар түні түсімде «Қорықпа, сені қорғай алмасам мен не істеп жүрмін» деп үлкен бір қара кісі кірді. Алланың құдіреті бюроны басқарып отырған Жигалина Полина Петровна, делоны ашып қарамай, оқымай мені мақтай жөнелді. Жаңылысты, сөйтіп «Партия мүшелігіне қабылданың» деді. Делоны ашып оқығаннан кейін састы. Абдырап тұрған хатшыға бюро мүшелерінің біреуі:

«Мақтадыңыз ғой. Бұл жігіт жас қой, жеңілірек жаза берейік» деді. Сонда П.П.Жигалинаға біреу қуат бергендей: «Онда ескерту берілсін» деді. Бюро мүшелері бірауыздан оны қолдады. Бұл жағдайға сол жердегілердің барлығы таң қалды. Өзім де таң қалдым. Жабай Ата өзін елегісі келмегендерді елетеді. Арақ ішкендерді жек көреді дегенге мысал ретінде Мамыр Тарақтыұлының мына бір өлеңін келтірейік:

«Таскескен» атты ұжымның
Жайлауы қырда болатын.
Назары түскен Қызырдың,
Сәуірде малға толатын.
Төлекең онда «басқарма»
Халықтың қамын ойлаған.
Үлгі еді ісі жастарға,
Табысын жылда тойлаған.
...Бір күні арақ ішілді,
Сәбидің аты қойылып.
«Былапыт» сөздер айтылды
Араққа қызып тойынып.
Бір төбе бөліп тұратын
Жуғысын Жабай атаның.
Жан болмай еске салатын
Астында қалды-ау наланың.
«Әлімтау» маңы, тау-тасы
Жайғасқан малы бес қора.
Қырылды біраз мал басы
«Топалаң» тиіп масқара.
Төлекең айтты «Тез жеткіз»
Айдасандағы сай мен қыр.
Жабайға атап біреуін
Үш мәрте айдап айналдыр».
Әбекең істеп айтқанды
Құран оқытты басына.
Қойшыны түгел шақырды
Құдайы тамақ асына.
Сол замат саппа тиылды.
Қойларға тиген «Топалаң».
Нәзірін тастап, сиынды
Арақты ішкен топ адам.
Қасарысып сен іс қылма
Қасығың түсер қолыңнан.
Әйтеуір кесір кездесіп
Қаласың жүрер жолыңнан.
Осындай іске тап болар
Басынып бетпен кеткендер
Әулие ата рухын
Аяқ асты етпендер!!!

(«Сарыағаш» газеті, 1996 ж. 25 мамыр, №20)

Мамырдың «Томкен» деп отырған кісісі – Токсейіт. Осы туралы есіткенін бір кездескенде Рәтбек Қажы да айтып еді.

Бірде Аппазбек ағамыз атаның басына арақ ішіп мас күйінде барады. Сонда оған ата

түсінде «Асқан қазан төгілер» - дейді. Артынша Аппазбек ағамыз Шеңгелді селолық Кеңесінің төрағалық қызметінен кетеді.

Тағы бірде Жылғадағы бір кісі, арақ ішіп мас болып, атаның басына (жуғысына) барады. Түсінде оған ата: «Не деп келдің, бастан кембісің, бәрі де бар ғой? – деп үстіне қызыл шапан, астына қызыл ат мінгізеді. Көп ұзамай ол кісі делбе ауруынан қайтыс болды.

Жабай ата өзін елемегендерді елетеді.

Дарбаза селосындағы №29 орта мектепте Білісбек деген жігіт еңбектен сабақ берді. Бірде Жабай ата туралы әңгіме қозғалғанда ол мынадай әңгімені айтқан еді:

- «Әлімтау» ауылынан «Тасқұдық» ауылына шешем екеуміз мотоциклмен бара жатқан едік, Жабай ата жуғысынан өте бергенде шешем «әулиеге Құран оқып өтейік» - деді. Мен көнбедім, шешем айта берген соң, қайтарда оқырмыз дедім. «Жабай атадан» бір бел асқанда мотоциклім өшіп қалды. Мотоциклді от алдыра алмай бір жарым, екі сағаттай әуре болдым. Сонда шешем: «Тілді алмайсың ғой, мотоциклді Жабай атаға қарай бұр» - деді. Амалсыздан мотоциклді Атаға қарай бұрып, от алғышын бір басқанда мотоцикл от алып жүре берді, - деп әңгімесін аяқтады.

Бірде Ақылбек деген атамыз жұмыс бабымен Жабай Ата жуғысынан онша алыс емес жерден отарларды аралауға өтіп бара жатады. Қасындағы жолдасы Ата басына барып Құран оқи кетейік дегенге, Ақылбек көнбейді. Содан 10-12 шақырым жердегі «Әлімтау» етегіндегі Тасқотан жерге келгенде түзге отыруға келгенде аттарынан түседі. Сол кезде Ақылбектің мінген аты Жабай атаның жуғысына қарай қаша жөнеледі. Ақылбек атамыз екінші атпен қуып отырып келсе, аттың Атаның жуғысының басында ірі малдың жауырын сүйегінің жерден шығып тұрған ұшына шылбыры оралып тұр екен. Уақытында осы әңгімені талай шалдардан есіткен едім.

Ақылбек атамыз көп уақытқа дейін перзент көрмей жүреді. Бірде ол кісі Жабай ата басына серкесін алып зияратқа барады. Сол күні түсінде Ақылбекке Ата аян береді: - Ей Ақылбек, мына бақылдаған текең менің теңім бе, әлде сенің теңің бе? – дейді. Ақылбек шошып оянып өзінің әбес іс істегенін кеш түсінеді.

Келесі бейсенбіде үлкен бір қошқар алып Жабай атаға қайта барады. Сол күні түсінде Ата Ақылбекке бір кездік (кішкене пышақ) береді. Содан Ақылбек атамыз Өмірбек деген бір перзент көреді.

1957 жылы Бүрлібаев Еркебай екеумізді Ақылбек ата үйіне шақырды. Кәдімгі үлкен адамдай ет асып күтті. Сонда атамыз Жабай атаның әулиелігі, Жабай аузына түкірген Шоңғар ата (Жабай атаның кенже ұлы) туралы біраз әңгімелер айтты.

Ақылбек деген атамыз айтады:

Бірде сары бием бошалап кетіпті. Үш күн бойы іздеп таба алмадым. Сонан соң Шоңғар атаның жуғысына барып, ата-бабамыздың кенжесі едің, әулиелікті ата саған мирас етіп еді, бием қайда жүр екен деп айттым да жантайып жаттым, көзім ілініп кеткен екен.

- Соны да іздеп жүрсің бе? Бие ана төбенің астында қызыл қасқа құлынымен саған қарап тұр, - деп бір кісі жекіп оятып жіберді. Төбеге шықсам бием қызыл қасқа құлынымен бері маған қарап тұр екен.

Атамыз: «Мен ақымақ малдың тілеуін тілеп атаның басына барғанша, балам Өмірбекке серік сұрап барсам ғой», - деп өкінетін. Құдайға шүкір, Ақылбек атамыздың Өмірбектен 4-5 немересі бар деп естіміз. Ол кісі Шеңгелді станциясында тұрады.

Жабай ата өзінің жуғысына тасталған ақшалардың таза нәрсеге жұмсалғанын қалайды.

Бірде Дарбаза совхозында шофер болып істейтін Т... деген бір ағамыз атаның жуғысының басына барып, ол жердегі ақшаларды алып, Әлімтау селосына келіп, әлгі ақшаларға арақ ішеді. Сол жерде мас болып, машинасының кузовына шығып ұйықтайды.

Таңертең тұрайын десе тұра алмайды. Тілден, бір аяқ, бір қолдан айырылғанын бірақ сезеді.

Жабай ата аталған малдардың өзі егер уақытысында сойып, құран оқытылып таратпаса, кейде Атаның басына малдың өзі барған жағдайлары болған.

Бірде Қалтұрсын (руы – қарасирақ) мынадай әңгіме айтқан еді.

Қырық құдық маңында мал бағатын бір ағамыз Атаға бір серке атайды, оны үш-төрт жыл атаның басына барып зиярат етіп сойып таратуға ретін келтіре алмай ма, әлде жалқаулық жасай ма, үш-төрт жыл жүріп алады.

Бір күні әлгі серке жоғалады. Ол жақты, бұл жақты іздеп таба алмайды.

Біраз күннен кейін Шеңгелді станциясынан Атаның жуғысына барып зиярат етіп қайтып келе жатқан зияратшылар әлгі қойшының үйінен түстенеді. Сонда қойшы серкенің жоғалғанын, оның Жабай атаға аталғанын, түрін-түсін айтады. Зияратшылар серкенің Атаның жуғысында жүргенін айтады.

Енді Жабай баба туралы тағы бір мәліметке жүгінейік.

Қариялардың айтуынша бабамыз Жабай Дулат батырларымен тату тәтті өмір сүрген. Бірде Дулаттың бір батыры Жабай атаны меймангершілікке шақырады. Дулат батырының ауылы мал сойып, Сіргелінің Жабайын күтіп отырады. Жабай баба Дулат батырларының ауылына келгенде Дулат батырының інісі ағасына «Көке, Сіргелі Жабай келді, қасқыр ішігіңізді киіп шығыңыз», - деп ағасына хабар береді. Дулат батыры қасқыр ішігін киіп шығып Сіргелінің Жабайына сәлем береді. Жабай баба Дулат батырларының сәлемін алады да, Дулат батырларының аттан түсіңіз дегеніне қарамай, атының басын кері бұрып, аттан түспей кетіп қалады. Сонда елге келген соң жанындағы бірге барған жолаушылары: «Әу, әулие бұның ұят болды ғой, олар бізді құрметтеп күтіп отырса, сіз аттан түспей кері қайтып кеттіңіз, бұлай етеріңіз бар екен, неге шақыруларына көніп бардыңыз», - деген екен. Сонда бабамыз Жабай: «Мен бұрын сонды сезбеген бір сыр көрдім, Дулат батыры қасқыр ішігін киіп шыққанда екі жеңінен екі жолбарыс шығып маған қарап сәлем беріп тұрды. Егер мен қалсам менің пірім түйені өздеріне қосып алып иемденіп кетер, сонда маған түк те қалмас деп сезіктендім»- деген екен. Бұл көрініс бабамыздың әулиелігін дәлелдеп береді. Жабай әулие көбінесе сиынушы адамдарға үлкен қара кісі ретінде, немесе үлкен жалғыз өркешті қызғыш түйе ретінде көрінеді. Бұл атаның сиынушыларды жарылқаушының белгісі. Егер ашуы келсе, Кертөбел атқа мінген қаһарлы үлкен қара кісі ретінде көрінуі мүмкін дейтін қариялар.

Жабай атаның кереметтері көп. Ол кісінің кереметіне куә болған азаматтар әлі де арамызда бар.

1996 жылы Жабай атаның аруағын құрметтеген ел Жабай атаның ескі кесенесінің орнына жаңа кесене тұрғызды. Бұл жиында 70 үй тігілді, Оңтүстікке, Қазақстанға белгілі азаматтар қатысты. Кесенені ашуда лента қию рәсімін Сасбұқаев Әділ, Рәтбек қажы, Назарбеков, Салықбаев т.б. орындады. 2003 жылы Шымкент қалалық әкімиятының, мәслихатының шешімімен Самал – 2 мөлтек ауданындағы аты жоқ көшелердің біріне Жабай Ата аты берілді.

Жабай атаға арналып берілген аста оқылған өлеңді келтірелік.

Бір басын аманаттап, сақтанбаған,
Отаны, ұрпағы үшін аттандаған:
Ассалаумағалейкум, Жабай ата,
Мәңгілік сары адырда жатқан бабам!

Басымда тұрғаннан соң жалған ғалам,
Күнім аз өзің жайлы толғанбаған.
Есте жоқ ескі өмірдің ескерткіші –
Мәңгілік Әлімтауда қалған бабам:

Сен жайлы тарихтың бар көне тегі,
Әр ойшыл өз жобасын жөн етеді:
Күзеткен Әлімтауды Жабай атам –
Ескі мен жаңа заман дәнекері!

Ескі мен жаңа заман дәнекері –
Өзіңсің, бұған көзім жеткен анық!
Қорғадың тыныштықты отқа оранып.
Бұл сізге арнап тұрған сөздің басы,
Түбінде ұрпақтарың жаттар алып.

Толғаныс тереңіне бойлап барып,
Айтамын әр сөзімді ойлап, танып,
Мен жүрсем рухтарды оятсам деп,
Ал сізден қалды қанша аймақ, халық.

Айтқанмен мың құбылған түрге салып,
Бұл сырды әлі ешкім білмесі анық:
Өзіңнен таңғажайып қалған тарих,
Әр күні жүр жанымда бір жасарып.

Ақ жаулық – арман бұлтын бұлғап алып,
Өтуде сізден бері жылдар ағып.
Арасын заманалар аттап өтіп,
Сен бүгін тағы тудың тұлғаланып.

Адаспай ғасырлардың бұрқағына,
Күн туды қосылатын ұрпағыңа.
Көз тіріңде батыр боп,
Әулие боп
Қара жердің оралған құрсағына –

Әулием, –
Ел-жұртымның тамаша әні,
Биікпен кім теңейді аласаны?!
Еліңнің Сізге салған ескерткіші –
Сағанаң, заңғар көкпен таласады.

Айналып соны бүгін өбеміз де,
Күш-қуат дарытамыз денемізге!..
Сүйегің жатпағанмен мына жерде,
Рухың куә боп тұр төбемізде!

Әулием – қасиетті, киелі адам,
Сіз болып елестейді түйе маған.
Жүргенде желдей есіп осы өңірде,
Өлеңнің аруағы ұялаған –

Мен келдім, жазылған бұл пешенеме:

Гүл қойдым тағзым еттім кесенеңе!
Сіз едіңіз анама аян берген,
Аян бердің мен жайлы әкеме де!

Еңбегін хан, қарасы бағалаған,
Сен емес пенделерді алалаған.
Сондықтан алдыңызда иіп тұрмын,
Басымды қалың ойлар қамалаған!..

(Хамза Қалмырзаұлы. «Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы». Москва. Қасиет, 2001ж. 433-б.).

Жабай атаның «Әлімтау» аулының маңындағы жуғысына орнатылған кесенеге халық үзбей барып жатады. Бейсенбі, жұма күндері адам көп жиналады. Құдіретті ұлы Жаратушы, Алла өзін Бабамыз Жабайды, аруағының рухын жоғарылата бер, ұрпақтарына аманшылық, тыныштық, бақ-дәулет, ұзақ өмір бере гөр.

Алла өзін баршамызды аман-есен сақтай гөр.

Е құдіретті Алла, Жабай ата да сенің ұлы құдіретіңнің бір көрінісі.

Кісе жәдігерлігі туралы

Жабай атаның батырлығы, қолбасшылығы, әулиелігі өз заманында аңыз болған да болар, бірақ бізге ұмытылмай жеткені бірен-саран. Қасиетті әулиенің алтын сапты қылышы, ақ сауыты, ақ туы, кісесі, кісе кемер белдігінің болуы ол кісінің жорықтың адамы болғанын дәлелдейді.

Жабай ата қайтыс болғаннан кейін ол кісінің жеке заттарын балалары бөліскен. Қылыш, сауыт, ту Дәулетиярға берілген. Атаның кенжелері Айша, Шоңғарға атаның белдігі, оған ілетін кісесі тиген. Ал Шоңғар ата өлген соң белдік Сапар атаға, кісе Айтбай атаға жәдігерлікке қалған.

Ағамыз Еркебай Бүрлібаев жазып жүргендей қылыш, ту, сауыттары 1930 жылдары жоғалған.

1930 жылдары Қалшабектің бір ұрпағы елдегі белсенділердің зәрінен қорқып тінту болады деген соң, қылышты есік алдындағы күлге көмеді.

Қайтып келіп ұйықтауға жатады. Көзі ілініп кетсе, түсінде бір үлкен кісі:

- Ей, балам! Қылышты жаман жерге көмдің ғой, бір қылышты сақтай алмасам мен не істеп жүрмін? – дейді. Шошып оянып тұрған ағамыз көмген жерден қылышты іздеп таба алмайды. Содан кейін ол кісінің ісі кері кетіп, ақыры соңында ұрпақ та қалмай кетеді.

«Белдікті Сапардың баласы Нұрлыбайдың әйелі өз қызының қолына қалдырып, кетерде есігінің алдындағы құдыққа көміп кетіпті» деп Еркебай ағамыз айтып жүретін.

Ежелгі белдемелердің бір түрі, атадан балаға мұра болып келе жатқан Жабай атамның өзі қолданған түпнұсқа кісе белбеуі Айтбайдың немересі Ергеннің, яғни менің үйімде сақтаулы. Ол көннен жасалған. («көн» деп жылқы, сиыр және серке терілерінен иленген қалың былғарыны атайды).

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы зерттеушілер кісе белдіктерді қазақ батырларының, аңшы мен малшыларының күнделікті қолданып, белдеріне тағынатын сырт киімі болған деп көрсетеді. Ата-бабаларымыздың тіршілік-тұрмысында кісе аса бағалы орын алған. Кейіннен қазақ халқының тұрмыс салтының өзгеруіне байланысты кісе белбеуді ауқатты адамдар салтанат күндеріне буынуға жасапты. Уақыт ілгері жылжыған сайын, олардың сырт пішінінде де өзгерістер болып, қалта мен басқа салпыншақтар жасалып, тек сәндік үшін қана қолданылған.

Осыған байланысты кісе туралы мысалдар мен мәліметтер бере кетсек.

Кісе туралы Шоқан Уәлихановтың баяндауынша былай өріледі: Батыр

қолбасшылардың жауға, жорыққа шыққанда садақ оғының ұштарын, от тұтатып, шақпақ тастар салатын, жорыққа керекті, бігіз, жуалдыз, таспа, мақта салатын, ені 30 см, ұзындығы 35-40 см келетін ірі малдың қалың терісінен жасалған, күміспен әшекейленген белдікке өткізетін, қайыстан бауы бар, әскербасылардың, ел билеген датқалардың заты деп суреттелген. Шоқан Уәлихановтың (III том) баяндауы.

Мысалы, I. Есенберлин Абылайға Бөгенбайдың қайтыс болғанын естірту кезін бейнелеуде: «...Сол үміті орындалмай, қапаланып отырғанында Арқадан, Баянауыл жақтан бір топ жуан қоныш, түлкі тымақ, кіселі күміс белбеулі ақсақалдар Ордаға кіріп келген. Ханға тәжім етіп сәлем берісіменен Үмбетей жырау босағада бір тізерлей отыра қап, қарлыққан кәрі даусымен, өлім естіртетін әуенге салып, бір термені шұбырта жөнеліп еді:


Ей, Абылай, Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай?
Бұл қалайдан сескеніп,
Сөзімді қойма тыңдамай,
Талай істер басыңнан
Өтіп еді-ау жасыңнан
Қиын, қызық әрбір жай»,

(I.Есенберлин. «Жанталас». Алматы, 2002ж. 490-б.) -деп жазады.

Батырлардың, ел билеген ақсақалдардың ерекше бір жағдайда күміс белбеулі белдікке асып алып жүретін жол сөмкесі болған.

Сондай-ақ Қазақ Совет энциклопедиясында қазақ халқының ұлттық мұраларының бірі кісе туралы мынадай мәлімет берілген:

«Кісе – күміс, жез үзбелермен безендіріп, қалташалар салған жалпақ былғары белбеу. Ол екі қабат етіліп тігіледі. Ұзындығы 130-200 см, көбінесе 150 см, ені 2,5-3 см. Екі басына қапсырма салып, кейде бір ұшын екінші ұшына өткізіп бекітетін тесіктері бар. Кіседе белбеуге іліп өткізіп қоятын былғары қалта жасалады. Ол оқ-дәрі, қару-жаракқа қажетті басқа да ұсақ-түйек саймандар салу үшін пайдаланылады. Оған қалтамен қатар оқшантай, кішкене сопақша дорба, пышак, қанжар салатын қынап тағылады. 19 ғасырдан бастап қазақ халқының тұрмыс-салтының өзгеруіне байланысты кісенің түрі де өзгереді. Қосымша қалта салмай, күміспен кемерленіп әшекейленетін болды. Олар күміс кісе, кемер кісе деп аталады. Бұл кісе белдікті салтанат күндерінде буынады, Қазақстанның батыс аймақтарындағы дәулетті адамдар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында кісе белдікті барқыттан, оқа жіптермен кестелеп, алтын, маржан тастардан көз салдырып жасатқан» **(Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1975ж., 6 том, 183-184 бб.)**



«Кісе – былғары белбеудің өте ертеден келе жатқан алтын, күміспен, жез үзбелермен безеп жасаған қалталы көне түрі немесе кіселі белдік. Әшекейлі салпыншақ қапшығы, кісесі буынғанда оң жақ мықынының тұсында болады. Кісе белбеуді жез доғамен, кейде әдейі жасалатын ілгекпен буынады. Мұндай кіселердің бағасы кемінде бір жылқыға тең келеді. Кісе белбеу малшылар мен аңшылар, жол жүрген жолаушылар мен жорыққа шыққан батырлар үшін өте қолайлы болған.

Түркі тілдерінің біразында кісе «белбеудің қалтасы», «дорбасы», «киімнің қалтасы»

мағынасында жұмсалады. Этнографиялық жағынан алғанда қымбат саналатын кісені адамдар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салады екен. Кісені малға тағу әдебі де орын алған. Бураға шөгеріліп кеткен түйе бойына біткен төлін ағызып жібермесін деген ырыммен оның мойнына кісе салады. Осындай төлін ағызып жіберетін түйеге көшкенде, кіре тартқанда ешқандай ауыр жүк артпайды. Мұны кіселі түйе деп атаған. Кіселер жасалу материалына, өрнек әшекейлеріне қарай алтын кісе, күміс кісе деп ажыратылады.

Кісе мүшелерінің атаулары мыналар: қын, қынап (пышақ, қанжар, қылыш салынады), қорамсақ (садақ оғы салынады), оқшантай (оқ-дәрі салынады), қандауыр (қан шығаратын кішкентай үшкір пышақ), дәндәку (шақпақ тас оның білтесі т.б. салынатын қалта).

Күміс, жез үзбелермен безендірілген кісе былғарыдан екі қабат етіліп тігіледі. Ұзындығы шамамен 130-200 см, ені 2,5-3 см болып келеді. Екі басына қапсырма салып, кейде бір ұшын екінші ұшына өткізіп бекітетін тесіктер шығарады. XIX ғасырдан бастап қазақ халқының тұрмыс салтының өзгеруіне байланысты кісенің түрі де өзгереді. Қосымша қалта салмай, күміспен кемерленіп әшекейленетін болған. Олар күміс киімі, кемер киімі деп аталған. Бұл белдікті салтанат күндерінде буынатын болған. Қазақстанның батыс аймақтарындағы дәулетті адамдар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында белдікті барқыттан, оқа жіптермен кестелеп, алтын маржан тастардан көз салып жасатқан **(И.В.Захаров, Р.Д.Ходжоев 183-б).**

Кісенің іліну тәртібі барлық түрлерінде бірдей болған.

Ертедегі жаугершілік, аңшылық дәстүрлерінде қалған жұрнақ, қалдық кісе кейіннен сәндік ретінде тағылатын кісе туралы; «Кісі болар кісінің кісесінен танымын» деген тәмсіл қалған. Ш.Уәлихановтың деректеріне сүйенсек XIX ғасырдың ортасына қарай қазақтардың тұрмысының өзгеруіне байланысты кісе белбеу атақты, бай, егде адамдар тағатын салтанат бұйымдарының қатарына енген. Осыған орай оның сәндік жағын да зергерлер күрделендіре түскен.

Қазақ белбеуі өзінің сыртқы пішініне қарай 3 түрлі болып келеді деп пайымдайды археологтар З.Самашев пен Ж.Жетібаев. Оның біріншісі – «белбаудан» және белбеу бастарынан тұрса, ал екінші түрінің жоғарыда аталған бөліктерден басқа «белбауға» жалғанған әртүрлі салпыншақ-сақиналары болады. Үшінші түрі – қалталы белбеу – «кіселер».

Белбеудің «белбауы» негізінде былғарыдан, әр түрлі матадан, өте сирек жағдайда металдан істелініп, алтынмен апталған, күміспен күптелген ою-өрнектермен, асыл тастармен безендірілсе, ал белбау басы – түрлі металдардан, сүйек-мүйіздерден жасалынады. Суреттерге және мұражай коллекцияларына сүйенсек, қазақ белбеуінің бастары үш түрлі болып келеді: «қапсырмалы», «ілгек» іспетті және үшінші түрінің «тілі болады» **(Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматы, «Алматыкітап», 2007ж. 363-б.).**

Кісенің құрастырмалы да түрі болған екен.

Алтын киімді сақ жауынгерін 1969 жылы Жетісу жерінде, Есік қорғанынан археолог К.Ақышев тапқаны тарихтан белгілі. Сақ көсемінің киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген, биіктігі 70 см-ге жететін бас киімі табылған. Сақ көсемінің қолында екі алтын жүзік, белінде құрастырмалы кісе белбеуі болған.

Қазақ халқы кісені қиыншылық көргенде, сол қиыншылықтан шығу, жаратушы иеге табыну үшін белінен шешіп мойынға асынатын болған. Сондай-ақ киелі санаған кісені малдың төлінің тұрақталуы, адамдар ауырып қалғанда емдік қасиеті ретінде де қолданылып келіпті.

Үмбетей Жырау да бұл турасында:

Анау бір жолы аттанған

Әскерді қырғыз қырғанда,

Басынан оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп,
Көп батырмен сен жүріп,
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қысылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда,
Ақбоз атты шалғанда,
Мойныңа кісе салғанда,
Баба түкті Шашты Әзіз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа Қыдыр қонғанын,
Ұмыттың ба соны Абылай?!

(Үмбетей жырау Жеті ғасыр жырлайды. 1-том. Жазушы баспасы.75-б)

- деп жырлайды.

Жорықта Шоқанның айтуынша, кісеге садақтың оғының ұшы, егеу, қайрақ, шақпақ тас, тез тұтанатын зат, бігіз, т.б. салынады. Сондықтан «кісе» ешкімнің қалтасына салынбайды. Бұны қазірше айтсақ сөмке немесе планшет деуге болады. Кісе әмиян қалта емес. Кісе сақтаулы, дегенмен менен бұрынғы аталарымыз, шешелеріміз кісенің ішкі қабатын ауруларға беріп жоқ еткен. Қалың теріден жасалған сыртқы бөлігі қалған.

Сонымен қазақ халқының ежелгі белдемелерінің бір түрі кісені ер адам таққан екен, батырдың да, малшының да, аңшының да сырт киімдерінің бірі болып табылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Сарыағаш» газеті, 1996 ж. 25 мамыр, №20
2. Хамза Қалмырзаұлы. «Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы». Москва. Қасиет, 2001. 433-б.
3. І.Есенберлин. «Жанталас». Алматы, 2002ж. 490 б.
4. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматы, «Алматы кітап», 2007.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматы, «Алматы кітап», 2007. 363 б.
6. Үмбетей жырау Жеті ғасыр жырлайды. 1-том. Жазушы баспасы. 75 б.

Аннотация: Статъя знакомит с историей жизни Жабай батыра. Yergen Makhatbayuly Aitbayev был также блестящим представителем общественности, был красноречив, имел благородные качества моральные, этические. Занимался благотворительностью. Хорошо известно, что Yergen Makhatovich был одним из инициаторов создания мавзолея Жабай Баба. По словам пожилых людей, Жабай батыр имел хорошие отношения с героями из рода дулат. Также знаменателен поясной ремень Жабай батыра. Исследователи конца XVIII века в XIX веке показывают, что такие ремни ежедневно пользовались казахские герои, охотники и скотоводы. В жизни наших предков это было очень ценно иметь кожаные инкрустированные ремни. Позже, из-за изменения образа жизни казахского народа, состоятельные люди носили такие семейные реликвии только в праздничные дни.

Abstract:The article introduces the life story of Zhabay Batyr. Yergen Makhatbayuly Aitbayev was also a brilliant member of the public, was eloquent, had noble moral and ethical qualities. Engaged in charity. It is well known that Yergen Makhatovich was one of the initiators of the creation of the Zhabay Baba mausoleum. According to the elderly, Zhabay Batyr had a good relationship with the heroes of the Dulat clan. The waist belt of Zhabay Batyr is also significant. Researchers at the end of the 18th century in the 19th century show that these belts were used daily by Kazakh heroes, hunters and cattle breeders. In the life of our ancestors, it was very valuable to have leather inlaid belts. Later, due to changes in the lifestyle of the Kazakh people, wealthy people wore such family relics only during the holidays.

ӘОЖ:931.56

Тебегенов Т.С.

филолог. ғ.д., профессор,

ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ СІРГЕЛІ АҚТУЛЫ ЖАБАЙ БАТЫР ТАҒЫЛЫМЫ

Н. Назарбаев: «Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстанда ғана емес сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайық тұлғалар» (Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан №223, №223, 21 қараша, 2018 жыл; 1-2-бб, [1, 2-б.].

Түйін: Мақалада батырларының әдеби-көркем тарихнамасы және Сіргелі Ақ тулы Жабай батыр тағылымы зерттелінді. Қазақ өркениетінің көп ғасырлық қалыптасу, даму кезеңдері сөз өнерінің фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларында қамтылуымен, ата-бабаларымыз бен ұрпақтар жадында жатталуымен қазіргі біздің жаңа дәуірімізге ұласып отыр. Қазақ өркениетінің өткен мыңжылдықтар белестеріндегі көрнекті тарихи тұлғалары тағылымы фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларда бейнеленіп, халқымыздың эстетикалық дүниетанымының философиялық-психологиялық көркем ойлау тереңдіктерін танытумен келеді. Тәуелсіз Қазақ Еліндегі қазіргі және болашақ ұрпақтарының тарихи санасын жаңғыртуда Ұлы Дала батырларының әдеби-көркем тарихнамасын кешенді түрде зерделеудің аса өзектілігі ақиқат. Отанды басқыншылардан, шапқыншылардан қорғаудағы батырлардың жауынгерлік-қаһармандық тұлғаларын даралай жырлау дәстүрін ұстанды. Әлем өркениетінің көпғасырлық тарихындағы халықтық-классикалық дәстүр желісінде әдеби-көркем тарихнамалық шығармашылық жолы қалыптасқан. Әлем халықтарының әдебиет тарихында қанды майдандар ортасында жауынгер болып қатысқан жеке адамдар, сол кезеңдердегі оқиғалар туралы шығармалар туындату үрдісі қалыптасқан.

Кілттік сөздер: тарихнама, батырлар, Қазақ мемлекеті, Сіргелі руының шежірелік кестесі

Қазақ өркениетінің көп ғасырлық қалыптасу, даму кезеңдері сөз өнерінің фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларында қамтылуымен, ата-бабаларымыз бен ұрпақтар жадында жатталуымен қазіргі біздің жаңа дәуірімізге ұласып отыр. Қазақ халқының ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеттері дәуірлерінен бастап, одан кейінгі Алтын Орда, Моғолстан (XII-XIV ғ.ғ.), Қазақ хандығы XIX-XX ғасырлардағы отарлық бұғаудағы, қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (XX ғ. 90-жылдары мен XXI ғасырдың басы) кезеңдеріндегі Ұлы Дала батырларының әдеби-көркем тарихнамасы ауызша және жазбаша дәстүр тұтастығымен үздіксіз дамудағы ұлттық сөз өнері шығармаларының алтын арқауы болып келеді.

Қазақ өркениетінің өткен мыңжылдықтар белестеріндегі көрнекті тарихи тұлғалары тағылымы фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларда бейнеленіп, халқымыздың эстетикалық дүниетанымының философиялық-психологиялық көркем ойлау тереңдіктерін танытумен келеді. Халық даналығының ойшылдық-тәлімгерлік қорытпалары болып саналатын мақал-мәтелдердегі батырлардың көркем бейнеленуі ұрпақтарды азаматтық-отаншылдық, қаһармандық-жауынгерлік рух қуатымен тәрбиелеудің ықпалды құралы болып келеді. Мысалы: «Батыр - елдің сәулеті, балқұрақ-көлдін сәулеті», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды», «Ер – елдің ық жағының қалқасы, жел жағының панасы», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Ер – елдің айнасы», «Ел – ырыстың кілті, ер – ырыстың кепілі», «Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер. Ер

басына күн туса, етігімен су кешер», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Өршіл рухтан өлмес батыр туады», «Жолбарыстың артында тері, батырдың артында елі қалады» т.б. [2, 162-1171-б.б.]. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлы Көшбасшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты стратегиялық-бағдарламалық мақаласындағы «Ұлы Даланың ұлы есімдері» бөліміндегі тарихи сөзін басты назарда ұстаймыз:

«Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанмахон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Ұлы Дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» [1, 2-б.]. Бұл – қазіргі рухани жаңғыру серпілісімен болашаққа айқын бағдар түзеген қазіргі және болашақ ұрпақтың халқымыздың өткені мен бүгінін және болашағын тарихи сабақтастық тұрғысында тануына айқын бағдарлы пікір.

Тәуелсіз Қазақ Еліндегі қазіргі және болашақ ұрпақтарының тарихи санасын жаңғыртуда Ұлы Дала батырларының әдеби-көркем тарихнамасын кешенді түрде зерделеудің аса өзектілігі ақиқат. Қазақстанның жаңа тарихнамасындағы Алтын Орда (XII-XIV ғғ.) және Қазақ хандығы (XV-XVIII ғғ.) дәуірлеріндегі көрнекті тұлғалар мен оларға қатысты оқиғалар туралы тарихи-танымдық жырлар мен прозалық туындылар (әңгіме, повесть, роман, пьеса) Ұлы Даламыздың әдеби-көркем тарихнамалық жүйесін құрауымен бағаланады. Әлем өркениетінің ғұлама ғалымы, суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің «Тарихи жырлар» атты іргелі еңбегіндегі ғылыми пікірлері әдеби-тарихнамалық бағдарлы сипатымен маңызды:

«Бұл тарихи жырлардың дәстүрі тереңде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сибирь тайпаларының руаралық тартысы кезіндегі шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады. XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ-қалмақ соғыстары, соның салдарынан қазақ халқының көп қиындық көріп Сырдария жағасынан Арқаға көшуі сияқты тарихи оқиғалар «Ақтабан шұбырынды» жайында жыр-аңыздар тудырды. Есімнің, Абылай мен Қабанбайдың XVI-XVIII ғасырларда өмір сүрген басқа да тарихи адамдардың жорықтары жайындағы тарихи жырлар да мол.

...Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. ...Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни, тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнына оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [3, 75-76-б.б.].

Қазақ халқының мемлекеттік құрылымдары (Алтын Орда, Қазақ хандығы) кезеңдеріндегі жыраулар (Асан Қайғы Сәбитұлы (XV ғ.), Қазтуған Сүйінішұлы (XV ғ.), Шалкиіз (Шәлгез) Тіленшіұлы (1465-1560), Доспамбет (шамамен 1490-1523), Жиёмбет (XVII ғ.), Марғасқа (XVII ғ.), Ақтамберді (1675-1768), Тәтіқара (XVIII ғ.), Үмбетей (1697-1786), Бұқар (1693-1787) – Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуындағы нағыз халық-ұлт тағдырының ұраншылары-қайраткерлері болды. Жыраулар қазақ мемлекеттілігін құрайтын ру-тайпалардың отаншылдық-азаматтық рухты өзара бірлігін, Отанды басқыншылардан, шапқыншылардан қорғаудағы батырлардың жауынгерлік-қаһармандық тұлғаларын даралай жырлау дәстүрін ұстанды.

Әлем өркениетінің көпғасырлық тарихындағы халықтық-классикалық дәстүр желісінде әдеби-көркем тарихнамалық шығармашылық жолы қалыптасқан. Әлем

халықтарының әдебиет тарихында қанды майдандар ортасында жауынгер болып қатысқан жеке адамдар, сол кезеңдердегі оқиғалар туралы шығармалар туындату үрдісі қалыптасқан. Өмір мен өлім кездескендей аса қауіпті қиын жағдайлардың ортасында жүрген ақындар, жыраулар, жазушылар шығармашылық қабілет, талант ықпалының әсерімен туындыларын шығарған, жазған. Оларды сол кезеңнің мүмкіндігіне орай тыңдаушылардың ортасында ауызша таратқан, кейіннен жазба дәстүр дамыған кезде баспасөз беттерінде, кітаптарда жариялаған. Туған жерді, атамекенді, байтақ Отанды басқыншы жаулардан азат ету, жауыздық-жендеттік пиғылды дұшпандарды жою мұратындағы ақын-жыраулардың, қаламгерлердің шығармалары мен жауынгерлік қаруын қатар қолданған қызметі – әрбір елдің ұлттық тарихы беттерінің мәртебелі көрсеткіштері.

Қазақ хандығы ұлттық мемлекеттілігінің 550 жылдық тарихындағы XVIII ғасыр 1723-1771 жылдары кезеңіндегі ақын-жыраулар поэзиясы – осы аталған шығармашылық пен жауынгерлік-қаһармандық қызмет тұтастығының нақты көрінісі. Қазақ тарихындағы Отан соғысы болған осы екі жүз жылдық соғыстың XVIII ғасырдағы кезеңінде басқыншы жаулармен бетпе-бет шайқастар ортасында болған, қаһармандық ерлік, жауынгерлік-отаншылдық рух Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың толғауларында айрықша жырланды. Поэтикалық болмысы философиялық-дидактикалық афоризмдер сипатымен жырланған бұл толғаулар ұлттық-отаншылдық, қаһармандық-жауынгерлік қуатымен халықты жігерлендірді, Отан қорғау шайқастарында түбегейлі жеңістерге жеткізді. Мысалы, Ақтамбердінің толғауларындағы басқыншы жауларды жеңу, атамекенді, туған Отанды жат жердіктерден азат ету мұратындағы айбынды ойларының азаматтық-күрескерлік сарыны айқын:

... «Батырмын!» - деп кім айтпас?
Барарға жүрек шыдамас.
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас...
... Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап.
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап [4, 87-б.].

...Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып.
Қол көтерер ме екеміз?
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырап ма екеміз?
Тобыршықты әндіген,
Толтыра тартар ма екеміз?
Тобылғы түсті құралай,
Бытыратып атар ма екеміз?[4, 91-б.].

Ал, Тәтіқара ақынның толғауларында Қазақ Елін басқыншы жаулардан қанды шайқастарда қирата жеңген Абылай хан мен оның майдандас қолбасшы батырларының ержүрек тұлғалары тарихи деректілікпен, романтикалық өршіл рухпен жырланған:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,

Ер жігіттің ерлігі осындайда.

Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары менен Баянды айт Уақтағы.

Ағышта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт.
Найзасының ұшына жауын мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт [4, 95-96-бб.]

Үмбетей жырау Тілеуұлының толғауларында Қазақ Еліне тұтқиыл шапқан, қырғынға ұшыратқан, ақырында Жаратушы Құдайдың, жазықсыз халықтың қарғысына ұшыраған, тоз-тоз болып тозғындап, азғындап жер бетіндегі мемлекеттілігі құрып кеткен, қазір тамтықтары ғана қалған жоңғар қалмақтарымен болған шайқастар суреті реалистікпен жырланған. Әсіресе, Абылайдың шешуші сәттердегі дара ерліктерімен халықтың сеніміне ие болған тарихи тұлғасын даралай мінездеп жырлауы айрықша әсерлі:

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
«Жау қашты!» - деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда...
Ұмыттың ба соны, Абылай?
Сол ерлікпен хан болдың,
Әлем асқан жан болдың.
Барша әлемге даң болдың,
Ұмыттың ба соны, Абылай?
...Аруағыңа болысқан,
Әділ билік қылысқан,
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Абылай, сенің тұсында
Сол бесеуі болыпты-ай!
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый!
Ұмыттың ба соны, Абылай! [4, 101-102-бб.]

Бұл – Қазақ хандығы мемлекеттілігін басқыншы озбыр жаулардан екі жүз жылдық соғыста қорғап қалған батырларымыздың ұлттық тарихымыздағы айбынды көрсеткіші. Бес қаруымен жауды қырып, қуатты жыр-толғауларымен халықтың рухын көтерген ақын-жырауларымыздың тұлғалары – ұлттық-патриоттық, отаншылдық дүниетанымымызға үнемі қуат беретін рухани байлығымыз.

Жыраулар, ақындар поэзиясында Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырған қайсар, күрескер хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары), батырларымыздың, би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.) өзара түсініскен бірлігін, сол арқылы халық тұтастығының сақталғанын дәріптей жырлады. Ақын-жыраулардың толғауларында Қазақ мемлекеттілігінің нығаюы, Ұлы Даладағы ру-тайпалар тұтастығы арқылы біртұтас халық болу ұлағатын насихаттады. Әсіресе, жатжұрттық басқыншылардан-шапқыншылардан байтақ Қазақ Даласын қорғаған қазақ ру-тайпаларының біртұтас халық-ұлт болуы жолында азаматтық-отаншылдық, қаһармандық-жауынгерлік рух қуатын танытқан батырлар тұлғалары айрықша даралана танылды.

Бұл орайда, Қазақ халқының мемлекеттік дербестігі, Тәуелсіздігі жолында күрескен батырлар, би-шешендер мен олардың және оларға ерген халықтың отаншылдық-азаматтық ерліктері туралы қазақ сөз өнеріндегі тарихи толғау жырлардың, дастандардың, тарихи романдардың мол шоғырын айтамыз. Мысалы: Бұқар Қалқаманұлының Абылайхан туралы толғаулары, Нысанбай Жаманқұлұлының «Кенесары-Наурызбай» дастаны, Сүйінбайдың «Қарасай батыр», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», Шәді Жәңгірұлының «Тарихат», Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян», Қазанғап Байболұлының «Еңсегей бойлы Ер Есім», Досым Саурықұлының «Есенгелді», Мәжит Айтбаевтың «Хан Абылай», т.б. Бұлардың қатарында авторлары белгісізденген, тарихи деректілігі фольклорланған қазақ батырлары (Жанқожа батыр, Текей батыр Қарпықұлы, Ер Жәнібек Бердібекұлы, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Кәшке батыр Дәулетұлы, Бекет, Жанқожа, т.б.) туралы қисса-дастандар да қазақ өркениетінің әдеби-тарихнамалық жүйесіндегі көркемдік негіздері болып саналады. Ауызша авторлық поэзия ақын-жырауларының Қазақ халқы мемлекеттілігі тарихындағы аталған батырлары туралы шығармалары жыршы-орындаушылардың халық арасындағы үздіксіз жырлаулары арқылы уақыт өте келе олардың жаңадан қосқан сюжеттік бөліктері, көркем бейнелеулері арқылы жаңа нұсқаларға айналған. Бұл – қазақ сөз өнеріндегі халықтық сипаттың өзіндік өзгешелігі. Қаһармандық-батырлық, жауынгерлік рухты бұл тарихи жырлардың поэтикалық-психологиялық ықпалымен отаршылдық бұғауда жүрген жаңа буын ұрпақтардың азаматтық-отаншылдық рухы үнемі серпілу, жаңғыру қуатымен нығая түсті.

Қазақ өркениетіндегі тарихи жырлардың көркемдік жалғастығы ХХ ғасыр мен қазіргі ХХІ ғасыр басындағы әдеби үдерістегі тарихи романдарымен толыға түсіп келеді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі салтанат құрған қазіргі рухани жаңғыру мазмұнды дамуымыздағы ықпалды патриоттық-отаншылдық ұстанымның тарихи-танымдық маңызы зор бұл туындыларды біз айрықша назарға аламыз. Мысалы, І.Есенберлин «Алтын Орда», «Көшпенділер» роман-трилогиялары; Софы Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясы; Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары; Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы; Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», «Жаушы» романдары; Ұзақбай Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» роман-тетралогиясы, З.Шүкіровтің «Жанқожа батыр» романы және т.б. – бәрі де ата-бабалық атажұртты-атамекенді басқыншылардан, шапқыншылардан, қорғаған, отаршылдардан сақтап қалған ұлттық тарихымыздағы батырлар тұлғаларын тарихилық пен көркем шындық поэтикалық тұтастығымен қазіргі жаңа буын ұрпақтарға ұғындыруымен құнды болып саналады.

Қазақтың әдеби-көркем тарихнамалық мұраларында халықтың жадында сақталған тарихи тұлғалар есімдерінің Ұлы Дала кеңістігінде ру-тайпалар құрамында кездесетіні мәлім. Сөз арқауындағы **Сіргелі ақ тулы Жабай батыр Қазыбекұлының** (1728-1810) тарихи ғұмырнамасымен үндес өмір сүрген олар да қазақ халқының бостандығы мен Тәуелсіздік жолында басқыншылармен шапқыншылармен соғысқан. Бұл орайда белгілі ізденуші-этнограф жабайтанушы Асқар Жұмаханұлы Сәбитовтің 2018 жылы 15-ші қыркүйекте «Тіккен туы жығылмаған Ер Жабай» атты ғылыми мәслихатта жасаған

баяндамасының («Жабай ақиқаты қашан айқындалады?») [5] жалғасы болып жазылған мақаласындағы («Жабайлардың ара жігін ажырату не үшін қажет?») айтқан өзекті пікірін айрықша назарға аламыз: «...қазақтың хандық дәуірінде **үш Жабайдың**, яғни **Ноғайлы (Жабай- Т.С.Т.), Керей Жабайдың, Сіргелі Жабайдың** болғаны белгілі. Мұнымен қатар тарих қойнауынан осы күнге жеткен **«Жабай» атты жер-су атаулары** да бар. Бұлардың «Жабай» деп адам есімі ретінде аталуында қандай тарихи негіз бар? Зерттеу жан-жақты дәлелді болуы үшін **«Жабай» сөзінің өзін анықтап алу қажет**» [5].

Жабайтанушы этнографтың бұл пікірі – аса өзекті. Себебі, Ұлы Дала өркениетінің көпғасырлық тарихындағы батырлар есімдерінің әрқайсысының этимологиялық-лексикалық мағыналары бар екендігі мәлім. Мысалы:

1. **«Алпамыс** – эпикалық көне есім; алып-мамыш сөздерінің бірігуінен жасалған есім. Алып-көне түркі, қазақ тілінде дәу, дөкей, зор + мамыш - батыр» [6, 30-б.].

2. **«Қобыланды** – қаз. қаблан – ауысп. мағ. ер, ержүрек – батыл» [6,103-104-бб.].

3. **«Тарғын**, к.т. – ашулы, зілді. Қазақтың «Ер Тарғын» эпосындағы батырдың есімі» [6, 146-б.].

4. **«Қамбар**, ар. хамбар – күшті адам. Қазақ эпосындағы батыр есімі» [2, 102-б.].

5. **«Жабай**, к.т. – көне түрік тіліндегі Ябгу-Жабгу патшаның – хағанның орынбасары деген мағынаны білдіреді» [6, 82-83-бб.].

Ал, «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» (V том: Д-Ж) анықтамаларда халықтық этимологияның диалектологиялық – лексикалық ерекшелігін байқатады:

«Жабай, зат.1. Қорғасын құйылмаған салмақты асық, кеней. Жабай – тігулі тұрған асықты ататын сақа («Ана тілі»). 2. Сақаның өңделгеннен кейінгі салмақты түрі. Болаттың жабайы алшы тұрғыш («Қаз.тілі. диалек. сөздігі») [7, 490-б.].

Қазақ халқы көп ғасырлар бойы мекендеген Ұлы Даланың кең-байтақ кеңістігіндегі батырлар есімдерімен аталатын географиялық-топонимикалық атауларды да отаншылдық-азаматтық ұстанымды ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлағат дәстүрі еткен халықтық педагогикалық тәлім-тәрбие көрсеткіші тұрғысында бағалаймыз. Мысалы, Қазақстандағы елді мекендер (ауылдар, аудандар, т.б.) атаулары болып қойылған батырлар есімдері мол:

1. **«Бөгенбай** – ауыл, Ақмола обл., Ақкөл ауд.; Бөгенбай – ауыл, Ақтөбе обл.; Қарғалы ауд.» [8, 109-б.].

2. **«Қабанбай** – ауыл, ОҚО, Түлкібас ауд.; Қабанбай – ауыл, ШҚО, Тарбағатай ауд.; Қабанбай – ауыл, ШҚО, Үржар ауд.; Қабанбай – Алматы обл., Алакөл ауд.; Қабанбай батыр - Ақмола обл., Целиноград ауд.» [8, 180-б.].

3. **«Қарасай** – ауыл, Ақтөбе обл., Ырғыз ауд.; Қарасай – ауыл, Алматы обл., Еңбекшіқазақ ауд.; Қарасай - ауыл, Алматы обл., Жамбыл ауд. ; Қарасай-ауыл, БҚО, Бөкей ордасы ауд.; Қарасай - ауыл, ШҚО, Зайсан ауд.; Қарасай - ст., Жамбыл обл., Мойынқұм ауд.; Қарасай батыр - ауыл, СҚО, Айыртау ауд.; Қарасай батыр - ауыл, Жамбыл обл., Қордай ауд.» [8, 193-б.].

4. **«Жалаңтөс** - ауыл, ОҚО, Түркістан қал/эк.; Жалаңтөс батыр – ауыл, Қызылорда обл., Қазалы ауд.;

5. **«Жанқожа** – ауыл, Қызылорда обл., Қазалы ауд.; Жанқожа – ауыл, Қызылорда обл., Шиелі ауд.» [8, 138-139-бб.].

Қазақстан аумағындағы өзен атаулары құрамында да батырлар есімдері бар. Мысалы, Ақмола облысындағы Зеренді, Сандықтау, Атбасар аудандары жерінен **Жабай, Қарасай өзендері** ағады [9, 330-331-бб.].

Ақмола облысындағы Жақсы ауданында **Жабай тауы** бар [9, 26-б.].

Батыс Қазақстан облысындағы Қазталовка ауданының Серік аулының батысында 8 км жерде орналасқан **Жабай қонысы** [9, 300-б.] да этнографиялық деректі танытады. Осы облыстың «Сырым ауданындағы Тоғанас ауылының шығыс жағында 12 км қашықтықта

орналасқан **Сырым шыққан төбе (дөң)**» [8, 328-б.] шамамен 1790 ж. Сырым Датұлының сарбаздары осы дөң үстіне бекет орнатып жау қимылын бақылап, дөңге үздіксіз көтеріліп, қайта түсіп, алыстан жауды жаңылыстыру, үрейлендіру әдісін қолданған.

Қарағанды облысын Жаңаарқа ауданында Бетпақдаланың солтүстік бөлігінде **Сіргелі қазған құдығына** анықтама да маңызды: «Атау екі сөзден құралған: **Сіргелі (ру аты) + қазған** (етістіктің өткен шақ тұлғасы). **«Сіргелі қазған құдық»** деген мағынадағы атау» [9, 457-б.].

Маңғыстау облысының Қарақия ауданы орналасқан **Жабай ұшқан қонысының** [9, 572-б.] аталуыда есім сырын түсінуге ойландырады. Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы Келес өзені жағалауына орналасқан тұрғыны 2,5 мың адам **Сіргелі ауылы** [9, 627-б.] да байырғы рудың тұрағын білдіреді. Павлодар облысындағы Екібастұз қаласы әкімшілік аумағына қарасты Сарыкөл көлінің оңтүстік - батысындағы **Сіргелі қонысы** [9, 679-б.] да осы рудың аталған мекенде болғандығын дәлелдейді. Сонымен бірге, Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданындағы Келтесор көлінің оңтүстік-батысындағы **Сіргелі қонысында** осы ру атына қойылғандығы қазақ халқы ұрпақтары қарым-қатынастары тұтастығын айғақтай түседі.

Ғалым – жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы **Сіргелі руындағы** Елшібек батыр ұрпақтарының Екібастұзда өмір сүріп жатқанын, сондағы **Сіргелі құдығын**, Семейдегі Абыралы ауданындағы **Сіргелі төбесін**, Солтүстік Қазақстан облысының Шоқан Уәлиханов ауданындағы **үш Сіргелі** болғанын, Қызылорда облысындағы Түгіскен өңірегіндегі **«Сіргелі арығын»**, Ташкент қаласы батысындағы теміржол бекетінің **Сіргелінің түпкі атасы Құбасай** есімімен аталатынын, Ташкенттің Қойлық базары бағытындағы **Сіргелі атындағы аудан** бар екенін атап көрсеткен. Бұл деректер - Ұлы Далاداғы ата – бабаларымыздың біртұтас халықтық – ұлттық ұстаныммен ғасырлар бойы аралас - қоныстас, көршілес, ауылдас болып өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін тарихи – танымдық айғақтар.

Қазақ өркениетіндегі дана хандарымыздың, би-шешендеріміздің, батырларымыздың тарихи-әдеби бейнесінің сомдалуына дерекнамалық негіз болып келе жатқан ауызша тарихнамалық шежірелік мұраларымызды қазіргі іргелі ғылыми-зерттеулеріміздің негізгі тірегі екендігін даралап айтамыз. Бұл орайда, көрнекті ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбектің «Ауызша тарихнама» атты еңбегіндегі ғылыми тұжырымдарын назарға аламыз. «Тарих өткен өмірді сөз еткенімен бүгінгі және болашаққа қызмет етеді. Кез келген тарихи танымның өзегінде белгілі бір **ұлттың, тайпаның, рудың, тіптен жеке адамның** өмір тәжірибесі, мақсат-мұраты, моральдық-этикалық нормалары жатады. Түптеп келгенде, тарих дегеніміздің өзі өмір танудың, қоғам танудың, адам танудың ұлы мектебі. Осы орайда, жалпы шежіре тарату дәстүрі, оның ішінде қазақтың далалық ауызша тарихнамасы (ДАТ) тарихи танымның елеулі бар арнасы болып табылады» [10, 31-б.].

Ұлы Даланың ауызша тарихнамасы бойынша жазылған тарихи-шежірелік прозалық, поэзия шығармаларды зерттеушілер С.Қасқабасов, А.Сейдімбек, т.б. – деректі әдебиет қатарында бағалайды. Біздің төл тарихымыздағы байыптауда назарға алынып жүрген тарихнамалық-шежірелік шығармалар қатарында Захир-ад-дин Бабырдың «Бабырнама», Камал-ад-дин Бинаидың «Шайбани-наме», Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Қожамқұл бек Балхидың «Тарих-и Қыпшақ», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі», Қожаберген Толыбайұлының «Баба тіл», Құрбанғали Халидың «Тауарих хамса», Шоқан Уәлихановтың «Қазақ шежіресі», Абайдың «Біраз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі», Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», Сәбит Мұқановтың «Шежіре және тарих жайында», Хамит Мадановтың «Кіші Жүз

шежіресі», Жарылқап Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі», т.б. еңбектерді айтамыз. Аталған шежірелік-тарихнамалық еңбектерде сөз арқауындағы дана хандарымыздың, би-шешендеріміздің, батырларымыздың ата-бабалық бұтақтары-тектері, әулеттік өркендері, оларға байланысты оқиғалар дерекнамалық тағылымымен ерекшеленеді. Бұл орайда, туғанына 290 жыл толған, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бас кезі аралығында өмір сүрген, Қазақ хандығы тарихында «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр, әулие» атанған тарихи тұлғаға қатысты деректерді аталған шежірелік-тарихнамалық мұраларды негізге ала қарастырамыз. Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым-жазушы Мұхтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты тарихнамалық іргелі зерттеуінде құрамына Сіргелі Жабай батыр да кіретін Абылай хан дәуірінің батырларының халық әдебиеті мен ұлттық тарихындағы ұлағатына жоғары баға берген-ді: «...Абылай заманының, деректі құжаттарда нақты аталатын, тарихи әңгіме, жырлар мен ежелгі әдеби мұраларда бой көрсететін, халық жадында берік таңбаланған аруақты батырларды еске ала кету ләзім. XVIII ғасырдың үшінші ширегінде Дүрбін-Ойратты тоздырған, Мәнжу-Цин басқыншылығына қарсы қайтпай күрескен, торғауытты талқандаған, қырғызды Алатаудан асырып, өзбек әміршілерін тәубасына түсірген, сөйтіп жиырма жыл бойғы тынымсыз майданда Алаш ұранын жаңғыртып, Абылай ханға Үш Жүздің тізгінін ұстатқан, Қазақ Ордасын қайта көтерген ең атақты қолбасшылар: Қаракерей Қабанбай, Мүйізді Өтеген, Нұралы хан, Әбілпейіз сұлтан, Қанжығалы Бөгенбай, Ералы сұлтан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан, Жанатай, Баян, Малайсары, Олжабай, Керей, Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Ақтамберді, Жәпек, Бердіқожя, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Жауғаш, Дат, Көкжарлы Барак, Құлашбек, Тұрсынбай, Нарбота, Қожаберген... Бұлардан басқа Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сәңкібай, Мамит, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Дерісәлі, Райымбек, Шынқожа, Айбас, Жаназар – тағы басқа ондаған батырлардың есімін атауға болады [11, 128-б.].

Адамзат өркениеті тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың сөз өнері шығармаларындағы көркем тарихнамалық бейнеленуі қазіргі әдебиеттану ғылымындағы («Поэтика художественной историографии» [12, с.224-244] атауымен қолданылып жүр. Зерттеуші Т.И.Кузнецова «Техника исторического повествования Тита Ливия», «Историография «Риторика: Речи в «Истории об основания Рима» Тита Ливия» атты еңбектерінде [12, 13] көркем тарихнама поэтикасының ерекшеліктері антикалық әдебиеттегі қалыптасуының ғылыми-танымдық ерекшеліктеріне ғылыми баға береді:

«История в античности рассматривалась и как научное занятие, и как искусство – одна из форм художественно-прозаического сочинения, особый вид изящной словесности.

Это две тенденции – научная и художественная – сосуществовали в историографии на всех этапах ее развития. Если на первый план исторического сочинения выступал аспект познавательный – это была история научная; если же перевес получал аспект поучительный или занимательный – это была история художественная. Задача первый заключалась в объяснении исторических событий, в воссоздании внутреннего их смысла; задача второй – в живописном изображении событий.

Однако научность и художественность не исключали одно другую. Более того, порой они были трудноразделимы. Соотношение трех основных аспектов (познавательного, поучительного, занимательного) на всей протяжении развития историографического жанра бывало различным.

...Здесь главным было показать событие и тем произвести впечатление на читателя, т.е. развлечь и усладить его живым и красочным рассказом и описанием, увлечь драматической сценой, ярким образом, искусной ораторской речью действующих лиц. Главном образом художественность и назидательность» [13, с.203]. Бұл – біздің сөзіміздің арқауындағы Ұлы Дала батырлары, хандары, би-шешендері тұлғаларының тарихи

жырлардағы, дастандардағы, көркем прозалық шығармалардағы, ауызша сақталып, жазбаға айналып шежірелердегі әдеби-көркем тарихнамалық тұрғыда баяндала бейнеленуіне де байланысты өзекті мәселе. Қазақтың фольклорлық мұралары мен көркем әдебиет шығармаларының алтын желісі – тарихи деректер. Тарихи деректердің сөз өнері шығармаларындағы көркем шындық поэтикасы аясында оқырмандар ықпалын иеленуі арқылы әрбір жаңа буын ұрпақтардың тарихи санасының рухани жаңғыратыны, отаншылдық-азаматтық күрескерлік рухының көтерілетіні анық.

Көрнекті ғалым-жазушы, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты Нағашыбек Қапалбекұлы «Ақ тулы Жабай батыр» атты тарихи-танымдық зерттеу еңбегінде[14] Жабай батыр Қазыбекұлының (1728-1810) Ұлы Жүздің Сіргелі руынан екендігін, әкесі Қазыбек қажының өте білімді, шешен болғандығын, оның Төле би Әлібекұлының және Абылай ханның маңындағы айрықша беделді би-көсемі, қаһарман-жаужүрек, жеңімпаз батыры болғандығы туралы деректерді жүйелеп көрсеткен. Қазақ хандығы мемлекеттілігінің көркем-тарихнамалық үздік туындысы, көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабы «Жанталас» романындашүршіт-қытай әскерлерімен шайқасқан Абылай ханның жанындағы Бұқар жыраудың, Тәтіқара, Қаракерей Қабанбай, Қанай, Бекболат, Сырымбет батырлардың, Абылайдың қорғаушы киелі ақ бурасының – іс-әрекеттері, майдан шайқастарының оқиғалары баяндалған. І.Есенберлиннің осы «Жанталас» романындағы тарихнамалық баяндауы («Ежелден келе жатқан осы көне халықтың етін жеп, сүйегін мұрнынан шығарып тастамақ боп, қытай айдаһары қазақ даласына дәл осылай сан рет кірмек болған. Бірақ әрқашан да басқыншы жаудың күрек тісі быт-шыт боп сынып, маңдайлары тасқа соғылған, Жоңғар қақпасының тар шатқалынан әзер өтіп, талай рет кейін шегінген... Жыраулар бүгін ата-бабаларының сол ерлігін жас ұрпаққа жыр ғып толғады. Жырау сөздері миларына қонған жігіттердің түсіне айдаһарлар кіріп, кейбіреулері шошып оянып, алдаспандарына жабысты... аталған кітаптан, 527-бет) да Қазақ Елін қорғаған батырлар ерлігін ұрпақтарға танытушы ұлттық сөз өнерінің эстетикалық тағылымын айқындай түседі. Абылайдан рұқсат алып, Тәтіқара мен Көтеш жырау осы жүдеген топтардың арасына барып, көңілдерін көтермек болды.

Қазақтың шырқай салған ән шыққан жерге заматта жиналатын әдеті. Бір ошақтық жанында отырып, Тәтіқара «алты қырдың астынан естілетін» күшті даусымен бір айқайлап ап, термені желдірте жөнелгенде, әр жерден шоғырланып, астың пісуін күтіп жүрген жігіттер, лезде сол маңға жинала қалды. Жырау осы ұрыста көзге түскен жігіттердің ерлігін айтып, жұрттың жабыққан көңілін көтеріп-ақ тастады. Енді көп арасынан:

- Уа, пәле! Жігіт болсаң Малайсарыдай бол.
- Япырай, Қаракесек Қапан қандай мерген еді?
- Уа, Бөгенбай батырға кім жетсін! Алты алаштың айдары ғой!
- Ойпырмай, шүршітті қырамыз деп жүріп, көп қызықты көрмей

қалыппыз ғой, Тәте еке, әлгі жуан қытай сыпайының қалай қашқанын қайтадан айтып беріңізші!

Тәтіқара жырау екі көзі оттай жайнап, термеге қайта басты:

Жуан қарын іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді
О заман да бұ заман
Мұндай қызық кім көрген
Сан бәйгеде жүлде алған
Шабысы соққан желмен тең,

Аты шулы Кертөбел,
Қалды кейін жете алмай,
Жуан құрсақ, май басқан
Сыпай кетті құтылып,
Қашқан кезде жігіттер,
Бұл шүршіттен кім асқан!

Осының алдында ғана иіндері түсіп, салбырап отырған жұрт маз-мейрам боп, дуылдасып қалды» [15, 526-527-б.б.]. Бұл - ата-бабаларымыз бен олардың ұрпақтарының тарихи тұлғалар туралы терме-толғаулардан, дастандардан, жазба әдеби шығармалардан рухани серпілу күш-жігер қуатын алып келе жатқан халықтық-психологиялық болмысымыздың шынайы сипаты.

Ғалым-жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы аталған мақаласында Жабай батыр Қазыбекұлының Сіргелі тайпасының Алыбай (Батыр), Толыбай (Жайдақ) тармағынан шыққанын, Абылай ханның шешімімен қазақ-қытай, қазақ-қалмақ соғыстарына (1758 жыл) Дулат, Сіргелі әскеріне сардар болғанын, сол қанды шайқастарда ұстап жүретін ақ туды Абылай ханның өзі тапсырғанын, содан бастап оның «Ақ тулы Жабай батыр» атанған баяндаған.

Бұл арада, әрине, сөз арқауындағы шежірелік-тарихнамалық еңбектердегі Сіргелі руы туралы деректерге де назар аударамыз. Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде Сіргелі руының орналасқан географиялық мекені атап көрсетілген: «Сіргелі мен ошақты Сырдарияға жақын» [16, 33-б.]. «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясындағы (8-том) тарихи-дерекнамалық анықтамалар (С.Ерматов мақаласы) да Жабай батыр Қазыбекұлының ататек-әулет жүйесінен мәліметтер береді:

«**Сіргелі** – тайпа. Ұлы Жүз құрамына кіреді. Қазақтың барлық шежіре деректерінде үйсінмен бірге туған ойсылдың ұрпағы болып саналады. Ойсылдың отыз ұлының бірі Сіргеліден бай жігіт, шалдар, айтбозым, қарабатыр, батыр, жайдақ жаңабай, елібай, тұтаңбалы, қойшылы, қаракөңірдек, ақкөңірдек болып 12 ата тарайды. Сіргелінің өсіп-өнуіне Бәйдібек бабаның сіңірген еңбегі шексіз. Оның тарихын Қарашаби, Майып, Аңдарлы, Сақал, Үйсіл және Ойсыл аталарымен қоса қарастыру қажет. Жазба деректерде Сіргелі атауы алғаш рет Рубеханның «Михманнаме-и Бухара» шығармасында айтылады. 14-15 ғасырлардағы **Ноғай ұлысына тән тайпаның бірі – Сіргелі (Сіркелі)**. Олар Байұлымен қатар Еділ бойында көшіп-қонып жүрген» [17, 153-б.]. Энциклопедиядағы мақала авторы сол кезең авторларының бірі Абдолла Насурллахидың (Абдолла ибн Мұхаммед ибн Әли Насралла) «Зубдат әл-Асар» жазбасында **Ноғай ордасы ыдырағаннан кейін** маңғыт (ноғай) жасақтарының Қазақ хандығына қосылғанын, Қасымхан әскерінің құрамында Ташкент пен Түркістанға шабуыл жасағанын, **Сіргелі** Оңтүстік Қазақстанда мекендеген **ежелгі тайпа** екендігін, XIX ғасырдың аяғында Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінде мекендегенін, ежелгі кәсіп егіншілік, мал бағу болғанын, **таңбасы – мұрындық, сірге** екенін атаған [17, 153-б.].

Осы арада, XIX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы көрнекті ақынымыз, айтыс өнерінің және қайраткер ақындықтың ұлттық сөз өнеріндегі ұлттық және халықаралық классикалық негізін салған Сүйінбай Аронұлының қырғыз ақыны Қатағанмен болған айтысындағы өлеңсайыста нағыз қайраткер ұлт-халық ақыны болып дараланған мәртебелі тұғырнамасын айрықша бағалаймыз.

Еларалық-халықаралық айтыс – XIX ғасырдағы түркі халықтары әдеби-мәдени байланыстарының ықпалды арнасы. Қазақ пен қырғыз, қазақ пен қарақалпақ, қазақ пен ноғай ақындарының көрнекті үлгілері – түркі өркениетінің қазіргі рухани жақындасу, араласу жүйесінде қайта жаңғыра жалғасуы тиіс туыстық-түбірлестік, тамырластық байланыстарды нығайтатын сала. Сүйінбай да, Қатаған да өз халықтарының тарихнамасын жан-жақты қамтып жырлаған. Сүйінбайдың өз кезеңіндегі және қазіргі

заманғы ақындарға өнеге-үлгі болатын басты ерекшелігі – осы айтыста кең-байтақ Қазақ Елінің Үш Жүз құрамындағы ру-тайпаларды және олар мекендейтін географиялық кеңістігін толық қамти жырлағандығы. Сүйінбай Ұлы Жүз (Албан, Суан, Жалайыр, Ысты, Ошақты, Ойық, Шапырашты, Дулат), Орта Жүз (Найман, Арғын, т.б.), Кіші Жүз (Қоңырат, Он екі ата Байұлы, Жетіру, Алшын, Қаракесек, Кете-Байсары, Әлім, Шөмекей) руларын қамти толғана төкпелейді, атамекендерді, батырларды, би-шешендерді, т.б. – бәрін тұтастыра ұлттық мақтанышпен мадақтайды:

...Қатаған жолы болмайды,
Тіл тигізіп халыққа
Аруақты елге тас атты.
...Оған тақау Сиргелі,
О да көп жұрт іргелі.
Жігітінің бәрі де
Текежәуміт мінгені.
Дүниенің қызығы,
Тамаша дәурен сүргені!
...Күнің қалай болады
Ноғайлыға барғанда?!
... «Көппін» дейді Қатаған
Көңілінде жоқ қой санасы.
Толып жатқан көп қазақ
Көк пен жердің арасы.
...Қозғалма енді, Қатаған,
Оярмын екі көзіңді!
Мен бір емен ағашпын
Білесем де сынбаймын!
Алдаспанға жолықтың
Түбіне жетпей тынбаймын!
Сөз бастаған бұлбұлмын,
Топ бастаған дүлдүлмін.
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеде озған жүйрікпін!

[18, 129-130-б.б.]

Сүйінбай – Ноғайлы хандығы құрамында бұрын болған **Сиргелі тайпасының** тарихи негізін, Жабай батырдың әдеби-тарихи тұлғасын эпикалық деңгейде даралап жырлаған ақын. Қазіргі шежірелік-тарихнамалық соңғы деректер бойынша жүйеленген ғалым Жарылқап Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған).«Ататек кестелері» кітабындағы анықтамалар мен Сүйінбай ақын жырлаған «Жабай батыр» дастанының сюжеттік-композициялық желісі деректерінің сәйкестігін байқаймыз.

«Бір шежірелерде Майқының, бірінде Қоғамның ұрпағы болып саналатын **Сиргелі** де Ұлы Жүз құрамына кейіннен, не бір айналып келіп қосылған тайпалардың бірі болуы ғажап емес. Оның бір ұшығы **Сиргеліге қатысты шежірелік аңыздардан** да байқалып жатады. Онда **Ойсыл жұрты** бір заманда үлкен шапқыншылыққа ұшырап, қырғыннан аман қалған **аяғы ауыр бір әйел өз төркіні он екі ата Байұлы еліне** барып паналайды. Одан туған бала есейгесін, мұрнына сірге салған тайға мініп, еліне қайтқан екен дейді. Сонау Кіші Жүз арқылы келген сапардың ізін біз бір кезде **Ноғай ордасының құрамында болған рулар атауынан** да байқар едік. Себебі, **олардың арасында да Сиргелі** мен оның құрамындағы Үштанбалы руы бар. Қазақ жеріндегі Сиргелі елінің кестесін жасауда Жезқазған облысындағы Сары кеңгірден хат жолдаған Қ.Бектановтың, Оңтүстік Қазақстан облысының Бөген ауданынан А.Сатқанбаевтың, Отырар ауданынан Ә.Шілгерхановтың,


Жамбыл облысы Сарысу ауданынан С.Серкебаевтың, Қаратау қаласынан Ә.Төлегеновтың, алматылық С.Мырзабековтың, шымкенттік М.Әбдекімнің, К.Бектаевтың, сарыағаштық И.Бақашбайұлының деректері пайдаланылды» [19, 20-б.].

Қазақ - көпжасырлық қалыптасуы-дамуы кезеңдерінде өзіндік ататектік-әулеттік жолы бар халық. Үш Жүз құрамын және Сіргелі Елінің ата-бабалары мен ұрпақтары жалғасқан жүйесіне жасалған осы Жарылқап Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі» кітабындағы «Ататек кестелері (ұрандары, таңбалары)» бөліміндегі ғылыми-танымдық анықтамаларды да, кестені де осы арада назарға алуды жөн көреміз:

«ҰЛЫ ЖҮЗ: Қаңлы, Қатаған (Шанышқылы), Жалайыр, Сіргелі, Сарыүйсін, Шақшам, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат. ОРТА ЖҮЗ: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ. КІШІ ЖҮЗ: Қаракесек (Кете, Әлім, Шөмекей), Он екі ата Байұлы, Жетіру. Жүзге кірмейтін қазақ рулары»[19, 110-б.].

Ж.Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі» кітабындағы (115-б.)

Сіргелі руының шежірелік кестесі



Сүйінбай Аронұлы (1815-1895)– ақынның «Жабай батыр» дастанында арқау болған кезең қазақ тарихындағы Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасындағы» «Ноғай-Қазақ бір болып, айырылғаны және аталу себептері» [20,73-76-бб.]; жазушы Әнес Сарайдың «Ноғайлы: Зерттеу» [21] кітабындағы «Ноғайлы билері, батырлары, жыраулары; «Ноғайлы тайпалары» [21, 52-383-б.б.], әдебиеттанушы ұстаз-ғалымдар Әуелбек Қоңыратбаевтың «Ноғайлы жыры» туралы» [22, 188-200-б.б.], Ханғали Сүйіншәлиевтің «Ноғай-қазақ мұралары» [23, 192-202-б.б.] еңбектеріндегі бағалаулар аясында біз Сүйінбай ақынның «Жабай батыр» дастанын тарихи кезеңдер оқиғалары аясында бағалаймыз. Ақын дастанының сюжеттік-композициялық желісіндегі Жабай батыр тұлғасының «Қазақстан тарихында» (2-том) аталған Қазақ хандығын Есімхан басқарған кезеңдегі тарихи кезең шындығымен сәйкестігін де басты назарға аламыз:

«XVII ғасырдың 30-50-жылдары қазақтарда мемлекеттілігі дамуында белгілі бір рөл атқарды, бұлар – түрлі аймақтардың өзара байланыстарының неғұрлым тығыз ұштасуы, қалалардың дамуы, қоғам құрылысында кейбір сословиелер мінез-құлқының өзгеруі, хан билігінің артуы, қазақ қауымына түрліше қол сұғушылыққа тойтарыс беруді ұйымдастыру. Түркістан, Жанкент, Сауран, Сайрам, Жаңақорған, Созақ, Шолаққорған қалалары мен басқа да қалалар маңызды орын алды.

...Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында да өзгерістер болды. Сұлтандармен қатар билер институты жанданады, батырлардың әлеуметтік сословиесі көтеріледі» [24, 428-429-б.]. Демек, ғалым-жазушы Әнес Сарайдың «Ноғайлы» атты зерттеуінде көрсетілген **«Ноғайлы тайпалары»** тарауында аталған, кейіннен Үш Жүздің әрқайсысының құрамына кірген ру-тайпалардың (Адай, Алшын, Арғын, Байұлы, Алтын-Жаппас, Беріш, Буджак, Елбөрі, Жембойлық, Жетісан, Қаңлы, Кете, Жалайыр, Найман, Керей, Тоқсоба (Байбақты, Шеркеш) [21, 254-383-бб.] болуы дерегі аясында сөз арқауындағы Ж.Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі» кітабында **Сіргелі Елінің** де сол Қазақ-Ноғайдың бірге болған, кейіннен айрылған кезеңдегі оқиғаларының кейінгі ғасырға жалғасуы тұрғысында топшылаймыз.

Дастанның басталуындағы «Он сан ноғай бүлгенде, Орманбет хан өлгенде, қырық жылдай атысқан, қызыл қанға батысқан, найзаменен соғысқан, қылышпенен шабысқан, айбалтамен қағысқан» [18, 33-34-б.б.] тармақтар мен сіргелітану-жабайтану деректерінің, зерттеулердің (Х.Сүйіншәлиев) сәйкестігі дәйектеледі: «XVI ғасырдың орта шенінде **бұрын Ноғайлы атанып келген ұлыстардың көбі** (әсіресе, Қазан, Астрахань құлаған шақта), ел билігіндегі Сымайыл ұрпағынан үркіп Жәнібек ұрпағы басқарған қазақ-ноғайларға қосылып кеткен. Осы дәуірде Қазақ хандығы күш алған. Қасым мен Есім хандардың тұсында қазақтар Ұлытаудан Сайрам, Ташкент, Бұқара, Самарқанға дейін бір шеті Еділ, Жайық даласын, теңіз жағасын түгелге жақын өз биліктеріне қаратады» [23, 195-б.]. Осылайша Ноғай Ордасындағы билеушілердің бірін-бірі өлтіруінен, оны пайдаланған қалмақтардың шабуылдарынан әбден бөлшектенген, қырылған, тұтқындалған Ноғайлардың тағдырын ғалым-жазушы Әнес Сарай аталған зерттеуінде күйзеле баяндаған: «Аталмыш қауымдар біраз уақыт қалмақтың шылауына ілесе жүріп, бірі Қырым ауды, екіншілері жол тауып Қазақ хандығына келіп қосылды» [21, 194-б.]. Демек, Сүйінбай ақынның «Жабай батыр» дастанындағы майдан шайқасы оқиғаларын **Сіргелі елінің Ноғай Ордасынан Қазақ хандығына қосылуынан кейінгі XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басындағы қазақ-қалмақ соғыстарындағы бір шайқас суретін** жырлауы ретінде түсінеміз. Ақынның дастан кейіпкерін **«Ноғайдан шыққан Жабайды бес мың кісі қамайды»** деуі де сөз арқауындағы Ноғайлы Ордасынан Қазақ ордасына келіп қосылған қазақ ру-тайпаларына ортақ сөз ретінде түсінуге болады.

Дастанның сюжеттік-композициялық желісіндегі шайқастар фольклордағы батырлық эпос кейіпкерлерінше ұлғайту (гипербола) көркемдік тәсілі аясында бейнеленгенін аңғарамыз. Мысалы, «Бес мың топты жанменен Жабай жалғыз алысты», «Талқан қылды

бәрісін, бұзды жаудың шәрісін, жауды қуып састырды, айбалта-қылыш қолында» сынды ұлғайта суреттеулер арқылы дәстүрлі қаһармандық-батырлық эпостағы кейіпкерлерге тән бейнелеулер мол қолданылған:

...Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы.
Суырды алмас қылышты,
Бес мың топты жауменен
Жабай жалғыз ұрысты.
Астына мінген Тайқұла
Түзеді сонда жүрісті.
Қылышпен жау шабылды,
Шын ермегі табылды.
Мылтықпен де атылды...
...Атының басын жіберіп,
Сыймады Жабай алқынға.
Қара қан ақты шылқылдап.
Шапты батыр желпініп,
«Аруақтарым, көтер!»-деп,
«Бұл қорлық та өтер»-деп,
Бұл қорғанның ішінде
Бір сау адам қалмады
...Сокқандай етті борасын,
Қызыл қанға толтырды
Екі көше арасын.
...Астындағы Тайқұла
Арандай аузын ашады.
Қояндай жоны бүгілді,
Маңдайдан тері төгілді.
Бір уақыттар болғанда
Суырды қыннан қылышты,
Дұшпан қайта ығысты.
Қалқан, қылыш бартылдап,
Тарсылдап мылтық атылды,
Шықырлап найза шаншылды.
Қан болып адам жаншылды.
...Жабайдың шапқан кісісі
Аяқ серіппей қатады.
Дұшпанның атқан оқтары
Ақ тәніне жетпейді,
Қаттаудан өтіп кетпейді.
Шабылған дұшпан аттары
Қуса-дағы жетпеді [18, 34-36-б.б.].

Дастан сюжетінің көркемдік шешімі – қалың жауды жапыра қирата шайқасқан Жабай батырдың және оның соңына ере шайқасқан қазақ-ноғай батырларының («Қырық жігіт пен бір Жабай айқайға қатты салынды») Қазақ хандығы мемлекеттілігін отаншылдық-азаматтық ұстаныммен қорғаған ерліктері ұрпаққа аманат ете түйінделген:

...Найзаны қолға алғанда
Жаннан кешпей ер жігіт
Еш уақытты жау алмас [18, 35-б.].

Ғалым-жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы жоғарыда аталған мақаласында Қазақ

тарихындағы «Керей Жабай Қарабиұлы деген батырдың болғаны анық. Ол 1680-1748 жылдар аралығында ғұмыр кешкен ірі тұлғалы батыр екен» деп бағалап, Керей Жабай Қарабиұлының туғанына 338 жыл толуына арналып Алматыда (1918 жылы 15-қаңтар) үлкен жиын, ғылыми конференция өткенін, нақты зерттеулер болғанын айтады. Әрине, Қазақ тарихындағы бұрын беймәлім болып келген, аттас-есімдес батырлардың дәуірлері, қатысқан оқиғалары ұқсас, кезеңдес болуларына байланысты деректердің жинала келе толығып, нақтыланатыны күмән туғызбайды. Сондықтан, Сүйінбай ақынның «Жабай батыр» дастаныныңда талдануына тарихи кезеңдер, шежірелік мәліметтер, оқиғалар үйлесімін басшылыққа ала қарастыруға мәжбүр болдық.

Жабайтанушы Асқар Жұмаханұлы Сәбитовтің «Жабайлардың ара жігін ажырату не үшін қажет?» мақаласындағы пікірі аясында Жабай есімді қазақ батырларының қазіргі халықтық-ұлттық тарихымызды жаңаша байыптау кезеңіндегі маңыздылығын айрықша сезінеміз:

«Сонымен, Тәтіқара ақынның өлеңінде, І. Есенберлиннің тарихи романында батырлықтың үлгісі болған Жабай – қай Жабай? Бұл Жабайды Абақ Керей Көнсадақтар да, Ашамайлы Керей Еменәлілер де, Сіргелілер де «біздің Жабай» деседі. Бұған келтіретін дәлелдері де жоқ емес. **Тек Ноғайлы Жабай батырдың басы ашық**» [5].

Бұл арада, қазақ батырларына Жабай есімінің қойылуындағы сөз арқауында сөздіктерде берілген анықтамалардағы түсініктер бойынша перзенттің болашағында көрнекті басшы, салмақты ел азаматы болуын болжай тілеген халықтық дүниетаным негіз болғандығын атап айтамыз. Ал, Керей еліндегі Абай Керей Көнсадақтар мен Ашамайлы Керей Еменәлілер елдерінен шыққан Жабай батыр туралы арнайы кешенді, жан-жақты ізденістер жүргізіліп, шежірелік – дерекнамалық мәліметтер, олар қатысқан тарихи оқиғалар әбден салыстырыла отырып, қорытындылар жасалуы тиіс. Ал, Жабайтанушы Асқар Жұмақанұлының «І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Жабай батырдың руы Сіргелі екенін, Абақ Керей Көнсадақ Жабай батырдың Ашамайлы Керей Жабай батырға айналып кеткенін мойындауымыз керек» деген пікірі кешенді, тиянақты зерттеулер жасауға шақырады.

Демек, біз негізгі сөз Сіргелі ақ тулы Жабай Қазыбекұлының (1728-1810) Қазақ хандығының XVIII-XIX ғасырлардағы оқиғаларына (қазақ-қытай, қазақ-қалмақ соғыстарына) қатысты болғандығын нақты байқаймыз, бағалаймыз.

Көркем тарихнамалық шығармалардағы ержүрек батырлардың басқыншылармен-шапқыншылармен бетпе-бет, қолма-қол шайқастар үстіндегі қаһармандық-жауынгерлік тұлғаларының даралана бейнеленуі – көркемдік ойлаудың аса әсерлі көріністері. Көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев «Көне түріктер» атты іргелі еңбегінде Күлтегін батыр және сол тектес түрік батырларының соғыс шайқастары кезіндегі қару-жарақтарын қолдануын (садағымен атуы, найзасымен түйреуі, семсерімен шабуы, тұлпарына мініп шабуылдауы, т.б.) баяндай келе шайқас майданындағы батырлар жекпе-жектерінің психологиялық ықпалды маңызын атап көрсеткен: «Сонымен, **жекпе-жек** – сол уақыттағы ұрыстың маңызды бөлігін құрайтын. Егер батырлар қашанда онша көп бола бермейтінін ескерсек, мұндай тактика жағдайында батырды саптан шығару ондаған қатардағы жауынгерді шауып тастағаннан гөрі көп пайдалы екендігі өзінен-өзі түсінікті. Батырлар әскерлердің сандақ тобын құрайтын және олардың өлімі, әдетте, сапта үрей тудырып, оны жеңіліске ұшырататын»[25, 337-б.].

Ақын Олжабай Нұралыұлы (1881-1935) ақын жырлаған «Сабалақ – Абылай хан» дастанындағы қалмақтың бас батыры Шарыш пен Сабалақтың жекпе-жек шайқасы және Абылайлап ұрандасқан Қазақ хандығы әскерінің бейнеленуі де қаһармандық-отаншылдық рухты әсерлілігімен баурайды:

...Шарыш батыр ашуға мініп алды,
Мінген атын борбайлап найза салды.

Найзаны ұрып түсiрдi, дарытпады,
Көк найза ортасынан сынып қалды.
Қылышты ала ұмтылды шабамын деп,
Қомсынды Сабалақты аламын деп.
Қылышты қылышпенен қаққанында,
Қылышы кеттi жетеден шарт үзiлiп.
Атуға қорамсаққа қол салғанда,
Ұмтылды Нарқызылмен аттырмауға.
Омыраулап атының артын соқты,
Айналды сары арғымақ жығылмауға.
Ендi атын бұрғанынша қалды салып,
Басы түстi қалмақтың домаланып.
Шуылдап қалмақ тобы жылағанда,
Қазақ тобы: «Аруақ!»-деп айғай салып.
...Сабалақ ақ ту алып, «Абылайлап»,
Барша қол «Абылайлап!» айғай салды.
Көк те «Абылай», жер де «Абылай»,-бәри «Абылай»,
«Абылайлап» айғай салды бiр жан қалмай.
Нарқызылмен жөнелдi қарсы алдына,
Ақ туды желбiретiп салып айғай.
Ешбiр жан осы айғайдан қалмай шапты,
Айғай, шаң көкке шығып араласты
Екi жақ ашық тұрған даласымен,
Қалмақтар ақыл таппай тұра қашты [26, 139-141-б.б.].

Көрнектi ақын, ҚР Мемлекеттiк сыйлығының лауреаты Несiпбек Айтұлының «Шапырашты Наурызбай» атты тарихи поэмасында Төле би бабаның батасын алып, Наурызбай батырдың Доланқара есiмдi қалмақ батырын жекпе-жекте шайқасып жеңген сәтi де көркем тарихнамалық туындылар ұлағатын айқындай түседi:

...Жанына қысым келiп алысқанда,
Жолбарыс алдырмайды арыстанға.
Қалмақты ат үстiнен тiк көтердi,
Қайрылып қайта найза шанышқанда.
Басынан айналдыра лақтырды оны,
Майысты шыдай алмай аттың белi.
Лап берiп мұны көрген қалың қазақ,
Шақырып аруақтарын шапты iлгерi
...Сiлтедi аянбастан жауға найза,
Бөгенбай, Қабанбай да, Олжабай да.
Баймұрат, Малайсары, Көкжал Барақ,
Жiбекбай, Шүйкебай да, Молдабай да.
Байғозы, Баян, Жантай, ер Жәнiбек,
Ханкелдi, Бердiқожа, Дәулет, Жәпек.
Құттымбет, Қазыбек пен Әйтей, Айқым Әйтек,
Тiлеуке, Секербай мен Сатай, Бөлек.
Бөкенбай, Жарылқап пен Қарабатыр,
Сеңкiбай, Мамыт, Қаумен, батыр Шойбек.
Сұрапыл болды қырғын қанды қасап,
Қалмақты қазақ қуды алдыға сап.
Нояндар шыбын жаннан күдер үздi
Көрсен де небiр айла-шарғы жасап.

Алабы Алатаудың дүбірледі,
Даңқынан Сабалақ пен Наурызбайдың,
Тізесі ата жаудың дірілдеді[27, 69-72-б.б.].

Ұлы Дала батырларының мыңжылдықтар бойы қалыптасқан азаматтық-отаншылдық ұстанымы – атамекендерді, атаконыстарды қорғау майдандарындағы шайқастарда жеңіске жету мұраты. Сиргелі Жабай батырдың Абылай хан аманат еткен ақ туды ұстағаны, ерлік шайқастарында, жекпе-жектерде жеңіске жеткені – Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі және болашақ ұрпақтарының қаһармандық-батырлық, жауынгерлік мұратын асқақтата түсетін айбынды ата-бабалық рух мұрасы. Елбасымыздың «Ұлы Даланың жеті қыры» стратегиялық-бағдарламалық мақаласындағы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» бөліміндегі «1.Атқа міну мәдениеті» бөлігіндегі сөзі де Сиргелі ақ тулы Жабай батыр тұлғасының тарихи тағылымын даралай түседі: «Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялар тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпелілер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі» [1, 1-б.]. Қазақ тарихындағы Ұлы Дала батырларының туған Отанымызды, атамекендерімізді, атаконыстарымызды басқыншылардан, отаршылдардан қорғау шайқастарындағы батырлық ерліктерінің, қайраткерлік қызметтерінің әдеби-көркем тарихнамалық шығармаларда жазылуы – қазақ сөз өнері дамуы үдерісінде үздіксіз жалғаса беретін шығармашылық үрдіс.

Қорыта айтқанда, Ұлы Дала батырларының әдеби-көркем тарихнамасы жүйесіндегі тарихи шығармалар – қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының рухани жаңғырудағы жаңа тарихындағы тұрпаттарымыз үшін мәңгілік құнды қазынамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры//Егемен Қазақстан, №223, 21 қараша, 2018, 1-2-б.б.
2. Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ (8675 мақал-мәтел).Алматы: Аруна, 2011.632 б.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет.–Алматы: ҚМКӘБ, 1962.-428 б.
4. Мағауин М. Алдаспан: Көне қазақ поэзиясының антологиясы: XV-XVIII ғасырлар. Алматы: Атамұра, 2006, 312 б.
5. Сәбитов А.Ж. Жабай ақиқаты қашан айқындалады? // «Қазақ тарихы» журналы, №1, 2019.
6. Жанұзақ Т. Есімдер сыры. Алматы: «Парасат» журналы, 2004, 208 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том: Д-Ж.Алматы: Арыс, 2007. 252 б.
8. Жер-су атауларының анықтамалығы. Алматы: Арыс, 2009, 598 б.
9. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық.Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006, 808 б.
10. Тарақты Ақселеу. Ауызша тарихнама//Қазақ: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.–Алматы: Білім, 1994.-176 б., 31-47-б.б.
11. Мағауин Мұхтар. Қазақ тарихының әліппесі.Алматы: Қазақстан, 1996, 208 б.
12. Поэтика художественной историографии: Кузнецова Т.И. Техника исторического повествования Тита Ливия//Поэтика древнеримской литературы: жанры и стиль. Москва. Наука, 1989, 264с, С.224-242
13. Кузнецова Г.И. Историография и риторика: речь в «Истории от основания Рима» Тита Ливия//Взаилосвязь и взаимовлияние жанров в развитии античной литературы. Москв. Наука, 1989, 280 с. с.203-228

14. Қапалбекұлы Нағашыбек. Ақ тулы Жабай батыр//Ана тілі, №7 (1473), 21-27 ақпан, 2019, 6-7-б.б.
15. Есенберлин Ілияс. Көшпенділер: Трилогия: Бірінші кітап – «Алмас қылыш»; Екінші кітап – «Жанталас»; Үшінші кітап – «Қаһар», Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014, 96б.
16. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, Сана, 1991.80б.
17. Қазақстан Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б.Аяған, Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006.8-Т. С-У.704б.
18. Аронұлы Сүйінбай. Шығармалары: толғаулар; сын-сықақ өлеңдер, айтыстар. Алматы: Жазушы, 1990. 144б.
19. Бейсенбайұлы Жарылқап. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). Алматы: «Ана тілі» апталығы. «Атамұра», 1994, 160 б.
20. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенай, А.Жолдасов.Алматы. Маркет, 2006, 296б.
21. Сарай Әнес. Ноғайлы: Зерттеу. Алматы. Арыс, 2009.480б.
22. Қоңыратбаев Ә. «Ноғайлы жыры» туралы//Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы. Ғылым, 1987, 368б.; 188-200-б.б.
23. Сүйіншәлиев Х. Ноғай – қазақ мұралары//Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық.Алматы: Санат, 2006.-904б.; 192-202-б.б.
24. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том: Қазақстан соңғы орта ғасырлар дәуірінде. Алматы, Атамұра, 2010.640б.
25. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: Көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы. Білім, 1994. 480 б.
26. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Бірінші том: Абылай хан. Алматы: Білім, 1995. 288б.
27. Айтұлы Несіпбек. Шапырашты Наурызбай: Поэма. Алматы: Мирас, 2011. 148б.

Аннотация: В статье изучается историография литература посвященная героям и поэзия Жабай батыра. Многовековое становление и развитие казахской цивилизации пришло в нашу нынешнюю эпоху в память о наших предках и поколениях, а также в искусстве фольклорного наследия и художественной литературы. Традиция выдающихся исторических деятелей казахской цивилизации на фоне прошлого тысячелетия отражена в фольклорном наследии и литературных произведениях, отражающих более глубокое философское и психологическое освещение эстетического мировоззрения нашего народа. Всестороннее изучение литературной и художественной историографии героев Великой степи очень важно для модернизации исторического восприятия нынешнего и будущих поколений независимой казахской нации. Традиция героических личностей героев защищать Родину от захватчиков была традицией. Сформирован литературно-художественный историографический путь формирования народно-классических традиций в истории мировой цивилизации.

Abstract: The article studies the historiography of literature devoted to the heroes and poetry of Zhabay Batyr. The centuries-old formation and development of Kazakh civilization came into our present era in memory of our ancestors and generations, as well as in the art of folklore heritage and fiction. The tradition of prominent historical figures of the Kazakh civilization against the background of the past millennium is reflected in the folklore heritage and literary works, reflecting a deeper philosophical and psychological coverage of the aesthetic worldview of our people. A comprehensive study of the literary and artistic historiography of the heroes of the Great Steppe is very important for the modernization of the historical perception of the present and future generations of the independent Kazakh nation. The tradition of heroic heroes to protect the Motherland from invaders was a tradition. A literary-artistic historiographic pathway has been formed for the formation of folk-classical traditions in the history of world civilization.

ӘОЖ: 930.82

Сатершинов Б.М.

философ.ғ.д., ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Ғылым Комитеті
философия, саясаттану және дінтану институты

Дінтану бөлімінің меңгерушісі,

Қазақстан дінтанушылар конгресінің төрағасы. Алматы. Қазақстан
ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ КИЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР

Түйін: Мақалада қасиетті киелі құндылықтар ретінде Жабай батыр зерттеленді. Президенттің бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді орындау мақсатында елімізде «Сакралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Оның негізгі мақсаты жалпы ұлттық қасиетті орындардың тізімін нақтылап, оларды жан-жақты насихаттау болып табылады. Қазақ елінің ұлттық коды мен тарихи сананы жаңғырту үшін сакралды немесе қасиетті құндылықтардың концептуалды түсінігінің ғылыми негіздемесі қажет екендігі түсінікті. Жоғарыда аталған Елбасының бағдарламалық мақаласында айтылған негізгі концепттер мен идеяларды іске асыру үшін Қазақстанда халық зиярат қылып, тәу ететін елдегі қасиетті тұлғалар (әулие, абыз, ишан, батыр және т.б.) мен киелі орындарды айқындау қажет. Қазақтың тарихы – бұл оның тайпалық құрамын құрайтын рулардың тарихы. Қазақтың қабырғалы руларының бірі – Ұлы Жүз құрамындағы Сіргелі.

Кілттік сөздер: киелі орындар, Сакралды Қазақстан, Туған ел, жоба, Жабай батыр

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың сәуір айында жазған «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының қажеттілігі туралы айтты. Бұл жоба «...халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтынын» [1] тілге тиек етті. Өйткені «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады» [1],- деп атап көрсетті.

Президенттің бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді орындау мақсатында елімізде «Сакралды Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығы» құрылды. Оның негізгі мақсаты жалпы ұлттық қасиетті орындардың тізімін нақтылап, оларды жан-жақты насихаттау болып табылады. «Сакралды Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығы» Қазақстанның жалпыұлттық киелі 100 нысанының тізімін ұсынды. Онда ерекше тағзым етілетін табиғи мұра ескерткіштері; археологиялық және архитектуралық ескерткіштер; ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары; діни және ғибадат орындары; тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындар; саяси, тарихи оқиғаларға байланысты орындар нақтыланды [2]. Демек, Қазақ елінің ұлттық коды мен тарихи сананы жаңғырту үшін сакралды немесе қасиетті құндылықтардың концептуалды түсінігінің ғылыми негіздемесі қажет екендігі түсінікті.

Сакралды құндылықтар объект (нысан) ретінде алынғандықтан, аталмыш мәселені зерттеудің тұжырымдамалық-әдіснамалық (концептуал-дық-методологиялық) аппаратын жасақтау мен оның дүниетанымдық негіздемелерін анықтау анағұрлым маңызды. Қасиетті құндылықтарды түсіну үшін оны алдымен әлеумет (социум) «игеруі», санаға сіңіруі тиіс және мұны әлденеше мәрте қайталау мен түсіндіру барысында жасауы керек. Сонда ғана ол категориалды ойлаудың нысанына айналады. Мұндай «табиғи сіңірілу» исламда алдымен «хикметтің» (нәрсенің мәнін пайымдау, рухын түсіну) жүретінімен, тек содан соң ғана «хүкімнің» (қаріптің, қағиданың) болатынымен түсіндіріледі. Яғни бастапқыда

қандай да бір ұстынның қажеттілігін саналы түрде сезіну қажет болады да, кейінірек бұл ұстын қалып немесе заң ретінде қабылданады.

Оның үстіне, «қасиет», «кие» ұғымдарының діни астары болғандықтан, сакралды құндылықтарды дінтанулық талдау қажеттілігімен де, маңыздылығымен де сұранысқа ие болып отыр. Бұл ұғымды анықтамас бұрын, алдымен жалпы «құндылық» ұғымы мен оның типологиясын жіктеп алу қажет болады.

Жалпы қабылданған, мойындалған, сөздіктер мен оқулықтарда кездесетін анықтамалары бойынша *құндылық* – бұл белгілі бір бір нәрсенің жағымдылығы мен қалаулылығын, пайдалылығы және қымбаттылығын білдіреді. Бұл әлдекімнің және әлдененің объективті болмысына сай өзіндік құны мен бағасын аңғартып қана қоймай, оның әлдекім үшін құндылығын, демек, субъективті бағалауға орай, оның аксиологиялық сипатын білдіреді [3]. *Аксиология* (құндылықтар туралы ілім) философиялық білімнің бір бөлігі ретінде құндылық мәселесімен айналысады.

Қарап отырсаңыз, адамды қоршаған дүние түгел құндылыққа толы – *материалды* (заттар, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік және т.б.), *табиғи* (күннің атуы мен батуы, теңіздер мен таулар, гүлдер және т.б.), *көркем* (әдебиет пен өнер туындылары) және *адами* (сұлулығы мен ізгі қасиеттері) құндылықтар болуы мүмкін. Жалпы бір нәрсені екіншісінен артық көру жалпы тірі табиғатқа тән десек те (мысалы, аңдардың өзі төлін қызғыштай қорғайды), құндылықтың антропогенді, яғни адамға тән екендігін баса айту қажет, өйткені барлық жаратылыстың ішінде адам ғана табиғи және мәдени туындыларды, идеялар мен амал-әрекеттерді, басқа адам мен қоғамды, сондай-ақ өзін-өзі бағалауға қабілетті. Құндылықтар адамның элеуметтік болмысына тартылған, адам құндылықтарға мүдделі әрі мұқтаж болып табылады.

Адам құзырындағы нәрселер мен олардың өзара қарым-қатынастары және ниеттері мен амалдары, жалпы адами әрекет орбитасына тартылғанның бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалған, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан зерделенеді. Қандай да болмасын құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшемдер субъективті баға түрінде элеуметтік сана мен мәдениетте бекиді де, адамның іс-әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады.

Алайда құндыны қарапайым бағалыдан, қажеттіден, тиімдіден, пайдалыдан ажырата да білу керек. Барлық тірі және шынайы сүйікті нәрселер құрал бола алмайды. Әдетте материалдық игілік пен тұтынушылық нарықты, еңбек өнімі мен тауар айырбасының нәрсесін білдіретін қарапайым құндылықтар *экономикалық* құндылықтар болып табылады. Айырбасқа көнбейтін, орны толмайтын жоғары құндылықтар да болады, әдетте оларды «баға жетпес» деп жатады. Бұл тұрғыдан алғанда олар *қасиеттілік* ұғымына жақындайды. Діндар адамдар үшін барынша қастер тұтып, қадірленетін құндылықтар бұл – *діни* құндылықтар [4].

Діндар адамдардың барынша қастер тұтып, қадірлейтін құндылықтары бұл – қасиетті немесе сакралды құндылықтар деп аталады. Ендеше, қасиетті немесе сакралды деген ұғымның жалпы қабылданған анықтамаларына тоқтала кетейік. Сөздіктерде *сакралды* термині өзінің түп төркінін латынның *sacrum* (киелі, құдайға арналған деп аударылады) деген сөзінен шыққан, өзінің кең мағынасында кәдуілгі қарапайым нәрселерден, ұғымдардан, құбылыстардан айрықшаланатын, құдіреттілікке, дінге, ақылмен пайымдауға түспейтін тылсым дүниеге, мистикалыққа қатыстының барлығын білдіреді. Бұл термин қазақ тіліндегі қасиетті және киелі түсініктеріне, орыс тіліндегі святость, священное ұғымдарына жақын. Ал сакралды сөзінің өзі діни лексиконда емес, ғылыми лексиконда пайда болған және барлық діндерді сипаттауда қолданылады [5].

Жоғарыда аталған Елбасының бағдарламалық мақаласында айтылған негізгі концепттер мен идеяларды іске асыру үшін Қазақстанда халық зиярат қылып, тәу ететін

елдегі қасиетті тұлғалар (әулие, абыз, ишан, батыр және т.б.) мен киелі орындарды айқындау қажет. Қазіргі таңда әулиелерді қастерлеу Орталық Азия халықтары ұстанатын исламның ең айшықты белгілерінің бірі ретінде тек қайта жанданып қана қоймай, сонымен бірге халықтың барлық топтары арасында қолданылуы жағынан барынша кең қанат жайып отыр деуге болады. Сондықтан осы рухани жаңғыру үдерісі барысында Қазақстанның оңтүстік өңірінде аты аңызға айналған ақ тулы тоқсаба, әулие, Сіргелі Жабай батырдың тұлғасы мен әулиелік белгілерін, оның танылмаған қырларын таныту мейлінше маңызды болмақ.

Қазақтың тарихы – бұл оның тайпалық құрамын құрайтын рулардың тарихы. Қазақтың қабырғалы руларының бірі – Ұлы Жүз құрамындағы Сіргелі. Жабай батыр Қазыбекұлы (1728-1810) қазақтың Ұлы жүзінің осы он екі ата Сіргелі руынан шыққан айбынды батыр әрі дарынды қолбасшы. Ол сыртқы жауға қарсы тұруда (қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз, қазақ-қоқан, қазақ қытай қақтығыстары мен соғыстарында) ту мен мөр ұстап (тоқсоба), қолбасшылығымен де ел басқарушылығымен де көрінген, ел егемендігі мен бірлігін сақтауға өзіндік үлес қосқан, көрегендігімен де көріпкелдігімен де көзге түскен аруақты батыр, кие дарыған әулие кісі. Ташкент маңында жерленген, қаны тамған және көмілген жерлері қалың көпшіліктің зиярат ететін орнына айналған. Өзбектер ол кісіні «қазақ әулие» деп атап кеткен.

Оның өмір сүрген жылдары қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталатын қасіретті кезеңінен кейінгі батырлық рухтың шарықтаған дәуірі мен хандықтың ыдырай бастаған қилы заманына сәйкес келеді. Жастайынан батылдығы және батырлығымен ерекшеленген ол руаралық, ұлысаралық, мемлекетаралық саяси және әскери істерге белсене араласқан. Терең білімді әрі шешен болған әкесі Қазыбек пен Ұлы жүздің төбе биі Төле бидің тәлім-тәрбиесінен бала кезінен-ақ елшілік қызметке араласқан. Жабай батырдың бойында әскери және мемлекеттік (Абылай ханның сенімді қолбасыларының бірі болған) қайраткерлігіне қоса, әулиелік, көріпкелдік қасиеттер болған.

Жабай баба туралы ел аузында аңыз-әңгімелер көп. Бізге жеткен қары сөздерге қарағанда, Жабай атаның аузы дуалы болған, сорақы әдепсіздік көрсеткендер оның киесіне ұшырап, бірнеше ұрпақтарына дейін қырсық шалатын болған. Жетім-жесір мен кембағал міскіндерге шарапаты тиіп, адам бойындағы кеселдерді емдейтін, үшкіретін, ауызға түкіретін қасиеттері де болған екен. Қос жолбарыс пірі болған деп айтылады. Жабай әулиенің көріпкелдігі өзінің дәм-тұзы таусылып, демі үзілетін шағын да алдын ала білуімен дәйектеледі, Тәшкент қаласындағы оның мүрдесі қойылған «Шайх Зайниддин» мазарын айтпағанда, қазақ жеріндегі Әлімтау даласында оның мәйіті жуылған және уақытша қойылған жерлері «Жабай белгісі» деп аталып, тек қазақтардың ғана емес, шет мемлекеттен де келіп зиярат етушілердің киелі мекеніне айналған.

Қазақтың қасиетті тұлғалары мен киелі жерлер мұрасы ұлттың төлтума тарихи сана-сезімінің, менталитеті мен мінез-құлқының қалыптасуына едәуір ықпал етеді. Ақырында қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналады. Бүгінгі күні тұтынушы қоғам заңдылықтарын басынан өткізіп отырған көптеген елдер қоғамдық сананың қалыптасуы тұрғысында кейбір жағымсыз үрдістерді бастан кешіруде. Қоғамның ең қауіпті дерті, әсіресе, жастардың бойында тұлғалық қасиеттің жойылуы болып отыр. Қылмыс деңгейінің жоғары болуы қоғамның қатыгездігімен сипатталады. Жастар эмоционалды әлсіз, жігерсіз, рухани жетілмегендігімен аңғарылып жүр.

Сондай-ақ, әрбір адам өзінің шыққан тегін терең түсіну үшін ата-бабасы мен әулетінің, ру-тайпасының шежіресіне үніледі. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген қазақ халқының мәтелінің мәні өзіндік тарихи санадан айрылу азаттықтан да ада болатын құлдық санаға әкелетінін меңзейтін тәрізді. Сондай-ақ, ұлт пен ұлыс сынды күрделі әлеуметтік бірліктерді алып бәйтерекке теңер болсақ, оның тарихын тіл мен ділдің,

дүниетаным мен дәстүрдің құнарлы топырағынан нәр алып отыратын тамырымен салыстыруға болады. Демек, бүгінгі ұрпақтың ертеңгі дамуы тарихтың тағылымына тәуелді, егер рухани сабақтастық сақталмаса, адам аяғында нық тұрмай тайғанақтап, дүбара күй кешіп, ақырында өз-өзіне бөтен болып жаттануға ұрынады. Сондықтан, тарихи сананы жаңғырту мен рухани жаңғыру үдерістері аясында Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр тәрізді тұлғаларды насихаттау мен Қазақстанның киелі жерлеріне саяхаттау жастарға моральды адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға, Қазақстан тарихын жалпылама ғана емес діни тұрғыдан да зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Қазақстанның Сакралды картасына мәдени мұраның 100 нысаны кірді. ҚР Премьер министрінің ресми сайты <https://primeminister.kz/kz/news/all/v-sakralnuu-kartu-kazahstana-voshli-100-obektov-kulturnogo-naslediya-15192>
3. Ценность / <https://ru.wikipedia.org/wiki/Ценность>
4. Сатершинов Б. Құндылық не? / <https://aikyn.kz/2017/05/11/12862.html>
5. Сакральное / <https://ru.wikipedia.org/wiki/сакральное>

Аннотация: Для выполнения задач, поставленных в Президентской программе, была создана статья Научно-исследовательский центр «Сакральная Казахстана». Его главная цель - уточнить список национальных мест и распространить их всесторонне. Понятно, что модернизация национальной идентичности и исторического сознания казахского народа требует научно обоснованной концептуальной концепции сакральных или сакральных ценностей. Для реализации ключевых концепций и идей, изложенных в программной статье Лидера нации, необходимо определить святых и святыни в стране. История казахского народа - это история племен, составляющих его племенную структуру. Одним из крупных казахских племенных родов является род Старшего Жуза Сиргели.

Abstract: To accomplish the tasks set in the Presidential Program, an article was created by the Research Center "Sacred Kazakhstan". Its main goal is to clarify the list of national places and distribute them comprehensively. It is clear that the modernization of the national identity and historical consciousness of the Kazakh people requires a scientifically based conceptual concept of sacred or sacred values. To implement the key concepts and ideas presented in the program article of the Leader of the Nation, it is necessary to identify the saints and shrines in the country. The history of the Kazakh people is the history of the tribes that make up its tribal structure. One of the largest Kazakh tribal clans is the genus Elder Zhuz Sirgeli.

УДК:930:21

Атыгаев Н.А.

к.и.н.(Ph-D), доцент (ассоциированный профессор)
ведущий научный сотрудник Центра гуманитарных исследований
«Рухани жаңғыру» КазНАУ МСХ РК. Алматы, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ О РЕКЕ СЫРДАРЬЯ – МАЛОЙ РОДИНЕ ЖАБАЙ БАТЫРА

Аннотация: В статье исследуются исторические сведения о реке Сырдарья, являющаяся историко-культурным центром средневекового и позднесредневекового периода в истории Казахстана. Сырдарья – самая длинная река Центральной Азии. Присырдарьинские города – Сыгнак, Сауран, Йасы и другие – были, как указывают специалисты, важными центрами торгово-экономических связей для населения степных районов, превосходными для своего времени крепостями и могли выдержать длительную осаду. Традиционно они являлись административно-политическими центрами, существовавших ранее на территории Казахстана государственных образований. Таким образом, наш небольшой обзор показал, что в историко-географической литературе XV-XIX вв имеются интересные сведения о Сырдарье, на берегах которой родился и известный Жабай батыр из рода Сиргели. Эти источники говорят, что река в этот период имела несколько наименований. Они также показывают важное значение Сырдарьи в истории народов Центральной Азии.

Ключевые слова: Сырдария, источники, цивилизация, Центральная Азия, Жабай батыр, исследование

Как известно, река Сырдарья является одной из главных (по длине и по водности) рек Центральной Азии. Она протекает по территории современного Таджикистана, Кыргызстана и Узбекистана, однако наибольшая часть реки находится на территории Республики Казахстан. Об этой реке в 1832 г. А.И.Левшин писал: «Важнейшая и величайшая из всех рек, орошающих степи киргиз-казачьи, есть без всякого сомнения Сыр, или Сырдарья. Вытекает она из гор Кашкар-даван, составляющих отрасль хребта, называемого китайцами Тянь-Шань, или Небесные горы. Хотя источник Сыра и не определен астрономически на месте, однако же, по известности некоторых близлежащих городов и земель, вообще полагать должно, что он находится между 42° и 43° северной широты» [1, 58]. «Сыр-Дарья – большая река в Средней Азии, впадает, как ее река-сестра Аму-Дарья, в Аральское море. Истоком европейская наука сейчас считает Нарым, текущий через область Джеты-су (ранее Семиречье) и северо-восточную часть Ферганы; у местного населения верхним течением Сыр-Дарьи всегда (как в средневековье, так и в новое время) считалась Кара-Дарья в юго-восточной части Ферганы», – так начинается статья о Сырдарье академика В.В. Бартольда [2, 491]. «Река Сыр-дарья – самая значительная и многоводная река всего Туркестанского края. Она берет свое начало с гор Тянь-Шань...», – указывал Н.В. Остроумов, автор одной из первых работ по географии Туркестанского края [3, 15].

Сырдарья – самая длинная река Центральной Азии. Ее протяженность, по данным В.В. Бартольда, «от слияния Кара-Дарьи и Нарына до устья» составляет более 2 800 км [2, 491]. В наши дни ученые определяют длину Сырдарьи в 2212 км и ок. 2900 км от истока Нарына [4, 368].

Как известно, реки являются источниками жизни. «Только благодаря речным водам на Туранской равнине в далеком прошлом зародилась цивилизация», – утверждал Э.М. Мурзаев [5, 8]. Одной из таких рек была и Сырдарья. «Поскольку Сырдарья, – пишет З.А. Джандосова, – является одной из двух великих рек, образующих Среднеазиатское

междуречье, в верхнем течении несет свои воды по Фергане и Северному Мавераннахру, в среднем – по Туркестану, а в нижнем – по полупустынным пескам Приаралья, то история цивилизации на ее берегах очень богата и разнообразна: Сырдарья соединяет среднеазиатскую оседло-земледельческую цивилизацию с кочевой цивилизацией Степи» [4, 373]. По мнению Р.А. Агеевой: «Иранское название Сырдарьи в древности было Яхша арта («Превосходная жемчужина»), а китайское – Чжень-чжу-эхэ («Жемчужная река»). Эти имена являются переводом тюркского названия Сырдарьи Йенчу-Угуз (с тем же значением), зафиксированного в орхоно-енисейских текстах... Ясно, что название большой реки – колыбели народов Средней Азии – отражает почтение и любовь к ней, орошающей пустынную землю, давшей жизнь» [6, 34].

Река Сырдарья в основном питается тальми снеговыми и ледниковыми водами и несколькими горными реками. В конце XIX в. Н.В. Остроумов называет следующие ее притоки: с правой стороны – «Джумгол», «Узун-ахмат», «Паша-ата», «Кассан», «Ангрен», «Чирчик», «Келес», «Арыс», «Бугун», «Карайчик»; с левой стороны – «Чичикты», «Карадарья», «Ак-бура», «Исфайран», «Сох», и «Аксу» [3, 17-18]. В начале XX в. В.В. Бартольд, относительно впадающих в Сырдарью рек, писал: «Как с востока, так и с запада (в Фергане с севера и юга) к Сыр-Дарье в ее верхнем и среднем течении стекают с соседских гор многочисленные реки, из которых ныне только три достигают ее (Чирчик, Келес и Арыс)» [2, 491]. Он указывал также, что в «Шараф-наме-йи шахи» Хафиза Таныша «упоминаются некоторые речки, впадавшие в Сыр-Дырью, под теми же названиями, какие они носят теперь: Бюгень (на карте Бугунь), Чаян, Арсланлык (на карте, согласно киргизскому произношению, Арыстанды)» [2, 226]. В работе К.А. Пищулиной отмечается, что до Сырдарьи доходили воды только крупных рек, стекавших со склонов Каратау. Например, Арыса и ее притоков Бурулдая и Бадама, «воды же более мелких речек разбирались на орошение полностью» [7, 41]. Основываясь на сведениях сочинения XIX в. «Тарих-и Шахрухи» Мулла Нияз-Мухаммада Хуканди, Т.К. Бейсембиев указывал, что дно Сырдарьи было илистым и наличие ила в воде делало ее особенно благоприятным для орошения [8, 61].

Сырдарья является одним из наиболее часто упоминаемых гидронимов в мусульманской историко-географической литературе позднего средневековья и Нового времени. В этих источниках река имеет несколько наименований: Сейхун, Ходжендская река, Шахрухская река, Шашская река и Ахсикетская река.

В некоторых мусульманских, преимущественно тюркских, исторических трудах река названа «Сыр». Причем в источниках встречаются два варианта написания названия – (سيرى). Например, в рукописях Абу-л-Гази-хана используется оба варианта (سيرى سوسى) [9, 12, 40, 43, 57, 63, 97 (чагатайский текст)].

В русских архивных документах XV-XIX вв. приводятся разные варианты названия Сырдарьи – «Сыр», «Сырт», «Шир», «Сыр-Дарья», «Сырдарья», «Дарья-Сыр» [10, 92, 220, 224, 300, 412; 11, 297, 344, 345].

Происхождение слова «Сыр» или «Сир» не совсем ясно. По мнению С.Г. Кляшторного, «Этимологически слово «сыр», как нам представляется, связано с бытующим во многих таджикских и узбекских говорах Средней Азии словосочетанием «сир об», употребляемым в смысле полноводие, обилие воды. Можно полагать, что это же слово встречается в сакских и согдийских документах из Восточного Туркестана в форме «sīgā», «sūr» (прилагательное и наречие «хороший», «хорошо», «очень» «много», «многочисленный» [12, 190]. Ссылаясь на его мнение, Э.М. Мурзаев пишет: «В древних иранских языках – согдийском и сакском «шира, шыр» означает «хороший», «много», «очень». При этом исследователь добавляет, что «словообразование «сыр» от «сары» (желтый) не имеет основания» [13, 253]

Современный узбекский исследователь Ш. Камолитдин пишет: «Название Сир

производится от сакского слова *сир*, что означает «обильная», «полноводная река»...или от тюркского *сир* – «извилина реки». Его можно было бы также связать с тюркским этнонимом *сир*, который упоминается в памятнике в честь Тоньюкука...и в доисламских монетах Хорезма»...Происхождение названия *сир/сил* связывается также с древнетюркским словом *сел/селем*, сохранившимся в чувашском языке в значении «жемчуг»[14, 88].

По народной этимологии, «Сыр»с местных тюркских диалектов переводится как «загадочный», «тайный», т.е. Сырдарья – «Таинственная река».

Некоторые мусульманские историки XVI–XVII вв. считали, что Сырдарья (Сейхун) является одной из рек упоминаемых в хадисе пророка. Так, например, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани в «Михман-наме-йи Бухара» пишет: «А река Сейхун является одной из четырех рек мира, о которых говорится в некоторых хадисах, что они выходят из рая. Источником прозрачной [воды] их является душистая почва вечного рая»[15, 73-74]. А в «Бахр ал-асрар» Махмуд ибн Вали утверждает: «Река Сейхун – река эта в Мавераннахре и по правильным высказываниям, упоминаемая в хадисе река Сейхан – это Сейхун»[16, 96]. В.В. Бартольд считал, что «названия Джейхун и Сейхун явились по аналогии с названием двух рек северной Сирии – Джейхана и Сейхана»[2, 210]. По мнению З.А. Джандосовой, названия Сейхун и Джейхун заимствованы «арабами из Библии, где Гихон (Геон) и Фисон – названия двух из четырех райских рек...Предположительно, завоеванная страна произвела на завоевателей столь приятное впечатление, что была уподоблена райскому саду (jannat)»[4, 373]. Относительно этого Б.А. Ахмедов пишет: «По сведениям Хафиз-и Аbru (Тарих-и Хафиз-и Аbru, л. 31 а), река под этим названием (Сейхан) есть и в Руме и впадала в Мраморное море (Бахр-и Рум), а Шамс аддин (Камус ал-алам, т. IV, стр. 2740-2742) помещает его в области Сивас, в долине, расположенной между горами Кузан и Бугаз. Она, минуя вилает Тартус, впадала в Мраморное море»[16, 137]. Таким образом, мы имеем дело с переносом названия из одного места в другое, что было достаточно распространенным явлением в ту пору.

Ферганская часть Сырдарьи хорошо описана в «Бабур-наме». Захир ад-Дин Бабур пишет: «В Фергане семь городов; пять из них — на южном берегу реки Сейхун, два — на северном берегу»[17, 20]. Затем он приводит описание каждого из этих городов (Андижан, Ош, Ахси и др.). Например, о городе Ахси в сочинении говорится: «Один из городов на северном берегу реки Сейхун — Ахси; в книгах это [название] пишут: Ахсикет, так же как поэта Асир ад-дина называют Асир ад-дин Ахсикети. В Фергане после Андиждана нет города больше этого. От Андиждана к западу [до Ахси] девять йигачей пути. Омар Шейх мирза сделал его своей столицей. Река Сейхун течет под крепостью. Крепость стоит на высоком яру. Вместо рва там служат глубокие овраги. Омар Шейх мирза, когда сделал Ахси своей столицей, еще раз или два копал овраги дальше, вне крепости. В Фергане нет [другой] такой неприступной крепости»[17, 22].

Захир ад-Дин Бабур отмечает богатство фауны поймы Сырдарьи. Он пишет: «Сторона реки Сейхун, где стоит Ахси, степная; там много белых кийиков. Андижданская сторона — [сплошь] густой кустарник; там попадает много бугумаралов и зайцев, они очень жирные»[17, 22]. Исследователи позднего времени также обращали внимание на это. Так, например, А.И. Левшин писал, что на берегах Сырдарьи и его протоков водятся множество кабанов, волки, барсы, тигры и другие звери[1, 61]. О том, что здесь обитают тигры, кабаны, олени, волки, сайгаки, дикие кошки и др. животные писали такие дореволюционные ученые как А.И. Макшеев[18, 50], Н.А. Ивашинцов[19, 252], Л.С. Берг[20, 8] и др. По словам Л.Ф. Костенко, еще в конце XIX в. в камышах Сырдарьи обитали такие представители животного мира как тигры, барсы, кабаны, фазаны, дикие гуси, утки и др. [21, 225; 22, 99]

В бассейне Сырдарьиобитало очень большое количество рыб, хотя в 1697 г. Ф.

Скибин и его товарищи утверждали, что «рыбы де в ней мало»[10, 384]. Однако в 1696 В.Кобяков, также побывавший в составе дипломатической миссии в ставке Тауке-хана, сообщал: «А рыбы де в реке Сыру премногое число»[10, 431]. Ихтиофауна Сырдарьи была очень разнообразной.«Сыр-дарья богата рыбою. В ней водятся осетры, шипы, сомы, сазаны (карпы), жерехи, судаки, щуки, облы, подлещики и проч.», – писал в 1856 г. А.И. Макшеев[23, 15]. В 1874 г. Г.С. Загрязский отмечал «изобилие щук, сомов, окуней, судаков, карасей, усачей и лещей» в озерах в дельте реки[24, 4]. В работе Н.В. Остроумова 1891 г. указывается наличие в Амударье и Сырдарьи таких видов рыб как шип, сом, жерех, сазан, судак, лещ, щука и сопа[3, 33]. Известно, что даже в советское время ихтиофауна Сырдарьи отличалась оригинальностью по сравнению с другими реками СССР. Так, географ Э.М. Мурзаев писал о наличии в реке 41 видов рек[5, 312]. Однако в настоящее время специалисты отмечают значительное снижение рыбных запасов в Сырдарье. Например, по данным таджикских ученых, сейчас на в таджикистанской части реки водятся всего 19 видов рыб: осетр, форель, щука, плотва, красноперка, белый амур, сом, маринка, лещ, толстолобик, судак, сазан, жерих[25].

Однако рыболовство на Сырдарье было развито очень слабо. Так, например, Ф. Скибин и его товарищи утверждали, что «на реке рыбу не ловят»[10, 384]. То же сообщает В. Кобяков:«ки обыкности де у них такой лет, чтоб рыбу естьи ловить, и промыслов таких нет»[10, 431]. Однако в 1880 г. Л.Ф. Костенко,говоря об изобилии рыбы на Сырдарье, писал, что по преимуществу ловится «осетр, из которого добывается икра». По его словам, «мелкую рыбу ловят вершими, а крупную – бьют отрогами» и занимаются этими только кочевники-киргизы, т.е. казахи[22, 96-97].

Туркестанская часть Сырдарьи хорошо показана в «Михман наме-йи Бухара»Фазлаллаха ибн Рузбихана Исфакхани. В этом сочинении приводится следующее красочное описание реки: «В самом деле эта река необыкновенна. Начало истоков ее, согласно тому, что видно, есть начало областей Ходжента и Шахрухии. Течет [река] на расстоянии более трехсот фарсаховпо Туркестану, среди зимовий узбеков, и теряется в конце страны узбеков в песках, которые жители той страны называют Каракумы. Следы этой реки исчезают в песчаных холмах того края. На [протяжении] этих трехсот фарсахов, по которым течет река Сейхун, все берега и окрестности ее покрыты в изобилии кормовыми травами и зарослями камыша. Из притоков и рукавов ее ответвляются большие каналы и ими орошаются возделанные земли ... Может быть, среди рек мира ни одна река по множеству пользы и доходов от травы, древесного топлива и мест охоты не близка к Сейхуну. Прозрачная ее вода дарует жизнь животным...А края [реки] – словно ланиты красавиц, украшенные порослью душистых трав, — являются предметом зависти садов стран света из-за радующих душу лугов. Ты сказал бы, что каждый их луг подобно локонам красавиц, превратившимся в места охоты на сердца поклонников, сделался полем охоты на разного рода животных: на куланов, диких коз и разных других зверей. Сквозь чащи ее деревьев и заросли камыша нет возможности пробиться ветру, [даже] диву не удастся пройти по тропинкам ее берегов. Ты сказал бы, она – река рая, ибо полна беспредельными дарами, или, она – само милосердие, которое по милости вседержителя сказалось в обилии пользы...»[15, 73-74].

В «Михман-наме-йи Бухара» сообщается, что в начале XVIв. побережья Сырдарьи являлись местом зимовья казахов: «Местом их (казахов – авт.) зимовья является побережье реки Сейхун, которую называют рекой Сыр. Как мы объяснили выше, все окрестности Сейхуна покрыты зарослями най, [тростника], который по-тюркски называется камыш, богаты кормами для скота и топливом»[15, 94]. По словам автора этого труда, Сырдарья была окаймлена такими громадными зарослями камыша, что «вследствие густоты которых змее не было возможности проползти в их узких проходах. Солнце, несмотря на острые клинки [своих] лучей, никогда не проникало вглубь, чтобы

срезать их на корню. Кроме тени, которая охватывала их полу, никто не решался ступить ногой, чтобы проложить путь сквозь эти камышовые дебри. Кроме воды, которая протекала внизу, никто не мог раздвинуть их властной рукой, чтобы пройти. Края этой рощи были так окружены стрелами камыша, что каждый человек, который шел там, уподоблялся колчану и жизнь свою превращал в мишень стрел смерти...»[15, 84]. Спустя три с половины века, в 1856 г. русский исследователь, генерал А.И. Макшеев, отмечая важность камышей для казахских зимовок на Сырдарье, писал: «Камыши защищают и людей и стада от холода и буранов и служат кроме того для людей топливом, а для скота кормом»[23, 52]. Это же чуть позже, в 1874 г., отмечал и Г.С. Загряжский: «камыш, которым заросли берега озер (озер, в дельте Сырдарьи – авт.) доставляет киргизам (казахам – авт.) топливо, строительный материал, а молодой камыш скашивается на корм скоту»[24, 4].

Согласно «Михман наме-йи Бухара» Фазлаллаха ибн Рузбихана Исфохани, в начале XVI в. вдоль берега реки было 30 крепостей-городов[15, 73]. В 1697 г. Ф. Скибин и его товарищи, побывавшие у Тауке-хана, утверждали: «А Сырт де река течет из под камня, от городов их не в близости...»[10, 384]. К.А. Пищулина объясняет это тем, что «низкие глинистые берега реки затоплялись во время разливов и размывались»[7, 40-41]. В 1697 г. Ф. Скибин и его товарищи, побывавшие у Тауке-хана, утверждали: «А Сырт де река течет из под камня, от городов их не в близости...а пала де устьем в море Хивинское или Аральское...»[10, 384].

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани называет этот регион Туркестаном и достаточно четко показывает его границы. Со стороны Мавераннахра первым городом Туркестана был Аркук, небольшая крепость на западной стороне. «Эта крепость Аркук – пограничная застава Туркестана, и потому для каждого, кто из Бухары и Самарканда трогается в путь в область Туркестана, первым его местопребыванием является эта знатная крепость...» – пишет Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани[15, 73]. Об этой крепости в другом месте своего труда он говорит: «Эта крепость в одном фарсах от реки Сейхун, и расположена она на западной стороне реки. Через нее проходит дорога в восточные крепости Туркестана, как-то Йаси, Сабрам и другие владения»[15, 75]. Таким образом, восточными городами-крепостями Туркестана являлись – Йаси и Сабрам (Сауран). Северной же границей Туркестана в «Михман наме-йи Бухара» указывается город Сыгнак, который «является окраиной благоустроенной области»[15, 117]. Этот регион, «бассейн среднего течения Сыр-Дарьи (а именно узкая полоса, тянущаяся вдоль ее левого берега, и более широкая - вдоль правого, ограниченная горной цепью Каратау на северо-востоке и водоразделом долин Чирчика и Бадама, южнее г. Сайрама, на востоке)»[7, 38], не только у Фазлаллаха ибн Рузбихана Исфохани, а во всей историко-географической литературе этого периода именовался Туркестаном. «Вся территория Туркестана объединяется в одно целое Сырдарьей», – пишет К.А. Пищулина[7, 40].

Присырдарьинские города – Сыгнак, Сауран, Йасы и другие – были, как указывают специалисты, важными центрами торгово-экономических связей для населения степных районов, превосходными для своего времени крепостями и могли выдержать длительную осаду. Традиционно они являлись административно-политическими центрами, существовавших ранее на территории Казахстана государственных образований. К тому же Йасы (Туркестан) был в средневековье крупным религиозным центром. Кроме этого, для казахских кочевых племен земли нижнего и среднего течения Сырдарьи представляли большой интерес и как ценные зимние пастбища, но использовать их можно было лишь владея ключевыми пунктами этой территории – городами-крепостями Туркестана и Каратау[7, 91-99]. Поэтому в течение XV-XVII вв. правители Казахского ханства и Шибанидского государства вели за присырдарьинские города постоянные войны. Эти города вошли окончательно в состав Казахского ханства в конце XVI в.[7, 27, 98]

Таким образом, наш небольшой обзор показал, что в историко-географической литературе XV-XIX вв. имеются интересные сведения о Сырдарье, на берегах которой родился и известный Жабай батыр из рода Сыргели. Эти источники говорят, что река в этот период имела несколько наименований. Они также показывают важное значение Сырдарьи в истории народов Центральной Азии. Река играла также важную роль и в истории казахского народа. Здесь происходили важные политические события, которые влияли на ход истории региона. В целом, изучение исторической географии Казахстана является актуальной задачей казахских ученых и она тесно связана с целями и задачами программы «Рухани жаңғыру», инициированной Президентом РК Н.А. Назарбаевым.

Список литературы

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996. 656 с.
2. Бартольд В.В. Сочинения. Т. III. Москва: Восточная литература. Наука, 1964, 711 с.
3. Остроумов Н.В. География Туркестанского края с краткими сведениями о ханствах Бухарском, Хивинском и Закаспийской области. Изд. 2-е, с картой Туркестанского края. Самарканд, 1891. 92 стр.
4. Джандосова З.А. Сырдарья // Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов / Сост. И. В. Ерофеева. Алматы, 2014. 528 с.
5. Мурзаев Э.М. Средняя Азия. Москва, 1968. 482 стр.
6. Агеева Р.А. Происхождение имен рек и озер. Москва. Наука, 1985. 144 с.
7. Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства: Сборник статей / Вступ. ст., сост. К.З. Ускенбая. Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2016. 350 с.
8. Бейсембиев Т.К. «Тарих-и шахрухи» как исторический источник. Алма-Ата: Наука, 1987. 200 с.
9. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази, хана хивинского. Москва-Ленинград. Изд. АН СССР, 1958. 105 с.
10. История, 2005 История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словариков указателей А. Исина. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 705 с. + 16 с. вкл.
11. История, 2007 История Казахстана в персидских источниках. Том 5. Извлечения из сочинений XIII - XIX веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 477 с.
12. Кляшторный С. Г. Яксарт – Сыр-Дарья // Советская этнография, 1953, № 3. С.189-190
13. Мурзаев Э.М. Средняя Азия: Физико-географический очерк / Отв. ред. акад. А.А. Григорьев. Изд. 2-е, доп Москва. Географгиз, 1957. 272 с.
14. Шамсиддин Камолиддин. Исследования по исторической топонимии Средней Азии. Топонимы. Топоформанты. Этимологии. Saarbrücken: Verlag / Издатель LAP Lambert Academic Publishing, 2013, 174 стр.
15. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. Москва: Восточная литература, 1976, 106 с.
16. Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных (география) / Введение, перевод, примечания, указатели Б.А. Ахмедова. Ташкент, 1977, 168 с.
17. Захир ад-Дин Бабур. Бабур-наме. – Ташкент. Главная редакция энциклопедий, 1992. – 312 с.
18. Макшеев А.И. Описание Аральского моря // «Записки Географического Общества», 1851 г., кн. V. С.50
19. Ивашинцов Н.А. Очерки низовьев Сыр-Дарьи и приаральской степи (из походных записок 1853 г. // «Морской сборник», 1854, т. 13, № 1, С.252

20. Берг Л.С. *Аральское море*. СПб.: Типография М.М. Стасюлевича, 1908. 611 с.
21. Костенко Л.Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. СПб., 1880. Т.1. 452 стр.
22. Костенко Л.Ф. Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. СПб., 1880. Т.3. 302 стр.
23. Макшеев А.И. Описание низовьев Сыр-Дарьи // «Морской Сборник», 1856 г. Т. XXIII, № 9. 80 стр.
24. Загряжский Г.С. Быт кочевого населения Чу и Сыр-Дарьи // Туркестанские ведомости. 1874. № 25. – С. 4-5.

Түйін: Мақалада Сырдария туралы тарихи ақпараттар қарастырылған, бұл Қазақстан тарихындағы ортағасырлық кезеңнің тарихи-мәдени орталығы болып табылады. Сырдария - Орталық Азиядағы ең ұзын өзен. Сырдария қалалары - Сығанақ, Сауран, Ясы және басқалары - сарапшылардың айтуынша, дала аймақтарының, форманың тұрғындары үшін сауда-экономикалық қатынастардың маңызды орталықтары және ұзақ қоршауға шыға алады. Дәстүрлі түрде олар бұрын мемлекеттік органдардың аумағында болған әкімшілік және саяси орталықтар болды. Осылайша, біздің шағын шолуымыз XV-XIX ғасырлардағы тарихи және географиялық әдебиеттерде Сіргелі руында Жабай батыр туылған жайында, Сырдария туралы қызықты ақпараттар бар екенін көрсетті. Бұл дереккөздердің айтуынша, осы кезеңде өзеннің бірнеше атауы бар. Олар сондай-ақ Орта Азия халықтарының тарихында Сырдарияның маңыздылығын көрсетеді.

Abstract: The article examines the historical information about the Syr Darya River, which is the historical and cultural center of the middle and late medieval period in the history of Kazakhstan. The Syr Darya is the longest river in Central Asia. The Syr Darya cities - Sygnak, Sauran, Yasy and others - were, as experts point out, important centers of trade and economic relations for the population of the steppe regions, excellent forts, and could withstand a long siege. Traditionally they were administrative and political centers that previously existed on the territory of Kazakhstan state entities. Thus, our small review showed that in the historical and geographical literature of the XV-XIX centuries there is interesting information about the Syr Darya, on the banks of which the famous Toad of the Sirgeli genus was born. These sources say that the river in this period had several names. They also show the importance of the Syr Darya in the history of the peoples of Central Asia.

ӘОЖ:954.12

Мұхтар Қожа

т.ғ.д., «Тарих» кафедрасының профессоры
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

АЛТЫН ОРДАНЫҢ БЕКЛЕРБЕГІ – ОЙСЫЛ

Түйін: Мақалада Алтын Ордадағы Ойсыл қазақтық ірі руы ретінде деректер зерттелді. Жазба және археологиялық материалдармен қатар ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді тарихи дерек ретінде пайдаланып ақпар ала білу қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Деректердің осы түрінен тарихи мәлімет алу жолы оңай емес. Басты кедергілердің бірі аңызға арқау болған оқиғаның уақытын, мерзімін анықтау. Осыдан тарихшылар аңыздарда баяндалған жағдайды, оқиғаны тарихтың қай кезеңіне, қай дәуіріне жатқызуды болжай алмай қиналады. Шежіреде аталатын тұлғалардың есімдері ізденіске бағыт бергендей болғанмен ізденушілерді шатастыруы да мүмкін. Себебі есімдес тұлғалар Ұлы дала тарихында жиі ұшырасады. Мемлекеттер аумағында жасалған тарих пен өркениет Ұлы дала аумағындағы барлық түркі халықтарының, қазақ халқының ортақ қазынасы, кейінгі дәуірде пайда болған Қазақ хандығының бастауларының бірі.

Кілттік сөздер: Алтын Орда, түркі халықтары, шежіре, тарих, қазақ руы, Сіргелі, батыр, қолжазбалар

«Далалық ауызша тарихнамасы», «қазақтың ауызша тарихы» деп ғалымдар баға берген шежірелер, тарихи аңыздар Ұлы даланың өткенін тануда сарқылмайтын қазына. Жазба және археологиялық материалдармен қатар ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді тарихи дерек ретінде пайдаланып ақпар ала білу қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Деректердің осы түрінен тарихи мәлімет алу жолы оңай емес. Басты кедергілердің бірі аңызға арқау болған оқиғаның уақытын, мерзімін анықтау. Осыдан тарихшылар аңыздарда баяндалған жағдайды, оқиғаны тарихтың қай кезеңіне, қай дәуіріне жатқызуды болжай алмай қиналады. Шежіреде аталатын тұлғалардың есімдері ізденіске бағыт бергендей болғанмен ізденушілерді шатастыруы да мүмкін. Себебі есімдес тұлғалар Ұлы дала тарихында жиі ұшырасады.

Біз қарастырып отырған аңызды белгілі фольклортанушы-ғалым Ақселеу Сейдімбек «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сіргелі ұрпақтары» деп белгілеген [1,553 б.]. Онда Жәнібек ханның қызы мен Ойсылдың ұлы арасындағы махаббат, бұған қарсы болған опасыз ханның бір әулетті қырып салуы және аман қалған ұрпақтан қазақтың сіргелі деген руының өрбуі баяндалады. Сіргелі бірнеше түркі халықтарының құрамында бар: қазақта - Ұлы жүздің және Орта жүздің Уақ руы құрамында, ноғайда, өзбектің юз тайпасы ішінде. Орта Азияның ең үлкен қаласы болып табылатын Ташкенттің бір үлкен ауданының аты Сіргелі, әуежайының аты Ташкент-Сіргелі, ал Ташкент облысы бойынша бірнеше елді мекен Сіргелі деп аталады [1,553 б.; 2, 16 б.]. Қазақстанның қазіргі Түркістан облысындағы Сарыағаш ауданында Сіргелі елді мекені, Созақ ауданындағы жердің аты Сіргелі [3,236 б.], Жамбыл облысының Сарысу ауданында жер атауы және Талас ауданында ескі арық атауы да Сіргелі [4,282, 313 бб.].

Аталған аңыздың ондаған нұсқасы жарияланған. Солардың ішінде ең ескісі деп белгілі этнограф-ғалым Хәлел Арғынбаевтың қағаз бетіне түсірген мәтінді санауға болады. Оны зерттеуші 1958 жылы Шымкент (қазіргі Түркістан) облысы, Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданы, Майбұлақ кеншарының 70 жастағы тұрғыны Тәжібай Бердібаевтан [5,32 б.] жазып алған екен: «Жәнібек ханның замандасы, бақуатты Бақтиярдың ұлы Ойсылдың бірнеше әйелі және 30 ұлы болыпты. Олардың арасында ақылмандары да, көрікті еркетотайлары мен іскерлері де бар екен. Солардың бірі Жәнібек ханның сұлу қызына ғашық болып ол қыз екіқабат болып қалады. Бұны білген хан ашуланып, Ойсылдардың барша ұлдары мен

келіндерін қонаққа шақырып қырып тастапты. Тек қана Ойсылдың қырда жылқы бағып жүрген ұлы Өтеп пен оның Избике атты екіқабат әйелі төркіндеп жүріп, аман қалып, Манат атты ұл туыпты. Ол ес жиып, ат жалын тартып мінуге жараған кезде оған сіргелі тай мінгізіп, еліне шығарып салыпты. Ол ата-жұртына жеткенде көкпардың үстінен шығып, бұл додада өзінің епті әрі күшті екенін танытып, тайының да тұлпар тектес топжарғандығын көрсетіп, жиналған ел-жұртты таң қалдырыпты. Оны енді байқап, бір-бірінен сұрастырып, «сіргелі тай мінген мына мықты бала кім?» дегенге келеді. Тойдан кейін әкесі Өтептің ағасымен көрісіп табысады, ол әменгерлік жолмен Избикеге үйленіпті. Өтептің ағасынан Тутаңбалы мен Қайшылыны табады; ал ханның екіқабат қызы егіз Ақкөңірдек пен Қаракөңірдекке босанғаннан кейін, оларды Өтеп пен Избике асырап алыпты. Ал Манат есімі ел ішінде ұмытылып, «Сіргелі» атымен тұрақталып бүкіл кейінгі әулетке көшіпті»[5,92-93 б.].

Осы аңызда Ойсыл балаларын қырғынға ұшыратқан хан кім деген сұраққа зерттеушілердің бір бөлігі Қазақ хандығының негізін қалағандардың бірі - Жәнібек деп болжаған болатын. Алайда бұл пікірге қайшы келетін айғақтар жетерлік. Біріншіден, қазақтың ханы Жәнібектің төл аты Абу Саид (Бу-Саид, Мәшһүр Жүсіпте Әбусағит үлгісінде жазылған). Жәнібек – оның лақап аты. Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде оны Кіші Жәнібек деп атайды [6, 114 б.]. Екіншіден, деректерде аталған қазақ ханының біреуге зәбір көрсеткені туралы еш ақпар кездеспейді. Сондықтан аңыздағы хан қазақтың Жәнібегі деуге негіз жоқ.

Бір әулетті қырған хан қай Жәнібек дегенге жауап іздегенде туысқан ноғай халқында сюжет жағынан «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сіргелі ұрпақтары» атты аңызбен үндес «Айсылдың ұлы Амет батыр» атты жырдың бар екендігі ескерілуі тиіс. Жырдың бас кейіпкерлері қатарында Жәнібек хан мен Айсыл би, олардың перзенттері. Айсыл бидің баласына хан қызын беремін деп бастапқыда келіскені, кейін уәдесін бұзғаны, батыр жігіттің хан қызын ұрлап әкеткені, бұған хан жазалаушылар жіберіп әскери қақтығыстар болған баяндалады. 1969 жылы басылған «Ноғай халқ йырлары» атты жинақтың құрастырушылары «Айсылдың ұлы Амет батыр» деген жырда баяндалған оқиғалар Алтын Орда ханы Жәнібектің кезінде орын алған деп ашық жазады [7, с. 8].

Назар аударарлық жәйт, ноғайдың осы жырының атақты В.В. Радловтың 1896 жылы жариялаған нұсқасында Жәнібек ханның Бердібек атты ұлының болуы [8, с. 212]. Бұл бізге аңыздағы ханның Алтын Орда тағын 1342-1357 жылдары иеленген Жәнібек екендігін айқындайды. Себебі жазба деректерде оның Бердібек есімді ұлы аталады. Ал қазақ ханы Жәнібектің перзенттері ішінде Бердібек жоқ, бұл тағы да Қазақ хандығының негізін қалағандардың бірі - Жәнібекке қатысы жоқ екенін көрсетеді.

Екіншіден, Алтын Орда ханы Жәнібектің залым болғаныны жазба деректерде аталып оның туған аға-інілері Тыныбекпен Хызырбекті өлтірткені айтылады. Опасыздық Жәнібектің өзіне ғана емес ұлына да тән болыпты. Кейбір деректерде ауырып жатқан ханды өз перзенті Бердібек жақтастарымен келіп өлтіргенін хабарлайды [9, с. 269-270; 10, с. 259-260]. Ал билік басына келген Бердібек бірнеше күн ішінде 12 жақын туысқанын, олардың ішінде таяу арада жарық дүниеге келген нәресте інісіне дейін өлтірткен. Бұл сұмдық жағдайды тарихшы Өтемісқажы төмендегідей суреттейді: «Өзінің қарындашларыны тақы өзоғландарыны маңа ханлық талашур дөб өлтүрүр әрді» [11, с. 135]. Жәнібекұлы Бердібек туған балаларын ер жеткен соң өзімен хан тағы үшін таласады деп көздерін жойғызыпты. Осының нәтижесінде көп ұзамай Бердібек дүниеден өткенде атақты Батый хан ұрпағынан Алтын Орда тағына ие болатын тұяқ табылмай билік басына Жошының басқа ұлдарынан тарағандар келді [10, с. 259-260]. Осы тарихи мәліметтер қазақ аңызындағы бір әулетті қырған хан Алтын Орда тағын иеленген Жәнібек хан екендігін көрсетіп тұр.

Ноғай жырымен, қазақтың «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сіргелі ұрпақтары» атты аңызбен сарындас сюжет XVII ғ. аяғына жатқызылатын «Дафтар-и Чингиз-наме» атты татар қолжазбасындағы Айсаұлы Амаг туралы тарауда кездеседі. Үш түрлі түркі елдерінің әдеби туындыларында сипатталатын бір жағдай осы үш халықтың ортақ мұрасы - Алтын Ордада

орын алған деп санауға негіз бар. Аңыз, жыр, қолжазба түбі бір тарихи оқиғаны баяндайды. 1972 ж. тек ноғай эпосы мен татардың қолжазбасындағы әңгіме негізінде осындай пікірді татар ғалымы М.А.Усманов айтқан болатын: «судя по стилю дастана, в его основе лежит эпос, который в свою очередь также основан на подлинном историческом событии ... Историческим лицом является и отец Амата – Иса (Айса). Согласно сведениям Ибн Баттуты и Васафа, он был зятем хана Узбека.... Получается поразительное совпадение возрастов и дат: Иса был зятем Узбека; Амаат начал действовать при Джанибеке, который умер в 1357 г., но он был значительно моложе хана» [12, с. 115]. 2006 жылы зерттеуші Зікірия Жандарбек Ойсылдың перзенттерімен ағайындарын қыруды ұйымдастырған Өзбекханұлы Жәнібек деген пікір білдірді [13, 135-136 бб.]. Ал Алтын Ордаға байланысты тарихи зерттеулер мен дереккөздерді пайдаланған Ж.Сабитов қазақ шежіресіндегі Ойсыл және Өзбек хан қасындағы Исаны бір адам деп болжам айтты: «можно предположить тождество таких персон как Ойсыл уйсун, внук Майкы-бия уйсунa и Иса (Айса) уйшун (налицо лингвистическое сходство)» [14, с. 299-302].

Үш түрлі түркі елдерінің жадында сақталған мәліметтер бойынша Айсыл-Айса-Ойсылдың тегіде бір. Түрлі ортағасырлық жазбаларға сүйенген зерттеулер Өзбек ханның күйеу баласы болып табылатын Исаның руы уйшин/үйсін екенін көрсетеді. 2016 жылы Казанда басылған «Золотая Орда в мировой истории» атты зерттеуде Иса Өзбек ханның сенімді адамы екені, беклербек (бас министр) қызметін атқарғаны, оған хан өз қызын бергені, осыдан ол Иса-гурген аталғаны, оның руы үйсін екені көрсетіледі – «Новым фаворитом и беклярбеком Узбека стал его очередной зять Иса-гурген из рода уйшин, женатый на ханской дочери» [10, с. 253]. Шыңғысхан Жошыға 4 мың сарбаз беріпті және оның 2 мыңы хушин/үйсін руынан екен.

Ноғайлар қанша ғасыр өтсе де Айсыл бидің тегін ұмытпаған. Бұған айғақ ретінде XIX ғ. аяғына жататын «Обращение кумыкских ногайцев» атты тарихи құжаттағы мына ақпарды алға тартуға болады: «А вот имена известных нам, ногайцам наших предков ... В Капчугае жил уйсюнь (астын сызған біз –М.Қ.) Амет батыр, сын Айсула»[15, с. 137].

Ойсылды түп атамыз деп санайтын қазақ сіргелілері өзін үйсінге жатқызғаны жөнінде орыс деректерінде көрініс тапқан. XVIII ғасырдың аяғында Түркістан жерінен өткен Д.Телятников: «Сиргели юсунские» деп жазса [16, с. 177], XIX ғасырдың басында сіргелілерге кезіккен Ф.Назаров оларды «Юсун-Сыргалинская волость» деп атайды [17]. Міне есімі, тегі жағынан да Иса, Айсыл би, Ойсыл бір болып тұр. Ноғай-татар деректерінде Айса-Айсыл бидің баласы Амаат болса, Х.Арғынбаев аңызында Ойсылдың баласы Өтеп.

Жоғарыда келтірілген айғақтар, сәйкестіктер 1313-1341 жылдары Алтын Орда ханы Өзбектің беклербек қызметін бірнеше мәрте атқарған, араб пен басқа шығыс жазбаларында Иса немесе Исабек деп көрсетілген, ал ноғай жырларындағы - Айсыл би, татарда Айса, қазақ шежіресіндегі Ойсыл болып аталатын кейіпкер бір адам, бір тұлға екені күмән туғызбайды.

Сонымен Иса-Айса-Айсыл би-Ойсыл Алтын Орданың дәуірлеп тұрған Өзбек және Жәнібек хандардың билік құрған заманында, яғни XIV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрді. Ол Өзбек хан кезінде Алтын Ордада ханнан кейінгі ең жоғары мемлекеттік қызметті иеленіп беклербек (бектердің бегі) аталды. Арабтың атақты саяхатшысы Ибн Баттутаның жазуынша ол «начальник улуса, что значит начальник эмиров. Я застал его живым; он был женат на дочери султана». Ол империяның әскерін басқарды, көрші елдермен қатынастарды реттеп отырды, ислам дінін таратуға атсалысты. Кейбір зерттеулерге қарағанда оның бір баласы Қырымды басқарған. Жасы келген кезде аяғы ауырғанына қарамай маңызды мәжілістерге қатысу үшін қызметшілері көтеріп апарып әкеліп тұрды. Ол ханның қызына үйленіп Өзбек ханға әйелдікке туған қызын берді.

Ибн Баттута өз еңбегінде осы Иса (яғни Айсыл би – Ойсылды) және оның әйелі –Өзбек ханның қызымен жолыққанын және сол кездесуден алған әсерін келесі жолдармен жеткізеді: «Мы отправились к этой хатун, царской дочери, (жившей) в отдельной ставке; на расстоянии

около шести миль от ставки отца своего. Она приказала позвать к ней правоведов, кадиев, саййда шарифа Ибн Абд ал-Хамида и общество талибов, шейхов и факиров. Явился также муж ее, эмир Иса, дочь которого замужем за султаном, и сел с ней на один ковер. Он страдал подагрой и не мог ни ходить на своих ногах, ни сидеть верхом на коне, а только ездил на арбе. Когда он хотел зайти к султану, то слуги снимали его (с арбы) и вводили его в собрание, неся (его). ... Эта болезнь распространена между этими Тюрками. Со стороны этой хатун мы увидели милости и доброту характера, каких не видели (ни у кого), кроме нее. Она осыпала нас щедротами и облагодетельствовала. Да воздаст ей Аллах добром!» [18, с. 222]. Ал Исаның Өзбек ханға шыққан қызы Ордашы туралы Ибн Баттута «Эта хатун (одна) из лучших, добрейших нравом и сострадательнейших хатун» [18, с. 221-222] деп мінездеме береді.

Өзбек хан қайтыс болған соң оның баласы Жәнібек хан тағын иеленіп біраз жыл патшалық құрған кезде Иса-Айсылби-Ойсыл күллі отбасымен репрессияға ұшырайды. Аман қалған ұрпағы кейін қайта қосылып ел болды, үйсін-сіргелі аталды. Қазақ тарихында кейде рудың уақыт өте келе бастапқы атауының ұмытылып, оның орнына ескі мен жаңа атауларының қатар қолданылуы немесе мүлдем басқа атауға ие болатыны туралы ХІХ ғасырдың бірінші жартысында басылған А.И.Левшинның кітабында мынадай пікір бар: «с размножением народа киргизского увеличивается в нем число новых подразделений, а первоначальные названия поколений мало-помалу приходят в забвение» [19, с. 291]. Шынымен тарихи деректерге қарасақ, қазақ халқының ата-бабалары ХІV-ХV ғасырларда өзбек болып аталса, ХVІ ғасырда өзбек-қазақ болып жазылып, ХVІІ-ХVІІІ ғасырларда таза қазақ деген атауға ие болды.

Қазақ шежіре-аңыздарының бір үлгісінде Бақтиярдың ұлы Ойсыл деп, бірінде Бақтиярдың ұлы Сіргелі деп көрсетіледі. Сіргелі атауы қайдан шықты деген сұрақ туындайды. Х.Арғынбаев жазып алған аңыз бойынша үлкен әулеттен аман қалған Ойсылдың немересі - Манаттың есімі уақыт өте келе ел ішінде ұмытылып «Сіргелі» атымен тұрақталып бүкіл кейінгі әулетке көшіпті делінеді. Осы баладан тараған ұрпақ «Сіргелі» аталыпты, таңба белгісі бұзау мен құлын енесін ембеу үшін тұмсығына кигізетін «сіргені» елестетеді екен делінеді. Міне халықтық этимология сіргелі деген атаудың шығуын осылай түсіндіреді.

Сіргелі атауының шығуын «далалық ауызша тарихнама» үлгілеріндегі мәліметтерге сүйеніп басқаша түсіндіруге болады. Бақтиярдың әкесі Майқы би екені қазақ шежірелерінде көрсетіледі. Ал «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасындағы сақтаулы тұрған «Шыңғыс хан және оның билері» атты қолжазба [20, 146-160 бб.] және татардың «Дафтар Чингиз-наме» [12, с. 109]. бойынша Майқы би тоғыз биді бастап тауға кеткен Шыңғыс ханды іздеп тауып еліне қайтарғаны, оның осылай билік басына келгені айтылады. Майқы бидің осы әрекеттеріне риза болған Шыңғыс хан: « - Әй, Майқы би, мен хан болсам, бектік сенікі болсын. Егер сен бұл мөрлі жүзiктi алып келмесең, анамнан бiр белгi әкелмесең, мен сiздерге жоқ едiм. Сiздер маған ешқашан жолдас болмас едiңiздер» деген екен [20, 154 б.]. Шыңғысхан өзін қолдаған бектердің әр қайсысына мансап тағайындап, орын бекітеді. Әрқайсысына жеке-жеке таңба, құс, ағаш, ұран беріп, бөлек-бөлек ел етіп айырған екен. Ол Майқы биге қарап: «Әй, Үйсін Майқы би, сенің ағашың– Қарағаш, Құсың – Қара құс, ұраның салауат, таңбаң – Сірге болсын! - деген екен [20, 157 б.]. Алтын Ордада Майқы биден тарайтын тікелей ұрпағы осы Шыңғысхан берген таңбаны иеленіп жүрсе керек. Репрессияға ұшыраған үйсін руының бір тармағы арғы бабасының таңбасының атауына қарап «сірке» елі – сіргелі деп аталуы әбден мүмкін.

Қазақ шежіресінде аттары аталатын Ойсыл, Майқы би, Бақтияр және басқа да қазірше істері көмескі тарихи тұлғалар Монғол империясы мен Алтын Орданың іргесін көтеруге атсалысты, оның өркендеуіне үлес қосты. Аталған мемлекеттер аумағында жасалған тарих пен өркениет Ұлы дала аумағындағы барлық түркі халықтарының, қазақ халқының ортақ қазынасы, кейінгі дәуірде пайда болған Қазақ хандығының бастауларының бірі.

Одан беріректе Ойсылдың ұрпағынан қазақтың азаттығы үшін жанын аямаған батырлар

шықты. XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Сіргеліден шыққан батырлар алты алашқа әйгілі болды. Бұхар жырау жырындағы «Сіргелі Қара Тілеуке» [21, 134 б.], Шоқан Уәлиханов жазбаларында Елшібек батыр мен Жауылбай батыр [22, с. 219].

Түркістан аумағынан шыққан атақты батырлардың қатарына Жабайды қоса аламыз. Зерттеуші Э.А. Шмидт Ташкент маңында тұратын Сіргелілер жауға шапқанда «Жабай» деп ұрандатқан деп көрсетеді [23, с. 310]. Тарихтан білетініміз кез келген батырдың есімі ұранға айналмағаны белгілі. Мұндай мәртебеге тек ерекше ерлікпен көзге түсе білген батырлар ғана не болмаса ел басқарғандар ғана ие болған. Н.А. Аристовтың түсіндіруінше «ураны или употребляемые в боях, при барантах, на байгах клики, будучи именами храбрейших вождей или особенно памятных родоначальников» [24, с. 408].

Жабай баба кесенесінің сонау XIX ғ. бірінші жартысында-ақ қастерлі орынға айналғанын Майлықожадан аңғаруға болады. Мұны ақынның «Жабай бабаны сырттаған» [25, с. 569] деген өлең жолдары айғақтап тұр, яғни бабаны әулие санап пір тұтып зиярат жасайтынын көреміз.

Қазақтың батырлары мен көсемдері, даналары туралы тарихи аңыз-әфсаналар атадан балаға жетіп халқымыздың жадында сақталып қиын қыспақ кезеңде еліне рух, қуат беріп ұлтпен жер тұтастығын қамтамасыз етіп отырған. Сонымен қатар халқымыздың аңыз әңгімесі өткен тарихты танудың бір көзі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. Астана, 2008.
2. Құдайбергенов Р. Қосағаш Тутаңбалылары. Ойсыл-Сіргелі ұрпақтары. Тарихы, шежіресі мен энциклопедиялық деректері. Алматы, 2013.
3. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 8 том. Оңтүстік Қазақстан облысы. Алматы, 2007.
4. Жамбыл облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы. Тараз, 2007.
5. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000.
6. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы, 1997.
7. Ногайские народные песни. Москва, 1969.
8. Образцы народной литературы северных тюркских племен собраны В.В. Радловым. Ч.УП. Санкт-Петербург, 1896.
9. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. Москва-Ленинград, 1950.
10. Золотая Орда в мировой истории. Казань, 2016.
11. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Алма-Ата: Гылым, 1992.
12. Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. Казань, 1972.
13. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Алматы, 2006.
14. Сабитов Ж. К вопросу об Амате, сыне Исы // Вестник Евразийского национального университета. № 3(94). Астана, 2013. С. 299-302.

Аннотация: В статье исследуются данные о родах как крупнейшей этнической группы Золотой Орды. Наряду с записями и археологическими материалами, получение легендарных историй, хранящихся в стране как исторический источник, является одной из актуальных проблем современной науки. Получить историческую информацию из этого типа данных не легко. Определение времени и продолжительности события, одного из главных препятствий, является легендарной опорой. Исходя из этого, историки не могут предсказать историю, стадию истории, эпоху истории. Имена лиц, упомянутых в Шежире, могут показаться, что они ориентированы на обыск, но они могут запутать заявителей. Потому что люди часто вспоминают историю Великой степи. История и цивилизация, созданные на территории государств общее достояние всех

тюркских народов, казахского народа в Великой степи, является одним из начал Казахского ханства, возникшего в более поздние эпохи.

Abstract: The article examines data on childbirth as the largest ethnic group of the Golden Horde. Along with records and archaeological materials, obtaining legendary stories stored in the country as a historical source is one of the urgent problems of modern science. Retrieving historical information from this data type is not easy. Determining the time and duration of an event, one of the main obstacles, is a legendary prop. Proceeding from this, historians cannot predict history, the stage of history, the epoch of history. The names of persons mentioned in Shezhire may seem to be search-oriented, but they may confuse the claimants. Because people often remember the history of the Great Steppe. The history and civilization created on the territory of the states is the common heritage of all Turkic peoples, the Kazakh people in the Great Steppe, is one of the beginnings of the Kazakh Khanate, which arose in later epochs.

ӘОЖ:215.96

Ақыш Н.Б.

жазушы, филолог.ғ.д., профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Әдебиет және өнер» институтының ғылыми қызметкері
ЗЕРТТЕУДІҢ НЫСАНЫ, КЕСТЕЛІ СӨЗДІҢ КЕЙШКЕРІ

Түйін: Мақалада қазақ әдебиетінің кейінгі тәуелсіздік жылдары әдебиет тарихы бойынша қорғалған зерттеу еңбектердің біразында жекелеген тұлғалардың, батырлардың ұлттық тәуелсіздік идеясы жолындағы күрестері талқылауға түсіп, бұл тақырып ғылыми айналымға түскені туралы мәліметтерді сараптау және зерттеу. Мақалалар Сіргелі Жабай батырға қатысты ой-пікірлерді жүйелеп, қазбалап, дiттеп айтуымен де құнды. Ең бастысы қазақтың ұлттық тәуелсіздік туралы ұғымы әлсіз болған деген пікірдің жаңсақ екендігі нақты талдаулар арқылы дәлелденіп отыр. Тақырыпқа орай жинақта түрлі ізденістер, барлаулар жасалғаны, сонымен бірге тіпті өлшеулі мөлшерде болса да, ұлттық тәуелсіздікке байланысты көркемдік-идеялық шешімдер қабылданғаны да байқалады. Жабай Қазыбекұлы бірнеше ғасырға үзіп-үзіп, жалғасып келе жатқан қазақ-жоңғар соғысының соңғы эпизодтарына араласып, оңтүстік өлкелердегі қалмақтарға тойтарыс беру шайқастарына қатысқаны жайлы аңқталды.

Кілттік сөздер: Жабай батыр, әдебиет, көркемдік-идеялық шешімдер, батырлардың ұлттық тәуелсіздік идеясы

Қазақ әдебиетінің жекелеген шығармалары мен зерттеу мақалаларында тәуелсіздік идеясының азды-көпті тілге тиек болып келгендігі жайында арнайы болмаса да, әркезде өлшеулі мөлшерде айтылып отырғанын атап өткеніміз жөн. Кейінгі жылдары әдебиет тарихы бойынша қорғалған зерттеу еңбектердің біразында жекелеген тұлғалардың, батырлардың ұлттық тәуелсіздік идеясы жолындағы күрестері талқылауға түсіп, бұл тақырып ғылыми айналымға түсіп жатыр.

Бұл ұсынылып отырған зерттеу мақалалар жинағы Сіргелі Жабай батырға қатысты ой-пікірлерді жүйелеп, қазбалап, дiттеп айтуымен де құнды. Ең бастысы қазақтың ұлттық тәуелсіздік туралы ұғымы әлсіз болған деген пікірдің жаңсақ екендігі нақты талдаулар арқылы дәлелденіп отыр. Тақырыпқа орай жинақта түрлі ізденістер, барлаулар жасалғаны, сонымен бірге тіпті өлшеулі мөлшерде болса да, ұлттық тәуелсіздікке байланысты көркемдік-идеялық шешімдер қабылданғаны да байқалады.

Аталған жинақта анықтап, нақтылай түсіну қажет ететін жерлер де жоқ емес. Мысалы, кітаптың он екінші бетінде «Жабай ата (Қазыбек ұлы Жабай аулие) (1728-1810ж.ж) (Шайхантауір ауданы, Көкше махалләсі, «Шайх Зайниддин баба» қабірстаны), (12-бет) деп жазылып қабырстанға қойылған тақтаның фотобейнесі берілген. 12-бетте

осылай делінсе, 41-беттегі фотосурет астына «Жабай баба қабыры, Ташкент қаласы, Көкше қабырстаны» деп жазылып, қазақ тілінде қабыр тақтасына «Қазыбек ұлы Жабай әулие Сиргелі тегі 1643-1725» деп, жазылыпты.

Енді осы екі фотоматериалдың және оларға берілген түсініктемелердің бірдей емес екендігі, тіпті ептеген айырмашылықтары бары байқалады. Осындай үйлесімсіздікті аңғарған оқырманның бір тоқтамға келе алмай, екі ұдай күйде қалуы да ықтимал. Өйткені бұл арадағы ойландыратын нәрсе – осы ұсынылған фактілердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігі. Әсіресе, екінші фотосуреттің қабырстан басына қойылған тақтайшадағы марқұмның туған және өлген жылдарын көрсететін 1643-1725ж.ж деген цифрлар авторлар айтқан деректерден алшақ жатыр. Рас, мақала ішінде автордың өзінің түсіндірмесі келтірілген. Бәлкім, оны осы фотодеректердің де астына жазып қою керек пе еді деген ой туады.

Мұның өзі анықтай түсуді қажет ететін шаруа екені белгілі. Алдағы уақытта кітапты шығарушылар және зерттеуші ғалымдар мен қаламгерлер осы айырмашылыққа түсіндірме беріп кетуі тиіс сияқты. Әрине, зерттеу барысында аталған тұлғаның жатқан жері мен туған, өлген жылдары нақтыла түсетіні түсінікті. Мұндай жағдай қазақтың бұрынғы тарихына қатысты кейбір еңбектерде басқа да көрнекті адамдарымызға байланысты ішінара болса да, орын алып келгенін байқайтынбыз. Осындай дерек айырмашылығын індете зерттеу арқылы, әр тараптан жасалатын ізденудің нәтижесінде ғалымдардың белгілі бір ортақ түйінге келген кездері де жоқ емес.

Осы Жабай батыр және Жабай әулие екеуі бір адам болғандықтан, осыған қатысты пікірлер де түбі тиянақты тауып, оң нәтижесін берер деп сенеміз.

Осы арада басын ашып алатын бір нәрсе – Жабай батыр Қазыбекұлы, шын мәнінде, тек Қазақстанның оңтүстік өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ тарихына қатысы бар үлкен тұлға деп мойындауымыз керек екен. Осындай пікірге бізді жетелеп отырған «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр» атты қомақты, толымды жинаққа енген әр алуан мақалалардың мазмұны. Қуана отырып, атап айтатын нәрсе – кітапқа енген еңбектердің ішінде көптеген авторлар қызықты деректер мен фактілерді көлденең тарта отырып, Жабай батырдың ұжымдық тұлғасын сомдап шығарған. Сол арқылы оқырман қауым бұрын Қазақстанның басқа тараптарына беймәлім болып келген Жабай батырдың тарихтағы алар орны жөнінде ұсынылатын алуан түрлі тиянақты пікірлер еріксіз құптайтындай, мойындататындай деңгейде.

Жинаққа енген ғылыми-зерттеу мақалалардың ішінде, әсіресе назар аудартатыны – Нағашыбек Қапалбекұлының «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр», Момбек Әбдәкімұлының «Жабай атаның танылмаған қырлары», Еркебай Бүрлібайұлының «Жабай баба белгісінің кереметтері», Ерген Айтбаевтың «Жабай тоқсабасы», Шойбек Орынбайдың «Түбі текті батыр Жабай», Ахмет Тоқтабайдың «Жабай баба ғасырлармен тілдесе» және т.б белсеңді авторлардың мақалалары. Жинақтың зерттеу нысаны болып отырған бұл батырдың өміріндегі ең бір назар аударатын жері – оның қазақ тарихындағы әр тараптан болған бірнеше шапқыншылық соғыстарға араласып, туған жерді қорғауда мүмкіндігінше ерлік істерімен танылуы.

Атап айтқанда, 1728 жылы өмірге келген Жабай Қазыбекұлы бірнеше ғасырға үзіп-үзіп, жалғасып келе жатқан қазақ-жоңғар соғысының соңғы эпизодтарына араласып, оңтүстік өлкелердегі қалмақтарға тойтарыс беру шайқастарына қатысыпты. Одан кейін он сегізінші ғасырдың орта шенінде жоңғарларды тас-талқан етіп жеңіп, өкшелей қуған қытайлардың қазақ жеріне де дендей еніп кеткендігі туралы тарихтан белгілі.

Өйткені ол замандарда екі араға анық шекара қойылмағандықтан, қытайлар жоңғар мен қазақтың жерінің ара парқын нақты ажыратып жатпаса, шет-шекарасын түстеп білмеген болуы керек деп ойлаймын. Сол екпіндеген қалпы қазақ жеріне сұғына еніп, нақтырақ айтқанда, Тарбағатайдың оңтүстік тарабымен Алакөл маңына келіп жеткен екен.

Бұл жөнінде жазушы Қабдеш Жұмаділов өзінің «Дарабоз» атты трилогиясындағы жекелеген эпизодтарда қызықты етіп суреттеген.

Міне осы соғысқа Жабай батырдың араласып, тосыннан келген жауға тойтарыс берген жауынгерлік топтың, құрама жасақтың ішінде болуы, шын мәнінде, қай тұрғыдан болса да, назар аударарлық жағдай.

Одан кейін қазақ жасақтары, соның ішінде осы Жабай Қазыбекұлы да қазақ жеріне көз тіккен Қоқан бектерінің шабуылына қарсы тұруға мәжбүр болады. Әрине, тарихшылардың айтуына қарағанда, бұл шамаларда Ташкент қаласы негізінен қазақтарға қараған екен. Бірақ шекарада тұрған шаһар болғандықтан, көптеген оқиғалардың түйісіп жатуы да заңды. Ол жерге қоқандықтар шабуылдап, қазақтар оларды қуып шығып, бірақ қайтадан басып алғаны осы жинаққа енген кейбір еңбектер де атап көрсетіліпті.

Сондай-ақ, бұл атакты қаланы шапқыншы қалмақтар да бірнеше рет басып алып, оларды да қазақ батырларының бірер мәрте қуып шығуларына тура келген. Осынау күрделі тарихи жағдайда Отан қорғау соғысының алдыңғы шебінде жүрген батырлардың ішінен, тіпті алдыңғы шебінен көрінетін Жабайдың батырлық әрі адами тұлғасы ерекше болыпты. Оған жинаққа енген мақалаларда деректер мен фактілер айғақ.

Жалпы, осындай қантөгіспен қорғалған үлкен шаһар ақыры түбінде қазаққа бұйырмай, Қоқан хандығының қанжығасында кете бергені тарихымыздағы өкінішті ірі оқиғалардың бірі деп білуіміз керек.

Сонымен бірге, Қазақ-жоңғар соғыстары саябырси бастаған уақыттарда көршілес қырғыз елінің манаптары еркін жатқан біздің елге көз тігіп, қайта-қайта шабуылдаумен болғаны жасыруға келмес. Кеңес дәуірінде бұл тақырып жабық болып келді. Өйткені идеологиялық саясат халықтар достығын берік ұстанғандықтан да, ағайындас екі елдің арасына сызат түспеуін ескергені жасырын емес. Бұндай игі ниеттің дұрыс екендігін ескерсек те, кезінде орын алған келеңсіз оқиғаларды, болған тарихты жауып қоя алмайсың ғой. «Жауырды жауа тоқыған» қай жағынан да ұшпаққа жеткізбейтіні белгілі.

Осындай жағдайдан кейін қырғызбен қазақ халықтарының арасында болған жекелеген кикілжіндерді, шиеліністі жағдайлармен кейбір аймақтардағы шағын соғыстарды жасырып қалуға болмайды. Бұл жөнінде қазақ тарихшылары сақтана жазып, батылдықып айта алмай жүрсе, қырғыздың Аткин деген зерттеушісі нақты деректер келтірген екен. Бұл жөнінде Момбек Әбдәкімұлының «Жабай атаның танылмаған қырлары» атты мақаласында айтылады.

Осы жинақтағы мақалалардың ішінде Қазыбекұлы Жабай батырдың сыр-сипатын білдіруге арналған жекелеген өлең жолдары да кездеседі, тіпті әдеби тұрғыдан талданғандары да жоқ емес. Ондай өлеңдердің түрлі үзінділерін авторлар өздерінен бұрын жазып кеткен зерттеушілердің, қаламгерлердің кітаптарынан, мақалаларынан тауып алған екен. Бір қызығы, осы кітапта Жабай батырдың ерліктері оған дейін де ел аузында жүргені, белгілі бір қаламгердің немесе ауызша жыр шығаратын ақындар мен жыршылардың шығармаларына өзек болғандығы нақты мысалдар арқылы келтіріледі. Мәселен, Мұхитқан Миразов «Абыз әулие, айтулы батыр» атты мақаласында Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» романынан алынған:

«Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Өзірейілдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді»

деген өлең жолдары келтірілген және мұның авторы Тәтіқара жыраудың толғау екендігі айтылады. Нақ осынау үзінді басқа да авторлардың мақалаларында дәйек сөз ретінде ұсынылып, оқырманға таныстырылған. Мұны авторлар тектен-текке алып отырған жоқ. Жоғарыда айтқандай, осы үзіндінің І.Есенберлиннің атакты «Жанталас» романының 452-бетінде соқырға таяқ ұстатқандай етіп, берілгендігі тілге тиек болуы тегін емес.

Осы шумақ кітапқа енген бірнеше мақаланың ішінде қайталана берілген. Бізше бұл ешқандай да артықтық етпес. Өйткені, осы бір атақты жыр шумақтары көркем шығарма арқылы ұсынылса да, Жабай батырдың өмірде болғанын және оның ерлік істерінен хабардар ететіндігін нақты дәлелдеп тұрғаны сөзсіз.

Жалпы басқа да зерттеушілер Жабай батырдың батырлығына қатысты өлең жолдары болғандығын қайталай айтып отырады. Мысалы, кейбір мақалаларда оңтүстікте аты шыққан сөз дүлділі Майлықожа Сұлтанқожаұлының жыр шумақтарында бар екен.

«Марқабай би, Ханжабай, Татыбайды,
Осы елдің ескі уақытын айттым-айлы.
Елдіктің айтты дерсің ертегісін,
Ендігілер ескі сөзді жақтырмайды»

деп жырлағанын қаперге салады.

Ерген Айтабеуың Тоқтыбай (1890-1963) ақыннан келтірген жыр шумақтары мынандай:

Қазыбектің баласын
Жабай датқа дер еді.
Бел баласы Жабайдың
Дәулетияр датқа боп,
Еджің қамын жеп еді.
Дәулетиярдан Бекмұрат пен Баймұрат
Қабылан жүрек ер еді (217-б.)

Жинаққа енген шығармалардың ішінде көркем очеркке, я болмаса, әдемі бүгінгі аңыз-әңгімеге лайықтары да бар. Солардың ең бір елеулісі Нұрғали Ораздың жекелеген ұсақ әңгімелерден тұратын шағын әңгімелерден тұратын «Әулие баба» деген еңбегі деп ауыз толтырып айтар едік.

Автор Жабайдың балалық шағынан және өмірінің әртүрлі кезеңдерінен жекелеген эпизодтарды іріктеп алып, фактілері қызықты, оқылуы жеңіл, шағын әңгімелерге айналдырған. Тартымды оқиғалардың негізінде дамитын бұл әңгімелер жинағының өзіндік тәрбиелік, танымдылық жағы бар екені бір қарағаннан-ақ көрініп тұр. Белгілі жазушы өзіне тән машықпен оқиғаларды қысқа да еркін баяндай отырып, Жабай батырдың өміріндегі қызықты мәліметтерді көркемдікпен тарта білген. Сондықтан да Нұрғали Ораздың бұл әңгімелер жинағын Жабай туралы жазылған көркем шығармаларының кезекті қатарына қосуға әбден болады.

Сонымен бірге бұл шығармаларда Жабайдың өз өмірінен басқа кейінгі кезеңдердегі түрлі шағын хикаялар да баяндалған. Онда Жабай батырға қатысты жерлер, оның әулиелігіне, абыздығына, қасиет қонған рухына байланысты көрініс табатын түрлі эпизодтар жазушының шабытын оятқандай. Жалпы осы шығармалар Жабай батырдың рухына қатысты жаңалығы мол әңгімелер деуге болады екен.

Міне, осы жағынан келгенде, Жабай батырдың көркем әдебиеттегі тұлғасына қатысты шолу жасайтын жинақтағы еңбектер өзінің негізгі мақсатына жеткен деп, айтсақ, артық кеткендік бола қоймас.

Енді осы арада еске сала кететін бір жағдай бар. Ол – қазақ халқының тарихында Жабай есімді батырдың біреуі бар емес, бірнеше болғандығы, соның ішінде әсіресе Керей руынан шыққан Жабай батырдың есімі жиірек айтылып келгендігі. Бұл да соғысқа қатысқан, негізінен Жоңғар шапқыншылықтары кезіндегі ерліктері арқылы ел ауызында аңыз болып жүрген батыр. Кейбір авторлардың айтуларына қарағанда, оның да ерлік істері өз алдында бір төбе екен.

Қазақстанның оңтүстік және Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлерінде осы Керейден шыққан Көнсадақ Жабай батырдан басқа тағы бір Жабайдың есімі аталады

екен. Әрине, негізінен кітап Сиргелі Жабай батырға арналатындықтан, оқырманды шатыстырып алмас үшін, есімдері аттас ерлер жөнінде де айтып өту фактологиялық қажеттілік.

Әңгіме осы батырларды бір-бірімен шатыстырмауды көздегендіктен, авторлар шынайы қажеттіліктен аттас батырларға қатысты мәліметтерді де арнайы көлденең тартыпты деп білуіміз керек. Тарихта аттары ұқсас адамдардың еңбектерін, өмірбаяндарын, жасаған ерлік істерін бір-бірімен шатыстыру фактілерінің бұрында кездесіп қалғанын еске салсақ артық болмас.

Осыдан шығатын қорытынды – аталған кітаптың бір ерекшелігі сол шатыстыруды, жаңылыс ойлауды болдырмауға деген ұмтылыс екендігі айқын көрініп тұр.

Керейден шыққан Көнсадақ Жабай батыр Сиргелі Жабайдан жасы ересек, оның алдында бұрынырақ өмір сүрген адам екен. Сондықтан да, 1757 жылы Тарбағатай, Алакөл маңында болған Қытай шапқыншылығы кезінде, түбі көрсетіп жүретін Жабай батыр, алдыңғысы емес, Сиргелі Жабай батыр екендігі ашылып айтылады. Өйткені ол кезде Керей Көнсадақ Жабай жетпістен асып кеткен кісі екен. Ал жас Жабайдың соғысқа қатысып, қытайларды қуып жүруі өмір шындығына әбден сай келмекші.

Бұл жөніндегі мәселені авторлардың бірнешеуі қайталай еске салып отырады. Солардың ішінде әсіресе, Асқар Сәбитов өзінің «Жабай ақиқаты қашан айқындалады?» деген мақаласына осынау аттас батырлардың ара-жігін ажыратып, тарихи фактілер тізбегін саралап беруге арналыпты. Сол арқылы автор жекелеген тарихи шындықтардың бетін ашып, Сиргелі Жабай батырдың іс-әрекетіне дем қойғандығы айтылады.

Автордың пайымдауынша, өзі негізінен Керей Көнсадақ Жабай батырдың зерттеушісі болған екен. Бірақ, жекелеген фактілерде бір кездері өзі де шатыстырып алғандығы мойындай келіп, Сиргелі Жабайдың ерліктеріне қатысты мәліметтерді іріктеп шығарғаны бұл автордың ғылымға деген адалдығына, шынайы тарихқа ықыласпен ден қойғандығының белгісі екенін атап өтуіміз керек. Атақты Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында:

«Бас иіп Ер Сары мен Ер Жабайға,
Және де Шапырашты Наурызбайға.
Қалмақтар қырылмаудың жолын ойлап,
Жалынға көшіп менен оң Жабайға»

деген шумақ кездеседі екен. Ондағы оқиғаның болған кездері, мақаланың авторы Мұхитқан Миразовтың айтуы бойынша, 1750-1752 жылдарға тура келеді.

«Жердағы Ер Жабай-Керейдің Жабайы емес, Сиргелі руынан шыққан үлкен орда батыры». Міне, бұл арада жалпы ғылыми ойлау жүйесінің қағидаларын ұстам етіп алғанын байқау қиын емес. Өйткені, тарих ғылымы шындыққа жету үшін жекелеген фактілерді, тарихи деректерді, ел ауызына айтып жүрген түрлі әңгімелердің мазмұнын салыстыра келіп барып қана, ортақ түйін, тыңғылықты тұжырым жасайды ғой. Кітап авторларының қай қайсысы да осы мәселені назардан тыс қалдырмаған.

Кез келген батырдың ерлігін жоққа шығару болмайтындығын біле тұрып, Сиргелі Жабай батырдың осынау қым-қиғаш ұрыстар кезіндегі ерліктерін айқындап, анықтап алу мақсатында, авторлардың әдеби шығармалардан үзінді келтіріп отыруларын өте орынды деп білгеніміз абзал.

Жалпы, кітаптағы Ахмет Тоқтабайдың, Нағашыбек Қапалбекұлының, Момбек Әбдәкімұлының, Мұхитхан Миразовтың, Шойбек Орынбайдың, Еркебай Бүрлібайұлы мен Ерген Айтбаевтың келтіретін мысалдары көңілден шығады.

Енді осы арада Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Қахрамон Кенжебаевич Раджабовтың «Жабай тоқсаба, әулие» деген мақаласы да назар аударуға лайықты екендігіне көз жұма қарауға болмас. Өйткені автор мұнда Өзбек ғалымдарының

жазғандарына, жекелеген еңбектеріне жүгінеді және өзбек тіліндегі кітаптардан мысалдар, дәйек сөздер келтіріп отырады. Ол кісінің өзі назар аударған сол ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесінде жасалған қорытындысы Жабай батырдың жекелеген ерліктері мен туып өскен ортасы туралы деректерінің тиянақтылығы.

Автордың айтуынша, Ташкент қаласынан өзбек тілінде А.Х.Обидов, З.С.Искандаров авторлығымен «Тошкентининг Табаррук зиератгохлари» атты кітап жарық көріпті. Онда Жабай бытыр туралы құнды ақпарат табылыпты. «...Ривоят қилшларича, Жабай Ота ирдаре буйида таваллуд топган экан» (73-бет). Осы үзіндіден байқап отырғанымыздай, Сиргелі Жабай батырдың ерлік істері сол атырапта жапсарлас, қатар өмір сүрген өзбек халқының да назарында болған екен және оны бүгінгі Өзбек оқымыстылары да, зерттеушілері де батырдың жеке тұлғасын дәйектей түсу үшін ғылыми мақалалар жазуда.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр» жинағының мазмұны, бір жағы ғылыми дәйектерімен де салмақты. Сол ғылыми тұжырымдар жасау үшін авторлардың әдеби шығармаларға және басқа ұлттардың зерттеушілерінен үзінділер алуы, дәйек сөздер келтіруі, ғылымға деген жауапкершілік қарым-қатынастың бір көрінісі болып табылатыны сөзсіз.

Кітапта жекелеген деректердің берілуінде Ішінара қайшылықтары да кездесіп қалып жатуының өзі оның мазмұнын қызғылықты ете түскен. Момбек Әбдәкімұлы Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» романынан жазушының «Телікөл жағасында қазақ еліне хан сайланғаннан кейін үш жүздің елу мыңнан астам әскерін бастап Абылай Қоқанға қарсы жорыққа аттанған...» деген мәтін жолдарынан үзіндісін келтіреді. Сөйтіп көркем шығарма мен тарихи шындықтың арақатынасын салыстыра келіп, нақты ақиқатқа көз жеткізу керектігін көлденең тартады.

Автор «Ақдолы, Сиргелі Жалай батыр» кітабының 97-ші бетінде былай дейді: «Тарихи ақиқатта Абылай мың жеті жүз жетпіс бірінші жылы хан сайланады. Бірақ бұл уақытта және одан кейін де нақты тарихта Абылай Қоқанмен соғысты деген дерек жоқ».

Демек, автордың пайымдауынша, Абылай Қоқанмен соғыспаған. Осыдан кейін 98-ші бетте «...Елдана бек мың жеті жүз алпыс бесінші жылы Ферғана жазығына Құрама мен Шатқалды тауларынан асып келіп, Ташкентті жаулап алмақшы болады. Бұл кезде Ташкенттің билеушісі Төле бидің кенже ұлы Қожамжар болған. Жабай бұл уақытта Қожамжардың ақылшысы әрі шаһар әскербасы еді» деп келеді де:

«Арттарынан өкшеп келген қоқандықтар қалаға таяғанда, Түркістаннан шыққан Абылайдың көмекші әскері келіп жетеді.

Абылайдың екпінді шабуылынан кейін қоқандықтар дереу шегініп, Піскент түбінде аялдайды» (98-бет) деген деректерді көлденең тартады. Осы арада оқырман көңілінде туатын күмәнді сұрақ автордың Абылай Қоқанмен соғыспады дей отырып, оның әскерлерінің осы соғысқа араласуын келтіруіне байланысты туындамақ. Бұл оқиғалардың қайсысы нақты шындық екенін әлі де нақтылай түсу қажет сияқты.

Жинаққа енген зерттеу мақалаларда Қоқанның XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы билеушісі «бек» деп аталғаны айтылады. Сонымен бірге Жабай батырдың замандасы болып табылатын сол билеуші бектің есімі бір мақалада Елдана, енді біреуінде Ердана деп аталған екен. Әрине, дыбыстық үндестікке байланысты жекелеген дыбыстардың ауысып кетуі бұрыннан тәжірибеде бар құбылыс. Дегенмен осының нақты есімі қайсысы екенін де бір қаузап қойғанның артығы жоқ-ау деп ойлаймыз.

Сонымен бірге Абылай ханның Жабай батырға өзінің ақ туын қалай бергендігі жайындағы деректердің де бірнеше нұсқасы бар екенін кітап авторлары ашық айтқан. Ауыздан ауызға тарап келе жатқан мұндай деректердің әртүрлі болуы басқа да тарихи мысалдарда кездесіп отырады. Сондықтан да ондай әр түрлілікті «Неге олай?» деп сұрамауымыз керек.

Қазақ шежіресіндегі тарихи оқиғалардың көпшілігі ауызша жеткендіктен, жекелеген эпизодтарда, белгілі бір ситуацияларда түрлі детальдар мен штрихтардың әрқилы көрініс табуы заңды. Бәлкім, мұндай мысалдарды тәптіштеп, қаузап зерттеудің де қажеті де бола қоймайтын шығар. Мысалы, бұл арада назар аударатын негізгі факт Абылай ханның Жабай батырға ақ туын бергендігі болып отыр. Туды қала, қандай жағдайда бергендігі екінші пландағы мәселе деп ойлаймыз. Сондықтан, қалай болған күнде де, көңіл бөлетін жеріміз – айтылып отырған әңгіменің өмір шындығынан алынғандығы, тарихи негізі бар екендігі. Оны қалай берді, қандай жағдайда тапсырды, оны тәптіштей берудің қажеті де жоқ шығар. Ең бастысы, деректің тарихилығы ғой бұл арада.

Мұхитхан Миразов өзінің «Абыз әулие, айтулы батыр» деп аталатын мақаласында «Батыртану – қастерлі борыш» деген тұжырымдама жасапты. Бұл әр кездері тиіп-қашты айтылғанымен, нақты бір концепция ретінде қарастырылмай келген пайымдаулар болатын. Осы мәселені мақала авторы нақтылап, оқырманның қолына таяқ ұстатқандай етіп береді. Шын мәнінде, қазақ батырларын танып-білу мәселесі қашан да өзекті. Ол уақыт өткен сайын ескірмей, жаңғырып, жаңа деректермен толықтыра түсуді қажет етіп отырады. Сондықтан да шын мәнінде, батыртанудың қастерлі борыш екендігін баршамыз да мақұлдап қол қоямыз.

Сіргелі Жабай батырдың белсенді өмір сүрген кезеңі – Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде түрлі шапқыншылықтардың бел алып, ушығып тұрған уақыттар. Қоқандықтармен бірге басқа да басқыншылардың қазақ ауылдарына жасаған зорлық-зомбылығы оны бей-жай қалдырмағанын зерттеушілердің қай-қайсысы да ауызға алып кетеді.

Аяқ жетер жердегі қазақ қоныстанған өңірдің бәрі ашса, алақанында, жұмса, жұдырығында ұстап отырған қоқандықтардың Ташкентті ақыр түбінде қалай қолға түсіргені әсіресе Момбек Әбдәкімұлының зерттеуінде тарихи фактілермен берілген. Үлкен шаһарға деген таластың әр түрлі деңгейде дамуы логикалық жағынан да қисынды. Осы арада кіндікті шаһардан айырылып қалған қазақтардың өздері дәрменсіз бола тұрып, ауызбен орақ орып, әлдекімдерге күш көрсетуі, қоқандықтардың ақыры оларды қаладан қуып шығуы – тарихи ахуалдың даму эволюциясын айқындап беретін заңды құбылыс.

Бұл арада реті келіп тұрған соң, қаперге сала кетейік, Момбек Әбдәкімұлы тек зерттеуші ғана емес, осы қазақ пен Қоқан ара қатынасы жайындағы деректі шығармалардың да авторы, яғни, жазушы қайраткер.

Жалпы қазақ ұғымындағы батырлардың ел қорғаудағы ролі, батырлық образы әр кезде айтылып келе жатқанымен, олардың даралық қасиеттері, тұлғалық ерекшеліктері, жасаған ерлік істеріндегі типологиялық-әлеуметтік жағдайлар шын мәнінде, тереңдетіп жүйелей түсуді қажет етеді. Бұл арада Мұхитхан Миразов:

«Бүгінге жеткен төл деректерімізде батырдың зерек ақылын, күш-қайратын, болашақты болжаған көріпкел әулиелігін дәйектеген ақпарат мол.

Батырдың әскербасы, қолбасшы, мемлекет қайраткері мәртебесіне көтерілгенін де тиянақтайтын өлшемдерді ылғи жөндеудің уақыты келді. Онсыз тарихтағы тұлғаның орнын анықтай алмайтындығымыз хақ» (104-бет) деген аса тиянақты ой айтады.

Шынында да қазақ батырлары жаудан қорықпайтын ержүрек, көзсіз қаһарман ғана емес, олардың жалпы батырлық болмысының өзі күрделі болып келгендігі рас. Ішінара тек бірыңғай көзсіздігімен, өжеттігімен және қарулылығымен, қару күшімен көзге түскендері аз емес. Олардың ішінде әрине, қоғамдық іске тереңдеп араласпағандары да бар шығар. Бірақ жекелей алғанда, қазақ батырлары, ол автор айтып отырғандай, жан-жақты болғанын әлі де ұрпақ алдына көлденең тартып, дәйектей түсуді қажет етеді.

Жинақта зерттеудің басты нысаны болып отырған Сіргелі Жабай Қазыбекұлынан басқа да батырлардың есімдері аталып жатады. Бұл заңды да. Өйткені, осы кезең ішінде Қоқанға, Жоңғар мен қырғызға қарсы соғысқан, елін, жерін қорғаған түрлі батырлардың

ішінде тарихқа белгілілерімен бірге аттары аталмай келген, тек жергілікті жерде ғана төбелеріне көтеріп, тәу ететін азаматтар болған. Олардың батырлықтары туралы әңгімелердің сол белгілі бір өлкенің шеңберінен аспай жатқаны да белгілі.

Енді осындай ерлерімізді жалғанның жалпағына шығарып, бір-бірімен сабақтастыра зерттеу – бұл да аталған кітаптың оңды жақтарының бірі. Бұл батырлардың көпшілігі қай кезде де елін, жерін, артынан ерген халқын жерге қаратпаған. Міне, осы тұрғыдан алғанда да аталған еңбекті батыртануға қосылған кезекті бір сыбағалы үлес деп бағалауымыз да қажет.

Жалпы қыр қазақтары мен басқыншылардың әлеуметтік арасалмағы қандай болғандығын зерттеушілер деректермен шынайы түрде елестетіп жеткізе алған деуге болады. Көшпелі қазақтардың материалдық тұрғыдан кедейлігін, ал керісінше, қоқандықтардың зәулім сарайда тұрып, байлыққа белшеден малынып отыруын, сондықтан да айналаға өктемдік, зорлық жасауға мүмкіндігі бар екендігін кейбір көркем әдебиет шығармаларын оқығанбыз Тұрмыс-тіршілігі ілгері басқан, қарулары сақадай сай отырықшы жұрттың не тиянақ-тірегі жоқ, өндіріп жатқан өнімі шикізатпен ғана шектелетін, уақытының елеулі бөлігі ауыл-ауылды аралап қыдырумен, той-томалақпен өтетін көшпелілерге тізе батыруы, жоғарыдан астамси қарап, менсінбеулері, ақыр соңында үлкен қаласын тартып алуы, қай жағынан болсын, психологиялық заңдылық.

Қазақтардың өздеріне осылайша тізе батырып, өктемдік көрсетуші басқыншыларға қарсы әрекеттері, негізінен, киіз үй үйлердің ішіндегі пікір алмасқан түрлі мәслихаттардан, шешімдері ұзаққа созылып кететін түйіні осал әңгімелерден әрі аса бермейтінін шынайы жазған авторлар да бар. Шынтауайтына келгенде, ұлттық қалпымыздың бір кемшілігі де осында жатыр емес пе.

Ел басына күн туған кездегі қазақ бас көтерерлерінің сылбырлығы, керенаулығы, қызыл сөзге үйірлігі, шешендікке мән беруі – көшпелі замандағы ұлттық психологиямызға тән болған характерлік құбылыстар деп айтуға болады. Ел ішіндегі бас көтерер азаматтардың нақты іске көшіп, қол жинап, қарулы қарсылық көрсетудің орнына уақыттарын көбінесе нәтижесі әлсіз сөз сайыстарымен өткізген кездері де болған.

Қазақ қауымының осындай ортақ ұстанымы, жалпыға бірдей жайбарақаттылық психологиясы қырғызбен қарым-қатынас барысында да көрінуі әбден ықтимал. Басқа халықтармен шектес өлкелерді мекендеген қазақтар бастарына қауіп-қатер төнген замандарда да қорғансыз, иесіз. Ел сенім артатын Сиргелі Жабай батыр тәрізді жігіттердің ұрандатып қимылға көшіп жатқаны, зорлықшылардың беттерін қайтару үшін нақты ұрымтал әрекеттерге баратындығы да сондықтан. Бұның өзі бір жағы қазақи енжарлыққа қарсылық екендігі де күмәнсыз.

Кітаптың түйінсөзін Сиргелі Жабай бабаның ұрпағы Талғат Айтбаев жазыпты. Осы шағын мақалада бірсыпыра ақпараттар беріліп, Жабай бабаның рухын ұлықтауға қатысты іске асырған іс-шаралардан деректер келтіріледі. Жекелеген азаматтарға айтылатын алғыс-ризашылықтардың орны бір бөлек. Сондықтан да мына осы тұжырымды пікірге келісе отырып, аталған жинақтың өз деңгейінде жазылғанын, көптеген мәліметтердің тоғыстырылғанын және мақалалардың көркемдік деңгейінің де жоғарылығын атап айтқанымыз жөн. Бір ауыз сөзбен айтқанда, «Ақ тулы, Сиргелі Жабай батыр» еңбегі оқырмандар үмітін ақтаған, қазақ тарихнамасына келіп қосылған тағы бір сүбелі еңбек ретінде бағалау керек.

Осынау сүбелі дүниені құрастырып, баспада шығуына көп күш жұмсаған Нағашыбек Қапалбекұлының еңбегі мен демеуші ағайындарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Аталған жинақ осындай тұжырымдарымен де бүгінгі және келешектегі оқырман қауым үшін де салмақты әрі бағалы болып табылады демекпіз. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ көп замандар бұрын өмірден өткен Сиргелі Жабай батыр тәрізді ата-бабаларының ерлік істерінен хабардар болуы тиіс десек және оған қажетті материалдарды көптеп

шығара беру керек деп ұғатын болсақ, аталған кітап – осы мақсаттың нақты көрінісі екендігіне бәріміз де куә бола аламыз ғой деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы. Алматы: «Жамбыл» баспасы, 2019, 488 б.

Аннотация: В статье анализируется изучение литературы по теме борьбы за идею героев, идеи национальной независимости в сражениях, которые защищены историей литературы в годы независимости казахской литературы. Статьи о Жабай батыре также ценны для того, чтобы систематизировать, пополнить и развивать свои мысли о герое. Суть в том, что ошибочное мнение о слабости концепции национальной независимости Казахстана было подтверждено конкретными анализами. В контексте темы существуют также различные художественные и идеологические решения, касающиеся национальной независимости, несмотря на то, что существуют различные выводы, сценарии и даже в количествах Жабай Казыбекулы принимал участие в недавних эпизодах казахстанско-джунгарской войны, продолжавшейся и врывавшейся в калмыцкие сражения в южных регионах.

Abstract: The article analyzes the study of literature on the theme of the struggle for the idea of heroes, the ideas of national independence in battles, which are protected by literary history in the years of independence of Kazakh literature. Articles about Zhabay batyr are also valuable in order to systematize, replenish and develop their thoughts about the hero. The bottom line is that the erroneous opinion about the weakness of the concept of national independence of Kazakhstan was confirmed by concrete analyzes. In the context of the theme, there are also various artistic and ideological decisions concerning national independence, despite the fact that there are different conclusions, scenarios and even in numbers. Zhabay Kazybekuly took part in recent episodes of the Kazakhstan-Dzungar war, which continued and broke into Kalmyk battles in the southern regions.

ӘОЖ:931.21

Ораз Н.Б.

жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, журналист
Алматы, Қазақстан

ЖАБАЙ БАБАНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ МЕН ОНЫҢ КИЕЛІ БЕЛГІСІНІҢ КЕРЕМЕТ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Түйін: Мақалада Жабай бабаның өміріндегі қызықты оқиғалар туралы айтылды. Әулие бала, Қызыр ата, әке парызы, Төле би келгенде, Тыйып кеткен әулие, Құранды ердің құны, Жабай әулие белгісі, Жұпар ана, Сынған қылыш, Перзент тілегенде, Әулиеге атаған мал, Қиналған кезде, Алланың шапағаты, Ниетіңе жетем десен..., Тіл тигізбе, Өрт сөндірген аруақ деген бөлімдерден тұратын қызықты әңгімелер жинағы болды. Көне замандардан келе жатқан аңыз-әңгімеге құлақ салсақ, әлгі кісі құрығын шаншып кеткен киелі төмпешікке қайта келіп, жеңді түріп, білекті сыбанып жіберіп Жұпар-ана баяғыда үйіп кеткен топырақты өз қолымен тағы да биіктетіп, тү-у сонау алыстан мен мұңдалап көрінетіндей белгі қалдырған екен. Сол белгі бертінге дейін - алпысыншы жылдарға дейін ешбір өзгеріссіз сақталған деседі.

Кілттік сөздер: Жабай баба, киелі, қасиеттілік, Қазыбек, бабалар сөзі, оқиғалары, әңгімелер

Әулие бала

Балалық шақ...

Ауылдағы үлкен кісілер атқа ер салып, буынып-түйініп, Қоқан хандығына барайын деп жиналып жатыр. Олардың ішінде Қазыбек палуан да бар. Ханның бұл жолғы жарлығы тым шұғыл болса керек. Бәрі де алыс жолға асығыс қамдануда. Өне, Қазыбек бастаған бір топ аттылы адам ауыл шетіне шығып та қалды.

Жабай бала оларға қарсы құстай ұшып жүгіріп келеді.

- Ағатайлар, мені де ала кетіңіздерші. Мен де барамын,-деді ол алқынып жеткен бойда. Баланың көздері от шашып, балғын жүзі бал-бұл жайнап тұр еді. Бір топ кісінің назары енді соған ауды.

- Саған баруға болмайды,-деді әкесі Қазыбек палуан қабағын түйіп. - Бар, үйге қайт! Апаңның қасында бол.

- Көкөтайлар-ау, ала кетіңіздерші,-деп қиылды Жабай бала. -Менің де барғым келеді.

Оның шырылдаған жіңішке даусынан сыбызғы сазындай сызылған арман-тілекті сезген датқа жүзін жылытып, күлімсірей қарап:

- Сен біздің қайда бара жатқанымызды білесің бе?-деп сұрады.

- Иә, білемін,-деді Жабай бала. - Сіздер ханға бара жатырсыздар!

- Әп, бәрекелді! Ендеше, ханның алдына кез-келген кісінің, әсіресе, бала-шағаның баруына болмайтынын да білетін шығарсың?!

Жабай баланың көзі жаудырап, үн қатқан жоқ.

- Сен үйде қал, балақай,-деді датқа.-Бізбен бірге кетсең, апаң уайымдап, сені іздейді. Ал ханның алдына кейін ер жетіп, жігіт болған шағында барарсың!

Сөйтті де датқа атының тізгінін босатып, жеңіл ғана тебініп қалды. Судағы қайықтай лып ете қалған ақ боз ат маңдайын самал желге өптіріп, сыдыртып желе жөнелді.

Оларды көзімен ұзатып салған Жабай қайтадан жүгіріп үйіне келді. Қораның маңынан ұзап кетпей, кішкентай иесін күтіп жүрген құла тайын ұстап алды. Тез ерттеп, жүгенін басына кигізді де, дөңбектің жанына жетектеп әкеліп, үстіне қарғып мінді. Құла тай алыс жолға шығарын сезгендей тыпыршып, тізгін қақтырмай-ақ тайрандап жөнеле берді.

Жабай бала алда кетіп бара жатқан үлкендердің көзіне түспей, жол бағдарын алыстан-ақ бақылап келеді. Сырдарияның сеңі қозғалып, жағалаудағы жыңғыл-талдар бүршік жара бастаған көктемгі шақ еді. Өне-міне көктеуге көшеміз деп, ірге көтермек болып отырғанда ханнан шұғыл жарлық келді. Сөйтіп, істің бәрі іркіліп, тоқтап қалды.

Көгілдір көкжиегі биік аспанмен астасып жатқан адырлы даланың көк шалғыны дүркіреп бой көтеріп, күннен күнге құлпырып, гүлденіп келеді екен. Жаңа бүр жарған бөртпе жусанның жұпар иісі танауын қытықтайды.

Масатыдай құлпырған маң даламен алға қарай ұзаған сайын Жабай баланың бойына бір таңғажайып қуат бітіп, жан-жүрегі аппақ нұрға бөленіп келе жатқандай. Бұл оның өздігінен алыс жолға алғаш рет шығуы еді. Содан ба екен, жыл сайын өздері көшіп келіп жүрген көктеуді бүгін өзгеше бір сиқырлы сыр-сипатымен танып, бұған дейін байқамаған мүлде басқа қырынан біліп келе жатқандай.

Түс әлетінде бетегелі беткейдің етегінде аялдап, ат белін суытып, мес торсықтан бір-бір кесе қымыз ішкен жолаушылар содан жаздың ұзақ күні қызарып ұясына батып, ымырт қоюы ұйығанша тізгін тартқан жоқ.

Таңдайы кеуіп шөлдеп, қарны шұрылдап ашқан Жабай бала кезерген ернін тілімен ақырын жалап қояды. Алдын-ала діттеп келе жатқан ауыл болуы керек, ел орынға отыра бере алдыңғы жақтан шәуілдеп үрген иттің дауысы естілді...

Құла тайы да, өзі де шаршаған Жабай бала жеткен кезде, қонақтар түскен үйдің сары жез самаурыны ысылдап, екі иінінен дем алып ішке еніп барады екен. Ол құла тайын ауыл шетіне тұсап жіберіп, әлгі үйдің алдына келді. Сол маңда улап-шулап, қонақ келген үйдің қазанынан ұзап кете алмай жүрген бір топ балаға барып қосылды.

Түн ортасында тәтті иісі бұрқырап ет те пісті. Ауыл-үйдің балаларына тиген табакқа ортақтасып, Жабай бала да қолды созып жатыр.

Сол кезде оны бір аяқ-қолы сидыйған ересектеу бала байқап қалып:

- Әй, сен кімсің? - деді көзін бақырайтып.

- Мен қонақтардың атқосшысымын,-деді Жабай.

- Сен жаңа олардың атын неге бізбен бірге байласпадың?

- Алыстан келсе, атқосшы да қонақ болады.

- Иә деген, біз сені көрген жоқпыз. Сен олардың бірдеңесін ұрлап алғалы, әдейі жасырынып еріп жүрген шығарсың?!

Жабай үндеген жоқ. Қарны ашып-ақ қалған екен, алдындағы еттен бір-екі қарбытып асап-асап жіберді.

- Мен қазір анау үйге барып, қонақ кісілерге сенің жасырынып еріп жүргеніңді айтып қояйын ба?- деді әлгі бала танауын аспанға көтеріп.

Жабай оғап көзін алартып, тесіле қарады да:

- Айтарыңды айтпассың, айтсаң тірі қайтпассың! – деді жауабын шеге қаққандай нықтап.

- Әй, сен өзі кімсің?-деп сасқалақтап қалды анау бала.

-Мен бе?

- Мен Жабаймын,

Тілімді алмасаң, сабаймын!-деді Жабай бала.

Содан соң-ақ әлгі қызғаншақ баланың жүні жығылып, көзімен жер шұқылады.

Ертесіне қонақтар таң елең-алаңда атқа қонды. Ауыл шетінде, құла тайы тұсаулы жүрген маңда, қалың жусанның арасында екі қолын екі жаққа жайып жіберіп, екі аяғы талтайып ұйықтап жатқан Жабай бала да тұяқ дүбірінен оянып атып тұрды да, олардың соңынан еріп кетті.

Құмырсканың илеуіндей құж-құж қайнаған үлкен шаһар оған өте қызық көрінді. Қызылды-жасылды киінген жұртқа, тастан соғылған үйлер мен биік мұнараларға таң

қалып қарай берді. Елден келген кісілермен бірге хан сарайына кірді. О-о, мұндағы сән-салтанат пен сұлулық мүлде басқаша еді. Оны тілмен айтып жеткізу мүлде мүмкін емес сияқты. Хан сарайының алдындағы әсем хауыздар, көкке шашыраған мөлдір су моншақтары, хош иісті гүлзар бақтағы раушан, лала гүлдері, зәулім мұнарадағы алуан-алуан бояулы әшекей-өрнектер - бәрі де бала Жабайдың аңсарын аудырып, өзгеше бір ғажап әлемнің есігін ашқандай ынтықтыра түсті.

Сол кезде оны әкесі Қазыбек палуан байқап қалып:

- Әй, сен Жабаймысың?-деп аң-таң болды.

- Иә.

- Апыр-ау, мұнда қайдан келдің?..

Жабай үндемеді.

Осы сәтте хан да нөкерлерімен бірге сарайға кіріп келе жатты. Оған жұрттың бәрі де бас иіп, тағзым етісті.

Хан кеңесі үш күнге созылды.

Үш күн бойы Жабай бала әкесі Қазыбек палуанның қасында отырып, үлкендердің мәслихатын ұйып тыңдаумен болды.

Келесі кеңестің соңғы күнінде Қоқан ханының көңілі жадырап, алқалы топқа барлай қарап:

- Алыстағыны болжап, айнытпай танып отыратын ақылды кісіні қазақтар - әулие деседі ғой. Ал енді, халайық, айтыңыздаршы, осы біздің арамызда әулие бар ма?- деді.

Хан көңілі қошемет күтіп отыр-ау деп, сыралғы датқалардың біреуі сөз мәнісіне ой жіберіп жатпай-ақ іле-шала бас шұлғып:

- Иә, тақсыр, әулие бар арамызда. Ол сіз емес пе?!- деп қалды.

- Жо-оқ,- деді хан басын шайқап. - Мен ханмын ғой. Ал, ортамызда шын әулие отыр екен. Мырзалар, мен сол жайында сұрап едім сіздерден.

Хан орнынан тұрып, босаға жақта отырған Жабай баланың қасына келді.

- Тұра ғой, балам! - деді ол Жабайға. - Жүр, балам!

Хан оны өзімен бірге ертіп әкеліп, тақтың жанына тұрғызып қойды да:

- Міне, шын әулие осы бала екен! - деді енді қайтадан көпшілікке назар салып. - Үш күннен бері сіздермен бірге тапжылмай отырып сөз тыңдады. Баланың бір ерекше белгісі бар екен, соны байқадым. Ол белгі, міне! Көрдіңіздер ме?

Хан Жабай баланы көпшілікке сырт қаратып, саусағының ұшымен ғана оның құлағының желбезегінен ұстады. Отырған жұрт енді байқады, Жабай баланың құлағында «қалтасы» бар екен. Оған бәрі жағаларын ұстап таң қалды.

- Атың кім? - деді хан балаға қарай бұрылып.

-Жабай.

-Міне, халайық, болашақ Жабай әулиенің бір белгісі нышаны - осы құлағында болады екен... Ал, енді, балам, қалауынды айт!

- Қалауым, тақсыр, ер қаруы - бес қару, ер қанаты - ат! -деді бала ханның көзіне қаймықпастан тіке қарап.

«Хан айтпайды, айтса - айтқанынан қайтпайды» дейді халық. Жабай баланың қалауы көзді ашып-жұмғанша дайын болды. Ер қаруы - бес қаруды тал бойына асынып шыққан бала көңілденіп, Қоқан ханының әйгілі жел жүйріктерінің ішінен шаңжұқпас Кертөбелді таңдады.

- Жас күнінде жай оғындай жарқылдап, жау қайратар ер болады екенсің, - деді Жабай баланың барлық таңдауына сүйсінген хан оның басынан мейірлене сипап тұрып. -Маңдайың жарқырап, қалың қол бастайтын - әскербасы, тоқсаба болғалы тұр екенсің-ау, жарқыным!

Содан соң олар қоштасып, Жабай бала өзі жасырынып еріп келген кісілерді енді өзі бастап, елге қайтты...

Әке парызы

Шаһардан шығып, кең даламен қайта қауышқан шақта жолаушылардың тынысы кеңіп сала берді. Бала Жабай шаңжұқпас Кертөбелдің басын еркін қоя беріп, олардан оқ бойы ұзап кетті. Көктемгі даланың көңіл тербетер жұпар лебі жанын жадыратып, туған жер, өскен өлкеге айрықша бір ынтызар сағынышпен оралып келе жатқандай.

Қазыбек палуан одан артық қуанбаса, кем қуанған жоқ. Бірақ сыртқа сыр шашпай, іштегі қиялы әр қиырға самғап, жан-жүрегімен толқып, тебіреніп келеді.

Оның есіне анау бір жылғы жоқ-жітіктен көз аша алмаған қиын кезең оралды...

Жазық далада сар желдіріп келе жатқан бір топ жолаушыдан оқ бойы озып бара жатқан анау Жабай бала дүниеге жеті айлық болып келіп еді. Жас босанған келіншегі мен нәрестесін қара шаңырақта қалдырып, Қазыбек палуан сол жылы жазда сонау Тұрбаттағы бір байға жалданып, қырық күн шілдеде маңдайын күнге қақтатып жүріп, телегей-теңіз егінін орып берді.

Әу баста уәделескенде Қазыбек палуан байға төрт кісі болып барамыз деп еді. Сол төрт кісінің жұмысын жеме-жемге келгенде жалғыз өзі істеді. Өйткені табысқа ешкімді де ортақтастырғысы келмеді. Ауылда мұның жолын тосып, аузын ашып қарап отырған қызыл қарын жас бала, кәрі-құртаң шал мен кемпір бар. Оның үстіне туған ағалары Қазымбет пен Бажықтың үй-ішіне де қолғабыс тигізбесе болмайды. Шынына келгенде, Қазымбеттің де, Бажықтың да өз бетімен тер төгіп, еңбек етуге, табыс табуға құлқы жоқ.

Тұрбаттағы байдың егін басына тамақ таситын қызметші сақау әйелі:

-Төйт кішіге деп тамақ апайамын, би кішіден башқашы көжіме түшпейді,- деп барады екен.

Бай оған ойланып қалатын көрінеді. Бұл бірақ, төрт кісінің тамағын жалғыз өзі ішіп жүрді. Егіннің ара-арасына өскен көк жантақты жалаңаш қолымен отағанда ащы тікені удай қадалар еді. Қазыбек палуан оған да қыңқ еткен жоқ. Егін орылып біткенше жебедей сұғылған жантақтың тікенінен екі қолы күптей боп ісіп кетті.

Есеп айырысатын күні бай бір сырбазын сойып, Қазыбек палуанды әдейілеп қонаққа шақырды. Тегенедегі май құйрықты шикідей алдырып, он саусағын соған батырып қойды. Сүт пісірімнен соң удай ащы жантақтың тікендері өз-өзінен былқылдап түсе бастады. Көзін жұмып, тәтті бір рахатқа батты Қазыбек палуан.

Жас ет буы бұрқырап алдарына келгенде бай бұған жымия қарап:

- Иә, егіншім, қасындағы серіктерің қайда?- деп сұрады.

Қазыбек палуан өтірік айта алмай, төмен қарады.

- Білем, палуан. Өзің айтпасаң да білем, - деді бай пейілдене күліп. - Бір түйір ақынды жемеймін. Тек шыныңды айтшы, төрт кісінің жұмысын бір өзің атқардың ба?

- Иә, байеке!

- Әп, бәрекелді, палуан! - деп бай риза боп қалды.

Ертеңіне өзі айтқандай, бір түйір ақысын кемітпей, қазақы қаппен бір қап бидай берді. Қазыбек палуан оны арқалап алып Әлімтау қайдасың деп тартып кетті. Екі ара екі күншілік жол еді. Жолда келе жатып, Қырыққұдықтың тұсына жеткенде тасқа бауырын төсеп жатқан арық ешкіні көрді. Жоқ-жітікке сен де азық боларсың деп, зілдей ауыр қаптың үстіне оны да салып алды.

Сол кезде Мәслихат төбенің басында Жылкелді бай кеңес құрып отыр екен. Жүк артқан нардай боп жылжып келе жатқан мұны алыстан көзі шалып, жанындағы шабарманына:

- Апыр-ай, мына дәу кім екен? Барып, біліп келші,-дейді. Шабарманы шауып келіп Қазыбекпен жөн сұрасты да, қайтадан далбақтап шаба жөнелді.

- Тұрбат жақта жүріп егін орып, табыс тауып келе жатқан Қазыбек палуан екен. Аузын шыжымдап бұған бір қанар қап бидайы және бір ешкісі бар арқалап келе жатқан, -

дейді әңгірлеп.

Бұл да сәлден соң Мәслихат төбенің басына шығып, дем алған кезде Жылкелді бай:

- Әй, Қазыбек-ай, - деді даусын мәнерлей созып. - Екі масылды асыраймын деп, арқа етің - арша, борбай етің - борша болды- ау, жазған!

Жылкелді байдың екі масыл дегені Қазымбет пен Бажық екенін бәрі де сезді. Сол топтың ішінде отырған әлгі екеуі төмен қарап, көздерімен жер шұқып қала берді...

Қайсыбір жылы Самарқандтан келген әпенді ишан Қазыбек палуанды Қаратауға ертіп барды. Ел аралап, сый-сияпат көрген ишанның малын айдап келе жатып, жолда қарлы боранға тап болды. Мал түгілі, бас қайғы боп, кәрі ишан лағып кетіп, кездейсоқ бір ауылға жан сақтады.

Қазыбек палуан болса, қалың қардың астын үңгіп, құмырсқаның илеуіне жолықты да, ақ тер, көк тер боп соны қазып, ішіндегі азығымен бір қора малды аман алып қалды.

Әне, бүгін сол Қазыбектің де көңілі өсіп, қара Жабайын қайта-қайта іштей айналып-толғанып келеді. Бұл шіркін жазғы шілденің аптабына, қысқы шілденің қаһарына төзіп, маңдай терін төккенде өзі үшін емес, өсіп келе жатқан ұрпағының қамы үшін еді ғой. Ендеше, Қазыбектің ұрпағының алды атқа мінуге жарап, еңбеккер әкенің асыл үмітін ақтай бастағаны емес пе?!

Қызыр ата

Қара суық күздің тастай қараңғы түні. Дарияның жағасындағы қалың тоғайдың ішін кезіп келе жатқан жолаушының үсті-басы малмандай су болып, бойы тоңази бастады. Ат екпінімен майысып, қайта серпілген қызыл жыңғылдың су-су бұтақтары қараңғыда беті- көзіне шып-шып тиіп, қамшыдай тіліп өтеді. Аспанның түбі түсіп кеткен бе шелектеп құйған қара нөсер барған сайын үдей түсуде.

Кенет дарияның бір қойнауынан үрген иттің үні естілді. Содан соң жолаушының көңілінде үміт оты тұтанып, ат басын солай қарай түзеді. Бейуақта тым-тырыс жатқан ауылдың ту сыртынан келіп кірген екен, биіктеу бір кезеңге тігілген еңселі үйдің алдына жетіп:

- Кім бар-ау?! Хабарлас! - деп дауыстады.

Сүт пісірімнен кейін киіз үйдің ішінен бәйбішенің керенау ғана:

- Бұ кім-әй? - деген үні естілді.

-Түн қатып жүрген жолаушы едім, бәйбіше!

-Е-е... Тоғай аралап тентіреп жүрген кім көрінгенге аша берер есігім жоқ! Басқа үйге түс!

Шашы ұзын, ақылы қысқа бәйбішенің суық сөзі жүрегіне тікендей қадалған жолаушы ат басын жалт бұрып:

-Е-е, бұл ауылда еркек жоқ екен ғой! - деді де, бір түнге өліп қалмаспын деген оймен шиыршық атып, ауылдан ұзап шыға берген. Әйтсе де шет жақтағы бір жертөлениң жұқа қарын тұтылған оймақтай терезесіндегі жарықты көріп, көңіліне ой түсті. «Түн ішінде неғылған жарық?... Әлде бір шілдеhana болып жатыр ма екен?...»

- Ау, бұл кімнің үйі? - деп сұрау салды жертөлениң тұсына келген кезде. Іле-шала іштен жүгіріп шыққан жасөспірім бозбала жігіт:

- Жабайдың үйі, - деді.

- Жабай кім болады?

- Мен боламын.

- Әкең қайда?

- Әкені де, шешені де алыс сапарға аттандырып салғанбыз, ақсақал. Үйде өзім және бауырларым бар... Аттан түсіп, қонақ болыңыз.

- Түссем түсейін, балам.

Жолаушы аттан түсіп, жертөлеге кірді. Су киімдерін шешіп, оттың жанына

кептіріп қойды. Жабай да, оның үйелменді-сүйелменді іні-қарындастары да құрақ ұшып қызмет көрсетіп жүр. Олар түннің беймезгіл уақыты болса-дағы, тез қимылдап, тоқты сойып, буын бұрқыратып ет асты. Жолаушы қария жасөспірім балалардың ақ ниетіне разы болып, сүйсініп отырды.

- Иә, Жабай, түн ортасында үйіңнен шамның жарығын көріп, бір жаңалық болып жатыр-ау деп бұрылып едім, енді соның мәнісін айтшы,- деді бір кезде бойына жылу тараған соң, үй иесін әңгімеге тартып.

-Түн болса, тастай қараңғы. Қара нөсер шелектеп құйып тұр. Мұндай түнде жол бағдарынан жаңылысып, адасып қалатын жолаушылар көп болады. Соларға «көз» болсын деп жағып қойып ем.

- Е-е, бәрекелде-е!

- Міне, енді үйімізге сіз келдіңіз. Сол біз үшін жаңалық, ырыс, құт емес пе, ата!

- Бәрекелде, бәрекелде, Жабай балам, жарадың! Көп жаса, үбірлі-шүбірлі бол! Жұлдызың жарқырап туған жан екенсің!

Ертеңіне жаңбыр басылып, күн шайдай болып ашылды. Көгілдір аспан Жабайдың пәк көңіліндей мөлдіреп, мейірім-шапағат нұрын төгіп елжіреп тұрды. Үй иесі түнделетіп келген қонағын ауыл шетіндегі күре жолға дейін шығарып салып, ақ батасын алды.

Қайтып келе жатып арт жағына тағы да бұрылып қарап еді, күре жолдың үстінен ешкімді көре алмады. Апыр-ай, әп-сәтте ұзап кете қойғаны ма деп таң қалды. Көзін сүзіп қадала қарады. Қыбыр еткен нәрсе, тырс еткен үн жоқ. Тым-тырыс. Түнделетіп келген жұмбақ жолаушы жым-жылас ғайып болып кетіпті.

Жабайдың жүрегі лүпілдеп, әлденені сезгендей көңілі елжіреп сала берді. «Біліп едім-ау,-деді ол қуанғанынан жанары жасқа толып. - Сезіп едім-ау, Қызыр ата, сіз екенсіз ғой! ...»

Кенет құлағының түбінен түндегі данышпан қарияның даусы тағы да естілгендей болды: «Ойымнан шықтың, балам! Сенің бойыңда әулиелік қасиет бар. Алла алдыңнан жарылқасын деп, ақ батамды беріп бара жатырмын».

Төле би келгенде

Әкесі Қазыбек палуан дүние салғаннан кейін, жасөспірім Жабайдың мойнына тіршілік ауыртпалығы ерте түсті. Қараша үйдің ішіндегі қоңторғай тірлік баяу жылжып өтіп жатты.

Бір күні есік алдына бір топ аттылы кісі келіп тоқтады. Алыс жолдан келе жатқан жолаушылар осы ауылда аялдап, қонып шығуды ниет қылса керек. Бірақ бұрын көрмеген бейтаныс ауыл болғандықтан, қайда түсерін білмей, кідірістеп ойланып тұр.

Жолаушылардың бәрі де жақсы киінген, би-манаптарға ұқсайды. Қараша үйден жүгіріп шыққан жасөспірім жігіт Жабай олардың ортасындағы ақ сақалды, данышпан қарияны жазбай таныды. Ол - алты алашты аузына қаратқан әйгілі би, Ұлы жүз қазақтарының ханы Төле би еді.

- Ассалаумағалейкум,-деп оң қолын төсіне басып, иіліп тағзым етті Жабай. - Аттарыңызды алыстан естіп, өздеріңізді жақыннан көре алмай жүруші едік, құдай оңдап құдайы қонақ болып келіп қалған екенсіздер, кәне, аттан түсіңіздер!

- Мына үйдің қазаны да, қотаны да бос-ау!...

- Кедейге ауыртпалығымыз түсіп жүрмесін... -деп өзара күбірлесіп те қалды.

Сонда Жабай:

- Қараша екен деп қомсынбаңыздар! Тапсам -біреуін, таппасам - екеуін соям!- деді. Жасөспірім жігіттің тапқырлығына, ақылдылығына разы болып, іштей терең толғанып:

«Батыр деген - барақ ит,
Екі долы қатынның бірі табады.
Би деген - бір бұлақ,

Қатынның ілуде бірі табады,

-деуші едім-ау мен. Ал, мынау бала әрі бұлақ, әрі барак болайын деп тұр-ау сонда. Асыл алмастай сөзі, шоқтай жайнаған көзі сыр ғып айтады-ау маған. Соның екеуін де екі ініне артып, сендей ұлды дүниеге әкелген асыл анаңнан айналайын!» -деп ойға шомып отырды.

Тыйып кеткен әулие

Жабайдың бірге туған бауыры Ордабайдың да бойында әулиелік қасиет бар екен. Ол бірде байдан бір қой сұрап барса, бай бергісі келмей, көңілін қалдырыпты. Байдың сараңдығына, іштарлығына ренжіген Ордабай:

- Қайыры жоқ малдың қырылғаны жақсы! - депті де, өз бетімен жүріп беріпті. Сол күннен бастап бір індет соғып, әлгі байддың малы топалаң асып қырылып жатады. Әрі жүгіріп, бері жүгіріп, байддың өзі әбден сасады. Ауылында береке қалмайды. Қойшы-қолаң, қатын-қалаш, бала-шағаның бәрі де безіп кетеді.

Сол кезде оның аулына Жабай әулие келе қалады. Сараң бай Жабайдың үзеңгісіне артылып, өлердегі сөзін айтып:

- Малым қырылып, баудай түсіп жатыр! Осы індетті тиып бер!-деп жалынады.

Ордабайдың оқтай қылып айтқан сөзінен бейхабар Жабайдың ойында ештеңе жоқ, үзеңгісіне жармасып келе жатқан байға рақымы түсіп:

-Жарайды, бір Алладан тіледім, сенің малың қырылмасын. Індеті тоқтасын,- дейді де, әрі қарай жүре береді.

Содан бастап, сараң байддың малына келген қырғын тоқтап, індеті тыйылған екен.

Көнеден келе жатқан аңызға құлақ салсақ, кейінірек сол елдің адамдары Ордабайды көрсе: «Қырып кеткен әулие!» -деп, ал Жабайды көрсе: «Тыйып кеткен әулие» деп құрақ ұшады екен...

Құранды ердің құны

Жабай тоқсаба әулие бір күні мама ағаштың қасында жатқан құранды ердің әбден тозғанын көріп:

- Әй, балам-ай, - депті есік алдында тірлік қып жүрген бір баласына. - Мынау ер тозып кетіпті ғой. Тері әкеліп қаптап қойсаң қайтер еді?!

Әлгі баласының мінезі томырықтау, кейде алды-артын абайламай сөйлейтін әдеті бар екен.

-Үйде тері жоқ. Сенің жон терінді алып қаптаймыз ба?!- деп дүңк ете қалыпты.

Сонда Жабай:

- Әй, балам-ай, мен бір сүрінсем, сен өзіңнің қайда кеткенінді білмей қалар едің. Бекер қылдың-ау, енді сенің ұрпағың арық жағалап, «төте-төтелеп» тауық шақырып өтетін болды,-деген екен.

Жабай бабаның әлгі баласының ұрпақтары, шынында да, тапқанын тауыққа жұмсап, тарыдай шашылып кетіпті деседі.

Түйе, түйе, түйелер...

Жабай бабаның елі төрт түліктің түлігіне өте бай екен. Содан болар, түйесі, ботасы індетті болып, ем іздеген жұрт Жабай атаға келіп кеңесіп, түкіртіп әкетіп жатады.

Жабай әулие қартайып, қалжырай бастаған шағында бір кембағал кісі оның алдына келіп:

- Ата, ботам қоскіндік болып қалды, көріп беріңіз,-деп өтініш жасайды.

Сонда Жабай әулие әлгі кембағалдың бетіне барлай қарап:

- Балам-ай, ботаң қоскіндік емес, маңдайың қоскіндік екен ғой!-деп, оның маңдайына шапалақпен тартып жіберіпті.

Жабай бабаның қылығын ерсі көрген кембағал кісі «мұнысы несі» дегендей тіксініп қалады.

- Енді үйіңе бара бер,- депті Жабай әулие.- Бойыңнан қырсығың кетті, балам. Жолың ашылды.

Әлгі кембағал кісі үйінен әудем жер ұзап кеткенде әулие ата қасындағы балаларының біреуін шақырып алып:

- Әй, әлгі неме қай ел екен, біліп келіңдерші, -деп жүгіртіп жіберіпті.

Қайтып оралған баласы:

- Әке, ол Дастарбастыдағы Алтай Рамаданары екен,- деп келіпті.

- Әттеген-ай, қолым сүйсініп қалып еді, Сіргелінің түйесі Рамаданға ауып кетті ғой, - депті сонда жарықтық Жабай әулие.

Көнеден келе жатқан аңыз-әңгімеге сенсек, содан бері Рамадан руының кісілері түйелі бай атанып, кешегі күнге дейін керуеншілік жасап келген екен.

Боталы түйе

Қыс аяғы ұзап кетіп, қалың қардың көбесі оңайлықпен сәгілмей, сіресіп жатып алған қайсыбір жылы қарапайым шаруалар қатты қиыншылыққа ұшырапты. Сол кезде бір кедей жігіт Жабай әулиеге келіп:

- Жалғыз атаным бар еді, ата. Ол да тұра алмай, ыңыршағы айналып, үйелеп қалды. Дем салып жіберіңізші, сауабы болар, - деп мұнын шағыпты.

Көтерем болып жатқан түйені үйінде отырып-ақ үшкіріп жіберген Жабай әулие біраз ойға батып отырыпты да:

- Атаның бүгін түнде боталайды екен, балам,-депті.

Көтерем түйесін боталайды екен дегенге кедей жігіт қайран қалып, қуанарын да, қорқарын да білмей, үйіне қайтады. Бірақ әулиенің сөзіне кәміл сеніп, түнімен шырақ жағып, таңға дейін көз ілмей түйесін күзетіп шығады.

Ал таңертенгілік әлгі кедейдің есігінің алдына Ұлы Жібек жолының бойымен келе жатқан бір керуен тоқтайды.

Керуен басы:

- Жолда келе жатқанымызда бір інгеніміз боталап қалды. Салт түйе болса айырбастап алар едік,- дейді жігітке.

Ол, не айтарын білмей, қораға кірсе, көтерем түйесі орнынан көтеріліп, күйсеп тұр екен.

Керуен басы әлгі кедейдің жалғыз атанын жетекке алыпты да, оның орнына боталы інгенін қалдырып, өз жөнімен кете беріпті.

Жабай әулие белгісі

Жарық дүниемен қош айтысып, ақыреттік сапарға аттанатын ақтық күні таяп қалғанын сезген Жабай әулие балаларын қасына шақырып:

- Мен өлген соң сүйегімді алысқа ұзатпаңдар. Мәйітімді осы даладағы зираттардың біреуіне, шамалауымша, Биесыймасқа апарып қоярсыңдар. Ал менің әулиелік қасиетім сүйегімді жуған жерге төгіледі. Рухым да сол жерге оралады. Әруағымды сыйлап келген елдің әлі де талай кәдесіне жараймын,-деп өсиет қалдырыпты.

Дарияның жағасында қыстап шыққан ел күн көзі жадырап ашылып, көкөрай шөп қаулап бой көтере бастағанда көктеуге көшті. Түйесі боздап, қойы қоздап ұбап-шұбап келе жатқан ауылдың алды Әлімтаудың жазығына жетіп, көшті түсірген алғашқы күні Жабай ата дүниеден өтті.

Көгілдір аспан мөлдіреп, бетегелі беткейлері құлпырып, боз жусаны жұпар шашып жатқан маң даланың таңғажайып көркіне тамсана қарап жатып көз жұмды жарықтық әулие ата.

Артындағы елдің еңірегінде етегі жасқа толып, ботадай боздап қала берді...

Қысылғанда қайғысын, қуанғанда шаттығын бөлісетін асқар таудай арқа сүйерінен айырылған жұрт жыл бойы аза тұтты...

Әулие атаның сүйегін арулап жуған жер сол бір көне замандардан бері – «Жабай

жуығы», «Жабайдың белгісі» деп аталып кетті. Ал Жабай атаның сүйегі Ташкенттегі киелі зираттардың біріне жерленіпті.

Ел әулие атаның мәйітін Әлімтау жазығынан Ташкентке қарай алып бара жатып, жолда Сарыжылғаның бойындағы Талдықұдық деген жерде түнеген екен. Таңертеңгілік табыттан тамып қалған бір тамшы қанды көріп, Жабай ата шейіт кеткен екен-ау деп жорамал жасапты.

Келесі жылы сол жерге бір түп ақ шенгел өсіп шығыпты. Содан бері ақ шенгелдің тұсынан өткен жолаушылар кідіріп, тізе бүгіп құран оқиды. Жабай атаның жұмбақ қасиеті бір түйір қанымен бірге сол тұста да қалған екен...

Әлімтау жазығында «Жабайдың жуығы», не болмаса «Жабайдың белгісі» деп аталатын қасиетті жер әлі күнге шейін бар. Онда Жабай бабаның әулиелігіне сеніп, әруағына сиынып алыс-жақыннан ағылып келіп құрбандық шалып, сәрсенбіден бейсенбіге қараған түні басына түнеп, зиярат жасап жатқан жұртшылық тіпті көп.

Шын көңілден ниет етіп келген жандардың ақ ниеті қабыл болып, «Жабайдың белгісіне» түнегеннен кейін тілегі орындалады. Перзенті жоқтар перзент сүйеді, ауру-сырқаулар жазылады, бақытсыздарға бақ қонады, жарлы адам бай болады - айта берсе, Жабай әулиенің кереметі көп.

«Жабайдың белгісіне» түнеп, түсінде әулие аян берген жандардың айтуынша, таң алдында Ташкент жақтан ақ саң көтеріліп, ақ боз атқа мінген бабаның бейне-рухы елес береді екен (Кертөбел атқа мініп келуі де мүмкін).

Перзент тілегендерге – пышақ, моншақ, асық ұсынып, бақ-дәулет қонатындарға - көген ұстатып; билік-мансап беретін болса - көлікке мінгізіп, жағалы киімдер кигізеді. Ал ауру-сырқаудан айықтырарда бата беріп, кесел иесін қуып жібереді.

Кейде белгіге түнеп кеткен соң, арада екі-үш ай өтсе де түсіңізге енеді.

Кейде тіпті, зиярат етуге ниет еткен күні-ақ аян беруі мүмкін.

Рухы - ұзын бойлы, қара торы кісі.

Жабай әулиенің және бір кереметі - төрт түлік малға лаң келгенде оларды да айдап апарып, сол маңға түнетіп, жайып шықса, соның ізінше індеті сап тыйылады.

Жұпар ана

Жабай атаның немересі Жұпар есімді көрікті де ақылды қыз көршілес отырған Қоңырат руының Қарсыбай деген жігітіне ұзатылады. Жаңа ауылға келін боп түскен жас келіншек көктем туа, ел қыстаудан көктеуге көшкенде жасыл даланың сағымын қуып, қыр кезіп, шалықтап кете беретін тосын дертке душар болады. «Келініміздің сырқаты бар екен. Апыр-ау, өз елінен алып келді ме, әлде біздің жақтан тапты ма?» -деп, келін болып түскен жұрты көңілдеріне күдік ала бастайды. Осы бір жайсыз әңгіме Жабай әулиенің ұлы, Жұпар қыздың әкесі Шоңғар әулиенің де құлағына жетеді.

- Онысы несі? Қызымның ешкімнен кемдігі жоқ еді ғой. Өз көзіммен көріп келейін,- деп Шоңғар әулие жолға шығады.

Құдалардың ауылына келсе, қызының ақыл-есі түзу, бірақ басына бір қиыншылық іс түскен жандай өңі жүдеу көрінеді. «Иә, келініміз солған гүлдей құрап барады. Бұрын жайраңдап күліп жүруші еді. Ауыл-аймаққа, ата-ене, абысын-ажынға тегіс сыйлы болатын. Міне, осы көктеуге көшіп келгелі осындай дертке шалдықты»-дейді қол қусырып қарсы алған құдалары ағынан жарылып.

Шоңғар әулие терең ойға батып, үнсіз күйде ұзақ отырып қалады.

- Сіздер менің Жұпаржанымды жүрген жолынан қайтарып әкелмей, еркіне қоя беріңіздер. Ол өз дертіне өзі ем тауып қайтады, - дейді бір кезде қалың ойдың құшағынан шығып. Осы төңіректі Жабай атасының рухы кезіп жүруші еді. Сол ғой оны тал бесіктей тербетіп, аталық мейіріммен тебіrentіп жүрген...

Шоңғар әулиенің сөзіне құлақ асқан Қоңырат ауылы келіншекті өз еркіне қоя беріп, тек сырттай ғана бақылаумен болады. Жұпар болса, жасыл даланың көгілдір

мұнарына оранып, алысқа ұзап кете береді. Сөйтіп Әлімтау жазығындағы «Жабайдың белгісіне» жеткенде жер құшып құлап, атасының бауырына бетін басып еркелеген жас баладай рахаттанып, көзін жұмып жата кетеді. Өз қолымен ошақ орнындай жердің топырағын үйіп, сол жерге белгі қалдырады.

Сол күннен бастап Жұпардың жасыл даланы кезіп, шалықтап кететін дерті пышақ кескендей тиылды.

Ата жаумен айқасып өткен аласапыран заманда ескерусіз қалып қойған Жабай белгісін міне осылайша, өзінің туған немересі Жұпар қыз қайта тауып алған екен.

Жұпар өзі келін болып түскен елге өте сыйлы болыпты. Бес ұл, екі қыз сүйіпті. Келіндері оның алдында иба сақтап, ізетпен иіліп, «Хош иісті ене», «Аңқыма ене» деп құрметпен атаған.

Жұпар ананың балалары да, олардан тараған үрім-бұтақтары да Жабай әулиенің әруағына сиынып, ғасырлар бойы рухына табынып келеді.

Аян

Қоңырат елінің бір кісісі түйесін жоғалтып, шартарапты кезіп іздеу салып, шарқ ұрып жүреді. Маң даланың сай-саласын, жықпыл-жықпылын аралап, ұзақты күнге ат үстінен түспей, әбден қалжырап шаршайды. Ымырт жабыла Әлімтау жазығындағы бір төбешіктің үстіне жетіп тоқтап, сол жерге түнеп шықпақ болады. Ерін басына жастап, тоқымын астына төсеп жата кетеді. Таңға жуық түс көреді. Түсінде бір Қара аруақ (Жабай бабаны кейде осылай да атайды) оны тұр-тұрдың астына алып: «Балам, тезірек «Жалғыз кетік» өткеліне жет. Сен барғанша ұрылар бір түйенді қайыққа салар, ал біреуін мен оларға ұстатпай қақпайлай тұрармын»- дейді.

Ол орнынан ұшып тұрып, түсінен гөрі өңіне ұқсас мына аянға қайран қалады. Бұл төмпешік тегін болмады ғой деп, құрығын шаншып, құрық ұшына белбеуін байлап белгі етеді де, өзі «Жалғыз кетік» өткеліне жетуге асығып, атын қамшылап шаба жөнеледі. Сөйтіп, Сырдариядағы «Жалғыз кетік» өткеліне жетсе, түсіндегі аян айна-қатесіз шындыққа айналып шыға келеді. Қос түйесін арғы бетке өткізіп әкетпек болып жатқан ұрылардың үстінен түседі.

Көне замандардан келе жатқан аңыз-әңгімеге құлақ салсақ, әлгі кісі құрығын шаншып кеткен киелі төмпешікке қайта келіп, жеңді түріп, білекті сыбанып жіберіп Жұпар-ана баяғыда үйіп кеткен топырақты өз қолымен тағы да биіктетіп, тү-у сонау алыстан мен мұндалап көрінетіндей белгі қалдырған екен. Сол белгі бертінге дейін - алпысыншы жылдарға дейін ешбір өзгеріссіз сақталған деседі.

Бәсеке

1918 жылы жазғытұрым бұл өлкеде ең соңғы рет ұлан-байтақ даланы дүбірлеткен ұлан-асыр ас беріледі. Ол атақты Қарабай бабамыздың асы еді. Бектер мен билер, датқалар мен болыстар, байлар мен манаптар көкорай шалғынға тігілген ақ боз үйлерге түсіп, аста-төк қошеметке бөленуде. Саба-саба сары қымыз бен табақ-табақ жас ет буы бұрқырап кірген сайын іштегілердің бірін-бірі қағытып күлген әзіл-қалжыңы көбейіп, анда-санда әу деп қалатын әнші-жыршылардың да даусы жарқын-жарқын шыға бастады.

Сонау Қазығұрт тауының бауырынан келген Әлімбай мырзаның атақ-даңқына қалың ел жақсы қанық еді. Күркіреген өзеннің жағасы мен қоңыр салқын таудың етегіндегі бау-дарағы мол құтты қоныстың иесі. Үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы Қаржан мен Өгем тауларының аралығында қаптап өріп жүр. Аузымен құс тістеген жел жүйрік те сол Әлімбайдың ауылында. Әсіресе, Қарабайдың асында өтетін аламан бәйгеге әдейі әкелген жирен тұлпардың тұрқы тіпті бөлек. Ол Қазығұрт пен Өгемнің, Қаржан мен Шымғанның аралығындағы тойларда шашасына шаң жұқтырмай, нелер аламан бәйгелерде оқ бойы озып келіп жүрген жануар. Шыға шығып, шығандап шауып, жеке дара жұлдыздай ағады шіркін. Оны жұрт «Жаппардың жирені», «Жаппардың жел

жүйрігі» деуші еді. Бірақ иесі Жаппар болғанымен, атақ-даңқы бір рулы елге ортақ. Әсіресе, сол елдің ерке мырзасы Әлімбайдың аты аталған жерде жиреннің де даңқы шығып, жирен жүйрік озған жерде Әлімбайдың да абыройы алысқа кетіп жататын-ды. Құдай берген бақ пен дәулеттің арқасында әуелгі арнасынан асып төгіліп, көл-дария көңілі шалқып-тасқан Әлімбай соңғы кезде саба-саба сары қымыз бен қышқылтым бозаны қанағат тұтпай, үлкен шаһардан ұзын мойын көк шишаға құйылған арақ алдырып ішетін болған-ды. Мырзаға жағынамыз деп, сүтке тиген мысықтай болып дәмін татқандар беті-аузын тыржитып, өздеріне бұрын-соңды таңсық нәрседен тітіркеніп: «О-ой, ащысын-ай! У ғой, зәһар ғой! Біздің мырза қайтіп ішеді екен? Ерім-ақ қой шіркін! Мырзаның батырлығында шек жоқ қой!» деп, көңілге түйе келген көпшігін тағы да тастап, мақтау-марапатын өсіре түсетін. «Осы өңірде арақты да алғаш бастап ішкен біздің мырза ғой!» деуші еді кейде сыртта жүріп мақтана салғысы келсе де танауларын таңырайтып.

Бақ пен дәулет, билік пен мансап бәсекеге түскен жерде басы артық бір-екі ауыз сөздің де шырғасы шықпай қала ма?! Кейде сол бір-екі ауыз шетін сөздің шақпақ тастай жарқ ете түсіп от шығарып, намыс өртін қаулатып, көршілес отырған екі рулы елді, бір-бірімен қыз алыспайтын ет жақын ағайынды, тату-тәтті туыстарды да өшіктіріп, қастастырып, қан төгісер жаулыққа дейін жеткізетіні мәлім.

Қарабайдың асында Әлімбай мырза мен Сүлеймен болыс ұзын мойын көк шишадағы зәһардан тәп-тәуір ұрттаңқырап алып, қызара бөртіп отырған кезде ертеңгі болатын бәйге жайынан сөзге келіп қалды. Кімнің жүйрігі озар екен деп жылымдап қана басталған әңгіменің аяғы қыза-қыза келе ру-рудың, ата-тектің, жеке бастың намысын қозғап, екі араға жік салатын үлкен дауды қоздатуға тақады.

- Бәйгемді шаппай бер! - деді қызара бөртіп алған Әлімбай мырза құс жастыққа жамбастай беріп. - Жирен жүйрігіме ат түгілі жел де жете алмайды.

- Әй, Әлімбай, - деді Сүлеймен болыс намысына найзадай қадалған мына сөзге ширығып. - Көп асқанға бір тосқан бар. Осы жолы мақтаулы жиренің біздің Оқжетпестердің соңында қалады!

- Сонда менің жиренімнен озатын сенің атың ба?

- Иә, менің Оқжетпесім!

- Оттапсың! Сарттың аты озып, сыбаға алғанын көргем жоқ! – «Сарт» деген сөздің ауыздан шығуы мұң екен, Сүлеймен болыстың шекесіне сарт етіп шоқпар тигендей, түсі өзгеріп бара жатты. Әлімбайдың нені тұспалдап, қай жақты нысанаға алғаны жұртқа мәлім жай еді. Бекмұрат мыңбасының үшінші әйелі, Сүлеймен болыстың анасы - көзі жәудіреген, қыпша бел, сәмбі талдай майысқан өзбек қызы болатын. Демек, Сүлеймен болыстың нағашы жұрты өзбектер. Өзі де сол нағашы жұртымен аралас, қойы мен бақшасы қоралас жатқан елдің болысы.

- Кетісетін жерге келген екенсің! Ендеше, тұрысатын тұсыңды айт! - деді ызаға булығып қалш-қалш еткен Сүлеймен болыс қанжарының сабын сығымдап.

- Тоқтаңдар! - ортада отырған Қалмырза бидің даусы саңқ ете қалды. -Алысатын албасты, ілісетін ібіліс таппай құтырынып жүрсіңдер ме түге?! Ендігі жетпегені, Ойсылқырғыннан қалған оймақтай Сіргелінің бірін-бірі іреп-сойып, қанын судай шашуы екен ғой! Жібермеймін! Тоқтат ондай бассыздығыңды, көрсетпе көзіме!

Екі жақ ентелеп келіп, енді міне, айқас басталады-ау деген сәтте амалсыз іркіліп, тосылып қалды. Бірақ іштегі қыжыл басылған жоқ, өрши берді. Соның ішінде қызғаныш та, қияс мінез де, күншілдік те, қараулық та бәрі-бәрі балға үймелеген қара шыбындай құж-құж қайнап, ызыңдап мазаны алуда.

Ел ертеңгі бәйгені асыға тосты. Кімнің аты озар екен деген құмарлықпен бірге, Әлімбайдың жирені озып, бағы аса ма, әлде Сүлейменнің Оқжетпесі алдымен келіп, иесінің кешегі ерегісте кеткен есесін қайтара ма деген сыншылдық та басым еді.

Қалмырза би ұзақ ойланды. Ол Әлімбайдың да, Сүлейменнің де аты озғанын

қаламады. Кешегі егесте екеуі де бір-біріне «Қап, бәлем, сені ме!?» деп кіжініп, қиын сырды ішке түйіп кетті. Ертең бәйгеде біреуінің аты оза қалса, қасақана кекеп-мұқап, қарсыласын жұрт көзінше мұқатып кетпек. Ойсылқырғыннан кейінгі оймақтай Сіргеліге ғана емес, қарқарадай мұқым қазаққа керек кикілжің бе еді сол?! Қайдағы бір қылқұйрықтың аяғының желіне бола, ағайынды екі мырза бірінің жүзін бірі көрмей кетпек пе?!

Иә, бәйге-бәсеке... Кімнің аты озар екен?... Қалмырза би бәйгеде бұл екі жақтың да озғанын қалаған жоқ, көршілес жатқан Қоңырат елінің шаңтимес жүйріктерінің бірі озып келсе екен деп тіледі...

Күн ұясынан қазық бойы көтерілгенде кеткен аттар түс әлетінде үздік-создық шұбатыла шауып мәреге таяп келе жатты.

Қасына бала Ақылбекті алып, оқшау тұрған Қалмырза би әуелі алыстан түйдек-түйдек көрінген бозала шаңды байқады. Ат үстінен мойнын соза түсіп, үңіліп қарап еді, алдыңғы келе жатқан ат жирен бе, қылаң ба - анық аңғара алмады. Содан соң, жан-жағына қарап:

- Ақылбекжан, айналайын, кімнің аты озып келеді екен, байқап көрші,-деді даусын жұмсартып, сабырлы қалпынан айнымауға тырысып.

- Қазір, ата, - деді де, Ақылбек атын қамшылап алға қарай шаба жөнелді. Сәлден кейін бала сүйінші сұрағандай қуанып, көздері күлімдеп келе жатты:

- Ата, Жаппардың жирен жүйрігі озып келеді екен! Анық таныдым. Сол. Үстіндегі Баймырзаны да көрдім-м! -деді алыстан алқына сөйлеп.

Ақылбектің Баймырза деп тұрғаны - түр-тұлғасы жас баладай шап-шағын, атқа жеңіл, киіктің асығындай шып-шымыр жігіт болатын. Жирен жүйріктің сырын жақсы біледі деп, жас баланың орнына Әлімбайлар үнемі сол Баймырзаны отырғызып жіберуші еді.

«Апыр-ай, жирен жүйрік екен ғой жұлдыздай ағып келе жатқан! Қайран жануар-ай! Осы жолы озбай-ақ қойсаң нетті?! Бірақ, сенде де кінә жоқ-ау, шіркін!»

- Е-ей, Жабай ата! - деді Қалмырза даусы дірілдеп. – Алладан тіле, тоқтат мынау топтан озған жүйрікті! Әруағыңнан айналайын, әулие ата, тілегімді қабыл алып, ұстай гөр анау жиренді! Екі рудың ортасына от түсіп, аға ініні, іні ағаны табалап, аралары суысып кетпесін!

Осы сәтте жұлдыздай ағып, мәреге таяп келе жатқан жирен жүйрік кенет қалт тұра қалып, шыркөбелек айналып, аспанға шапшып, жанұшыра кісінеп, ілгері қарай аттап баспай тұрып қалды. Көзі шарасынан шыға алайып, көзге көрінбейтін бір жұмбақ ғажайып күш тізгінін ұстап тоқтатқандай үркіп, тайсақтай берді.

Сол сәтте дәл жанынан оқтай зымырап шаңтимес Қоңырат жүйріктерінің бірі өте шықты.- Иә, аруақ! - деді де Қалмырза би ат басын бұрып, асықпай аяндап ұзап бара жатты.

Сынған қылыш

Туған жер, өскен өлкеден жастайынан қол үзіп, үлкен қалаларда орысша оқып, орысша тәрбие көрген Әбдіқадыр мырза оқалы киім киіп, Ташкент оязының бір ұлығы болып қызметке тұрды. Жас та болса елге бас болуға қабілеті жетерлік, аса білімді жас мырзаның ә дегеннен-ақ тасы өрге домалап, абыройы күннен-күнге арта түсті. Қылыштай қиып түсер туралығы мен әділдігі қалың елге жайылып, қарапайым жұрт та оған шын ықылас-пейілімен құрмет көрсете бастады.

Ел ішіне келгелі Әбдіқадыр мырза Әлімтау жазығындағы «Жабай белгісінің» керемет қасиеттері жөнінде жиі-жиі естіп жүрді. Күн өткен сайын көңілінде қызығушылық оянып, оны бір барып көрсем-ау деп ынтызар бола бастады.

Сөйтіп, қасына мұрты едірейген орыс-казак жасауылын ертіп, Ташкент қаласынан бір күншілік жолға шықты. Тым-тырыс мүлгіп жатқан маң даланың қойнауына тереңдеп

енген сайын жас мырзаның көңілі құлази берген. Жастайынан қаланың у-шуына құлағы үйренген кісіге мынау жым-жырт тыныштық әрі тосын, әрі үрейлі көрініп келеді.

Олар Әлімтау жазығына жетіп, киелі белгіні тапқан кезде Әбдіқадыр мырза тіпті айран-асыр болды. Соншама жұрттың аузынан суы құрып, тамсана айтып жүрген кереметі - жай ғана бір төмпешік екен. Таяу жерде ел жоқ. Құлазыған құла түз. Меңіреу айдала. Күн кешкіріп қалғандықтан олар аттан түсіп, ер-тоқымдарын төсеніп жата-жата кетті.

Қоламтада қалған шоқтай бірте-бірте қызуы қайтып, маң даланың күні де қызара бөртіп ұясына қонды. Төңіректі қараңғылық тұмшалады. Шөлейт даланың түні жазда өте салқын болады екен. Олар тоңайын деді. Маңайдан қураған жусан мен қурай сындырып әкеліп, от жақты. Жым-жырт далада қып-қызыл сәуле шашқан отқа қарап тесіліп, ұзақ ой кешіп отырды. Түн қоюланған кезде Әлімтау жақтан қасқырлар ұли бастады. Әуелі біреу бастап алып, тұс-тұстан созылта қосылғандар көбейді. Маң даладағы мынау үрейлі үн төбе құйқанды шымырлатып, бойыңды мұздатып жібереді екен. Отырғандардың жүрегіне қорқыныш ұялап, жан-жағына жалтақтап қарай берді. Өне, бір қасқыр тіпті жақыннан ұлыды. Қараңғы түнде сыбысын білдірмей қалың жусанның арасымен бұқпантайлап жақындап келіп те қалған секілді...

Үрейі ұшқан орыс-казак жалма-жан мылтығына жармасты. Аспанға қарата гүрс еткізіп атып та жіберді. Қасқырлардың ұлыған даусы тына қалды. Әбдіқадыр мырзаның құлағы шыңылдап, көзін ауырсына жұмды. Сәлден соң бір қасқыр мұңын шаққандай ақырын сызылта бастап ұлыды. Оған және біреуі қосылды. Тағы да ... Тағы да көбейе бастады... Мұрты едірейген орыс-казак қасқырларды сыпырта бір боқтап алып, тағы да аспанға мылтық атты. Әбдіқадыр мырза қасқырлардан да, мылтықтан да мезі болғандай екі құлағын алақанымен басып, төмен қарап қыбыр етпей отырып қалды.

Сәлден кейін жаңағы жәйттің бәрі де басынан бастап, айна-қатесіз тағы қайталанды. Жүйкесі шыдай алмаған Әбдіқадыр мырза орнынан қарғып тұрып, жасауылдың қолындағы мылтықты жұлып алды да, тастай қараңғы түнде қасқыр ұлыған тұсты нысанаға ала дүркін-дүркін атып жіберді.

Сөйтіп, олар жанталасып шықты. Тек таңға жуық қана қасқырлардың үні өшті. Әбдіқадыр мырзаның көзі ілініп кеткен екен, түсінде ұзын бойлы, қараторы кісі аян беріп:

- Әй, шырағым, қорқатын болсаң неге келдің?!- деді өкпе-реніші аралас өктем дауыспен. – Мен саған тілекші болып, қорғай алмайды ғой дедің бе?!

Содан соң біраз үнсіз қалды да, үнінен өкініш сазы есіп:

- Міне қарағым, мынаны алатын болдың, - деп, Әбдіқадыр мырзаға қылыш ұсынды. Жарқ еткен болат семсерді қолына алған жас мырзаның жүрегі аттай тулап, аң-таң болып қарап еді, қылыштың ұшы сынық екенін көрді...

Шошып оянған ол жан-жағына алақтап, әлдекімді іздегендей көз жүгіртіп қарап еді, кешегі маң дала әлі де сол жым-жырт маңқиған қалпынан айнымай, мүлгіп қана жатыр екен.

Алмас қылыштай жарқылдап өткен Әбдіқадыр мырзаның өмірі тым қысқа болған деседі.

Бір шөкім бұлт

Кеңес үкіметі 1928 жылы Сүлеймен болысты кәмпескелеп, дүние-мүлкін, мал-жанын тәркілейді. Ал өзін абақтыға жабады. Алматы түрмесінде көңілін қайғы торлап, өткен күндерді ойлап мұңға батып жүрген Сүлеймен болыс сәті түскен күні одан қашып шығады.

Күре жолдың бойымен жүрсем, қуғыншыларға кезігіп қалармын деп қауіптеніп, айдалада жолсызбен жалғыз тартып келе жатады. Бір күн жүреді, екі күн жүреді... үшінші күні ол бір сусыз шөл далаға жатқан жолаушыға бұл оңайға соқпайды. Тандайы

кеуіп, ерні кезеріп шөл қыса бастайды. Күн болса оттай ыстық. Ып-ыстық аптап лебімен үйітіп барады. Әлден соң Сүлеймен болыстың көз алды қарауытып, басы айнала бастады.

«Су... Бір тамшы су болса ғой шіркін-ай!»

Ол кірпігін эзер көтеріп, төңірекке барлай қарады. Ми қайнатар ыстық аптаптың буымен бозаңытқан боз даладан басқа ештеңе көрінбейді. Көзінің алдын ақ сағым торлап, алыстағы Сырдария, Келес, Шыршық өзендері елес бергендей болады. Енді бірде Өгем тауының тұп-тұнық, тастай суық суынан мейірі қанғанша сіміріп жатыр екенмін-ау дейді... Тағы бірде киелі тау Қазығұрттың етегіндегі қасиетті Ақ бура бұлағы келеді көз алдына...

Ал енді, есін қайта жиса, мынау тым-тырыс мүлгіген далада тәлтіректтей басып әлі келе жатыр. Әбден сілесі қатып қашан құлайды, қай жерде қалады қарға-құзғынға жем болып?! Белгісіз...

Шынымен-ақ туған жерге жете алмай, жат жерде сүйегі көмусіз қалмақ па?!

- О-о-оу, Жабай ата!... - деді Сүлеймен бойындағы бар күшін жиып дауыстап. Үні құмығып, тарғылданып шықты.

- Жабай ата, қайдасың?! Біздей ғаріпке тілекші бола ғөр!..

Сол сәтте көк жүзінде тоқымдай қара бұлт пайда болды. Ол сонау жақтан жылжып келіп, шақырайған күннің көзін жапты да, Сүлеймен болыстың үстіне көлеңке түсірді. Содан соң жер-көкті селдетіп құйды-ай келіп. Сүлеймен болыс әуелгіде сасқалақтап қалып аузын тосып еді, іле-шала есі кіріп, құмдақ жерді қолымен шұңқырлап, қалбалақтап су жинай бастады. Үстіндегі шапанын шешіп тастап, жас балаша қуанып, шалқалап бетін жаңбырға тосты.

Қаңсыған шөл даланың бозаңытқан буалдыр аспанында кенеттен пайда бола кеткен тоқымдай бұлттың кереметі қандай еді десеңші, шіркін! Ол Сүлеймен болыстың бойына қуат бітіріп, алыстағы туған жерге жетсем деген тілегін қайта оятты.

Перзент тілегенде

Жирен жүйрік мәреге жете алмай, шырқобелек айналып тұрып қалғанда Қалмырза бидің жанында болған Ақылбек бала кейін ер жетіп, үйленген соң ұзақ жылдар бойы бір перзентке зар болып жүрді.

Сөйтіп, 1974-жылдың көктемінде келіншегі екеуі Сыр бойындағы Қосқұдық деген ауылдағы «Жабайдың белгісіне» зиярат етуге келді.

Көкорай шалғынға оранған кең даланың құлпырып жатқан шағы еді. Әйелі түйеде, ал өзі қара күрең аттың үстінде. Жетегіне алып келе жатқан бір ешкісі бар. Тап сол тұстарда Ақылбектің тұрмысы өзгелерге қарағанда көш ілгері еді. Өзі мал фермасында меңгеруші болып істейді. Әйелі екеуі ғана. Тамақ сұрап қыңқылдап жатқан жас бала жоқ.

Олар ымырт үйіріле «Жабайдың белгісіне» жетіп, құрбандық шалуға әкелген ешкілерін іргеде байлап, түнеп шықты.

Түнде Жабай әулие Ақылбекке аян беріп:

- Әй, шырағым, менің теңім кебенек пе еді?! - деп наразылық білдіріп қалды.

Содан Ақылбек ауылға өкіріп жылап қайтты.

- Құдай менің пейілімді алған екен ғой! Жерге қарап отырғандай бабамның белгісіне неге ешкі сүйреп бардым екен! - деп қайта-қайта басын шайқап, әбден пұшайман болды.

Келесі бейсенбіде ол бір қисары қойын жетелеп, киелі белгінің басына кешірім сұрап тағы да келіп қонды.

Екінші рет түсінде аян берген Жабай баба:

- Әй, шырағым-ай, көз жасыңды көл қылып қоймадың ғой. Мен саған тілекші болдым. Мә, ал! - деп оған бір асық ұсынды.

Көп ұзамай Ақылбектің әйелі жүкті болып, шекесі торсықтай бір ұл тапты. Ауылда шілдеhana болып, сәбидің есімін Өмірбек деп қойды.

Әулиеге атаған мал

Ойда жоқта үйіне келе қалған ишанға қандай сый-сияпат көрсетерін білмей асып-сасып қалған Бүрлібай қайа қорадағы бір тоқтыны өңертті де жіберді. Ишан жүдә риза болып кетті. Үйде өзінен басқа ешкім жоқ кезде сап ете қалған ишаннан оп-оңай құтылғанына, мал сойып, қазан асып әбігер болмағанына Бүрлібай қария да іштей қуанып қала берді.

Бірақ төркініне қыдырып барып келген Ділдай шешей сол күні үйге жете бере мұрттай ұшты. Басы ауырып, шекесі солқылдап, көзінің алды қарауытады. Бойында тіпті әл-дәрмені қалмай барады.

Сөйтіп, біраз күн төсек тартып, қозғала алмай жатып қалды. Бір күні түсінде Жабай әулие аян беріп:

- Келін-ау, маған атағаның бөтенге кетіп қалды ғой! - деді.

Ділдай шешей ояна келе:

- Шал-ау, әулие атаға деп атап жүрген қара тоқты қорада ма? - деп сұрады басын көтеріп.

Бүрлібай ақсақал қораға барып қарап келді. Қара тоқты жоқ. Сонда ғана санын бір соғып:

- Ойбуй, ана жолы келген ишанға соны беріп жіберген екенмін ғой! - деп өкінді.

Содан кейін олар бір мал сойып, құдайы таратты. Біраз күннен соң, Ділдай шешей орнынан тұрып, ауруынан айығып кетті.

Қиналған кезде

Базардан мал сатып алып, аулына қарай келе жатқан бір қария жол-жөнекей қатты қиналды. Өздері жаңа көріп келе жатқан жерді бөтенсіп, айдағанға көнбей, бытырап қашқан қойлардың соңынан қуамын деп жүріп-ақ әбден шаршады. Маңдайынан тер шүмектеп ағып, көзіне құйылды. Бір-екі рет жусанның түбіне сүрініп құлап, үстіндегі киімі алба-жұлба болып, ышқырлығы сыртына шығып кетті. Екі өкпесі аузына тығылып, алқына дем алып отырып «Жабайдың белгісіне» қарап:

- О, Жабай ата, тілекші бола гөр! Алладан сұрап, жәрдем ете гөр! - деп әулиеден медет тіледі.

Кенет беталды маңып бара жатқан қойлар қалт тұра қалып, әлдекім алдынан шығып қайырғандай кейін қарай қайтты.

- Құдіретіңнен айналайын! - деп сүйсінген қария орнынан тұрып, шапанының етегін қақты да, аяқ астынан жуаси қалған қойларын айдап ақырын жылжып ұзай берді. Содан ауылға жеткенше қиындық көрген жоқ.

Алланың шапағаты

Шеті, шегі көрінбейтін кең даланың төсінде екі жолаушы қыбырлап жүріп келеді. Олардың біреуі - ақ сақалды қария, екіншісі - сегіз-тоғыздар шамасындағы жас бала. Екеуі де есекке мінген. Күн шақырайып тас төбеге көтерілген сайын жүрістері өнбей, кібіртіктеп қалған сияқты. Қария болса, мана ауылдан шыққанда көзін бір жұмып еді, содан қайтып ашқан жоқ, қалғып келе ме, жоқ әлде, бір ұзақ ойдың сарынына түсіп алды ма, кім білсін. Ал, баланың көңілі алғашқыда сергек еді, жан-жағына құмарта қарап, алыстан бұлдырап көрінген нар өркеш тауға тезірек жетуге асыққан. Өйткені сол таудың бөктерінде әпкесі, жездесі тұрады.

О-о, олардың ауылы қандай керемет! Сылдыраған бұлақ та, сарқырап аққан өзен де, желкілдеген құрақ та, жемісі тәтті бау-дарақ та - сол жақта. Мұндағыдай қаңсыған шөлейт емес, көк шалғыны белуардан келетін таудың бөктері. Бұрын ылғи да көкесі, апасы үшеуі бірге барушы еді. Енді міне, ет жақын аталас ағайыны болып келетін атасына еріп келеді.

Көсіліп жатқан маң даланың мимырт тіршілігі бірте-бірте оның да көңілін жалықтыра бастады. Шырылдаған бозторғайдың үні алғаш ауылдан шыққан кездегідей әсер етпейді. Қазықтай шаншылып тұрып-тұрып, жолаушылар жақындай берген кезде ініне қарай қаша жөнелетін сарышұнақтар да көңілін алаңдатпайды. Олар мынау мүлгіген ұлы тыныштықтың бір бөлшегіне айналып кеткен секілді.

Қаратасқа жеткенде атасы әбден шаршады. Кәрі кісіге ұзақ жол жүру, әсіресе, таң атқалы бері қақшиып отыру онай дейсіз бе.

- Бүгінше осы жерде демалып, ертеңгі салқынмен барып қалармыз әпшенің үйіне, - деді атасы бір танысының қорасына есегін байлап жатып.

Бірақ Еркебай баланың мұнда қалғысы жоқ. Жездесінің аулына жақындаған сайын жүрегі лүпілдеп, оларға деген сағынышы арта түскен сияқты. Атасының Қаратастағы тамыры да бүгін осында қонып, мейман болып кетіңдер деп құрақ ұшып жік-жапар болып жүр. «Оу, құда бала, аттан түс! Аттан түс!» - дейді қауқылдап. Еркебай баланың мінгені ат емес, есек екенін біле тұрып сөйтеді.

Бірақ Еркебай баланың түскісі келмейді. «Жездемнің аулына жетіп те қалдық қой...» дейді іштей қиылып. Ақыры болмаған соң, екі қария оны ауыл шетіндегі күре жолға әкеліп, «Міне, осы жолдан ешқайда бұрылмай, тура жүре берсең, жүре берсең, екі сағаттан кейін жезденің үйіне жетіп барасың!» деп шығарып салды.

- Білемін ғой, - деді Еркебай баланың көздері күлімдеп. - Бұрын да келіп жүргем ғой...

- Е-е, білсең жүдә жақсы! - деді екі қария да қуанғанынан жарыса үн қатып.

Тастақ жолмен тепендеп біраз жүрген соң, Еркебай бала есектің басын бұрып төте жолға салды. Өне, жездесінің ауылы алыстан бұлдырап көрініп те қалды. Алыстан жіп-жінішке боп қылдырап қана көзге шалынған анау биік теректер сол ауылдікі.

Көңілі өрекіп, жездесінің аулына тезірек жетуге асыққан Еркебай бала байқамашты. Жарқабақтың түбінен жылымдап шығып жатқан ыза судың төңірегін былқылдаған ұйық екен. Бұрын ондайды көрмеген шөл даланың есегі әнтелеп барды да, күмп беріп соған түсіп кетті. Еркебай бала үстінен қарғып түсемін дегенше, қара есек белуарынан батты да қалды.

Бас жібін білегіне орап алып әрі тартты, бері тартты күшеніп. Бірақ қара есек ұйыққа батқан үстіне бата түсті. Бет-аузына, үсті-басына қап-қара лай шашырап, Еркебай баланың берекесі қашты.

Күн болса кешкіріп барады. Бейтаныс жер. Қалың қамысы шулаған тоғайдың іші. Еркебай баланың көңілін үрей торлады. Иегі кемсеңдеп жыламсырай бастады. Сол кезде оның есіне апасы үнемі айтып отыратын: «Балам, басыңа қиыншылық түскен кезде Жабай бабаның аруағына сиынсаң, желеп-жебеп, қолдап жібереді!» деген сөз түсті.

- О-о, Жабай ата! - деді Еркебай бала аспанға қарап. – Тілекші бола көріңіз! Мен қайтемін енді?! Есегім ұйыққа батып, осылайша қаламын ба?!

Ұйыққа белуарынан батып бара жатқан қара есек кенет әлдебір құпия күштің демеуін сезгендей, орнынан бір-екі ұмтылып тұрып, құрғақ жерге шықты да кетті. Қуанғаннан Еркебай баланың жанарынан қос тамшы жас пырт-пырт үзіліп түсті. Содан соң қара есекке қарғып мініп:

- Оу, Алла тағала, мың да бір рақмет! - деді де қырдағы тастақ жолға қарай бет алды.

Енді біраз уақыттан соң ол жездесі мен әпкесінің үйінде шай ішіп, ауыл-елдің жаңалығын айтып отырды.

Ниетіңе жетем десең...

Таңертеңгілік ауылдан шыққан үш жолаушы ұшы-қиыры көрінбейтін маң далада қыбырлап әлі жүріп келеді. Күн болса, тас төбеге көтеріліп алып, шақырайған да қалған. Жазық жердің қызыл жусаны қурап тұр. Жазатайым аяғыңмен басып кетсең, бырт-бырт

сынады. Алыстан қарағанда әлгі үш жолаушы жүріп келе жатқан жоқ, сол баяғы орнында жылжымай тоқтап қалған секілді. Олар - екі есекке мінген шал мен жас келіншек еді. Есекке мінген екі қария екі шетінде, ал орталарындағы жас келіншек жаяу келеді.

Бет алыстары – «Жабай белгісі». Орталарындағы келіншек көптен бері бала көтермей, ендігі қалған үміттен күдер үзе бастағанда, киелі белгіні есіне салған осы екі қария еді. Содан бері ерте сөнген шырағы қайта жанып, алдағы күннен бір үміт сәулесін көргендей болған ол «Жабай белгісіне» жетуді арман еткен.

Ондай киелі жерге өз аяғымен жаяу жүріп барған сауап деуші еді ғой, ата! Мен жаяу барамын! - деп еді келіншек шын көңілімен ниет қылып.

- Шаршайсың ғой, балам!

- Шыдаймын, ата. Қандай азапқа болса да төземін.

- Е-е, өзің біл, балам...

Сөйтіп, олардың таң атқалы қыбырлап келе жатқан беті осы еді. Шеті, шегі көрінбейтін айдалада жүрісің өніп келе ме, өнбей келе ме, білу қиын. Кейде осылайша өмір бақи алдындағы алдамшы сағымды қуып келе жатқандай жаның жабырқап, көңілің құлазиды. Даланың кермек иісі танауыңды қытықтап, еріксіз түшкіріп қалғанда, не болмаса аяқ астынан пыр етіп торғай ұша жөнелгенде ғана селк етіп, ұйқыдан оянғандай боласың. Есек үстіндегі екі шал көптен үнсіз. Қалғып келе ме, әлде қалың ойдың тереңіне шым-шым батып кеткен бе, түсініксіз.

Ми қайнатар ыстық күн шекесінен өтіп, басы солқылдап ауыра бастағандай болды. Әлсін-әлсін көз алды бұлдырап, әп-сәтте ұлы теңіздің жағасына шыға келгендей, енді бірде биік сарқыраманың жанында тұрғандай, әр түрлі елес торлай бастады. Алыста-ан сағымданып киелі белгі көрінгендей бола ма-ау...

- Қарағым, аяғың талды ғой,-деді есектің үстінде қалғып-мүлгіп келе жатқан шалдың біреуіне жан бітіп. - Кел, есекке мінгесе ғой!..

- Жоқ, ата. Шаршағам жоқ...

- Әй, қайдам...

Тағы да таусылмайтын құла түз... тағы да сол көз ұшында бұлдыраған буалдыр елес...

Алыста-ан сағымға оранып киелі белгі көрінгендей бола ма-ау, немене...

- Шырағым-ау, әбден шаршадың ғой. Кел, артыма мінгесіп алшы. Ұялмай-ақ қой, бұл жерде сені ешкім көрмейді.

- Аяғы талып тәлтіректтей бастаған келіншек кенет кідіріп, шынында да, біразырақ аяқ суытып алсам қайтеді. Айдалада менің есекке мінгенімді кім көріп жатыр деп ойлады.

Сөйтті де:

- Жарайды, ата,-деп, қайын атасының артына мінгесіп алды. Олар содан кейін көп өтпей-ақ «Жабайдың белгісіне» жетті. «Жақындап-ақ қалған екенбіз ғой,- деп ойлады келіншек іштей өкініп. - Есекке мінгеспесем де болғандай екен. Жарайды енді, ешкім де көрген жоқ...».

Сол күні олар «Жабайдың белгісіне» зиярат қылып, түнеп шықты. Келіншек түнде түс көрді. Түсінде Жабай ата түсін суыта қарап: «Әй, шырағым-ай, арам хайуанға мінбей-ақ қойсаң қайтер еді. Аз ғана жер қалғанда шатың айрылып кетпес еді ғой!» -деді.

Шошып оянған келіншек екі алақанымен бетін басып, еңіреп жылап қоя берді.

- Құдай-ау,-деді ол екі иіні селкілдеп отырып, Құдай-ау, бәрі де өзімнен болды ғой. Әуелгі ниетімнен неге қайттым?! Азабына төземін деп ем, ақырына дейін неге шыдамадым-м... Көне замандардан келе жатқан аңыз әңгімеге құлақ салсақ, «Жабайдың белгісіне» зиярат етіп барған кісі әуелгі ниетінен айнымай, шын ықыласымен келуі керек екен.

Бір күні екі әумесер, қуыс кеуде даңғой жігіт далада келе жатып алыстан бұлдырап көрінген «Жабайдың белгісін» көріпті де:

- Анау белгіге барып қонайық па, қонбайық па? - деп ақылдасыпты.

- Әй, қойшы,-депті сонда біреуі ерініп, қолын сілтеп. - Оған ылғи бедеу қатындар келіп жатады!

- Е-е, ол қатындардың әулиесі десейші!..-депті екіншісі танауын көкке көтеріп.

Түнде барып қонған ауылдарында екеуіне де Жабай әулие аян беріп: «Әй, жүгермектер-ай, сендер не айтып кеттіңдер?! Біреуің таң ата, енді біреуің күн бата кететін болдыңдар ғой?» депті.

Айтқандай-ақ, екеуі де жазым болып, біреуі таң ата, енді біреуі күн бата дүниеден өткен екен.

Өрт сөндірген аруақ

Аспан айналып жерге түсердей аптап ыстық. Төңірек түп-түгел тыншып қалған. Жапан түздегі осынау жым-жырт тыныштық көңілге біртүрлі үрей ұялатады. Қыбырлаған тіршілік иесінің бәрі басқа жаққа көшіп кеткен секілді. Ал, мынау аймақ енді бір аз ғана сәттен соң басталатын алапат жойқын өзгерісті күтіп жатқандай...

Қасқа жолдың ой-шұқырына бір түсіп, бір шығып ыңыранып келе жатқан машинаның даусы кейде ұйқыдағы алып батырдаң мазасын алған қара шыбынның ызыңына ұқсайды.

Шөлейт аймақтың сырын жақсы білетін «Дарбаза» совхозының директоры Кузнецов терезеден сыртқа қарап, ұзақ ойдың сарынына түсіп, тербетіліп отыр.

Көктем жаңбырлы болды да, биыл егін бітік шықты. Сәтін салса, астықтың жоспары артығымен орындалмақ. Жақсы атақ та іле-шала сонымен бірге келмек. Тек, әйтеуір, Алланың берген ырзығын төкпей-шашпай түгел жинап алса болғаны...

Кузнецов жергілікті халықтың мінез-құлқын да, салт-дәстүрін де жақсы біледі. Қара жұмысқа қазақтар өте шыдамды келеді. Өзгелер болса, мынау ми қайнатар ыстық пен шөлейт даладағы судың тапшылығына төзбей, бас ауған жаққа безіп кетер еді. Ал қазақтар қап-қара боп күнге күйіп жүріп-ақ астық өсіріп, оған қоса жоғарыдағы қоңыр салқын кабинеттерден ойланбай беріле салған жоспар деген бәлені де артығымен орындаймыз деп жанталасып жатады...

Байқаусызда біреу бір тал сіріңкенің шиін жағып тастай салса, лап етіп тұтанғалы тұрған егіннің шетінен кенет өрт шыққанын көріп, Кузнецовтың зәресі ұшып кетті. Өз көзіне өзі сенбегендей, мәшиненің терезесінен басын сыртқа шығарып, қайта-қайта емініп қарады. Өне, қошқыл түтін будақтап ауаға көтеріле бастады.

- Айда, бас жылдамдыққа!- деді ол қасындағы шопырға қарап дегбірі қашып.

Мәшине күшеніп, алға қарай жұлқына тартты. Қарсы беттен соққан ып-ыстық керімсал терезеден басын сыртқа шығарып келе жатқан Кузнецовтың екі бетін жалындай шарпып, дуылдатып жіберді.

Олар жетіп келгенде, қып-қызыл өрт лапылдап сарғайып пісіп тұрған егінді ертектегі алты басты айдаһардай жалмап, жұтып бара жатыр еді. Мәшинедегі пиджагін алып ұрғылап, аяғымен таптап отты өшірмек болып жанталасқан Кузнецов пен отқа топырақ сеуіп зыр қағып жүрген шопыр жігіт көп кешікпей-ақ өздерінің бұл әрекеттерінен түк өнбесін түсінді.

Сол кезде ескіден келе жатқан наным-сенімдерге жетік Кузнецов екі алақанын көкке қарап жайып жіберіп:

- О-оу, Жабай ата, тілекші бола гөр, көмек бере гөр! - деп жалбарына бастады. - Егін өртеніп барады. Бұл елдің ырзығы еді ғой. Қайыр-шапағатыңды тигізе гөр!

О, ғажап! Кенет қарсы беттен бір керемет жел соғып, қып-қызыл тілін сумаңдатып өршіп бара жатқан жалынды бері қарай ықтырып қуа бастады. Әп-сәтте өрттің беті

қайтып, екпіні басылуға айналды. Жаңа ғана лапылдап аспанға шапшыған жалын енді шабандоздың тақымына тиген асаудай жуасып, жер бауырлап қалды.

Кузнецов пен шопыр жігіт ендігісін аяғымен таптап, оп-оңай өшіре салды.

О,-о, құдіретіңнен айналайын, Алла тағала! - деді Кузнецов қатты толқып. – Жабай атаның тілекші болғанын өле-өлгенше ұмытпаспын!

Бұл оқиға сонау 1960-шы жылдардың ішінде болған екен. Сол жолы өз көзімен көрген кереметті Кузнецов кейін ел арасында айта жүріпті.

Сауабы тиеді

«Жабайдың белгісі» тұрған шөлейт далада ауыз суды «водовозбен» әкеледі. Құс қанаты талатын құба даладағы тарам-тарам қасқа жолдардың үстімен қысы-жазы жүйткіп жүретін шопыр жігіттер айтады:

- Әулие атаның белгісінің жанынан өткенде әдейілеп тоқтап, қоржын тамның алдындағы әуітте су бар ма, жоқ па деп қарап өтеміз. Егер су таусылуға жақындаса, сол әкеле жатқан рейсімізді құйып кетеміз. Жарықтық, әулие десе, әулие ғой!.. Әуіттегі су таусылғанда, оған назар аудармай, киелі белгінің тұсынан су алып өтіп бара жатсаң, мәшинен бұзылып, жолда қаласың... Ал егер су құйып кетсең, сауабы тиеді, жолың болады!..

Жетімдерді жебей жүр!..

Әлімтау өңіріндегі көпті көрген қариялар айтып отырады:

- Жетім қозы, жетім бұзау, жетім құлын, жетім боталарға рухы жар болып, қорғап жүрсін деген ниетпен, кейде біз: «Жабай атаға атадық!», «Жабай атаның малы!» деп ырым етіп, ен тағып қоямыз. Содан соң оларға ұры-қары да, түз тағысы да тимейді. Тіпті аш қасқырлар бір отар қойды түгел қырып салған жылдары да Жабай атаға арнаған малдың аман қалғанын өз көзімізбен көрдік. О, тоба!..

Індет тыйылады

«Жабайдың белгісінен» төрт-бес шақырым ғана қашықта тұратын Тасқұдық ауылында мал дәрігері болып істейтін Әлімхан есімді кісі айтады:

- Осы төңіректегі малға жаппай лаң тиіп, індет келгенде киелі белгінің маңына айдап апарып, түнімен иіріп жайып қайтамыз. Содан әлгі індет бірте-бірте тыйыла бастайды.

- Әлеке-ау, онда сіздің жұмысыңыз оңай болды ғой, -деп қалжындаймыз оған.

- Әруағыңнан айналайын Жабай атамның рухы ғой, бізге тілекші болып, желеп-жебеп жүрген. Киелі белгінің кереметін талай көрдік. Жұмысымыздың жеңілдеп қалатыны да рас,- деп жымияды ол.Иә, ағайын, айта берсек, «Жабай белгісінің» кереметтері көп-ақ!..

Аннотация: В статье повествуются интересных события из жизни Жабай батыра. Эти рассказы, помогают призрачно представить жизнь батыра, его детство и сверхъестественные силы. Слушая рассказы о былых временах, где человек, пытался бороться за справедливость, можно представить бытовое содержание той эпохи. Возвращение к святым местам, где родная земля застопорилась в течение длительного времени, чтобы снова пропустить свою собственную жизнь, до сих пор привлекает далеко оставила заметный след. Жабай батыр - обладал авторитетом Кокандского хана за мир и процветание своей страны. Костяк Сиргели Жабай батыра, внес большой вклад в великий героизм казахского народа. Даже на лошади, среди опасности и угрозы, воспитание благородного поколения и предоставление мирного дня потомкам будущего - явное свидетельство личности наших предков. «Как удивительна сила воспитания, которую несут былые герои!» Это назидание будущему поколению.

Abstract: The article tells about interesting events from the life of Zhabay Batyr. These stories help to imagine the life of a batyr, his childhood and supernatural powers. Listening to stories about the old days, where people tried to fight for justice, one can imagine the everyday content of that era. The return to the holy places, where the native land has been stalled for a long time to miss its own life again,

still attracts far left a noticeable mark. Zhabay Batyr - had the authority of Kokand Khan for the peace and prosperity of his country. The backbone of Sirgel Zhabay Batyr, made a great contribution to the great heroism of the Kazakh people. Even on horseback, amid danger and danger, raising a noble generation and providing a peaceful day for the descendants of the future is clear evidence of the identity of our ancestors. "How amazing is the power of upbringing carried by former heroes!" This is an edification to the future generation.

ӘОЖ 81(091):81(092)

Мансұров Н.Б.

филолог.ғ.к., «Түркология» ғылыми-зерттеу институтының бас қызметкері
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
ТОҚСАБА АТАНҒАН – ЖАБАЙ АТА

Түйін: Мақалада ел есінде ерлігі мен көрегендігі арқылы таныла білген Жабай Қазыбекұлының тоқсаба атануына талдау жасалынады. Онда сөздің мағынасы мен жасалуына талдау жасалып, тілдік қолданысы, лауазымдық сипаты сөз етіледі. Талдау барысында тоқсаба сөзінің ұғымы, мағыналық қолданысы және оған берілген анықтамалардың мезгілі жағынан қалыптасуы, атақ шендік ұғымы да сараланады. Сондай-ақ сөздің тілдік қызметі, оның қоғамдағы орны мен ру-тайпалық һәм ұлттық сипатары анықталады. Бүгінде осындай тарихи сабақтастықты танытатын тарихи тұлғалар кеңінен сөз етіліп, терең зерттеуге алынып, оларға арналып түрлі іс-шаралар өткізілуде. Адамзат баласының тарихынан орын алатын өткеннен сыр шертетін танымдық дүниелер келешек ұрпаққа мәңгілік сабақ болары сөзсіз.

Кілттік сөздер: тоқсаба, әскери шен, лауазым, атақ, сөздің мағынасы.

Тарих өткеннен сыр шертеді дейміз. Сол тарихтың қатпарлары адамзат баласының дүниетанымы мен өмірлік тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты. Адамзат баласы осы жарық дүние есігін ашқалы оның тарихы, танымы, дүниелік көзқарасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, т.б. қалыптасады. Мұның аясында мәдениеті мен өркениетінің дамуы тағы бар. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келетін мұндай асыл мұралар бабалардан күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл өткеннің таным мен тағылымы һәм терең тарихы.

Бүгінде осындай тарихи сабақтастықты танытатын тарихи тұлғалар кеңінен сөз етіліп, терең зерттеуге алынып, оларға арналып түрлі іс-шаралар өткізілуде. Адамзат баласының тарихынан орын алатын өткеннен сыр шертетін танымдық дүниелер келешек ұрпаққа мәңгілік сабақ болары сөзсіз. Жоғарыда сөзге арқау болған, өткен тарих өз ішіне бүккен сырларын ашатын болсақ, онда адамзат тарихының өткен өміріндегі қым-қиғаш қиындықтар мен кескілескен күреске толы заманды көреміз. Ондай аласапыранға толы кезеңдерде адамзат баласының ертеңі үшін көз ілмей, ерлік пен даналықтарын танытып, сонау көнеден бастап-ақ бүгінгі ұрпақ қол жеткізген тәуелсіздік ұғымына қол созғандарын ұғамыз. Даналық пен батырлық өзгесін айтпағанда, барлық тұрғыдағы танымдық белгілер мен қасиеттер түркілер дәуірінен қалыптасып, қазақ даласының әлеуметтік һәм саяси тұрғыда қашанда ілгері ұмтылып, ұлттық сипатта танылғандары ақиқат.

Елдің тағдыры таразыға түскенде есіл ерлердің де ерлігі тайға таңба басқандай сақталып қалды. Кешегі «ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама» заманында да ерлердің ерлігі ұмытылған емес. Өйткені әр кезеңде ел бастайтын көсемі, сөз бастайтын шешені, билік ететін билері мен дамуды ұран еткен даналары болған.

Біздің де тұлғасын танып, батырлығы мен әулиелігін сипаттауды басшылыққа алған дарынымыз XVIII ғасырда өмір сүрген Жабай тоқсаба. Жабай Қазыбекұлы қиын кезеңде

дүниеге келген. Ол 1728 жылы Сыр бойындағы Бозай даласында туған. Бала күнінен дараланып, болмысы бөлек қалыптасқан жанның өмірлік деректері де өзгеше. Жас шағында Төле биден бата алуы осының бір сипаты болса керек.

Жабайдың әкесі Қазыбек Қарашаұлы да өз заманының айтулы азаматы, жауырыны жер иіскемеген палуан болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында ел қамын жеген ерлердің бірі. Ташкентті билеп тұрған Төле бимен тығыз қарым-қатынас жасаған.

Жабай тоқсаба жайлы деректер көп ретте тарихи шығармаларда кездеседі. Соның бірі І.Есенберлиннің «Жанталас» шығармасы. Онда мынадай деректерді келтіреді: «Жабай баба Дулат, Сиргелі әскерін басқарушы төрт сардардың бірі болып 1758 жылы ақ ту көтерген. Бұл ақ туды Абылай ханның өзі Жабай бабаға тапсырған. Демек, әулиенің әулеттерінде сонау 1928-29 жылдарғы тәркілеуге дейін сақталған әулие бабаның ақ туы басқыншылардан елін қорғаған қасиетті жеңіс туы болуы да ғажап емес!»

Тоқсаба хан құзырындағы белгілі бір дәрежесі бар қызметтің сипаты. Кешегі өткен ғасырда кеңінен қолданыс тапқан бұл сөздің негізгі мағынасы да осымен сәйкес. Кезінде Бұхар әмірлігі билігі өзіне қарасты аумақта билік жүргізудің түрлі амалдарын тапқан болатын. Солардың қатарында датқа, бек, әмірші, мыңбасы, тоқсаба, т.б. лауазымдарды пайдаланған.

Сөздің мағынасына да ерекше мән берген абзал. Бұл сөзді кез келген сөздіктен кездестіре алмаймыз. Айталық, ілгеріде жасалған 10 томдық түсіндірме сөздікте, кейінгі жылдары жарық көрген 15 томдық әдеби тілдің сөздігінде, т.б. кездеседі. Тек Б.Қалиевтің құрастырған түсіндірме сөздігінен көруге болады. Онда былайша келтіреді: Тоқсаба – зат. Көне. Қоқан хандығындағы төменгі офицерлік әскери шен. Бұларды қарсы алуға датқаның тапсырмасымен сарбаздарды бастап келген тоқсаба оларға Нәсіреддиннің хатын табыс етті (Ж.Бейсенбаев. Жасынтағдыр., 157) [1, 576 б.].

Ел аузында Жабайдың тоқсаба деген дәрежесі болғаны туралы айтылады. Бұл енді көңілге қонатын нәрсе. Жалпы, тоқсаба деген шен V-VII ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының арасында болған дәреже деген мәліметтер айтылады. Ол көне тайпалар арасында «елдің ақылшысы» деген титулды білдірген. Қазақтар арасындағы қыпшақтарда Тоқсаба деген ру бар. бұл сол атауға тікелей байланысты. Даламызға Ислам діні енгенде Нақшыбанди пірдің жолын ұстаушы Мәураннаһр жұрты осы тоқсаба шенін сақтап қалған. Кейін бұл лауазым Бұхар, Хиуа және Қоқан хандықтарында кеңінен қолданылды дегенді келтіреді [2, 71-72 б.].

Шындығында, тоқсаба шені Жабай атаның ерлігі мен тапқырлығы әрі сарбаздардың сардары болғандығы үшін берілген. Ал мезгілі жағынан Бұхар хандығының билігіне сәйкес келеді. «...өзбек халқында және оңтүстік қазақтарда тоқсаба сөзі тарихи еңбектерде іздену барысында табылды дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Қахрамон Раджабов. Ташкент шаһарынан Худоерхонзада авторлығымен шыққан «Анжум ат-таворих» еңбегінде: Хукмронлигидан бир йил утганда баъзи фасод андишали ва фитна солувчи кишилар, Исфара хокими Бойбута қалмоқ, Пир Мухаммад ясовулбоши, Ражаб додхох, Боборахим туксоба, Курбон Мухаммад туксоба хукуматга қарши узаро тил бириктириб, махфий равишда фитна ва фасод ишларни бошладилар...» (Худоерхонзада. «Анжум ат-таворих». Ташкент, 63-б.) деген тоқсаба атауы кітаптың сілтемесінде: «туксоба – бир туқ, туғнинг сардори. Бухорада юқори мартабали амалдор» -деп көресткендігін келтіреді [2, 71-72 б.].

Сөздің мағынасы сарбаздардың сардары, әскери шен, ту ұстаушы, қол бастаушы, т.т. орай қолданылатыны бар. Ал сөздің жасалу тұрғысынан қарағанда оның екі сөзден құралғандығын көруге болады. Алғашқысы *ту*, кейінгісі *бас* (көне үлгідегі баш). Бұл жөнінде Л.З.Будаговтың берген анықтамасын негізге алуға болады: туғ – توغ (y) توق (ط) каз. то, кир. тоу 1) знамя, бунчук, хоругвь, флагъ, значокъ әрі қарай توغاجى знаменщик,

разсильный, одан әрі تواجتوقجی Дж. تو غلوق знаменосець, пользующися знаменемь, чином прапорщикь توقجی باش тоғсабай то же значение у Григорьева: военный чинь в ранг полковника или бригадира [3, С. 398].

Демек, тудан تو غاجی ту ұстаушы, одан توقجی باش туды ... (полковой командир), қолданыстағы әскери шеннің сипаты қалыптасады. Ел ішінде «Ен-таңбасы болмаса, малды қайдан танырсың, Ақ туы егер болмаса, батырды қайдан танырсың?» деп әз Төле би айтқандай Жабай атаның тудың аманатын арқалағандығы жайлы аңыздар қаншама?!

Бұл ретте, туға, оның кез келген ру-тайпа, ұлт болмысы үшін маңыздылығын танып білу қажеттігін ұғыну керек. Өйткені тудың ұғымында бүкіл бір елдің тағдыры жатқандығы тарих қойнауындағы деректерде кездесетін танымдық сипаттар жетерлік. Мысалы, атақты Қабекең ақ туын Дәулетбай батырға тапсырып жатып: «– Елге ие бол, жауыңнан сақтан, «Қабанбай өлді» дегізбе», – деп өсиет айтқандығын келтірсек те болар. Сол Дәулетбай батырдың туын сақтап, оның батырлығы мен қоса туға деген танымдық болмысын аңғару қиын болмаса керек-ті.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі деген болатын Н.Ә.Назарбаев [4].

Сондай-ақ ол өзінің еліміздің тәуелсіздігіне 25 жыл толуына арналған жиында «Кезінде 25 жыл бұрын Тудың бірнеше үлгісін алып келгенде мен бір түсті жолақ емес, аспан түсті көк Туды қаладым. Ол - елге дұрыс жол деген сөз, бәріміз бірміз, бір түстіміз, бір ойдамыз, бір жүректеміз, бір Отанымыз бар. Көк байрағымыз 25 жылдың ішінде еліміздің алдында желбіреп келеді. Осы тудың арқасында тәуелсіздік кұрдық. Қазақстанды әлемге таныттық. Біздің көк Туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының 190 мемлекетінің арасында тұр. Біздің көк Туымыз Шанхай ынтымақтастық ұйымы бас қосқанда көтеріледі. Біздің көк Туымыз Еуразиялық экономикалық одақ өкілдері кездескенде көтеріледі. Біздің көк Туымыз спортшыларымыз бен өнерпаздарымыз жеңген кезде желбіреді, Әнұранымыз шырқалады» деген болатын.

Туға орай ақындардың жеке тақырып ретінде алып қалам тартқандары саусақпен санарлық. Бұл туралы эпик ақын Несіпбек Айтұлының «Ту» поэмасын атап өтуге болады. Бұл қазақ әдебиеті тарихында болмаған тың тақырып, сүбелі табыс. Рас, қазақ ақындарында туға, байраққа, жалауға арнаған жекелеген өлеңдері, жыр шумақтары болған, бірақ тұтас поэма тудырғаны жоқ. Алайда, бұрынғы Көк түріктің бөрілі байрағы, ғұндардың қыл шашақты туы, бертінгі Алтын орданың айбарлы туы, Қазақ ордасының жалауы, ту ұстайтын тубегілер туралы там-тұмдаған деректер, жыр шумақтары ежелгі әдебиет нұсқаларында, шежіре-дестірлерде, кейінгі жыраулардың жырларында, халық ақындарының өлеңдерінде өрнектеліп келді. Бүгінгі Несіпбек ақынның көлемді «Ту» поэмасы елдік сананы, ерен ерлікті дәріптейтін ерекше дастан деуге негіз бар дейді ақын А.Тойшанұлы.

Міне Жабай батырдың да хан Абылайдан жеңіс туы – ақ туды салтанатпен алуы осындай мазмұндағы терең танымдық сипатқа ие. Оның өз қоластындағы жауынгерлерге пана, сарбаздарына қалқан болғандығы осы айтылғандарды айғақтайды. Елдің болашағы мен бүгінгі тәуелсіздіктің де ақ туын желбіретуді арман еткен ерлігі ел есінде. Сондықтан ол бүгін «Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» деген атпен танымал болып қалды.

Түйіндей келгенде, Жабай ата тоқсаба-әскери шен иесін алған, батыр да батыл ердің қасиетін танытқан, елі мен жері үшін шайқасқан ер тұлғалы кеменгер. Оның даналығы мен қолбасшылығы, жасы ұлғайғанда елдің ақсақалы атануы да болашақтан үміт еткен көреген ердің сипаты деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2014, 728 бет. 576-бет.
2. Ақ тулы сіргелі Жабай батыр. Алматы: «Жамбыл» баспасы. 2019, 488 бет. 71-72-бет.
3. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. III том. Санктпетербург. Типография Императорской Академии Наук. 1869. Стр. 810. С.398.
4. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. Айқын газеті, 21-қараша 2018.

Аннотация: В статье анализируется история жизнедеятельность Жабая Казыбекулы, которая была признана страной памятью к мужеству батыра. Обсуждается значение и характер слова, его использование языка и его функциональный характер. В ходе анализа также дифференцируются понятия, значимые использование термина и периодичность даваемых ему определений, а также понятие знаменитости. Он также определяет языковую службу слова, его место в обществе и национальный характер племенного рода. Сегодня исторические люди, имеющие такую историческую преемственность, широко обсуждаются и изучаются, и для них проводятся различные мероприятия. Героические аспекты истории человечества станут вечными уроками для будущих поколений.

Abstract: The article analyzes the history of the life of Toad Kazybekuly, which was recognized by the country as a memory to the courage of the batyr. The meaning and character of the word, its use of language and its functional character are discussed. The analysis also differentiates concepts, meaningful use of the term and the frequency of definitions given to it, as well as the concept of celebrity. It also defines the language service of the word, its place in society and the national character of the tribal clan. Today, historical people with such historical continuity are widely discussed and studied, and various events are held for them. The heroic aspects of the history of mankind will be eternal lessons for future generations.

ӘОЖ 81.091

Сәбитов А.Ж.

Жабайтанушы. Алматы, Қазақстан

ЖАБАЙЛАРДЫҢ АРА-ЖІГІН АЖЫРАТУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Түйін: Халықтың сүйіспеншілігінен туындап, жадыда сақталып келе жатқан адам аттары, жер-су атаулары баршылық және мұндай дәстүр қазақтарда ғана емес, басқа халықтарда да бар. Қай Жабайды алсақ та, олар – елі үшін еңіреп туған ерлер, халқын бодандыққа түсірмеу жолында қол бастаған батырлар, әрі, көсем, әрі, шешен, әрі, әулие. Сол заманның әскери сардары, соғыс маманы болғандықтан, өз руына ұран болған Жабай батыр күллі қазақтың басын қосқан соңғы ханы Абылаймен бірлікте жауға шауып, дауға түсіп Абылай ханның тіректі батырларының бірі болған...» деп жазылған. Қазақтардың өзінің төл отанында, қанат жайған жерінде ата-тегін кешенді түрде тереңдетіп зерттеу мүмкіндігіне ие болғаны кеше ғана. Қазақтар енді ғана есін жиып, рухани кем-кетігінің орнын толтыра бастады. Бұған Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының зор ықпалы тиді. Осы мақаланың негізінде барлық мәдениет ошақтарында, білім-ғылым ордаларында «Қазақстанның жеті қыры» атты ғылыми жобалар жасалып, ірі-ірі шаралар атқарылып жатыр. Біздің қаузап отырған дүниеміз де сондай шаралардың бірі.

Кілттік сөздер: Жабай батыр, соғыс, Абылай хан, зерттеулер, рухани сана, тұлға, тарих

Үстіміздегі, яғни, 2019 жылдың қаңтар айында «Қазақ тарихы» журналының №1 санында менің «Жабай ақиқаты қашан айқындалады?» атты мақалам шықты. Бұл мақала – 2018 жылдың 15 қыркүйегінде Алматы қаласында «Тіккен туы жығылмаған Ер Жабай» атты ғылыми мәслихатта жасалған баяндаманың жалғасы іспетті. Мақаланың мақсаты – халықтың санасында тарихи тұлға ретінде қалыптасқан Жабайлардың ара жігін ажыратып, ақиқатты айқындау. Өйткені, қазақтың хандық дәуірінде үш Жабайдың, яғни, Ноғайлы Жабайдың, Керей Жабайдың, Сіргелі Жабайдың болғаны белгілі. Мұнымен қатар тарих қойнауынан осы күнге жеткен «Жабай» атты жер-су атаулары да бар. Бұлардың «Жабай» деп адам есімі ретінде аталуында қандай тарихи негіз бар? Зерттеу жан-жақты дәлелді болуы үшін «Жабай» сөзінің өзін анықтап алу қажет. Тілші-ғалымдардың дәлелдеуінше, «жабай» – арғы аталарымыздың тілінде қолданылған көне түркі сөзі, яғни, елдегі мәртебесі ең биік адамнан кейінгі екінші адам деген мағынаны білдіреді. Мағынасы – қағанның, сұлтанның патшаның орынбасары. Бұл – азан шақырып қойылған, әлде, халықтың сүйіспеншілігінен туындаған есім бе? Осы мәселе де зерделеуді қажет етеді. Егер, ғылыми тұрғыдан анықталып жатса, бұл көп мән-жайды аңғартатыны анық.

Халықтың сүйіспеншілігінен туындап, жадыда сақталып келе жатқан адам аттары, жер-су атаулары баршылық және мұндай дәстүр қазақтарда ғана емес, басқа халықтарда да бар.

Қай Жабайды алсақ та, олар – елі үшін еңіреп туған ерлер, халқын бодандыққа түсірмеу жолында қол бастаған батырлар, әрі, көсем, әрі, шешен, әрі, әулие. Бірақ, әр Жабайдың тағдыр жолы әр бөлек. Осы мәселемен айналысушылар ауыз әдебиетіндегі жыр-дастандар мен Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы «Жабай батырды иемдену үшін» қолдарынан келгенді жасап жүр. Бұл жөнінде алдыңғы мақаламда біраз қазбалап жазғанмын.

Жабай батыр жөнінде сөз қозғалса, бір де бір зерттеуші Тәтіқара ақынның «Қамыстың басы майда, түбі сайда» деген өлеңінен аттап өте алмайды. «...Еменәлі Керейде ер Жабайды айт» деп тиянақталатын «Ай, заман-ай, заман-ай...» кітабындағы (Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы – РББ 70-бет, 1991, 70-бет) Тәтіқараның бұл өлеңі жайлы осы кітаптың 375-бетінде: «Қамыстың басы майда, түбі сайда...» - Жыр 1756 жылы Қытай боғдыханының әскерлерімен қақтығыс кезінде туған. Қостанай облысы, Урицкий ауданының тұрғыны Қажиахмет Дәулетұлынан ақын Мәрия Хакімжанова 1946 жылы жазып алып, Қазақ ССР Ғылым академиясына өткізген. Бөгембай туралы айтылатын жолы қысқартылып, «Әдебиет және искусство» журналында (1946, №7-8) басылды. Толық жариялануы «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітапта, (А., 1967)», - деген түсініктеме беріледі.

Тәтіқара ақынның осы өлеңі қазақ әдебиетінің үлкен құбылысы боп саналатын Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына енген. Трилогиялық бұл романда тарихи зерттеу еңбектері, мұрағаттық деректер мен шежірелер молынан пайдаланылған. Жабай батырды Ашамайлы Керей Жабай деп айтушылар Тәтіқараның осы өлеңін негіз етіп алып жүр. Ілияс Есенберлин де батырлықты дәріптеу үшін Тәтіқара өлеңін пайдаланған. Тәтіқараның бұл өлеңі 1757-58 жылдары қытай-қазақ соғысы кезінде айтылған. Бұл жөнінде ғылыми деректер жеткілікті, еш талас жоқ. Сонымен, Тәтіқара ақынның өлеңінде, І.Есенберлиннің тарихи романында батырлықтың үлгісі болған Жабай – қай Жабай? Бұл Жабайды Абақ Керей Көнсадақтар да, Ашамайлы Керей Еменәлілер де, Сіргелілер де «біздің Жабай» деседі. Бұған келтіретін дәлелдері де жоқ емес. Тек Ноғайлы Жабай батырдың ғана басы ашық.

«Абақ Керей Көнсадақ шежіресінде» (Үрімжі, 2010, төте жазудан кирилл қарпіне түсірген филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Зияда) «Жабай батырдың мекен-жайы, істеген ісі, жасаған жасы, жерленген жері бәрі анық. Бертіндегі адам. (бұл жайындағы деректер «Жабай батыр» деген мақалада анық жазылған. Соған

қараңыз).

Жабай батыр

Жабай батыр (1680-1748) Қазақстандағы Есіл өзенінің бойында қайтыс болып, сол жерге жерленген. Жабай Көнсадақтан шыққан күллі қазаққа әйгілі батыр. Ақылгөйі. Сол заманның әскери сардары, соғыс маманы болғандықтан, өз руына ұран болған Жабай батыр күллі қазақтың басын қосқан соңғы ханы Абылаймен бірлікте жауға шауып, дауға түсіп Абылай ханның тіректі батырларының бірі болған...» деп жазылған. Осы деректі бұлтартпас мұрағаттық құжат деп қабылдасақ, Абақ Керей Көнсадақ Жабай батыр 1757-1758 жылдардағы қытай боғдыханымен арадағы соғысқа қатыспағаны анық. Демек, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Жабай батыр Абақ Керей Көнсадақ Жабай емес. Абақ Керей Көнсадақ Жабай батыр жөніндегі шежірелерге, ғылыми-зерттеу еңбектеріне және көркем әдебиетке сүйеніп, оның сілемі Ашамайлы Керейлерде жатыр деген пікір айтқанмын. Бұл пікірімнен бұлтармаймын. Абақ Керей Көнсадақ Жабайды шығармаларына арқау еткен қытайлық қазақ жазушысы Шәмис Құмар да, моңғолдық қазақ жазушысы Сұлтан Тәукейұлы да Жабайды қытай боғдыханымен болған қақтығысқа жолатпайды. Оның халқының амандығы, береке-бірлігі үшін істеген басқа ерліктері, ұрпағына артында қалдырған өсиет сөздері жетерлік. Міне, аталаған жазушылар Жабай төңірегінде осы жайттарды ғана пайымдаған.

Әдебиет нұсқаларында тарихи тұлғалары қалыптасқан төрт Жабайдың бар екенін айттық. 1946 жылы Қажиахмет Дәулетұлынан жазып алған Тәтіқараның өлеңін ақын Мәриям Хакімжанова Ғылым академиясының қолжазба қорына тапсырмағанда, ол Ілияс Есенберлиннің әйгілі «Көшпенділер» трилогиясында пайдаланылмағанда, Жабайлар жөнінде пікірталас туындамас па еді деп ойлаймын қазір. Жер үшін, ел үшін, қазақтың болашағы үшін қол бастаған батырын іздеп, оны өз дәрежесінде ұлықтауды халықтың қолға алғаны қуантады. Дегенмен, ақиқаттың басы айқындалғаны абзал. Егер, қателесіп жүрсек, тоңмойындық танытпай, дәлелдерді, ғылыми тұжырымдарды саралап, ақиқатты мойындауымыз керек. Бұл – ең алдымен, Алла алдындағы, аруақтар мен ұрпақ алдындағы парызымыз. Артымыздағы тарихты шатастырып кетсек, ұрпаққа қандай үлгі-өнеге болмақ? Өзіміз хақтың әділетті жолымен жүрмесек, оларды әділетті жолға қалай түсіреміз? Ең басты мәселе – осы.

Көнсадақ шежіресінде Жәнібек батырдың Абақ Керейлерді бастап Солтүстіктен Шығысқа ауғанда Жабай батырдың Ашамайлы Керейлердің ішінде қалғандығы айтылады. Оның қатыны Қастер Ашамайлы Керейдің қызы екен және одан туған жалғыз ұлы Шолан болыпты. Сондағысы – қатыны мен баласының амандығы үшін Жабай батыр Ашамайлылардың ішінде қалыпты. Бұл мүмкін бе? Әбден мүмкін. Көнсадақ Жабайдың кейіннен Ашамайлыға айналып кетуі мүмкін бе? Бұл да мүмкін. Бұл пікірімізді табандау үшін қазақы түйсікті негіз еткен дәлелдеріміз жоқ емес.

Ғылымның сараланған нәтижесі саналатын энциклопедияға Ашамайлы Керей Жабай батыр есімі жазылып та қойған. Онда: «Жабай Қарабиұлы (шамамен 1697 , Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Қарағайлы к. жағалауы – 18 ғ-дың 70-жылдары, сонда) – батыр. Орта жүз құрамындағы Керей тайпасының Ашамайлы руынан шыққан...» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. Алматы, 2001. 3-том. 461-бет) деген дерек келтірілген. Демек, Ашамайлы Жабай Көнсадақ Жабайдан 17 жыл кейін дүниеге келген. Зерттеушілердің дерегінше, Ашамайлы Жабайдың Тоқсан, Сексен, Мыңжасар есімді ұлдары болған. Тоқсан мен Мыңжасардың қай жылдары дүниеге келгендігі жөнінде деректер жолықтырмадық. Ал Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан Әулие-әнбилерді, батырларды зерттеген Абай Тасболатов «Есімдері ел есінде» деп ғаламторға салған кітабының электрондық вариантында Жабайұлы Сексеннің 1770 жылы дүниеге келіп, 1865 жылы дүниеден озғанын жазады. Сонда, перзенті Сексен дүниеге келген кезде оның әкесі Жабай 73 жаста екен. Қазақта Сексенбай, Тоқсанбай, тіпті,

Жүзбайлардың болғанын білеміз. Бірақ, осынша жасқа келгенше Жабай батыр перзент көрмеген бе? Егер, балалы болса, зерттеу мен зерделеу еңбектерінде олардың аты-жөндері неге көрсетілмейді?

Дәл осы арада келтірілген фактілерге қарсы уәж айтсақ дейміз. Қисынсыз бұл деректерден гөрі «Абақ Керей Көнсадақ шежіресі» келтірген деректер адамға қисынды ой салады. Демек, Сексен батыр – Жабай батырдың ұлы емес, немересі, яғни, Сексен – «Көнсадақ» шежіресінде көрсетілген Шоланның ұлы. Осы пікіріміз әлдеқалай қисынды. Осыны көлденең тартқанда, халықтың «өтірік айтсаң да, қисынды қылып айт» деген тәмсілі еріксіз еске түседі. Осы арада түйткіл бір гәп бар.

«Көнсадақ» шежіресінде көрсетілген Шолан неліктен жоқ боп кеткен? Біздіңше, оны жоғалту – Сексен, Тоқсан, Мыңажасардың әкелері Ашамайлы Керей Жабай батыр деушілер үшін тиімді. Әрі, көп деректерде оның тұңғышы Тоқсан би екені айтылады. Бұл да қазақы-ұлттық қисынды былай қойып, қалыптасқан әлемдік дәстүрдің қисынына мүлде сыймайды. Тіпті, баланың сөздік қорының өзінде, алдымен, «сексен», содан кейін ғана барып «тоқсан» саны қалыптасатынын ғылымнан хабары жоқ адам да біледі. Әлде, Ашамайлы Жабай сексенге келгенде баласы Сексен, тоқсанға келгенде баласы Тоқсан дүние есігін ашқан ба? Энциклопедиялық дерекке сүйеніп, Сексен оның сексен жасында туылды десек те, Тоқсан жайлы не айтамыз? Өйткені, Ашамайлы Жабайдың тоқсан жасқа келмегені жөнінде Ашамайлылардың өздері ғылыми мақалаларында көрсетіп отыр. Жоғарыда келтірілген түйсіктік пайымдау Ашамайлы Жабай батырдың түп қазығы Абақ Керей Көнсадақтарда жатқанын аңғартса керек. Ендеше, мұндай шатасуларға жол берілуін қалай түсіндіреміз?

Ең бастысы, «шежіре таратушылардың», яғни, «қазақтың рухын ру тұтастығы арқылы іздеушілердің» кеңес өкіметі тарапынан «ұлтшылдар», «халық жаулары» атанып, атылып-асылып, жер аударылып кеткендігінде, күні бүгінге дейін қудалануында болып тұр. Және мұны Көнсадақтардың жүз пайызға жуығының шекараның арғы бетінде өмір сүріп келе жатқандығының кесірі деп ұғынған жөн. Олар Қытайдағы аз ұлттарға қарсы жүргізілген мемлекеттік саясаттың салдарынан ата-тегін зерделеу құқықтарынан айрылды. Н.С.Хрущевтің заманындағыдай, «жылымық» туындай қалған кезеңде Қытайдағы Көнсадақтар ата-тектері жөнінде шежіре шығарып та үлгерді. Бірақ, оны ары қарай ілгерілету мүмкіндігінен қазіргі кезде тағы да айрылып қалды.

Қазақтардың өзінің төл отанында, қанат жайған жерінде ата-тегін кешенді түрде тереңдетіп зерттеу мүмкіндігіне ие болғаны кеше ғана. Қазақтар енді ғана есін жиып, рухани кем-кетігінің орнын толтыра бастады. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының зор ықпалы тиді. Осы мақаланың негізінде барлық мәдениет ошақтарында, білім-ғылым ордаларында «Қазақстанның жеті қыры» атты ғылыми жобалар жасалып, ірі-ірі шаралар атқарылып жатыр. Біздің қаузап отырған дүниеміз де сондай шаралардың бірі.

Сонымен, «Көшпенділер» трилогиясындағы Жабай батырдың басы айқындалып, ақиқатқа жақындай түскен сияқтымыз. «Жабай ақиқаты қашан айқындалады?» («Қазақ тарихы» журналы, №1(168), 2019 жыл, 14-18-беттер) атты мақаламызда: «...қытай мен қазақ, қазақтар мен қоқандықтардың соғысына Көнсадақ Жабай батырдың қатысуы еш мүмкін емес. Жоғарыда келтірілген деректерді басшылыққа алсақ, ол 1757-1758 жылдардағы соғысқа дейін қайтыс болған. Ал, Ашамайлы Керей Жабай батыр сол соғыс кезінде 60 жас шамасында. Аталған соғысқа қатысуы әбден мүмкін. Бірақ, түркілердің, бұрынғы қазақтардың әскери дәстүрін ескерсек, Ұлы жүз әскерлері қосынының тізгінін Абылай хан Орта жүзден шыққан Ашамайлы Керей Жабайға ұстата ма? Әрине, Қаракерей Қабанбайдың, Қанжығалы Бөгенбайдың, Уақ Баян батырдың қазақтың жалпақ даласының кез-келген жерінде жаумен жағаласып жүргенін тарихи әдебиеттерден жақсы білеміз. Бірақ, Қабанбай Наймандарды, Бөгенбай Арғындарды, Баян Уақ пен Керейлерді,

Райымбек батыр Албандарды бастап, Үш жүздің де, яғни, қазақ жерін қорғады емес пе?! Дегенмен, Әлібек Ғалеевтің «Өмір арнасы – ұрпақ жалғасы» деген шежірелік кітабында Тәтіқара жыраудың өлеңін Ашамайлы Керей Жабай батырға телуі қисынға келіңкіремейді. Ілияс Есенберлин де «Көшпенділер» кітабында «...**Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті**» (сонда, 474-бет). Қазақ әдебиеті тарихының білгірі, қазақтың тұңғыш тарихи романдарының негізін қалаушы І.Есенберлиннің өзі «Көшпенділер» трилогиясындағы Жабайдың Ұлы жүздің қолын бастаған батырлардың бірі болғанын айтып кеткен...», - деп жазғанымыз – бұра тартқандық емес, ақиқаттың ауылының қайда екенін ғылыми тұрғыдан болжай алғандығымыздың нәтижесі.

Жуырда Ерген Махатбайұлы Айтбаевтың «Жабай тоқсаба әулие» (Алматы 2012) атаулы тарихи, әрі, шежірелік сыр шерткен кітабын оқып шықтық. Осы кітаптың 26-бетінде: «...Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім Бүрлібаев Еркебай «Сарыағаш» газетінде жазған мақаласында былай деп көрсетеді: - Керейлер шежіресінде Еменалы батыр әулетінің таралуы көрсетілгені рас. Бірақ Керейлер шежіресінде Жабай батырдың әулеттері көрсетілген емес.

Бұдан шығатын қорытынды Керейдің Еменалы атасында Жабай деген есімді батыр жоқ. Қытайды қуып жүрген батыр Сиргелі Жабай емес деушілер Еменалы мен Жабай бір кісі деп топшылайды. Бірақ бұл екеуі екі түрлі адам. Мұны дәлелдеу үшін жазушы І.Есенберлиннің «Жанталас» романынан мына бір жолдарды мысалға келтірейік:

«Жоқ, Абылайдың қазір арқа сүйері төре тұқымы емес. Абылай жағындағылар, әне, анау халықтан шыққан атақты батырлар...

Міне, тізесіне тізесі тие отырған, кексе тартып қалған Бөгенбай, оған таяу Еменәлі мен Жабай батыр, одан әрі Қыпшақ Дербісәлі мен Маңдай, Дулат Бөкей, Алтайдың ақбас атаны Сеңгірбай, Уақтан шыққан Сары батыр... Бәрінің де даңқы жер жарады. Сондарынан ерген топтары да көп. Ешқайсысы Абылай берген бұйрыққа қарсы шыққан емес...» деп жазады Ерген Махатбайұлы Айтбаев.

Еркебай Бүрлібаевтың бұл пікіріне күмәнмен қараған біз де Е.М.Айтбаев сілтеген І.Есенберлиннің «Жанталас» кітабындағы дәл сол жерді сүзіп қарап шықтық. Е.М.Айтбаев өзінің «Жабай тоқсаба әулие» (Алматы 2012) кітабында Тәтіқара өлеңіндегі «Еменәлі Керейде ер Жабайды айт» деген жолда адам санының біреу емес, екеу екені жөніндегі Е.Бүрлібаевтың пікірін мақұлдайды. Біздің де зерттеу нәтижеміз осы пікірді қолдайды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Тәтіқараның осы өлеңін толық келтірейік:

...Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.

Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.

Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт (Мұхтар Мағауин. «Алдаспан», Алматы «Атамұра» 2006, 95-96-беттер).

Бар гәп Тәтіқара өлеңінің «...Еменәлі Керейде ер Жабайды айт» деген жолында болып тұрған секілді. Бұл өлеңді қазақ тарихы, қазақ әдебиеті тарихының білгірі, классик

жазушы Мұхтар Мағауин өзінің ғылыми еңбектерінде пайдаланған. Осы өлеңнің авторы жөнінде М.Мағауин «Тәтіқара ақын» деген әдеби-зерттеу мақаласында (Мұхтар Мағауин. «Ғасырлар бедері» Алматы «Жазушы» 1991 жыл, 72-76-беттер) «ер Жабайдың» Ашамайлы Керей руынан шыққанын айтпайды, тіпті, меңземейді де. Ғалым-жазушы осы кітаптағы «Тәтіқара ақын» деген ғылыми мақаласын: «...Тәтіқараның біздің дәуірімізге жеткен шығармалары, жоғарыда да айттық, оның үлкен сөз зергері болғандығын көрсетпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, Тәтіқара – қарабайыр көп ақынның бірі. Алайда Тәтіқара шығармалары өзінің қарбалас шақтарда, от-жалында туғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұран іспеттес болғандығымен құнды. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара жырлары, - жоғалғандары да, біздің заманға жеткендері де, - өз міндеттерін атқарды деп айта аламыз»- деп қорытындылайды. Демек, бұл өлең өзінің тарихи миссиясын атқарып тұр. Бұл өлеңнен қытай-қазақ соғысының көрінісін, оған қатысқан тарихи тұлғалардың батырлық бейнесін көреміз. Өткен және осы мақаламызда Абақ Керей Көнсадақ Жабай батырдың Ашамайлы Керейлер ортасында қалып, сол елге сіңіп, руының да өзгеріп кеткендігін болжағанбыз. Бұл болжамымыздың тарихи шындық екеніне көзіміз жетіп отыр. Демек, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Жабай батырдың руы Сіргелі екенін, Абақ Керей Көнсадақ Жабай батырдың Ашамайлы Керей Жабай батырға айналып кеткенін мойындауымыз керек. Біздің мақсатымыз – жалған намыстың дүмпуімен қазір де атойлап шыға келетін рулардың арасына іріткі салу емес. Мақсат – Жабай батыр жөнінде зерттеу жұмыстарымен айналысып жүргендерді келелі пікірталасқа шақыру.

Әр ру Жабай батырды өзінің бауырына басқанымен, олардың ру үшін емес, қазақ намысы үшін қол бастағандары хақ. Сондықтан, Жабайлардың ара-жігі ажыратылып, әрқайсысы өзіне лайықты бағасын алуға тиіс деп санаймыз.

Аннотация: Воин того времени, военный стратег Жабай батыр, имя которого было гимном своего рода, был одним из сильнейших воинов Абылай хана, сражавшихся с последним ханом Абылай, врагом казахского народа ». Вчера у казахов была возможность глубоко изучать своих детей на родине, в крыльях своего крыла. Казахи только начинают восстанавливать свой духовный дефицит. Этому способствовала глава нашего государства Н.Назарбаева «Ориентация на будущее: духовное возрождение». На основе этой статьи реализуются научные проекты и проводятся масштабные мероприятия во всех учреждениях культуры, учебных заведениях Республики Казахстан и статья «Семь граней Великой Степи» имеет огромный вклад в истории Казахстана.

Abstract: The warrior of that time, the military strategist Zhabay Batyr, whose name was an anthem of his own kind, was one of the strongest warriors of Abylay Khan who fought with the last Khan of Abylay, an enemy of the Kazakh people. "Yesterday, the Kazakhs had the opportunity to deeply study their children at home, in the wings of their wings. Kazakhs are just beginning to restore their spiritual deficit. This was facilitated by the head of our state N.Nazarbayeva "Orientation towards the future: spiritual revival". On the basis of this article, scientific projects are implemented and large-scale events are held in all cultural institutions, educational institutions of the Republic of Kazakhstan and the article "Seven Facets of the Great Steppe" has a great contribution to the history of Kazakhstan.

Анарбаев Қ.С.

т.ғ.к., ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Шымкент, Қазақстан

СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Мақалада Жабай батыр бойынша деректері мен тарихтағы ғылыми өзекті мәселелері қозғалды. Тарихымыз кешегіні сөз еткенмен бүгінге және болашаққа қызмет етеді дейтін болсақ, бүгінге дейінгі қазақ халқының тарихи санасы негізінен, тарихи-генеологиялық шежірелер арқылы қалыптасып, дамып, сақталып келді. Ал шежірелік тарихтың негізінен белгілі бір тарихи тұлғалар төңірегінен бастап өрбитіні тағы белгілі. Кешегі еліміз тәуелсіздігін алып, егемен елдікті баянды ету мақсатын көздегенде ең алдымен рухты ояту керек болғанда да біз сол шежірелік санамызға сүйене отырып, ұлттың тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен ерлерімізді дәріптедік. Сол іс-шаралар арқылы жалпақ ел «тәуелсіздіктің құнын» түсінді. Сондықтан бәрімізге ортақ тарихи тұлғалар - бәріміздің бабаларымыз. Ел ішінде ондай тұлғалар туралы аңызға бергісіз әңгімелердің сақталуы да тегін болмаса керек.

Кілттік сөздер: Сіргелі Жабай батыр, деректер, тұлға, фольклорлық материалдар, шежіре

Ұлттық кодтың берік қазығы - тарихи сана. Тарихымыз кешегіні сөз еткенмен бүгінге және болашаққа қызмет етеді дейтін болсақ, бүгінге дейінгі қазақ халқының тарихи санасы негізінен, тарихи-генеологиялық шежірелер арқылы қалыптасып, дамып, сақталып келді. Ал шежірелік тарихтың негізінен белгілі бір тарихи тұлғалар төңірегінен бастап өрбитіні тағы белгілі. Осы орайда қазақтың өз елін таныстырғанда сол елдікті құраған, қорғаған, қамқор болған ерлерін еске ала сөйлейтін дәстүрлі сөз саптауы әлі күнге үзілмей, бабалар рухына тағзым етумен қатар сабақтасып келеді. Біздіңше, осының өзі тарихи сананың жалғастығын сақтауды ғана емес, болашақта да сол елдікті сақтауда бірліктің үлгісін көрсеткен бабалар есімдері мен істерін естен шығарып алмауымыздың керектігін де мегзеп тұрғандай.

Шежіре деректері мен фольклорлық материалдар арқылы қазақтың рухының асқақтап жоғары болған да, кейде бәсең тартып отырғаны да байқалады. Алайда, жалпы алғанда Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай «қазақтың тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ» екенін де жалпақ әлем біледі. Бірақ кешегі отарлық саясаттың ықпалында болған кезеңде сол төл тарихи санамыздың негізгі тіректерінен еріксіз түрде біршама алшақ кеттік және шежірені бірігудің құралы еткен бабалар жолымен емес, оны бір қазақты бөлінуге «итермелеген» басқыншылар мүддесіне сай түсіндірудің арқасында шежіреге деген «теріс түсінік» қалыптасып, «үрке қарау» үрдісі де пайда болды. Оның салқындары санамыздан әлі толық сейіле қойған да жоқ десек артық айтқандық бола қоймас.

Ғасырлар бойы елдігімізді сақтау мен бірлігімізді танытқан шежірелік сана «жеті атасын таныған азаматтың жеті жұрттың қамын жеген» ерлерін тәрбиелегенін есті ұрпақ әлі күнге ұмытпаған.

Кешегі еліміз тәуелсіздігін алып, егемен елдікті баянды ету мақсатын көздегенде ең алдымен рухты ояту керек болғанда да біз сол шежірелік санамызға сүйене отырып, ұлттың тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен ерлерімізді дәріптедік. Сол іс-шаралар арқылы жалпақ ел «тәуелсіздіктің құнын» түсінді. Шынайы тарихымыз туралы «өзге жат жерліктердің жазбасынан» емес, тарихи тұлғаларымыз туралы тарихи санамызда сақталған деректер төңірегінен өрбіте бастадық. Сөйтіп «қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына жылаған» қазақтың бүгінгі текті ұрпағы бәрінен бұрын қоғамдық сананың тәуелсіздігіне, яғни кешегі отаршылдар «күштеп» енгізген «құлдық сананың

арбауынан» құтылу бағытындағы жұмыстарды да осы ата-бабалар аруағын тербетуден бастағаны баршаға аян. Солай болғанын айта отырып, бұл бағыттағы істерде кейбір тұстарда асыра да сілтеген кездеріміз де болғанын жоққа шығара алмаймыз. Тіпті оның өзі де отарлық саясаттың әсерінен тапталған намысты, мүлгіген сананы ояту үшін керек те болған шығар Ең бастысы ендігі жерде сол үдеріс алғашқы қарқындай емес, яғни жаппай әркім өз атасынан «елге танымал тұлға» жасауды доғарып ғылыми негізі бар, ұлттық намыс пен шындықты ту етуге мойын бұра бастадық. Бізді халқымыздың түбі бір түркіден тарайтын, «енші алыспаған бір атаның баласы» екенін тарихи санасы арқылы түйсіне бастағаны қуантады.

Кез келген ханымыз, билеріміз, батырларымыз қандай ерлік пен елдіктің мысалын көрсетсе, ру мен тайпа үшін емес жалпы қазаққа жасаған. Сондықтан олар бәрімізге ортақ тарихи тұлғалар. Бәріміздің бабаларымыз. Ел ішінде ондай тұлғалар туралы аңызға бергісіз әңгімелердің сақталуы да тегін болмаса керек. Біздіңше, елдік санамыз бен көсегемізді солай ойлаумен қалыптасқан тарихи сана көгертеді.

Қабырғалы Қазақ елінің сондай ауызша тарих пен шежірелік деректер арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отырған тарихи тұлғалардың бірі – Сіргелі Жабай батыр.

Сіргелі Жабай атаға қатысты мағлұматтар іздеген адам ол туралы негізінен фольклорлық деректерге және ұрпақтары қолында сақталған, сол тұлғаға тән деп саналатын бірнеше заттай дүниелер мен соларды нысана ете отырып қасиетті тұлғаның келбетін ашуға тырысқан жазбагерлердің еңбектеріндегі мәліметтерді кездестіреді. Алайда бұл тек Жабай атаға ғана емес, исі қазақтың тарихи тұлғаларының көбіне тән жағдай екені де белгілі. Сондықтан тарихи тұлғалар мен кезеңді анықтауда ғылыми таным әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, ауызша тарих арқылы жеткен деректерді ғылыми сараптаудан өткізе отырып көпшіліктің көзін одан ары шындыққа жақындата түсудің өзектігі байқалады. Біздің мақсатымыз да осындай игі ниеттерден туындайды, яғни Жабай әулие бабамыздан қалған мұралар мен ол кісі туралы фольклорлық деректерді ғылыми таным жолдары арқылы зерделей отырып, тарихи тұлғаның бүгінге дейін көп назарын аудара бермеген кейбір қырлары туралы деректерге қатысты ойларымызбен бөлісу болмақ.

Біз өз зерттеуімізде негізгі нысан ретінде бабаның екі қырын, яғни Жабай бабаның рухани әлеміне және өз дәуіріндегі қоғамдағы қызметіне қатысты кейбір мәселелерді одан ары айқындай түсуді мақсат еттік. Әрине, бәрі де қолда бар материалдарға сүйенілетінін ескере келе бастысы дереккөз ретінде бұған дейінгі жазбалардан белгілі ауызекі материалдар және ұрпақтары қолында сақталған дүниелер туралы ақпараттарды негізге аламыз. Оның ішінде толып жатқан ауызша деректерді бүгінге дейінгі тарихи сабақтастықта қарастырғанда төмендегідей жайттарды аңғардық. Біріншіден, Жабай атаның рухани әлемінен хабар беретін деректерге сүйенер болсақ, оның тұлғалық бейнесінің қалыптасуы қазақ фольклорлық деректерінде кездесетін ортақ сарындарға құралғаны, яғни кіндік қаны тамған жерінің қасиетті саналуы, текті тұқымнан шығуы, оның әулиелік қасиеттерінің ерте кезден таныла бастауы, жастайынан «аруақтары» қолдап, қорғауы, отанын қорғау жолындағы ерліктері деп келетін тұстары мен өмірінің соңында ұрпағына «аманат» тапсыруы сияқты жайттарды айта отырып, қазақтың ауызша тарихында тарихи тұлғаларға қатысты әңгімелерде осындай сарындар әлі күнге сақталып келе жатқанын қоса айтқымыз келеді.

Екіншіден, нақты тарихи тұлғалармен замандас ретінде тарихи жыр дастандар мен аңыздарда есімінің аталуы және өзінің де сондай жырлар мен аңыздардың туындауына себепші болуы дер едік. Үшіншіден, ұрпақтары қолында батырдың тұтынған заттары мен оған тиесілі дүниелердің бүгінге дейін қастерленіп сақталуы дер едік.

Сондықтан бұндай тарихи тұлғалардың тарихына қатысты сөз айтқанда деректерге кешенді келу керектігі байқалады. Бұл орайда Жабай батырға қатысты алар болсақ фольклорлық мұралар арқылы бізге жеткен деректерде сақталған тарихи тұлғаның елге

танымалдығы ерте танылуы, есейе келе Төле би сияқты белгілі шешенді ұстаз тұтынуы, батыр ретінде қол бастауы, тоқсабалық деңгейге жетуі, арнайы туға, мөрге иелік етуі мен өмірден озар алдын өзінің денесін кейбір дерек берушілердің мағлұматтарына қарағанда Тұрбатқа немесе Бұлбұл әулиеге қою туралы аманат айтуы мол мағлұматтарды бойына сақтап жатыр.

Барлық деректердің ішінде Жабай атаның ес біліп, есейген тұстан отан үшін жауларына қарсы ерліктерін паш еткен қырымен, яғни батырлығымен көзге түсуі және арнайы туы мен мөрінің болғандығы туралы ақпараттар ерекше назар аударуды қажетсінеді. Әрине бұл мәселеге назар аударғандар да жоқ емес. Оның ішінде бірқатар зерттеушілердің Жабай атаның тоқсабалығы жайлы пікірлері «өзінің туы бар әскери бөлімнің басшысы, дәрежесі жағынан пансатқа басшысына жақын, теңдес»-деген Қоқан тарихының белгілі маманы Т.К. Бисембиевтің «тоқсоба» сөзінің мәніне қатысты ой тұжырымдарына жақын келетіні байқалады. Аталған пікірді т.ғ.д., профессор А.Тоқтабай да бөліскен болса, оның осы пікіріне Н. Қапалбекұлы да сілтеме берген [1, 41 б.; 2, 30-31 бб.]. Дегенмен А.Тоқтабайдың тарапынан бұл сөздің төркінін індете қарауды және ол бағытты ертедегі қыпшақтардың әскери-саяси құрылымындағы тоқсабалармен сабақтастықта қарастыру керектігі туралы ойлары бұл мәселеде болашақтағы тарихшы деректанушылар мен түркітанушылардың алдына тың тақырыптың тұрғанын байқатады. Біз де осы мәселені алдағы уақыттың еншісіне қалдыра отырып, тарихқа белгілі жайттар мен Жабай ата туралы фольклорлық деректердің кейбір тарихи сабақтастық табатын тұстары бар екеніне көптің назарын аударғанды жөн санаймыз. Өйткені, зерттеушілердің бірқатарының еңбектерінде көрсетілгендей бабаның әскербасылық қырларына қатысты тұстарда тек Қоқан билігі кезеңіндегі жайттармен ғана шектелер болсақ Жабай бабаның тұлғасын толық аша алмайтын сияқтымыз. Сондықтан бұл жерде мәселеге жалпылама және арғы түркілік кезеңмен сабақтастықта қарастырған жөн секілді. Сонда біраз жайттардың басы ашыла түсетін сияқты.

Ғылымға белгілі тарихи деректерге қарағанда жалпы әскербасылар мен ту ұстаушылар ержүрек, сенімді адамдар болған. Ал енді жеке мөрмен еншілеу мәселесі арғы түркілерде тұлғаның қоғамдағы деңгейінің өте жоғары болғанын айғақтайды. Жабай атаға қатысты ауызекі және ұрпақтарында сақталған екен деген заттай мағлұматтар туралы деректерде бұның барлығы да ескеретін жайттар деп есептейміз. Мысалы, Жабай атаның тоқсабалығы, яғни әскербасылығы мен қатар ел билеу құқығына ие болуы арғы тарихтағы тарихнамалық жағдайда ғылыми әдебиеттерде қолбасшы, әскербасылар арғы түріктерде «аталықтар» немесе кейбір дереккөздердегі «атабектерді» көбірек еске салады.

Тарихи деректерде «атабектер» «атабектер» хандар мен сұлтандарды жас кездерінде жауынгерлікке баулитын ақылды, әрі ержүрек адамдар ретінде көрсетілген. Және бұл ұғымның кейінгі қазақ қоғамында «аталық» түрінде көбірек сақталғаны байқалады. Тарихи деректерден аталықтардың өзі тәрбиелеген ханзаданың билік басына келген соң оның кеңесшісіне айналғанын көреміз. Сонымен бірге бұл лауазымның кез келген әскери өнерді үйретушіге берілмегені байқалады. Х.Халидтің еңбектерінде қарағанда ол атақ ханнан жасы үлкен болып қызметпен уәзір дәрежесіне жеткен адамдарға берілген. Олардың жеке мөрлері болған және ол хан мөрімен бірдей жүрген. Аталық атағын алмаған уәзірде ондай дәреже болмағаны туралы да деректер бар [3, 92 б.].

Көріп отырғанымыздай көне түріктерде бұл дәреже ел билеу иерархиясында белгілі бір орны болған лауазым иесіне тікелей қатысы бары анық көрініп тұр. Және ондай тарихи сабақтастық түркі халықтары тарихында жүйелі көрініс береді. Яғни, ел билеу және әскери өнерге баулу мен басқару жүйесіндегі белгілі институт болған деп қарауға мүмкіндік бар. Бүгінгі күні осы институтты ғылыми зерделеп тану өзекті. Алайда, түрік халықтары тарихындағы атабектік институт туралы арнайы зерттеулер, яғни ол институттың құрылуының бастаулары мен хронологиялық жағынан даму сатылары,

тарихи сабақтастықтары туралы кешенді ғылыми еңбектер жоқ десе де болады.

Атабектік институттың тарихи бастаулары жайлы сөз еткенде ортағасырлық түркі жазбаларынан бастап, кейінгі селжұқтар арасында сол қызметті атқарған адамдардың өздері жазып қалдырғанын аңғаруға болады. Мысалы, көне түркіде Тоныкөктің өзі уәзір ғана емес, қағандардың ұрпақтарын әскери өнерге баулыған тұлға екені олардан қалған тас жазба мұраларда көрініс тапқан. Ендігі міндет соларды кешенді ғылыми зерделеуден өткізу керектігінде болып тұр.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда атабектер туралы біршама толыққанды мағлұматтар ортағасырлық селжұқтар империясы әлсіреген тұста Кіші Азия мен оңтүстік Кавказ аумағындағы атабектердің әулеттік билігіндегі мемлекеттер туралы азербайжандық ғалым, академик З.М. Буниятов еңбегінде біршама толық мағлұматтар берілген. Алайда, ғалым бұл институттың пайда болуы мен атқарған қызметтерінің тарихи сабақтастықтарына арнайы тоқталмаған [4]. Дегенмен автордың зерттеу нысаны болған атабектер билігіндегі мемлекеттер басқару жүйесінің сол кезеңге тән жаңа мәмлүктік басқаруымен сабақтасып жатқаны туралы пікірлері назар аударуға лайық.

Дәл осы жүйенің кейінгі қазақ хандығы дәуірінен де кездестіреміз. Оның ішінде Жабай атаның замандасы саналатын атақты Абылай ханның аталығы Ораз туралы деректердің кездесуі осының айғағы. Олай болса бұл институттың қазақ хандықтарының кезінде де тарихи сабақтастықта кездесіп отырғаны байқалады. Ораз сияқты аталықтардан ел басқару мен әскери өнер қырларына қаныққан жас Әбілмансұр Л.Гумилев сөзімен айтқанда «пассионар тұлғаға» айналып, саяси элита арасына ерте жасынан кіріге алған.

Енді осы аталық институтының атқарған қызметтері тек ел билеу мен әскери өнерге баулумен ғана шектелмегенін байқататын тікелей болмаса да, бар деректерде жасырын жатқан мағлұматтарды деректанулық талдаулар арқылы айқындау мүмкіндіктері де жоқ емес. Соның ішінде ең бастысы аталық институтының елдің идеологиялық біртұтастығы мен патриотизмді тәрбиелеудің берік мектебі бола алғандығы дер едік. Өйткені тарихи деректердегі ұлттық рухы биік тұлғалардың көбісі осы мектептерден өткен тұлғалар екені тарихтан белгілі. Ұлттық идеологиямен сусындаған тұлғалар ғана қиыншылық кезінде тұрақтылық пен сабырлы қалпын сақтай алып, ел мүддесі үшін алысты болжаған саясаттарды жүргізген.

Көне түркі жазбаларында ең басты идеология ауызбірлік пен елдікті сақтау екені мәтіндерде анық айтылған. Оған қоса, ел басына қиындық түскенде тек санаулылардың оның ішінде ұлттық рухы жоғарылар ғана алған білімдеріне, жат жерлерде өскеніне, білім алғанына және жаудың астарлы саясатының мәнін ұғынып, бәріне сақтықпен қарай отырып елдіктің намысын жоғары санаған. Мысалы, Кіші Күлтегін жазбасында «ақылды кісілерді, батыл кісілерді табағаштар қозғай алмады» деген жолдар соның айғағы іспетті дерек [5, 237 б.]. Екіншіден, аталықтар немесе атабектер елдің дәстүр-салтын жетік білген адамдар ретінде ел билеу заңдылығын терең меңгерген тұлғалар болған. Олар тек әскери өнерді ғана емес, рухани, яғни діни жоралғылар мен салттар, дүниетанымдар мен көрші елдердің салт-дәстүрлері, дипломатиялық қарым-қатынастың түрлі қырлары бойынша ерекше сауатты болған. Бүгінгі ғылым тілімен айтқанда психологияны жақсы меңгерген.

Жабай ата туралы фольклорлық деректерден де дәл осындай жайттардың кейбір көріністерінің сабақтастығы айқын аңғарылады. Олай болса, қолда бар деректерге қарағанда көне түркілік, ортағасырлық қыпшақтарда кездескен әскербасы және рухани көсем саналған атабектік институт бұрынғыдай кең көлемде болмаса да, негізгі мазмұнын жоғалтпай XVIII-XIX ғғ. тоқсабалық, аталық сипатта дамыған деп санауға келетіндей. Оған Абылайдың да, Жабай атаның да Төле биге шәкірт болуы мен бірге аталықтардың қазақ хандығының шеңберінде әлі де сақталуы арқылы көрініс береді. Дегенмен, біртіндеп саяси билік Қоқандықтарға өткен тұстарда, мүмкін осы институттың қызметінің аясы тарылған секілді. Жабай батырға қатысты мағлұматтарға сүйене келе кешегі түркілік

аталықтар рөлін ендігі жерде алғашқы мәнінен өзгерістерге ұшырап, ендігі жерде ол міндеттерді әскербасы тоқсабалар атқарған да болар деп ойлаймыз. Бұл мәселе әлі де ерекше арнайы зерттеуін күтіп жатқан тақырып.

Жабай атаның рухани мектебі туралы айтқанда, екінші бір біздің назарымызды аударған жайт кейбір деректерде Жабай атаның өмірден озар тұсында өзінің денесін Тұрбатқа немесе Бұлбұлға қоюын ұрпағына аманаттауы дер едік. Тұрбатта Исмаил ата кесенесі орналасқаны және ол жердің атағын мұсылман әлеміне таныс еткен кешегі сопылық мектептің белгілі тұлғалары жатқан қасиетті мекен екені де белгілі. Ал Бұлбұл туралы ел ішінде білетіндер сирек. Біз білетін Бұлбұл әулие мазары бүгінгі Қазығұрт ауданы, Жұмысшы елді мекені тұсында орналасқан. Тарихи деректерде сол тұс кенестер билігінің алғашқы тұстарында солай аталған да екен.

Алайда бұл әулие туралы көне көз қариялар көп айтқанымен бүгінгі ұрпақтың құлағында аз мағлұматтар сақталған, тіпті жоқтың сипатында. Фольклор материалдарын жинақтаушы ғалым Қ.Ергөбековтен, шежіретанушы жазушы М.Әбдәкімұлынан осы әулие сыр тартқанымызда мағлұматтың аз екендігін, тек ол кісінің Исмаил атаның шәкірті болғаны, шын есімін ел ұмытқаны, ал Бұлбұл есімі лақап аты екені және жастай қайтыс болғандығы туралы ғана ауызша әңгімелер ел арасында сирек болса да сақталғанын ғана білетіндіктерін айтты. Сол ел аузында сақталған деректің бірі де Жабай батырдың өзін сонда жерлеуін аманат еткеніне қарағанда ол кісілердің заманында Бұлбұл әулие туралы мағлұматтардың қазіргіден мол, бай екеніне және елдің рухани тұрғыдан қастерлеген орындарының бірі екені анық байқалады. Олай болса Бұлбұл әулиені де зерттей түсуге Жабай баба аманаты мезгеп тұрғандай әсер береді. Ауызекі жеткен деректің маңызы сол Ислам діні қазақ даласына, ісі түрікке негізінен А.Ясауи ілімі арқылы енгенін, Тұрбаттағы Исмаил ата мен оның шәкірті лақап аты Бұлбұл болған әулиені ұстаз тұту арқылы оңтүстіктегі елдің мұсылмандықты игеруіндегі мектептер туралы жасырын ақпарат бар сияқты көрінеді бізге. Бұл да өзінше тың тақырып. Ал анығы ендігі жерде осы әулие жатқан жерді облыстық деңгейдегі киелі жерлер санатында есепке алып, мемлекет және ізденуші ғалымдар, дінтанушылар тарапынан арнайы көңіл бөлінсе рухани дүниемізді түгелдеуге септігі тиер дер едік.

Жалпы бір мақала төңерегінде Жабай әулие туралы, оның тұлғалық бет бейнесінің барлық қырларын ашу мүмкін емес, ол мақсатымызда емес. Біздің мақалада айтпақ ойымыз қазақ тарихын түгелдеуде тарихи деректерді ғылыми сараптауда кешенді ізденістер керек. Ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып кез келген деректерді сөйлету тарихымыздың кейбір «ақтаңдақтарын» айқындай түсуіне көмегі тиер еді дегенді көпшілікке ұсыну. Жабай батыр туралы фольклорлық деректерді ғылыми тұрғыда зерделеу әлі көп беймәлім тарихымыздың беттерін парақтауға қарай жетелей түседі демекпіз.

Әдебиеттер мен сілтемелер

1. А.Тоқтабай «Жабай баба ғасырлармен тілдесе»// Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр. Ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы. Алматы, «Жамбыл» 2019.-39-59 бб.
2. Н.Қапалбекұлы. Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр// Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр. Ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы. Алматы, «Жамбыл» 2019.-5-38 бб.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы «Арыс» 2006 ж. 15 томдық 2 том -744 б.
4. З.М.Бунятов. Государство Атабеков Азербайджана (1136-1225). – Баку «ЭЛМ» 1978.

Д.А.Махат. Күлтегін жазба ескерткіші және ұлттық мемлекеттік қауіпсіздік мәселелері//Байырғы Түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты ХҒТК материалдары. Алматы «Ғылым» 2001- 235-239 бб

Аннотация: В статье рассматриваются актуальные научные вопросы по изучению Жабай-

батыра. Если мы говорим, что наша история использовалась сегодня и служит будущему, историческое сознание казахского народа формировалось, развивалось и сохранялось главным образом посредством исторического генеалогического наследия. И хорошо известно, что история древней истории восходит к фону определенных исторических деятелей. Когда наша страна обрела независимость и попыталась создать суверенную нацию, это было наше самое раннее желание пробудить дух, и мы прославили людей, которые пожертвовали своей жизнью во имя национальной независимости. Благодаря этим действиям Степь стала понимать «ценность независимости». Вот почему у исторические личности наши герои это наши общие предки. Легендарные истории о таких людях в стране неспроста из уст в уста дошли до нас.

Abstract: In the article are considered the actual research questions of Zhabay-batyr. If we are told today that today we have used today and serve the future, the historical formation of the Kazakh people has been shaped, developed and preserved as the principal image of the historic genealogical syndrome. And it is well-known that the history of the Eastern history comes up to the definition of the background of historic truth. And when we were told that we would never succeed, we would have to build a sovereign, which was the very best we could do for ourselves, and we were the ones who had been praised by those who were sacrificing their lives in the name of national self-indulgence. Thank you Step by Step To be able to perceive "priceless inequity." We are in the historic personalities of our heroines that are our common predecessors. Legendary history of the righteous people in the country did not work out in the wilderness.

ӘОЖ. 514.21. (574)

Айтай Б.С.

т.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

ЖАБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ЗАР-ЗАМАН ОҚИҒАЛАРЫ

Түйін: Мақалада тарих ғылымының танымдық қарымын арттыратын батырлар институтының даму шыңы болып табылатын XVIII ғасырдың зар-заман кезеңіндегі оқиғалардан дерек беретін және сол деректердің ішіндегі Жабай батырдың рөлі көрсетіледі. Автордың пайымдауынша, Ташкент және соның атырабындағы сол кезеңде орын алған ірі оқиғаларға негізінен батырлар араласқан, олардың ішінде жастығында батыр, егде жас шағында әулие атанған Жабай бабаның тұлғалық қызметі сипатталған. Жабай батырдың қазақ-қалмақ, қазақ-қырғыз және қазақ-бұхарамен болған қайшылықтарына қатысты ойлар білдірілген. Ташкент ұлтымыздың көптеген ұлыларының мекен еткен, қызмет еткен, мәңгілікке жәй тапқан орны. Жабай бабаның өмір тарихының көп бөлігі де осы қала мен оның атырабында өтіпті. Ұлық бабасының елге қызметін көрсетуді мақсат еткен және оны дәріптеуді шешкен оның бүгінгі ұрпақтарының әрекеттерін мен де зор ылтпатпен қабылдаймын.

Кілттік сөздер: Жабай батыр, тұлға, әулие, жер, бірлік, Ташкент, шежіре, Абылай, ту ұстаушы.

Халқымызда «жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» деген нақыл бар. Тегін білу, руын тану - ағайын арасындағы бірлікті нығайтып, қаймағы бұзылмайтын ынтымаққа жетелейтін адамгершілік-туыстық қатынас. «Туған жерге туыңды тік» деп қазақ атам бекер айтпаған. Тарихи білім ауыл, өңір шежіресін оқудан, зерттеуден басталады. Ауылының тіпті өңірінің шежіре-тарихын жақсы білген кісіні оқығаны мен танымы бар азамат екен дейді. Қай елге қонақ болып барсаң немесе құда-жекжат болсаң алдымен, елің кім, кімдерің бар?-деп сұрайды. Бұл әдет. Осы сұраққа жауап бере алмай қалған бірқатар замандастырымды көрдім. Өзінің ата шежіресін білмейтін, қайдан келгендігінен хабарсыздар өкінішке орай арамызда әлі де бар. Рухани жаңғыру дегеніміздің өзі, алдымен өзіңді-өзің тану, қайдан келдім?, кімін?, қандай

құндылықтарға иеміз?, деген сұрақтарға жауап табу. Биік адамзаттық өркениетке кіммен және қалай жетеміз? деген мәңгілік құндылықтар тағы бар. Оған қол жеткізген халықтар әлемде санаулы ғана. Олар әдебиеті, өнері, ғылымы мен тарихымен мақтана алады.

XVIII-XX ғасырлар аралығында Ресей ғалымдары түрік халықтарының тарихын зерделеуге көп күш жұмсады. Нәтижеде, ұлы империя құрған және Руське өз өктемдіктерін жүргізген жігері мықты халықтар болғандығын танып, білген. Оларды ежелден Русьтің қас-дұшпаны, қатыгездік пен өлім әкелген «жыртқыш» ретінде өздерінің мемлекеттік рәміздеріне оюлап салғандығын көрген. Түріктер туралы бұл тарих пен ұғымдар қатты ойландырды. Мұны «славян тарихына қауіпті» деп тауып, Русьтің тарихын жаңаша көзқараспен жазу үшін бұрынғы дереккөздер өзгертілді немесе жойылды. Түрік тектес қайраткерлерді «пантүрікшілдікте» айыптап, түрік атауын «тюрк» деп бұрмалаған шовинист ғалымдарына мемлекеттік грамоталар, бағалы сыйлықтар, кеңестік кезеңде Лениндік сыйлық, Социалистік Еңбек Ері атағын беріп марапаттап жатты. Ғалымдармен бірлесіп жүргізген отаршылдықтың құйтырқы бұл саясаты өз жемісін берді. Кеңес өкіметінің «ортақ халық», «коммунизм құрамыз» деген жауынгер идеологиясы халықтың рухы дегенді «догмаға» балап, халқымызды мәңгірттікке, тіпті құрып кетуге айналдыра жаздады. Оны еліміздегі бірқатар қала тұрғындарының деградацияға ұшырауынан да көруге болады. Белгілі тарихшы Ханкелді Әбжанов бұл жөнінде: «Ұлы державалық менмендік, 1917 жылғы революциямен келген үздіксіз қуғын-сүргін және тоталитарлық-идеологиялық өктемдік төл тарихымызды бәсі биік ұлттық құндылыққа айналдыру құралы – методологияны жергөгінде тұншықтырды, оның орнына өтірік пен шындықты мидай араластырған, сана мен намысты дұрыс ұстанымнан адастырған партиялық-материалистік методологияны бекемдеді»[1] деп жазады. Десек те қазақ тарихында баяндалатын жау жалғыз орыс үкіметі емес еді. Қазақтың жері мен суына жанталасқан шығыс пен оңтүстіктегі хандықтар да аяусыз ауыз салды. Қазіргі ұрпақтар санасында берік орныққан қазақ-қалмақ шиеленістері негізінен оңтүстікте және қазақ-қоқан жанталасының шешуші шайқастары да осы жерде орын алды.

Сыртқы жауға да, рухани жұтандауға да қарсы тұра алған біздің оңтүстік. Зиялы жұрт оңтүстікті ұлысымыздың ұйытқысы, Қазақстанның рухани астанасы деп біледі. Өйткені, қазақ тарихындағы қазақтың алғашқы мемлекеттері, мемлекеттілік осы өңірде пайда болды. Мемлекеттің қара шаңырағы. Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей ішінді пыстырарлық той бізде өтпейді. Оңтүстіктің тойы-төрт түстікке ортақ той. Ұлттың тойындай той етіп ұйымдастырылады. Көріп, тамашалап отырып уақытыңның қалай өткенін байқамай да қаласың. Құт қонған, бақ дарыған өлке. Дарындылары көп, әулиелері мол жер. Оңтүстік дегенде ең алдымен көз алдымызға үнемі Отырар, Сайрам, Түркістан, Шымкент шаһарлары мен өңірдің киелі орындары келеді. Біз тағы бір рухани орталық саналған Ташкентті және оның атырабын ұмытып кетіп отырамыз. Ташкент қаласының маңы және облыстарында көптеген қазақ руларының атауымен аталатын ауыл-махалаларды кездестіруге болады. Айталық, «Арғин овул», «Болта», «Жауқашти», «Жаңғабой», «Оранши», «Мамыт», «Қанғли», «Сосбақа», «Болғали», «Сирғали», «Қибрай», «Оқкутай», «Салмалик», «Жанбирши» т.б.

Ташкент ұлтымыздың көптеген ұлыларының мекен еткен, қызмет еткен, мәңгілікке жәй тапқан орны. Жабай бабаның өмір тарихының көп бөлігі де осы қала мен оның атырабында өтіпті. Ұлық бабасының елге қызметін көрсетуді мақсат еткен және оны дәріптеуді шешкен оның бүгінгі ұрпақтарының әрекеттерін мен де зор ылтипатпен қабылдаймын.

Біз мемлекетіміздің тарихын түгендеу ісін саясиландырып жіберетін әдетіміз бар. Жазба деректерде ойып-ойып орын алған тұлғаларымызды оқулықтарға аямай енгіздік. Әлі күнге дейін ауыз деректеріндегі, жергілікті аңыз-әңгімелерде айтылатын тұлғаларға күдіктене қарап келеміз. Өлке құрған, ауыл құрған аудандық, ауыл деңгейіндегі қайраткер

тұлғаларды іздеу ісіне Елбасының өз жолдауында «өлкетануға көңіл аудару қажет» деп айтылған сөзінен кейін ғана жергілікті әкімдік пен мұғалімдер кірісе бастады. Осылайша, өлкетанушылық білімді қалыптастыру заман талабына айналды. Көшелер мен жер-су аттары өзгерді және мүсін-ескерткіштер көптеп қойылуда, ал олардың тарихын үйрену, дәріптеу ісі кенже қалып отырған секілді. Оларды елдің көзіне көрсетіп қойған соң, олар туралы мәліметтер оқу құралдарына еніп, танымдық жиындарда аттары жиірек айтылуы тиіс, туристердің барып көретін орнына айналуы қажет. Әйтпесе, «күнкөсемдерге» қойылған ескерткіштер секілді, біркүні ауыстырылуы ықтимал. Десек те, өзінің кіндік қаны тамған жерін сыртқы жаудан қорғаған батырлар, елінің тыныштығы үшін аянбай күрескен қайраткерлер және аталы сөз, ғибратлы іс қалдырған тұлғалар туралы ескерткіштер мен жазбалар халық жадынан ешқашан жоғалмайды. Тарих әділ. Тарих батыр ұрпақтарының мұрасын мәңгілік мұра деп қабылдап, дәріптеп отырады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол – ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған» [2]. Дәл осы теңеу Жабай бабаға да арналғандай. «Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр» [3] атты ғылыми-танымдық зерттеулер жинағында аты аңызға айналған батыр бабамыз туралы тарихи деректер, аңыз-әңгімелер мен жырлар, шежірелік мәліметтер берілген. Осы жинақты оқи отырып, Жабай бабаның батыр да, әулиелік келбетіне тәнті боласың. Әсіресе, оның тікелей ұрпақтары болып келетін Ерген Айтбаев пен Еркебай Бүрлібайұлының келтірген мәліметтерімен қатар шежіреші тарихшы Момбек Әбдәкімнің деректері көңілге қуанышты ой салады.

Жабай бабаның шыққан тегі Ойсыннан тарайды. «Ойсын»-Ойсыл баба деп те жазылып жүр. Батырлық, жауға қол бастау және ел басқару, елді біріктіру қабілеті Жабайдың ұлы бабасы Ойсылдан тараған деп айтуға негіз бар. Өйткені, мұндай асыл қасиет ұрпақтарының барлығына бірдей қона бермейді. Тек текетірес заманда, ел басына күн туған сұрапыл кезеңде таңдаулы адамға ғана қонады. Ойсыл бабаның белгілі тарихи тұлға болғандығын танымал тарихшы Мұқтар Қожа «Алтын Орданың беклербегі-Ойсыл баба» [4] атты мақаласында жан-жақты дәлелдеп, көрсеткен. «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сиргелі ұрпақтары» атты аңыздағы ханның Алтын Орда тағын 1342-1357 жылдары иеленген Жәнібек екендігін айқындап берген. Ойсыл беклербек Алтын Орданың дәуірлеп тұрған Өзбек пен Жәнібек хандардың билік құрған заманында, яғни XIV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрді. Ол Өзбек хан кезінде Алтын Ордада ханнан кейінгі ең жоғары мемлекеттік қызметті иеленіп беклербек - «бектердің бегі» аталды. Арабтың атақты саяхатшысы Ибн Баттутаның жазуынша[5], ол «ұлыс бастығы, бектердің бастығы. Мен онымен кездестім; ол сұлтанның қызына үйленген екен...» деп жазыпты. Демек, ол империяның әскерін басқарды, көрші елдермен қатынастарды реттеп отырды, Ислам дінін таратуға атсалысты. Кейбір зерттеулерге қарағанда оның бір баласы Қырымды басқарған. Жасы келген кезде аяғы ауырғанына қарамай маңызды мәжілістерге қатысу үшін қызметшілері көтеріп апарып, әкеліп тұрды. Ол ханның қызын алып ханға әйелдікке туған қызын берді.

Ерген Айтбаев «Жабайдың арғы атасы Ойсын, одан Құбасай (Сиргелі), одан Таңатар, одан Тәжімбет, одан молда Әзімбет (Әзімбай), Әзімбеттен — Алыбай, Толыбай, Қалыбай деген үш бала болған. Қалыбай үйленген соң дүние салады»[3,194 б] деп көрсетеді.

Алыбай мен Толыбай жауға үнемі бірге аттанған ағайынды батырлар болған екен.

Бұл жәйлі белгілі шежіреші Момбек Әбдіәкімұлы «Хақназар ханның тұсындағы бір шайқаста екеуі басқалардан ерекше көзге түсіпті. Содан Алыбай – ерді батыр, Толыбай – жайдақ батыр атаныпты. Мұның соңғысы ұрысқа атқа жайдақ мініп түседі екен. Жайдақ атанған Толыбайдың сүйегі Қарқаралыда қалған. Көкшетаудағы бір көл осы кісінің құрметіне «Толыбай көлі» аталған.. тек, Толыбай өлер алдында Арғыннан тоқалдыққа бір қыз алып, ұл сүйеді. Қазір Бурабай маңындағы Арғынға жатып жүрген қалың Қуандықта Толыбай деген жіктеліс бар. Олар осы Толыбайдың әлгі тоқалынан туылған үрім-бұтақтар. Бірде Алматының аэропортында бір қариямен атүсті танысып, осы жайында азын-аулақ әңгіме естіген едім. Сонда ол қария: «Арғынға жатқанымызбен, біздің түбіміз Қаратаудағы Үйсін Толыбай батыр екен» дегенді айтты. Мен оған: «Толыбай Үйсін емес – Ойсыл. Өйткені, Үйсіннен шыққан Толыбай деген батыр жоқ», - дедім. «Біз үшін Ұлы жүздің бәрі Үйсін ғой» деді күліп. Ең өкініштісі, сол қарияның адресін алып қалмаппын. Еңкіш тартып қалған адам еді...»[6] деп жазады. Бұл әбден мүмкін, жаугершілік заманда Толыбайдың дүйім Арғынның атығой-қарауыл рулары мекен еткен Көкше жеріне баруы, онда Арғыннан тоқал алуы, одан бір ұлдың сүюі, бүгінде олардан бір қауым ел болуы секілді тарихта мысалдар көп. Мұны Момбек ағамыз секілді шежірешілер пайымдамаса кім пайымдай алады, оны біліп, жазып алуға көңіл аударар қояды дейсің?

Хақназар ханның билікке 1538 жыл келгендігі анық болса, Хақназардың тұсындағы бір шайқаста ағалы-інілінің ерекше көзге түскені бар болса, олардың халық ауызына ілігуі әбден мүмкін. Хақназар хан 40 жыл билік құрды.

Е.Айтбаев «Жабай тоқсаба. Қазыбек ата» атты [3,1946] зерттеуінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Төлеш ақынның:

Алыбай мен Толыбайым,
Есімханның үзеңгелес жолдасы.

деген жыр шумағынан үзінді келтіреді. Осы үзіндіден Алыбай мен Толыбай батырлардың Есім ханға да үзеңгілес болғанын көріп отырмыз. Демек, олар Есім ханның тұсында кемі 60-тан асқан шағы болған деп топшылауға болар. Олардың соңынан Ташкент өңірінің Сиргелі тайпасының рулары толық ерген деуге хақымыз бар. Есімнің ағасы Тәуекел хан Түркістан, Ташкент, Ферғананы өз иелігіне қосты. Тәуекел ханның Орталық Азияға жорығы алдын-ала көп жылдар бойы Есім сұлтанмен бірге дайындалған, нақты мақсаттарға жұмылдырылған күрес болатын. Қазақ хандарының Түркістан өлкесін билеуіне нақшбанди тарихатын ұстанушы шайхтарының оң батасынан кейін кең жол ашылғандығын белгілі шығыстанушы, тарихшы М.Қ.Әбусейітова өз зерттеуінде көрсетеді[7]. Есім ханның Ясауи жолын ұстанғандығы тарихқа мәлім.

Жабай бабаның ер жеткен шағында қазақ-қалмақ соғысының өршіп тұрған кезі, оған ел ағалары жауға қарсы қол жинау ісіне аса көңіл аударып, күндіз-түні тыным таппай жүрген кезең еді. Оған Жабайдың өз тайпаластарынан жасақ құрып немесе құрылған жасақтың қолын бастап батыр атануы ірі жетістік. Кез-келген жігіттің он басы, жүз басы болуға шамалары жете бермейді. Тіпті ту ұстаушы болудың өзі үлкен абырой саналатын. Оған білектің күші ғана емес ақылдың да күші керек. Абыройлы артқан текті тұқымнан шыққан болуың да маңызды.

Қалмақтарды шығыстан Циндік Қытай өкіметі қыспаққа ала бастаған соң шамамен 1752-1754 жылдары олар өңірден кетуге мәжбүр болды. Тура бір ғасырға созылған жоңғарлардың оңтүстікке жасаған шабуылдары осы жылдары біржолата тоқтады. Десек те олармен шиеленістердің алдын - алу оңай болған жоқ. Олармен қарсылықты, мәмілегерлікті дұрыс жолға қоя алмағынымызда ұлт ретінде жойылып кету қауіпі төнген еді. Оған әрине Салқам Жәңгір ханның, Тәуке ханның, Абылай хан мен олармен қатарлас болған би-батырларымыздың қайтпас қайсарлығы, ерік-жігерлері басты себеп болғандығын да атап айтуымыз қажет.

Тәтіқара жырындағы

Жуан қарны іркілдеп,
Қытай қашып келеді.
Өзірейлдей зіркілдеп,
Жабай қуып береді.

.....
Қожаберген жыраудың «Елім айындағы»
Ұрыста қиындыққа шыдай берсек,
Қалмаққа қырылатын келер кезек.
Табағын жаудың өзіне қайтар тартар
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек...

деген жыр шумақтарының тарихилығы жағынан зор мәнге ие[3,196б], осы маңызды мәліметтерді Е.Айтбаев Жабайдың астында «Кертөбел» деген арғымақтың болғандығын дәлелдей көрсетеді. Жырлардағы Жабай, Жабай Қазыбекұлы болса, оның «Кертөбел» деген арғымағымен жауды қуған болса, оны Тәтқиқара өз жырына қоса, онда бұл Жабайдың батыр атанғандығының толық дәлелі. Сонымен қатар, Жабай батыр ұстаған Сиргелі тайпасының жауынгерлерінің ақ туы бүгінге дейін ұрпақтары сақтап қойған болса, онда оларға бұдан артық заттай деректің қажеті жоқ.

Абылай қазақтың үш жүзіндегі дерлік барлық батырларын жауға қарсы жұмылдырады. Жабай батырдың қытайларды қуған шайқастар 1755-57 жылдарда орын алды. Елге аты мәлім бірде бір батыр қытайға қарсы соғыстан шет қалуға тиіс емес еді. Қытайдың императоры Цян-Лун «егер әскерді дереу жорыққа шығармасақ, қазақтардың жолы болады да, олар өз пайдасына жетеді» [8, 248 б.] деген өз генералдарына жіберген хатындағы дерек Пекин архивінен алынған. Бұл жерде жоңғар ханы Бороталда Давацидің жақтастарын талқандаған қазақ жасақтарының жеңісі айтылып отыр. Жоңғарлармен соғыстың өз пайдасына шешілуін көздеген Абылай айлалы, астарлы саясат жүргізіп қоймады, небір жойқын ұрыстарда соғыс ісін жетік меңгерген, бес қаруы бойына сай батырларын тастап, қолбасшылық қарым-қабілетін таныта білді.

1756 жылдың көктемінде Абылайға пана іздеп қашып барған жоңғардың соңғы билеушілерінің бірі Әмірсананы ұстап беруді үзілді-кесілді талап еткен грамота жіберілді. Егер ұстап бермесе үлкен армиясын шығарып, қазақтарды толық жойып жіберетіндігін де мәлімдеген. Бұған секемденген кей сұлтандар мен билер, ақсақалдар Абылайға өз райынан қайтуға шақырғаны да бар. Бірақ, Абылай қытайлықтарға қарсы тұруға бекем шешім қабылдайды.

1756 жылы қазан айында қытайлардың Бөгенбай батырдың топтарымен шайқасы болды. Есіл жағасында қытайдың батыс және солтүстік атты екі армиясының бірігуінің сәті түсті. Цин әскерлері өте қиын жағдайға ұшырады. «Аттарымыз болдырды. Қатаң қыс түсті. Аттар, басқа да мал мен азық-түлік әлі де келіп жеткен жоқ ... Хат жазып асықтырып отырмыз ... Қысты бұл арада өткізу мүмкін емес ...», – деп баяндады солтүстік армиясының генералы Дардана өз императорына. Ақыр аяғында цин өкімет орындары өз әскерлерін Қазақстаннан кері шақырып алуға мәжбүр болды. Император Цян-Лун былай деп мәлімдеді: «Қазақтар алыста жатқан тайпа болып табылады. Бір қашқын - Әмірсанаға бола үлкен армия Сондықтан әскерді болашақта қайтадан аттандыруға тырысу үшін оларды даладан уақытша әкетеміз» [8,250 б.]. Құжаттардан көріп отырғанымыздай, Абылай өзінің Қытайға бодандығын іс жүзінде мойындаған жоқ, керісінше мәмілегерлік бітім жасалды. Қазақ елшіліктері 1757 жылы – Тарбағатайға, 1759 жылы – Ертістің жоғарғы ағысындағы жерлерге, 1760 жылы Іленің жоғарғы ағысына өз құқықтарының танылуына қол жеткізді. М.Әбдәкімнің көрсетуінше 1755-1756 жылдары Жабай батыр Жетісу жерінде Абылай ханмен бірге жүргент[3,92-93бб]. Міне осы аталған жетістіктерге Жабай батырдың да қосқан үлесі зор болды деп айта аламыз.

Қытайлардың қауіпі басылған соң, Абылай хан өмірінің соңғы 15 жылын Орта Азия

хандықтарына қарсы тынымсыз күреспен өткізді. Қазақстанның оңтүстік шептері де біртұтас мемлекеттің құрамдас бөлігі ретінде Абылайдың жоспарына енді. Алғаш рет 1763-1765, кейіннен 1767 жылдары Абылай 40 мыңға жуық әскерімен Қоқан билеушісі Елдана бекпен соғыс жүргізіп Ташкент, Түркістан, Сайрам, Шымкент қалаларын қайтадан қазақтар иелігіне бағындырды. Мұнда Абылай Қоқанның билігіне өте бастаған тау қырғыздарын тас-талқанын шығарды, Ферғана жазығындағы 30 мыңға жуық қырғыздарды Көкшетау даласына көшіріп әкеліп қоныстандырады. 1762 жылы ол қарақалпақтарға да жорық жасады және сол арқылы ұлы жүз рулары мен қоңыраттардың ескі замандардан бері қазақтардың жері болып келген Сырдария өңіріндегі қоныстарын иеленуіне мүмкіндік берді. Тарихта 1779 жылы қазақ пен қырғыздың арасындағы «Жайыл қырғыны» деген соғыс бар. Жасы 80 асқан қырғыздың Жайыл дейтін ірі манабының жасақтарын бүгінгі Меркі, Қордай аумағының жері үшін болған қырғында тасталқанын шығарған оқиғаның бел ортасында Жабай батырдың жүргені туралы М.Әбдәкімұлы жан-жақты баяндаған [3,93-95 бб]. Жабай батырдың осындай ірі оқиғалардың бел ортасында жүрмесе, оның аңыз-шежірелерге түсуі неғайбыл болар еді.

Абылай Ташкенттің қазақ хандығы үшін маңызы зор екендігін жете түсінген саясаткер. Ташкент өңірі Абылайға бөтен жер емес, ол «ақтабан шұбырынды» жылдарында Төле бидің түйесі мен жылқысын баққан аумақ. Абылайдың Ташкентте бір жыл тұрған кезі осы 1765-66 жылдар болуы керек. Абылай қайтыс болғанға дейін Ташкентті қазақ билеушілері мен оларға ықпалы күшті қожалар басқарды. Абылай Бұхара хандығымен шиеленіскен жылдары үнемі Ташкентте қала алмас еді. Оның Арыс өзенінің бойындағы Ханқорғанда ставкасы болды. Осы ставкісінен қазақ-бұхара қатынасына бақылау жасады. Бірнеше мәрте осы ставкіде жиын өткізген. Осы қамалда Бұхарамен бейбіт мәмілеге келуге шешім қабылданған. Абылай ханның қайтыс болған жері де осы Ханқорған қамалы болыпты. Оның денесін киізге орап, су құя отырып, Арыс өзенінің бойымен Түркістанға жеткізілгендігін жергілікті «Мадани» ауылының тұрғындары ауыздан-ауызға келіп жеткен әңгіме деп айтады[9].

Абылайдың өлімінен кейін бұхаралықтар қайткенде де Ташкенттегі қазақтардың дәлірегі Абылай әулетінің билігін жоюға кірісті. Сол кезде өмір сүрген куәгерлерінен жазып алған XIX ғасырда өмір сүрген өзбек тарихшысы Мұхамед Салих Ташканди: «Жүніс қожаның қазақ тайпаларына деген өшпенділігі шектен шығып кетті. Бағынбаған, зекет төлеуге наразы қазақтарды аяусыз дарға асты, бастарын үйіп қойды, олардың шабуылдарына тойтарыс беру үшін биік дуалдар соқтырды» [10,123б] деп жазады

XVIII ғасырдың соңына келіп Ташкент сыртқы билеушілердің ықпалынан толық азат болғанымен қала төрт бөлікке бөлініп басқарылды. Олардың арасындағы өзара қайшылықтар тоқтамады. Қазақтар саны жағынан ең көп этнос саналды. М.Салих көрсеткендей бұқаралықтардың ықпалындағы Жүніс қожаның қазақ тайпаларына деген өшпенділігі өшігіп кетсе, оған қарсы немесе мәмілегерлікке Жабай секілді батырлардың араласары хақ. Неліктен бас көтеріп жазаламады? деген заңды сұрақ туады. Егер Жүніс қожа қазақтардың қатты қарсылығына тап болғанда, ол оқиғалар тарих беттеріне түсер еді. Жүніс қожаның «қазақтарды аяусыз дарға асуы, бастарын үйіп қою ісінде» шарифат пен мағрифат қағидаларының қолданылуы ықтимал деп болжаймыз. Заң күшісіз және насихатсыз мұншама адамдардың құрбандығына бару өте қауіпті.

Жүніс қожа Ташкентті 1784-1801 жылдары, кей деректерде 1805 жылға дейін басқарды делінеді. Ол өз атынан күміс пен алтын ақша шығарған. Бұл Ташкенттің дербес билік пен дәулетке ие ірі орталық болғанынан да дәлел. Жоңғардан, қытайдан жапа шеккен қазақтар неліктен ташкенттіктерден бұл күйге түсті? Бұл өз алдына талқыланатын тақырып, ал Жабай батырдың әулиелікке бет бұруы, оны мойнына алуы да осы шақта болған ба деген сәуегей ой келеді. Сопылық діни-танымның үстем құрып тұрған сол кезеңде, қожа молда, қожа ишанның алдын кесу үлкен әдепсіздік саналаған. Жабайдың

әкесі Қазыбек қажының Сейіт Исахан ишанның тәрбиесінде болған. Онымен бірге қажылық сапарда болып қайтқан. Қазыбек қажының жеті ұлының ішінен тек Жабайдың әулие атануы көп нәрсені аңғартса керек. Ол кездердегі қажылар бай, дәулеті аскандар санатында болса, кедей-кепшіктердің Түркістанға жасаған зиярат сапары «кіші қажылықпен» тең атанып жүрген кезеңі.

Жабай батырға «тоқсаба» деп атақ берген кім? Және мұның қандай мәртебе болғандығын тарихшылар дәл көрсете алмайды. Десек те, «тоқсаба» бірқатар рулардың ұраны, солардың ішінде бірқатар қарақалпақ тайпаларында және кіші жүздің байбақтысының бір атасында сақталып қалған ұран. Батыс қыпшақтардың бір әулетінің атауы «тоқсаба» деп аталған. Есім хан, Салқам Жәңгір, Тәуке хандар тұсында «тоқсаба» деп ұрандатып ту ұстаған батырлардың болғандығы ауыз әңгімелерде айтылады. Сонымен қатар, сарайда әскери дәріс берушілерді «тоқсаба» деп атаған деген де жансақ мәлімет бар. Демек, «ту ұстаушы», «ұран көтеруші» тоқсабаларға көбіне «дауысы қатты, дуалы ауызды, арқалы» батырлар сайланған, олар жауынгерлердің рухын көтеріп, қолдың алдыңғы шебінде жүрген болып шығады. Немесе алдыңғы шепте ту ұстаушыларды, айқайлап алға ұмтылушы жауынгерлерді үйретушіні «тоқсаба» дейді деп топшылаймыз.

Қорыта айтсақ, тарих әркімнің отан мен халық алдындағы еңбегін өз орнына қойып, оларға әділ бағасын беріп отырады. Тарих ұлтының рухани дамуына, туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан және ерлікпен елін қорғаған перзентін жадында мәңгі сақтайды. Олар туралы зерттеулер ғасырдан-ғасырға жалғасып, дәріптеле береді. Тарихтың жады солай. Жабай бабаның туғанынан ерекше болып туылғандығы және жастайынан игі жақсылар мен ау ирний (шйғ, мкенрзы дуалы кісілердің көзіне түсуі оның бойында ерекше қасиеті бар пенде болғандығын көрсетеді. Батыр және әулие атануының өзі сол қасиеттердің бойында туа біткендігінің дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбжанов Х. Ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеу методологиясы., «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 4
2. Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы./ «Егемен Қазақстан» газеті, 12 сәуір 2017 жыл.
3. Ақ тулы Сиргелі Жабай батыр. ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы. *Құрастырған: Н.Қапалбекұлы.* / Алматы, «Жамбыл» баспасы.2019.-448 б.
4. Мұхтар Қожа. «Алтын Орданың беклербегі - Ойсыл баба». //«Егемен Қазақстан» газеті, 1 тамыз 2018 жыл.
- 5.Иброхимов Н. Ибн Баттута ва унинг Урта Осиега саехати. Тошкент.- 1993.103 б.
6. Әбдәкімұлы М. «Ойсыл шежіресі». «Кітап» баспасы. Шымкент. 1996 ж.
7. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата., «Наука», 1985, 91-93 стр.
8. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы, 2010. – 3 том. – 768 б.
9. Айтай Б.С.Ханқорған.мақала / «Оңтүстік Қазақстан» газеті. 3 наурыз. 2011
10. Мухамад Салих-ходжа Ташканди «Тарих-и-джадида-и Ташканд. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 7791,№5732. Интернет-инфо

Аннотация: В статье раскрываются факты событий XVIII века, который является вершиной развития института батыров, повышающий познавательные взгляды исторической науки, и о временах Лихолетье, в том числе, роль Жабай батыра внутри этих событий. По рассуждению автора, в крупных событиях произошедших в то время в Ташкенте и его окрестностях, в основном участвовали батыры, среди них охарактеризован личностное служение, в молодости батыра, в годах старости святой – почтенного Жабая. Просматриваются мысли Жабай

батыра о казахо-калмыкской, казахо-кыргызской и казахо-бухарской напряженности. Ташкент - это место, где живут и работают многие великие сыны нашего народа. Большая часть жизни деда Жабай батыра прошла через этот город и прилегающую к нему территорию. Я глубоко восхищаюсь действиями сегодняшних поколений его предков, которые стремились служить стране и прославлять его.

Abstract: The article reveals the facts of the events of the XVIIIth century, which is the pinnacle of the development of the institute of batyrs, which enhance the cognitive views of historical science, and about the times of Zar-zaman, including the role of Zhabay Batyr within these events. According to the author, in the major events that took place at that time in Tashkent and its environs, mainly participated the batyrs, among them was characterized the personal service of venerable Zhabay, who in early life was the batyr, in the years of old age acknowledged as the saint. There are viewed the thoughts of Zhabay Batyr about Kazakh-Kalmyk, Kazakh-Kyrgyz and Kazakh-Bukhara tensions. Tashkent is the place where many great sons of our people live and work. Most of the life of his grandfather Zhabay Batyr passed through this city and the surrounding area. I deeply admire the actions of today's generations of his ancestors, who sought to serve the country and glorify it.

ӘОЖ:930.98

Махаева А.Ш.

тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Әлем тарихы кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан
**ТАШКЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР
(СІРГЕЛІ ЖАБАЙ ТОҚСАБА ӨМІРІНЕН)**

Түйін: Мақалада Сіргелі Жабай батырдың өмірінен оқиғалар көрсетілді. Жабай батырдың өмір жолы, жабайтанушы зерттеушілер мәліметтеріне қарағанда, негізінен, XVIII ғасырға сәйкес келеді. Жабай батырдың туған жері де осы алқаптағы тоғыз торау керуен жолы тоғысқан Ташкенттің маңындағы Әлімтау болатын. 1728 жылдан бері қарайғы кезеңде қазақтар, соның ішінде Жабай батырдың аталары -Ұлы жүздің сіргелі руын құрайтын қазақтар, өзгелермен қатар Жоңғар шапқыншылығын бастан кешіп, Қоқан билеушілері, Ташкент уалаяты (Ташкент иелігі) басқарушылары саясатының аясына тартылып жатқан тұс болатын. 19 ғасырдың басында сіргелі руының 20 мың түтін болатын 5 бөлімі жаз айларында Түркістан, Ақмешіт, Сырдария мен Қуандарияның бойында Алакөл-Аунамаз көліне жақын жерлерде, ал қыс айларында Сарысу, Қарашық өзендерін жағалап, көшіп-қонып жүретін [1, 107-б.].


Мұндай үлкен аймақты бабаларымыз білектің күші, найзаның ұшымен қорғай білді. Атақонысты қорғау жолында болған шайқастарға қазақтар жауынгерлік ұран салып кіретін. Әр рудың өз ұраны болатын.

Кілттік сөздер: Сіргелі Жабай батыр, Ташкент, Әлімтау, шежіре, ру, Ойсыл, шежіре, ұрпақ

Жабай батырдың өмір жолы, жабайтанушы зерттеушілер мәліметтеріне қарағанда, негізінен, XVIII ғасырға сәйкес келеді. 1728 жылдан бері қарайғы кезеңде қазақтар, соның ішінде Жабай батырдың аталары -Ұлы жүздің сіргелі руын құрайтын қазақтар, өзгелермен қатар Жоңғар шапқыншылығын бастан кешіп, Қоқан билеушілері, Ташкент уалаяты (Ташкент иелігі) басқарушылары саясатының аясына тартылып жатқан тұс болатын.

Ұлы жүз құрамына кіретін сіргелі руы тутамғалы, қайшылы, ақкеңірдек, қара кеңірдек, батыр, жайдақ, елібай, жаңабай, айтбозым, қарабатыр, және байжігіт болып 11 атаға бөлінген [1, 30-б.]. Жабай батырдың тегі осы сіргелі руынан тарайды. Сондықтан да ол тарихымызда Сіргелі Жабай батыр деген атпен қалды.

Шежіре бойынша тарқатып айтар болсақ, Сіргеліден шыққан Жабай батырдың арғы атасы Ұлы жүзден тарайды және ұрпақтарының қолындағы мәліметтер бойынша былайша тарқатылады:



Ата дәстүрі бойынша сіргелілер де шаруашылық пен жайылымның жайына қарай ру болып көшіп-қонып, қыс қыстауға, жаз жайлауға қонатын. Олар көшіп қонатын жерлерін ерте бастан сайлап алатын, әрбір ауылдың белгілі бір жерде қонысы болды және оны өте бір бағалы мұрасындай сақтайтын [2, с. 68].

Ұлы жүз қазақтарының XVIII ғасырдың соңындағы қонысы қытай деректеріндегі мәліметтерде былайша көрсетіледі: «Батыс қазақ ордасы (Ұлы жүзді қытайлықтар осылай атаған) Жоңғарияның солтүстік-батысында... орналасқан. Іледен батысқа қарайғы Арал, Каспий теңіздеріне дейінгі жерлерді, Ресей шекарасынан оңтүстікте Мауреннаһрға дейінгі кеңістікті алып жатыр. Батыс орда шығысында Шығыс қазақ ордасымен, батысында Қытаймен, оңтүстігінде қырғыздармен және Мауреннаһрмен, солтүстігінде Ресей шекарасына, оңтүстік-шығысында Ілеге дейін созылып жатыр» [3, с. 12]. Жабай батырдың туған жері де осы алқаптағы тоғыз торау керуен жолы тоғысқан Ташкенттің маңындағы Әлімтау болатын. Ташкент және оның төңірегіндегі жерлер Жабай батырдүние есігін ашқан заманда Жолбарыс ханға, одан кейін Төле бидің, кейіндері Көкжал Барак сұлтан, Абылай хан, Жүнісқожаға, 19 ғасырдың алғашқы онжылдығында Қоқанның Әлім ханына қарады. Ташкент қаласы мен оның төңірегін Ұлы жүздің қазақтары, соның ішінде сіргелі руының басым бөлігі қоныстанды. 19 ғасырдың басында сіргелі руының 20 мың түтін болатын 5 бөлімі жаз айларында Түркістан, Ақмешіт, Сырдария мен Қуандарияның бойында Алакөл-Аунамаз көліне жақын жерлерде, ал қыс айларында Сарысу, Қарашық өзендерінжағалап, көшіп-қонып жүретін[1, 107-б.].

Мұндай үлкен аймақты бабаларымыз білектің күші, найзаның ұшымен қорғай білді. Атақонысты қорғау жолында болған шайқастарға қазақтар жауынгерлік ұран салып кіретін. Әр рудың өз ұраны болатын. Ұлы жүз қазақтары болып ұрысқа кіргенде «Бақтияр» деп ұран шақырған, ал Жабай батыр шыққан сіргелі руы «Туғанай» деп

ұрандап шайқастарға қатысатын. Жауынгерлік ұран рулардың бірлігі мен ынтымақтастығын арттыра түсетін [1, 101-б.].

Сонымен бірге әр рудың өз туы болатын. Ұлы жүздің шапырашты руының бөрілі байрағы, жаныс руының ақ туы, ботбай руының көкала туы және сіргелі руының ақ туы және т.б. болған. Жабай батыр талай желбіреткен ақ ту кейін ұрпақтарына ауысып, сіргелі руының ақ туы болуы да мүмкін. Жабай батыр сияқты қолбасшылар желбіреткен тулар, байрақтар ата-бабалардың күрес жолын жалғастырудың да белгісі-тұғын. Сондықтан ел іргесіне жау шауып, қауіп төнгенде қазақтардың әр руы өз туын көтерген. Осы тудың астына жиналуға қазақ билеушілері өз руластарын шақырып, бас біріктіру қамын жасады. Әр рудың өз туының болуы қазақ қолының көбіне рулық бірлік бойынша қол құрағанын айғақтайды.

Қазақ ру басшылары көтерген тулар бұл жорық ата-бабалар бастаған азаттық күрестің жалғасы, кім бұл жолды қаласа, қатарға тұр деген ұғымды білдіріп, батырларға рух, дем беріп, жебеген. Өз заманында ақ туды көтерген Сіргелі Жабай батыр да үлкенді-кішілі шайқастардың бел ортасында жүрді.

Жастайынан алғырлығымен танылған Жабай батыр ержете келе қазақтың төбе биі - Төле бидің ұйғарымымен сіргелі руының басшысы ретінде танылады. Төле бимен замандас болған Көкжал Барақ Тұрсынұлы (замандастары Барақты Қырықсанды Барақ сұлтан, Санбарақ сұлтан деп те атаған, соған байланысты, қырғыз фольклорлық деректерінде ол Санбарақ, Қырықсан Барақ деп те аталады) 1748 жылы Әбілқайыр ханды өлтіріп, Сыр бойына қарай көшеді. Барақ сұлтан Сыр бойына келген соң, найман, қаракесек, қоңырат және Төле би басқарған 500 адамдық Ұлы жүз қазақтарынан құралған жасақты қосып, барлығы 5000 адамдық қол құрап, қарақалпаққа қарсы аттанып, өзіне бағындырады. Жоңғар билеушісі Цеван Доржиға да елшілерін жіберіп, бейбіт келісімдер түзеді. Орыс тарихшысы В.В. Вельяминов-Зерновтың сөзімен айтқанда, бұл мезгіл Барақ өміріндегі бір сәтті кезең болды [4, с. 9]. Барақ сұлтан Тұрсынұлы Иқан, Ташкент, Отырар, Созақ және т.б. оңтүстіктегі қалаларды сарттардан босатып, билігін жүргізіп, салық алған, тіпті, Иқанда өзіне үй де тұрғызады [5, с. 487]. Сөйтіп, Барақ сұлтан Ташкент төңірегін, Оңтүстік Қазақстанның қалалы өңіріндегі жоңғарларды да ығыстыра түседі. Оның осы ерлік істеріне риза болған Төле би 1749 жылы Орынбор губернаторына Барақ сұлтан Ұлы жүзге хан болуға лайық деп хат та жолдаған болатын [5, с. 484]. Төле бидің сенімінен шыққан Көкжал Барақтың жоңғарға, қырғызға жорықтарында 20-ның үстіндегі Сіргелі Жабай батыр және басқа да сіргелі жігіттері болғаны анық.

Жоңғар хандығының құлауы Орталық Азиядағы саяси және экономикалық ахуалды түбірімен өзгертті. Жоңғар хандығына қараған жердің бәрі өзінікі деп санаған шығыстағы қуатты ел – Қытайдың бұл өңірде өз үстемдігін орнатуға ұмтылысы айқын сезіле бастайды. 1756, 1757 жылдары қазақтар, ал 1758, 1759 жылы қырғыздар қытай әскерлерімен соғысты. Сіргелі Жабай батыр қытайлармен болған соғыстың бірінде ерлікпен күресті. Қазақтың белгілі жырауы Тәтіқараның толғауында [6, 18-б.] қазақ-қытай соғысындағы Сіргелі Жабай батырдың қашқан жауды Кертөбел атына мініп, «әзірейілдей зірікілдеп» қуып бергені көркем суреттеледі. Қазақ-қытайдың бұл соғыстарының соңы қазақтар мен қырғыздардың Пекинге өз елшіліктерін жіберіп, бітімге келуімен аяқталған. Қазақтар мен қырғыздар өз елшілері арқылы бұрын Жоңғар хандығы иеленіп келген жерлерін қайтадан өздеріне қайтарылуын талап етті. 1757-1760 жылдары қазақ елшілері Іленің, Ертістің жоғарғы ағысы бойындағы және Тарбағатайдағы тиесілі жерлерге Қытай тарапынан қазақтардың құқықтарының танылуына қол жеткізді. Қойылған талаптарға жауап келгенге дейін-ақ екі елдің де атақоныстарына орналасып алу әрекеттері жиі болды. «Ер қанаты – ат» демекші, осы тарихи оқиғаның бір куәсі – Жабай батырдың тақымы тиген Кертөбел тұлпардың тұқымы талай бәйгенің алдын бермей, кейінгі ұрпақтарына да жеткен.

Жоңғар шапқыншылығы тоқтатылғаннан кейін Ташкент аймағын қазақ төрелері басқарып тұрды. Кейіндері Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі жерді Абылай хан өзінің туыстары басқаратын қазақ руларына: дулат, ысты, сіргелі, ошақты, қоңырат, найман және т.б. бөліп берген еді. Бір-біріне тәуелсіз төрт қыстақтан құралған Ташкенттің Раджаббек басқарған Бесағаш деген бөлігін ыстылар, Мұхамед Ибраһимбек басында тұрған Көкшені – қоңыраттар, Жошы әулетінен шыққан өкіл басқарған Сибзарды – жаныстар, Бабахан төре қарамағындағы Шейхантаурды сіргелі, ошақты рулары алса, наймандар Шыназды иеленді [7, с. 156]. Қазақтар мен қырғыздар өздеріне бекіністі қорғандар салып алды. Мысалы, Төле бидің ұлы Ниязбек өзінің атымен аталатын Ниязбек бекінісін, тұрғызды.

Ташкенттегі билікті қазақтардың алауыздығын пайдаланып, өздеріне сусыз, құнарсыз жер бөлінгеніне наразы болған Ұлы жүздің шанышқылы және қаңлы руларының көмегімен Шейхантаур билеушісінің баласы Жүнісқожа өз қолына алды. Жүнісқожаның шығу тегі және билікке келуі жөнінде әртүрлі көзқарас бар. Зерттеуші О.Д. Чехович Жүнісқожаның Ташкентке басшы болғанға дейін Шейхантаурдың билеушісі болғанына күмән келтіре отырып: «Жүнісқожаны және басқа шенеуніктерді сайлау үшін қалалықтар шақырған құрылтайға бүкіл көшпелі даланың ақсүйектері қатысты. Осы құрылтайда билікке таңдалып алынғандар да төртеу болды, олар: аталық – Рүстем төре, паруанашы – Әділ төре, әскер басы – Бабахан төре және хәкім Жүнісқожа еді» [7, с. 157], – деп жазды. Жүнісқожаны Ұлы жүз қазақтарымен туыстық қарым-қатынас та байланыстырып тұрды. Жүнісқожаның әпкесінің бірін Төле бидің туған жиені – сиқым Шінет батыр алып, одан Рысбек пен Тұрыс батырлар дүниеге келген және тағы бір әпкесін Төле бидің өзі алып, одан Жолаң мен Қожабек атты балалары туылған.

Жүнісқожа және оның мұрагерлері басқарған, дербес Ташкент уалаяты (Ташкент иелігі) 1784-1808 жылдары өмір сүрді.

Ташкентке жақын орналасқан Құрама, Шымкент, Сайрам, Әулиеата, Түркістан, Ақмешіт және Сыр бойының біраз бөлігі Ташкент иелігі құрамына кірді. Ташкент иелігі оңтүстікте – Құрама тауларына, солтүстігінде – Шымкентке дейін, шығысында – Бисқан тауларына, батысында Сырдарияға дейінгі жерді алып жатты.

Ташкент иелігіндегі қазақтар мен қырғыздарды Жүнісқожа өзі таңдап алған ақсүйектер арқылы басқарды. Олардың ішкі істерін басқаруды билерге тапсырды, бірақ өз ықпалын күшейте түсу үшін беделді адамдарды кепілдікке ұстады. Жүнісқожа қарамағындағы қазақтардан зекет жинап отырды. Мысалы, қазақтар 100 керуеннен 1 керуен құн төлеуі тиіс болды.

Жүнісқожа Ташкенттің төрт бөлігі өкілдерінен құралған Кеңес құрып, өз атынан теңге де шығарды. Мемлекеттік іс-қағаз өзбек тілінде жүргізілді. Бірқатар саяси маңызды істерді жүзеге асырған Жүнісқожа қаланың қорғаныс шебін және армияны күшейтуге күш салды.

Жүнісқожаның әскері, Ә. Диваевтың көрсетуіне қарағанда, қазақ, қырғыз жігіттерінен құралған. Ташкент уезі Ақжар болысының қаңлы руының қазағы Молда Көбей Тоқболатовтың қолжазбасына сүйене отырып, Ә. Диваев Жүнісқожа әскерін басқарған Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардан шыққан батырлардың аты-жөнін көрсетеді. Олардың қатарында қаңлының омыртқасынан: Қожамсейіт, Қаракұм, Найзақұлақ, Барлыбай, Сейітқожа, Ғайыпмырза, Бөлек, Қалып батырлар, ал қаңлының шоқпарынан – Есенбай, Қайдарбек батырлар, есқұлыдан – Құнан, шанышқылының саңғырауынан – Тоқсан, Жабғы батырлар, қырық садақтан – Ырымқұл, Тортқа батырлар, жаныстан – Қазыбек, Құлықбай батырлар болса, ал қырғыздардан, бағыш руынан – Айқынбай, Мынжасар, Рысбек батырлар және Кіші жүздің рамадан руынан Жұман мен Есенгелді батырлар есімі аталады [8, с. 63-64]. Осындағы Жабғы батыр Сіргелі Жабай батыр емес пе екен деген де ой келеді. Бұл деректі айқындау түсу, әзірше, уақыт еншісінде

қалып тұр. Ташкент уәлаятының қарулы күші қазақтар мен қырғыздардың көшпелі ру-тайпаларынан, атап айтқанда, шанышқылы, қаңлы, бағыш және рамадан және т.б. құралғанын Ю.А. Соколов [9, с. 43] та көрсеткен болатын.

Тұрақты жасақ үшін қажетті әскери күш отырықшы тұрғындар мен көшпелілер арасынан алынды және олардың саны XVIII ғасырдың соңында 50-70 мыңға жетті. Бұл жасақтың 30 мыңы «қылқұйрық» бойынша, яғни қазақтар мен қырғыздардың атқа мінуге жарамды ер азаматтарын соғысқа жіберу міндеткерлігі негізінде [10, 21-б.] жиналды. Қарақазақтар деп аталатын жеке мүлкі жоқ адамдардан құралған 6 мыңға жуық әскер шешуші ұрыстарда маңызды рөл атқарды. Олар білте мылтықпен, найза, қылыш, қалқанмен қаруланды және зеңбіректерді де пайдаланды. Қарақазақтарды қарумен, мініс аттарымен және басқа қажетті әскери-тұрмыстық бұйымдармен Жүнісқожаның өзі қамтамасыз етті. Бейбіт кезде қарақазақтар Жүнісқожаның және ірі шенеуніктердің үй шаруасын да жүргізді.

Сот істерін шариғатқа негіздеп, қазылар жүргізді, алым-салық мәселесімен басшы қожа айналысты. Серкерлер көшпелі және жартылай көшпелі елді басқарды, әрі салық жинады. Сауда ісін, тауардың дұрыс өлшенуін қадағалау және діни ғұрыптардың орындалуын раис атқарса, әкімшіліктің төменгі буынын ақсақалдар, жоғарғы буынын бектер басқарды.

Қазақ, қырғыз руларының сенімді болуын және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін әр рудың беделді билері мен батырларының балалары Ташкентке аманатқа алынды.

Ташкент иелігі маңызды сауда жолы бойында орналасты. Т. Небольсиннің мәліметіне қарағанда, Шымкенттен Ташкентке дейінгі жол сол тұстағы халықаралық керуен жолының ең бір маңызды бөлігін құраған.

Ташкент иелігінің күшейе түсуі Қоқан билеушісін бейтарап қалдырмады. 1794 жылы Нарботаның әскері Ташкент иелігінің жеріне баса-көктеп кірді, бірақ жеңіліске ұшырады. Қоқандықтарға қарсы 1797-1798 жылдары Жүнісқожа мен Ұлы жүз қазақтары және қырғыздар арасында одақ құрылды. Қоқан билеушісі Нарботаның ықпалынан азат болуға деген ұмтылыс қазақ, қырғыз билеушілерін Жүнісқожамен жақындастыра түсті.

1799 жылы Қоқан билеушісі Нарбота қаза тапты. Бұхар ханы да Нарбота өлгеннен кейін бүкіл Ферғана өңірін қайта қосып алуды көздеп, Қоқанды қоршауға алды. Осы сәтті пайдаланып, 1799 жылы Жүнісқожа Әзіреті Түркістанды басып алды. Осы жылы Жүнісқожа Қоқан иелігіне жорық жасады.

Алайда, Жүнісқожаның Ходжентке жасаған сәтсіз шабуылы қоқандықтарға қарсы одақтың ыдырауына алып келді. 1801 жылы Пункан деген жердегі шайқаста да Жүнісқожа қолы қоқандық әскерлерден жеңіліс тапты. 1803 жылы қазақтар қостаған Жүнісқожа қолы Гурумсарай деген жерде қоқандық әскерлермен кездесті. Қоқан билеушісі Әлімбек таулық тәжіктерден құралған Раджап дуанбегі басқарған атты әскерді және өз әскерін қарсы қойды. Ташкенттіктер арасында келіспеушілік туды. Қазақ қолбасшылары – Рүстем төре, Әділ төре және Бабахан төре ұрысқа алдымен шанышқылардан құрылған жасақтың және Жүнісқожаның өз қолының кіруін талап етті. Алғашқы шайқастарда-ақ қоқандық әскербасыларының соғыс жүргізу әдісінің артықшылығы байқалып қалды, қазақтар мен қырғыздардан құралған атты жасақтың шабуылын қоқандықтар бірден тойтарып тастады. Ташкенттік қол түгел майданға кірмей жатып, шегініп, қаша бастайды. Өз әскерінің Әлімбек жағына шығып кеткенін байқаған Жүнісқожа майдан даласын тастай қашты және толық талқандауға ұшырады. Осы оқиғадан кейін қазақтар мен қырғыздардың біраз бөлігіне өз ықпалын жүргізген Жүнісқожа қатты науқастанып, көп ұзамай көз жұмды.

Ташкент иелігіндегі ендігі билік Жүнісқожаның үлкен ұлы Мұхамедқожаның қолына өтеді. Таққа таласқан ол өзінің бауыры, Ниязбек бекінісінің билеушісі Ханқожаны

өлтірді. Қоқандықтардың да 4 рет шабуылына тойтарыс берілді. Елдің әлеуметтік жағдайы күрт төмендеп, Ташкентте аштық басталды. 1805 жылы Мұхамедқожа өліп, орнын бауыры Сұлтанқожа иеленді. Оның билігі тұсында да қоқандықтарға қарсы күрес тоқтамады. Ол да бұл күреске өз қарамағындағы қазақтар мен қырғыздарды тартты.

1807 жылы Қоқан билеушісі Әлімбек бауыры Омарды 12 мың әскермен Ташкентке қарсы аттандырады. Нәтижесінде Ташкент төңірегі басып алынды. Әлімбек 1808 жылы Ташкентті біржола басып алды. Алайда, Ташкент үшін қазақ, қырғыз және өзбек билеушілері арасында күрес одан әрі өрши түсті. Ташкенттегі қазақ төрелері бастапқы кезеңде Қоқан саясатын жүргізушілер болды. Қытайлық және қоқандық билікті таңдауда қазақтар көбіне діни мұсылман соңғысын лайық көрді.

Қоқан хандығының құрылу үрдісі XVIII ғасырдың басында Ферғана аңғарында басталып, XIX ғасырдың бірінші ширегінде, Әлім хан және Омар хан тұсында аяқталды. Осылайша, XIX ғасырдың басында дербес мемлекет ретіндегі Қоқан хандығының шекарасы солтүстігінде қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірінің біраз бөлігін қамтыды. Қоқандықтардың билік жүргізуінің өзіндік ерекшелігі болды. Жергілікті билікті ру басылары, манаптар, сұлтандар, билер өздері жүргізді және өзі басқаратын еліне, жеріне қатысты істі өздері қарады. Дегенмен де қоқандықтар қазақ, қырғыз билеушілеріне өз лауазымдарын беріп, басқаруды жеңілдетуді көздеді.

Қоқан хандығындағы лауазымдар мен шендерді арнайы зерттеген өзбекстандық тарихшы Ш.Х. Вохид хандықтағы лауазым мен шенді дәрежесіне қарай және қызмет түріне қарай 4-ке бөліп қарайды: 1) әскери және әскери-әкімшілік лауазым мен шен-мансаптар; 2) сарай лауазымы мен мансаптары; 3) діни лауазым мен мансаптар; 4) қазихана мен махкамалардағы лауазым мен мансаптар [11, 223-б.].

Ташкент иелігін қоқандықтар алған соң ерлігімен танылған қазақ-қырғыз батырлары Қоқан хандығы әскерінің құрамында қызмет етті. «Әуелі Әлім хан, соңынан Омар хан үш еркектің бірі әскер болуға тиіс деп жар салып, «үштің бірі ханың» деген сөз осыдан қалған» [10, 21-б.], – деп көрсетеді Қ. Халид. Мұнан бұрынғылар әскерге өз еркімен жазылып, қазынадан маяна (төлем) алатын болған». Қоқандықтар қажет кезде қазақтардың басшыларына шапан жауып, жігіттеріне ат-құрал беріп, «қылқұйрық» етіп тағайындайтын болған. «Қылқұйрық» деп атқа мінуге жарамды еркектердің бәрін жаппай майданға шығаруды атаған. Сіргелі Жабай батыр иеленген тоқсаба шенін Ташкент иелігін басқарушылар немесе Бұхар я Қоқан ханы беруі мүмкін. Бұл әлі де айқындай түсуді қажет етеді.

Сөз соңында айтарымыз, Сіргелі Жабай текті әулеттің ұрпағы. 7 атасынан бері ақ сауытты батырлар. Ал туған әкесі Қазыбек, Майлықожа ақын жырлағандай, «қажы, бай, дәулетті асқан» жан, жауырыны жерге тимеген палуан. Жабайдың өзі де дақты тарихи тұлға, ру басы, батыр, қолбасшы, мәмілегер. Олай дейтініміз, бабадан қалған белгі бар. Бүгіндері Сіргелі Жабай батыр сияқты ата-бабалар аңсаған азаттықтың куәгеріндей төбемізде Көк туымыз желбіреп тұр. Ұзағынан болғай!..

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очерктері (XVIII-XIX ғғ.). Алматы: Ғылым, 1976. 329 б.
- 2 Гавердовский Я. Обзорение киргиз-кайцаских степей // Вестник РГО. 1822. Ч.2. С. 105-106.
- 3 Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений по исторической географии Восточной и Средней Азии // сост. Л.Н. Гумилев, М.Ф. Хван. Чебоксары: Чувашское гос. издательство, 1900. 758 с.
- 4 Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Среднею Азиею со времени кончины Абуль-хаирь хана (1748-1765 г.). Уфа: Губернская типография, 1853. Т.1. С. 1-127.

- 5 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках: сб. документов и материалов / сост. Ф.Н.Киреев и др. Алма-Ата: АН КазССР, 1961. Т.1. 740 с.
- 6 Қапалбекұлы Н. Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр (1728-1810) // Ақ тулы Сіргелі Жабай батыр. Ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы / Құрастырған Н.Қапалбекұлы. Алматы: Жамбыл баспасы, 2019. 488 б.
- 7 Чехович О.Д. Сказание о Ташкенте // Памятники письменности Востока. Историко-филологические исследования. 1868. Москва. Наука, 1970. С. 174-175.
- 8 Диваев А. Предания о возникновении азиатского города Ташкента // ТС. 1907. Т. 440. С. 63-64.
- 9 Соколов Ю.А. Ташкент, ташкентцы и Россия. Ташкент: Узбекистон, 1965.190 с.
- 10 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) / ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан, 1992. 304 б.
- 11 Вохид Ш. Кукон хонлигидаги унвон ва мансаблар // Шарқ юлдузи. 1995. № 3-4. 216-223-бб.

Аннотация: В статье показаны события из жизни сергали Жабай батыра. Образ жизни Жабай-батыра, по мнению исследователей, в основном соответствует в XVIII веку. Село Жабай-Батыр, также известное как Алимтау, недалеко от Ташкента, где девять частей этой земли пересекли караванный путь. С 1728 года казахи, в том числе предки Жабая - казахи, входящие в дворянскую семью, были среди других, кто участвовал в политике правителей Коканда, правителей Ташкента и джунгарского вторжения. Предки такой большой области смогли защитить себя с помощью веретена и копья. В боях за оборону лошади казахи вступили в боевой лозунг. У каждого племени был свой девиз.

Abstract: The article shows the events in the life of Sergali Zhabay Batyr. The way of life of Zhabay-batyr, according to the researchers, mainly corresponds to the XVIII century. The village of Zhabay-Batyr, also known as Alimtau, near Tashkent, where nine parts of this land crossed the caravan route. Since 1728, the Kazakhs, including the ancestors of the Toad, the Kazakhs belonging to the noble family, were among others who participated in the policies of the rulers of Kokand, the rulers of Tashkent and the Jungar invasion. The ancestors of such a large area were able to protect themselves with spindles and spears. In the battles for the defense of the horse, the Kazakhs entered into a battle slogan. Each tribe had its own motto.

ӘОЖ: 920.60

Әшімова С.Ә.

ғылыми хатшы, ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығы.

Алматы, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ ТҰЛҒАЛАРЫ: ӘУЛИЕЛІК БОЛМЫС ПЕН ШИПАГЕРЛІК ҚАСИЕТ

Түйін: Қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т.б. қазақтардың ежелгі нанымдарына ұқсас еді. Халық оларды Әулие санап, пір тұтты.

Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруды міндеттеуі, ондағы «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тау мен өзені тарихтан сыр шертеді. Сіргелі тайпасынан шыққан атағы алысқа кеткен, даңқты тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Жабай Қазыбекұлы. Тарихи мәліметтерге сүйенетін болсақ, Жабай Қазыбекұлы 1728 жылы туылып, 1810 жылы бақилық болған.

Кілттік сөздер: Ұлы Дала, әулие, шипагер, Сіргелі Жабай батыр, Туған жер, қазақ халқы

Қазақ халқының дүниетанымында Әулиеге табыну дәстүрі ежелден бар. Тәңірге сенген ежелгі түркілер Ұмай ананы, Қызыр атаны, ата-баба аруақтарын желеп-жебеуші санап, оларға үнемі сиынып отырған. Күнге, Айға, Отқа табыну, ел иесі Көкбөріні қасиет тұту, су иесі Сүлейменге жалбарыну, тіршілігінің негізі төрт түлік малдың иелері - Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсылқарадан, Зеңгі бабадан, Шекшек атадан жәрдем күту, т.б. ислам дініне дейінгі ежелгі нанымдар Қазақ халқының дүниетанымында күні бүгінге дейін сақталған. Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымның кейбір элементтері жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен біте араласып, Әулие ұғымының мазмұны толығы түсті. Бұл бағытта, әсіресе, Қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т.б. қазақтардың ежелгі нанымдарына ұқсас еді. Халық оларды Әулие санап, пір тұтты. Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстан баб, Баба ата, Қожа Ахмет Иасауи, Бекет ата, Сопы Әзіз, Оқшы ата, т.б. әулиелер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған. Қазақ халқы, сондай-ақ, ел қорғаған батырларды, ұлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды Әулиелер қатарына қосып, олардың аруақтарына табынып келеді.

Алдымен «әулие» деген кім деген сұраққа тоқталайық.

Әулие– араб тілінен аударғанда «желеп-жебеуші» - ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға. Әулие - халық арасына ерекше діндар-тақуалығымен, шипа дарытқан емшілігімен әйгілі болған, керемет қасиетке ие, қауымға рухани тәрбие жүргізуші тұлға.

Ал, әулиелер қандай қасиеттерге ие болды? Қандай ізгі амалдар жасай алды? Олар дін Исламды дінгегіне санап, Пайғамбарлардың жасаған хикметтерін қайталады. «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет, Маңғыстаудағы Пір Бекет» деген ұранға айналған жандармен қатар, Баба Түкті Шашты Әзіз, Қарабура сынды көптеген есімі ерек әулиелердің өз замандастарынан дараланған қасиеттерінің ең асқағы - бір мезетте екі бөлек мекенде (өз тұрған жері мен Меккеде) намаз оқуы, қиын қыстау күндері жұртына пана болуы еді.

Яки, әулиелер – Алланың назары түскен тұлғалар. Олар адам баласын рухани тазалыққа, көрегенділікке, мейірімділікке үндеп, жамандық атаулыдан жат болуға уағыздай білген.

Танымал жазушы, қоғам қайраткері Смағұл Елубай: Әулиеліктің тағы бір белгісі – өлгеннен кейін де мәйітінің жылдар бойы бұзылмай жатуы. Баянауылдық Мәшһүр Жүсіп әулие (XX ғ.) ажалдың келетінін бір жыл бұрын білген. Бейітін бөлме тәрізді етіп салдырып, өлгеннен кейін мәйітін сол бөлмеде кебінге орап қоюды аманат еткен. Денесінің бұзылмайтынын айтқан. Мәшһүр Жүсіп айтқандай-ақ бір жылдан кейін қайтыс болып, ел-жұрты оның мәйітін қалай өсиет етсе солай жерлеген. Айлар, жылдар өткен. Мәйіт бұзылмақ тұрмақ бөлме ішіне хош иіс таратып тұрған. Мәшһүр Жүсіптің кесенесіне тәу егушілер көбейіп бара жатқаннан кейін коммунистік режім трактормен әулие зиратын сүріп тастауға бұйрық берген.

Ал, өлгеніне 100 жылдай мерзім өтсе де денесі бұзылмаған бурятиялық Хамбо лама Итигеловті кім білмейді?! Монах 1927 жылы өледі. Өлерінде қабірін 2002 жылы ашуды өсиет етеді. Әулиенің айтуымен шәкірттері оны киіндіріп, ағаш қорапта малдас құрып отырған күйінде жерлейді. 2002 жылы халық жиылып әулиенің қабірін ашады. Ашса, монах қалай жерленсе дәл сол күйде, денесі бұзылмаған қалпында ағаш қораптың ішінде отырғанын көреді. Бұзылмаған денесі хош иіс таратып тұрады. Бүгінде әлем ғалымдары бұл феноменді ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмай бас қатырып әлек.

Осы аталған әулиелер адам таңғаларлық табандылықтар көрсеткен. Қиындық атаулыға қайыспау олардың басты қасиеті болған. Қиынның ең қиыны нәпсіні жеңу ғой. Өзімшілдікті жеңу ғой. Қанағатсыздықты құрықтау ғой. Сопылар осынау кесапаттармен күрескен. Өмір бойы майдандасқан. Осы жолда жеңістерге жеткен. Сондықтан әулие атанған. Олар тоқшылықта тасымаған, жоқшылықта жасымаған. Осының бәрі оларға тән қасиеттердің тек сыртқы көріністері ғана еді. Жұртқа мәлім сыртқы белгілері ғана. Ал әулиелер әлемінің ішкі болмысы қандай, оны біз білмейміз. Бұл құпияны олар өздерімен бірге әкетті. Жария етпеді. Өйткені, бұл құпияны тек Ақиқатқа жеткендер ғана ұға алар еді. Былайғы жұрт бәрібір ұға алмас еді, - деп жазады жазушы, қоғам қайраткері Смағұл Елубай.

Киесіз жер, әулиесіз ел болмайды. Аллаға шүкір, қазақ даласы әулиеден кенде болмаған. Әулие мен әулиелік мәнін түсінсек, оның ешқашан жоғалып кетпейтіндігіне көз жеткіземіз. Өйткені, әулие адам болса, әулиелік - болмыс. Ал ол болмыс біздің ұлтымызға тән. Ұғынықтылық үшін айтайық. Хандарымыз бар, батыр, би, ақын-жырауларымыз бар, ауыл-аймақ болып алдын кесіп өтпеген аналарымыз бар, бір сөзбен айтқанда, өзіміз ұрпағы болып табылатын ата-бабаларымыздың тақуа, діндар, әулие болғандығын ешқайсымыз да жоққа шығара алмаймыз. Аллаға жетіскен сол жандар өздері бойындағы сол әулиелік болмысты ұрпағы бойына салт-санасы, әдет-ғұрпы арқылы егіп жіберген. (Қ. Біләл).

Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруды міндеттеуі, ондағы «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тау мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [Егемен Қазақстан газеті. 26 сәуір 2017 жыл], - деуі осының нағыз айғағы.

Сондықтан да, бұл мақалада халық қадір тұтып, қасиетті санайтын, әулие, шипагер, емші санайтын Ұлы даланың біраз мәлім де беймәлім тұлғаларына тоқталмақпын.

Сиргелі тайпасынан шыққан атағы алысқа кеткен, даңқты тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Жабай Қазыбекұлы. Тарихи мәліметтерге сүйенетін болсақ, Жабай Қазыбекұлы 1728 жылы туылып, 1810 жылы бақилық болған деседі. Бойындағы кейінгі ұрпақ өздеріне ғибрат тұтып, өнеге етер қырларына келетін болсақ, ол кезінде ел билеген кемеңгер,

қаһармандығы әрі батырлығымен елін жаудан қорғаған батыр, әулие болған.

Кемеңгер Төле би жарық дүниеден өткен соң билік Қойгелдінің қолына көшеді. Бұл уақыт қоқандықтардың қазаққа қоқандап, тісін батыра бастаған тұс еді. Ат жалын тартып мінген Сиргелі Жабай ел-жұртын дұшпаннан қорғау үшін күш-жігерін аямады. Қойгелдімен бірге жауымен талай алысты. Екіжүзді саясат ұстанған Ресей билігінің құйтырқы әрекеттерінің нәтижесінде қоқандықтар оңтүстік өңірін жаулап алды. Дегенмен олар Сиргелі Жабай атаның қарамағындағы елге азуын тым көп батыра алмады. Киесінен тайсалды.

Кие демекші, Сиргелі Жабай атаның ауызы дуалы екен. Не айтса да аса сақтықпен, ойланып барып айтатын көрінеді. Егер ол кісі біреуге реніш білдірсе, киесіне ұшырайды екен. Ол жасы келіп қартайған шақта ел билігі Дәулетияр деген баласына, әскер басшылығы Мамадияр деген ұлына беріледі. Әскер басшылығындағы ұлы әрі өте дәулетті көрінеді. Байлыққа мастанған оның әйелі боз биенің саумалына шомылып, кесапаттық мінез танытыпты. Әулие атаның құлағы мұны шалып, келініне наразылығын білдіріпті. Бірақ, байлыққа мастанған келіні әдетін қоймапты. Сонда Сиргелі Жабай ата кесепат келініне ашу үстінде: «Тұқымың құрысын, тұқымың құрғыр» деп кейістік білдіреді. Содан кейін оның дүниеге келген балалары шетінен шетінеп, өзі одан кейін құрсақ көтермей қалыпты.

Әулие ата өзінің екінші әйелінен Байсопы деген ұл көріпті. Уақыт өтіп, ол ержетіпті. Сиргелі Жабай ата қартайыңқыраған кезінде сол баласына қыз айттырып, құда түсіп қояды. Бірақ, түрлі себептермен келін түсіру ұзаққа созылып кетеді. Ол кездегі салт-дәстүр бойынша үйленетін ұлға әке-шешесі алдымен отау үй дайындайды екен. Үйдің керегесін көктеуге жұмсалатын таспа түйенің мойын терісінен дайындалатын көрінеді. Әйтеуір, сол жылы көктем ұзап, сойылатын түйе қоңдана қоймапты. Шаруаға қыры жоқтау болса да төсек жылылығын аңсаған Байсопы әкесіне: «Түйені қашан соямыз?» деп киліге берсе керек. Әулеттің жағдайын байыптай алмаған ұлына Жабай ата ренжіп: «Ә, қырсыз неме, бүйткенше жүгермек кетсең болмай ма?!», – деп кейістік танытыпты. Күйеуінің сырына кәнігі әйелі мұны сезіп қойып, шыр-пыры шығып: «Әулием, айтқаныңызды қайтып алыңыз», – деп жалыныпты. Сонда ол әйеліне: «Айтылған сөз – атылған оқ, абайсызда аузымнан шығып кетті, мен мәз болып жүр дейсің бе? Енді оны Алла алдынан жарылқасын, ол күш менің еркімнен тыс қой, кемпір», – деп жанарына жас алыпты дейді. Арадан көп күн өтпей Шолпан жұлдыз туған кезде Байсопы аяқ астынан үзіліпті.

Сиргелі Жабай әулиенің қартайған шағында алдына бір кембағал кісі келіп: «Жалғыз түйем бар еді, соның өзі қоскіндік болып ауырып қалды. Емдеп жіберіңізші», – деп өтініпті. Сонда ол алдына келген адамға байыптап қарап: «Балам-ай, ботаң қоскіндік емес, маңдайың қоскіндік екен ғой», – деп маңдайынан шапалақпен тартып жіберіпті. Оның мына қылығына тіксініп қалған кембағалға әулие ата: «Үйіңе бара бер, балам, бойыңнан қырсығың кетті», – депті. Сол адамның содан кейін тұрмысы түзеліп, «түйелі бай» атаныпты деседі.

Сиргелі Жабай атаның көзі тірісінде тумалары мен туыстары, ағайын-бауырлары оның бетіне тік келмейді екен. Әулиенің киесінен сескенсе керек. Ол өзінің бақилық боларын үш күн бұрын болжап, әулеттерін алдына жиып, олармен қоштасыпты. Содан соң: «Сендар мына менің балаларымдай болып кеткен Қыдырбай, Асыр, Қызылды бөле-жарып қарамаңдар, көз алартушы болмаңдар. Осы шартымды бұзсаңдар, сендерді менің кием ұрады» депті. Аты аталғандар түрлі жағдаймен атаға келіп паналаған басқа елдің адамдары екен. Кейін олардың ұрпақтары: «Біз Жабай атаның төртінші әйеліненбіз» деп әулиеден тарайтын әулетке сіңісіп кетіпті.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Сиргелі Жабай әулие өзінің бақилық боларын алдын ала болжап біліпті. Сөйтіп, ағайын-туыс, жақын тумаларын жинап, өзінің үш күннен кейін

мәңгілік мекеніне барып, жаны жай табатынын айтыпты. Кіндігінен тараған балалары әкелерін арулап шығарып салудың қамына кірісіп кетіпті.

Мысалы, Ерген Махатбайұлының кітабында былай деп өріледі: «Ол кісі көктемде Сыр бойындағы қыстауынан көктемдегі жайлауына көшіп келеді. Қазіргі кесене тұрған жерге келгенде Ата көшті тоқтатып: «Үш күнге рұқсат сұрап едім. Онша ұзай алмадық, енді үй тігіңдер. Осы жерде Алланың аманатын тапсырамын. Дүниеден өткен соң Биесимасқа, Жанкел ақынның жанына қойыңдар, не болмаса дәл осы мен дүниеден өткен жерге қойыңдар. Бірақ ишандар, ел басшылары Ташкенттегі ишандар мазары Көкшеге қоятын болса, онда рухым Ташкентте болмайды, келешекте іздегендер осы туған жерден іздесін. Ең болмағанда ылаңдаған мал мен бедеу әйелдерге пайдам тиер», – деген екен. Жабай ата жантәсілім етер алдында кенже ұлы Шоңғарды шақыртып аузына түкірген екен. Үш-төрт жасар бала түкірікті құсып тастапты. Сонда атаның бәйбішесі құсықты жалап-жұқтап қойған екен. Әулие кісі баласы түкірікті (бәйбішесі жалап-жұқтап қойғанын білмей): «Жұтты ма, жұтты ма?» – деп сұрай берген екен. Сонда сол жерде отырғандар: «Құсықты бәйбіше бала құсып тастаған соң жалап-жұқтап қойды», – дегенде Ата: «Ойпырмай, өзім бермесем де билікті тартып алыпты ғой, билік жеті атаға дейін баратын болды ғой. Шоңғарым ақсақ болып қалдың ғой, арам жақпайтын болды. Таза жүрсең несібеңе өзім қарыздармын. Ертең Айша, Шоңғардың лайға батып жатқан лағын айдап шығарған адамды да қолдармын», – деген екен.

Қасиетті бабаның нұры қалған сол орынға бүгінгі ұрпақ зәулім ғимарат салып, Самарқанның көк тасымен сән салтанатын сәулеттендірді. Қазіргі кезде мұнда келушілер қатары молайған. Шындығында атеизм асқынып, тіпті аспандап тұрған кеңес дәуірінде де Жабай атаның жуғысына келіп тәу етіп жүргендерді көргендердің біразының көзі тірі. «Жабай әулие» атанған жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан, Қырғызстаннан, Түрікменстаннан, Алтай өңірінен, Моңғолстаннан, Ресейдегі мұсылман жұртынан адамдар келіп тәу етіп жататын. Сол кездің куәгерінің бірі Еркебай Бүрлібаев есімді ел ағасы өзінің арғы атасы, әулие Сиргелі Жабай туралы зерттеуінде былай деп жазады: «Жабайдың белгісіне түнеп, оның рухын көрдік дегендер, әуелі Ташкент (жерленген жері) жақтан ақ шаң көрініп, одан ақ боз атты бабаның бейнесі елестегені жөнінде айтқанын талай естідік. Ал, бұрынғы Әлімтау кеңшарының молдасы Маман қарияның айтуынша мұнда денсаулықтары нашар, кемтарлар, перзент тілеушілер көбірек келеді екен. Кейде партия, кеңес органдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің де қарапайым киініп, жасырын келіп, құран оқытып жатқанын да байқағанбыз. Жалпы айтқанда Сиргелі Жабай атаға деген көпшіліктің сенімі, пейілі ерекше болды. Солай болып қала береді де».

Сиргелі Жабай атаның киесіне астамсып кеткен кейбіреулердің ұрынып қалғаны жөнінде де нақты деректер бар. Бабаның ұрпағының бірі Әбдіқадыр деген азамат ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ташкент уезі оязының қоластында қызмет етіпті. Көңілі көкте жүрген кездері жанына екі казак нөкерін ертіп бабасының басына зиярат етуге келеді. Кеш батып, қараңғылық түскен соң, елсіз айдаладағы Сиргелі Жабайдың белгісінің басында ерігіп, елегізі бастайды. Қызметтің буына мас Әбдіқадыр жасауылдардың бірінің мылтығын қолына алып, тылсым қараңғылықты қақыратып оқ атқан көрінеді. Содан біраз уақыт өткен соң ұйқы қысып сол жерге жантая кетсе керек. Сонда Сиргелі Жабай ата оған елес беріп, түсіне еніпті. «Балам, қараңғылықтан қорқатын болсаң менің жатқан жеріме несіне тәу етіп келдің?» деп оның қолына сынық қылыш ұстатып кетіпті. Шошынып қалған ол көп ұзамай, Ташкент губернаторының құзырында қызметі көтерілген күні кенеттен дүние салыпты. Сол жағдайды оның әйелі Ілес ана қартайған шағында ұрпақтарына айтып отырады екен. «Әбдіқадыр Жабай атаның аруағына шет болды ғой. Одан қалған ұрпаққа әулиенің ниеті түзу болса екен» деп отыратын көрінеді.

Сиргели Жабай бабаның қасиетіне табынған, оның әулиелік қасиетінен шипа көрдім деген өз еркілерімен ұйымдасып, зияратқа келушілерге арналған қоржын тамды кеңейтіп, киелі атаның кіндік қаны тамған жерге күмбез орнатып, игі шараларды жүзеге асырды.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1388–1478) – қазақтың әйгілі шипагер ғалымы, елдің әлеуметтік-саяси өмірінің жүйрік тарихшысы. Райымбек ауданы, Шалкөде жайлауында ғұмыр кешкен. Адам ағзаларында кездесетін кейбір кеселдерді емдеу үшін төрт түлік малға тәжірибе жасап, шипа дарыту амалдарын тапқан. Соның нәтижесінде жазған «Шипагерлік баян» атты еңбегі 7 рет көшірілу арқылы бүгінгі күнге жетіпті деген дерек бар. Бірақ Өтейбойдақтың төл еңбегі екенін дәлелдейтін факсимилиясы (авторлық қолтаңба нұсқасы) сақталмаған. Кітап тұңғыш рет 1994 жылы Үрімші қаласындағы (ҚХР) «Шыңжаң ғылым-техника» баспасынан жарық көрді. 1996 жылы оны «Жалын» баспасы шығарды. 2002 жылы емшіге Шалкөдеде ескерткіш белгі орнатылған.

Өтейбойдақ өз тұсында Жәнібек хан, Жиренше шешен сияқты тарихи тұлғалармен тұстас болып, ел қамы, халық тағдырына қатысты келелі істерге араласқан қоғам қайраткері. Автор «Шипагерлік баян» кітабын Жәнібек ханның тапсыруы бойынша 70 жасында жаза бастағандығы туралы, содан Жәнібек хан дүние салған соң 1473 жылы кітапты 85 жасында жазып бітіргені жөнінде дерек қалдырған. Сондай-ақ, Өтейбойдақтың 90 жасқа жақындап, дүние салғаны жөнінде де дерек бар. Демек, Тілеуқабылұлы Өтейбойдақты 1366 жылы дүниеге келіп, 1478 жылы дүние салды деп жобалауға болады.

Өтейбойдақ «Шипагерлік баян» кітабында өзі туралы былай дейді: «Өтейбойдақ Тілеуқабылдың ұлымын. Ата тегім Ұлы жүз Зарман, Зарман ішінде Албан. Мекенім Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жанымда Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым – иіртеқ, сексен беске келдім. Бойым ұзын, қара торы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қара сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын».

Емшілік, шипагерлік қасиет Өтейбойдаққа ата-тегінен жұғысты болған. Ата-баба әулетінің жинақтаған мол тәжірибесін бойына дарыта білген Өтейбойдақ бұл салаға бар ғұмырын арнап, халық медицинасын ғылыми жүйеге келтірген. Сөйтіп шипагерліктің өз заманындағы биік деңгейіне көтеріле білген. Бұл жолда ол Әл-Фараби сияқты атақ-даңқ, дүние-мүлік, бас құрап, үйлі-баранды болу дегендей, пендеге тән қасиеттердің бәрін тәрк етіп, бүкіл өмірін шипагерліктің қыр-сырын игеруге сарып еткен.

«Шипагерлік баян» бүгінгі күнге Өтейбойдақтың ағайын ұрпақтары арқылы жеткен. Кітап уақыттың алуан түрлі зобалаңынан өтіп, мейлінше көлемді мұраның төрттен бір бөлігі Қытайдағы атышулы «мәдени төңкеріс» кезінде «хуң-уейбиндер» тарапынан өртелген.

Өтейбойдақтың «Шипагерлік баян» кітабы қазақтың дәстүрлі медициналық тәжірибесі туралы мейлінше мол мағлұмат береді. Бұл ретте, автордың мыңнан астам дәрі түрлерін тоғыстыру арқылы 4 мыңнан астам шипалық шаралардың қолданымын (рецепт беру) ұсынуы, оның білікті шипагер, ғұлама ғалым болғанын пайымдатады. Сондай-ақ «Шипагерлік баян» кітабында өсімдіктен алынатын 728 түрлі, жан-жануарлардан алынатын 318 түрлі, метал-металлоидтардан түзілетін 318 түрлі шипалық қасиеті бар дәрілердің аталуы, 500-ге тарта анатомиялық атаулардың келтірілуі, бұл еңбектің тарихи-этнографиялық мән-маңызының ерекше екенін білдіреді. Теңдесі жоқ «Шипагерлік баян» ол заманда да қазақ тілінің қаншалық тұнық, бай болғанының айқын дәлелі.

85 жасында жазған «Шипагерлік баян» кітабы арқылы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының тек қана ғұлама шипагер ғана емес, Ұлы даланың таңғажайып, тылсым оқиғаларын, сонымен бірге халықтың өмір салтына, дүние танымына, рухани мәдениетіне мейлінше қанық болғаны, өз заманының терең ойлы, ұлтжанды тұлғасы болғаны айқын аңғарылады.

Өтейбойдақтың «Шипагерлік баяны» жүрек, ми, сөл, тамыр ұстау және шешек ауруларына қарсы вакцина егуді ағылшын ғалымы Э. Жаннерден (1796 ж) 320 жыл бұрын жазып қалдырған. Өтейбойдақ өсімдіктің 854 түрінен дәрі-дәрмек, жануарлардан алынатын емдік қасиеттің 455 түрін және адам мүшелерінің 430-ға жуық атауын, 1000-нан аса дәрі түрлерін, 4577 рецепт жазып қалдырған.

«Шипагерлік баянында» жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспау, он екіден айырмау, деген сияқты өнегелі өсиеттерінде:

Жетіге тиіспеу

1. Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу.
2. Көктемде көбейетін жорға малдарға тиіспеу.
3. Көктемде көрінген қозғалғыштарға тиіспеу.
4. Көктемде көз аспаған шикілікке тиіспеу.
5. Қай-қашанда қонаққа тиіспеу.
6. Қай-қашан да көршіге тиіспеу.
7. Қай-қашан да елшіге тиіспеу.

Қырық бірге жұғыспау

1. Ордалы жыланға жұғыспау.
2. Қордалы құмырсқаға жұғыспау.
3. Жалғыз ағашқа жұғыспау.
4. Елсіздегі жалғызға жұғыспау.
5. Суық торғайға жұғыспау.
6. Алдыңнан өткен қабанға жұғыспау.
7. Елден алып кетіп көшкенге жұғыспау.
8. Пәлелі өртке жұғыспау.
9. Биік бетке (тауға) жұғыспау.
10. Жаралы жыртқышқа жұғыспау.
11. Қаралы елге жұғыспау.
12. Ашынған қасқырға жұғыспау.
13. Ашыққан ұрыға жұғыспау.
14. Киелі жерге жұғыспау.
15. Дастарханға жұғыспау.
16. Жетімге жұғыспау.
17. Жесірге жұғыспау.
18. Кесірге жұғыспау.
19. Еңіреген ерге жұғыспау.
20. Өзің шығар төрге жұғыспау.
21. Арқаны сылдыр ерге жұғыспау.
22. Жатқа кетер қызға жұғыспау.
23. Көктемдегі мұзға жұғыспау.
24. Өтешығарсызға жұғыспау.
25. Артылып қалған асқа жұғыспау.
26. Жарасы бар басқа жұғыспау.
27. Паракұмарласқа жұғыспау.
28. Басқа елдік соқырға (қарашаға) жұғыспау.
29. Күшіктейтін итке жұғыспау.
30. Төбелесте арашаға жұғыспау.
31. Тікені бар аласаға жұғыспау.
32. Құламадағы құзға жұғыспау.
33. Дәм атасы тұзға жұғыспау.

34. Иесіз жатқан малға жұғыспау.
35. Киесі бар далаға жұғыспау.
36. Обалы бар ұяға жұғыспау.
37. Залалсыз малшыға жұғыспау.
38. Түтін шығар шаңыраққа жұғыспау.
39. Ырыс келер босағаға жұғыспау.
40. Даладағы өлгенге жұғыспау.
41. Шыдап жерге көмгенге (өлікке) жұғыспау.

Он екіден айырылмау

1. Жағаласпай жан қалмақ қайда, төбелесте жаныңнан айырылма;
2. Не шындық, не сұмдық, жау тисе де ақылыңнан айырылма;
3. Еркесіз ел, серкесіз отар болмас. Ел бастаушы көсеміңнен айырылма;
4. Тіл- кесілмес атқан оқ, дау туылар, шешеніңнен айырылма;
5. Арсыз мың арықтап, мың семіреді. Жаныңды алса да, сыртыңнан айырылма;
6. Өзіңді зор, басқаны осал деме. Көппен көрерсің, еліңнен айырылма;
7. Жаман деп қатыныңнан, көшем деп отыныңнан айырылма;
8. Ырызғысыз пенде болмас, даяр асың- малыңнан айырылма;
9. Ағайын, туыс, дос-жарансыз кім бар? Болымсызға өкпелеп, досыңнан айырылма;
10. Қырық найза адам көргісіз соқыр түндеп, қаракудай баспанаң – қосыңнан айырылма;
11. Пенде жан серігі – бес қаруды тастама. Шыбын жаның шыққанша намысыңнан айырылма;
12. Өте шығар сұм жалған, бокшылыққа қайырылма. Адам күні адаммен оңалмақ, өнерпаз деген ат алсаң, өлсеңдағы қайғырма;

Кітаптың құпиялы, сыр-сымбаты бай болғандықтан оның бәрін бір мақалаға сыйдырып жазып шығу мүмкін емес. Өтейбойдақтың «Шипагерлік баяны» бүгінгі ұрпаққа түгел жетпеген. Кітаптың бір бөлігі ғана қолдан-қолға ауысып жеті-сегіз рет көшірудің нұсқалары әрең жеткен, қудаланды, қуғын-сүргіннен қалғаны ғана.

Әденұлы Түгелбай Ресей өкіметінің тұсында бүкіл Албан Сегіз сары руының бірлестігінде бірінші рет болыс, би, болған кісі. Тірі кезінде әділ би, қазалы қария атанып, қайтыс болған соң Албан руының Жолдыбай ұрпағына ұран болған. Шежіре бойынша Албаннан тараған Жолдыбайдан – Орынбай, Шөгей деген екі ағайынды туады. Орынбайдан – Рысдәулет, Ботбай, Тоқай. Екінші әйелінен Тоқты, Тоқтығұл, Бикен. Рысдәулеттен – Әден, Сарыбас, Өтей. Әденнен – Бердалы, Түгелбай. Бекәліден – Тоқа, Жақып, Самат, Тойбай, Малбақ, Нұрслам, Иманқұл. Түгелбайдан Сыпатай болып өріледі.

Түгелбай әулие көзі тірісінде: «Мен қайтқан соң күмбез орнатсаңдар оны балықтың майымен майлаңдар», - деген өсиет қалдырады. Осылайша Түгелбай Әденұлы о дүниелік болғаннан кейін ағайын-туыстары ақылдаса келе Ілеге барып балық сүзіп келуге бекиді. Осы келісімнен кейін кенеттен жел көтеріліп, аспаннан жаңбырмен қоса балық жауған деседі. Қазақтың «өлікті су аттатпайды» деген ырымы бойынша сол Шалкөде жайлауына арулап жерлейді. 2016 жылы осы Түгелбай әулиенің кесенесін жаңартқан азаматтардың бірі Усманов Азаттың айтуы бойынша кесенені қалпына келтіру жұмыстарымен айналысып жүргенде жанына бір ақсақал келеді. Аты Түктібай, 76 жаста екен. Сол кісіден Түгелбай Әденұлының әулиелігі туралы сұрайды. Сонда ол кісі: «Ата-анам балаға зар болып жүргенде үлкендердің айтуы бойынша осы Түгелбай әулиенің басына келіп түнепті. Сол түні шешеме түсінде қамшы беріп кетіпті. Содан кейін анамның бойына бала бітіп, сол бала мен екенмін. Көп жылдар Ұйғыр ауданында тұрдық, кейін жасым келгенде бала-шағама айтып, әуелі Алла, одан кейінгі кезекте шапағаты тиген Түгелбай әулиенің

кесенесіне жақын маңға көшіп келдім. Қазір мал-жаныммен осындамын» - деп сабақтайды.

Кезінде Түгелбай әулиенің кесенесі үлкен болған. Бірақ басына түнеген халық, ырымдап кесененің қабырғасынан сындырып алып, ауырған жерлеріне топырағын жағу үшін, ем болсын деп жеу үшін теберік етіп әкете берген. Күндердің күнінде кесене қабырғалары құлап, таусылуға айналған. 1987 жылы күмбезі жермен жексен боп көрінбей қалмасын деп ұрпақтары белгі қойған.

Ел арасындағы әпсана-әңгімеге жүгінсек, Түгелбай әулиенің үш бұлағы болған. Қазіргі таңда сол үш бұлақты жіпке тізіп айтып бере алатын екі-ақ адам бар екен. Бірі - Райымбек ауданының Қарасаз ауылында тұратын Қанатбек есімді кісі, екіншісі біз сөз еткен Түктібай ақсақал. Бірнеше жылдардан бері жер-су аттарының шығу төркініне, ел арасындағы аңыз-әңгімелерге және осы өңірден шыққан қасиетті кісілер туралы мәліметтер жинап, өлкетанушылықпен айналысып жүрген Азат Усмановтың әңгімесінің желісіне сүйенсек: «Түгелбай әулиенің кесенесін жанартамыз деп, негізін қалап жүргенде түсімде сол үш бастауды көрдім. Біреуі трактормен күреп тасталған екен, су жоқ. Қалған ағатын екеуі көздері жабылып қалған бұлақтар. Осыдан бастап менің бұл бұлақтар қайда екен деген қызығушылығым одан сайын арта берді. Келген-кеткен ауыл кісілерінен сұрасам осы саймен көтерілсең 2 шақырымнан кейін ескі қораның орны бар. Ол Түгелбайдың қорасы. Соның аяқ жағында Кеңес одағы кезінде су шығарамыз деп күреп тастаған орын бар деді. Тура сол жерге өрлеп бардық. Бастауды таптым, бірақ су шықпады. Тағы екі шақырым жүрген соң қысаң бар екен, сонда жалғыз ақтастың түбінен су шығып жатыр екен. Жанына жақын барып тыңдасақ құдды бір самаурын қайнап жатқандай гүрілдейді. Жан-жағына біраз бұлақтар келіп қосылып жатыр. Қолыма күрек алып, бастауды тазалап, 500 метр жерге келгенде көлемі 20 см-дей аппақ тас тауып алдым. Тасқа қарасам бес саусақтың ізі бар екен. Тасты қолыма алғанда кеудемді қуаныш кернегендей сезімде болдым. Кейін белгілі болғандай бұл Түгелбай әулиенің мөріндегі таңба екен. Түгелбай ұрпақтары әулиенің басына стелла қойғанда сол стеллаға Түгелбай әулиенің жүзігінің суретін қашап салған. Ол жүзікте «АТК» деген жазу бар екен. Ал менің қолымдағы таста да тура сол жүзіктегідей жазу бар болып шықты», - дейді. Мұндай тылсым құпиясы ашылмаған кісілер өте көп.

Бақсы, әрі әулие Түктібай. Түктібай бұдан 300 жылдай бұрын Сыр өзені бойында туғанда үсті-басы түгел түк болып туады. Онда сексеннен асқан емші атасы немересінің бұлай болғанына қуанып: «Бұл – нышанмен туды. Аты -Түктібай болады. Әлі ел-жұртының атын шығаратын қасиет қонады бұл қарағыма» – деп бір жасқа дейін жан баласына көрсетпей ұстайды. Сүндетке отырар жылы денесін түгел жапқан түктері өзінен сыпырылып түсіп, омыртқасын бойлай ат жалындай түктері ғана қалады.

Бала он үшке келгенде ұрғашы тораңғыдан өзі шауып қобыз жасап алыпты. Бұл қобызының үні шықпай, қайта-қайта қара терге түсіп қайта қобыз шабады. Бірде күн батып бара жатқанда далада ұйықтап кетіпті. Дәл өңіндегідей түс көріпті. Түсінде ақ сақалы желбіреп, беліне түскен қария: «Балам анау Әулие шоқы деген құмның шетінде үй орнындай ғана тақыр жер бар. Соны қазсаң өмір бойғы керегінді аларсың. Ал, батамды бердім. Қобызды да қасиет қонған киелі жан ұстайды. Ал, қолыңды жай!» - деп батасын беріпті. Бала әкесіне айтып, екеулеп Әулие шоқы құмын шарлап, ат аунайтындай ғана тақыр жерді табады. Сол жерді қазып жіберсе түйе терісіне оралған қобыз бен төс пен балға шығады.

Түктібай қобызды ала салып, айдалада ойнап кеп жөнелгенде уілдеп, құм суырған жел де тынады, алакөбіктеніп долдана аққан өзен де сабыр табады, әуелі аспанда ұшқан құстар да бір орында тұрып қалады. Қара қобыздың үні қалың құм ішінде шалқып, дала балқып кетеді. Бала тоқтамай жеті күй тартыпты. Бүкіл өзен жағасындағы қалың аң-құс, жануар біткендер селт етіп бастарын көтеріп аңыраған күйді тапжылмай тыңдасыпты.

Бой-бой терлеп жеті күйді бітіріп тоқтағанда әкесі шырт ұйқыдан ояғандай болып:

– Балам, аянмен келген бұл қара қобызды қасиеттеп ұста, ұрпақтан ұрпаққа бойтұмардай аманатта! Ал, мына төсті де ала жүрейік. Бізден тараған үрім-бұтақтардан ұста, шеберлер көп шығады екен, - депті.

– Содан бастап Түктібай бақсы атаныпты. Бірде көрші ауыл отырған жерді жылан басып кетіпті. Үш мәрте жұрт ауыстырса да бір түнге жетпей қалың жылан ауыл үйіне, мал ішіне басып кетеді екен. Түктібайға қос атпен кісі шаптырып, алдыртыпты. Түктібай сол ауылдағы аузы қисайып кеткен бадырақ көз қойшының үйінде таңның атысынан кеш батқанша қобызын сарнатыпты. Сонда түске шейін қалың жыландар әлгі үйді шыр айналып арқанша ширатылып жинала беріпті. Ымырт түсе, күн бата терістікке қарай бір ізбен сусылдап көшіп кетіпті, бірде-бірі қалмай біржола жоғалыпты. Жыландар жым-жылас жоғалғанда әлгі қойшының қисық аузы түзеліп, есі кіріп, көзі орнына түсіп, қояншықтығы басылыпты. «Осы қойшыда жын бар еді, жындар соны паналап келген болатын, соны қудым» – депті Түктібай бақсы.

– Жаугершілік кезінде уланған садақ оғы тиген сарбаздарды қобызымен ұшықтап, күй тартып емдегенде алынбай тұрған жебе өз-өзінен сырт етіп түсіп, домбыққан, күп іріңдеген жарасы екі-үш күнде жазылып кететін болыпты.

– Кейін Түктібай әулие атанып, науқастар алыс-жақыннан арнайы іздеп келіп, шипа тауып қайтатын болған.

– Қайда не болып жатыр, кім келе жатыр, ол қандай жан екендігін алдын-ала біліп қояды. Алда не күтіп тұр, ол қалай шешіледі, бәрін қолға қойғандай айтып береді. Ел, жұрт көріпкел әулие, емші-шипагер деп таңдай қағады.

– Бірде аламан ат бәйгесі болады. Бәйге үстінде қымызға қызған құрдастары Түктібайға «Сені әулие, көріпкел дейді». Осы бәйгеде көріпкелдігінді көрсетші депті. «Онда қараңдар бас бәйгені менің мына қара қобызым алады» - депті де атшабар кісіге: «Жүйріктерді бәйгеге жібергенде мына қобызды да жерге қоя салыңыз» - депті. Атшабар желігі бар, есерсоқтау ұрма-перме о жар кісі екен, бар атты бәйгеге қосып жібереді де, қара қобызды шылбырымен дәу ағашқа байлап тастайды. Жүйріктер күндік жерден ұзақ шұбап жөнелгенде бір қараса дәу ағашты түбірімен суырып алған қара қобыз қара жолды бұрқыратып шаңдатып келеді. Бар жүйрікті басып озып, бәйгеде бірінші келеді. Ел-жұрт таңданып қараса дәу ағашқа таңылған Түктібайдың қара қобызы. Бас бәйгені алып, Түктібай қобызын орап жатқанда ат айдаушы келіп, көзі басы алақтап, есі ауып, аттан құлап түседі. Тілден қалып, домалай беріпті. «Өз үйіне апарыңдар, ертең ертесімен емдеймін, әйтпесе жаны шығып кетеді» - депті Түктібай. Ертеңіне Түктібай әлгіні қара қобызын тартып емдеп шыққаннан кейін, есерсоқ ұрыншақ ат айдаушы бесмезгіл намазға жығылып, сабырлы, салмақты тақуа жанға айналыпты.

– Түктібай қартайған шағында Ахет, Морғадан тараған ағайындарын жинап алып «Ертең Алатауға көшеміз» - депті. Бұл көктемнің аласапыран кезеңі екен. Сыр өзенінің селі бұзылып, дария қатты тасып, жағалаудан асып төңіректі қара су басып, шалқар көл болып кеткен екен.

Көшке жиналғандар үркіп дариядан мынандай кезде қалай өтеміз деп тұрғанда Түктібай әулие қара қобызын сарнатып, ойнап кеп жібергенде көл-дария басып жатқан өзен қақ жарылып, асты құп-құрғақ жол болып қалады. Көш түгел аман есен арғы бетке қауіпсіз жерге өткен соң сондарынан бұрылып қараса Сыр алабота боп қайта тасып жатыр дейді.

Иә, Түктібай әулие жайлы аңыз әңгімелер қаншама десеңізші.

– Совет өкіметі кезінде «Қобыз бар, әулие тұқымы» деп бұлардың тұқымын НКВД шақырып қоймайды. «Қой бұл қобызды теріге орап көміп тастайын, кейін керек болса ұрпақтары тауып алар» - деп Түктібай атасы бейіті жанына көміп тастайды. Түктібай

ұрпақтары аласұрып, ұйқы көрмей шығады. Ертеңіне барып қараса қобыз көмген жерінің үстінде жатыр екен. Үш күн бойы көмеді, үш күн бойы қобыз жердің үстіне шығып қалады. Ақыры ұрпақтары ақылдасып, қобызды көмдік деп үйлерінде тығып ұстайтын болған.

– Үш ғасыр болған әулие атамыздың қасиетті қара қобызы қара шаңырағында бойтұмардай сақтаулы тұр. Қобыздың кезіндегі сылдырмақтары қолдан қолға өтіп азайған. Бірақ қобыздың киесі, қасиеті, шипагерлігі баршаға аян.

Ау, әлеумет, егер өзіңіздің жолыңызды ашып, қырсықтан арылғыңыз келсе, жаныңызға, отбасыңызға шипа тілесеніз Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жамбыл - Қызыләскер ауылының ортасында Түктібай әулие кесенесіне барып зиярат етіп, қара қобыздан күш қуат алып қайтыңыз. Қаншама жандардың жолы ашылып, тілегі қабыл болып жатыр десеңізші!

Дәстүрлі халық медицинасының әдістерін қолданып емдеу тек дүниежүзінде ғана емес, Қазақстанда да өріс алып, дамуда. Осындай елімізде дәстүрлі медицинаның дамуына зор үлестерін қосқан қазақтың батыры мен бағланы, көсемі мен шешені, ақын, жыршы-жырауы, данышпан мен әулиесі аз болмаған. Төрт құбыласын түгел ұстаған ұлыста небір емші, тәуіптер, көрікпел, сәуегейлер, шипагер абыздар болғанын, өткенін біз кешегі тарихтан таныдық. Солардың арасында биік тұлғаның бірі – Құртқа тәуіп.

Шынында да Құртқа тәуіп деген кім? Қазақ Совет энциклопедиясы былай деп жазыпты:

«Құртқа Сұлтанқожаұлы (1770-1906) – Жетісу және көршілес қырғыз еліне аты кең тараған халық емшісі. Ұлы жүз Шапырашты тайпасы Шыбыл руының Байыс деген атасынан. Құртқа араб-парсыша оқыған. Ол – ауыр науқастарды емдеп жазып, күрделі операциялар жасай білген. Түрлі шөптерден дәрі жасаған. Қоқандықтармен соғыста жаралы болғандарды емдеп, операция жасап, сүйектегі оқты алған. Құртқа өте ұзақ жасап, 136 жыл өмір сүрген». (Қазақ Совет Энциклопедиясы. 7-том, 51 бет).

Қазақтағы қасиетті тұлғалардың бірі – Құртқа тәуіп. Түрлі шөптерден дәрілер жасаған. Қоқандықтар мен қазақтардың соғысында сарбаздармен ілесіп жүріп, жаралыларды емдеген, операция жасап, еттегі, сүйектегі садақ оғын алған.

Құртқа тәуіп арабша, парсыша оқыған, сауатты адам болған. Ол үш ғасырды көрген адам. 1770 жылы туып, 1906 жылы қайтыс болыпты. Оның 136 жыл өмір струі көптеген сырқаттардан өзгені ғана емес, өзін-өзі емдей білгендігінің дәлелі болса керек. Жүзден асқан соң, маржандай тізіліп, жұмсақ тіс шығыпты. Ол өзіне операция жасап, ауырған аяғын кесуі, жасанды ағаш аяқпен жүруі де сол біліктілігінің дәлелі

Жетісуды билеген Тезек төренің баласы ауырып, Құртқа қос атпен кісі шаптырыпты. Құртқа тәуіптің төре ауылына бара жатқанын естіп, жақындары келіп:

- Абыз ата, Тезек төренің елге тізесі қатты батып жүр. Алым салықты үйіп-төгіп, ес жидырмай, ата қонысымызды тартып алды, елді еңіретті. Енді соның есесін қайтаратын кез келді. Анау дімкес ауру баласына у бер де қатыра сал. Әр сауалға – бір зауал, - деп жер тепкілеп, тілек тілепті.

Құртқа тәуіп үндемей Алтынмемде отырған төре ордасына аттанады. Ұнтақтап саумалға қосып ішкізген дәрісі шипа болып, бір айға жетпей беті бері қарап, адам болмайды деген бала түрегеп, дін аман жүгіріп кетеді.

Ауылына келгенде, әлгі туыстары қайта келіп:

–Абыз ата, төренің баласы тұрып кетіпті, сіз емдеп, құлантаза жазып жіберіпсіз, - деп тепсініпті.

–Сіздер қызық екенсіздер. Дәрінің бәрі – у болады. Мен берген дәрі – у – оған шипа болды. Ал, естеріңізде болсын, Алла мүсәпірге рахымшылық жасаған. Ауру, дертті жан – мүсәпір. Мүсәпірді мүсіркеу керек, емдеу – парыз. Қолдан келсе, шипа болар жағдай жасауымыз керек. «Ең басты байлық - денсаулық» демекші: тәні жарымжан пенде – ең

бейшара, ең мүсәпір. Ауырған жанды аялауымыз қажет. Қаскүнем – қарақтан өледі, қомағай – тамақтан өледі, батыр – садақтан өледі, бай қадақтан өледі. Абайлап сөйлеп, ойлап іс істеу лазым. Өзін күткен - өрге шығады, өзгеге өлім тілеген – елді бұзады. «Ашыққанға қазан – астырма, тоңғанға – от жақтырма» деген бұрынғы ата-бабаларымыз. Біреуге өлім тілемей, өзімізге өмір тілейік. Жараның азабын – жаралы біледі, қазаның азабын – қаралы біледі. Ері саудың – елі сау, аурулы елде – күнде дау. Ел-жұртымды аурудан, даудан аман қылсын! – деген екен.

Құртқа тәуіптің бұл сөзі - өсиетнама болып қалың елге тарапты.

-Тәуіптің соңы Құртқа абыз болар. Көзі қарақты, сөзі салмақты, еліне ардақты мұндай шипагер – тәуіп бағымызға туған екен. Қадірін біліп, қасиетін асырайық. Надан кісі сусыз арыққа ұқсайды. Әлсіз денеге – ауру ұялайды. Басы ауырған бақсы - балгерге тоймайды. Ал Құртқа тәуіптей сегіз қырлы, бір сырлы шипагердің болғанына, тәубе! – депті Тезек төре тәуіптің емшілігіне аса разы болып.

Содан ел аузында «Тәуіптің соңы Құртқа болды» деген қанатты сөз қалыпты.

Құртқа тәуіп тек сынықшы, емші ғана емес, елге қамқор болған қайраткер адам. Жаугершілік заманда шашырап кеткен туыстарын жинастырып, басын қосуға қамқорлық жасаған. Аталас туыстары оны: “Ел иесі - Құртқа” деп атаған. Ел иесі атану екінің біріне бұйырмайтын қасиет екені айқын.

Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын аса құнды мақаласының «Туған жер» бағдарламасы аясында, 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту», «Ұлы даланың ұлы есімдері» бөлімдеріне байланысты Ұлы даланың мәлім де беймәлім тұғалары және олардың қасиетті де киелі орны саналатын зиярат нысандарының бір парасын өздеріңіздің назарларыңызға ұсынып отырмын.

Бүгінде елдік танытып, бәрі де өз орнына қойылып жатқан уақытта мақаламда аттары аталған Сіргелі Жабай атаның, Түгелбай әулиенің, Түктібай әулиенің, Құртқа тәуіп Сұлтанқожаұлының қасиетіне табынған, оның әулиелік қасиетінен шипа көрдім деушілердің қатары көбеймесе азайған емес.

Қазақ жерінде киелі жерлер мен қасиетті қорымдар баршылық. Осы кезге дейін мәлім де беймәлім боп келген киелі де қасиетті жерлерді өлкетанушылық, ономастикалық және топонимикалық тұрғыдан зерттеп-зерделеу, есепке алу, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің қатарында.

Жуырда «Ақ тuly Сіргелі Жабай батыр» атты кітап жарыққа шықты. Онда Сіргелі Жабай батыр батырдың ірі қолбасшы, сардар, ержүректілігімен қатар әулие, көріпкел, қасиет қонған ерекше жан екендігі жөнінде нақты мәліметтермен жазылған. Әулиенің туған жері және соңғы сапары – түнеген, туған жеріне шапағат нұры төгіліп, үлкен сәулетті кесене кешен тұрғызылды. Бұл жерге зиярат етушілер өте көп. Зиярат етушілердің Жабай баба түсіне еніп, тілегі қабыл болып жатады. Қасиетті Әлімтаудағы киелі кесене ел-жұртымыздың ардақ тұтар, кие тұтар сағанасы, қасиетті мекені.

Болашақта Сіргелі Жабай батыр кесене-кешенін Халықаралық деңгейге көтеріп, зерттеп, Қазақстан тарапы бастамашы болған БҰҰ қолдаған Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы аясында (2013-2022 жж.) ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра ескерткіштері тізіміне кіргізіп, атсалыссақ құба-құп болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1995.
2. З. Қожалымов. «Ғаламның жұмбақ сырлары» Алматы, 2012
3. Ө. Тілеуқабылұлы. «Шипагерлік баян» Медициналық энциклопедия. 1996.

4. Н. Қапалбекұлы. «Атадан – қасиет, бабадан - өсиет», Алматы, 2006.
5. «Түктібай бақсы». Құрастырған С. Табылдинова. Алматы: «Мирас» баспасы, 2017.
6. Н. Қапалбекұлы «Құртқа тәуіп» Алматы, 2003 .
7. Н. Сәрсенбаев. «Ататекті жалғаған алтын шынжыр» Алматы, 2016.
8. «Егемен Қазақстан» газеті. 26 сәуір 2017 жыл.
9. «Жетісу» энциклопедиясы. Алматы, 2004 жыл.
10. «Ақ тулы Сиргели Жабай батыр» Алматы, «Жамбыл», 2019.

Аннотация: Значительное влияние на казахскую степь ислам имел форму суфизма. Суфийская позиция в мышлении, искренности, комментировании и т. д. похожи на древние казахские верования. Люди считали их святыми. Глава государства - Лидер Нации Приверженность Назарбаева программе «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в программе «Земля отцов» «Патриотизм начинается с любви к своей родине, своей родной деревне, своему городу и своему региону, своей родной стране. Каждая земля и вершина родного края, горы и реки рассказывают об истории. Одна из самых знаменитых и славных фигур племени Сиргели - Жабай Казыбекулы. По историческим данным, Жабай Казыбекулы родился в 1728 году и умер в 1810 году.

Abstract: Islam had a significant influence on the Kazakh steppe in the form of Sufism. The Sufi position in thinking, sincerity, commenting, etc., is similar to the ancient Kazakh beliefs. People considered them holy. Head of State - Leader of the Nation Nazarbayev's commitment to the program “Looking to the Future: Modernizing Public Consciousness” in the program “Land of the Fathers” “Patriotism begins with love for its homeland, its native village, its city and its region, its native country. Each land and the top of the native land, mountains and rivers tell a story. One of the most famous and glorious figures of the Sirgeli tribe is Zhabay Kazybekuly. According to historical data, Zhabay Kazybekuly was born in 1728 and died in 1810.

ӘОЖ: 930:60

Айтбаева С.Е.

мед.ф.к, доцент, аға ғылыми қызметкер,
ҚР Аймақтық Валеология Академиясы, Нұрсұлтан, Қазақстан

ДЕНСАУЛЫҚҚА ЭНЕРГИЯЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ, КВАНТТЫҚ КӨЗҚАРАС

Түйін. Сананың табиғаты кванттық болғандықтан адам өзінің нық сеніміне қарай өмірін қалауынша қалыптастыра алады. Өйткені, біз, қозғалыстағы электрондардан түзілген үнемі өзгеріп отыратын энергия шоғырларынан тұрамыз. Адам болмысы ақпараттық энергияларымен өзара тығыз байланысқан жан, тән және санадан құралған. Тән себептен туындайтын объект. Себеп, ол Ой, Сана. «АқРұх» энергиясы фон тәртібінде ғылыммен дәлелденген адамның энергиялық аймағында, аурасында сәулеленіп, оның болмысының әр деңгейінде энергия толқындарының пайдалы коэффициенттерін түзіп отырады. Шынайы ниеттің ақпараты ағзада сәйкес энергия импульстерін өрбіте отырып, электромагниттік толқын таратып, бесінші кеңістікте ғаламдық энергиялық резонансқа ұшырап, күшейтіледі. Нәтижесінде, ол энергиядан сана мен бейсана энергиялары әсерленіп, олар ағзада жүйке импульстері мен гормондардың қабілеттілігін арттырып, жаңа түзілген ақпаратты тарату үшін нейрондық байланыстар түзіп, жасушаларда оң биохимиялық және физикалық үрдістер белсендіріледі. Өйткені, «АқРұх»–нәзік, тірі энергиялық құрылым, онда жады мен сана болады және ол ғаламдық энергияның құрамдас бөлшегі. Адам санасы, ойы көзге көрінбейтін ғаламдық энергиямен байланысқан

және олар осы энергия қалыптастырғанды анықтай алады.

Кілттік сөздер. Кванттық физика, электромагниттік толқындар, адам энергиясы, сана, рұх, ниет, денсаулық.

Кіріспе. Адамның көзіне көрінетін қоршаған әлем – бұл, әлі бүкіл ғалам емес. Эйнштейннің «салыстырмалылық теориясы» Фарадейдің 1831 ж. ашқан экспериментінің негізінде қалыптасты. Максвелл электромагниттік толқындар теориясына сүйеніп, жарықтың табиғаты электромагниттік толқын деген пікір айтты. Эйнштейн бірінші болып механика мен электродинамика заңдарын біріктірді және Кеңістік пен Уақытқа жаңа көзқарас берді. Физика саласындағы Нобель сыйлықтарының лауреаттары күмәнсіз дәлелдегендей физикалық әлем – бұл, энергияның мұхиты және ол түзіле салып, миллисекундта жойылып, қайта-қайта толқынды дамып отырады. Қатты және тұтас ештеңе жоқ. Кванттық физика әлемі, ғалам энергиялық әлемі осындай (1,2).

Ғалымдар қолданатын радио және рентгендік телескоптар адамның сезім мүшелерінің қабылдау шегін аз ғана кеңейте алады. Бірақ, ғалам радио диапазонында көрінетін оптикалық кеңістігіндей емес және рентгендіктен де өзгеше. Ғаламның бес өлшемдік кеңістігінің (ұзындық, биіктік, тереңдік, уақыт, энергия-ақпараттық) бір-бірімен өзара тығыз байланысын, олардың адамға әсерінің бар екендігін және ол космостық-ғаламдық заңдылықтарға бағынатынын кез келген адам терең ұғына бермейді. Қазіргі уақытта, ғылым мен инновацияның қарқынды дамуына байланысты, бұл, 5-ші өлшемнің, энергия-ақпараттық кеңістіктің адамға және оның өмірінің барлық тіршілік аясына тікелей әсері ғылыми тұрғыдан да түсіндірілуде (2,3).

Мәскеуде, 2010 жылдың 10 қыркүйегінде РФА Философия Институтының Ғылыми Кеңесінің мәжіліс залында академиктер деңгейінде Ресейдің белгілі ғылыми жетекші мекемелерінің басшылары және діндарлардың біріккен алғашқы ғылыми пікірталасы өткізілді. Онда, екі ірі ғалымның баяндамасы тыңдалып, ресейлік атақты физиктер, нейрофизиологтар, философтар «Сана және Объективті шындық» мәселесін талқыға салды. Бірінші баяндамада РФА П.Н. Лебедев атындағы Физика институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор М.Б. Менскидің «Көзбен көретін шынайы әлем дегеніміз нақты «кванттық әлемнің» санамен таңдалынып алатын шексіз көріністерінің бірі» - деген кванттық механикаға жасаған өзіндік топшыламасы тыңдалды. Сондай-ақ, тақырып бойынша ауқымды шолуды белгілі американдық буддолог, физика ғылымының докторы Санта-Барбарадағы (АҚШ) Сананы зерттеу Институтының Президенті Алан Уоллес (В. AlanWallace) "TheRoleofConsciousnessintheNaturalWorld: BuddhistanScientificViews"- атты баяндамамен жасады.

Ғылыми пікірталас сананы нейрофизиология, психология аясынан шығарып, оған терең мағына беру, ғаламдық энергиялық процесстермен қандайда бір байланысын және оны ғылыми тұрғыдан түсіндірілуі жайында өрбіді.

Кванттық сана немесе сананың кванттық табиғаты - бұл, сананы классикалық механикамен түсіндіруге болмайтын, тек кванттық механиканың постулаттарымен және басқа кванттық белгісіздіктермен түсіндіруге болатын гипотезалар тобы (4,5,6,7,8).

Қазіргі таңда ғылымның әр саласында сананың мүмкіншіліктерін терең зерттеу адам және оның табиғатының басқа да белгісіз қырларын ғаламдық сана тұрғысынан түсіндірілуді қажет ететін пікірталасты мәселе деп қарастырылады.

Сонымен, адам тәні неден құралған? Ол, мынадай: жүйке, қан айналым, асқорыту, эндокриндік, тыныс, зәр шығару, бұлшық ет-сүйек, репродуктивтік жүйелерден құралған. Олар өз кезегінде мүшелер мен ұлпалардан түзіледі. Мүшелер мен ұлпалар болса молекулалардан түзілген жасушалардан. Молекулалар атомдардан құралған. Ал атомдар

субатомдық бөлшектерден түзілген. Субатомдық бөлшектер: электрон, нейтрон және протонадам ағзасында энергияны түзеді. Міне, сондықтан адамның ғажайып болмысы – бұл, таза энергия.

Адам энергиясы дегенді қалай түсінеміз?

Материалдық көзқарас бойынша адам ет пен сүйектен жаралған. Бұл көзқарас бойынша адам ағзасында барлығы химиялық реакциялар негізінде жүреді, сондықтан емдеудің тәсілі де медицинада осыған сәйкес жүргізіледі. Бұндай көзқарас фармацевтика және фармбизнесінің шарықтау шегіне жеткізді. Бүгінгі таңда бұл көзқарас қатты ескірді, адам болмысына «шығыстық» көзқарас басымдық танытуда. Бұл шығыстың ілімдеріне, діндеріне, пәлсипалық концепцияларына негізделіп отыр. Ғалымдар адамдардың «биокеңістігін» ашты, «аура» және «эфирлік дене» суретке түсіріледі.

Сонымен, адам болмысы тығыз материядан емес, басым түрде, энергиядан құралады екен. Сондықтан да тән энергиялық қоректі де қажет етеді. Ондай энергияның көзі болып, үлкен күшке ие қаныққан, басқаша айтқанда көзге көрінбейтін нәзік энергия табылады. Біз радиотехникадан білетініміз – электромагниттік толқындардың жиілігі жоғары болған сайын көп энергияға ие.

Бұл не энергия? Оның әр түрлі атауы бар: «Космостық, ғаламдық энергия, Тіршілік энергиясы, Жаратушының энергиясы, Құдірет күші, Нұр немесе Жарық, Ақ немесе жоғары Рұх энергиясы» т.б. Бұл жәй ғана электромагниттік толқындар емес, өйткені бұл энергияны жәй физикалық құралдармен анықтауға болмайды.

Адам - автоматталған жүйе. Ол өзінің тамырларында қанның қалай ағып жатқанын сезбейтіндей, энергияның тасымалдауы мен орналасуын біле бермейді. Денсаулық энергиямен тығыз байланысқан. Былайша айтқанда денсаулық бұл энергия. Әртүрлі сезім ағзаға гормондар және басқа да ақпарат тасымалдаушылар арқылы келіп түсетін электромагниттік әсерлердің дәлелді көрінісі болып табылады.

Ғылыми әлемде денсаулықты жақсарту үшін адам энергиясын қалай жүйелі қолдану керектігі жайлы ізденістер көп-ақ. Мысалы, терапевт және натуропат Ричард Бартлетт «Энергетиканың матрицасы» атты сауығу жүйесін құрастырды. Михаэль Кёниг өзінің «Кішкентай кванттық мөр» кітабында заманауи физикамен өзін-өзі қалай емдеуге болатыны жайлы жазады. Жалпы, осы бағыттағы барлық ізденістер мен практикалық ұсыныстар адам жасушасында жүретін энергия алмасуын жақсартуға бағытталған. Жасушада ДНК, РНК, АУФ, Кребс айналымын белсендіру, олардың табиғи мүмкіндіктерін арттыру, сол арқылы бүкіл ағза жұмысын жақсартып отырып, организмнің өзін-өзі реттеу мен қалпына келтіруді тудыру.

Кванттық шындық - бұл, адамның нақты сеніміне қарай өмірінің қалыптасуы. Адамда бес сезім мүшесі бар: көру, есту, тері арқылы сезіну, дәм және иіс сезу. Сезім мүшелері қоршаған энергияны өздерінің белгілі бір шектелген деңгейлерінде ғана қабылдай алады. Сондықтан олар толық және дәл ақпарат бере алмайды. Адамның санасы көзге көрінбейтін энергиямен байланыста болады және де осы энергияның не нәрсені қалыптастырғанын анықтай алады. Бұл энергия адам санасының бақылауымен өзгеріп отырады. Сондықтан адам өз өмірін, денсаулығын қадағалай алады. Өйткені, біз, қозғалыстағы электрондардан түзілген үнемі өзгеріп отыратын энергия шоғырларынан тұрамыз. Объект өзінің бақылаушысынан тыс қалыптаса алмайды. Біздің бақылауларымыз, біздің не нәрсеге болмасын зейініміз және ниетіміз «объектіні» қалыптастырады. Бұл ғылыммен дәлелденген. Мәселен, дәрігер Фрэнк Кинслоу «Кванттық ауысу» тәсілін, ақыл мен ойдың ар жағына өту, түйсіктің тереңіне үңілудің жаңа прогрессивті технологиясын ұсынды. Аурудан бір мезетте айығу дәл осылай жүреді.

«Көріпкелдік, емшілік, интуиция, алтыншы сезім» - секілді экстра ординарлық қабілеттің болуы адамның энергиялық жоғары сезімталдығының дамуына байланысты. Негізінде, бұл ерекше сезім мүшелері адам энергиясының құрамдық бөлігі. Сондықтан кез

келген адам өзінің осы аталған қабілетін жетілдіре алады, сол арқылы өз денсаулығын қадағалауға мүмкіндік алады. 1990 жылы, астрофизикаға өз үлесін қосқан, Раймонд Дэвис атомдардың өзара бекіту қабілеті адамның ойы арқылы жүзеге асатынын анықтап: «Табиғат біздің ой елесімізге тәуелді» - деген тұжырым жасайды. Бұл, табиғи процестерге адам әсер ете алады, оның мүмкіндіктері шексіз дегенді білдіреді. «Қажетті нүктеде ақпараттың ретін өзгерту арқылы дер кезінде денсаулықты жақсартуға және аурудан айығуға мүмкіндік туғызуға болады» - делінген.

Қазіргі ғылым адамда Жан болатынын және ол Тәнмен бірге өлмейтінін дәлелдеді. Сонымен адам болмысы жан, сана және тәннен құралған. Осы аталған үш құрамдас бөлшек тек бір адам үшін ғана арнайы жаратылады және оларға өзгелердің қолы жетімсіз. Тән тек физикалық әлемді сезіне алады. Тән себептен туындайтын объект. Себеп, ол Сана. Тән ештеңені туындата алмайды. Ол тек сезе алады және оны сезінуге болады, бұл тәннің айрықша қызметі. Ой немесе сана сезе алмайды, тек қиялдай, қалыптастыра және түсіндіре алады. Оған, өзін-өзі сезіну үшін салыстырмалы әлем - физикалық әлем, Тән қажет. Жан адамның бар болмысы, ол ойға және тәнге өмір береді. Адамға осыны ұғыну денсаулыққа жаңа, соны көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жан бұл өмірден алған рұхани тәжірибесін және өзінде дамыта алған қадір-қасиетін алып кетіп, оны Рұх еншісіне, иесіне өткізеді. Бір рұхтар, егер адамның материалдық өмірдегі амалдары энергиялық қаныққан және ол ғаламдық энергия-ақпараттық құрылымға сәйкес болған жағдайда, «АқРұхқа» - нәзік энергиялық құрылымға айналдырылады. «АқРұхта» жады мен сана болады және ол энергия- ақпараттық кеңістікте жалпы ғаламдық энергияның құрамдас бөлшегі, тірі энергия болып табылады. Осындай «АқРұхтар» энергиясы жер бетін айнала қоршап, қорғап тұрады. Адамдар олардан кеңістіктің энергиялық импульстері арқылы ақпарат, көмек ала алады. «АқРұх»күдіреті, күші осылай байқалады.

Қазақтың «аруақ» сөзі «ақ-рұх-ақ» деген ұғымды білдіреді, өйткені оның этимологиясы осыдан бастау алады деп ойлаймын. Фонетика заңдылығына сәйкес «ақрұхак» сөзі айтыла келе «аруақ» немесе «әруақ» болып өзгеріске ұшыраған болуы әбден мүмкін. «Ақ Рұх» Жаратушымыздың қасиеттерінің бірі, сипаты, оның энергиялық күшінің, ақпараттық болмысының, күдіретінің бір бөлшегі.

Жер бетінде экстраординарлық қабілеті, сана түйсігі өте жоғары адамдар аз болмаған. Оларды Алланың ерекше ықыласы мен мейіріміне бөленгендер, оның Нұры түскендер, «арқасы бар», «аруақты» деп есептейді қазақ. Бұндай адамдар бұл дүниедегі тіршілігінде белгілі бір энергетикалық қадір-қасиетке, «әулиелікке» ие болып, айналасына шапағатын береді, тірі кезінде-ақ елінің піріне айналады. Жаратқанның өзі бұл пендесін қолдап, қуаттандырып, ой-санасына бағыт бағдар көрсетіп, қажет ілім беріп отырады. Менің ата тегімде де осындай ерекше қасиеттерге ие, қазіргі түсінікпен, ғылыми тілмен айтқанда кванттық санасы әлемдік сана энергиясымен үндес тапқан Қазыбекұлы Жабай бабам болған. Ол кісі жайлы толыққұнды тарихи деректер Айтбаев Ерген Махатбайұлының «Жабай Тоқсаба Әулие» атты кітабында түбегейлі айтылған.

Жалпы, қазақтың дүниетанымында, дінінде әулие-әнбиелері мен пірлерін, Жаратқанның олардағы таза, биік рұхын қадірлеу, қастерлеу кең орын алған. Бабалар рұхына тағзым ету, дертке шалдыққанда немесе өмірінің қиын қыстау кезеңдерінде, зиярат жасау қазақтың ғасырлардан келе жатқан рұхани құндылықтары болып табылады. Зиярат жасаудың түбінде жатқан мағынаға, әрекетке пәлсіпалық, психологиялық және медициналық талдау жасап көрелік.

Медицинада және психологияда психосоматика деген түсінік бар. Өйткені барлық аурулар жүйке жүйесінің белгілі бір жағдайы себепті дамиды деген дәлелденген ұғым қалыптасқан. Осының нәтижесінде психосоматикалық ауруларды қарастыратын біршама бағыттар да белгіленді: психосоматикалық медицина, практикалық психология,

психотерапия, психоанализ т.б. Бұл ұғым бойынша, адам ауруларының дамуында оның жаны, санасында және бейсанасында психологиялық сәйкессіздіктер мен бұзылулардың болуы басты рөл атқарады. Ежелгі грек философиясы мен медицинасында жан мен рұхтың тәнге әсері жайында түсінік кең таралған болатын. Осындай наным «чакралар жүйесі» сипаттамасында да орын алған. Ұлы Ұстаз Аристотель айтқандай: «Ештеңе жоқ болмайды. Ештеңе жоқтан бар болмайды. Барлығы бір күйден екінші күйге ауысады».

Сонымен, психосоматикалық аурулар негізінде қандай да бір тікелей физиологиялық себептер емес, көбіне, науқастың психикалық өзіндік процесстері жатады. Психосоматикалық теория мынадай бес эмоцияға негізделеді: уайым, ыза, қорқу, қуану, шектен тыс көңіл аудару. Қазіргі уақытта бұл ауруларды емдеуде психотерапия немесе альтернативтік медицина тәсілдері қолданылады.

Егер, жоғарыда айтылғандарды ғылыми тұжырымдайтын болсақ, онда, адамның эмоциясы, сезімі және ойы адам ағзасында нейрондық байланыстар түзіп, өздеріне сәйкес энергияны тудырады. Өз кезегінде аталмыш энергия белгілі бір биохимиялық реакциялар тізбегін дамытады. Нәтижесінде, уақыт өте келе, жасушадағы қалыпты энергия түзілуі мен алмасуы бұзылып, әуелі жасушаның өзгерісіне, содан кейін мүшенің, жалпы ағзаның биохимиялық үрдістерін бұзып, дерт дамытады. Сондықтан ауруды емдеуде де осы патологиялық жағдайды тудырған эмоциямен және оймен жұмыс жасау керек. Өйткені сана және ол тудырған сезім энергияларының түбінде жатқан ақпарат, кванттық теория бойынша, қайтадан немесе жаңадан қалыпты материалдық өзгерісті тудыра алады.

Жер бетінде ғаламдық энергияның табиғи тығыз шоғырланған жерлерінде электромагниттік толқындар өрісі өте белсенді күйде болады. Ондай жерлерде адам энергиясы мен космостық энергияның өз ара әрекеті, қатынасы да жылдамдайды, терендейді. Осындай ерекше энергиялық тартылыс күшіне ғаламдық Рұхтық ақпараттың энергиясы қалыптасқан, шоғырланған жерлер де ие. Оған ата-баба зираттары, әулиелер кесенелері де мысал болады.

Тас суда толқындарды тудырғандай, зияратқа барған адамның шын ықыласының, ниетінің ақпараты ағзада энергия импульстерін өрбітіп, энергия-ақпараттық кеңістікке электромагниттік толқын таратады. Өз кезегінде, бесінші кеңістікте сол толқындар энергиялық резонансқа ұшырап, әсерленеді. Адам бұл физикалық процессті көңіл күйдің ерекше көтеріңкі болуымен сезінеді, санасында өзі сұрағанындай болатынына сенім артады. Сенім тудырған ақпараттық энергия сана мен сезімді жаңа биіктікке шығарады. Олар, өз кезегінде, адам ағзасында жүйке импульстерінің және гормондардың қабілеттілігін арттырып, жаңа ақпаратты таратушы нейрондық байланыстар түзеді. Нәтижесінде психосоматикалық ауруды тудырған негативті фактордың энергиясы позитивтіге түрленеді. Осылай жасушаларда оң биохимиялық және физикалық үрдістер белсендіріледі.

Аурудан айығуда да физика заңы мүлтіксіз орындалады, өйткені жалғыз ниеттің ақпарат күші аз болуы мүмкін, оған нәтижеге деген сенім де мықты болу керек. Осы жерде әулие-әнбие, пірлердің Рұхтық энергиясы да адамның ниет және сенім энергиясын күшейтіп, оларды жарықтандырып, оның өту жылдымдығын арттыруда өз үлесін, ықпалын байқатады. Денсаулықтан басқа, өзге де тілектердің орындалуы осы механизмнің бірізділігімен қалыптасады. Сұрағанның тез арада орындалуы немесе орындалмауы метафизика заңына сәйкес шешіледі.

Ата-баба, әулеттің ақ рұхтары энергиялары адамның ғылыммен дәлелденген энергиялық аймағында, аурасында фон тәртібінде әсер ете отырып, оның болмысының әр деңгейінде энергия толқындарының пайдалы коэффициенттерін түзіп отырады. Қазақтың этнофольклорында оны аруақтың қолдап, қорғап, сақтап жүруі деп беріледі.

Қорыта айтқанда, егер біз санамызды, ойымызды, зейінімізді және құрметтеу, қадірлеу сезімдерін таза немесе жоғары күш «АқРұх» энергиясына аударатын болсақ,

онда, сөзсіз, жоғарыда айтылған қарапайым, бірақ терең кванттық процесстер тетігі іске қосылады. Ол кезде энергия толқындары жоғары жиілікте, лазер сәулесіндей сипатқа ие бола бастайды, ал ол адамның рұхани потенциалын күшейтеді. Нәтижесінде дерттен айығу механизмі, адамның өмірінде басқа да оң үрдістер ықпалданады.

Сондай-ақ, қазіргі таңда медицинаның қай саласын алмайық ауруды айқындауда және емдеуде кванттық физиканың ғылыми және инновациялық жетістіктері - әр түрлі диапазондағы толқындар энергиясы кең қолданылады. Заманауи медицина физикалық үш өлшемдік кеңістіктен әлдеқайда шығып, 4 және 5-ші кеңістіктердің ақпараттық-энергетикалық мүмкіншіліктерін кең қолдануды жан-жақты зерттеулермен толықтырып, соны нәтижелер алуға және күтілуде.

Тақырыпты физика-математика ғылымдарының докторы, Стенфорд университетінің (АҚШ) профессоры Андрей Линденің сөзімен тұжырымдағым келеді (1 қыркүйек 2012): «Заманауи ғылымнан сананы шектету керек дегенге күмәнім бар. Біз, әлем материядан құралған, ал сана сол материя неден құралғанын түсіну үшін қажет деп есептейміз. Менің ойымша бұл пікір көпке көрінеу көрінеді және бізге осының барлығын қалайда біріктіруге тура келеді. Бұл революциялық қадам, оны біз жасауымыз керек, қазіргі уақытта оны тек ойлай, қиялдай аламыз».

Қорытындылар:

1. Адамның болмысы таза энергиядан құралған.
2. Адам санасының табиғаты кванттық және ол кванттық физиканың постулаттарына сәйкес өрбиді.
3. Кванттық шындық - бұл, адамның нық сеніміне қарай өз өмірінің қалыптасуы.
4. «АқРұх» - нәзік энергиялық құрылым, онда жады мен сана болады және ол жалпы ғаламдық энергияның құрамдас бөлшегі, тірі энергия болып табылады.
5. Ниет ақпараты ағзада энергия импульстерін өрбітіп, электромагниттік толқын таратып, бесінші кеңістікте энергиялық резонансқа ұшырап, әсерленеді.
6. «АқРұх» энергиясы терең кванттық процесстер тетігін іске қосып, энергия толқындарын жоғары жиілікте өрбітіп, адамның рұхани потенциалын күшейтеді.
7. Сана және бейсана энергиялары адам ағзасында жүйке импульстерінің және гормондардың қабілеттілігін арттырып, жаңа ақпаратты таратушы нейрондық байланыстар түзіп, жасушаларда оң биохимиялық және физикалық үрдістер белсендіріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. S. Hameroff, R. Penrose. Orchestrated Objective Reduction of Quantum Coherence in Brain Microtubules: The «Orch OR» Model for Consciousness. 2006.
2. Can Quantum Physics Explain Consciousness? // The Atlantic, 07.11.2016 г.
3. Matthew P.A. Fisher Quantum cognition: The possibility of processing with nuclear spins in the brain // Annals of Physics, № 362, ноябрь 2015 г., стр. 593-602
4. Landau L. J. (1997). Penrose's Philosophical Error. ISBN 3-540-76163-2.
5. Various critical reactions to be found in Behavioral and Brain Sciences. Vol. 13 #4 (1990). P. 643-705; and vol. 16 #3 (1993). P. 611—622; e. g. M. Davis. How subtle is Godel's theorem? More on Roger Penrose.
6. M. Davis. (2005). Is mathematical insight algorithmic. // Behavioral and Brain Sciences. 13 (4). P. 659-60.
7. Сёрл Д. The Mystery of Consciousness. The New York Review of Books, 1997. С. 53-88. ISBN 978-0-940322-06-6.
8. Stenger V. The Myth of Quantum Consciousness 13-15 (May-June 1992). «The myth of quantum consciousness should take its place along with gods, unicorns, and dragons as yet another product of the fantasies of people unwilling to accept what science, reason, and the iron

neye stell thema boutthe world».

Аннотация. Квантовая реальность - наша жизнь становится тем, во что человек больше всего верит. Так как, мы состоим из постоянно изменяющихся энергетических сгустков, которые образованы из движущихся электронов. В свою очередь, человеческая сущность состоит из взаимосвязанных энергией информации души, тела, сознания. Тело – это эффект, созданный попричине. Данная причина – это Мысль. Истинное намерение в организме развивает соответствующий энергетический импульс, образует электромагнитные волны, которые в пятом измерений резонируются с энерго-информационным полем вселенной. В результате их воздействия, энергия сознания и подсознания, образуя нейронные связи, транслирующие новую информацию, усиливает нервные сигналы и активность гормонов. Потому что, Дух - тонкая, живая энергетическая структура с памятью и сознанием, является частью вселенской энергии. В результате в клетках активируются положительные физические и биохимические процессы. Так как, наши мысли связаны с этой невидимой вселенской энергией, и они определяют то, что формирует эта энергия.

Abstract. Quantum reality – when our life becomes something that people mostly believe in. Since we are full of continuously changing energetic clots that are formed from moving electrons, human essence consists of soul, body, and consciousness. Body – an effect that created for a certain reason. This reason is the mind. Intention creates energetic impulses in an organism, form electromagnetic waves that accumulates with an energo-informative field of the universe. As a result, the energy of consciousness and subconsciousness by forming neuron links reinforces neural signal and activity of hormones. It is because spirit – fine, lively energetic structure with own memory and consciousness and it is a part of the energy of the universe. Our thoughts have a link with this invisible energy and they determine something that is formed by this energy.

УДК 930:001.89

Миразов М.

«Қазақтану» ғылыми-зерттеу орталығының бас директоры,
тарихшы-этнолог, Алматы, Қазақтан

ҚОҚАНД БЕКТИГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ РОЛІ

«...тарих ғылым үшін
ғана зерттелмейді,
өткеннен өнеге –үлгі,
сабақ алу үшін жазылады»

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы
Н. Назарбаев

Түйін: Әрбір халық өткен кезеңнің рухани қазынасын игермей, өз ұлтының сана-сезімін қалыптастырған тарихи біліммен сусындамай тұрып, өзін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмас. Тек өсетін ел ғана ғасырлар қойнауында шаң мен тозаң болып жатқан рухани құндылықтарын тірнектеп жинап, оларды бүгіннің, ертеңнің рухани несібесіне айналдыруға қадам жасайды. Тарихи мұрамызды өзеннен гауһар тас іздегендей жинақтап ұлтымыздың даналық қасиетін кемітпей, тарихымызды болғанын болғандай, төкпей-шашпай өз деңгейінен асырмай бағалауға, жас ұрпаққа жеткізуге атсалысуымыз керек. Бұл зиялылардың парызы мен қарызы. Қазақ хандығының бірнеше ғасырлық тарихында мемлекеттің тұрақтылығы мен тұтастығын сақтауда ұлт батырларының орны ерекше болғандығы белгілі. Олардың елін қорғаудағы жеке ерліктері мен сарбаздарды бастаған қолбасшылық ерендігі халықтық жыр-дастандар арқылы ұрпақ жадында жатталып қалды. Сонымен бірге, хақымыздың жат-жұрттық жаулаушыларға қарсы күресі, ондағы батырлардың алған орнын айқындауға арналған әр кезеңдердегі көптеген және

отандық тарихи жазбалар мен ғылыми зерттеулер де баршылық.

Кілттік сөздер: Жабай, Төле би, зерттеу, тарих, деректер, батыр, мемлекет, тұлға

Ташкент үшін талас

Қазақтың атақты инженері, тарихшы Мұхамеджан Тынышбаевқа Сиқым руынан шыққан Байсейіт қарияның айтқан мәліметі бойынша, 1725 жылы Төле бидің тұрағы Ташкент қаласының дәл іргесінде, қаладан 10 шақырым Шымкентке шығар жол бойында Қарақамыс сайы деген жерде болған екен. Абылайдың Сабалақ деп атанып, бидің түйесін бағып жүргені де сол уақытта. А.Левшин сияқты бірқатар тарихшылар 1740 жылдан соң Ташкентті Төле бидің өзі жеке дара билеп қала берді десе де, мұнда Төле би қала билігін қожалармен бөлісті, тек олардан саяси ықпалы басым болды. Себебі қазақтар мен қала халқы сарттардың үстінен жүргізілетін діни ықпал түгелімен қожалардың ықпалында болған, олар шарифат үкімімен билік айтқан. Қаладағы, мешіт, медреселерді қожалар ұстады. Алайда, даланың ерке ұланы боп өскен қазақ баласына тек қазақ биінің билігі жүрді. Мұны қазақ билері қасқа жол, ескі жол деп атаған мұсылманша сауаттылар «адат» деп атады. (Гродеков Н.И. Киргизы и кара.киргизи Сыр – дарьинской области. Том – 1. Юридич.быт. Ташкент, 1889, стр. 24.).

Біз Ташкентті орыстар жаулап алғаннан кейін жасаған қаланың жоспарына қарап, көне шаһар қамалының Тақтапұл қақпасынан шығатын Шымкент Сайрам бағытындағы жолдың бойынан Қарақамыс сайын көре аламыз. Қала жанынан өтетін Қарасудың бойында Алтынтөбе мен Жағалтөбенің арасында Абылай хан тоғайы жатыр. Бұл жерді сарттар Авой – хан деп бұрмалап айтып келген. (Маллицкий Н. Г. Ташкентские махалля и мауза. Сборник в честь ак. В. В. Бартольда. – Ташкент, 1927.). Қаладағы Шымыр ата, Төле би және Жабай ата зиярат орындары дулат, сіргелі руларының бір кездегі осы шаһармен байланысты «басын отқа да, суға да салған « даңқты ерлік тарихынан сыр шертеді.

Ташкент қаласының орталық бөлігінде «Орда», яғни ғасырлар бойы Ұлы жүздің қазақ хандарының отыратын резиденциясы орналасқан, оның жанында қаланың ең басты әулиесі саналатын Шайхантаур қасиетті мазары жатыр (История Узбекской ССР. В четырех томах. Т – 2. (отв.редактор х.З. Зияев. – Ташкент, 1968 – стр.123). Төле би 1768ж. қайтыс болғанда осы Шайхантаурға Еңсегей бойлы ер Есім ханның жанына жерленеді. Қожалар қауымы орта ғасырларда үлкен саяси рол атқармағанымен, XVII – XVIII ғғ. олар ерекше күшейеді. Ферғана аңғарында қазақтар мен өзбек, қырғыздардың өзара тартысын пайдаланып, саяси билікті қолына алады. Ташкенттік қожалар әулие Шайхантаурдың ұрпағымыз деп өздерін мақтаныш етеді. Осы қожалар әулетінің XVIII ғ. басында сол аймақтың ұлы жүз халқына діни ықпалы күшті болған деп жорамалдауға болады. А.А.Семенов аудармасындағы «Убайдулланаме» шығармасында, 1709 ж. мамыр айында Убайдулла хан Бұхара ханының қабылдауына барғанда. „кәпір қалмақтар қазақ ауылдарына қырғидай шапқыншылық жасап, өз ордасына қайтып кетті деген хабарлар Ташкент қожаларынан келіп жетті. Соған қарамастан әлемнің патшасы сенімді емес еді (қалмақтар қайтып келмейді деп). Хан ұлы сарайдың нақибі деген лауазымды қазақ халқы өзінің пірі санап, толық сенетін Қара Бахадүр сейидатайдің бауыры Әбдурахим қожаға беруді уәде еткен-ді, енді оған Ташкент уәлаятына, қазақ хандары мен Ташкент қожаларына апарып беруге ханның қадірлі хатын,сонымен бірге сыйлықтар, шапан-шаттық пен араб сәйгүліктерін беріп, тапсырманы орындауға 12 күн уақыт берді. Аты аталған қожа «Нақиб» лауазымын алу үшін болашағынан үміттеніп, тапсырманы тастай қылып орындап мақсатына жететінін айтты. (Мир Мухаммед Амини Бухари,Убайдулланаме. (Пер. с мадж. И прим. А.А. Семенова,- Ташкент, 1957). 1709 ж. Қалмақ жоңғар

шапқыншылығынан кейінгі оқиғаларда қожалардың Ташкенттегі ықпалы өте күшейіп, хандармен қатар атала бастаған, өздеріне ұнамаған әкімдердің көзін құртып, мал мүлкін талап алғаны айтылады. (Бартольд В.В. соч., том. 11 ч. 1 – М., 1963-стр 207). ЖОЛБАРЫС хан өлтірілген соң, түрлі деректерде Бахадур фарман деп аталып жүрген Шыңғыс тұқымы ел билей бастады. Алайда жоңғарлар 1742 ж. Ташкентке қайта шабуыл жасағанда, қаладағы қожалардың ықпалында болған шанышқылы – қатаған мен қаңлылар бүлік шығарды. 1749 жылы сарттар көтеріліс жасап Бахадур фарманды өлтіреді. Енді Ташкент уәлаятында Төле биден беделді, абыройлы биік адам болмады. Сондықтан шаһарда толықтай Төле бидің әмірі жүрді. Бұл кезде Төле бидің жанында Қойгелді, Қонай, Тілеуке, Сасық, Қаранай, Мәлік, Жабай, Қылышбек т.б. би-батырлар топтасқан еді. Олар ақынның жыр жолдарында қазақ батырлары санатында ерекше аталады. Кеңесқой он екі еді Төлеге ерген, Шымырдан Қойгелді еді мәжіліс берген. Сиқымнан – Мәлік, Қарабатыр, Қаңлы Құлан, Алшынбай – Рамадан, Қаранай – Сіргеліден, Іріктеп таңдап шыққан әрбір елден. Төле би мен Қойгелді батыр қаланың төрт бөлігін (парсыша – даха) Дулат, Ысты, Сіргелі, Орта жүз руларына бөліп береді. «Төле би келмей жүріс жоқ, Қойгелді келмей ұрыс жоқ» - деген халық мәтелі осы кезде айтылса керек. Нұрмұхаммед Алимов деген көпестің айтуынша «Қазақ ханы және оған жақын адамдар қала мен соның аумағынан сарттардан ақшамен және тауардай ясақ (салық) алып тұрады» деп Төле бидің жыл сайын 40 мың теңге салық жинайтынын меңзейді. Дулаттың сиқым, жаныс, ботбай рулары мен оның көптеген тармақтары (оймауыт, шегір, темір, көкірек, қыбырай, дүрмен, байыс, қапал) және Сіргелінің Батыр, Жайдақ, Елібай, Ақкөңірдек, Қаракөңірдек рулары, атамзаманнан осында жасап келе жатқан Жалайырлар қала маңындағы Қыбырай, Дүрмен, Тойтөбе, Ниязбек, Есім қорған, Сіргелі кенттерді тұрақты қыстауларына айналдырды. Сондай-ақ бұрынғыдай ну тоғайлы Ангрен, Шыршық өзендерінің, Өгем жоталарының етегін жайлау етті. Қыста Ташкент маңындағы қыстақтарына оралды. А.И.Левшиннің айтуынша «қазақтар Ташкент қаласының төңірегіне егін егіп, қыстақ салды, орман тоғайды да түгел иеленді. Қаланы жан-жағынан шеңберлей қоршап алды.» (Левшин А.И. Описание Киргиз казачьих или кайсачих орды степей. – Алматы, 1996.стр.83). А. Левшиннің жазғандарынан дулат-сіргелілер Ташкентке келіп-кетіп жатқан сауда керуендерінен міндетті түрде баж салығын алып отырғанын білдік. Осынау елдік әлеуметтік, сауда қарым-қатынас мәселесінде Төле бидің жанында Жабай Қазыбекұлының жүргенін көреміз. Оны Ташкент өңірінде отырған Тутамғалы (сіргелі), Айтамғалы (сіргелі), Батыр (сіргелі) руларының көптеп шоғырланып жинақталғанынан сонымен бірге олардың қаланың Шайхантауыр бөлігінде орда тіккенінен аңғаруға болады. Сонымен қатар Сіргелінің Тілеуке, Жабай сынды асыл тұлғалары Төле бимен бірлесе саяси мәселеде де пікірлес болып, елдің өзекті мәселелерін шешіп отырған. Алайда Дулат, Сіргелілер мен қаланың отырықшы сарттары арасындағы тартыстар күннен-күнге өрши түсті. Жоңғарлар мен сарттар қалаға Көсек биді (қырғыз не қатаған руынан) басшы етіп тағайындайды. Жоңғарлар сол арқылы қаладан салық жинауды жолға қоюды міндеттеді. Бірақ көпшілік халық оған көмектесуден бас тартты. Оның талаптарын қара халық орындаудан бастарын алып қашты. Көсек би Қоқанд жағына шығып кетті. Билік тағы да Дулаттар мен Сіргелілерге көшті. Осы кезеңде Төле би, Жабай батыр сынды тұлғалар жоңғар езгісінен толықтай құтылудың бір амалы қоқандықтардың көмегіне сүйену деп түсінді. Сондықтан қоқандықтар жоңғарларға жасаған соғыстарында Ташкент маңындағы Дулат, Сіргелілермен коалиция құрды.

Қоқанд бектері Абдулрахим мен Абдулкерим (1733-1751) бүкіл Ферғананы біріктіріп Ұлы жүз қазақтары және қырғыздармен одақ жасасты. Орыс құжаттарында «Жолбарыс хан қорыққанынан өз еркіменен, бір жыл бұрын Ташкенттің жартысын Абдулрахим бекке беріп қойды (1735) ж» деген мәліметте кездеседі. (Материалы по истории России. Сбор. Указов и других документов...1735 и 1736 годы. Т. II. Оренбург, 1900,-стр.63)

Мұсылмандардың бұл бірігуі Жоңғария ханы Галдан Церенге (1727-1745) ұнамады.

Осындай жағдайда Қоқанд бегі Абдулкерим Иран шахы Надирге адал және тәуелді болып тұрамыз деп ант-су ішеді. Сол соғыстарға куәгер қазақтардың айтуынша, «Абдулкерим бек шах әскерінің алдынан көп сыйлықпен өзі шықты сондықтан оның халқы мен мүлкіне олар еш зиян келтірмеді тіпті шах егер олар жоңғарларға қарсы соғысқа шығатын болса оларға көмек беретінін уәде етіпті, - дейді» (ГАОО,ф. Военно-походная канцелярия командующего отд. Сибирским корпусом, оп. I. д. 4, св. 3, л. 112). Әбілқайырханға тұтқынға түскен парсы жауынгерлері: «Надир шах қалмақтарға қарсы соғысуға Қоқандтың биіне Бұхар, Хиуа, өзбектерден әскер жинап, керек болса артиллерия жасақтап беретінін айтты» - деген. (ГАОО, ф. Военно-пох. Канц. Оп. I, д. 4, св. 3, л.234). Қоқандтың мың руынан шыққан бектердің Наманган, Ходжент, Андижан, Марғұлан, Қоқанд сияқты т.б. көптеген қала мен жерлерді жаулап алуы жоңғарлардың Орталық Азиядағы саяси ықпалын әлсіретті. Қалалар бұрынғыдай жоңғарларға салық төлемеді. Мұны дер кезінде өз тараптарына оң пайдалана білген Төле би, Қойгелді, Жабай да Ташкент қаласы мен оның айналасындағы қыстақтардан жоңғарлардың салық жинауына қарсылық танытты. Жиналған салықтың жартысын ғана оларға жөнелтіп отырды. Баршахан сияқты салық жинаушыларды өлтіріп те кетіп отырды. Қоқанд бегі Абдулкериммен келісім түзген Төле би жоңғар елшілерін қабылдаудан бас тартады. Оған назаланған жоңғар билеушісі Қоқандқа елші жіберіп, өз билігін тануды талап етеді. Алайда Қоқанд биі оған бағынбайтынын айтып үзілді-кесілді жауап береді. (АВПР. Ф. Зюнгарские дела, оп. 113/1. 1743 г. Д. 2. Стр. 127). Галдан Церен дипломатиялық әдіспен Қоқандты бағындыра алмаған соң 1742 ж. Септен мен Дағбы т.б. қолбасшыларын Ташкент, Самарқанд, Қоқанд қалаларын бағындыруға әрқайсысына 4-5 мыңдық жасақпен әскер аттандырады. Ташкент шаһары маңында жоңғарларға қарсы Дулат, Сіргелі, Шанышқылы т.б. қазақ рулары және қырғыздарды қолдап Қоқанд әскерлері шабуылға шықты. 1742 ж. Қоқанд пен қазақ, қырғыз халықтарының сарбаздары жоңғарларға қарсы тұра алатын одаққа бірікті. Жоңғарларға қарсы құрылған Қоқанд мен ұлы жүз коалициясы туралы В. Наливкин мен П. Ивановтың еңбектерінде айтылады. Дулат руларының қолбасшылары Қойгелді, Сиқым Рысбек, Сіргелі Қаранай тағы басқа ержүрек батырлар елін азаттық күреске бастады.

Жабай батырдың майданда ерлікпен алғаш көзге түсуі 1745 жылғы жоңғарларға қарсы Қоқанд хандығының бегі Абдулкериммен қазақтың биі Төленің арасындағы келісім бойынша жүзеге асқан соғыс майданы. (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 2-том. Алматы, 2010, 360-бет). Бұл шайқаста қазақтар бір тараптан, қоқандықтар екінші тараптан шабуылдап, жоңғарларды қыспаққа ала отырып талқандау жоспары жасалған болатын. Қойгелді, Жабай, Бердіқожа бастаған қазақ әскері Ұлы жүз қолы ұрысқа өзі кіргізген «Айқораланды» ұрыс әдісін салған. «Айқораланды» соғыс әдісі – жауды айналдыра сыртынан қоршап алып, кім сыртқа ұмтылса, сонымен ұрыс салу. Ортада қалған жаудың садақпен оқ атудан басқа амалы қалмайды. Қазақтардың садақ оғын боратуы бірсәтте бірнеше жүз адамды жусатып салады. Осы әдісті дұрыс пайдалана білген қазақтар жоңғарларды ойсырата талқандады. Қоқандықтар жақсы қаруланған болатын. Олар мылтықтармен де оқты қарша боратады. Майдан даласында мыңдаған сарбаздары опат тапқан қалмақтар өліктерін жинауға да мұршалары келмей жансауғалап қашуға мәжбүр болды. Қашқан жауды сырт тарапта тұрған арнайы жасақталған Шанышқылы Қылышбек пен Жжаныс Өтегеннің қолы тас-талқан етіп, 1000-ға жуық жау сарбаздарын қолға түсіреді. Абдулкерим әскері де оң тараптан соғыс майданына кіреді. Қоқанд жазбаларында жазылған мәліметтер бойынша бұл соғыста «аспанды бұлт торлап, қара жерді түнек басқандай» болды, майдан даласы жанұшыра айғайлаған адам дауысы мен кісінеген жылқыдан күңіренді. Қазақ – қоқанд бірлескен қолы кәпір қалмақты Орта Азия аймағына енді қадам баспастай етіп қуғынға салды. Міне, осы майдан даласында алғаш рет Жабай батыр жаста болса алдыңғы сапта болып ерен ерлігімен көзге түседі. Осы шайқаста көзге түскен Жабайды Абдулкерим бек те бағалап марапат жасаған деген бізге жеткен ауызша

әңгіме бар. Оның кейінірек Ердана бектің тұсында Тоқсаба атағын алуына осы Абдулкерімнің сөзі де негіз болған сияқты.

Қоқанд бегі Абдулкерім қайтыс болған соң билік басына Ердана бек келеді. Ол да Қоқанд бектігін кеңейту жолында күрес жүргізеді. Бұрынғы бектіктің шекарасын аумағын кеңейтуге бар күшін салады. Ердана Ташкент, Түркістанды өзіне қарату үшін әрекетке көшеді. Бірақ оның бұл әрекеттері толықтай нәтиже бермеді. Кеше ғана жоңғарлардан босатылған атамекенді қалайша уыстан шығарады қазақтар. Төле би бастап Абылай қостап Ерданаға қарсы соғыс жүргізеді. Қазақтар қоқандықтарды талқандап Ташкент өңірінен кері ығыстырады. Қан майдан ортасында жүрген Абылайдың санына садақтың жебесі қадалып жарақат алады. Екі жақ соғысты тоқтатып мәмілегерлік келісіміне отырады. Келісім шарт бойынша Ташкенттің оңтүстігін Ердана бек, солтүстік тарабын Ташкент қаласымен қоса Төле би, Абылай бастаған қазақтар басқаруға алады.

Ташкент шаһарының төрт бөлігін Төле би мен Абылай бастаған қазақтың басқарушы тобы (элитасы) қазақтың атақты руларына бөліп билік жүргізулеріне береді. Міне сонда Шайхантаур тарабын сіргелі руының билік иелері қолға алады. Шаһардың бұл бөлігін басқаруды қазақтың ақылгөйлері Жабай батырға тапсырады. Себебі оның батырлығымен қатар, мәмілегер-шешендігін, көрегендігін, бойындағы әулиелік ерекше қасиетін ескерген болу керек. Қоқандықтарды жеңгеннен кейін Абылай (хан) Жабай батырға қосынның алғы сапында алып жүретін Ақ Туды аманат етіп тапсырған деген әңгіме бар. Сол кезден бастап «Жабай» Ташкент өңіріндегі Батыр-Жайдақ руының ұранына айналған. Батырдың бұрынғы ұраны Есболай болған. (мәліметтер орыс зерттеушісі Шмидтің Ташкент, Шымкент уезі қазақтарынан 1922 ж. жинақтаған еңбегінен алынды – М.М.). оған тағы бір нақты дерек Майлықожа ақынның «Марқабай би, **хан Жабай**, Татыбайды» деп жырлауы (Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Терме-арнау. Алматы: Атамұра, 2010). Жабайды хан қатарындағы биікте тұлғаландыруы көп нәрсені аңғартады. Бұл тұста Жаныс руынан шыққан Жұман би Мырзабайұлы Ташкенттің Сибзар бөлігіне (дахасы) қарасты Тахтапул махалласында билік жүргізген. (У.А.Султонов Мухаммад Салихужа ва унинг «Тарихи Жадидайи Тошкенд» Асари. Тошкент, 2009).

Абылай 1766 жылы Ташкентте біршама уақыт тұрған соң отбасымен хан ордасы Ханқорғанға (Сайрам жанында) келіп орнығады. Оның тағы бір әйелі балаларымен Созақ, Құмкент аймағында жасайды. Ол осы аралықта біршама тыныш өмір сүреді. Тыныштықты қырғыздар бұзады. Қырғыздарға қарсы Жауғаш, Бердіқожа, Жабай батырлар атқа қонды. Абылай бастап қырғыздарды тыныштандырған соң тағы да тыныштық орнықпады. Енді Жүніс қожамен алысуға тура келді. Жабай батыр талай уақиғаларды бастан кешті. Осынау қиын-қысталаң кезеңдерде Жабай батыр, тоқсаба, әулие ғұмыры тарихтың сырлы қатпары. Оны терең зерттеп зерделеу келешектің еншісінде.

Аннотация: Каждая нация не может воспринимать себя как полноценную нацию, не копясь в духовных сокровищах прошлого и без исторических знаний, которые формировали сознание нации. Единственная страна, которая растет, - это шаг за шагом приближаться к духовным ценностям пыли и пыли в веках и превращать их в духовную пищу сегодня и завтра. , Наше историческое наследие, подобно поиску алмазов из реки, не умаляет мудрость нашей нации, мы должны внести свой вклад в развитие нашей истории, не переступая ее, дойти до молодого поколения. Это долг и долг интеллигенции. Из многовековой истории Казахского ханства известно, что герои нации играли особую роль в сохранении стабильности и целостности государства. Память о поколениях запомнилась их личными героическими подвигами и солдатами по защите своей страны. В то же время есть много исторических записей и научных исследований о правде наших героев бороться с иностранными захватчиками, чтобы определить место, где находятся герои.

Abstract: Anyway, it can be used as a full-fledged part of the history of the world, or to go back to

the history of the evangelical pastor, which has shaped the mindset. The only thing that stands out is that it is up to you to be honored with the spiritual dignity and rush in the future, and do it in the spirit of the day and tomorrow. We are in a historical sense, like the search for diamonds, or weeping, we have to do with our own development in our history, or go back to the old age. Это долг и долг интеллигенции. The most famous history of the Kazakh khanate is that the heroine played a very important role in preserving the stability and state of the state. Remember the story about their heroic warheads and solvents by defending their country. There are so many history stories and scientific research that right now our heroine is fighting with foreign passengers to identify the place where the heroin is.

ӘОЖ: 511.124

Оразалиев С.

ф.ғ.к., доцент, «Абайтану» ғылыми-оқу орталығы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

Түйін: Бұл мақалада, қазақтардың шеттен келген жауларын Ұлы Дала топырағын бастырмай дер кезінде елдің аймағынан қуып, жерін сақтап қалу себептері айтады.

Кең байтақ қазақ жеріне көз алайтушы қара ниетті жаулардың аз болмағанын тарих растайды. Әлемде үлкенді-кішілі 192 мемлекеттердің ішінде Сахадан (Якутя) кейінгі 9-орында тұрған кең байтақ Қазақ Елін сақтап қалған хандар мен батырлардың ерен еңбегі екенін, бүгінде, әрбір қазақтың перзенті білуі тиіс. Өзге елге жорық жасап батыр болған жоқ, керісінше, өз елін сыртқы жаудан қорғау жолында ерлік көрсеткендерді батыр деп атаймыз. Солардың бірі қытай басқыншыларын елден үдере қуып, жоңғар мен қалмақты жер жастандырған, ежелгі қазақ жері Ташкентті Қоқан хандығынан қорғаған бүгінгі Сарыағаш ауданының тумасы Жабай батыр Қазыбекұлы (Ташкентте жерленген) туралы сөз болады.

Кілттік сөздер: Қазақ жері, сіргелі Жабай батыр, Қоқан хандығы, Ташкент, Сарыағаш.

Қазақта басқа халықтармен салыстырмалы түрде қарағанда батыры көп екендігі мойындалған шындық. Өз елін жаулардан қорғағанды батыр десе керек-ті, өзге елді күшпен еңсеру емес. Қаз дауысты Қазыбек биден асырып айта алмаспыз: «... ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». – дегеніндей, өзгеге барып соқтығу табиғатында жоқ қазақ халқы өзінің ата-бабасы мекен етіп, өсіп-өнген жері. Бүгінгі күні Қазақ Елінің жер аумағы 2724,9 мың шаршы шақырым. Бізден халық саны екі есе көп көршіміз Өзбекстанның жер аумағы 442,4 мың шаршы шақырымды құрайды. Әрине, салыстырмалы түрде, басқаны кемсіту емес деп түсінген жөн.

«Бабалардан байтақ жер мен мол тіл қалған» (Ахмет Байтұрсынұлы). Жер-суға берілген атау сол өңірдің төлқұжаты десек: Сарытау - Саратов, Кемер - Кемерово, Қажы Тархан - Астрахан, Омбы – Омск, Іркіт – Иркутск, Алакөл – Алаколь, Қамыстыкөл - Камышова деп, мыңдап тізе беруге болады. Ес білмеген ескі заманда, біздің бабаларымыздан қорқып 4000 шақырымдық, биіктігі үш қабаттық үйдей, ені алты ат қатар жүре беретін қорғанға дейін біздің ержүрек батырларымыз қорғаған жер бүгінде біразы қытайлардың еншісінде қалды. Мұндай мысалдарды шегералас жатқан мемлекеттерден де кездестіруге болады. Батырлық - біріншіден; Жаратқан Иенің жарылқауы, екіншіден; Аталық тектілік, үшіншіден; намысты ту еткен халық екеніміз, төртіншіден; Ұлы Дала рухының жебеуі болса керек-ті.

Бүгінгі күн тәртібінде тұрған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан келіп шығатын «Ұлы Даланың жеті қыры» атты үндеуі қоғамдық сананы жаңғыртудың өзектілігі негізінде кешегі өткен ел билеген хандар мен жер қорғаған батырлар өз өңірін, немесе, өз аймағын қорғап қана қойған жоқ, бүкіл қазақ даласына

жауды аттатпады, оны көздің қарашығындай қорғады. Оңтүстіктің батыры Солтүстіктегі, Солтүстіктің батыры Оңтүстіктегі жауды қуып шығармай тыныш жатпаған қазақ жерінің төрт жағы да көзден таса болған емес. Мұны әрбір қара домалақтардың білуі тиіс ұлттық шартты белгісі, яғни коды болуға тиіс.

Бұл мақаламызда халық мүддесін өз мүддесінен жоғары қойған ер жүрек батырлар жайлы айтпақпыз.

Біздің қозғағалы отырған тақырыбымыз Жабай есімді тарихи тұлға; олар - екеу, екеуі де қазақтың батырлары; бірі – Жабай Қарабиұлы (1680-1748) орта жүз құрамындағы керей тайпасының ашамайлы руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыстарға қатысып, ерлігімен көзге түскен. (1). Екіншісі – Жабай Қазыбекұлы (1728-1810) Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Әлімтау елді мекені. (2). Біздің айтпағымыз осы екінші Жабай батыр туралы болмақ. Ташкентті билеген Төле би (1663-1756) және Абылай ханның (Әбілмансұр 1711-1781) Сабалақ аталып жүрген кезінен білетін Жабай батырды өзінің қолбасшысы етіп сайлаған. Оған дәлел, Абылай хан Орта жүздің ханы Әбілмәмбетпен бірлесе отырып шығыстан келетін жауларға (Қытай, Жоңғар, Бұхар, Хиуа, Қоқан) қарсы тұруды ойластырған, оның бас-қасында сіргелі Жабай батырдың болғанын тарих растайды. Әсіресе, Қоқан хандығына қарсы елді қорғау қазақтың бірнеше ержүрек батырларымен қатар Жабай батырдың мінбесіне жүктелгендей болып көрінеді.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақ жері, әсіресе Оңтүстік өңірінде саяси жағдай күрделілігі сонша жвн-жвқтан қыспаққа алған жаулар жеткілікті болды. Ол сіргелі Жабай батыр Қазыбекұлы өмірінің кемелденген шағына тұспа-тұс келеді. Бұл кезең алып екі империяны (қытай мен орыс) айтпағанда Хиуа, Бұқара және Қоқанның хандықтары көз тіккен Ұлы Далаға мүдделі болды. XIX ғасыр басына қарай күшейген Қоқан хандығының мақсаты Оңтүстік Қазақ Елін жаулап алып, Ресей мен Орта Азиядағы керуен жолдарына бекіністер салып бақылау орнату мүмкіндігін қолдарына кіргізу болатын.

Қоқан хандығы ХҮІІІ ғасырдың 2-жартысы Нарбота би 1769-1800 аралығында басқарған кезінде кемелденген уақыты болды. Ол Қоқанды бірнеше жыл басқарған Әбдулкәрім бидің 1740-1760 басқарған ханның немересі, 1800 жылы қайтыс болғаннан кейін, оның баласы Әлім Нарботаұлы таққа отырды. Әлім 1800-1809 жылдары Қоқанның ханы болды. Дәл осы жылдары қоқан ханы Әлім Ташкент, Шымкент, Ходжент және Сайрамды басып алды. Хандық мемлекет деңгейіне көтеріле бастап кімді болса да қызықтыра бастады. Әлім Нарботаұлы қаталдығымен қарапайым елдің еңсесін түсірген жайсыздығын Арқадан келген Жанкісі (1772-1849) жырау әрі би Сыр бойына келіп халықтың езгісін көріп «Қоқан ханына айтқаны» толғауында:

«Келі түбім» деп алады,

«Кеусенім» деп алады,

«Отыра зекет» деп алады,

«Құшақ зекет» деп алады. (3) – деп, жалғаса береді. Әлім ханның халыққа тізесін батырып жіберген. «Ұлы жүз әскерлерінің қоқандықтармен ұрысы Түркістан шаһарының күншығыс жағында басталды. ...Абылай мен Елшібек батырдың төрт мың қолмен Ташкент шаһарына қарай өтіп ...«Ташкентті Абылай хан басып алыпты!» - деген хабар жетті» (4). Абылай ханның осы жорығында автор (Ілияс Есенберлин) Елшібек, Сағыр, Бөкей, Жабай есімді батырлардың ерлігін 361-362-363 беттерде жеткізе баяндайды. Бұл Жабай батырдың 30 жастағы кезі, яғни 1758 жыл. 1803-1809 жылдары Әлім хан Ташкент, Шымкент және Сайрамды басып алып, сол кездегі саяси нысанға ие Орынборға баратын керуен жолындағы Ақмешітті (қазіргі Қызылорда) тұрғызуына себепкер болды. 1812 жылдан Қоқан ханы Ресейге беріле бастады.

Оңтүстік халқы Қоқан хандығының қол астында болып, аса зардап шекті бұндай қиыншылыққа төзе-төзе жүйкесі тозған халық 1858 жылы Әулиеата маңындағы

көтеріліске Шу бойы, Жөлек («Жол жиек» болуы мүмкін) (Шиелі ауданы), Шымкент, Түркістан, Арыс, Мерке, Сайрам, Шолаққорған, Жаңақорған тағы да басқа елді мекен тұрғындары үдере түрегеліп Қоқан езгісіне қарсы шықты. Бұл кезең Төле би қайтыс болып, Қойгелді батырдың қолына көшкен, Қойгелді Сартұлының (1702-1795) негізгі қолбасшыларының бірі сіргелі Жабай еді. Омар хан Түркістан қаласы мен қазіргі Оңтүстік Қазақ Елі аймағының бірқанша елді мекенін өзіне қаратты, әсіресе Сыр бойы өлкесіндегі Жаңақорған, Қамысқорған, Ақмешіт, Қосқорған елді мекендерге бекіністер құрдырады. Омар хан тегі жағынан мыңжүзге жатады қазақтың шежіресі бойынша Майқы биден; Бақтияр, Қаңлы, Қырықжүз, Мыңжүз рулары тарайды. Бұл рулар тайпа ретінде Дешті Қыпшақтан Мауереннахрға ХУ ғасырдың соңында көшіп келген. Қоқан хандары өздерін Шыңғыс ханның (Шахрух бидің) ұрпағымыз деп таниды. Жабай батыр Сарыағаш ауданына қарасты Әлімтауда қайтыс болғанымен Ташкенттің күнбатыс жағында орналасқан Көкше маңындағы «Шайх Зайниддин баба» қабіріне жерленген. Батыр туралы дерек көздері өте аз кездеседі. Жыраулар поэзия өкілдерінің шығармаларында Жабайдың батырлықтары там-тұмдап кездесіп отырады, бірақ, біз жоғарыда айтқандай екі Жабай батырдың қайсысы екенін дәп басып айтуға мұрағаттың дәлеліне сүйеніп ауқымды ғылыми зерттеуді қажет ететіне көзіміз жетті. Оның үстіне өмір сүрген кезеңі де бір-біріне жақын келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия 3-том / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 бет. 461-бет.
2. Ана тілі ұлт газеті №7 (1473) 21-27 ақпан 2019 жыл. 6-бет.
3. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) 2 томдық (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). - Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. Т.1. – 384 бет, 177-бет
4. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 б, 541-бет.

Аннотация: В этих статьях говорится о том, что казахи, пришедшие на землю Великой Степи, в свое время сохранили место изгонения с территории страны. История свидетельствует о том, что невысоких врагов, обозначающих обширную казахскую землю. Среди 192 государств мира труд ханов и батыров, сохранивших 9-е место в мире. Не было батыров, совершив поход на другую страну, а мы называем героем тех, кто проявил мужество в защите своей страны. Один из них рассказывает о Жабай батыре Казыбекулы, который в процессе догонял китайских крестоносцев, земля джунгара-калмака наряду с этим защитил города Ташкент и нынешний Южно Казахстанской области с Кокандском ханством.

Abstract: These articles say that the Kazakhs who came to the land of the great Steppe, at one time kept the place of expulsion from the country. History suggests that the low enemies low, indicating vast Kazakh land. Among the 192 countries of the world the work of khans and batyrs, who kept the 9th place in the world. There were no batyrs, howing made a campaign to another country, and we call the hero of those who Showed courage in protection of the country. One of them talks about Zhaday of Kazdeguli Batyr, who in the process overtook the Chinese crusaders, eath. To order this protected the city of Tashkent and minisny South Kazakhstan region with the Kakand khanate.

2 СЕКЦИЯ

АРХИВ 2025 - ЖАҢА ДЕРЕКТЕР, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

АРХИВ 2025 - НОВЫЕ ИСТОЧНИКИ, АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

ӘОЖ:93/94 : (574)

Карибаев С.Ә.

т.ғ.к., доцент «Қазақстан тарихы» тарихы кафедрасының меңгерушісі,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістер, ең алдымен тарихи білім жүйесін жаңартуды өткір қойып отырғанда, тарих қойнауында жинақталған бағалы тәжірибелерге назар аударудың маңызы зор. Бұл - жоғалтқаныңды түгенде деген сөз. Елдің төрт құбыласын түгендеу, оның тарихын жөнге келтіруден басталады. Тарихтың жақсы, жаманы болмайды. Тарих шынайы, не бұрмаланған болады. Өкінішке орай, біздің төл тарих патшалы Ресей кезінде Д.Неру айтқандай «отар елдің тарихы отарлаушы елдің» көзқарасымен жазылса, кеңестік кезеңде таптық тұрғыда бұрмаланды. Ал бұрмаланған мұндай тарих- отар ел үшін - қасірет, ал отарлаушы ел үшін - құдірет.

Патшалы, одан кейінгі кеңестік кезеңде қазақ тарихы саналы түрде бұрмаланды. Қазіргі кездегі басты міндет - «ақтандақтардың» себеп-салдарын ашу, төл тарихымызды қазақтың ұлттық көзқарасы тұрғысында зерттеу, жазу, ұғыну, білу, яғни шынайы тарихи сана қалыптастыру болып табылады.

Кілттік сөздер: қазақ тарихы, отаршылдық, бұрмалау, «ақтандақтар», патша, кеңес өкіметі, тәуелсіздік, жаңа көзқарас.

Тарих - ұлы ұстаз. Танып тағлым алар, тасқа басылған шынайы, төл тарихы болмаған ел, соқыр жандай қарманып, күндік тірлігімен күн кешеді. Өткеннің өнегесінен нәр ала аламай, кешегісін бүгінмен салыстырып сабақтастыра алмайды. Болашағы тұманға айналады. Оған қосымша «бұрмаланған» тарихы болса, одан өткен қасірет жоқ. Өйткені, **«бұрмаланған» тарих отар ел үшін - қасірет, ал отарлаушы ел үшін - құдірет.** Сондықтан ұлт пен елдің мәңгі сақталып дамуында төл тарихтың алатын орны ерекше.

Патшалы, одан кейінгі кеңестік Ресей отаршылдық саясатын ақтау мақсатында «кетпеннің басын басса, сабы маңдайына тиетінінен» сақтанып, күштеп құрамына кіргізілген ұлттар мен мемлекеттердің тарихын саналы түрде бұрмалады. Яғни, Д. Нерудің **«отар елдің тарихы - жаулап алушылардың қолымен жазылды»** дегеніндей отаршылдық кезеңде «Ата тарихымыз» Ресей мүддесі тұрғысында жазылды. Нәтижесінде Ресей құрамындағы өзге ұлттармен қатар, Қазақ тарихында да «ақтандақтар» пайда болды. «Ақтандақтарға» - өткен тарихымыздың (зерттеуге тиым салынған - К.С.) зерттелмеген, немесе зерттелсе де, шынайы бағасын ала алмаған кезеңдер мен оқиғалар жатады, яғни «ақтандақтар» жаулап алынған елдің тарихын бұрмалау, халықты тарихи зердесінен және ұлттық сана сезімінен айырудан туындайды. Кеңес Одағы өмір сүріп тұрған, қайта құру кезінде кең қолданысқа алынған «ақтандақтар» термині КСРО құрамындағы өзге ұлттар үшін «қара дақ» болып табылады. Өйткені, ол халықтың тарихи санасына теріс көзқарастарды қалыптастырды. Атап айтатын болсақ, «Қазақстан Ресей құрамына өз еркімен қосылды», «Қазақ хандығы (мемлекеті-К.С.) бір орталыққа бағынған біртұтас ел болмады», «қазақта мемлекет те, мемлекеттік шекара да болмаған», «қазақ халқы өзара алауыз, бірлігі болмады», «қазақ хандары ел мүддесінен тақ мүддесін жоғары қойды, өзара таққа таласты» деген сияқты жалған тұжырымдар, өкінішке орай, осы күнге дейін тарих оқулықтарында орын алып ұлт, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан

келтіріп келеді. Мұндай тұжырымдар қазақ елі «жеке тәуелсіз ел бола алмайды, ол белгілі бір күшті елдің құрамында болуы керек» деген сияқты жастарға жалған тарихи сана қалыптастырып отыр. Ал қазіргі шынайы өмір бұл қағиданың өміршең еместігін көрсетті. Посткеңестік мемлекеттер арасында Қазақстан бірінші болып ЕҚЫҰ-на, Ислам конференциясына, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етті. Әлемдегі саяси ахуалдардың реттелуіне ара-ағайындық жасап, бітімгершілік алаңына айналды.


Медицина ғылымында адам өміріне аса қауіпті және қауіпті емес деген аурулар болады. Аса қауіпті болса, тез арада ота жасап, алып тастап, емдеуді одан әрі жалғастырады. Сол сияқты, қазіргі төл тарихымызға мемлекеттік көзқарас тұрғысынан қайта бағамдау, зерделеу кезеңінде ең бірінші жоғарыда айтылған аса қауіпті тұжырымдардан арылуымыз керек. Одан кейін тарихымыздың кемшін тұстарын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жинақталған жаңа дереккөздер негізінде ұлттық мүддеге сай толықтырып отырғанымыз жөн болады. Сондықтан қазіргі кездегі басты міндет - «ақтандақтардың» себеп-салдарын ашу, төл тарихымызды қазақтың ұлттық көзқарасы тұрғысында зерттеу, жазу, ұғыну, білу, яғни шынайы тарихи сана қалыптастыру болып табылады.

Орыс тарихнама ілімінің негізін салушылардың бірі, Петербор діни академиясының профессоры М.О.Коялович неміс ғалымдарының орыс елі тарихын жазуға араласқысы келгенін жақтырмай былай деген: «...мен..сауал қояйын, сыртқы елдегілердің орыс тарихын жазуға араласқанынан бізге келер пайда көп пе, зиян көп пе?» дейді де, «бұдан орыс тарихы іліміне келетін зиян өте көп, өйткені бұл пәнді орыс көзқарасынан алған тұрғыда дамитын жолды өз беделдерімен қиып тастайды» - деп өзі жауап береді. Бұдан шығатын қорытынды, әрбір ұлт, ел, өз тарихын өзі жазуы керек.

Міне, сондай міндеттердің бірегейі - Әбілқайыр ханның 1730 жылы орыс патшасына жолдаған хатын саналы түрде дұрыс аудармау арқылы қазақ елінің Ресей құрамына «өз еркімен қосылды» деген «ертегі» болып табылады.

Әбілқайыр ханның 1730 жылғы хаты (түпнұсқа)[1].

Әбілқайыр ханның 1730 жылғы хаты (түпнұсқа)



Түпнұсқа мәтіні:

Ұлуғларың аууа мархаматы биік, дәулеті артық, йер йүзіне билеген ақна ұлұғ падша хазыретлерің хұзырына бенделік етеміз. Күнден күн, айдан айға, йылдан йылға дәулет сәлемет зияда олар анша тасығай. Біз ғарызбандә хазыретіңізге бу дәрге. Сіз ұлұғ хазыретнің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада еллігіміз йоқ ерді. Емді ел-хал, Сіз дәулеті ұлұғ падша хазыретіңе саясыда панаһ олып, сатиф мунқаз олмақ үчін тоғай йолы

Орал ештегі бендегіз Алдарбайға елші қосып йібердім. Ол Алдарбай Сіз ұлуғ падшаның хазіретіге елші тілегені үчін біз, Әбілхайыр хан, қырық сан қазақ, Орта йүз, Кіші йүз барша рағайат қарашаларым бірле баш салдым. Йарлық: Сізнің-дүр ол кулларыңыз Орал ештегі бірле ел қылып ірішу[і]ңні тілейміз. Сізнің йарлығыңыз бірле ел болғаймыз. Сейіткул йібергем елші баш Кутлымет йолдашлары бірле.

Мына нәрсеге баса назар аудару керек: Әбілқайыр ханның 1730 жылы орыс патшасына жолдаған хатының орыс тіліндегі аудармасының өзінде түпнұсқадан принципті маңызы бар ауытқушылық жіберілген. Күні бүгінге дейін тарихшылар пайдаланып келген орыс тіліндегі хаттың мәтіні мынандай:

«8 сентябрь 1730 г, Послание в Петербург ее величеству

Величайшей, **благородной**, богатой и **умной** обладательнице многих земель, ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем **божией милостью** благополученногосударствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, **который находится за Уралом**, у нас **близких отношений** не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай **требовал** посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне **многочисленным** казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, **являемся Вашими слугами и все вместе в простом народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи**, чтобы с подданным Вам башкирским народом, **находящимся за Уралом, жить в согласии.**

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул. Главный посланник Куттумбет с товарищами». Орыс тіліндегі аудармадағы **қарақалы нәріппен** берілген сөздер түпнұсқада жоқ. Мұны орыс ғалымдары саналы түрде кіргізген. Ал шын мәнінде тарихшы Амантай Исиннің түпнұсқадағы мәтінді көрсеткеніндей болуы керек: «Величия и милости высокой, государства превыше, правящей (всеми) землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изо дня в день, из месяцев в месяц, из года в год государство (Ваше) да пребывает в здравии и приумножается. Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральскими ештек - башкортами меж нами нет согласия. Теперь, желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив клесной дороги уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил к Вашему императорскому величию, мы Абулхаир-хан, сорок санов казахов, Средний и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову». Хатта көріп отырғанымыздай, Ресей құрамына қосылу туралы бірде-бірсөз де, ишара да жоқ. Неге Кеңес билігі бұл хаттың аудармасын саналы түрде бұрмалады дегенге келсек.

Біріншіден, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тарихи зерттеулерде патшалы Ресейдің отаршылдығына баса назараударылып, Түркістан, Қазақстан, Сібір, Кавказды басыпалды деп көрсетіліп, қысқа уақыт болса да шынайылық көріністапты.

Екіншіден, Ұлы Отан соғысы басталысымен КСРО-дағы ұлттардың өткен тарихындағы ұлттық батырлары мен эпостық жырларын дәріптеп, рухын көтеру мақсатында үкіметтің қаулысы шыққан болатын. Осы тұрғыда келесі істер атқарылды. Солардың ішінде Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан», 1943 жылы Қазақ ССР тарихы және тағы басқа эпостық жырлар жарық көрді. Үшіншіден, 1944 жылы кеңес әскері КСРО-ның батыс шекарасын фашистерден толық азат етіп, Шығыс Еуропаға аяқ басқанда, кеңестік билік ұлттық рухтың күшеюінен секем алып, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы КСРО-дан бөліну туралы мәселенің қайта көтерілу

мүмкіндігінен қорқып, халықты «жуасыту» мақсатында тарихты басқаша жазуға қаулы алады. Соның негізінде 1917-1944 жылдары ұлттық отарлау мәселелері жөнінде қалып тасқан тұжырымдарды Кеңес тарихшыларының көрнекті өкілі, КСРО ҒА-сының корреспондент мүшесі А. В. Ефимов былайдепкөрсетеді[2]:

1. Ресейдің жекелеген халықтарының тарихы дербес субъект ретінде зерттелуі мүмкі немес, ол тек объект ғана. Басқаша айтқанда, кіші халықтардың орталықтан тыс өз тарихы болмайды.

2. Үлкен халықтардың кіші халықтарды жаулапалуы, не болмаса қосыпалуы объективті прогрестік факт. Демек, Ресейдің шет аймақтарды отарлауы тек прогресті жағынан түсіндірілуі тиіс.

3. Аз халықты отарлауға қарсы күресінің прогресті жағы болғанымен, оларды «орыс тарихының қаһармандарына» айналдыруға болмайды.

4. Бұқараның тәуелсіздік үшін күресінен гөрі реформа үшін күресіне ғұрлы мәділ. Сондықтан шет аймақтардың тәуелсіздік үшін күресі аса дәріптелмесін.

5. Ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерін мадақтауға болмайды. Басқаша айтқанда, езілген халықтардың бостандық жолындағы отарлық езгіге қарсы күресіндегі батырлары мен қолбасшылары, жауынгерлік күрестарихы болуға тиіс емес». 1944 жылғы қаңтарда КСРО ғылым академиясының мүше-корреспонденті А.И.Яковлев оқу-ағарту халық комиссариатында жаңа оқулықтар жайлы сөз сөйлегенде: «Орыс мектептеріне арналған әрбір оқулық орыстың ұлттық оқулығы болуы керек. Олардың мазмұнына енді жүз халықтың мүдделерін тықпалайтын ештеңе жоқ» - деп мәлімдеп, оның іске асуына қатты көңіл бөлді. Міне, осылай «тоқпақ күшті болса, киіз қазық жерге кіретін» кеңестік кезеңде тарих осы ұстаным негізінде жазылды. Төртіншіден, қаріптіқайта-қайтаауыстыру да тарихтың бұрмалануына белгілі дәрежеде роль атқарды. Ұзақ уақыт өткен тарихын араб қарпімен жазып келген қазақ халқылатын (1930 ж.), одан кейін кириллицаны (1940 ж.) қолданды. Нәтижесінде араб жазуындағы төл тарихын оқиалмайтын жағдайға тап болды. Мұны орыс ғалымдары шебер пайдалана біліп, билер кеңесінің шешіміне негізделген Әбілқайырдың хатын саналы түрде бұрмалап, жалған тарихи сана қалыптастырды. Өкініштісі, осы уақытқа дейін қазақ тарихынан оқулық жазып жүрген тарихшыларымыз араб жазуын білмегендіктен бұрмаланған орыс тіліндегі хат мәтінін пайдаланып, «Әбілқайыр билер шешімін аяқасты етіп, елшілер арқылы бодан болу туралы хат жіберді» деп қате тұжырымдар беріп келеді.

Ал енді осы құжатқа байланысты ғалымдардың көзқарастарына келетін болсақ: А.Исин: «аударманы түпнұсқа мәтінімен салыстырсақ, қатеаударылған, аударылмайқалған, мазмұны өзгерген және қосып жіберілген сөздер тізбегі шығады... Қатеаударылған, өзгертілген немесе аударылмаған сөздерден тыс ресми аударма салқынын тигізген, хаттың өзінде жоқ, белгілі саяси мақсат үшін қосып жіберген сөздерді табуға болады...»[1, 42-44 б]. Т.Жұртбай: «Әбілқайыр мен Тевкелев арасындағы қазақ елінің Ресейге бодан болуы туралы жасалған рәсімі жалған, онда тек қанасауда-саттық пен бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі одақтастық сыпаттағы келісімге қолқойылған, Ресей бұл келісімді заңсыз бұзып, тікелей отарлау саясатын жүргізді, одақтасқа емес отарына айналдырды. Ресейге қазақ елі еркімен қосылған жоқ. Саяси және мемлекеттік билігі зорлық пен тартыпалынды»[3].

Е.Әбіл: «Хаттағы мәтіндер бұрмаланып дұрыс аударылмаған, сондықтан ол құжаттың заңдық мәні жоқ»[4]. Академик М. Қозыбаев: «Өз еркімен қосылды деу - миф»[5]. 1995 жылы қабылданған «Қазақстан Републикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасында»: Қазақ хандығының Ресей империясының құрамына кіру тарихы да өзінің әділ бағасын алған жоқ»[6]. Академик М.Х.Асылбек: «ҚазақстандыРесейқосыпалды» депкөрсетеді[7]. 1918 жылы И.В. Сталин Қырым, Кавказ, Татар-Башққұрт және Түркістан (Қазақстан) сияқты түркі өлкелерінің жағдайы туралы: «Бұл өлкелер- Ресейдің саяси билігі астына зорлықпен алынған өлкелер. Бұл жерелерді

(Ресейге) қосу бұрынғы, тарихи Ресей тарапынан қолданылған зорлық пен зомбылықтың толық көрінісі болып табылады», - деген болатын[8].

Н.Г. Апполова Ресейдің ХҮІІ ғасырдың 30-шы жылдарынан бері жүргізіп келген саясатын: «Қазақстанды Ресей империясының отарына айналдыруға бағытталған саясат» деп түйіндейді[9].

1937 жылы жарияланған «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «Шовинистердің қазақ халқының Ресей үстемдігін ерікті түрде қабылдағаны жайындағы аңызы шылғи өтірік» деп жазылған[10].

С.Аспандияров: «Тарихи шындықтар үлкен мемлекеттік шовинистер тарапынан жарияланған қазақтардың Ресейге ерікті түрде қосылуы туралы аңызының бекер екендігін көрсетеді»- деп жазады[11].

XX ғасырдың 40-шы жылдарына дейін орыс тарихшылары іргелі зерттеу еңбектерінің атауын бақырайтып, «Ресейдің Түркістанды, Орта Азияны басып алуы» деп айдар тағып баспадан шығарса, біз неге өзіміз қосылдық деуіміз керек.

Ресей басшылары Әбілқайырдың 1731 жылғы бодандықты қабылдауы оның «өз еркімен» еместігін жақсы білді. Сондықтан 1738 жылы 3 тамызда Әбілқайырды мәжбүрлеп екінші рет ант қабылдағандығына. Бұл жөнінде Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И. Крафт «...қайтыс болған Кирилловтың орнына 1737 жылы 10 мамырда патшаның жарлығымен Орынбор экспедициясының бастығы болып толық дәрежелі статс советник Татищев тағайындалып, оның үстіне құпия советник атағы қоса берілді...

1738 жылы... Татищев Әбілқайыр ханның өзі мен елағалары келіп, бодандыққа ант беруін табандылықпен талап етті» дей келе, «Әбілқайыр ханның орыс бодандығына ант беру үшін келу құрметіне ханды Орынборда қарыс алу салтанаты өткізілді» деп жазады. Он төрт тармақтан тұратын салтанатты өткізу тәртібіне сай үстел басында ұлы мәртебелінің денсаулығы үшін; император отбасы үшін 17 атыстан кейін; 13 атыстан кейін орыс қаруының құрметіне; 9 атыстан кейін хан мен оның ордасының денсаулығы үшін; содан кейінгі 9 атыстан кейін ханша мен сұлтандар үшін; тағы 7 атыстан кейін ұлы мәртебелі боданында болуды қалаған барлық хандар үшін тост көтеріп, одан кейін атыссыз ішу, яғни барлығы 7 арнаулы тост ішу мен 83 атыс ұйымдастырылып, одан кейін Әбілқайыр патша үкіметі дайындаған «ерекше ант қағазы бойынша ант рәсімін өткізеді». Адам өмірінде бір-ақ рет ант қабылдайтындығы әлемдік тәжірибеде «бесенеден белгілі». Демек, 1731 жылғы ант заңсыз деген сөз. Әбілқайырдың шарасыздығы неде еді?. Біріншіден, орыс үстемдегінің күшейіп бара жатқындығы болса, екіншіден, Орынборда Әбілқайыр балалары алғашында Ералы, одан кейін Қожахмет орыс қолында аманат (қазіргі ұғымда кепілде (орысша-залогта) - К.С.) ретінде ұсталды. Сондықтан орыс кепілдігіндегі балаларының өмірі Әбілқайырдың қандай қадам жасауына тікелей қатысты болатын.

Осыныңбарлығы да орыс отарлауынан туындады. Қазақ жерін отарлауға байланысты түрлі кезең мен Ресейлік түрлі әлеуметтік топтардың көзқарастарына келетін болсақ, төмендегі шет ұжырымдарға тап боласыз. Атапайтсақ: Орыстың ірі тарихшысы В.О. Ключевский «Курс русской истории» атты еңбегінде «Ресей тарихы – отарлау елінің тарихы. Отарлау аймағы оның мемлекеттік территориясының кеңеюі мен қатар жүреді»-деп орыс отаршылдығының табиғатын ашып көрсетеді[12].

А.Л.Трегубов «Орыс отарлауының ерекшелігі - орыстардың «аяғы тиген жаңа жерлер», «орыс қаны төгілген жер», «қай жерде орыс өмір сүрсе, қай жерде орыс билігі жүрсе, ол өлке Ресейге айналатын»-деп жазады[13].

Декабрист П.Пестель: «Молдавия, Кавказ, Қазақстан, Қиыр шығыстың Ресей құрамында болуын жақтады»[14].

Туған жерін тастап, ұлттық аймақтарға қоныс аударған орыс шаруаларынан

«Отаныңды тастап қайда барасың? - дегенде. Олар : «Отанымыз бізбен бірге көшеді»-деп жауап берген.

М.С. Горбачев және Солженицын: «Қазақстанның солтүстік 5 облысын Ресейге қарату керек» деп мәлімдеді. «Литературная газета» тілшісі С.Бабуринен «Биыл 50-ге толып отырсыз, осы уақыт арасында Ресейдің көсегесін көгертуге қызмет етіңіз, құдай тағы да 50 жыл өмір берсе, ол өмірді неге арнар едіңіз дегенде», ол: «Ресей, Украина, Белорусия, Қазақстанды бір Отан ету үшін арнар едім» - деп жауап берген[15].

2014жылы Лимоновтың «Қазақстанның солтүстігін басып алуды», В. Жириновскийдің«заңыз құрылған қазіргі Орта Азия республикаларын Ресейдің Ортаазиялық федералдық округіне айналдыру керек. Орталығы Алматы емес, Верный болуы тиіс» деген пікірлеріне бей-жай қарауға болмайды. Көріп отырғандай, әр түрлі әлеуметтік топтар, әр түрлі кезең болса да, бір Ресейдің мүддесімен тоқайласқанын байқауға болады.

Тағы бір назар аударатын мәселе - «Әбілқайырдың ұлы хан болып сайлана алмағаннан кейін, ренжіп, шайқас алаңын тастап батысқа кетті» деген шындыққа жанаспайтын пікір туралы. Болат хан өлген кезде қазақ әскері жерін жаудан толық азат етіп жатса, жоңғарлар елінде ішкі саяси жағдай күрделі әрі шиеленісті еді. Жоңғарларға көмегін аямаған Ресейдің шығыстағы мақсатының орындалуы қиындай түскенде, ол қазақ жеріне башқұрттарды, еділ қалмақтарын, орыс казактарын айдап салды. Сондай қиын-қыстау жағдайда Әбілқайыр «ренжіп» емес, елдің батысын қорғау үшін кеткен болатын. Екіншіден, солтүстікте - Ресей, Шығыста-Жоңғар, оңтүстік-шығыста-Қытай, оңтүстік, оңтүстік - батыста- Қоқан, Хиуа және Бұқар қазақ жеріне көз тіккенде, басқаруды жеңілдету мақсатында Ұлы ханға тікелей бағынатын жүздік хандар тағайындаған болатын. Олардың құзіреті қазіргі облыс әкімдерінің құзіретіндей ғана болатын. Бұл жөнінде Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И. Крафт «Қырғыздардың орыс бодандығын қабылдауы» атты еңбегінде «Ақылды, тәжірибелі, басқару өнерін жақсы меңгерген Тәуке өзінің әкесі мен атасы сияқты үш қырғыз-қазақ ордасын Түркістанда отырып басқарды.

... қырғыздар (қазақтар-К.С.) орыс бодандығын қабылдар алдында Тәуке хан қырғыз-қазақ халқының дара билеушісі болды, ал әрбір орданы ол тағайындаған, оған бағынышты билеушілер басқарған. Бұдан шығатын қорытынды,- ордалар әлі ХҮІІІ жүзжылдық басында жеке хандық дәрежесінде болған жоқ, одан гөрі бір мемлекеттің ішіндегі генерал-губернаторлық типіне жақын басқаруда болған» деп жазады[16]. Сондықтан олар бүкіл ел атынан шешім қабылдай алмайтын. Мысалы, Түркістан облысы әкімі ел Президентінің және халықтың келісімінсіз Түркістан облысын Өзбекстанға қоса алмайды. Әбілқайырдың да құзіреті осындай-ақ болатын әрі бүкіл ел атынан сөйлеуге құқы жоқ. Үшіншіден, қазақ елі өз еркімен қосылса, неге осы үдеріс бір жыл ішінде емес, 134 жылға созылады? Төртіншіден, қазақ елі өз еркімен қосылса, неге осы кезең Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Есет бастаған ұлт-азаттық көтерілістерге тола? Бесіншіден, қазақтар ғасырлар бойы жоңғарға қарсы отар болмау жолында елдің азаттығы, халқының бостандығы үшін «білектің күшімен, найзаның ұшымен» күреседі де, тәуелсіздікті де, елді де тәрк етіп, Ресейге өз еркімен отар бола салады. Бұл ақылға сыймайтын нәрсе. Алтыншыдан, ХҮІІІ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтарға қауіп жоңғарлардан емес, «біреудің қолымен көсеу көсейтін» Ресейден болатын. Сондықтан осы уақытқа дейін айтылып келе жатқан жоңғар факторына емес, Ресей факторына баса назар аудару керек.

Осы кезеңнің келесі бір жан-жақты қарастыруды қажет ететін мәселесі - қазақтардың «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшырауы.Қазақтардың (М. Тәтімов дерегі бойынша 3.333.333 қазақ-К.С.) «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшырауының басты себептерінде Ресей факторы басты роль атқарады. Біріншіден,бұл жорықтардың табысты болуына шведтің артиллерия сержанты Иоганн Густав Ренаттың

тигізген әсері үлкен болды. 1709 жылы Полтава тубінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қаласына айдалды, Бухгольцтің экспедициясы құрамында Кереку қаласының маңында 1715 жылы қыста қалмақтарға тұтқынға түседі. 1733 жылға дейін қалмақтардың қолында болған ол қалмақтарды темір балқытып зеңбірек құюды үйретеді. Екіншіден, қазақтарды өз қол астына кіруге мәжбүр еткісі келген Ресей жоңғарларға Сібір бойындағы, сонымен қатар 1718 жылы салынған Семей, 1720 жылы салынған Өскемен бекіністерінен зеңбірек беріп, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырған. Үшіншіден, академик М.Қозыбаевтың дерегі бойынша жоңғар әскерінде 600 орыс офицері (*бізге қазірге белгілісі-К.С.*) әскери нұсқаушы болып, соғыс өнерін үйреткен. Төртіншіден, мұндай көмек қазақтарға берілмеді, қару-жарақ қарапайым болды. Бесіншіден, Қазақстан территориясының кеңдігінен, халықтың тығыз орналаспауынан аймақтар арасындағы байланыс нашар болды. Бұл ХҮІІІ ғасырдағы жағдай. Ал қазірдің өзінде, ХХІ ғасырда Астанаға қарай жол тартсаңыз бір сәтке елді мекенді көрмейсіз.

Келесі мәселе - хандар таққа, билікке таласты деген «ертегіге» байланысты мәселе. Қазақ заңында да, дәстүрінде де «ата жолымен» деген сөз бар. Бұл қандайда бір нәрсенің ата жолымен өзіне тиесілі болмаса, таласпа дегенді білдіреді. Сондықтан Әбілқайыр мен Сәмекеңнің «хандыққа таласты» дегені шындыққа жанаспайды. «Жол» дәстүрін қазіргі кезде де ұстанып келеміз. Оған дәлел - үлкен тұрып, кішінің сөйлемей, жасы үлкен нағашыдан жасы кіші түп нағашының бірінші сөз сөйлеуі және т.б.

Қазақ хандығы бір орталыққа бірікпеген ел болды деген «ертегі» туралы. Қазақ хандығы Қасым ханның кезінде бір орталыққа біріккен мемлекет болған. Оған дәлел - бүкіл қазақ халқы сол кездің ата заңы «Қасым ханның қасқа жолының» қағидаларымен танып аттырды, күнін баттырды. Одан кейінгі өмір талабына сай қабылданған «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдарының хандық ішінде толық жүзеге асырылуы хандықтың (мемлекеттің-К.С.) бір орталыққа біріккен мемлекет болғандығының дәлелі бола алады.

Халық арасында алауыздық болды деген «көзқарасқа» жауабымыз. Қазақта «өткір пышақ қап түбінде жатпайды» деген сөз бар. Қазақтар алауыз болып, бір-бірімен қырқысып жатса, жазбаша, қала берді ауызша тарихнамада «мына жерде, мынадай шайқас болды» деген мәлімет қалуы керек еді ғой. Оның үстіне Президент Н.Ә. Назарбаевтың «қазақтың ұялатын тарихы жоқ» дегенін қосыңыз. Екіншіден, басымыз бірікпей, алауыздықта өмір сүрсек, қазіргі әлемдегі жер көлемі жағынан 9-шы орын алатын аумаққа ие бола алмас едік. Үшіншіден, қазақ халқы шежірені ер адам жағынан таратып, ру жағынан бөлектенгенімен қызын ұзатып, ұлын үйлендіріп құда, жекжат, ағайындыққа өте берік халық.

Керісінше, «айрандай ұйыған» қазақ қоғамына іріткі салып, жеріне, еліне байлығына ие болуды мақсат тұтқан Ресейдің отаршылдық, басқыншылдық саясатынан іздеген жөн. Бұл тұжырымымызға деректер жеткілікті. Мысалы, Патша өкіметінің отаршылдық саясаты ІІ Екатерина тұсында күшейді. Оның қазақтар туралы губернаторларға жолдаған құпия жарлығында былай делінген:

1. «Қазақ халқының ру басыларын екінші ру басыларымен араз етіп, бірінің етін бірі жеуге себепкер болыңыз.

2. Сұлтандарды бірімен бірін иттей таластырып, бірінің етін бірі жеуге себеп боларлықтай іс қылыңыз.

3. Қазақтың басты адамдарын сұлтандарымен араздастырыңыз.

... Осылайша береке бірлігін алсақ, өз ара азып-тозғандарынан қазақ жұрты бөтен патшалық қол астына көшіп кетерге дәрмені болмас. Өз-өздері қырық пышақ болып қырылысып жатса, Ресей өкіметі араларына төре болып төрелеп, ретіне қарай не анаусын, не мынаусын қуаттап тұруы керек. Түрлі айламен сұлтандардың күшін кетірсек, өзімізден

озып еш қайда кете алмас. Келетін, кететін жері өзіміз боламыз, тілегенімізше қақпалап мініп жортамыз»[17].

Орыс ғалымдары қазақ жерін зерттегенде жер асты, жер үсті байлықтарына, тарихымызға, этнографиямызға ерекше назар аударды. Оған Левшиннің еңбегі дәлел. Олар біздің нәзік жерімізді табуға әрекеттенді. Орыс зерттеушілері «қазақ жерінде сексеуіл деген ағаш өседі екен, оны өткір балтамен шапсаң зорға шабасың, өткір арамен араласаң зорға аралайсың. Ал екі қолыңа екеуін алып, бір-біріне ұрсаң өзінен-өзі сынады екен» деген. Патша өкіметі әкімшілеріне қазаққа осы «сексеуіл» әдісін қолдануды қатаң тапсырған.

Өкінішке орай, қазақ тарихы кеңестік кезеңде де саналы түрде бұрмаланды. Оның қыр-сырын М.Шоқайдың мына тұжырымынан байқауға болады. М. Шоқай ұлттың өз «Менін» сақтап қалуында және ел мен ұлттың болашақтағы дамуы сол ел мен ұлттың шынайы төл тарихына тікелей байланысты екендігіне назар аударып, тарихты қалай жазудың маңыздылығына маңыз бере отырып, «Тарихты жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: Зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жолы: зерттеуші кездеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады.

Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды.

Ғылымолар үшін таптық күрестің баламасы.

Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақтаптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады.

Өйткені олар тарих өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешек кесабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» деп, тарихтың қоғамдық-саясисаладағы алатын орнын ерекше атап көрсетеді [18].

Нәтижесінде, Қазақстан тарих ғылымы да орталықтағы сияқты мейлінше идеологияландырылған сипатқа ие бола отырып, тарихи проблематиканың негізгі тақырыптарын біріншіден, буржуазиялық өмір тәртібін сынау, екіншіден, елдегі тап күресі, қазан төңкерісінің тарихи рөлі, социалистік өндіріс, интернационализм, мәдени төңкеріс және тағы басқаларды мадақтау құрады. Бұл жағдайлар қордалана келіп отандық тарихымызда «ақтаңдақ» беттердің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Соғыстан кейінгі жылдардары қайта оралған екінші репрессия қазақ тарихын айналып өтпеді. Тарихи зерттеулердің методологиясы ретінде қабылданған И.В. Сталиннің «ВКП(б)-ның қысқаша курсы» атты еңбегі ғылым мен әдебиет, мәдениет пен өнер салаларындағы нағыз «цензуралық құжатқа» айналды.

Ұлттық егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізуіміз халқымыздың өз құқықтарын, ұлттық болмысын қайта қалыпына келтіріп, жаңғыртуға, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы үшін шексіз мүмкіндіктер туғызды. 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды. 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих» жылы деп аталуы төл тарихты тану арқылы Қазақстан халықтарының береке-бірлігін, ынтымағы мен жарастығын, достастығы мен туыстастығын онан әрі нығайту мақсат етті. Төл тарихымызды, елдік дәстүр, халықтық тағдыр-талайымызды танып-білуде, ескерткі мұрағаттарымызды жинастыру мен сараптауда біраз жетістіктерге қол жетті. Бұған дейін қол жетпей жүрген деректер,

білмей жүрген рухани қазыналар жарыққа шыға бастады. Шетел мұрағаттарынан да туған тарихымызға қатысты құжаттар жинақталып, оқырман игілігіне ұсыныла бастады. Беті жабулы архив құжаттары мен дерек көздері ғылыми айналымға енгізілді.

Сонымен қатар, Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры»[19] атты еңбектері отандық тарих ғылымына тәуелсіздік жағдайында жаңа әдістемелік, тұжырымдамалық бағыт берді. Осы бағытта зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда ресми тарихпен қатар, қазақтың балама тарихы пайда бола бастады. Алайда, онымен (*тарих зерттеумен-К.С*) тарихшы мамандығы бар маман айналысып жүр ме?. Осыған мән беруіміз керек. Қазақ халқында «қасқалдақ сойса да, қасапшы сойсын» деген аталы сөз бар. Біз, осыған тоқтауымыз керек. Әйтпесе, жыл сайын республика бойынша қаншама түлектер тарихшы мамандығын бітіреді, бірақ, олардың бәрі тарихшы бола алмайды. Олардың ішінен ілеу де біреуі, тарихшы болуы мүмкін, қалғаны тарих пәнін жастарға түсіндіруші немесе ұғындырушы болып қала береді. Тарихшы деген, ойдан роман құрастыратын жазушы емес. Осыны ойдан шығармағанымыз жөн. Өлең жазуға «әркімнің таласы» болуы мүмкін, ал тарихты жазуға «әркімнің таласы» болмауы тиіс.

Тәуелсіздік жағдайында төл тарихымыздың кезеңдері шынайлық ұстанымында зерттеліп зерделенуде. Алайда жетістіктермен қатар кемшіліктер де жетерлік. Сондықтан осы мәселе бойынша мынадай ұсыныстарымыз бар:

1. Алдағы уақытта жазылатын төл тарихымыз ұлттық (мемлекеттік) мүдде мен шынайылық ұстанымы негізінде зерттеліп, зерделенуі қажет. Өйткені, осы уақытқа дейінгі жарық көріп отырған кейбір ғылыми еңбектер (оның ішінде 2010 жылы жарық көрген Қазақстан тарихы. 5 томдық та бар) сәл-пәл өзгеріспен бұрынғы әдіснамамен жарық көрген.

2. Ресейлік дереккөздеріне өте сақтықпен қарау керек. Оны сол күйінде пайдалану үлкен зардаптарға әкеледі. Өйткені ол дереккөздері ресейлік ғалымдардың пікірі негізінде жасалынған.

3. Болашақта жарық көретін оқулықта мына дереккөздеріне басымдық берілуі тиіс:

а). Қазақ халқының аңыз-эпсаналары, ауызша әдеби дереккөздері, шежірелері (ДАТ-даланың ауызша тарихнамасы) т.б.;

ә). Шетелдердегі қазақ диаспораларының дереккөздері. Өйткені оларда төл тарихымызға тікелей қатысты дереккөздер сақталған;

б). «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде жинақталып, жарық көрген еңбектер (қытай, монғол, парсы, араб, түрік және еуропалық дереккөздері).

4. Әбілқайыр ханның (араб қәрпінде жазылған) хатының түпнұсқасы негізінде Қазақ халқының өз еркімен Ресей құрамына кірді деген жаңсақ көзқарасқа тосқауыл қойылуы тиіс. Өйткені онда Ресейге қосылу туралы бірде-бір сөз жоқ. Ресей ғалымдары аударғанда түпнұсқада жоқ сөздерді әдейі енгізген. Оны арап қәрпін танымайтын ғалымдарымыз сол күйінде бірін-бірі қайталап жүр

5. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Отан соғысында жоңғар емес, Ресей факторына баса назар аударылуы тиіс. Қазақ халқының 100 жылдан аса уақыт елдің тәуелсіздігі мен жердің бүтіндігі үшін жоңғармен соғысады да, елдің тәуелсіздігі мен жердің бүтіндігін тәрік етіп тілі де, ділі де басқа Ресейге отар болуды қалауы тарихи шындыққа жанаспайды.

6. Тарихи оқулықтар Қазақстан халқын рухтандыратын, жас ұрпақты отансүйгіштікке жетелейтін әрі шынайы ұлттық сананы қалыптастыратын тұрғыда жазылуы тиіс.

2. Кәсіби тарихшыларды дайындау мәселесі бойынша ұсыныстар:

а). Тарих мамандығына мемлекеттік грант санын көбейту;

ә). Студент қатарына тарихқа бейімділерді іріктеп алу;

б). Төрт мамандық бойынша грантқа тапсырыс беруді жою қажет. Өйткені, талапкер армандаған мамандығына түсе аламай, жай тапсырыс берген мамандыққа ілігеді де, онда оқымайды, немесе оны бітірсе де ол мамандық бойынша жұмыс істемейді. Бұл мемлекеттің қаражаты далаға кетті деген сөз. Ал ол мамандық басқа талапкердің армандаған мамандығы, бірақ ол грантқа іліге алмайды. Сондықтан талапкер бір ғана, яғни өзі армандаған мамандыққа ғана тапсырыс бергені жөн;

в). Тарих мамандығында оқытын студенттерге араб, парсы, қытай және шағатай тілдерін оқытуды қолға алу керек. Өйткені біздің орта ғасырлардағы төл тарихымыздың негізгі дереккөздері осы тілдерде. Онсыз сол кезеңнің шынай бейнесін бере алмаймыз;

г). Тарих мамандығында оқытын магистранттар мен PhD докторантурасына мемлекеттік грант санын көбейту;

д). Магистрант пен PhD докторанты қатарына тарихқа бейімділерді іріктеп алу керек.

Белгілі саясаттанушы ғалым Э. Томсонның «Отаршылдықта болған ел отарлықтан құтылғаннан кейін міндетті түрде отарсыздануы керек. Отаршылдар елден кетсе де, олардың көлеңкесі қалады. Тәуелсіздік алған елде саяси жүйе өзгерсе де, отаршылардың ойран салуынан әбден зардап шеккен ұлттық сана көп уақытқа дейін ойрандалған қалпында қалады» деген болатын. Сондықтан бізге отарсыздандыру саясатын жүргізуді шынайы тарихты қалпына келтіруден бастаған дұрыс. Ол, арғы жағы сақтар мен көне түркілерден бастап, бергі тарихымыз Қазақ хандығы, яғни қазақ ұлтының дербес мемлекет құрған дәуірінен бастап қазіргі тәуелсіз Қазақстанның өткен жолын саралаған жүйелі еңбек болуы керек. Өрелі ұрпақты дайындап, «Мәңгі қазақ елі» идеясын іске асыратын қоғамның тарихы осындай болуы керек.

Жалпы алғанда, қазақ тарихындағы шындықтан алшақ, жалған тұжырымдардан арылу уақыт күттірмейді. Олай етпесек, бізді кейінгі ұрпақ кешірмейді.

Әдебиет тізімі:

1. Исин Амантай. Әбілқайыр ханның хатын қалай оқыған дұрыс.//Абай №2, 2001. 42-44 беттер; Атабаев Қамбар. Деректану. Алматы., «Қазақстан тарихы» баспасы, 2007 жыл , 216-218 беттер
2. Аманжолов Қ., Рахметов К. Түрікхалактарының тарихы. 2-ші кітап., Алматы., «Білім», 1997 жыл, 4 бет.
3. Жұртбай Т. «Талқы»-Алматы. 55-56 бет.
4. Әбіл Е. «История государства и права Казахстана»-Караганда, 2005. с.133
5. Қозыбаев М. Өркениет пен ұлт.-Алматы. 2000.
6. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. Алматы, 1995 жыл.
7. Қазақстан тарихы. Бес томдық. Алматы 2000 жыл. 3- том, 150 бет.)
8. Сталин И.В. Сочинения. IV том. С.67.
9. Апполова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата, 1948.
10. Большая советская энциклопедия. XXX том, стр.591.
11. Аспандияров С. История Казахстана. 1-том, Алматы-Москва, 1935, С.116.
12. Ключевский В.О. Курс русской истории. Сочинения, Т.1, ч.1, М., 1956. С.13-14.
13. Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях» - Вопросы колонизации. Т.6, Спб., 1909. с.107.
14. Восстание декабристов. М., 1958. Т.7. с.124.
15. Литературная газета, 2009 жыл. №3.
16. Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. Құрастырған- Н.Құлмұхамбетова. Алматы: «Жалын» ЖШС, 2004. 375 б.
17. Қ.Аманжолов. Қ. Рахметов. Түркі халықтарының тарихы- Алматы, «Білім», 1999 жыл. 2-ші кітап. 4-5 бет.

18. Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы: Қайнар, 1998. – 1 т. – 223-224 бб.

19. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.- Алматы: Атамұра. 2003, -288 б.; Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.//Егемен Қазақстан. 12.04.2017 жыл.; Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. //Егемен Қазақстан. 20.11.2018 ж.

Аннотация: Несмотря на 29 лет независимости, история Казахстана в средних школах, составленная на советском подходе преподавания истории, формирует ложное историческое сознание для молодежи. Вхождение Казахстана в состав царской России, содержание письма, направленного ханом Абулхайром царю, причины поражения казахов в битве с джунгарами и др. проблемы, которые были преподнесены в искаженном виде, а в советское время историческая наука полностью была под влиянием марксистско-ленинской методологии, открывшей путь появлению «белых пятен» в нашей истории. Рано или поздно мы должны избавиться от этого.

В это время в качестве альтернативного объяснения партийной, классово-идеологии истории, казахская интеллигенция объединившаяся вокруг А. Бокейхана, А. Байтурсынова, М. Дулатова, М. Жумабаева, Ж. Аймаутова, поднимало наиболее актуальные проблемы казахской истории того времени.

До сих пор некоторые источники, не вошедшие в научный оборот хранятся в Комитете национальной безопасности РК, Государственном архиве Узбекистана под грифом «совершенно секретно». Мы надеемся, что в будущем на основе программы «Архив-2025», возникающие проблемы будут регулироваться.

Abstract: Despite 29 years of independence, the history of Kazakhstan in secondary schools, based on the Soviet approach to teaching history, forms a false historical consciousness for young people.

The introduction of Kazakhstan into Tsarist Russia, the content of the letter sent by Khan Abulkhair to the king, the reasons for the defeat of the Kazakhs in the battle with the Dzungars and other problems that were presented in a distorted way, and in Soviet times, historical science was completely influenced by Marxist-Leninist methodology, which the path to the emergence of "white spots" in our history. Sooner or later we have to get rid of it.

At this time, as an alternative explanation of the party, class ideology of history, the Kazakh intelligentsia united around A. Bokeikhan. A. Baitursynov, M. Dulatova, M. Zhumabaeva, J. Aymautov, raised the most pressing problems of the Kazakh history of that time.

Until now, some sources that were not included in the scientific circulation are stored in the Committee of National Security of the Republic of Kazakhstan, the State Archives of Uzbekistan under the heading "top secret". We hope that in the future, on the basis of the "Archive-2025" program, problems will arise.

УДК 930.85

Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К.

д.и.н., профессор Институт истории государства Комитета науки МОН РК.

Нур-Султан, Казахстан

к.и.н., доцент, Институт истории государства Комитета науки МОН РК.

Нур-Султан, Казахстан

ОБРАЗЫ ВЕЛИКИХ ЛЮДЕЙ В ОБЩЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ

Аннотация: Статья посвящена проблеме выработки классификации критериев и факторов определения великих имен Великой степи необходимых как для научных исследований, так и для прикладных работ. Уникальность того или иного народа наряду с этническими особенностями (история, культура, обычаи, традиции, язык, уклад жизни и др.), в значительной степени определяется великими идеями и свершениями его ярких представителей, внесшими неповторимый вклад в развитие не только своего народа, но и мировой цивилизации. Вместе с тем, обретая мировую известность, выдающиеся представители народа делают узнаваемыми землю, где родились, народ, из которого они вышли, благодаря которым снискали себе неоспоримую славу. В некоторых случаях из-за фактического отсутствия таких источников, когда их заменяли мифы и легенды, не все достойные высокочтимого отношения деятели прошлого нашли свое место в исторической персоналистике.

Ключевые слова: история, Казахстан, персоналистика, личность, классификация, критерии, фактор.

Уникальность того или иного народа наряду с этническими особенностями (история, культура, обычаи, традиции, язык, уклад жизни и др.), в значительной степени определяется великими идеями и свершениями его ярких представителей, внесшими неповторимый вклад в развитие не только своего народа, но и мировой цивилизации. Вместе с тем, обретая мировую известность, выдающиеся представители народа делают узнаваемыми землю, где родились, народ, из которого они вышли, благодаря которым снискали себе неоспоримую славу. Неслучаен поэтому тот исторический факт, когда в общественном сознании укрепляется ассоциативная связь между именами великих людей и странами их происхождения. Примеров тому множество: Конфуций – Китай, Ганди – Индия, Шекспир – Англия, Вашингтон – США, Гегель – Германия, Петр I – Россия, Руставели – Грузия, Яссауи – Казахстан и т.д.

Это обстоятельство подчеркивается в статье Президента Республики Казахстан «Семь граней Великой степи» [1]. В ней, в частности, отмечено, что «исторический процесс в массовом сознании носит преимущественно персонифицированный характер. Многие народы заслуженно гордятся именами великих предков, ставших, своеобразными послами своих стран» [1].

Идеи, творения и имена великих людей, бывшие актуальными в свое время, не теряют своей значимости и в последующие времена, но уже в качестве фактора, обогащающего общественное сознание в современный период. Они существенно влияют на процессы формирования этнической и национальной идентичности, возбуждая патриотизм, чувства гордости своей страной, способствуя адекватной самооценке народа, служат вдохновляющим примером при индивидуальной самооценке человеком своей роли в повседневной жизни страны и, особенно, на крутых поворотах ее истории. Поэтому для Казахстана, вступившего в новую эпоху своего исторического развития, крайне важно знать и помнить великие деяния своих выдающихся исторических фигур, а также современных личностей, внесших и вносящих уникальный вклад в процветание страны и в мировую цивилизацию.

Это обстоятельство имеет особое звучание в связи с тем, что история великих

людей представлена в общественном сознании фрагментарно из-за недостаточного введения в научный оборот письменных источников о знаковых фигурах прошлых веков. В некоторых случаях из-за фактического отсутствия таких источников, когда их заменяли мифы и легенды, не все достойные высокочтимого отношения деятели прошлого нашли свое место в исторической персоналистике. В многовековой тени истории оставались творческие изыскания и практическая деятельность выдающихся личностей, которые получили признание в числе великих людей Великой степи.

Порой имена великих людей в угоду официальной политике сознательно вытравливались из общественного сознания, а кое-где незаслуженно окрашивались в мрачные тона. Ближайшим примером может служить отношение советской власти к лидерам автономии Алаш, искавшим пути возможного государственного развития Казахстана. Для них вопрос восстановления исторической справедливости в отношении казахского народа был смыслом жизни. Они понимали, что полноценное развитие народа, бывшего в свое время государствообразующей нацией, в XX веке невозможно без возрождения собственного государства. Это укрепило в них уверенность, что в Великой степи необходимо создать государство для выражения и защиты интересов проживающего здесь населения.

Но эта позиция не соответствовала официальной политике того времени и поэтому имена лидеров Алаш-Орды, их политические взгляды и практическая деятельность по созданию автономии оказались под запретом. Лишь спустя практически полвека их имена постепенно стали проникать в общественное сознание.

История знает немало случаев борьбы с именами великих людей уже после их смерти – сжигание их книг и книг о них, разрушение созданных ими шедевров архитектуры, официальное отрицание научных идей с запретом их использования и др.

По этим и другим причинам изучение величия выдающихся личностей становится актуальной научной проблемой, разработка которой не должна ограничиваться тиражированием хорошо всем известных имен великих людей. Она должна быть нацелена на возрождение забытых и открытие новых имен. Особая роль в этом принадлежит такому научному направлению истории, как персоналистика, объектом исследования которой являются великие люди из истории и современности Казахстана. В связи с этим возникает проблема отнесения фигуры того или иного исторического или современного деятеля к высокому статусу обладателя великого имени. Словом, речь идет об определении на научно-конвенциональном уровне критериев определения значимости великих людей. Разумеется, при первоначальном подходе эти критерии могут чрезмерно быть общими, вследствие этого расплывчатыми. Эти недостатки могут быть устранены в ходе последующих исследований в рамках научного направления – персоналистики.

В связи с этим с одобрением следует отнести к принятой впервые попытке обоснования таких критериев. В феврале 2019 года Институтом истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова разработан и опубликован проект концепции учебно-образовательного Парка - энциклопедии "Великие имена Великой степи"[2].

В нем особое место занимает раздел: "Критерии определения великих имен Великой степи для включения в состав скульптурной композиции:

- соответствие государственной, военной, политической и культурной деятельности великой личности национальным интересам казахского народа;
- степень участия личности в решении судьбы казахского народа;
- бескорытность служения нации;
- вклад личности в формирование казахской национальной идеи;
- наличие патриотических качеств;
- степень известности великой личности в истории и культуры казахского народа".

Представленные в самом общем виде, при первом ознакомлении, критерии вполне

могут стать началом более детализированной их трактовки, необходимых как для научных исследований, так и прикладных работ в этом направлении. Так, например, можно предложить основания классификации критериев в зависимости от ряда факторов. В качестве таких факторов можно назвать следующие:

Географический фактор.

1. Здесь речь идет о значимости выдающейся личности в мировом масштабе или в пределах страны. Имена аль-Фараби и Яссауи, к примеру, широко известны мировому сообществу, в то время как имена трех знаменитых биев - Толе би, Казыбек би, Айтеке би широко популярны в Казахстане.

Политический фактор.

2. Определяется вклад личности в социально-политическое развитие Казахстана. Здесь должны быть отражены имена политических деятелей, внесших вклад в формирование и развитие казахской государственности и боровшихся за национальное освобождение.

Творческий фактор.

3. Означает уникальные индивидуальные способности, проявляющиеся в научном и художественном творчестве, а также и в спорте, и этим выделяющие Казахстан в мировом сообществе.

Здесь нужно иметь ввиду, что выдающийся человек может одновременно соответствовать всем этим критерием. Например, Н.А. Назарбаев и О.О. Сулейменов усилиями, которых был закрыт Семипалатинский ядерный полигон, внесли неопределимый вклад в мировое антиядерное движение. Одновременно с этим один из них известен как лидер государства, а второй – как оригинальный поэт.

Разработка таких критериев, необходимых для системного исследования биографии великих людей, особенно важна для практической реализации задач, обозначенных в статье «Семь граней Великой степи».

Это, во-первых, создание учебно-образовательного Парка – энциклопедии «Великие имена Великой степи». В нем предполагается соорудить скульптурный ансамбль в честь знаменитых исторических деятелей.

Во-вторых, создание галереи художественных образов великих мыслителей, поэтов и правителей прошлого в современной литературе, музыке, театре и изобразительном искусстве.

В-третьих, создание научно-популярной серии «Выдающиеся личности Великой степи» - «Ұлы Дала тұлғалары».

Вполне очевидно, что в реализации этих задач особо ответственную роль, прежде всего, должны играть ученые-историки. Благодаря их достоверным данным скульпторы могут придать изваяниям неповторимый колорит своих героев. Сухие факты жизнеописания великих людей, установленные учеными-историками, будут трансформированы в живые образы персонажей драм, опер, романов других произведений художественного творчества. Критерии величия великих людей особенно важны для подготовки научно-популярной серии о выдающихся деятелях Великой степи. Здесь авторы находятся перед искушением пропандировать имя человека, которому они лично симпатизируют, не обращая внимание на общественную значимость его идей и деятельности.

В целях исключения субъективного фактора при исследовательской работе по определению круга великих людей и описанию их биографии следует широко использовать возможности социологических методов, таких как анкетирование, экспертная оценка, контент-анализ документов и публикации и других.

Учитывая неотложный характер предстоящих задач целесообразно, в первую очередь, провести работу по определению критериев отнесения к категории великих

личностей и развернуть на этой основе персоналистские исследования. В этих целях следует определить достаточный объем бюджетного финансирования, необходимого для реализации этого исследовательского проекта в кратчайшие сроки с привлечением ученых различных отраслей науки, включая гуманитарного, естественного и технического профилей.

Список литературы

1. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи // Казахстанская правда. – 2018. – № 223 (28852). – 21 ноября.
2. Концепция создания учебно-образовательного парка-энциклопедии "Великие имена Великой степи", Проект. - Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2019. (эл.версия).

Түйін: Мақала ғылыми зерттеулер үшін де, қолданбалы жұмыстар үшін де Ұлы даланың ұлы есімдерін анықтаудың өлшемдері мен факторларын жіктеу мәселесіне арналған. Этностық ерекшеліктерімен (тарих, мәдениет, салт-дәстүр, тіл, өмір салты және т.б.) бірге белгілі бір адамдардың бірегейлігі негізінен өз халқының ғана емес, дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті өкілдерінің тамаша идеялары мен жетістіктерімен анықталады. және әлемдік өркениет. Сонымен қатар, бүкіл әлемге танымал, халықтың көрнекті өкілдері туған жерін, олар пайда болған халықты, олардың арқасында танылмайтын даңққа ие болған жерге айналдырады. Кейбір жағдайларда мұндай дереккөздер болмағандықтан, олар мифтер мен аңыздармен ауыстырылған кезде, өткендердің барлық құрметті тұлғалары тарихи тарихи дербестікте өз орындарын таппады.

Abstract: The article is sanctified to the problem of making of classification of criteria and factors of determination of the great names of Great steppe necessary both for scientific researches and for the applied works. The uniqueness of a particular people along with ethnic features (history, culture, customs, traditions, language, lifestyle, etc.) is largely determined by the great ideas and accomplishments of its prominent representatives who have made a unique contribution to the development of not only their people, but and world civilization. At the same time, gaining world fame, prominent representatives of the people make the land where they were born, the people from which they emerged, thanks to whom they gained undeniable glory, recognizable. In some cases, due to the actual absence of such sources, when they were replaced by myths and legends, not all honorable figures of the past found their place in historical personalism.

УДК 930.67

Алымбаев А.М.

к.и.н., доцент Киргизский государственный университет им.И.Аралбаева
Бишкек, Кыргызстан

ШАМАНСКАЯ МИССИЯ ЭПИЧЕСКОГО ПОЭТА

Аннотация: В статье исследуется шаманская миссия эпического поэта. Эволюция сознания эпической среды частично объясняет, почему у ряда этносов живая эпическая традиция задержалась столь долго и сохранилась – пусть в сильно трансформированном виде – до наших дней. Научные исследования доказывают, что создавшие эпос «Манас» сказители кыргызского народа исполняли роли «пророков».

Еще один интересный факт, о котором нельзя мимо пропускать, заключается в том, что древние арии, считали письма проделками самого дьявола и не пользовались ими. И в древние времена, эпические тексты передавали устно, из поколения в поколение. Также и кыргызы, все эпосы начиная с эпоса «Манас», почти до 40-х годов XX-столетия передавали из уст в уста в импровизированном виде. Этот обычай сохраняется и в наше время параллельно с письменными

вариантами эпоса. В настоящее время кыргызы являются единственным народом который сохраняет и бережёт своих эпических певцов - импровизаторов.

Ключевые слова: шаман, эпос, акын, исследование, источники, история, мифология

Святую разницу предоставленную богом между древними арийскими риши (поэты-жрецы) и семитскими пророками можно узнать прочитав священные книги повествующие о жизни Хызра и Моисея. Это повествование тщательно изученное исследователями было очень хорошо прокомментировано общественности. Здесь Хызр является представителем арийского, а Моисей - семитского общества.

Осман Нури Токбаш детально объяснивший значение повествования пишет: «вопросы заданные для того, чтобы глубоко понять задачи науки «касбий» противоречат науке «ладуний». Потому что эта наука была образована из сокровенных мыслей исходящих из глубины самого сердца. Она - от способности самого человека. Поэтому ученик развивая ум и сообразительность должен укрощая свою алчность отдавать должное внимание воспитанию самого себя.

Приход пророка Мусы к Хызру для того, чтобы познать науку «ладуний» не умаляет его авторитета.... Это напоминает о том, что перед наукой бога слабы и великие пророки. По личному мнению исследователя, только Мухаммед является великим пророком имевший способности пророчества и ученого.

Тайны вышеупомянутых встречи раскрываются лучами науки «ладуний» (сердца). Одним умом невозможно понять и раскрыть загадочные тайны судьбы. Распознать судьбу невозможно умом, оно выше человеческого разума.

Имя Хызра в арийских литературах звучит как «ходар», «зоатар». Что означает: «Великий жрец», «Мудрый жрец». На кыргызском языке это имя («Хызыр») звучит как «Кызыр» или «Кыдыр». Из святых Писаний мы знаем, что древние шаманы были акынами-сказителями, а акыны-сказители- шаманами. Потому что в семитских Писаниях слово «хызыр» произносимое как имя говорило о том, что в арийских книгах так именovali святого и ученого человека. Например таких людей древние индусские арийцы называли «риши», а иранские арийцы - «кави» или «кайы».

Чтобы было понятней обратимся к Словарю и посмотрим на значение этих слов.

Кави, кавай (авест.) в иранской мифологии сословие жрецов, создателей ритуальных текстов. Мифологизированный образ кави восходит к эпохе индоевропейской общности (от индоевроп: “провидеть”; срав. др.инд: кави, “провидец, веший, жрец-поэт”). В зороастрийской традиции (“Гаты” 32, 14; 44, 20; 46, 11; 51, 12.) кави выводятся в отрицательном свете как сторонники первобытных политических культов, враждебные культу Ахурамазды, и претенденты на политическое господство. В поздней “Авесте” (“Яшт” 13, 135.) термин кави воспринять как титул царя, правителя, откуда названия легендарной динстии Кейанидов [7.1991. 603.610.].

Вышесказанные слова, использованные иранскими ариями как «титул», на алтайском языке произносятся как «кайчи» (кайы + чи), объясняя этим что они эпические поэты. Эти слова проникли не из Ирана в Алтай, а из Алтая в Иран. Мы об этом говорили опираясь на сегодняшние генетические источники [5.2015.]. По сведениям этого научного труда древние кочевые племена ариев переселяясь из южного Урала на восток дошли до Алтая. Здесь одна их часть направилась в Желтую долину (Хуанхэ), а вторая часть перекочевав в Среднюю Азию поначалу расселились по берегам Сыр-Дарьи и Аму-Дарьи. По истечении многого времени одна часть ариев наводнила Индию, а вторая часть завоевав Иран, подчинила местных жителей своей власти. Если в это время часть ариев Средней Азии приняли оседлый образ жизни, то вторая часть под общим именем

«туры» («араты») как кочевые животноводы проживали обосновавшись в горных краях и плодородных долинах Центральной Азии.

А значение второго слова, сформировавшегося на кыргызском языке и широко применяемое до сегодняшних дней как «ырчы», на языке древних индусских ариев звучала как «риши». Например, в Словарях дается ему такое определение: «Риши (“rsi”) в древнеиндийской мифологии мудрец, провидец. В текстах, авторы гимнов называются словом rsi- “поэт”, “мудрец” (от корня r̥s- “устремляться”, “течь”, “изливать”). Особенно известны (уже в “Ригведе”) т.н. “семь риши”. Они божественны и сами связаны с богами. ...Видимо, те же “семь риши” иногда выступают как семь древних жрецов, прославляющих Индру, семь хотаров³, которые вместе с Ману принесли первую жертву к богам [7.1991.384.].

В тексте гимнов их называют еще: kavi- “поэт”, “мудрый”, “мудрец”, а также karu- “певец”, “вдохновитель” (от kar- “восхвалять”) [7.1991.479.].

Поэт в обществе ариев “Ригведе” считался носителем той имманентной мудрости, которая в моменты озарения открывается богами отдельным избранным лицам. Поэт молит богов о том, чтобы ему были дарованы эти мгновения просветления, когда перед ним раскрывается божественная истина, сокрытая от обычных людских взоров. Мудрость – это раскрывающаяся на мгновение картина. Способ ее постижения – видение. Видит поэт внутренним взором, интуицией, внезапная вспышка которой озаряет для него божественную картину истины (мифологической, ритуальной, философской) [7.1991.479.]. Не раз подчеркивалось, что ведийские поэты были визионерами, они “видели” истину, и глагол dhi, описывающий творческую деятельность риши, значит одновременно “видеть” и “думать”, а соответствующее корневое существительное dhif, означает “видение”, “мысль”, “мудрость”.

Таким образом, по ведийским представлениям, поэты не создавали сами новых поэтических картин, а только облекали в слово те картины, принадлежащие миру богов, которые не видят простые смертные. Благодаря этой своей деятельности поэт сопричастен миру богов. Некоторым родам риши в Ригведе приписывается полубожественное происхождение – например, Ангирасам, Бхригу. Кроме того, поэт “Ригведы” отчетливо осознает, что сила видения, или вдохновения, дается ему богами [7.1991.480.].

С помощью слова поэт молит богов даровать ему вдохновение и различные блага, получив же от богов вдохновение, он создает гимны, дающие ему возможность воздействовать на богов и те силы, от равновесия которых зависит вселенная и соответственно мир ведийского ария. Из всего сказанного вытекает функция поэта как посредника между богами и людьми. Она проявляется не только в особой природе внутреннего “видения”, которым обладает поэт. На поверхностном уровне она выражается также и в том, что поэт часто сочиняет гимны богам по заказу устроителя жертвоприношения – царя или какого-нибудь другого богатого покровителя.

Молитва составляла важнейшую часть жертвоприношения. Она, как считали риши, очищала жертвоприношения, подобно фильтру, через который проходит сок сомы в процессе приготовления амриты. Средоточием вдохновения, силы, вложенной туда богами, были “сознание”, “ум” или “сердце” (manas слово, объединяющее все эти значения, hrd “сердце” как место, где сосредоточены духовные силы человека). Очищаясь в сердце поэта, молитва материализовалась в форме сакральной речи, превращаясь в средство общения с богами.

Деятельность поэта, таким образом, изофункциональна деятельности жреца: один воздействует на бога словом, другой – принесением жертвы. И тот и другой вид деятельности моделируется общей ситуацией: адепт – божество, в которой сообщение от

³Хотар – на тюркских языках звучит как “кыдыр”, “кызыр” – Б.Т.

одной стороны к другой передается с помощью посредника. Первоначальное назначение поэтического творчества риши было, судя по всему, именно ритуальным[7.1991.482.].
...Искусство риши было традиционным; образцом, канонем, служили произведения древних риши – легендарных родоначальников, которым иногда приписывалось божественное происхождения[7.1991.480.].

Это и отношение к Речи как особой творческой силе, превращающий обычный текст в поэтический; и роль слова, являющегося посредником между миром людей и миром богов; (мысль – слово - дело); ... и схожесть поэтической деятельности со жреческой; и так, поэт и жрец могли, совпадать в одном лице, и это было характерным явлением арийского общества.

Подобно этому - те, который обладают поэтическим или шаманским даром, в кыргызском народе считаются сказителями, и называют их - манасчи. Они не просто поэты и шаманы, они обладатели данные богом высокой чести - святости. Если смотреть на это со стороны эзотерической науки, их уровень равен уровню пророков. Они как и пророки без божественного озарения не могут называть себя сказителями эпоса «Манас». Чтобы было понятней сравним оба текста относящиеся к обеим дарованиям.

Пророк Моисей. ...Моисей пас овец у Иофора, тестя своего, священника Модиамова. Однажды провел стадо далеко в пустыню и пришел к горе Божией, Хориву. И явился ему Ангел Господень в пламени огня из среди тернового куста. И увидел он, что терновый куст горит огнем, но куст не сгорает. Моисей сказал: пойду и посмотрю на сие великое явление, отчего куст не сгорает. Господь увидел, что он идет смотреть, и вызвал к нему Бог из среды куста, и сказал: Моисей! Моисей! Он сказал: вот я, (Господи). И сказал Бог: не подходи сюда; сними обувь твою с ног твоих, ибо место, на котором ты стоишь, есть земля святая. И сказал ему: Я Бог отца твоего, от Авраама, Бог Исаака, Бог Иакова. Моисей закрыл лицо свое, потому что боялся воззреть на Бога. И сказал Господь (Моисею): Я увидел страдания народа Моего в Египте и услышал вопль его приставников его; я знаю скорби его. И иду избавить его от руки Египтян, и вывести его из земли сей (и ввести его) в землю хорошую и пространную, где течет молоко и мед, в землю Хананеев, Хетеев, Аморреев, Ферезеев (Гергесеев), Евсеев и Иовусеев. ...Итак подойди: Я пошлю тебя к фараону, и выведи из Египта народ Мой, сынов Израиловых. Моисей сказал Богу: кто я, чтобы идти к фараону (царю Египетскому) и вывести из Египта сынов Израиловых? И сказал (Бог): Я буду с тобою, и вот тебе знамение, что я послал тебя: Когда выведешь народ Мой из Египта, вы совершите служение Богу на этой горе. И сказал Моисей Богу: вот я приду к сынам Израиловым и скажу им: Бог отцов ваших послал меня к вам. А они скажут мне: как Ему имя? Что сказать мне им? Он сказал Моисею: Я есмь суший. И сказал: так скажи сынам Израиловым: Суший (Иегово) послал меня к вам[8.2004.18.].

Пророк Мухаммад...Когда ему исполнилось сорок лет, что является возрастом расцвета, когда, как сообщается, откровения свыше начинало получать большинство посланников, появились первые признаки того, что и Мухаммаду, да благословит его Аллах и приветствует, предстоит выполнить пророческую миссию. Это нашло своё выражение в том, что он начал видеть истинные видения, и все эти видения приходили подобно утренней заре, что продолжалось в течение шести месяцев, тогда как период пророчества в целом длился двадцать три года. Эти видения являлись одной из сорока шести составных частей пророчества. Когда пророк, да благословит его Аллах и приветствует, **удинился в пещере на горе Хира** во время рамадана в третий раз, Аллах пожелал оказать Свою великую милость обитателям земли, почтил его пророчеством и послал к нему Джабраила с некоторыми аятами Корана. Ошол күнү Мухаммед өзүнүн ким экенин, жарык дүйнөгө Кудай аны кандай миссияны аткаруу үчүн жаратканын билди.

Ошол күндөн баштап, анын тагдыры башка багытка бурулду. Ал эми өз миссиясын аткаруу үчүн пайгамбар баскан жолго түштү.

Манасчи КелдибекКарыбозуулу. Прославленный манасчиКелдибекКарыбозуулу жил в XIX веке. Вспоминают, когда пел Кельдибек, тряслась юрта, в которой он находился, на аул налетал вихрь, от топота коней неведомых всадников содрогалась земля. В воспоминаниях народа Келдибек одновременно был знахарем, чем–то вроде шамана, посещал больных, особенно женщин после родов, пел им отдельные эпизоды “Манаса”, и этот ритуал имел целебные свойства. В другой легенде манапОсмон, из рода Эсенкула, пригласил Келдибека исполнить “Манас”, после чего жена Осмона якобы забеременела и родила сына.

Где же и каким образом Келдибеку привиделся вещий сон? Это случилось несколько раз. Однажды дружинники Манаса предстали перед Келдибеком, когда тот жил на Чуе и пас овец. От воинов МанасаКелдибек узнает, что они проездом уже ночевали у него, теперь они собираются пообедать у манасчиСагымбая, затем встретиться с манасчиТыныбеком и еще остановиться на обед у некоего Кожомкелди. Жизнь этого Кожомкелди, как предсказали воины, будет короткой. А сам Манас потребовал, чтобы Келдибек посетил через три года мавзолей Манаса в Таласской долине и принес там жертву, иначе он останется бездетным. По другой версии, старец Бакай сказал Келдибеку следующее: “Если ты каждый год, вспоминая дух предков, будешь посвящать нам жертву в виде скота, у тебя будет мужское потомство, но если ты забудешь хоть один раз исполнить этот обет, то уже ничто не поможет и ты останешься без потомства”.

После этого видения к Келдибеку пришла слава манасчи. Однако Келдибек не исполнил своего обета вовремя. Он посетил мавзолей Манаса только через четыре года, то есть позже срока, и потому остался бездетным.

Дальше история с видениями Келдибека становится еще более интригующей. Когда Келдибек посетил мавзолей, ему вновь привиделся Манас со своей дружиной. Келдибек слышит: “Мы являлись к тебе только во сне. Теперь же покажемся наяву. Ступай к горе Палдажан, что на солнечной стороне реки Чу. Но приходи один”. Келдибек якобы пришел в указанное место и увидел там воинов во главе с Манасом. Точно такими он видел их в вещем сне. Поприветствовав Келдибека, Манас произнес примерно следующее: “Если бы ты передал свое мастерство в наследство потомкам, мы бы никогда не показались тебе наяву. Но свой дар ты унесешь с собой”. В этих словах Манаса был заложен тот смысл, что дар Келдибека по наследству не мог передаваться, это было свойство его души, его жизненная сила, талант от Бога. И потому этот его талант должен был уйти вместе с ним.

Манасчи Сагынбай Орозбаков. Сон манасчиСагымбаяОрозбакова связан с местностью Кочкор, с событием, когда манасчи с братом переехал в Кочкор с берегов Иссык–Куля. Вскоре Сагымбай и вся семья заболевают оспой, и в это время его посещает видение: он идет по полю Кочкора и видит огромные, как горы, юрты. Поблизости стоят исполинские кони. Сагымбай поражен зрелищем, но решается войти в одну из юрт. Там полно народу, причем люди все тоже необычайно велики. Сагымбая приглашают сесть на почетное место. Он замечает, что некто рассказывает смешные истории, присутствующие смеются. Рассказчиком был один из дружинников Манаса — Аджибай. Вдруг кто–то говорит, что Сагымбай сказывает эпос, и все просят юношу начинать сказ. Сагымбай отвечает, что не знает сказа. И тут в юрту входит джигит в халате из верблюжьей шерсти, в огромной шапке, с секирой в руках и начинает угрожать Сагымбаю: “Разрубить его или он наконец будет сказывать!” Тогда Аджибай ласково обращается к Сагымбаю, прося его что–нибудь рассказать, чтобы вошедший джигит ненароком его не зашиб. Устрашенный Сагымбай отвечает, что знает сказ.

Трижды к Сагымбаю была обращена просьба сказывать эпос, и трижды он ответил утвердительно. Собравшиеся в юрте словно только того и ждали: они повставали с мест, прихватили снаряжение и вышли из юрты. В предутреннем мраке Сагымбай ясно увидел выходящих людей. Оказывается, к манасчи возвращалось сознание, и он обратился к домашним с вопросом, не видел ли кто людей, выходящих из юрты. Все почувствовали себя оправившимися после болезни. Сагымбай говорил, что призрак, угрожавший ему секирой, был, оказывается, Семетеем [5.2019.].

Мы специально впервые в полной форме озвучили тексты о встречах «великих духов» с пророками (Мусса, Мухаммад) и двумя манасчи (Келдибека и Сагынбая).

По моему мнению, достаточно этих двух примеров, связанных с судьбами четырех человек обладающими двумя разными профессиями. Из текста мы узнали, что подобно тому, как пророческие качества передаются свыше через ангела Джебраила, так и священный дар сказителя передается Богом через посредничество духа великого Манаса. Если это так, то почему мы считаем заветы пророков «священными», а то, что говорится в эпосе так не считаем?

На самом деле, «сказитель и шаман (пророк - Б.Т.) – два культурных типа, между которыми угадываются глубинные связи и, возможно, стадийная приемственность. К. Рейхл приводит сводку данных согласно которым ряд терминов, обозначающих эпических певцов, этимологически связан с понятиями о шаманах» [11.1997.60.]. В узбекском языке слово «бахши» означало «знахаря, колдуна, народного леб0.каря-шамана» и, одновременно, эпического певца [11.1997.60.].

Аналогии обнаруживаются в другом эпическом мире: «У малайцев термином «паванг» обозначая шаман, лекарь, кормчий, исполнитель различных обрядов. Паванги были также и первыми поэтами» [13.1992.95.].

«Еще одна особенность связывает сказителя и шамана – то, как они обретают свое искусство и свой статус. Чудо, лежащее в основе сказительского дара, приложимо и к шаманству. Шаманом «по желанию» стать нельзя. К человеку приходили духи. Вселялись в него; он слышал таинственные голоса – это значило, что духи выбрали его. Они являлись ему во сне в виде животных, птиц, он начинал слышать песни, которые потом наяву станут петь, вызывая своего духа. «Не в воле человека стать шаманом. Дар шамана приобретается не по желанию последнего, обычно наоборот, против его желания. Не шаман избирает духа-покровителя, а дух избирает шамана» [18.1927.5.].

«Важный момент: считалось, что шаманскую силу и искусство человек получает от своих предков. «Благодаря эманации, их силы он приобретает способность бить в шаманский бубен, призывать пением предков и духов» [12.1989.366.]. Исследователи указывали на общность психологического настроения шамана и сказителя. Показательно, что шаманы иногда знали и исполняли эпические сказания [17.1959.207.].

Чем архаичнее культура, тем органичнее выступает слитность функций жреца, шамана и сказителя [11.1997.62.]. Как пишет М. Хаавио, культурная традиция, в которой жили ранние поэты, создававшие песни о Вяйнямейнене, было шаманской культурой. ... Согласно М. Кууси, песня Вимунена – это мифологическая песня первого шамана» [11.1997.62.].

В.М. Жирмунский суммирует факты из разных эпических традиций, свидетельствующие о древних связях сказителя и шамана [3.1979.401.]. Объединение в прошлом в одном лице двух культурных типов он усматривает в средневековой тюркской легенде о деде Коркуте: «Патриарх племени, прорицатель и шаман, в то же время создатель и хранитель народного эпического предания, Коркут носит яркие следы того древнего синкретического типа народного певца, из которого в дальнейшем дифференцируется профессиональный сказитель богатырского эпоса» [3.1979.404.].

Как итоговое может служить следующее высказывание: «Лингвистические

реконструкции, изучение функциональных, психологических, декламационных особенностей поэтического творчества у самых разных народов привело ученых к важным выводам о существовании в древности синкретического образа шамана-поэта-сказителя и об уподоблении их друг другу”[14.1984.36.].

Мы знаем, что свойство святости у алтайских кайчиного выше шаманских. Ученые об этом писали так: “Шаман никогда не соглашался начать камлание, узнав, что в стойбище в данный момент поет кайчи”[16.1985.94.]. “Сказители в большей степени, нежели шаманы, были причастны к созданию общезтнического фонда культуры тюрков Алтая, сказительская традиция играла видную роль в процессе вхождения инновационной в традиционную культуру алтайцев, она (в наиболее развитых формах) оказывалась все более созвучной процессам внутриэтнической консолидации”[16.1985.94.]. Эволюция в восприятии эпоса, все больший интерес к нему как средоточию исторической памяти, героических идеалов, шире – кодексу этнической нравственности приводит к сдвигам и в отношении к носителям эпического знания и искусства. Мифолого-магические краски постепенно ослабевают, стираются, пути сказителя и шамана, знахаря, лекаря все более расходятся. Сказителям приписывается роль мудрецов, хранителей родовых преданий и заветов, мастеров по разрешению споров. Они способны предотвращать кровопролитие и, напротив, воодушевлять воинов в сражениях, при осаде или зашитах крепостей[9.1923.34.].

Эволюция сознания эпической среды частично объясняет, почему у ряда этносов живая эпическая традиция задержалась столь долго и сохранилась – пусть в сильно трансформированном виде – до наших дней.

Вспоминаются слова известного философа Советбека Абдрасулова сказанные на научном симпозиуме посвященный эпическим произведениям в Бишкеке. Он сказал: “Многие выступающие рассказывали о своих сказителях, но их сказители отличались от наших тем, что их способности не были даром свыше, даром по наитию”. Значит, здесь говорится о том, что в отличие от всех эпических поэтов священное качество «манасчи» дар данный ему свыше самим богом. На самом деле «манасчи» имевший загадочную судьбу - феномен по велению бога обладающий даром сказителя[1.2019.].

Итак, если смотреть глазами эзотерической науки, статус кыргызскогосказателя и семитского пророка одинаков. Пророк без повеления свыше живет каковычный человек, ничем от него не отличаясь. Точно также «манасчи» пока неувидит во сне Манаса и не удостоится благословления старца Бакая не может считать себя сказителем. Например, такие поэты - импровизаторы как Женижок хотя и могли неделями сказывать эпос они никогда себя за «манасчи» не считали.

Научные исследования доказывают, что создавшие эпос «Манас» сказители кыргызского народа исполняли роли «пророков».

Еще один интересный факт, о котором нельзя мимо пропускать, заключается в том, что древние арии, считали письма проделками самого дьявола и не пользовались ими. И в древние времена, эпические тексты передавали устно, из поколения в поколение. Также и кыргызы, все эпосы начиная с эпоса «Манас», почти до 40-х годов XX-столетия передавали из уст в уста в импровизированном виде. Этот обычай сохраняется и в наше время параллельно с письменными вариантами эпоса. В настоящее время кыргызы являются единственным народом который сохраняет и бережет своих эпических певцов - импровизаторов.

В заключении хочется сказать:

Во-первых: хотя сказители и пророки являются обладателями двух разных дарований, их статус одинаков. Разница в том, что отношения к ним разные. Значит, мы должны заново пересмотреть эти две разницы.

Во-вторых: у обеих (и у манасчи и у пророков) генезис одинаков: - пророки первоначального общества - «поэты», поэты первоначального общества - «пророки» (шаманы) это говорит о равенстве дарований обеих сторон.

В-третьих: Если пророки, создавшие «Тору», «Библию» и «Коран» были ниспосланы с неба, и слово написанные в этих священных книгах считаются словами переданные устами самого Бога, то не только “Ригведа» и «Авеста», но и великие эпические произведения как «Билгамеш», «Махабхарата», «Рамаяна», «Огуз наме», «Манас», «Эр Тоштюк», «Книга деда Коркута», «Гэсер», «Маадай Кара», “Алып Манаш”, «Кер-оглы» и т.д., тоже должны считаться священными писаниями. Ибо их творили древние поэты-сказители, а они тоже были как и пророки отправлены с Неба на Землю. И их произведения должны изучаться в школах и в высших учебных заведениях широко и глубоко, а значит мы обязаны заново пересмотреть свои обоснования к этим священным книгам и эпическим произведениям.

В конце, свое слово закончу словами философа С.Абдрасулова:

“Оберегая эпос “Манас” и манасчи общество оберегает мир духовности, оберегая мир духовности, общество оберегает себя и создает условия для сохранения и созидания духовных основ своего будущего”[1.2019.].

Список литературы

1. Абдрасулов С., Последний сказитель или о сакральном феномене кыргызских манасчи. Статья, из интернета.
2. Гаты Заратуштры, Санкт-Петербург, 2009, Перевод И.М.Стеблин-Каменского.
3. Жирмунский В.М., Сравнительное литературоведение: Восток и Запад, Л., 1979.
4. Клёсов А. А., [Пензев К. А.](#) Арийские народы на просторах Евразии. — М.: Книжный мир, 2015.
5. Крутиков Д. Адрес материала: [//www.msn.kg/ru/news/17247/](http://www.msn.kg/ru/news/17247/).2019.
6. Михайлов Т.М., О шаманском фольклоре бурят, 1970.
7. Мифы народов мира, т-2, М. Советская энциклопедия, Гл. Редактор С.А.Токарев, 1991.
8. Моисей, 2-издание, Минск, Современное слово, 2004.
9. Монголо-ойротский героический эпос, М., 1923.
10. Осман Нури Топбаш, Пайгамбарлар тарыхы, Бишкек, 2007, “Башак” басмасы.Пер. На кыргызский язык А.Халбеков.
11. Путилов Н., Эпическое сказительство, М., 1997.
12. Радлов В.В., Из Сибири: страницы дневника, М., 1989.
13. Ревуненкова Е.В, Миф – обряд – религия, М., 1992.
14. Ревуненкова Е.В., О некоторых истоках поэтического творчества в Индонезии (шаман-поэт-сказитель)1984.\\ Фольклор и этнография: у этнографических истоков фольклорных сюжетов и образов, Л., 1984.
15. Ригведа, мандалы 1-1У, М., “Наука”, 1989, изд. подготовила Т.Я.Елизаренкова.
16. Сагалаев А., Сказитель и шаман в традиционной культуре алтайцев, 1985.
17. Шаракшинова Н.О., Бурятский фольклор, 1959.
18. Штернберг Л.Я., Избранничество в религии, \\ Этнография №1, Этнография,1927.

Түйін: Мақалада ақынның шаманистік миссиясы зерттеледі. Эпостың орта санасының эволюциясы, бірнеше этникалық топтардың неге ұзақ уақытқа созылған және сақталып қалған тірі эпикалық дәстүрге ие екендігін ішінара түсіндіреді. Ғылыми зерттеулер «Манас» эпосын құрған қырғыз халқының романдары «пайғамбарлардың» рөлін атқарғанын дәлелдейді. Тағы бір қызықты факт, оны жіберіп алмау керек бұл ежелгі арындардың өздерін шайтанның қиял-ғажайыптарын жазғаны және оларды

қолданбағандары. Ежелгі дәуірде эпикалық мәтіндер ауызша, ұрпақтан ұрпаққа берілді, сондай-ақ Қырғыздар, «Манас» эпосының барлық эпплері, 20 ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап ауыздан ауызға дейін импровизацияланған түрде өтті. Бұл әдет-ғұрып эпостың жазбаша нұсқаларымен қатар біздің уақытымызда сақталған. Қазіргі уақытта Қырғыздар өздерінің эпосқа импровизациялық әншілерін сақтап, қорғайтын жалғыз адамдар.

Abstract: The article is devoted to the problem of developing a classification of criteria and factors for determining the great names of the Great Steppe necessary both for scientific research and for applied work. The uniqueness of a particular people along with ethnic features (history, culture, customs, traditions, language, lifestyle, etc.) is largely determined by the great ideas and accomplishments of its prominent representatives who have made a unique contribution to the development of not only their people, but and world civilization. At the same time, gaining world fame, prominent representatives of the people make the land where they were born, the people from which they emerged, thanks to whom they gained undeniable glory, recognizable. In some cases, due to the actual absence of such sources, when they were replaced by myths and legends, not all honorable figures of the past found their place in historical personalism....

ӘОЖ93/94 : (574)

Сейтимбетова Д.Е., Мусаева С., Ерланқызы А.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕРЕКТАНУ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЙБІР КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Жаңа ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процестері және оларды құрайтын халықтардың этномәдени ұқсастық сезімі өздерінің тарихи тамырларын іздеуде тікелей қабаттаса жүреді, әрі өз елі және өз этносы тарихының негізгі сәттерін қайта ойластыруға әрекет жасайды. Бұрынғы қалыптасқан тарихи ұғымдар мен нұсқаларды қайта қарау беталысы, әдеттегідей транзиттік қоғамда кең әлеуметтік қажеттілігі бар. Сондықтан тек әрі өткенді ғылыми реконструкцияланған үнемді игерілген тәжірибе ғана емес нақты адамдар мен топтық қызығушылық эмоциясына жаңа әлеуметтік-саяси шынайылықпен бекіген жалпы тарихи сананың әр текті архетиптерінде өсіп отырады. Бірінші жағдайда тарихнаманың ғылым ретінде қарыштап өркендегенін, екінші жағынан - өз мәнінде тарихи білімнің ғылымнан тыс жаңа түрлерінің яғни аңыздардың пайда болғанын айтуға болады.

Кілттік сөздер: деректану, тарих, архив, идеология, зерттеу, өркениет, ғылым

Кеңестік мерзімдік басылымдар мен арнайы көпшілік басылымдарда, өлкетанулық жұмыстар сипатында әрі бірқатар кәсіби тарихшылар шығармалары мен тарихи ақпарат басылым тасқындарында жарияландар арасынан қазіргі кезде алашұбар әрі қарама-қайшы көріністер байқалуда.

Іргелі ғылыми еңбектері, оқулықтарымен көптеген адамдарға жақсы таныс бұрынғы көрнекті әскери және саяси қайраткерлер көбінесе күмәнді көпшілік біле бермейтін адамдарды көбірек жазып, ал қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей империясының отарлау саясатына ерлікпен айқасқан тарихи тұлғаларды – жартылай аңыз біреулермен байланыстырады; онда ұрыс даласында халық жасақшыларының сан мыңдаған қолын ересек ұрысқа бейімді әскербасы-сұлтандар тіпті буыны қатпаған, соғыс тәжірибесі жоқ 13-14-тегі жасөспірімдердің басқарғаны да айтылып жүр.

Тарих тағлымынан 300-ге жуық жыл өткен соң аяқ астынан бұрын белгісіз болған халық

ауыз шығармашылығын жинаушылар мен XIX-XX ғ.ғ. фольклоршы-зерттеушілері тікелей куәлердің немесе қатысушылардың «естеліктері» арқылы қазақ батырларының жоңғарлармен атақты шайқастарын жарыққа шығара бастады. Олар ешқандай қисынсыз текстологиялық экспертизасыз, арнайы деректеметанулық талдаусыз маңызды болып жарияланып, сол кездегі қазақ-жоңғар қатынасының басты «деректемесіне» айналуға.

Революциядан бұрынғы кезеңдегі Қазақстанның болып өткен тарихи белгі символдарын өз еркімен қайта қарау орын алған: жалпыұлттық көлемдегі ірі тарихи бейнелер жан-жақты қаралмай, негізсіз болмашы деңгейге дейін төмендетілген, ал кейбірі керісінше мақсатты бағытталған үнсіздікпен макроәлеуметтік әрі макротерриториялық биікке шарықтатылып, жан-жақты жарқыратып көрсетілген.

Қазіргі ғылымтануда тарихи білім құрылымынан жаңа уақыттан бастап танымдылық мәдениеттің ғылыми формасын басқа көркем шығармашылық, дін, аңыз және т.б. тарихи таным мен білім формасын бүкіләлемдік тарих дәуірінен индустриалды және постиндустриалды деп болу көзделген. Әрі күнделікті практикалық пайдалы білім мен тарихи шындық туралы ұғым әрі осы деңгейге сәйкес келетін әртүрлі топтық, этникалық және субмәдениеттік өткенді қайта ойша қалпына келтірудің стереотиптерінен қажетті ақпаратты алудың эмпирилік тәсілдерін көрсету болып табылады.

Ғылымның әлеуметтік контексте пайда болып, өркендейтіні көпке белгілі. Оның жағдайында жалпы логика бойынша әлеуметтік тұтастықтың рухани саласының мәдениеттің басқа салаларымен – материалды өндіріспен, саясатпен, идеологиямен, дінмен, мораль, құқық және т.б. байланысын зерттеу анықталады. Әлеуметтік контекст өзінің тарихи қозғалыс және процесінде өзгеретін болғандықтан, ғылымның маңызы танымдылық қызметтің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі мәдениеттің басқа да компоненттеріне тәуелділік формасы мен қызмет спецификасы тек ретроспективті зерттеу арқылы түсінікті бола алады.

Тарих ғылымының әлеуметтік мәдени контексті туралы айтқанда шартты түрде оның ішкі және сыртқы контекстерін ерекшелуге болады. Бұл ерекшелу олардың салыстырмалы антиномистігі жағдайында ғана ақталады. Бірақ жүйелілік тарихнамалық зерттеуде олар белгілі дәуірдің мәдениетіне жататын екі ажырамас аспект, синтез ретінде болады. Бұл контекстерді ерекшелу үшін негіз бүкіл ғылымдық таным формасын тұтастай алғанда генезис, тарих ғылымының жұмыс істеуі мен дамуын жылжытушы күштер мәселесіне әрқилы қатынас болып табылады.

Шетелдік философияда, әлеуметтануда және ғылым тарихнамасында оның қалыптасуы мен дамуының сыртқы (external) және ішкі (internal) факторларын ерекшелу қабылданған. Бұнда **сыртқы факторлар** ретінде мәдениеттің социумды аспектілері түсінігі болады: экономика жағдайы, саяси конъюктура, әлеуметтік қатынастар және бүкіл осы құбылыстардың танымдылық стимулдары мен императивтері; ал **ішкіде** - таза когнитивті пісіп жетілген және ғылыми идеялардың өзіндік өзгеруі мен өткенді таным әдістері. Генезис және ғылымды дамыту мәселелерін зерттеу барысында ғалымдар 1930 жылдан бастап белгілі ғылымтанушы Дерек де Солла Прайстың белгілеуінше өзіндік «көрінбес колледж» құрады [1]. Оның ішінде экстерналистік және интерналистік бағыттар орныққан [2]. Біріншісінің басында тұрған Джон Бернал (1901-1971жж.). Екіншісінің негізін қалаушы Александр Койре (1892-1964 жж.),- деп айтуға болады [3].

Қазіргі ғылымтану тәжірибесі көрсеткендей, бұл бағыттардың әрқайсының күшті теориялық позициялары, сынға төзімді аргументтері, тарих ғылымының мәнін түсінуге экстерналистік және интерналистік методологияны жасанды біріктіру жолдарымен емес, мазмұнды синтез арқылы жеңе алады. Ол зерттеу практикасында пәндік қызметті пайдаланудан тұрады. Оның мәні қоғамдық өндірістің бүкіл жүйесін тарихи дамыту барысында өндірістік еңбекті бөлу мәселесіне әкеледі [4].

Қазіргі кезде ғылым мәдениет феномені ретінде адамзаттық қоғамның белгілі кезеңінде (XVII-XIX ғғ.) пайда болады. Бұл пәндік қызметті бөлу нәтижесінде алдымен өзіндік болмыс тірлігін материалды өндіріс пен әлеуметтік практиканың басқа да формаларына қарағанда материалды өндіріс алып, кейіннен рухани өндіріске орнықты. «Танымдылық қызмет және танымдылық мәдениет» белгілі адамдар контингентінің айрықша саласы мен ерекше айналысу түріне соқты [5]. Бұл саланың ішінде қазіргі кезде білім және танымдылық формалары мен әдістері жинақталып өңделуде. Осы феномен ғылым деп аталады. «Ғылым,- деп жазды белгілі

философ Э.В.Ильенков, - ол ерекше жағдайда айрықша кәсіпке айналған, ойлау» [6].

Барлық өзінің жекелей өзіндігіне қарай адам ойлауын зерттеушілер әдеттегідей екі негізгі типке бөледі: түсінік-логикалық немесе жүйелі-аналитикалық және образды-рефлекторлық. Бірінші тип өзінің даму формасында негізінен ғылым мен саясатта көрінеді; екіншісі - әдебиетте, музыкалық көркем-шығармашылық пен өнерде [7].

Жаңа кезеңнің тарихнамасы өзінің классикалық ғылыми формасында ғылымнан тыс танымдылық пен тарихи білімнің әр түрінен және көпқырлы фактографиялық ақпараттың күрделі синтезін танымдылықта әрі онымен байланысты түсінік-логикалық категория жүйесіндегі ұдайы өзгеріс пен дамуымен тығыз байланыста болады. Соңғы үш жүзжылдықтың әлеуметтік практикасында ол шығармашылық өзін танытудың танымдылық мәдениетін қайта құрудың өркендеуші процесінде әрі әрқилы саяси партиялар мен топтардың өтпелі қызығушылығына қызмет көрсету емес, тек тарихи шындықты толмай ізденуге бағдарлануы.

Осыған орай, кәсіби тарихшы-ғалымдардың зерттеу қызығушылығының бастапқы объектісі, заттың оның танымдылық қызметіне тікелей қатысты жекелеген еркін тандалған тарихи деректемелер емес, барлық қолдануға мүмкін деректемелер жиынтығы, соның ішінде авторларының бағалау тұрғысы бойынша өмірлік көзқарас тұрғысынан бір-біріне өзара қарама-қайшылары да кіреді. Ол бастапқы ақпаратты жинап әрі жүйелей отырып, алдымен деректемелік талдаудың логикалық анализі мен синтездеуі әрі қатаң арнайы әдіс-тәсілдері арқылы тарихи деректемелерден шынайы фактілерді шығарып, олардың өзара байланысын орнатып, уақыты мен кеңістігін анықтап, тек сонан соң қайта құрылған өткеннің фактологиялық суретіне сүйене отырып, сол негізде концептуалды реконструкциясын іске асырады.

Нақты тарихи фактілерді кәсіби-тарихшы ғылымда арнайы өңделген әдістемелік ережелер мен процедуралар арқылы аудентикалық деректемелерден алады. Бұндай аудентикалық деректемелер немесе түпдеректемелер категориясына өткеннің жазба немесе заттай ескерткіштері жатады. Оған тек оқиғаны баяндайтын замандастар мен тарихи оқиға құбылыстары жатады, әрі бұл оқиға сол кез адамдарының есінде қалуы қажет.

Жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихына келер болсақ, аудентикалық деректер жүйесіне қазақ хандары, сұлтан батырлар және старшындарының XVIII-XIX ғғ. ортасындағы эпистолярлық мұрасын айтуға болады, ол қазіргі кезде ТМД-ның әр түрлі мұрағаттарында сақтаулы 10-мыңға жуық сақтау бірлігі ретінде тұр; жоңғар хандарының қазақ билеушілерінің атына жазған, башқұр батырларының, ортаазиялық монархтар, қалмақ тайшыларының ресми хаттары, қазақ беделді өкілдерінің, Орта Азия саудагерлері, Орынбор және Сібір шекара ведомстволары, Ресей кеңселерінің белгілі адамдарының «сұрау салулары», қазақ даласына саяхат жасаған Еуропалық және Ресей саяхатшыларының сапар бағыттары күнделіктері мен журналдары, патша шенеуіктері мен қазақ үш жүз билеушілерімен кездесуінің нақты хаттамасы; Цинь императоры, Бұхар және Хива хандары сарайларында құрастырылған саяси оқиғаларының әулеттік жылнамасы, XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ ауыз әдебиеті мен батырлар жырлары, қолжазба немесе баспа бетінде сақталған сол кезеңнің мерзімдік басылымдары, әрі тарихи-құжатты ескерткіштердің көптеген түрлері.

XVIII-XIX ғасырлардың ортасындағы қазақ халқы мен Қазақстанның тарихын зерттеу үшін қазақтардың бабаларының жоңғар басқыншыларымен, Қоқан хандығы және патша отарлау әкімшілігімен күресін баяндайтын, әрі дала билеушілері мен батыр-жауынгерлер жетістігін марапаттайтын тарихи, шежірелік және топонимикалық аңыздарының маңызы өте зор. Олардың көпшілігі осы күнге XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ ақпаратшыларының айтуымен қазақ ауыз әдебиетін белгілі дала жинаушылары А.И.Тевкелев, Я.П.Гавердовский, А.И.Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.А.Диваев, А.Н.Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев, М.Ж.Көпеев, М.Тынышбаев басқа да зерттеушілері жазбалары арқылы жетті.

Ауызша баяндау жанрына тән тарихи аңыздардың өзіндік қыры ондағы нақты мәліметтердің санқырлы тегі мол сипатын айтуға болады. Онда оқиғаның нақты хронологиялық кеңістік-географиялық орын алмауы, шынайы тұлғаларды аңызға айналдыру, нақты тарихи оқиғаларды асыра бейнелеу орын алған. Осыған байланысты қазақ ауыз шығармашылығын белгілі зерттеушісі С.А.Қасқабасовтың нақты айтқан сөзі бар: «Оқиға көне болған сайын, тарихи мәні жоғалып, аңызға айнала бастайды. Оқиға алыстаған сайын шынайы негізі көмескіленіп, ауызша жол-жөнекей аңыздар қосылып, нәтижесінде аңыз оның кейіпкері қиял-ғажайып сипатқа ие

болады» [8].

Осы тарихи ескерткіштер категорияларының көрсетілген ерекшеліктеріне орай, қазақтардың халықтық ауызекі аңыздары бастапқы әрі соған сәйкес XVII-XVIII ғасырлар дәуіріндегі қазақ қоғамы дамуының нақтылай әрі объективті көрінісін қайта құру үшін жеткілікті ақпарат көзі бола алмай, сол заманның әртүрлі жазба материалдарына қосымша қолдану принципі бойынша негізінен зерттеу тәжірибесінде пайдаланыла алады.

Соған қарамастан бұл күрделі тарихи ақпараттың деректемтанулық тұрғысынан өз зерттелген түрін ендіру және ғылыми айналымы әлі күнге дейін бір жүйеге түспей пайдасыз сипатта болуда. Көптеген тарихи жұмыс авторлары бұл материалдарды зерттеу әдістемесін толық меңгермеген. Ондағы фактілер мен халықтық болжамдарды, ондағы тарихи ақпараттар шынайылығы дәрежесі мен деректанулық талдаусыз, шынайы тарихи көрініске нақты әрі қисындық сәйкестігінсіз, әртүрлі құжатты деректемелер мен деректемеден тыс білімге жүгінбей баяндайды.

Сонымен қатар отандық тарихнамада іс-жүзінде ғылыми деңгейде даярланған бұл ескерткіштердің көптеген топтарына арналған археографиялық басылымдар қазақ халық аңыздарына арналған арнайы деректанулық-тарихнамалық зерттеулер мен қажетті ақпараттық-анықтамалық аппарат жоқ. Осының нәтижесінде Қазақстан тарихының XVII-XIX ғасырлар ортасы кезеңіндегі ана немесе мына қырларын қайта құру процесінде пайдалану тәжірибесі көп жағдайда кәсіби емес, әуесқойлық деңгейде іске асырылып көрсетілген материалдарға көптеген қазақстандық және шетелдік тарихшы-ғалымдардың нигилистк көзқарасын тудырды.

Осы жағдайларға орай бұл сала бойынша зерттеу жұмысы бірнеше бағыттарда іске асырылуы мүмкін: 1) ірі тарихи оқиғалар, олардың өткен орны мен әдебиеттегі ТМД мұрағат сақтау орындарының қолжазба қорларындағы XVIII ғасырдың ортасы мен XX ғасырлардағы қазақ даласының көрнекті қайраткерлері туралы қазақ халқы аңыздарының жарияланған нұсқаларымен қатар мақсатты бағытты іздеу, жинау және жазу; 2) құжаттық, нарративтік және басқа да деректемелер түрлерімен, уақыты, орны және халық аңыздарын жазбаша белгілеудің нақты жағдайларын анықтау, әрі халықтық ақпаратшылар мен бұл ескерткіштерді жинаушылардың әлеуметтік пен үрім-бұтақтық жатысын белгілеу; 3) анықталған материалдарды жанырлық жатысы, хронологиясы және тақырыбы бойынша жүйелеу; 4) олардың мазмұнындағы нақты ақпараттарды компаративті-қисынды негізде бұл мәліметтерді тарихи ақпараттың басқа түрлерімен салыстырып шынайылық дәрежесін анықтау.

Қазіргі көптеген қазақстандық, ресейлік және ортаазиялық авторлардың ұттық тарих бойынша жарияланымдарымен жеңіл танысып өткеннің өзінде-ақ олардың ішінде өткенді ғылыми реконструкциялау және оның аңыздандырылған модификациясын нақты шектей алмайсын, яғни екі құрылғы сұлбасы да өте көмескі болып келеді.

Соңғысының дәл болмауы нақты тарихи таным нысанының өзіндік күрделілігі ғана емес, кәсіби тарихшы санасына әрқилы өмірлік көзқарас пен идеологиялық жаттандылық, билікпен «ойыны», партия мен топтардың саяси күресіне араласуымен т.б. түсіндіруге болады.

Шынына келгенде барлық келтірілген жағдайлар ана немесе мына жағдайда ғалым ойлауына әсер етіп, оның шығармасына әрқилы мифологиялық элементтер енуіне ықпал етеді.

Ал басқа жағынан көптеген тарихи жарияланым авторлары – мамандар емес және жалған тарихты сүйушілер елдің ықпалды зиялы қауымына өз болжамы растығын көтеру үшін ғылымда пайдаланылатын дәлелдердің әдістері мен тәсілдерін әдейі немесе сапалы түрде пайдаланып, сырт көзге ғылыми ізденіс ретінде табысты көрсетеді. Соған қарамастан, қазіргі көптеген қолданылып жүрген ғылымнан тыс тарихнама үшін тарихи қайта құрулардың ғылыми сипаттағы ізденулерден айрықша кең тараған формалары яғни, былайша айтқанда, «қызығушылығы жоқ» тарихи білімдер.

Оларды келесідей сипаттап көрсетуге болады:

1. Авторда тарихи шындықты іздеуде, тарихи мақсатының, әрі ғылыми пән ретінде тарих туралы, тарихшылар еңбегінің сипаты мен тарихи деректемелермен жұмыс істеу әдісі ұғымының болмауы.

2. Алдын-ала құрған тарихи жобасы өз жеке көзқарасы негізінде жасалып, тек ғылымнан тыс мақсаттар мен қызығушылыққа қызмет етеді немесе өзінің жеке бас ойын білдіреді.

3. Бұл тарихи факт пен тарихи деректемені қорлау. Тарихи фактілер екінші қатарды өз ойлауы мен болжамына бағынышты роль ойнайды.

4. Маман еместер әдеттегідей тарихи фактілерді ғылымда қабылданған әдістер мен процедуралар арқылы деректемелер мен кәсіби тарихшылар еңбектері жүйесінен алмай көбінесе тарихи-публицистикалық басылымдардан алады. Олар онда көбінесе жұтандау, артықтау немесе өзгешеленген түрде болады.

5. Өз ойларын дәлелдеу мен бекіту үшін өз алдына жеке тарихи аңыздық жанр деп қарауға болатын жалған тарихи деректемелер – жалған аңыздар, анықталмаған «халықтық» дастандар тағы осы заманғы аңызға айналдырған жалған дүниелерден мәліметтер алады.

6. Ұсыныс, пікір, дәйектерді оңды-солды араластыру, барлық ғылыми негізделген дәйектер мен болжамдарды жоққа шығару автор ойы қарама-қайшылығын көрсетіп тұрады.

7. Бір стереотипті жолмен, тікелей империялық және кенестік жүйе стереотипті әдіснамасын, құндылық межелерін әрі революциядан бұрынғы Ресей тарихы хрестоматикалық шығармаларынан тарихнамалық, сюжет нұсқаларын алып, оның Қазақстан тарихының сол кездері тіпті кейінгі кезеңдеріне форма ұйқастығына сай әкеп орналастыру.

Осы барлық құбылыстар тарихи зерттеулердің әдістемелік және әдістік базасының қазіргі Қазақстан тарихнамасында тұтастай, әсіресе аймақ тарихи деректеметануы саласында жеткілікті өңделмегенін көрсетеді. Осыларға байланысты жақын болашақта елдің тарихи ғылымы саласындағы басым міндеттердің бірі белгілі тақырыбы бойынша ғана топтамай, тарихи баяндалуының түрлері мен жанрлары (революциядан бұрынғы сфрагистика, эпистолярлық деректемелер, генеалогиялық құжаттар, халық аңыздары нарративті шығармалар ж.т.б) әрі деректеметанулық компаративистиканы дамыту (әртүрлі топтағы тарихи ескерткіштердің фактографиялық ақпараттылығын салыстырмалы талдау), жарияланған еңбектер мен археографиялық басылымдарға ғылыми рецензиялар жанры, зерттеу нәтижесіне құжатты материалдарды бастапқы өңдеудің жаңа әдістерін ендіруді тарихи зерттеудің археографиялық базасын кеңейту болып табылады. Бұлардың барлығы белгілі дәрежеде тарихшылар мен тарихшылар емес үшін алынған дәйекті мәліметтерді пайдаланылатын тарихи деректемелер мен ғылыми репрезентативтілікке ақпараттық беруді көтереді де, олар өз кезегінде өз зерттеулік күш-қуаттарын жемісті іске асыруға мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Прайс Д. Наука о науке: Сб.статей /Пер. с англ. Москва., 1966. С.247.
2. Бұл бағыттағы талдаманы қараңыз: Микулинский С.Р. Методологические вопросы историко-научного исследования // Проблемы истории и методологии научного познания. Москва., 1974. С. 20-34; Макарова Л.А. Наука, история и историография. XIX-XX вв. Москва., 1987; Косарева Л.М. Предмет науки: социально-философский аспект проблемы. Москва., 1977.
3. Бернал Дж. Наука и общество: Сб.статей и выступлений. Москва., 1983; Койре А. Очерки истории философской мысли (О влиянии философских концепций на развитие научных теорий). - М., 1985.
4. Хамидов А.А. Наука в социокультурном контексте: Реферативный обзор /ИНИОН. Алма-Ата, 1984. - С.46-49; Логико-гносеологический анализ науки. – Алма-Ата, 1990 (Разд.1, гл.1-2).
5. Сонда. 47 бет.
6. Ильенков Э.В. Диалектическая логика. Очерки истории и теории. Москва., 1974. С.168.
7. Козлов В.И. Лев Николаевич Гумилев (1912-1992) // Этнографическое обозрение. 1992. №5. С.174.
8. Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. Алма-Ата, 1990.С.160.

Аннотация: Процесс формирования новых национальных государств и чувство этнической и культурной самобытности народов, которые их составляют, непосредственно сосредоточены на их исторических корнях и пытаются переосмыслить основные моменты своей страны и своей этнической истории. Прежние исторические концепции и тенденции пересмотра тенденций, как обычно, имеют широкую социальную потребность в транзитных обществах. Поэтому в различных архетипах общего исторического сознания, воплощенного в новой социальной и политической реальности с реальными людьми и групповыми эмоциями, растет не только научно-реконструированный экономический опыт, но и прошлое. В первом случае историографию можно охарактеризовать как прогрессивную, как науку, а с другой стороны, можно сказать, что возникли

легенды в форме новых форм, выходящих за рамки исторического знания.

Abstract: The process of the formation of new national states and the sense of the ethnic and cultural identity of the peoples who make them up are directly focused on their historical roots and are trying to rethink the main points of their country and their ethnic history. The old historical concepts and trends of revising tendencies, as usual, have a wide social need in transit societies. Therefore, in various archetypes of a common historical consciousness, embodied in a new social and political reality with real people and group emotions, not only the scientific-reconstructed economic experience grows, but also the past. In the first case, historiography can be described as progressive, as science, but on the other hand, one can say that legends have arisen in the form of new forms that go beyond the framework of historical knowledge

ӘОЖ. 930: 21

Өмірзақов С.Д., Насирдинов Б.П.

филолог.ғ.к, доцент, М.О.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
педагогика магистрі, М.О.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗЫҒҰРТ-ҚАРАТАУ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТ
МЕКТЕБІНІҢ ІРІ ӨКІЛІ – НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫ**

Түйін: Мақалада Қазығұрт, Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің өкілі Нұралы Нысанбайұлы деректер қаралды. Осы мақсатты әріден ойлап, ұсынған жобамызды бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысы басшылары «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жобамыз бекітілген.

Нұралының 1917 жылға дейінгі өмірін қысқаша шолғанымызда, ол рухани қысымшылықта болумен қатар ауылдағы болыстармен, билермен, байлармен ылғи айтысу-тартысумен, алысу-арпалысумен өткен. Ауыр тұрмыста, азапты, қараңғы күндерді басынан кешсе де, шығармаларында торығу, зарығу, сарыуайымға салыну жоқ.

Әлеуметтік теңсіздікті шешудің алуан әдіс-айлаларын жаны сүйген дастандарына арқау етіп, олардың шешілу жолдарын түрлі тәсілдермен безендіре түскен. Нұралының күшті талантының қайнар көзін тұншықтыру мақсатымен 1916 жылы Шымкентте барлық болыстардың бас қосқан мәжілісінде: «Нұралы ақынның дастандарын, айтыс өлеңдерін ешкім жаттамайтын болсын, егер жаттап ел ішінде айтушылар болса, ондайларға аяусыз жаза қолданылсын» деген қаулы алынған екен.

Кілттік сөздер: Нұралы Нысанбайұлы, мұра, ақын, ғылым, Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебі

Кезінде әз Төле аталған қасиетті бабамыздың көзін көрген, тәрбиесін алып, мақсатын жалғастырған қаншама ұрпақ өтті дүниеден. Төле бидің ізін жалғастырғандардың ішінде Қойгелді, Рысбек, Батырбек, Байзақ, Сапақ, Шоқай, Қанай т.б. датқалармен қатар, Жабай тоқсаба, Мәделі, Мұсабек, Қаратеке секілді ірі батырлардың ұрпақ алдындағы еңбектері өлшеусіз.

Осы мақсатты әріден ойлап, ұсынған жобамызды бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысы басшылары «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жобамызды бекіткен болатын. Қазірге жарық көргені – 311 том. Жинақталып отырған томдықтар кейінгісі 200 томға жуық. Осы өлкеден шыққан, әдеби мектебін қалыптастырған ақындарымыздың бірі – Нұралы Нысанбайұлы. Ақынның қазірге «Қазыналы Оңтүстікте» жарияланған дастандарының саны – 47 [1]. Тағы төрт дастаны дайындалуда. Қазірге жарық көрген томы – 19. Жалпы жарияланған мұралары жөнінен «Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебі» өкілдерінің ішінде ең мұрасы көп

жарияланғаны Шәді ақын. Оның әзірге 24 томы жарияланды. Екінші – Нұралы мұралары. Кезінде 84 дастан жазып, жұртқа таратып, кең танымал болған ақынға 1916 жылы Әбубәкір Диваев келіп: «Дастандарыңызды маған тапсырыңыз. Кітап етіп шығарайын» деген. Бірақ ақын «Дастандарым менің көзім тірісінде жарияланып кетсе қадірім қалмайды» деп бермеген екен жарықтық. Біз енді барлық дастандарын талдап отыруға уақыт та, газет көлемі де көтермейтін болғандықтан тақырыптық жүйемен талдауға ден қоямыз.

Талай-талай қыспақтың тезіне түсе жүріп, ысылған Нұралы жастай дін иелерінің тепкісін көп көргендіктен бе, әйтеуір, көп шығармаларында дін иелерін қатты сынға алып та отырған. Бұл ХХ ғасыр басында қатты көтерілген «уды умен қайтару» саясатына (М.Мырзахметұлы) негізделген әдіс болатын. Осы мақсатпен ол 1904 жылы «Полат-Жанат» деген атақты дастанын жазып шығады.

«Полат-Жанат» жорыққа шыққан күннен бастап-ақ, Нұралының шәкірттері бірінен-бірі іліп алып, ел арасына таратқаннан бастап-ақ, дін иелері халыққа құқай көрінді. «Полат-Жанатты» есіткен халық пірге жығылудан, ишанға қол тапсырып мұртты болудан, мағзұмдардың, ұламалардың тіпті молда атаулының сөздеріне иланудан бас тартты, ондай сәуегейлердің әрекеттерінен (Құдай басқа салды, көнбеске амал жоқ) деген пікірден жиреніп болды. Өйткені, Нұралының жалпы дін иелерінде болатын қасиеттерді топтастырып, олардың пиғылдарының арамдығын, ниеттерінің қаралығын бір ғана имамның бейнесімен ашып көрсетті.

Халық мұрасын жинаушы Қ.Амантаев жазғандай: «Полат-Жанат» салған жерден-ақ діншілдердің сырын ақтарып, бүркеншектерін жыртып, беттерін тіліп түсті, халық мүддесі үшін қызмет атқара білді. Нұралыны шын мәнінде халық алдында ақын деп танытқан да, оның талантына шек келтірген жыршысымақтар мен жарамазан айтып нәпақасын тауып жүрген «жыршыларды» – ақын Нұралы – дегізіп мойындатқан да осы – Полат-Жанат» [2.2].

«Полат-Жанатты» бастапқы нұсқасынан өндеп, Нұралы 1924 жылы қайта жазып шығады. Бұлардың мазмұндары да, оқиғаны суреттеу әдістері де бірдей. Бірақ әуелгісінен соңғысында тіл көркемдігін де күшейткен, идеясын да өткірлеген.

Нұралы «Полат-Жанат» дастанын 1914 жылы Шалбай деген шәкіртіне береді де, оған былай дейді: – Осы дастанды жатта. Биыл күзде Мәді ишан той жасайды. Сол тойда, Мәді ишанның алдында айт. Осылай етсең, оң батамды берем; егер тапсырмамды орындамасаң, теріс батамды беремін – дейді.

Нұралының айтқанындай-ақ 1914 жылы күздігүні Мәді ишан той жасайды, Шалбай да келеді. Кешке барлық үйге ақындар орналасып отырады да, Шалбайға түсетін үй болмайды. Мәді ишанның өз үйіне келсе, Мәді ишан мен Сіргелі елінің болысы Тұрғынбай екеуі оңаша әңгімелесіп отыр екен, Шалбай кеп сәлем береді. Қойнындағы домбырасын көріп: – Балам, ақын ба едің? Онда біраз өлең айт, – дейді Мәді ишан. Шалбай даусы анық, өзі реңді адам екен. Нұралының термелерінен біраз айтып бергенде: – Пәле, айналайын Нұралы жақсы ақын екен ғой, – деп құштарланады. Біреу келіп: – Сіздерге ақын керек пе? – десе, Мәді ишан: – Бізге осы баладан артық ешкім керек емес, – депті. Бір уақытта Мәді: – Енді дастан айтшы – дейді. Үйге адам толады. Шалбайдың білетіні жалғыз дастан. Соны айта бастайды. «Полат-Жанаттағы» Мақалбайдың Үрімге жолаушылап бара жатқан кезде үй-ішін, бала-шағасын өзінің пірі, қол тапсырған ишаны Сауда ишанға тапсырған жерін айтқанда, Мәді ишан насаттанып отырады. Сауда ишан Жанат қыздың білегін ұстап, бетінен сүюге ұмтылған әрекеттеріне келгенде Мәді ишан мазасыздана бастайды. Сауда ишан бет-аузы жарақаттанып, сапардан оралған Мақалбайдың алдынан шығып, Жанат туралы өтірік айтып, жала жауып, Жанатты өлім жазасына кестіріп, айдалаға жалаңаш қаңғыртып жіберген жеріне келгенде Мәді ишан ышқынып: – Тоқтат, Нұралыдай мәжнүн ақын маған керек емес. Бүкіл Ислам дінін

былғайтын мұндай сөзді екінші рет айтпа! – деп, алдынан Шалбайды қуып шықса керек.

Солай қатаң тыйым салынуына қарамастан «Полат-Жанатты» Нұралының шәкірттері қызыға жаттайды, халықтың сүйіп тыңдайтын дастанына айналып кетеді. Нұралы «Полат-Жанаттан» бір жылдан кейін 1905 жылы «Әбдімәжит» деген көлемді дастанын шығарады. Ақынның бұл дастаны да сюжет жағынан қызықты, идеясы айқын, терең сырға құрылған, билеушілер мен дін өкілдерінің озбырлығын әшкерелейтін, мадақтау мен мінеп-шенеу, сынау үлгісіндегі тұщымды дастан болып, халыққа кеңінен тарап кете барды. «Әбдімәжит» дастанында Пағыпор деген патша мен оның уәзірлері Әбдімәжит деген сыпайы адамның Күләтір деген әйеліне жала жауып, ерлі-зайыпты екеуін де қаладан пәдергі етіп шығарады. Күләтір өзін нәпсінің құмары үшін пайдаланбақ болған Асып, Нәсіп деген алаяқтарды бастарына ақ жаулық салдырып, қолдарына шөміш ұстатып, қазан басында тамақ істеткізіп қояды, халық алдында масқаралайды. Әйелдің арнамысын қорламақшы болған зинақорлардан кек алады. «Әбдімәжиттен» соңғы дастандарынан көзге оқшауырақ түсетін, нәтижесі айрықша бағаланған маңызды дастандарының бірі – «Құлқаныс-Зебер». Мұның артықшылығы сол – онда билік басындағылар мен қарапайым адамдар қатар қойылып, олардың өмір сүру қабілеті, пайымдары, кемшілік-қысқалықтары, қиын-қыстау күндері төзімділік танытуындағы адами қасиеттері қатар қойылып, параллелизм әдісімен суреттелген. Мұнда атақты деген патшаның баласы Зебер өз әкесінің антын бұзып, Құлқаныс деген қызды алуға барған сапарында адамгершілігі оянбаған топастығын көрсетеді. Зебер қасына атқосшы ретінде ілескен Кәміл деген адам ақылдылық, болжағыштық, сезімталдық қасиеттер шығарып, Зеберге жол-жоба сілтеуші ұстаз дәрежесінде суреттелген. Екі топтың өздеріне тән адами қасиеттерін бетпе-бет салыстырып, ашып көрсету – Нұралының «Құлқаныс-Зебер» дастанынан аңғарылатын түпкі мақсаты, дастанның негізгі идеясы. Дастанда үстем тап өкілдерінің бәріне жалпылық сарын сол – олар қарапайым адамдар араласпаған жерде өмір сүріп, тіршілік кешуге ыңғайсыз, икемсіз, ал қарапайым адамдар оларға қарағанда әлеуметтік өмірдің, келешек өмірдің негізгі тұлғасы солардың қолында екендігін сездіреді. Бұл дастанды алып жырлаушылар кейіннен өздерінше жырламақ болғандары да кездеседі. Кейбірінің басталуы белгісіз, кейбірі тіпті оқуға жарамсыз. Тек, Тұрлыбек ақынның жырлауында ғана біршама өзгерістер бар. Нұралының дастанын қолға түсірген ол ақынның қарасөзбен баяндайтын тұстарын өзінше өңдеп, бәрін өлең жолына салған. Бұл тәсіл де Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебіне тән бір үрдіс дейміз.

«Құлқаныс-Зебер» дастаны Нұралының әлеуметтік тақырыптағы келешек ірі дастан жазуына дайындық жасау баспалдағы секілді көрінеді. Осы мәнермен төселе бастаған ақынның аса көп бейнеттенген еңбегі – «Құбыл» дастаны. «Құбыл» дастаны жарыққа бірінші рет 1907 жылы шықты. Ақын бұл дастанын да кейіннен өңдеген. Әуелгі мен соңғысының нұсқалық ерекшелігі жоқ. Алайда өңделген, толықтырылған кейінгі нұсқасының бас жағында оқиға қосылып, қоюлана түскен. Дастан толығып, мазмұн жағынан байыған. Басқа жақтары өзгеріссіз. «Ал «Құбылдың» ел ішіне көп тарағаны бұрынғы, алғашқы нұсқасы» – деген Қ.Амантаев пікірі дұрыс. Ал соңғысын Нұралының өз қолынан алып, жаттап, халыққа таратушы ақын – Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданында тұрған халық ақыны – Орал. Оралдан басқа ақындардың айтып жүргендері, кейбір адамдардың қолжазбаларында сақтап жүргендері «Құбылдың» ескі нұсқасы, мұның жана нұсқасы Оралдан басқа ешкімнен табылмаса керек. «Құбылдың» қызықты халық алдында өтімді қасиеттері арқасында атақты ақын Майлықожаңыңкенже баласы Исабек өзінше «Құбыл» деген дастан жазып шығарды. Бұл екеуінің мазмұндары бірдей, тек жырлану тәсілі басқалау.

«Құбыл» – Нұралының ресми мәлімдемесі, ішкі сыры, жан жүйесінің сыртқа тепкен түгі. Ақын «Құбыл» арқылы билеушілерге деген өшпенділігін, бойын кернеген ызалы ашуын улы сөзге айналдырып, зәрлі тілінен ақтарған «Құбыл» – Нұралы

шығармашылығының ең биік шыңы, асқан ерекшеліктермен жазылған шедеврi» – депті Қ.Амантаев.

Бұл дастанның шыққан күнінен бастап, 1917 жылға дейін халық арасында ықпалының күшті болғандығы сонша, қалың бұқара бойына теңдік сезімін қалыптастыруға да әсері қатты болған. Сатымсақ би-болыстарға қарсы күрес жүргізуге жұмылдырды. Еңбекші халықтың пейілдерін оятты, жауынгерлік айбындарын жігерлендіре түсті. Олар қолдарына қамшы, сойыл, шоқпар, құрық, таяқ, айыр, кетпен, орақ, балға ұстап, ауылдағы үкімет әкімдеріне қарсы ашық күреске шықты. Мәселен, Шоқай елінің болысы Байтұрсынның шаруа жасақтарымен, ауыл кедейлерімен соқтығысып қалулары талай рет болды. Соның бірі 1908 жылғы соқтығыс еді. Нұралы өміріндегі ауыртпалық жағдайлар бұрынғысынан да шиеленісі түсті.

Болыс Байтұрсын «Құбыл» дастандағы жетім бала Жаһангердің патша Қалатшаға және оның қолшоқпарларына қарсы күрескен әрекеттерін есіткенде ызаланып, Нұралының мұндай өткір пікірлі шығармасына шыдамай, Шоқай елінен шыққан Ержан, Қуатбай және Қарағай елінен шыққан Есқожа деген билерді үгіттеп, сол уақыттағы өкілі жүріп тұрған адамдардың бәріне айтып, қарсылық ұйымдастырған. Барлығын да Нұралы ауылындағы кедейлерге қарсы айдап салады. Кедейлерді патқардан етуге, сағын сындыруға, тіпті мүмкіншілігі болса мерт етуге дейін барысады. Ержан, Қуатбай, Есқожа үшеуі бас қосып, Нұралының жақын ағасы Бесбайұлы Отардың жемісі пісіп тұрған екі гектардай бау-бақшасын «Байтұрсынға берілсін» деген сырттан үкім шығарып та қояды. Бұған көнбеген Отар мен оның ағайындарын, ауыл адамдарын күштеп қуып шықпаққа әрекеттенеді. Байтұрсын бастаған бір топ адам келіп, осы баудың ішінде Нұралы ауылының адамдарымен қырғын төбелес жасайды. Көп адамның көзі шығып, басы жарылып, сүйегі сынып, дене жарақатын алады. Осыдан кейін-ақ болмашы сылтауды себеп еткен Байтұрсынның адамдары Нұралы ауылына су бермей, қысым жасайды. Мұнымен де қоймай, болыс, билердің «аузын алып», Нұралының, Арапбай, Отар үшеуінің үстінен қаралап арыз жазып, Шымкент уезінің бастығына «Байтұрсынның бау-бақшасын жарлы-жақыбайлар тартып алды» деген сипатта арыз береді. Және Арапбай мен Отар болыс, билерге қарсы күш ұйымдастырушылар, ал Нұралы өлең, дастандары арқылы болыс, билерді, қожа-молдаларды, хандар мен патшаны масқаралап, мазақ өлеңдер жазады деген сипаттағы домалақ арыз жазып, егер олар арызданып келсе, абақтыға жауып қоюын сұранып, ояздың алдын алады. Мұндай бассыздыққа шыдай алмаған, әділдік іздеп, оязға келген Нұралы, Арапбай, Отар үшеуін ұстап, абақтыға жабады. Түрмеде жатып Нұралы:

Нәсілім – Дулат, Боралдай қазағымыз,

Бейкүнә, абақтыда жазалымыз.

Ойнаған тышқан менен мысық мысал,

Күні-түн Байтұрсынның қажауымыз, – деп басталатын ұзақтығы бірқауым өлеңін жазады[3].

Жазықсыз қамалған Нұралы да, оның кедей ағайындары да қатты ашынады, зығырдандары қайнап, кінәлі билік басындағы бисымақтар деген ойға орала береді.

Бұлардың арасындағы тартыс ұлғая береді. Нұралылар жетпіс үйлі кедей, қолдарындағы бар малдарын апарып беріп: он ат, тоқсан тана, қырық шақты қой сарп етіпті. Осы айтыс жөнінде 1910 жылы ояздың жіберген адамы Искендір деген татар келіп, Отардың бау-бақшасын тексеріп, Нұралы ауылындағы өңкей жалаңаш, қызылшақа кедейлерді көріп, шошып кеткен екен. Үш жылға созылған айтыс ақыры – бау-бақшаны кедейлердің өздеріне қалдырумен тынған.

Мұндай қуғын-сүргінде Нұралының әдеби қайраткерлігі жасымайды, керісінше дами түседі. Нұралы өміріндегі ауыр күндердің ең ауыры 1913 жыл болғанын байқаймыз.

Нұралының немере ағасы Арапбайдың Дәрікүл деген қызын, Құлбәйімбет (Дулат)

Жолдас деген би баласы Ердеске бесіккертпе құда болып, айттырып қойған екен. Жолдас Ақжолдың баласы, Ақжол Қапал датқаның баласы. Қызға қалыңмал төлеп қойған. Ердес ұрын келіп қалыңдық ойнап, ірге басып жүреді. Дәл осы жылы Дәркүлді Ердеске ұзататын той болады. Жолдас Арапбайға бір пұт шай, бес пұт қант, бес пұт қара мейіз, он пұт кәндек өрік, екі семіз ту сиыр, он төрт қой сойыс береді. Арапбай елу пұт күріш, жүз пұт ақ бидай шығарып, екі ту бие, он жеті қой сояды. Үш күндік үлкен той жасап өткізген соң, Арапбай: – Көрпе-төсектің кемшілігі бар, соны толықтырайық, – деп, Дәрікүлді ұзатуды бес-он күнге кейінге қалдырады. Дәл осы уақытты пайдаланып, Нұралы ақынның биі Қуатбай Арапбайға дұшпандық етіп, Жолдасты азғырады: – Өңкей жалаңаш кедейлерден қыз алу сенің тұқымына мінәсәр емес, бізде сұлу қыз бар, балаңа соны берем. Арапбайға берген қалыңмалың мен тойға жаратқан тоянанды суыңды сүт қып, сүтіңді май қып, жалқыңды егіс қып, егісіңді сегіз қып өндіріп әперем! – деп ажыратып қояды. Бұған келіскен Жолдас баласы Ердеске: – Сен келіншегіңді әкелеріңде, ол әкесің сары айғырын мініп шықсын, әкесі сары айғырын бермесе, қызын да алмай кел! – деп үйретеді. Ердес қызды әкетуге келгенде, қызға әлгідей шарт қояды. Қыз әкесінен сары айғырды сұратса, әкесі бермейді. Ердес: – Ендеше мен сені алмаймын, – деп кетіп қалады. Екі аптаға дейін құдалардан хабар болмаған соң, Арапбай: – Қызыма сары айғырды мінгіздім, келіп келінін әкетсін, – деп Нұралы мен Шопакты хабаршыға жібереді. Жолдас: – Балам өзі біледі, – дейді. Баласы: – Мен сары айғырды да, қызын да алмаймын, – деп, қайқайып шыға келеді. Бір жағы келінін алмай, екінші жағы қалыңға өткізген малдарды кері қайырмай, екі ел егер (ығыр) болған соң, Жолдас өз сөзін қуаттайтын Қуатбай, Ержан, Есқожа, Көлеген деген билерге арыз беріп, барлық өткен-кеткендерін өндіріп берулерін талап етеді.

Билер өкімді Жолдастың пайдасына шешетін болған соң, Арапбай арызды Шымкенттегі оязға береді. Ояз Арапбайдың арызын Шымкенттегі приставқа жібереді. Бұл пристав та арызды билерге табыстайды. Арапбай мұның бәріне ырза болмай: – Мені шарифат жолымен қазы алдында мүфтиге түсіртіп, екі жақты бірдей жүгіністірсеңіз екен – деп, ояздан сұранады. Ояз: – Бірің өліп бірің қал, қалай тыныссандар, олай тынысыңдар – деп рұқсат етеді. Бұл патшалы Ресейдің отарлау жүйесіндегі қолдан жасалған қитұрқы саясаттың бір көрінісі болатын. Өкініштісі, бұл жасырын саясатты билік басындағылар да ақын-жыршылар да дер кезінде түсіне алмады.

Шымкенттің базары күні бұлақ басындағы үлкен мешітке: Сайрамнан Сыдық ишан, Шаяннан Мәді ишан, Шымкенттегі Кенже қожа, Аққойлы (Дулат) Сәйді мағзұм, Ошақты Сейдәлі ғұлама, Байыс Жорабай молда бәрі бас қосып, Арапбай мен Жолдастың арасындағы тартысты талқыламақшы болады. Ол кездің заңы бойынша екі кісі жан беріп, куәлікке жүруі керек. Осыған Арапбайдың сөзін сөйлеген Нұралы мен Шопак Әли баласы куәлікке түспек болған. Сол кезде Сәйді мағзұм: – Нұралы куәлікке жарамайды, бұлар шайырлар ғой. Кітап сөзі бойынша шайырлардың тілін кессе болады – деген екен. Сейдәлі: шарифат кітаптары бойынша, Арапбай қалыңмал үшін алған малдарын, тойдың шығындарын қайыруға міндетті – деген. Бұл сөздерді есіткен Нұралы: – Һидиям шарифтің бетін ашып, оқып көр – депті де, мешіттен шығып кетіпті.

Сыдық ишан мен Кенже қожа Нұралы айтқан кітаптың бетін ашып оқып көрсе, Нұралының сөзі рас екен. Сонда Сыдық ишан: – Молда Нұралы ерегіскен адамның көзінен пақтасын шығарады – деп айтқан екен.

Шарифат заңдарымен білім таластырып айтысқанда жеңіп, дін иелерінің бәрін де бүк түсіріп кеткен Нұралы теңдігін алып, Арапбайдың есебінен Жолдасқа, ештеңе бергізбейтін болып шығады. Оңтүстіктегі Ислам дінінің негізгі тұтқалары болып отырған: ишан, мағзұм, қожа, ғұлама молдалардың өздері Нұралының араб, парсы, ескі түркі тілдеріне жүйріктігіне, мұсылманша шарифатқа жетіктігіне риза болып, тәнтілікке тән тұрады. Жолдасты Арапбайға жығып береді, еш нәрсе төлеткізбейді. Осыдан былай қарай дін иелері Нұралының соңына түсе алмайтын болады, бұрын сыртынан күндеп, балағаттап:

«Кітап сөзін, шариғат заңын бұрмалады, оны өлеңге айналдырып, надан халықты аяқасты шашты, ақындарға сөз беріп шайтан ғалаба жолға түсті» – деп, дүмбілез молдалар жер-жебіріне жететін.

Нұралының 1917 жылға дейінгі өмірін қысқаша шолғанымызда, ол рухани қысымшылықта болумен қатар ауылдағы болыстармен, билермен, байлармен ылғи айтысу-тартысумен, алысу-арпалысумен өткен. Ауыр тұрмыста, азапты, қараңғы күндерді басынан кешсе де, шығармаларында торығу, зарығу, сарыуайымға салыну жоқ.

Әлеуметтік теңсіздікті шешудің алуан әдіс-айлаларын жаны сүйген дастандарына арқау етіп, олардың шешілу жолдарын түрлі тәсілдермен безендіре түскен.

Нұралының күшті талантының қайнар көзін тұншықтыру мақсатымен 1916 жылы Шымкентте барлық болыстардың бас қосқан мәжілісінде: «Нұралы ақынның дастандарын, айтыс өлеңдерін ешкім жаттамайтын болсын, егер жаттап ел ішінде айтушылар болса, ондайларға аяусыз жаза қолданылсын» деген қаулы алынған екен. Мұның мәнісін Қ.Амантаев былай түсіндіреді.

«Нұралы 1905 жылы Найман елінің байы Аманбайдың Бөпежан деген қызымен айтысады. Осыдан он жыл кейін Найманнан шыққан ақын Мықан Бәлтекейұлы Асан (Дулат) елінің болысы Жабағы дегеннің үйінде өлең айтады. Жабағы «Нұралы мен Бөпежанның айтысын» Мықанның қолына ұстатады. Мұны оқып көрген соң Мықан Нұралыны «Ақын емес екен ғой. Екі елдегі әруақты ерлерді қатты жамандап жіберіпті», – деп сырттан ғайбаттайды. Бұл әңгімені Жабағы Нұралыға айтады. Соған ызаланып, намыстанған Нұралы Мықанға өкпелеп өлең жазады, Мықан да жауап қайырады. (2 дәптер, 2 бет) «Нұралы мен Бөпежанның айтысы» да, «Нұралы мен Мықанның айтысы» да әлеуметтік теңсіздікке қарсы, рулық танымнан туған дүниелер. Билер: Қуатбай, Ержан, Есқожа, Көлеген, Аманбай бай сияқтылардың аттарын атап-атап, жексұрын қылықтарын біртіндеп айтып, дәлелдеп суреттейді. Қазақ әдебиетіндегі ежелден қолданып келе жатқан кәдімгі айтыстардың салыстырып бұлжытпай ұстап, екі жақтың ақындары да қарсы жақтың елдеріндегі әдет-ғұрыптарды үстем тап өкілдерінің мінез-құлықтарды аяусыз сынайды. Бұл тәсіл Нұралының барлық айтыстарында сақталған»[3].

Дәл осы бағыттан айнамастан, Нұралы 1917 жылға да жетеді.

Нұралыға Ташкент, Қазан баспаханаларынан кітап бастырушы адамдар келіп, дастандарын кітап етіп шығару үшін сұраған екен. Оларға Нұралы: «Дастандарым кітап болып басылып шықса, сөздерімнің құны төмендейді, дастандарым аяқасты болып қалады» – деп ешбір дастан бермепті. Тек қайтыс боларының алдында жоғарыда айтылған Сейітжаппар деген кісі Нұралының барлық дастандарын, айтыс, насихат өлеңдерін өз қолынан жинастырып алып «баспаға берем, жарыққа шығарам» деп әкеткен екен. Өкініштісі, Сейітжаппар Нұралының ешбір шығармасын бастыра алмаған секілді. Ол алған қолжазбалардан да дерек жоқ.

Нұралының Әбітбек, Әбдіқайым деген екі баласы болған. Екеуі де 1933 жылы қайтыс болады. Әбітбек 1923 жылы Тұрдалы деген бидің Бибіхан деген қызын алып қашып келеді. Тұрдалы Бөгежілі (Дулат) еліне ата-бабаларынан бері қарай билік құрған тұқымнан екен. Өзі қап-қара кісі болған соң, қыздары да реңсіз, түсі келіспеген, кейіпсіз болыпты. Қыздары ешкім үйленбей отырыңқырап қалған соң өлең айтысып, танысып жүрген Әбітбекке кедей де болса амалсыз тиген. Бибіханның артынан: – Қызыңыз малы жоқ, тас маңдай, қу тақыр кедейге кетті, – деп ауылы бұлқан-талқан болып, қуғыншылар барған. Тұрдалының өзі бас болып, елін шауып алмақ болып, аттылы-жаяу, кәрі-жас демей, қатын-балаға дейін Нұралы ауылына барып, ұрыс-жанжал шығарады. Тұрдалы Арапбайдың сақалын жұлады. Бұл туралы Арапбай Шымкентке барып, Елемес Жәрменовке арыз берген. Елемес Кеншім деген адамды елге шығартып, екі жақты да қалыңмал бергізбей

татуластырған екен. Сонда Нұралы көңілденіп отырып:

Келіп ед Тұрдалының қызы қашып,
Артынан көп қуғыншы келді басып.
Қу тақыр, аш-жалаңаш кедейлер деп,
Бірқадар ұрыс салды жанжалдасып.
«Бет көрсе, жүз ұялар» деген сөз бар,
Білместен не дерімді қалдым сасып.

Байлықты кедеймін деп жоқтайын ба?
Тұрғанда атым озып тоқтайын ба?
Кәдесіз Тұрдалының қызы келді,

Тәртіптің тәнті болдым оқтайына, – деп, Кеңес өкіметінің заңына риза болады.

«Нұралы 1923 жылы «Дотан бала» деген ірі дастан мен «Қымың» деген атақты дастанын жазып шығарды. «Қымың» – ақынның ілгеріректе шығарған «Құбыл» дастанының басқа айла-тәсілдерімен, екінші жолмен баяндалатын мазмұндас, түстес келетін жаңа түрі, әуелгісі әлемдегі болып жатқан шындық күрес, тартыстарға айғақ анықтауыш, соңғысы соған толықтауыш. Ара тұра бұл екеуінің болар-болмас айырмасы да бар. «Құбылға» қарағанда «Қымың» көлемі жағынан ықшамдалған, идея жағынан өткір. Мұнда Нұралының ақындық қабілеті де әбден жоғары шыңына жеткендігін байқаймыз. «Қымыңда» Италмас ақынның «Заһит ұры» деген дастанына аздап еліктеушілік (гүл иіскетушілік) те бар.

Қ.Амантаев дерегінше «1924 жылы Нұралы «Молда Оспан» атты дастан жазды. Дәл осы жылы, жиырма жыл бұрын жазған атақты «Полат-Жанат» дастанын бастапқы нұсқасынан өңдеп, қайта шығарды. Бұлардың мазмұндарында, оқиға, суреттеу әдістерінде ешқандай айырмашылық жоқ. Сонда да ескі түрінен жаңа түрінің тіл көркемдігі де күшейтілген, идеясы да тереңделген. Ал, бұл дастанның қазіргі уақытта нұсқаларының өте көп кездесуі себебі – деп, еліктеушіліктен туған дүниелер дегенді айтады.

Нұралы өмірінің ұзын сорабына терең барлап қарасақ, оның өз өмірі ішінде, ең көп жазған жылы 1925 жыл екенін аңғарамыз. Ол дастандарын атағанымызда «Әмір Тағай», «Әзірет Әлінің халифа болғаны», «Қысса и Фридун», «Құл Құла» және басқалар.

Нұралының қаламынан ақтық рет жазылып шыққан дастан, талантты шәкірті, облыстық халық ақыны Көпбай Әлімбетовтің «Құл Құла» дастаны. Бұдан соң қалам ұстамай, 1928 жылы жетінші қаңтар күні дүниеден қайтты. Сүйегі өзі туып-өскен, өмір сүрген ауылында, Боралдай өзенінің жағасында, Қарабастау қасына, «Қыз ши» деген жерге көмілген.

Шопақтың айтуынша «Шора-и ислам» ұйымынан адамдар келіп, Нұралыға қисса жазуды тоқтатуға бұйырған, тыйым салған.

1927 жылы күздігүні, Нұралының қайтыс боларынан 2-3 ай бұрын, сүйек жекжаты Тұрдалы қыз ұзатып, той жасапты. Осыған Нұралы апаратын мал таппай, өзі шығарған сексеннен астам дастанын апарып, той көрімдігі деп қосады. Әр үйге біреуден таратып, ол тойда ешбір ақын өлең айтпай, тек Нұралының дастандарын оқумен ғана қанағаттанған. Тұрдалының көңілі толмай, Нұралының сәлемін әлік алмай да қойған екен. Айтушылар Нұралы қайтыс болған күні өлікті түнеткенде, жаназаға сойылатын мал да сойылмады деседі» – деген Қ.Амантаев дерегі келешек іргелі зерттеулерге бағыт берері сөзсіз.

Нұралының дастан жазу мәселесін зерттегенімізде, қазірше алпысқа жуық дастандарының, онға таяу айтыс өлеңдерінің номенклатуралық тізімін анықтап отырмыз; жазған термелері, толғаулары, қара өлеңдері онша көп анықталмай да, елден жиналмай да жүр. Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет институтының қорында Нұралы

дастандарының елуге жуығы ғана, айтыстарының 2-3 түрі ғана, термелерінің, қара өлеңдерінің аз бөлігі ғана, барлық көлемі 150 мың жол мөлшерінде жиналған. Сатушы Үлес дегенде де қиссалар бар. «Нұралы мен Бөкей айтысы» көлемді айтыс болған. Оны Сүгірбай Бекназар баласы жазып алып, оқып жүрген, өте күлкілі, әзіл-оспақ еді. Қоралас Бәйімбет деген байдың тоқалы Әлиманда да біраз дүниелер бар» – деген Қ.Амантаев дерегі келешек зерттеулерге бағыт берер деп ойлаймыз.

Оңтүстік өлкесінің атақты ақыны Нұралы Нысанбайұлының шығармашылық жолы туралы зерттеулер жүргізіліп, аздаған мұралары жарық көргенімен, әдеби мұрасы әлі толық жиналып, жарияланған емес. Біздің қолымыздағы кейінгі қолжазба – деректердегі «Сексен төрт дастаны бар» деген мәліметке сүйенсек, Нұралытанудағы зерттеу жұмыстарының әлі де қайта оралар тұстарының көптігі байқалады. Айтыстарын да әдебиет зерттеушілері болмаса, былайғы көпшілік біле бермейді. Нақыл, діни, тарихи тақырыпқа жазылған термелерінің өзі бірқанша дүние секілді. Оның отыз екі діни термесін «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының 19 томында жприяладық. Ақын мұрасын топтастырып, кешенді талдау арқылы тиісті бағасын беру жұмыстары басталды. Нұралының тәлім алған әдеби ортасы мен өзінің ақындық мектебі, ақындық кітапханасы да терең зерделенген емес. Осы айтылған мәселелердің өзі-ақ «Нұралытануды» зерттеуге жаңа бағыт бере алады. Ақын термелерінің көпшілігі дін, ахлақ тақырыбында болуы да заңдылық. Қазақ даласында өткен тарихи оқиғаларды шолу ретінде замана ағымымен байланыстыра сөз еткен. Нұралы термелерінің көпшілігі Жалайырдан шыққан шәкірті, 1895 жылы туылған Ысмайыл Әбдірайымұлы ақыннан алынған екен. Келешекте ақын мұраларын топтастыру, жариялау қажеттілігі анық байқалып отыр.

Жалайыр елінен шыққан Италмас ақынды Нұралы «Қыйма ақын» деп мойындап, «Әттең молдалығы жоқ, ауам адам ғой, әйтпесе Италмас бұл жүрген ақындардан күшті даңғайыр ақын. Оның жақсы қасиеті сол, қандай болыс, би, ояз, губернаторларыңның алдында да айтатын сөзін іркілмей айтады, жасқануды, риягерлікті, суырыпсалма өлеңге іркілуді білмейді, – деп, қатты құрметтеген екен», – деген дерек беріліпті.

XIX ғасырдың соңында сол Жалайыр Италмас ақын Нұралыға төмендегідей тұщымды баға берген екен.

Шоқайдан шықты Нұралы,

Шәкірттерге сөз беріп,
Ақынның болды ұраны.
Түпсіз терең көл болды,
Жайқалған жасыл құрағы.
Жүз шәкірті жұлдыздай,
Ұстазы – айдай шырағы.
Ікаят жазып әртүрлі,
Әсіл боп тұр мұрады.

Қазірге Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің ірі өкілі Нұралының 19 том мұралары «Қазыналы Оңтүстікте» жарияланды.

Ақынның «дастанмен даңқым жайдым әрбір жайға» деп өзі айтқандай, ең көп дастан жазып, халықты гуманистік бағытта тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан ақын мұралары ағартушы ретінде де келешек ұрпаққа қызмет етері анық.

1. Ақынның термелері мен айтыстарын жеткізушілер: Қыбырай (Жаныс) Қаңтарбаев Сүлеймен (1901-1938) ақын, мұны Қ.Амантаевқа жаздырған Сүлейменнің әйелі Тұрсынқұл. Ал қазақ даласында өткен тарихи оқиғаларды шолып өткен, замана ағымын сөз еткен термесін Нұралының шәкірті, 1895 жылы туылған Жалайыр ақыны Ысмайыл Әбдірайымұлынан жазылып алынған(Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры, 3 папка, 4 дәптер, 2б).

Жалпы Қоқан хандығы кезеңіндегі (алдыңғы және кейінгі) тарихи шындық

мәліметтерін зерттеу үшін сол кезең шындығын зерделек алғашқы шарт.

Абзалы бәрінен де иман, байлық,
Дәулетке сұрауы бар болмағын мас.
Құбылған өзге дәулет айнымалы,
Өмірде дүние қас, иман жолдас, – деген ақын мұраты ұрпаққа сабақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры, 3 папка, 4 дәптер, 2б;
2. Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры, папка, 8 дәптер, 4 б;
3. Өмірзақов С.Д. Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Монография. – Шымкент: «Алтын шаңырақ», 2018;

Аннотация: Мақалада Қазығұрт, Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің өкілі Нұралы Нысанбайұлы деректер қаралды. Осы мақсатты әріден ойлап, ұсынған жобамызды бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысы басшылары «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жоба бекітілген.

Нұралының 1917 жылға дейінгі өмірін қысқаша шолғанымызда, ол рухани қысымшылықта болумен қатар ауылдағы болыстармен, билермен, байлармен ылғи айтысу-тартысумен, алысу-арпалысумен өткен. Ауыр тұрмыста, азапты, қараңғы күндерді басынан кешсе де, шығармаларында торығу, зарығу, сарыуайымға салыну жоқ.

Әлеуметтік теңсіздікті шешудің алуан әдіс-айлаларын жаны сүйген дастандарына арқау етіп, олардың шешілу жолдарын түрлі тәсілдермен безендіре түскен. Нұралының күшті талантының қайнар көзін тұншықтыру мақсатымен 1916 жылы Шымкентте барлық болыстардың бас қосқан мәжілісінде: «Нұралы ақынның дастандарын, айтыс өлеңдерін ешкім жаттамайтын болсын, егер жаттап ел ішінде айтушылар болса, ондайларға аяусыз жаза қолданылсын» деген қаулы алынған екен.

Astract: The article discusses Kazygurt-Karatau literary school - representative Nuruly Nysanbayuly. For this purpose, a project was created that was approved by the leaders of the South Kazakhstan and Turkestan regions "Historical, spiritual heritage of the South Kazakhstan region". We briefly consider the life of Nuruly until 1917, he He was only under spiritual constraint, but he always had relationships with villagers, biys, wealthy people, even in difficult times, in dark, dark days, there was not a trace of sadness, grief or suffering. Toda solutions to social inequalities based on their favorite stories and ways to solve them in different ways. In 1916 in Shymkent held a meeting to raise the talent Nuruly. Poems Nuruly akin teach independence uu honesty. For many years was taboo.

3 СЕКЦИЯ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: «ТУҒАН ЖЕР», «ҚАЗАҚСТАНҒЫ ҚАСИЕТТІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ», «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ІСКЕ АСУЫ. НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ: «ТУҒАН ЖЕР», «ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСТАНА», «САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА».

ӘОЖ.221 «19»

Байназарова Б.Ә.

т.ғ.к. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Ф Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

АТТЫ ТІЗГІНДЕГЕН ҰЛЫ КӨШ ТАРИХЫ

Түйін: Ұлы Дала жерін мекен еткен ата бабаларымыздың табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы мен тактикасы, көшіп-қону әдістері, қоғамдық қатынастар жүйесі, шаруашылықты ұйымдастыру түрлері, мәдени сұраныстарының өтелуі - міне, осының барлығы көшпелілер өркениетін қалыптастыруға негіз болғанын білеміз.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, біздің жыл санауымыздың IV мыңыншы жылының соңында Еуразия сахарасының адамдары даланың ең жүйрік аңы - жылқыны қолға үйреткен. Бұл жөнінде Елбасы: «Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған» - деп атап көрсетеді.

Қазақ халқының дүниетанымында жылқының алатын орны ерекше. Айталық, жас баланың алғаш атқа отырғанын атап өту рәсімі - «тоқым қағар» тойынан бастап, адамның бұл өмірден өткенінің белгісі «ат тұлдауға» дейінгі бүкіл пәнилік тіршілікті жылқымен байланыстырған.

Кілттік сөздер: Ұлы Дала, қазақ халқы, өркениет, жылқы, туған жер, ел қорғау, атты әскер.

Әр ұлттың ғасырлар бойы жинап, тарих сындарынан өткізген және өзгеден ерекше етіп көрсететін бай асыл мұрасы-заттай және рухани мәдениеті. Бірнеше ұрпақтан қалған асыл мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеп адамзат үшін құндылығын дәлелдеген отандық ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Ақышев, К.Байпақов, Р.Бердібаев, А. Сейдімбеков және т.б. болды. Олар өздерінің еңбектерінде халқымыздың бай мұрасын көшпелілер өркениетімен тығыз байланыста қарастырып, бүгінгі әлеуметтің сол мұраны азық ретінде қолдана білуі және жүзеге асыру деңгейіне де баға берді. Ұлы Дала жерін мекен еткен ата бабаларымыздың табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы мен тактикасы, көшіп-қону әдістері, қоғамдық қатынастар жүйесі, шаруашылықты ұйымдастыру түрлері, мәдени сұраныстарының өтелуі - міне, осының барлығы көшпелілер өркениетін қалыптастыруға негіз болғанын білеміз.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, біздің жыл санауымыздың IV мыңыншы жылының соңында Еуразия сахарасының адамдары даланың ең жүйрік аңы - жылқыны қолға үйреткен. Осы кезеңнен бастап салт атты көшпелілер пайда болған. Белгілі зерттеуші археолог К.Ақышев тағы жылқыны қолға үйретуді: «Верховой конь в истории развития человеческой цивилизации сыграл такую же роль, как паровая турбина для прогресса в индустриальную эпоху. Использование верховного коня, а затем коня как упряжное животное, ознаменовало начало покорения человеком времени и пространства», - деп

жоғары бағалайды [1, 107 б.]. Шығыс жә

не Батыс деректеріне қарағанда, жылқы малы алғаш рет Орта Азияда Түркістанның Иранға жақын өлкелерінде қолға үйретілген. Негізінде бұның б.з.б. 8000-4000 жылдар арасында болғандығы айтылған. Өйткені Орта Азияда, түркілердікі деп анықталған қорғандарда жасалған археологиялық қазбалардан шыққан нәтижелер бұл теорияны дәлелдейді.

Адамзат баласының өмірінде алғаш рет қолданысқа енген дүниелерінің отаны осы мекен екені даусыз. Бұл жөнінде Елбасы: «Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған» - деп атап көрсетті[2]. Осындай сайын даланы мекендеп, тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгертіп қана қоймай уақыт пен кеңістікті табиғатпен тілдесе отырып игерген көшпелілер «Ұлы дала кітабын ішкі түйсігімен қабылдап, меңгеріп, жоғары күштің берген сыйы, рақымы деп басын иді». Олардың мақсаты қуаң даланы игеріп, табиғатты өзгерту емес, қайта оның ажырамас бір бөлігіне айналуға бағытталған болатын. Бұдан біз көшпелілердің, жалпы адамзаттың табиғат құбылыстарына тәуелді болғанын аңғарамыз.

Моңғолтанушы ғалым Эренжен Хара Даван: «Кочевники-скотоводы отличаются вообще глубоким знанием природы, где и в какое время травы достигают большого богатства и большой питательности, где лучше водные бассейны, на каких перегонах необходимо запастись провиантом и на сколько времени и т.д.» - деп, көшпелілердің тұрмысын суреттейді[3]. Сондықтан олардың қабілеті мен қарымының ақыл-парасатымен өзара үндесуі - жоғары ұйымдастырылған өмір салтының нәтижесі деп білуге болады. Дүние танымдық көзарасында өзін табиғаттың бөлінбес бөлшегі ретінде түсінгі болғанын білеміз. Мысалы, арғы ата-бабаларымыздың тұрмыс тіршілігін бейнелейтін биік жартастарға, үнгір ішіндегі қабырғаларға, жеке құлпытастарға салынған таңбалы суреттер бізге жеткен мәдени жәдігерлер болып табылады. Мысалы, Алматы қаласынан 160 шақырымдай жерде, солтүстік-батыс бағытында орналасқан Таңбалы тастардағы таңбаларды - петроглифтерді зерттеген А.Г. Максимова бұл суреттердің жалпы саны бір мыңан асатынын анықтаған. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстанда Қаратау жотасынан табылған суреттер біздің арғы бабаларымыздың жауынгерлік рухының жоғары болғанын аңғартады. Жаугершілік пен аңшылыққа байланысты орындалатын әдет-ғұрыптар мен ойын-сауық көріністері осыған дәлел. Сол жартастар мен мазарларға салынған суреттер, түрлі ою-өрнектер мен символдық белгілер ұлтымыздың ұмытыла бастаған рухани дүниетанымынан мәлімет беретінін аңғарамыз.

«Орхон ескерткіштері» оның ішінде Білге қаған, Күлтегін, Тонықұқ, Ел етміш қаған (Мойынчұр, Тариат ескерткіші), Тэс, Сужи және т.б. бітіктастары мен ескерткіштерінде Орталық Азия тарихына байланысты, оның ішінде қазақ жылқылары туралы мол деректер бар. «Сужи құлпытасының» бетінде «Қырғыз ұлымын, бойла құтлық ярғанмын. Құтлық баға тарқанның оға бұйрығымын. Менің атағым күншығысқа, күнбатысқа таралды. Бай едім, он мың қара малым бар еді, жылқы сансыз еді» - дейді.

Орхон бітіктастары мен ескерткіштері тарихи мазмұны мен деректанулық тұрғыдан аса құнды. Онда Түрік Елінің саяси тарихы толықтай қамтылмаса да, едәуір дәрежеде хатталынып қашалған. Сондықтан орхон бітіктастары мен ескерткіштері ішінде ең ірісі Білге қаған бітіктасы мен Күлтегін бітіктасында көне түріктердің этносаяси тарихы, этномәдениеті және және т.б. жақтарына қатысты мол деректер бар.

12 жылдық мүшелді көшпенділер ойлап тапқанын француз ғалымы Эдуард Шаванн «Le Cycle turc des Douze Animaux» атты еңбегінде баса айтып өтеді. Ол 12 хайуанның аты берілген күнтізбені түркілерден қытайлар алғанынына бірнеше дәлел де келтіреді. Көшпелілердің жылқыны қолға үйретуі нәтижесінде дала тағысы үй жануарына, ал бір

жерді тұрақты мекен еткен адам далалыққа айналды. Тұлпар адамды жертөле, кепе үйлерден жазыққа, Ұлы Далаға алып шықты. Осылайша, әлемде өмірдің жаңа түрі – көшпелі өмір салты пайда болды. Көшпеліліктің пайда болуынан жаңа кеңістікті игеру мүмкіндігі жүзеге асып, «бұл жаңалық тұрғысынан алғанда, адамның ғарышқа ұшуымен пара-пар жаңалық» болды[4].

Қазақ халқының дүниетанымында жылқының алатын орны ерекше. Қазақтар адам мен оның жан серігі атына біртұтас әлем ретінде қарағанын. Айталық, жас баланың алғаш атқа отырғанын атап өту рәсімі - «тоқым қағар» тойынан бастап, адамның бұл өмірден өткенінің белгісі «ат тұлдауға» дейінгі бүкіл пәнилік тіршілікті жылқымен байланыстырған. Сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуына алғаш барғанда ат байлауы, ұрыс кезінде жау қоршауында қалған қолбасшыға ат сүйек беріп құтқару, т.б. дәстүрлер жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғанын білдіреді.

Қазақ халқы жылқыны, ең алдымен, ел қорғаны ердің жан серігі деп дәріптеген. Мысалы, Абылайдың «Нарқызылы», «Алшаңбоз» бен «Құлашасы», Қабанбайдың «Қубасы», Әбілхайырдың «Ақбозы», Райымбектің әйгілі «Көкойнағы», Исатайдың «Ақтабанын», «Кесікқұлағын», Ағыбайдың «Ақтанкерін», «Көкбестісін», Нурызбайдың «Ақауызын», «Қызылауызын», Баязақ батырдың «Кертайлағын», Жанқожаның «Құдайберген торы», «Ақмоншақ», «Мәстекқара», «Көкешкі», «Ешкібасын» атап кетуге болады.

Екіншіден, қазақ халқы жылқыны спорттық ойын-сауықтарда азаматтың мерейін асыратын, сал-серілік пен сәнділіктің шырайын келтіретін текті жануар деп есептеген. Үшіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамында байлық мөлшері тек жылқымен ғана өлшенген. Жылқысының саны 5000-нан асатындар ғана бай санатына жатқызылған.

Белгілі түркітанушы ғалым В.В.Радлов: «Қазақтар үшін ол малдың (жылқының) асыл тастай көркі - барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Қазақ атты сүйікті әйелінен де артық көреді. Өте әдемі, текті ат үшін жұрт сыйлайтын өте әділ де адал адамдардың өздері ұрыға айналады», - деп жазады [4, 1 б.].

Қазақ халқы жылқы малын пайдалануына қарай 3 топқа бөлген. Бәйгеге қосатын жүйрік жылқыларды *тұлпар*, *арғымақ*, *сәйгүлік*, ауыр жүк артуға, алыс жолға төзімді жылқыны *қазанат*, еті мен сүті үшін өсіретін қалған жылқылар *жабы* деп атап, әлпештеп, ерекше күтімге алған. Жылқыны жеті қазынаның бірі деп қарауы да тегіннен тегін емес. Қазақтың сөз тіркесі, мәтелінің 30 пайызы атқа қатысты айтылады.

Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан: «Қоғамнан орын таппаққа бет алған жанды қазекең «ат жалын тартып мінді» десе, мансапқа қолы жеткенді «атқамінер» дейді. Ұшқыр (бұл да атқа қатысты сөз) ойлы жанды «ат сүрінгенше ақыл тапқан» деп, баршаның көңілінен шыққан кісіні «су төгілмес жорға» дейді. Билік алғанды «екі тізгін, бір шылбырды қолына алған» десе, әріптесіне «үзеңгі жолдас» деп ат қойған. Сыйы асып, елге еңбегі өткен егде кісінің қадіріне байланысты «жақсы аттың жағын ашпайды» дейді. Ақылы асқан жасты «тайында тұлпардан озған» деп бейнелейді. Өзі біліп, іс қылғанды «қамшы салдырмас» десе, ісі баяу жайбасарды «шабан» деген. Істің байыбына бойламайтын, шала шешімді «ат үсті» деп атап, аңқауды «астындағы атын алты ай іздеген» деп қағытады. Ала қотырын үйірге жұқтырған кеселді малдай бүлікшілді «ел ішін алатайдай бүлдірген» деп сипаттаса, кетіскен жанды «ат құйрығын кесісті», табысқан жанды «ат айналып, қазығын тапты» деп, атап көрсетіп, жылқының қазақ қоғамының барлық сласына, дүниетанымына етене сіңгендігіне тоқаталады.

Жылқы малының қыр-сырын, түрлері мен түстерін, аурулары мен емін білген және еті мен сүт өнімдерінің құнарлығын дәлелдеген Ж.Бабалықұлының мәліметі бойынша, Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиялы облысы корпоративке: «Шынын айтқанда XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы иісі қазақ қолындағы жүз жиырма

миллион қойдың ең соңғы отарын, жиырма миллион жылқының ең соңғы үйірін өткізгені» баяндалады[6, 169 б.].

Десек те, ғалымның мына пікірімен келіспеуге негіз жоқ сияқты: «Кочевые народы были религиознее оседлых; в силу кочевого быта они не накапливали недвижимые имущества, а потому и не впадали в соблазн, из за страха потери их, кривить совестью, изменять. Кочевник всё что ему было дорого, носил в душе, а горожанин всё ему дорогое видел в материальном достатке»[1, 54].

Көшпелі өмір салты бабаларымыздың зеректігі мен байқампаздығы мен есте сақтау қабілетін дамытты. Ол жөнінде:«Кочевник за 5-6 вёрст (шамамен 6,042 шақырым – Б.Б.) замечает человека, спрятавшегося за куст или камень и высматривающего из-за них. Он на дальних расстояниях распознает дым от разложенного костра, пар кипящей воды и.т.п. Различает животных, людей за 25 верстна равнине, зарей (таң атысында – Б.Б), когда воздух прозрачен» - деп бейнелейді[1, 196].

Еуразиялық кеңістіктің бір бөлігінде орналасқан Ұлы Даланың мәдени ошақтарының бірі - Ботай мәдениеті адамзаттың осыдан 6 мың жыл бұрын алғаш рет атқа мініп, көшпелі тұрмыс салтын өткергенін дәлелдеп берді. К.Ясперстің пікірі бойынша, «Использование лошади ...привело к тому, что человек оторвался от привычной почвы, ему открылись дали и свобода передвижения, возможность создания новой, превосходящей прежнюю боевой техники, появлению господствующего слоя, способного приручить лошадь, и подчинить ее своей воле, проявить личное мужество наездника и воина, оценить красоту животного»[7]. Демек, көшпелілердің атының тұяғы Қытай қорғанынан Шығыс Еуропаға дейін және Орал тауларынан Үндістан мен Мысыр жеріне дейін жетуі жылқы малының арқасында жүзеге асқан. Көшпелілер өркениетінің кеңістікті игеруінің құралы ретінде жылқының ерекше рөлі бар. Жылқыны адам еркіне көндіру арқылы адамзат кеңістікті меңгеру ісінде үлкен кадам жасағыны белгілі. Көшпелілердің жойқын шабуылдары мен шапшаң қозғалысы әр түрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Қазақ жерінде алғаш рет жылқының қолға үйретілгені туралы қазба жұмыстары дәлел болады. «Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі - батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі».

Адамзат үшін көп жағдайда пайдалы тұстарымен бірге адам шығынына, апатқа әкелген тұстары да болды.«XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы және басқа елдегі қазақтардың қолында «жиырма миллионға жуық жылқы болған» деген болжам бар» деп көрсетеді Ж.Бабалықұлы.

Теңдессіз революция шаруашылық пен әскери салалардың дамуына жол ашты. Жаугершілік заманда бабаларымыз өздерімен бірге үйір-үйір жылқы айдап жүретін болған. «1920 жылдары қазақтың кейбір шаңырағында 30-40 мыңға жуық жылғы малы болыпты. Ал бүкіл қазақ даласында жиырма миллионға тарта жылқы басы бар еді» деген мәлімет келтіреді белгілі этнограф, ғалым Жағда Бабалықұлы. Кеңес өкіметінің әскери-әміршіл жүйесінің орнатқан солақай саясатының кесірінен бұл көрсеткіш күрт кеміді.

Ә.Бөкейханың осы бір қасиетті жануардың қадірін біле бермеген кейбір халықтар туралы айтқан мына сөзінен байқауға болады: «Орыста бұрын атқа міну әдеті болмаған. Осы күнгі хохолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрген» - дейді[8]. Олар өзінің қол астына күштеп енгізіп алған түріктерден көріп, салт-дәстүрін байқап, біздің қазаққа ұқсағаннан соң, «Казаший» («Казачье войско») атанып кеткенін айтады.

Тарихта көшпелілердің көрші елдерге жылқыларын сату арқылы пайда таппақ әрекетінің өздеріне «тоқпақ» болып тигендері белгілі. Соның бірі- ноғайлардың орыстарға

жылқы сатуынан орыс атты әскері қалыптасып, алдымен олардың өздерін, содан кейін Орта Азия, Сібірді басып алуына негіз қаланды.

В.Д.Назаровтың бақылауына сүйенсек, далалық жылқының құны ХҮІ ғ. алғашқы жартысында орыс базарларында 1,5-2 рубль болған [9, 61].

ХҮІІ ғ. екінші жартысында ноғайлар үшін жылқыны Қырым мен Азовқа айдау тиімді болды. Өйткені бұл кезде ақшасы мол дворяндар молдаваның, түріктің және немістің жылқыларын қымбат болса да сатып алуға ұмтылды.

Далалық жылқыларды орыстар арғымақ, жорға, мініс және шаруа жылқылар деп бөлді. Сауда барысында олардың арық, семіздігі мен жасы да қатаң есепке алынды.

Бір сөзбен айтқанда, Ресейге екі ғасыр бойы жылқы айдаған ноғайлар сол арқылы орыс атты әскерінің қалыптасуына орасан зор қызмет етті. Бұл қызметі арқылы олар өздерінің әскери қуатын нығайта берді.

Қытай тарихшыларының айтуына қарағанда, Өзбекстанның Ферғана өлкесінде өсірілген асыл тұқымды жылқыларды алу үшін Қытай соғыс жариялаған. Ферғана өлкесі соғыста жеңілгені үшін келісімшарт бойынша Қытайға жыл сайын бұл өлкеде өсірілген айғырлардан жіберіп тұрған, сөйтіп жергілікті Қытай жылқыларының тұқымын жақсартып отырған. Қытайлар атты әскери бірліктерін түркілердің жылқыларын пайдалана отырып құрған. Жоңышқа егуді, жылқыларының күтілуі мен бапталу техникаларын түркілерден үйренген. Сондай-ақ, Қытай тарихшыларының мәлімдеуінше, ғұндардың ерекше сүйгені - бәйге бермес жүйрік тұлпарлар болған. Қытай әскербасылары ғұн жылқысын ерекше бағалаған. Күніне мың ли (500 км) жүгіретін олардың тұлпарларын «айтылмайтын ұлы қазына» - деп, оларды «тәңірлік», «мың лилік», «хан терілік» деп атаған [10, 156 б.].

2018 жылы 7 желтоқсанда Африка құрылығында орналасқан Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луи қаласында өткен ЮНЕСКОның Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі Үкіметаралық Комитетінің XIII сессиясында Қазақ ұлтының жылқы бағушыларының көктемгі дәстүрлі әдет-ғұрыптары бүкіл адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде мойындалып, тиісті тұжырым жасалынған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылдың 21 қарашасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде «Ұла Даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялап, Ұлы даламыздан бастау алған: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі - тұрмысымыздың сапалы да ауқатты болғаны; алтын адамның табылуы, түркі әлемінің бесігі саналуы, Ұлы Жібек жолының кесіп өтуі - мәдениетке бай болғандығы; алма мен қызғалдақтың Отаны болып есептелуі - жеріміздің киелілігінің белгісі екендігіне назара аударады.

Елбасы ұлттық тарихымызды жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеу үшін тарихи сананы жаңғырту қажеттігін басты мақсат-мұрат етіп қойды. Оны бастау үшін «Архив-2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» сияқты іргелі алты жобаны ойлы негіздермен жүзеге асыру міндетін күн тәртібіне қойып отыр. Бұл жобалардың әрқайсысы ұлттық тарихымызды түгендеп, тарихи сананы жаңғырту ісіне елеулі үлес қосары анық.

Оларды іске асыруда еліміздің тарихшы, әдебиеттанушы, мәдениеттанушылары үшін ауқымды да, жауапты жұмыстар басталып отыр. Мұндағы мақсат айқын, ол - еліміздің төл тарихын білу арқылы тарихи сананы қалыптастыру. Ал тарихи сана арқылы ұлттық сана өсіп жетіледі, ұлттық санамыз биік деңгейге көтерілсе, егемендігіміз тұғырлы болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. К.Ақышев. Древняя культура саков и усуней долины реки Или, Алматы, 1963

2. Назарбаев Н. «Ұлы Даланың жеті қыры»
3. Эренжен Хара-Даван. Чингисхан, как полковдец и его наследие. Алма-Ата, 1992 .
4. Байтелиева Ж.Д. Жылқы ұғымы туралы. <http://www.iref.kz/zhyil-yi-yimyi-turalyi/>
5. https://e-history.kz/kz/publications/view/4884?utm_referrer=https%3A%2F%2Fzen.yandex.com
6. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. Алматы, - Дәстүр, 2010ж.
7. Ясперс К. Смысл и назначение истории. Москва, 1991. С.71.
8. Бөкейхан Ә. Қазақтың тарихы. II - бөлім. - ШТЖ, III Т.,382 б. Астана-«Сарыарқа» Баспа үйі, 2009ж.
9. Назаров В.Д. Российско-ногайская торговля (первая половина XVI в.) //Восток. М., 1998. № 1. С. 48–64

Аннотация: Мы знаем, что стратегии и тактика использования природных ресурсов Великой степи, иммиграционные методы, система общественных отношений, организация хозяйства, компенсация культурных потребностей - все это породило формирование кочевой цивилизации.

В конце IV тысячелетия до нашей эры, согласно историческим данным, одомашнивание лошади впервые было произведено жителями евразийского континента. Учитывая этот факт, Глава государства сказал: «Наша земля, без преувеличения, стала местом, откуда происходят многие предметы материальной культуры. Многие из того, без чего просто немыслима жизнь современного общества – было в свое время изобретено в наших краях. В своем развитии насельники степей открыли миру множество технических новшеств, стали родоначальниками изобретений, которые до сих пор используются во всех частях света»

В пониманий казахов лошадь воспринималась как духовный спутник всей жизни и составляло единое целое, единый мир. Известно, что имеются обряды посвященные начальному этапу жизни ребёнка («тоқым қағар»), а так же связанные с последним проводом человека в иной мир («ат тұлдау»). Конечно, в первую очередь, образ героя-батыра верхом на коне, в понимании народа, воплощался с настоящим защитником родной земли. Во-вторых, спортивные состязания верхом на лошади подчеркивало достоинство всадника и придавало ощущение красоты и элегантности.

Abstract: We know that the strategies and tactics of using the natural resources of the Great Steppe, immigration methods, the system of social relations, the organization of the economy, the compensation of cultural needs - all this gave rise to the formation of a nomadic civilization.

At the end of 4 millennia BC, according to historical data, the domestication of the horse was first produced by the inhabitants of the Eurasian continent. Given this fact, the Head of State said: “Our land, without exaggeration, has become a place where many items of material culture come from. Much of that, without which the life of modern society is simply unthinkable, was invented in our time. In their development, the inhabitants of the steppes discovered a lot of technical innovations to the world, became the founders of inventions, which are still used in all parts of the world”.

In the understanding of the Kazakhs, the horse was perceived as a spiritual companion of all life and constituted a single whole, a single world. It is known that there are ceremonies dedicated to the initial stage of the child’s life (“toqim qağar”), as well as those associated with the last person’s lead to another world (“at tul dau”). Of course, in the first place, the image of the hero-batyr, on horseback, in the understanding of the people, was enamored with a real defender of his native land. Secondly, sports on horseback emphasized the dignity of the rider and gave a sense of beauty and elegance.

ӘОЖ 81(091):81(092)

Назаров Н.А.

саяси ғ.д., профессор,

Камалиддин Бехзад атындағы суретшілік және дизайн институты.

Ташкент, Өзбекстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ҰЛТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕТИКАЛЫҚ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Түйін: Бұл мақалада қазақ ұлты мен өзбек ұлтындағы этникалық компоненттердің ұқсасты тараптары талданған. Әсіресе, Дешті Қыпшақ өзбектері этногенетикалық тұрғыдан, сондай-ақ әдеп-ғұрыптарының ұқсастығы болғандықтан қазақ ұлтына жақын тұратыны анық мәліметтер негізінде жарытылған. Сонымен қатар өзбек ұлты құрамындағы лақай ұлысына назар аударылып, қазақ халық ауызекі шығармашылығында «Алақай батыр» дастанындағы сюжеттер лақай ұлысы қалыптасып, дамуындағы үдерістерді ләлдейтін мәлімет ретінде талдайды. Лақай ұлысы құрамындағы кейбір қауымдар 17—18 ғасырларда Патшалық ресей және жоңғарлардың құрамын Шығыс Бұхараға барып қоныстанып, лақай ұлысы құрамына сіңіп кеткенін дәлелдейтін материалдарға қойылады. Лақайлардың кейбір рулары қазақ қоғамында әйгілі тарихи тұлға Қараменді бидің ұрпақтары екені, бүгінде Тәжікстанда үлкен ауылдың аты Қараменді екені, кеңес дәуірінде Алматы атты ауылдың да болғаны айтылады. Сонымен қатар кеңес үкіметінің орнатылуы жылдарында ұлыс өкілдері Ибрагимбек басшылығында он жылдар барысында большевиктерге қарсы күрескені туралы мәліметтер алға тартылып, лақайлар мен қазақтар арасында этнонимдер мен этнопонимдердің ұқсастығы туралы мысаллар келтіріледі.

Кілттік сөздер: қазақ, өзбек, лақай, алақай батыр, қыпшақ, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, Қараменде, Көктас.

Түркі халықтары әлем өркениетінің дамуына үлкен үлес қосып, жалпы адамилық даму, мәдени және рухани факторлардың дамуын да қамтамасыз етіп келгені тарихтан жақсы белгілі. Түркі суперэтнос құрамында болған ұлттар арасында мәдени ұқсастықтар көп, бұл сипат тарихымыздың бірлігіне дәлел болмақ. Әсіресе қазақ ұлты өкілдерімен өзбек ұлты өкілдері осындай жағдайды байқауға болады. Этногенезі Дешті Қыпшақпен байланысты болған өзбектердегі қыпшақ диалектінде сөйлейтін буынында осындай параллеліктер айқын көзге түседі Дешті Қыпшақпен байланысты лақайлардың тарихи-мәдени өмірі осы пікірлердің айғағы.

Лақайлар өзбек ұлты құрамындағы түркі ұлыс. Олар негізінен қазіргі Тәжікстан Республикасының орталығы мен оңтүстік бөлігінде, яғни Саманиян (бұрынғы Ленин), Кофарнихон (бұрынғы Орджоникидзебад), Хиссар аудандарында, Хатлон облысындағы Қорғантөбе және Колап аймақтарында тұрақты қоныстанады. Бұл ұлысқа жататын адамдардың саны Тәжікстанда 500 мыңнан астам, ал шетелдерде 500 мыңға жуық, яғни жалпылай саны бір миллионға таяды.

XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басында Дешті Қыпшақ ели, ал жаңа тарихтың соңғы кезеңдерінде басқа түркі халықтарының кейбір топтары бүгінгі Тәжікстан жеріне ауып келіп, ежелден жасап келіп, Лақай этникалық бірлігін құраған топ құрамына сіңісіп кеткен. Бұл процесс XVII- XVIII ғасырларда да давам еткенниги бугунги тарихий факттар исбаттап тур.

Бүгінгі күнге дейін лақай этнонимінің шығу тегі мен оның мағынасы туралы анық пікірлер жоқ еді. Қазақ халқында «Алақай батыр» дастаны бар. Эпос былай басталады:

Қыпшақ елінен Алақай батыр шыққан еді, бірақ ол ерте өмірден озады. Алақай батырдан Алақай батыр деген ұл туылады. Бұл кезеңде, яғни XIV-XVI - ғасырларда қыпшақтарға қызылбастардың шабуылы мен басқыншылығы күшейген уақытта

қызылбастардың бастығы Пазылшахтың адамдары Алақай батырдың әкесінен мирас боп қалған жылқыларды айдап әкетеді. Бұны естіген он екі жасар Алақай батыр жалғыз өзі жылқыларды қайтарып алу үшін жолға шығады. Қызылбастар Алақай батырды да ұстап алып, байлап Пазылшахтың алдына апарады. Пазылшахтың жарлығы бойынша Алақай батырдың аяқтарына кісендеп, қызылбастардың малдарын суғару үшін су тартып алуға құдықтың басына байлап қояды. Алақай батыр күндіз түні су тартып, әбден сілесі құриды. Әр күні қызылбастардың балалары келіп, оны тамашалап, тас лақтырып, үстінен күліп кетеді.

Пазылшах 12-13 жыл бұрын қыпшақтардан Қырмызы деген қызды ұрлап әкеліп, оны әйел етіп алып, одан 11-12 жасар Шәмсінұр деген қызы болатын. Ол да бір күні қызылбас балалармен келіп, тұтқынды, яғни Алақай батырды тамашалап, барып болған оқиғаны анасына айтады. Ал тұтқынның реңі де анасына ұқсайтынын айтады. Анасы бұл қыпшақ, менің әулетімнен болар-ау деп ойлап, жасырынша құдықтың басына келеді де, Алақай батырмен сөйлесіп, тек тамақ қана жіберіп тұра аламын, басқа көмек қолымнан келмейді, өзім де қызылбастардың бақылауындамын дейді. Сөйтіп қызы Шәмсінұрдан лажы барынша тамақ жөнетіп отырады. Кісенделген болса да Алақай батыр да бойдақ, Шәмсінұр да бойжеткен қыз бір-біріне ғашық боп қалады. Бұл кезде Пазылшахтың Гузал деген кенже жас әйелі өз күйеуінен қанағаттанбай жүретін еді. Ол Алақай батырды көріп, ол да сымбатты Алақай батырды жақшы көріп қалады. Пазылшах Қырымға соғысқа кеткен соң Гузал сәтті пайдаланып, патшаның қорасындағы аттарға қарайды сылтау ғып Алақай батырды өз ауласына өткізіп, ниетін айтады. Алақай батыр да тұтқындықтан құтылуды ойлап, оның шарттарына разы екенін, тек бірнеше күн өзіне келу үшін мүмкіндік беруді сұрайды. Патшаның аттарына қарап, бір ұшқыр атты көз астына алып қояды. Патшаның қыпшақ тоқал әйелі Қырмызының отауы да жақын маңда болғандықтан, Алақай батыр олармен жиі-жиі кездесіп, сөйлесіп отырады, Шәмсінұрды алып қашу үшін оның анасынан ақ бата алады.

Бір күні Гузал оған қосылудың кезі келгенін айтады. Ал Алақай батыр ол үшін аяғындағы кісенді шешуді және айналадағы барлық сақшыларды алысырақ жөнелту керек екенін, егер олар көріп қалса екеуінің де басы кететінін айтады. Сонда таң аздаң Гузалдың төсегіне кіретінін айтады. Кісен шешіліп, қарауылдар айдалған соң, Алақай батыр қараңғы түскенін күтеді де патшаның қос қаруымен құралданып, Шәмсінұрды патшаның жүйрік атына мінгізіп алып қашады. Гузал таң атқанша Алақай батырды күтіп, шыдамы таусылған соң оның жататын жеріне келіп, Алақай батырды таба алмайды. Жүгіріп атханаға барса жүйрік аты да, арнайы бөлмедегі қарулар да жоқ. Сонда ғана өзінің алданғанына, батырдың қашып кеткеніне көз жеткізеді де шаштарын жұлып шыңғырады. Қарауылдар жүгіріп келгенде түнде қыпшақтар шабуыл жасап, Алақай батырды да, қару-жарақты да, жүйрік атты да алып кетті, деп ақтала бастайды. Қызылбастың әскерлері жиналып, қыпшақтардың артынан қуады. Бірнеше сағаттан кейін жаудың қарасы көрінген соң Алақай батыр Шәмсінұрды аттан түсіріп, өзі патшаның үйінен олжа етіп алған қылыш және найзалармен қызылбастарға қарсы шауып, бірнеше сағаттық шайқаста жараланса-да жеңіп шығып, Шәмсінұрды өз үйіне әкеледі (Қазақтардағы қыз алип қачув салтینی лақайлардың атасы – Алақай батыр бастап берген шығар).

Пазылшах Қырым соғысынан жеңіліп, басы иіліп, еліне қайтып келсе қыпшақ тұтқынның өз қызын, жүйрік атын және қос қаруын алып қашқанын есітіп, мұндай масқаралыққа шыдай алмай, әскер жинап, тағы да қыпшақ еліне жорыққа аттанады. Бұл хабар қыпшақ еліне де жетеді. Алақай батыр қыпшақтардың ханымен кездесіп, бұл соғыстың себебі өзі екенін, сондықтан қанды шайқасқа алдымен өзі шығатынын айтады. Пазылшах бірнеше күн жүріп жетіп келеді, бұл кезде қыпшақтың сарбаздары мен батырлары да жиналып, дайын тұрады. Алақай батыр майданға шығып, Пазылшахқа енді өзінің қайынатасы екенін, қызы оның қолында екенін, туысқандық байланыс орнату

керектігін айтып, жаудың бүкіл әскерін үйіне зияпатқа шақырады. Пазылшах бұл ұсынысты қабылдамайды да соғысатынын айтып ортаға өз батырын шақырады. Қыпшақтардан Алақай батыр ортаға шығып, қызылбастардың батырын жеңеді. Нәтижеде екі арада қантөгіс шайқас басталады да қызылбастар қыпшақтардан жеңіле бастайды. Қыпшақтар соғысты тоқтатып, тағы да туысқан болғандарын ескертіп зияпатқа шақырады. Жеңілген Пазылшах ұсынысты қабылдаудан басқа шарасы қалмайды. Алақайдың үйіне келіп қызымен көріседі. Бірнеше күндік зияпаттан кейін Алақайдың басшылығында қыпшақ батырлары да Пазылшахты қорғап қызылбастардың еліне барады. Ол жерде де үлкен дастарқан жайылып, зияпат болып, екі ел тыныштықта жасай бастайды [1, 257-421 бб.]. Бұл эпоста Алақай батырмен бірге қыпшақтарда Алау батыр образы да кездеседі, мұндай есімдер осы күнге дейін лақайларда бар еді. Мысалы, кеңес үкіметі жылдарында Алау исполком көп жылдар Колап облысы Қызыл Мазар ауданын басқарғанын халық жақсы біледі.

XVII-XVIII ғасырден бастап лақайдар, Жиделі Байсун, яғни Оңтүстик Бухара минан байланисты. XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Бұхара әмірлігіндегі Хиссар және Балжуан бектіктерінің жерінде әлеуметтік орта бірте-бірте өзгереді де, ержүрек лақайлар солардың көзіне түсе бастайды.

Қазақ елінде XVII-XVIII ғасырларда жасап, жоңғарлар мен қалмақтардың басқыншылығына қарсы елді біріктірген Қараменде би деген әулие болған. Қазіргі Тәжікстанның астанасы Душанбе қаласынан 20 километр қашықтықта Лақайлар жасайтын үлкен Қараменде, Алматы ауылдарының екі жарым ғасырдан бері бар екені лақайлардың қазақтармен этногенетикалық жақындығын айқындайды.

1920 жылдың сентябрінде Бұхара әмірлігі құлатылып, кеңестер бүгінгі Тәжікстан аумағының бір бөлігі — шығыс Бұхара округы деп аталып, оның құрамында Душанбе, Қорғантөбе, Кулаб және Ғарм облыстары құрылды. Сонымен қатар Душанбе облысының құрамындағы ауылдар Лақай, Жаңабазар, Ғазымәлік, Ябан, Хисар және Файызабат аудандары құрамына біріктіріліп, 1924 жылы кеңес үкіметінің әкімшілік-аумақтық шекаралау саясаты нетижесінде Өзбекстанның құрамында Тәжікстан Автоном Республикасы құрылған соң, 1927 жылы бұрын құрылған аудандар одан сайын кеңейтіліп, қазіргі Рудаки, Ябан, Қорасан, Варзоб аудандарын біріктіретін Лақай-тәжік ауданы құрылған болатын. Лақай-тәжік ауданы құрамындағы Қараменде ауылдық кеңесі деп белгіленеді де Қараменде ауылдық кеңесі құрамына Кавки, Жермешіт, Қызылқыстақ, Қорқұдық, Пахрабат, Борбұлақ, Хораз, Қышылы, Күрдексай, Мырзағұлабат, Түйешіабат, Ешме, Шар-шар, Тасбұлақ, Кішімерген, Оразбай, Ақбас, Күнтуабат, Озденабат, Ақсарыабат, Қараменде және Алматы сынды ондаған ауылдарды қамтыды. “1959 жылы кеңестердің қорықтарды геру саясаты оңтүстік Тәжікстан, яғни Вахш аңғарына көшірілді. Қараменде ауылдық кеңесінің тұрғындары азайған соң, оны Даханакиік ауылдық кеңесімен қосып, Даханакиік ауылдық кеңесі деп атала бастады”[2, 8-9 бб.].

Сөйтіп Қараменде деген ат ресми шеңберлерде өшіріліп, тек халықтың тарихи жадында ғана қалады. Қараменде бидің қабірі Қазақстанның Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында 1992 жылы қайта қалпына келтіріліп, 2012 жылдың сентябрінде Балхаш қаласында үлкен ескерткіштің орнатылғаны осы тарихи тұлғаның халқымыздың этноәлеуметтік және мәдени дамуындағы орнын көрсетеді.

Лақайлардың қазақ елі және бүгінгі Қазақстанмен тарихи-мәдени байланыстарды дәлелдейтін қазақтарда Қараменде би деген атақты тұлға өткен. Қараменде деген ауыл, қазірде Фахрабат деп өзгергенімен, лақайларда қазір де бар. Демек, бұл ауыл тұрғындары Қараменде бидің ұрпақтары болып, өз аталарының құрметі үшін өз ауылын сол кісінің атымен атаған. Екі ел байланысының тағы бір негізгі жағы лақайдың үлкен руы Есенқожа деп аталады, бүгінгі Шымкент маңындағы Сайрамда Есенқожа, яғни Қазы Байзбидің кесенесі бар. Бұл кесененің төменгі бөлігінде Көктас деген ауыл жатыр. Лақайлардың

Есенқожа руы орналасқан Душанбе қаласынан 10 километр қашықтықта Көктас ауылы болып, қазір Саманиян деп аталады. Бұдан тыс Сайрамдағы Көктастан 20 километр қашықтықта Сұлтанрабат деген ауыл бар екен, Душанбедегі Көктастан да дәл осындай қашықтықта Сұлтанабат ауылы бар екені кездейсоқ жағдай емес, бұл тартпас шындық ретінде тарихи оқиғаның дәлелі болуы мүмкін.

XVIII-XIX ғасырларда аймақтағы лақайлардың абырой-беделі артып, ірі жайлаулар соларға қарасты болып қалады. Олардың асыл тұқымды жылқылары мен хиссарлық қойлары тарихи даму барысында Мауароуннаһр өңірінің мал шаруашылығында жектекші орынға шыққан болса да, бұлар тек XVIII-XIX ғасырларда ғана әйгілі болды. Бүгінгі күнде де таулы ауылдарда мұндағы әйелдер еркектермен жарыса атқа мінеді. Бұл құбылыс, әрине, лақайлардың атқа деген қызығушылығын байқатады. Лақайларда жылқи шаруашылығы осгенлиги сабеп, XX ғасырдың 70 – жылларыға чейин қымыз жетештирувда бар еди, Хрущев саясати жылқыларды қиран кетиргеннен соң қымызди жетиштирувге жил сайин азайип кетти.

Лақайларда қыпшақ диалектінде сөйлескендіктен, олардың қазақ елі ауызекі шығармашылығымен байланысты жері көп. Бел тамырдығ бірлігін білдіріп, алыс емес, үш-төрт ғасыр бұрын лақаймен қазақ бір ел екенін көрсетеді. Түркі ел жылқысының аяғымен ақырын іздеп, Сырдария мен Әмудария аралығында орналасып алғаны сыр емес. Сондықтан ілгеріде, бұдан екі ел бір-бірін бауыр басып, жүрген. Бүгінгі таңда (Шымкентская обл, Ленинский район, Колхоз Энгельс.Уч. Кизил-Сингер. Воразов Мейрманның (60 жасты шал, бұрын Тәжікстанда жасап, 1990 жыл Қазақстанға көшіп келген) айтуынша қазақтармен лақайлар ілгеріден, Совет кезеңінде бүгінгі Тәжікстанда бірге жасап, қыз алып, қыз беріп жүрген. Ол кісінің айтуынша орыстардың 1723 жылғы басқыншылығынан соң Маңғыстау Хоразм Бұхара арқылы Балжуванға барған жүздеген қожалық қазақтарды лақайдан аз ауылдарына қоныстандырған екен. Олардын Қалнияз деген қазақ ақының лақай елінің байлығы туралы, ар-намысы, елінің қазаққа жақындығы туралы былай деген екен.

Барсам салем айта бар,
Қалуби минен болисқа.
Биз не қилдиқ, кўзи кок,
Жунғар минен орысқа.
Одан кейин биз келдик,
Балжуван, Колап қонисқа.
Он еки алван дени бар,
Ең майдасын айтайын.
Зығыр менен тары бар.
Сығып тартқан майы бар.
Эр есиктың алдында.
Мыңден орген қойы бар.
Лақай деген ели бар.
Кунде мереке тойы бар.
Қыз-келиншек жыйылып,
Қыйкулап муше шапқандай,
Қара байыр аты бар.
Кейинимнен кеме жунғармен орыс,
Осы Лақайымның Шайқасқандай ойы бар...

Бұлар екі елдің бір-біріне қолайлы өмір сүргенін, жасағанын көрсетеді.

Лақайлардың өзгеше бір әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Лақай қыздарының қолынан шыққан тігін мапремечи (көрпе-төсекті жинайтын сандық), жүк шарығыш (көрпе-төсекті жинап қойғанда үстін безендіретін енді таспа тәрізді тігу), айна-

қалталар (қыз-келіндер айна, тарақ, бояу салып қоятын сумка) сияқты және соларға ұқсас басқа да ұлттық мәдениет үлгілері тек қана Орталық Азияда емес, тек ТМД елдерінде ғана емес, тіпті Батыс Еуропадағы да этнографиялық мұражайлардың көркіне көрік қосып отыр. Әсіресе лақайлардың тігін жапқыштары мен басылып шыққан тақиялары ұлттық мәдениеттің өзгеше бір үлгілері болып көзге түседі. Лақайлардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, қазақтар мен өзбек-лақайлардың этногенезі және этникалық мәдениетінде ұқсас сипаттарының көптігін білдіріп, бұл сипаттар, жалпы түркі халықтарының тамыры бір екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Саттаров Қыдыралі. Қазақтың ерлік эпостары. Алматы, «Жазушы», 2006. 257-421 б.
2. Ахмедов Қудратулла. Озод юртнинг обод ғұшаси – Фахрободим // Замондош газетаси. Душанбе, 2007 йил, 26 декабрь, №39(142). 8-9 б.
3. Басмачество: социально-политическая сущность. Ташкент, «Фан», 1984, 263 б.
4. Ражабов Қ. Иброҳимбек //Ўзбекистон Миллий энциклопедияси. 4-жилд. Тошкент, 2002, 64-65 б.
5. Саййид мансур Олимий. Бухоро-Туркистон бешиги. Бухоро, 2004, 123 б.
6. Назаров Н.А. Лақайлар: этнография, лингвистика ва фольклор. Тошкент, «Tamaddun», 2010, 128 б.

ӘОЖ 75

Қайранов Е, Орынғалиқызы А., М. Тохсанбаев

¹ философия докторы (PhD), доцент, Т. Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан

² 6М041300-«Кескіндеме» мамандығы 2-курс магистранты, Т. Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан

³ аға оқытушы, Т. Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан

СУРЕТШІ ЖҰМАҚЫН ҚАЙРАМБАЕВТЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ОТАН СҮЙГІШТІКТИҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Андатпа: Мақалада Тәуелсіз Қазақстанның бейнелеу өнерінде белгілі станоктік кескіндеме саласының кәсіби суретшісі және абыройлы ұстаз Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығы зерттеледі. Суретшінің бірнеше жанрлардағы кескіндемелік туындылар ішінен отан сүйгіштіктің рухани құндылықтарына жататын тарихи тұлғалар портреттері қарастырылады. Себебі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бейнеленген тарихи тұлғалардың шынайы образдары елдің рухын көтеріп маңызды рөл атқарды. Және де, шығармашылық жолын қалай бастап, еліміздің бетке ұстар азаматтарының бірі ретінде қандай жетістіктерге жеткендігі, сонымен қатар, дарынды ұстаз ретінде де жас суретшілерге үлгі көрсетіп ел үшін қызмет ету жолында еңбектеніп бірлескен көрмелер ұйымдастырғандығы талқыланады.

Түйін сөздер: станоктік кескіндеме, бетбейне, бейнелеу өнері, шығармашылық туындылар, тарихи тұлғалар, отансүйгіштік құндылықтар, ұлттық рух

«Ізде - өз ісің, өз суретің ғана емес, ата-баба рухы, бүгінгі әулет тынысы, келешек ұрпақ мұраты – бүкіл тарих таңбасы жатыр.»

Мұхтар Мағауин

Адамды адам, ұлтты ұлт ететін рухани байлықтың қайнар көзі – өнерде екені баршаға мәлім. Соның ішінде, бейнелеу өнерінің адамға берер рухани байлығы ұлан-ғайыр. Мысалға айтар болсақ, жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанына деген махаббатын оятуына үлкен үлесі бар. Бейнелеу өнері арқылы туған жеріміздің табиғаты көрікті, тарихы терең екендігін көре аламыз. Өкінішке орай, заманауи жастардың көпшілігі тым еліктегіш болып бара жатқаны байқалады. Қай салада болмасын батыс елдерінің мәдениетіне қызығып, табынып кетіп жатқандары жиі кездеседі. Себебі, ұлттық рух пен болмыстың соншалықты жалаңаштануы болар. Сондықтан, мемлекет болашақ жастардың еліне деген отансүйгіштік сезімін оятуды кезек күттірмейтін басты мәселе ретінде қарауды талап етуде. Яғни, әлемдік жаһанданудың тұрғысынан қарайтын болсақ, егеменді елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Осы мәселеге байланысты, 2014 жылдан бастап қабылданған Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасында – 2 тарау. «Қазақстан Республикасында мәдениет саласын дамытудың жалпы пайымы», оның ішіндегі, «Ағымдағы ахуалды талдау» тақырыбындағы 2.1 тараушасына көңіл аударсақ: «Жастар мәдениетін, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын және көркемдік-эстетикалық білім беруді қолдау жүйесін дамытуға тиісінше көңіл бөлінбейді. Осы жағдай қоғамның, әсіресе жастардың шетелдік мәдени құндылықтар мен идеалдарына жаппай бағдарлануына себеп болды, бұл құндылықтар мен мәдени иммунитеттің орнықты шкаласын қалыптастыруға теріс әсер етеді» - деп «Саланың түйінді проблемалары» белгіленіп көрсетілген [1].

Бүгінгі дүниежүзілік интеграция дәуірінде мемлекетіміздің өзекті мәселелердің бірі болып 2017 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» тақырыбындағы бағдарламалық мақаланы талқылап қарасақ, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп аталатын үшінші бағытында келесі жолдаулар көрсетілген: «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [2]. Яғни, елдің болашағы мәдениет пен тарихтың сақталуына тікелей байланысты. Бұл дегеніміз Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның алдында тұрған ең басты міндеттерінің бірі - халықтық өнерді сақтап қалу. Дәл осы еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген тұста сақталған өнерді кескіндемеші Жұмақын Қайрамбаев тарихи тұлғаларды терең зерттеп сомдаған туындыларымен қайта жаңғыртты. Оның шығармашылық туындылары қазақ халқы мен өркениетіне берер тәрбиесі мен ұлттық рухын демеп, патриоттық сезімін оятатын тылсым күшке ие болды деуге болады, себебі, осы тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттың алғашқы жылдарында бейнеленген тарихи тұлғалардың шынайы образдары елдің рухын көтеруге маңызды рөл атқарды. Ол өз кенептерінде тарихи тұлғалар бейнесін қайта жандандырумен айналысып, тәуелсіздік алған жылдары оған деген сұранысты айқын сезінген суретші.

Былтыр ғана, 2018 жылы жарияланған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаевтың «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақаласындағы - «Ұлы даланың ұлы есімдері» деп аталатын жеті қырдың екіншісінде мынадай міндеттер қойылғандығы белгілі: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет» - делінген [3].

Осы тұрғыда, Қазақстанның белгілі өнертанушылары Р. А. Ерғалиева, Х. Х. Труспекова және Д. С. Шарипованың бірлескен «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері» ғылыми мақалалар жинағында көрсеткен Ж. Қайрамбаев шығармашылығының отандық мәдениетте алатын орны жәйлі көзқарастарына назар аударсақ: «Жұмақын Қайрамбаев шығармашылығының өзіндік мәнері ХХ ғасырдың 80-90 жылдары қалыптасқан болатын. Ол бүгінгі Қазақстан кескіндемесіндегі жаңа реализмнің белді әрі беделді өкілдерінің бірі, қазақ қауымына белгілі тұлға. Ж. Қайрамбаев шығармашылығының алғашқы сатысында өзін портрет жанрында сынады. Суретші қылқаламынан туындаған алғашқы портреттер галереясы қазақтың беделді тұлғаларын сомдауға бағытталды» [4].

Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығында портрет жанры маңызды орында болды десе де болады. Кез келген өнерде бір адамды бейнелеу үшін оның сырт келбетін, түр түсін ғана емес оның психологиясын, қоғамдағы орнын көрсету қажет. Ж. Қайрамбаев портрет жанрын ең қарапайым әрі ең күрделі деп есептейді. Оның шығармашылығындағы негізгі туындылары қазақ халқының ұлы тарихи тұлғаларына арналған. Осы тұрғыдан қарағанда, тағыда «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы – «II. Тарихи сананы жаңғырту» тарауының «2. Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында - бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет, - деп қойылған мақсаттарға сәйкес Ж. Қайрамбаевтың еңбектерін насихаттау өзекті деп санаймыз. Сол арқылы да ұлт қаһармандарының өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады деп сенеміз.

Және де, жоғарыда атап кеткен «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» мақаласының шеңберінде жүзеге асырылып жатқан «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бойынша келесі міндеттер қойылғаны да бар: «Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн: 1. Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту. 2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиалық алаңын қалыптастыру. 3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс» [2].

Осы жобаның шешуге бағытталған 3 мәселесіне сәйкес, мақаланың негізгі кейіпкері Ж. Қайрамбаевты дарынды тұлға ретінде заманауи ұлттық бейнелеу өнерінің алтын қорына еруге лайықты екендігін анықтау үшін Тәуелсіздік кезеңдегі шығармаларына арнайы талдау жасалу керек деп санадық. Сонымен, мақаланың тақырыбы бойынша - суретші Жұмақын Қайрамбаевтың туындыларындағы отан сүйгіштіктің рухани құндылықтары төменде талданатын шығармашылық жолындағы негізгі жетістіктерімен көрінбек, және де елдің мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесі анықталмақ. Әрине, суретші шығармашылығын бірнеше жанрларда, соның ішінде, натюрморттік, портреттік, пейзаждық, романтизм, тұрмыстық, ұлттық тарих сияқты бағыттарда дамытып көптеген құнды кескіндемелік туындылар жасады. Десекте, біз мақаланың мазмұнын тақырыбына сәйкес тек портреттік жанрдағы еңбектерімен ашпақпыз.

Суретші Ж. Қайрамбаев қазақ тарихының ұлы адамдарын зерттеуге қызығушылық танытып, бет-бейнесін сомдаған туындыларында әр тұлғаның жан дүниесіне үңіліп, олардан терең мән іздейді. Бет-бейнелік туындыларында түр-түсін ғана емес, оның психологиясын, қоғамдағы орнын, образдың сипатын табуға зер салады. Әрбір тарихи тұлғаның портреті өзіндік психологиясына тән орындалып, композициялық шешімі мен бояулардың түстік шешімдерінің ұқсас еместігі тарихи рух беретіндей. Сөйтіп, Тәуелсіздік кезеңде Ж. Қайрамбаевтың елге белгілі болған портреттік туындылары дүниеге келеді. Атап айтсақ, 1991 ж. - әскери қолбасшы-батыр «Райымбек» (сурет № 1), 1992 ж. - қара сөздің атасы, ақын «Абай» (сурет № 2), 1993 ж. - қазақ хандығының бірлігін паш еткен «Абылай хан» (сурет № 3), 1996 ж. - халық поэзиясының ақыны «Жамбыл» (сурет № 4), 1998 ж. - күйші-композитор «Құрманғазы» (сурет № 5), 2002 ж. - ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, қазақ халқының соңғы ханы «Кенесары» (сурет № 6), 2002 ж. - қазақтың бірінші ойшыл ғалым-жазушысы «Қадырғали Жалаири» (сурет № 7), 2003 ж. - отаршылдыққа қарсы көтерілістің жыршысы, әйгілі өткір ақын-күйші «Махамбет» (сурет № 8), 2003 ж. - түркі халықтарының философ ақыны «Яссауи» (сурет № 9), 2012 ж. - заманауи лирик ақын «Мұқағали Мақатаев» (сурет № 10), және т.б. көптеген портреттік образдар жасайды.

Тәуелсіз Қазақстанның бейнелеу өнерінде өте танымал болып келетін станоктік кескіндеме саласының кәсіби әрі заманауи суретшісі, қылқалам шебері, абыройлы ұстаз Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығын зерттеу деңгейіне келер болсақ, арнайы ғылыми зерттеулер, соның ішінде диссертациялар немесе күрделі ғылыми еңбектер кітапханалардан кездесе қоймағанменде, төмендегідей мақалар әр түрлі газет, журнал және интернет жүйесінде баршылық. Соның ішінде, мысалы, отандық өнертанушылардың: Р.А. Ерғалиева, Х.Х. Труспекова, Д.С. Шарипова «Мастера изобразительного искусства Казахстана», Қ.С. Оразқұлова «Қиял әлеміне саяхат», Н. Митчинова «Он писал пассионария. К 300-летию Абылайхана», Б. Ади «Бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі бағыт», М. Қалиұлы «Жарық пен көлеңкенің үйлесімі», З. Ыдырыс «Бояулар нұры» және «Қылқалам шеберінің дара жолы» сияқты бірнеше зерттеулері бар. Сонымен қатар, әріптес суретшілерден: Ж. Кәкенұлының «Телқоңыр», «Жұмақын жазған Абылай», «Пайым мен Парасат» мақалалары, Қ. Ахметжановтың «Жарасым мен қарсылық сыры» және Б. Өмірбековтың «Қылқалам шеберінің дара жолы» мақалалары кездеседі.

Шәкірттерінде де суретші еңбегіне қызықты мақалаларын арнаған: Б.Әсемқұл «Рембрандттың әйгілі «Даная» атты туындысын қайта тірілткен қазақ суретшісін білесіз бе?», Ә. Оразхан «Жұмақын Қайрамбаевтың бояу дүниесі», Даубай Ұ. «Тарихи суреттерге арналған суретші Ж. Қайрамбаевтың шығармалары» секілді т.б. ізденістерді айта беруге болады. Әрине, суретшінің ерекшелігі көптеген журналист тілшілердің назарында болып жазылған сұхбаттары жарияланған, оның ішінде біз білетініміз: И.Н. Кенжалиев «Бізге Махамбеттің ісі керек өзі керек», Р. Сейілхан «Қазақ халқы өнерден кенде қалып көрген жоқ - Жұмақын Қайрамбаев», Н. Сәрсек «Шетелдіктерді кубизм немесе сюрреализммен таңғалдыра алмайсың».

Ал, кәсіби жазушылардан жеке өмірбаянын зерттеген: Ж. Қайранбай «Өнермен өрілген өмір» және Н. Манаш «Жұмақын Қайрамбаевтың көркемдік әлемі» еңбектерін атай аламыз. Жалпы, Ж. Қайрамбаевтың туындылары көптеген басылымдардан жарық көрген, атап айтсақ: 1) Жұмақын Қайрамбаев. Альбом – Алматы: «Өнер» баспасы, 2008 ж.; 2) «Мастера изобразительного искусства Казахстана» 4-ші шығарылым, 2009 ж.; 3) Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр - Изобразительное искусство Казахстана.

XX век- Fine arts of Kazakhstan. XX century – Алматы, 2001 ж.; 4) Жұмақын Қайрамбаев, Вернисаж: Астана. Президент мәдениет орталығы, каталог, 2002 ж.; 5) Қазақстан кескіндемесі. Живопись Казахстана. Painting of Kazakhstan. Фотоальбом, I-том, Алматы: Тау-Қайнар 2016 ж.; 6) Үшқоңыр: Фотоальбом, Алматы: Тау-Қайнар 2017 ж.; 7) Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме/Живопись/ Painting, каталог, Алматы: Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі, 2017 ж., I том.

Және де, ел арасында танымалдылығының арқасында көптеген телеарналарға түсіп сұхбат берген, соның ішінде: «Қазақстан ұлттық» арнасы, сұхбат - Ж. Қайрамбаев, 06.10.2013 ж., интернет сілтемесі - <http://www.kaztrk.kz> <http://kaztrk.kz/>, «Білім және Мәдениет» арнасы, «Қылқалам» сұхбат- Ж.Қайрамбаев, 20.02.2014 ж. - <https://www.youtube.com/watch?v=Fe50QAt--sw>, «Қазақстан ұлттық» арнасы, «Таңшолпан» бағдарламасы, сұхбат- Ж.Қайрамбаев, 15.01.2014 ж. - <http://tankaz.kz>.

Жалпы, өмір жолын қалай бастап, еліміздің бетке ұстар азаматтарының бірі ретінде қандай жетістіктерге жетті деген мәселеге қысқаша тоқтала кеткен жөн. 1953 жылдың 8-ші наурыз күні Қытай Халық Республикасының Құлжа өңірінде дүниеге келген қазақ ұлтының заманауи танымал суретшісі Қайрамбаев Жұмақын Қожақынұлы орта мектептен кейін 1975 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде алғашқы суретші білімін алып шығады. Кейін, Ресейге оқуға жолдама алған соң, Санкт-Петербург қаласындағы И.Е. Репин атындағы Мемлекеттік академиялық көркемсурет институтына «Кескіндеме» мамандығы бойынша түсіп, 1981 жылы сәтті аяқтап шыққан. Елге оралған соң, сол 1981 жылдан бастап шығармашылықпен қатар оқытушылық қызметті де атқарып келеді. 30 жылдан бері ұстаздық қызмет жасап, бүгінгі күні Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры болып келеді. 1985 жылдан бері ҚР Суретшілер одағының мүшесі, 2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, 2008 жылы «ҚР білім беру ісінің үздігі». 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған көркемсуреттік туындылар конкурсының бірінші сыйлығы иегері. 2013 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды. 2014 жылы Ә. Қастеевтің 110-жылдығына арналған көркемсуреттік туындылар конкурсының алтын медаль иегері болды.

Бейнелеу өнерде Ж. Қайрамбаевтың өзінен бұрынғы суреткерлердің жолын қайталамай, өзінше із қалдыруы ізденімпаздық пен еңбекқорлықтың белгісі. Ж. Қайрамбаевтың қылқаламынан шыққан туындылар қазіргі таңда Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында, Ресейдің, Австрияның, Германияның, Бельгияның, Италияның, Венгрияның, АҚШ-тың, Жапонияның және Түркияның мұражайлары мен галереяларында және жеке өнер туындыларын жинаушылардың қорларында сақтаулы. Аса жоғары манызға ие болған жеті туындысы ҚР Президентінің резиденциясына қойылған [4, 29].

Суретші өзінің жеке шығармашылық көрмелерін өнер сүйер қауымға арнап 2002 жылы өткізген, соның ішінде, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында Президенттік мәдениет Орталығында өткізсе, Алматы қаласында Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде өткізген. Оның көптеген кескіндемелік туындылары халық ілтипатына ие болып, Қазақстанның негізгі мәдени мекемелерінде ұлттық мұра болып сақтаулы тұр. Атап айтсақ, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде – 6 жұмысы, республиканың облыстық музейлерінде – 35 жұмыс, Алматы қаласындағы ҚР Президенті Резиденциясында – 6 жұмысы, Нұр-Сұлтан қаласының Президенттік мәдениет Орталығында – 4 жұмыс, ҚР Президенті Резиденциясы Ақордада – 4 жұмыс, Тәуелсіздік сарайында – 1 жұмыс, және ҚР Тұңғыш Президентінің музейінде – 8 жұмысы бар [5].

Жұмақын Қайрамбаев - шығармашылығы Қазақстан бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасымен қалыптасқан жоғары кәсіби деңгейдегі майталман кескіндемеші. Оның шығармашылық туындыларында қазақылыққа тән философиялық мағынасы бар композициялар, қазақ елінің тарихи тұлға-батырларының образдары мен қазақ елінің кең алқапты пейзаждарына сан түрлі бояуларды үндестіре отырып жаңа дем бергендей. Туындыларына көз жүгіртсек, қазақстандық бейнелеу өнеріне жаңаша кескіндемені жазу үлгісін енгізгендей. Себебі, дәл қазірде осы Ж. Қайрамбаевқа еліктеп, оның жазу мәнерін өз туындыларына қайталап жатқан жас суретшілер жетерлік, оны олардың өздері философиялық жұмбаққа толы деп мойындайды.

Қазақ халқының әрқашанда ата-бабалар рухына арнап ас беру дәстүрі қасиетті болғандығы мемлекеттің тәуелсіздік жылдарында ерекше айқындалды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып, жоғала жаздаған мыңдаған ұлттық дүние қалпына келтіріліп, есімдері өшпесе де еңбектері ұмытыла бастаған қаншама тарихи тұлғалар қайта жаңғыртылды, ескерткіштері тұрғызылды. Батыр бабалар рухына ұрпақтары ас беріп, бүгінге дейін тағзым жасап келеді. Соның бірі, мысалы, міне биыл 2019 жылдың 19 сәуірінде қазақ батыры Сіргелі Жабай батырдың туғанына 290 жыл толуына тағзым ретінде «Ұлы даланың батырлары - ақ тулы Сіргелі Жабай батыр» тақырыбында халықаралық ғылыми конференциясы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткізіліп, 20 сәуірде туылған өлкесі - Сарыағаш ауданы, Әлімтау елді мекенінде батырдың рухына арналған ас беріледі.

Тілші Н. Әлімбаевтың мақаласында: «Әр қазақтың арғы тегін сұрасаң, бір батыр шығады. Бірақ, қазақ тарихында батырлығымен, айтқаны айдай келетін әулиелігімен дараланған Сіргелі Жабай батырдың жөні бөлек. Жабай батырдың есімі жыр-дастандар мен көркем шығармаларда жиі кездеседі. Жабай батыр Абылай ханның оң тізесінен орын алған, таңдаулы батырларының бірі болған. Тіпті, Абылайдың ақ туы Жабайға берілгені жөнінде де аңыз бар. Ал, аңыз ақиқаттан шығады» - деген тарихи деректер келтіреді [6].

Енді осы Абылай ханның бейнеленген тарихи тұлғалық образы суретші Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығында портреттік жанрдағы көптеген еңбектерінің ішінен ерекше орын алады. Ж. Қайрамбаевтың мықты ұстаздылығымен тарихи жанр шебері болып қалыптасқан Қазақстанның белгілі заманауи суретшісі Т. Тілеужановтың айтуынша: «Жұмақын Қайрамбаев – Абылайханның образын жасап шығарған ұлы суретші, себебі, бүгінгі заманауи суретшілердің барлығы сол портреттік туындыға қарап салады. Мен де Абылайханды сомдағанда халықтың санасына сіңіп қалған осы образды пайдаландым», - дейді суретші [7].

1993 жылы салынған Абылай ханның алғашқы портреттік туынды жайлы қызықты архивтік деректі суретшінің туған бауыры кәсіби жазушы Ж. Қайранбай өзінің 2017 жылы жариялаған «Өнермен өрілген өмір» кітабында нақты келтіреді: «Республика үкіметі Мәдениет министрлігі арқылы Абылай ханның нақты бейнесі мынау дейтін және соны түбелікті тұрақтандыруды мақсат еткен толыққанды портретін жасап шығуды қолға алып, конкурс жариялаған болатын. Портретті әркім өз болжамымен сала берсін демей, бұл додаға қатысам деген суретшілерге Абылайдың бұрынғы кезде ақ-қара түспен салынған портреттік нұсқасын ұсынған. Бұл нұсқа Отан соғысы жылдары Германияда Мәжит Айтбаев деген кісі салып шығып, сонда Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқай басқарған «Жас Түркістан» басылымында жарық көрген. Қазақстанда 1972 жылдан шыға бастаған алғашқы энциклопедия - көп томдық, «Қазақ совет энциклопедиясында» Абылай хан жазылған жерге осы портрет берілген. Суретші өз портретінде ханның бейнесін бастапқы нұсқадан алыстатпай бейнелеген. Ж. Қайрамбаевтың портреті алғашқы ақ қара нұсқадан ерекшелігі, ол портретті бейнелеу барысында түрлі түсті бояқтарға кеңінен орын берген. Оған қоса көркемдік сапасын да жетілдіре бейнелеген.

Дәл осы портрет кеңес мүшесінің көңілінен шығып, конкурстың жүлдегері болды. Абылай ханның хан ретіндегі образы осы болсын деп шешіп, Ж. Қайрамбаевтың портреті «Өнер» баспасынан плакат болып басылып, жан жаққа қарқынды таралып кетті [8, 73].

Сөйтіп, 1993 жылы Алматы қаласындағы «Өнер» басылымы арқылы жарияланған конкурсында беделді комиссия мүшелері болып келетін сол кездегі атақты суретшілер, тарихшылар, белгілі мемлекет қайраткерлері Ж. Қайрамбаевтың жұмысына I орынды берген соң, Абылайханның образын бейнелеген осы плакаты миллиондаған тиражбен бүкіл Қазақстанға таралған екен. Оның біреуі Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың кабинетінен орын тапқан. Абылай ханның дәл осы суретші сомдаған образы өскелең ұрпақтың жадында монументалды, сом әрі асқақ бейнесімен сақталады дейді көпшілік қауым.

Белгілеп кету керек, осы 1993 жылы шыққан Абылай ханның шынайы образы ұлттық рухты көтеретін мықты құрал ретінде көптеген сұранысқа ие болғандықтан, мемлекет басшысы сол егемендіктің алғашқы қиын жылдары отандық суретшілерді қолдауға бел буып, тарихи плакаттың авторымен арнайы кездескен екен. Суретші Ж. Қайрамбаевтың еске түсіруінше, тар шеберханада үш суретші болып еңбек ету барысында, Қазақстан Президенті шығармашылықтарымен танысып, республиканың тәуелсіздігі қалыптасуындағы тарихи тұлғалардың рөлі жөнінде айтқан сөздері, осындай кескіндемелік туындылардың патриоттылық пен руханилықты тәрбиелеудегі маңыздылығы туралы бөліскен ойлары олардың болашақта көбірек қызығушылықпен жұмыс жасауға септігін тигізген екен.

Бұдан өзге Ж. Қайрамбаев шығармашылығында Абылай ханның портреттік образын сомдаудағы тағы да бірнеше ізденістегі туындылары бар. 2001 ж. орындалған «Ат үстіндегі адам» кескіндемелік туындысы (сурет № 11) халық арасында Абылай хан ретінде бірден қабылданып кеткен. Екі жылдан соң, 2003 жылы Борабай табиғаты көрінісінде орналасқан салтанатты ақ киімдегі Абылай ханның кеудесімен бірге салынған бетбейнесінің басқа жобасын (сурет № 12) көрермендерге тамашалауға ұсынады. Және де, 2011 жылы мемлекеттік тапсырыспен Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік сарайына орындаған Ж. Қайрамбаевтың «Абылайды хан көтеру» монументалды панносында әйгілі қазақ ханының бетбейнесі өзіндік жалғасын тауып, дара көркемдік шешімге ие болады (сурет № 13). Көлемі 2,5x5 метр болатын кенепте суретші «Абылай ханның» 1771 жылы Түркістан қаласында үш жүздің ханы сайланған сәтін барынша сән-салтанатымен бейнелейді. Қардай аппақ ақбоз ат үстіне шеру құрып келе жатқан хан бейнесі бүкіл қазақ халқының рухани жебеуші іспеттес.

«Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты отбасында асқақ отансүйгіштік сезімге тәрбиеленуі тиіс. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен [9]. Осы жерде, белгілеп кету керек, бүкіл өмірін өнерге арнаған суретші шығармашылығын ұстаздықпен де - Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сында дәріс беріп кеңінен табыстыра білді. Мысалы, 2003 жылы Ж. Қайрамбаев өзінің 50-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған «Іздер-І» шәкірттер тобында (сурет № 14) бүгінгі белгілі заманауи суретшілер болғанын атап кетуге болады. Олар: Д. Касымов, Т. Глеужанов, Ө. Жұбаниязов, О. Жаңбыршиев, М. Сүлейменов, Е. Хамиров, Е. Қожабаев, М. Нұрғожин, Д. Қайрамбаева. Ұстазбен бірге алғашқы бірлескен шығармашылық екі көрмесі

Алматы қаласында Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен ҚР мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер музейінде өткен соң, көпшіліктің қалауымен сол жылы Астана қаласындағы Президент музейінде де үшінші рет өтіп, жалпы республикалық деңгейдегі қоғамдық іс-шара болып отандық мәдениеттің дамуына елеулі септігін тигізді. Кейін, он жылдан соң, суретшінің 60-жылдық мерейтойына арнап 2013 жылы жас буын шәкірттерінен құралған «Іздер-II» тобы ұстазымен бірлескен көрмесін Ә. Қастеев атындағы өнер музейінде жасап, көрермендерге ерекше әсер қалдырған болатын (сурет № 15). Жаңа топта: Қ. Үмбетова, Қ. Омархан, О. Қабөке, Б. Әсемқұл, Ұ. Даубай, А. Нұрғожаев және тағы басқа жас қылқалам иелері тәрбиеленіп, шығармашылыққа қанат қақты. Биыл енді міне, Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік сарайында 2019 жылдың 20 наурызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. А. Назарбаевтың жариялаған жастар Жылына орай «Іздер-III» кезекті тобы ұстазымен бірлескен шығармашылық көрмесін ашты (сурет № 16). Оған заманауи жас суретшілердің белсенділері – О. Қабөке, А. Нұрғожаев, Б. Сейсенханұлы, Д. Үсенбаев және Ә. Жүргенов қатысты.

Осылай, суретші өзінің шәкірттерімен бірге «Іздер-I», «Іздер-II» және «Іздер-III» топтарын жинау арқылы шығармашылық көрмелер ұйымдастырып, оларды шабыттандырды, күш қуат беріп өлшеусіз үлгі көрсетті. Олардың басым көпшілігі бүгінгі күні өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан белгілі кәсіби суретшілер болып еңбектенуде. Жұмақын Қожақынұлының шәкірттері бүгінгі күні Қазақстан кескіндемесінің тарихына өзіндік үлестерін қосып, расында да шынайы іздерін қалдырып жатыр. Ж. Қайрамбаевтың кескіндемелік өнерінен сусындаған олардың әрқайсысының үні өзінше шығып, басқан іздері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Сондықтан болар, ұлттық бейнелеу өнер шебері өзінің шәкірт суретшілерін әркез мақтан тұтып жүреді.

Ә. О. Қамақ өз мақаласында: «Тарих тұңғығынан Қазақстанның мәдени қазыналарын тауып, бүгінгі ұрпақтың ол байлықты сақтауына, танып білуіне, рухани-мәдениет саласындағы білімін дамытуға ұсынған еліміздің ғұлама ғалымдарының қажырлы еңбектері – жастардың патриоттық тәрбиесінің асыл арналары. Есік қаласынан табылған «Алтын адам» ескерткішінен бастап, Орхон-Енисей тас жазулары, кең байтақ жеріміздің әр аймағынан табылып жатқан ежелгі мәдениет жәдігерлері, көне сәулеттік ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнер туындыларының үлгілері – осының бәрі Қазақстан мәдениетінің қазынасын байыта түсті әрі бүгінгі ұрпақтың рухани білім көзіне айналды» - деп пайымдайды [10]. Осыған қоса біздің ерекше белгілеп айтқызымыз келетіні - Қазақстанның мемлекеттік музейлерінде, жеке галерейлерде, мемлекеттік мекемелерде, отандық немесе шетелдік коллекция жиюшыларда сақталудағы Ж. Қайрамбаев сияқты көптеген жоғары кәсіби суретшілердің туындылары (әсіресе, егер ол тарихи жанрдағы туынды болса) ұлттық рухани құндылығымен бағалануы қажет.

Ж. Қ. Қайрамбаевтың ХХ ғасыр соңындағы ұлттық тарихи туындыларының ерекшелігі кәсіби суретші ретінде қалыптасуға, өзінің қайталанбас қолтаңбасын шыңдауға үлкен септігін тигізді. Сөйтіп, Тәуелсіздік кезеңдегі белгілі кескіндеме туындылары дүниеге келіп, суретші Қазақстанның көрнекті өнер өкілі ретінде қалыптасып шығуға ықпал болды. Қазіргі кезде Ж. Қайрамбаевты заманауи Қазақстандағы классикалық академизм дәстүрі бойынша еңбектеніп жүрген станоктік кескіндеме саласындағы қайраткер суретші деп біледі. Және де, ол дәстүрлі өнер мұраларын бүгінгі кескіндеменің мүмкіндіктерімен қатар меңгерген шебер. Бір ерекшелігі, кескіндеме әлемінде заманауи бетбұрыстар болса да, суретші өз шығармашылығында реализм бағытынан қол үзбей, қазақылыққа тән нақышты жоғалтпай, қайта соны заманауилықпен «Ататек» (сурет № 17) сияқты көптеген отан сүйгіштік рухани құндылығы бар туындыларында үйлестіре білді.

Қорытынды ретінде айтарымыз, Ж. Қайрамбаев тәуілсіздіктің жылдарындағы Қазақстан кескіндемесіндегі тарихи жанрға ностальгиялық-романтикалық сарынды әкелуімен ерекшеленді. Ұлт құндылығы мен рухани қазынаны қайта қалпына келтіру, жандандыру мақсатында жазылған портреттер галереясы отандық бейнелеу өнеріне өлшеусіз үлес қосты. Тарихтан халқымыздың еркіндігі мен елдігіне зор үлес қосқан ата-бабалардың бейнесін тәуелсіздік идеясы тұрғысында қайта қарастырған суретшілердің бірі ретінде еңбегі ұшаң-теңіз. Бұл, қазақ халқының ең үлкен тарихи құндылығы болып келетін - Отан сүйгіштіктің, ұлттық патриотизм деген қасиеттің белгісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасы, ҚР Президентінің 04.11.2014 жылғы № 939 Жарлығы, Астана қ., ҚР Әділет Министрлігі;
2. Н. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> ;
3. Н. Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры. 21.11.2018 ж. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-zheti-qyru> ;
4. Ергалиева Р., Труспекова Х., Шарипова Д. Мастера изобразительного искусства Казахстана. Жұмақын Қайрамбаев: сб. науч. ст., 4 выпуск // МОН РК, Ком. науки, ИЛИ им. М.О. Ауэзова. - Алматы : Жибек Жолы, 2009. - 198 с.;
5. Қайрамбаев Жұмақын. «Кескіндеме, мүсін және дизайн» http://www.kaznai.kz/kz/departments/jivopis_skulptura_i_dizaynn/head25/ ;
6. Әлімбаев Н. «Сіргелі Жабай батыр» ғылыми-танымдық зерттеулер жинағы жарық көрді. 12.03.2019. http://shymkenttv.kz/kz/news/society_public/cirgeli-zhabai-batyr-gylymi-tanymdyk-zertteuler-zhinagy-zharyk-kordi ;
7. Азаров А. «Ұлы дала жаңғырығы» көрмесіндегі тарих бейнесі. 05.07.2015. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_almaty_great_steppe_echo_exhibition_of_paintings/27110870.html ;
8. Қайранбай Ж. Өнермен өрілген өмір. - Алматы: Атамұра, 2017 ж. ;
9. Әдиет Қ. Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу. 09.06.2017. <https://e-history.kz/kz/publications/view/3271> ;
10. Қамақ Ә.О. Этномәдениет құндылықтары – отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру құралы <http://melimde.com/etnomedeniet-ndilitari--otansjgishtik-asietterdi-aliptastiru-r.html> ;
11. Жұмақын Қайрамбаев. Альбом – Алматы: Өнер, 2008 ж., 160 б.

Аннотация: В статье исследуется творчество известного в изобразительном искусстве Казахстана профессионального художника и авторитетного педагога в сфере станковой живописи Ж. Кайрамбаева. Из живописных произведений нескольких жанров художника рассматриваются портреты исторических личностей, относящиеся к духовным ценностям патриотизма. Потому что, правдивые образы исторических личностей, изображенные в первые годы независимости, сыграли важную роль в поднятии духа страны. Далее, обсуждаются основные моменты жизни художника - это становление творческого пути, важные достижения как одного из передовых граждан страны, а также, анализируются организованные талантливым преподавателем совместные выставки с молодыми художниками, показывающий пример любви к родной страны.

Ключевые слова: станковая живопись, портрет, изобразительное искусство, творческие произведения, исторические личности, патриотические ценности, национальный дух.

Abstract: The article explores the work of a professional artist and authoritative teacher in the field of easel painting J. Kairambaev, famous in the visual arts of Kazakhstan. From the paintings of several genres of the artist considered portraits of historical figures relating to the spiritual values of patriotism. Because, the truthful images of historical figures depicted in the early years of independence played an important role in raising the spirit of the country. Further, the main points of the artist's life are discussed - this is the development of a creative path, important achievements as one of the leading citizens of the country, and also joint exhibitions with young artists organized by a talented teacher, showing an example of love for his native country.

Key words: easel painting, portrait, visual arts, creative works, historical personality, patriotic values, national spirit.

Қосымша

 <p>Сурет № 1, «Райымбек», 60x40 см, 1991 ж.</p>	 <p>Сурет № 2, «Менің Абайым», 54x47 см, 1992 ж.</p>	 <p>Сурет № 3, «Абылайхан», 61x40 см, 1993 ж.</p>
 <p>Сурет № 4, «Жамбыл», 66x60 см, 1996 ж.</p>	 <p>Сурет № 5, «Құрманғазы», 60x40 см, 1998 ж.</p>	 <p>Сурет № 6, «Кенесары», 50x70 см, 2002 ж.</p>
 <p>Сурет № 7, «Жалаири», 80x120 см, 2002 ж.</p>	 <p>Сурет № 8, «Махамбет», 54x54 см, 2003 ж.</p>	 <p>Сурет № 9, «Яссауи», 80x120 см, 2003 ж.</p>



Сурет № 10,
«Мұқағали
Мақтағиев»,
2012 ж.




Сурет № 11,
«Ат үстіндегі
адам»,
2001 ж.



Сурет № 12, «Абылай
хан», 2003 ж.




Сурет № 13, «Абылайды хан көтеру», 250x500 см, 2011 ж.




Сурет № 14, «Іздер-І» тобы, 2003 ж.,



Сурет № 15, «Іздер-ІІ» тобы, 2013 ж.,



Сурет № 16,
«Іздер-ІІІ» тобы,
2019 ж.,



Сурет № 17,
«Ағатек»,
100x120 см,
2002 ж

КІРІСПЕ СӨЗ

Дария Пернешқызы Қожамжарова 3
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М.Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

- 1 **Олжас Омарұлы Сүлейменов** 5
ақын, тілтанушы, қоғам қайраткері,
Қазақстанның халық жазушысы.
ядролық қару-жарақтарды жаппай қолдануға қарсы тұрушы
- 2 **Талғат Аманкелдіұлы Мұсабаев** 6
техника ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты
- 3 **Қалдыбек Сәбденұлы Сабденов** 7
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
профессор, Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі,
Халықаралық Жоғары мектептер академиясының академигі.
КСРО өнертапқышы, Алматы. Қазақстан
- 4 **Бекет Тұрғараұлы Тұрғараев** 10
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрметті мүшесі,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері- құрметті судьясы
ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕГІ ДАРА ТҰЛҒА
- 5 **Аягүл Төреқызы Миразова** 13
Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері,
Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, Алматы қаласының,
Жамбыл облысының, Жуалы ауданының Құрметті азаматы
РУХ ТӘРБИЕСІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

- 1 **Нағашыбек Қапалбекұлы** 16
жазушы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі,
ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығының
бас ғылыми қызметкері, «Бәйдібек баба» республикалық қорының
Президенті, М.Әуезов атындағы Құрметті профессоры
Алматы облысының құрметті азаматы. Алматы, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР
- 2 **Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев** 31
тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі
Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы. Алматы. Қазақстан
ТЕРЕҢ ТАРИХТАН - ЖАҢҒЫРУҒА
- 3 **Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов** 34
тарих ғылымдарының докторы,
Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі
ҚазҰАУ«Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының
жетекшісі. Алматы, Қазақстан
БАТЫРЛАР ЗАМАНЫНЫҢ АҚ ТУЛЫ ТҮЛҒАСЫ
- 4 **Фахрутдинов Раиль Равилович** 37
доктор исторических наук, профессор кафедры регионоведения и евразийских
исследований, Высшей школы исторических наук и всемирного культурного
наследия, Института международных отношений, Казанского федерального
университета.
Казань, Татарстан.Российская Федерация.
АЛТАЙ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: КОЛЫБЕЛЬ ТЮРКОВ
- 5 **Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев** 41
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент - мүшесі,
әл-Фараби атындағы ҚҰҰ. Алматы, Қазақстан
**СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ (1728-1810)
ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ**
- 6 **Доосалы Чойбекович Иманбердиев** 47
мемлекеттік басқару ғылымдарының докторы, профессор.
И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті,
Бишкек, Қырғыз Республикасы
- 7 **Ахмет Уалханұлы Тоқтабай** 49
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми
қызметкері, Алматы, Қазақстан
**ЖАБАЙ БАБА ҒАСЫРЛАРМЕН ТІЛДЕССЕ.
ЖАБАЙ ӘУЛИЕ ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАСИЕТТІ
ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ӘФСАНАЛАР**
- 8 **Қахрамон Кенджаевич Раджабов** 66
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының «Тарих» институты, Ташкент,

Өзбекстан

ЖАБАЙ ТОҚСАБА ӘУЛИЕ (1728-1810)

- 9 **Жамбыл Омарұлы Артықбаев** 70
тарих ғылымдарының докторы,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Археология және этнология» кафедрасының профессоры,
«Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының бас қызметкері.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
ЖАБАЙ БАТЫР - ҚАЗАҚТЫҢ ЕРЛІК ДӘУІРІНІҢ САРҚЫТЫ
- 10 **Саттар Фазылович Мажитов** 83
д.и.н., профессор, академик Международной академии информатизации
(МАИИ) и
Российской академии естественных наук (РАЕН)
Международный институт интеграции социогуманитарных исследований
Интеллект Орда,
Генеральный директор, Алматы, Казахстан
- 11 **Нәбижан Мұқаметханұлы** 88
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ
«Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының» директоры,
Алматы, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ДӘУІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ
- 12 **Баршагүл Қашқынқызы Исабек** 92
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
оқу және оқу-әдістемелік істері жөніндегі проректор.
Шымкент қаласы. Қазақстан.
ХАЛЫҚ СҮЙГЕН БАТЫР
- 13 **Талғат Ергенұлы Айтбаев** 95
Кәсіпкер, Шымкент, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР – ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒА

1 СЕКЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛАСЫНДА АҚ ТУЛЫ СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ РОЛЬ АК ТУЛЫ СІРГЕЛИ ЖАБАЙ БАТЫРА В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ A ROLE OF AK TULY SIRGELI ZHABAY BATYR IN THE GREAT STEPPE

- 1 **Айтбаев Е.М. (1937-2009)** 99
Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі.
ЖАБАЙ БАБАНЫҢ КЕРЕМЕТТЕРІ
- 2 **Тебегенов Т.С.** 110
филолог. ғ.д., профессор,
ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Абай
атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
**ҰЛЫ ДАЛА БАТЫРЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ
СІРГЕЛІ АҚТУЛЫ ЖАБАЙ БАТЫР ТАҒЫЛЫМЫ**
- 3 **Сатершинов Б.М.** 129
философ. ғ.д., ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Ғылым Комитеті
Философия, саясаттану және дінтану институты
Дінтану бөлімінің меңгерушісі,
Қазақстан дінтанушылар конгресінің төрағасы
ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ КИЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР
- 4 **Атыгаев Н.А.** 133
к.и.н.(Ph-D), доцент (ассоциированный профессор)
ведущий научный сотрудник Центра гуманитарных исследований
«Рухани жаңғыру» КазНАУ МСХ РК, Алматы, Казахстан
**НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ О РЕКЕ СЫРДАРЬЯ –
МАЛОЙ РОДИНЕ ЖАБАЙ БАТЫРА**
- 5 **Мұхтар Қожа** 140
т.ғ.д., «Тарих» кафедрасының профессоры
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Туркестан, Қазақстан
АЛТЫН ОРДАНЫҢ БЕКЛЕРБЕГІ – ОЙСЫЛ
- 6 **Ақыш Н.Б.** 145
жазушы, филолог. ғ.д.
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Әдебиет және өнер»
институтының ғылыми қызметкері
- 7 **Ораз Н.Б.** 154
жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, журналист
**ЖАБАЙ БАБАНЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ МЕН ОНЫҢ КИЕЛІ
БЕЛГІСІНІҢ КЕРЕМЕТ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕ**

- 8 **Мансұров Н.Б.** 173
филолог.ғ.к., «Түркология» ғылыми-зерттеу институтының бас қызметкері
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, Қазақстан
ТОҚСАБА АТАНҒАН – ЖАБАЙ АТА
- 9 **Сәбитов А.Ж.** 176
Жабайтанушы. Алматы. Қазақстан
ЖАБАЙЛАРДЫҢ АРА-ЖІГІН АЖЫРАТУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?
- Анарбаев Қ.С.** 182
т.ғ.к., ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы
Шымкент, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ
- Айтай Б.С.** 187
т.ғ.к., аға оқытушы, ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан
ЖАБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ЗАР-ЗАМАН ОҚИҒАЛАРЫ
- Махаева А.Ш.** 194
т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ. «Әлем тарихы» кафедрасының профессоры.
Алматы, Қазақстан
ТАШКЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР (СІРГЕЛІ ЖАБАЙ ТОҚСАБА ӨМІРІНЕН)
- Әшімова С.Ә.** 201
ғылыми хатшы, ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығы.
Алматы, Қазақстан
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ ТҰЛҒАЛАРЫ: ӘУЛИЕЛІК БОЛМЫС ПЕН ШИПАГЕРЛІК ҚАСИЕТ
- Айтбаева С.Е.** 212
мед.ғ.к, доцент, аға ғылыми қызметкер,
ҚР Аймақтық Валеология Академиясы, Нұрсұлтан, Қазақстан
ДЕНСАУЛЫҚҚА ЭНЕРГИЯЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ, КВАНТТЫҚ КӨЗҚАРАС
- Миразов М.** 218
«Қазақтану» ғылыми-зерттеу орталығының бас директоры,
тарихшы-этнолог, Алматы, Қазақстан
ҚОҚАНД БЕКТІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ РОЛІ
- Оразалиев С.** 223
ф.ғ.к., доцент, «Абайтану» ғылыми-оқу орталығы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
СІРГЕЛІ ЖАБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

2 СЕКЦИЯ

АРХИВ 2025 - ЖАҢА ДЕРЕКТЕР, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

АРХИВ 2025 - НОВЫЕ ИСТОЧНИКИ, АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

ARCHIVES 2025 – NEW SOURCES, URGENT ISSUES OF HUMANITARIAN EDUCATION IN KAZAKHSTAN

- 1 **Қарибаев С.Ө.** 226
т.ғ.к., доцент «Қазақстан тарихы» тарихы кафедрасының меңгерушісі,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
- 2 **Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К.** 237
д.и.н., профессор Институт истории государства Комитета науки МОН РК.
Нур-Султан, Қазақстан
к.и.н., доцент, Институт истории государства Комитета науки МОН РК.
Нур-Султан, Қазақстан
ОБРАЗЫ ВЕЛИКИХ ЛЮДЕЙ В ОБЩЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ
- 3 **Алымбаев А.М.** 240
к.и.н., доцент Киргизский государственный университет им.И.Аралбаева
Бишкек, Киргизстан
**ШАМАНСКАЯ МИССИЯ ЭПИЧЕСКОГО ПОЭТА
Бишкек, Кыргызстан**
- 4 **Сейгимбетова Д.Е., Мусаева С., Ерланқызы А.** 248
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕРЕКТАНУ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
КЕЙБІР КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
- 5 **Өмірзақов С.Д., Насирдинов Б.П.** 253
филолог.ғ.к, доцент, М.О.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
педагогика магистрі, М.О.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҚАЗЫҒҰРТ-ҚАРАТАУ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТ
МЕКТЕБІНІҢ ІРІ ӨКІЛІ – НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫ**

3 СЕКЦИЯ

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР:
«ТУҒАН ЖЕР», «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАСИЕТТІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»,
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ІСКЕ АСУЫ.
НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ:
«ТУҒАН ЖЕР», «ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ КАЗАХСТАНА», «САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ
КАЗАХСТАНА»
NEW RESEARCH DIRECTIONS IN THE EURASIAN SPASE: “TYGAN ZHER”, “SPIRITUAL
VALUES”, “SACRAL KAZAKHSTAN GEOGRAPHY”**

- 1 **Байназарова Б.Ә.** 261
т.ғ.к. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Ф Түркістан облысы және Шымкент қаласы
бойынша ПҚБАИ аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан
АТТЫ ТІЗГІНДЕГЕН ҰЛЫ КӨШ ТАРИХЫ
- 2 **Назаров Н.А.** 268
саяси ғ.д., профессор, Камалиддин Бехзад атындағы суретшілік және дизайн
институты. Ташкент, Өзбекстан
**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ҰЛТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕТИКАЛЫҚ
ҰҚСАСТЫҚТАРЫ**
- 3 **Қайранов Е.Б., Орынғалиқызы А., Тохсанбаев М.** 273
философия докторы (PhD), доцент,
Т.Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан
6М041300-«Кескіндеме» мамандығы 2-курс магистранты,
Т.Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан
аға оқытушы, Т.Жургенов атындағы ҚазҰӨА-сы, Алматы қ., Қазақстан
**СУРЕТШІ ЖҰМАҚЫН ҚАЙРАМБАЕВТЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ
ОТАН СҮЙГІШТІКТІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

III nomer 2019 july 19 sáýirde ótken
«Úly Dalanyń tulǵasy – Aq týly Sirgeli Jabai batyrdyń
tǵanyna 290 jyl tolýyna orai
«ÚLY DALANIN BATYRLARY – ULTTYŇ RÝHY» atty
nalykaralyq gylimi konferenciasyna arnalǵan

III номер посвящен
международной научной конференции, приуроченной к 290-летию
личности Великой Степи – Ак тулы Сиргели Жабай батыра
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ - БАТЫРЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»
проведенной 19 апреля 2019 года

III issue dedicated to
the International Scientific Conference, timed to the 290th anniversary
of the Great Steppe's person – Ak tuly Sirgeli Zhabay batyr
«NATIONAL SPIRIT – BATYRS OF THE GREAT STEPPE»
held on 19th April 2019

